84К,237-44
Ж-88

Кәмел Жүністегі

ҚҰБА БЕЛДЕР



84Қ237-44
Ж-88

Кәмел Жүністегі

ҚҰБА БЕЛДЕР

ЗАМАНА ЖЕЛІ

Роман

Үшінші кітап

"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 84 Қаз 7-44
Ж 88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ.

Жүністегі Кәмел

Ж 88 Құба белдер. Замана желі. Роман. *Үшінші кітап.* Астана: Аударма, 2004 - 376 бет.

ISBN 9965-18-131-4

Жазушының бұл кітабында совет дәуіріндегі қазақ даласында болып өткен құғын-сүргін, қудалау, тоталитарлық жүйенің халыққа, жеке адамдарға көрсеткен қиямұрыс зұлымдықтары, жәбір-жапасы, ел рухының аяққа тапталуы суреттеледі. Зардапты қиындықтары мол төңкерістерден әупіріммен аман қалған қазақ ауылдарына тәуелсіздік, теңдік те оңайға түспегені басты желі ретінде тартылады.

"Замана желі" қарымды қаламгер Кәмел Жүністегінің "Құба белдер" трилогиясының, бұрын жарық көрген "Аңыз мезгіл", "Апат" атты бірінші, екінші кітаптарының заңды жалғасы.

Ж.4702250201-138
00(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-18-131-4

© Жүністегі К., 2004.
© "Аударма" баспасы, 2004.

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Кәрі Аюлыға шөккен бұлт жылжып төмен түскенде етектегі ауылды қою тұман тұманшалап тұр еді. Әлденеден жасқанғандай ит те үруін қоя қойыпты. Бала-шаға, келін-кепшіктің қай-қайсысының болмасын жүзінен мұң, көзіне үйірілген жасты көріп беймаза көңілі байыз таппаған Жұмаш ақсақал есік алдындағы орындыққа жайғасқан. Иә, Алла, күткені осы ма еді. Шың-шың еткен құлағын алақанымен басып, иіле беріп еді, ақ қырау шалған сақалына үзіліп түскен жалғыз тамшыны аңдап, есін жиып бой түзеді.

ешкім естіп қоймады ма деп жан-жағына көз тастаған. Көше бойындағы көлденең дүкеннің маңындағы жұрт ығы-жығы. Бұрындары шәй-пүй ішеміз деп келе беретіндерде сап тиылған Бұл үйдің маңына көрінбес қамал салынғандай, әйтеуір үркектеген таныс білістер аңшының құрулы мылтығынан секем алған киіктей ойқастап жоламайды.

Егіліп көз жасын тыя алмай жылаған Қапас кана. Басқа ағайын кісі өлгендей түн қатып келіп, қою қараңғылыққа жұтылып енді не болар екен дегендей із салмай отыр. Суық хабарды естіп, тапа тал түсте айылын жимай келген Тұңғышбек, Алтыбай оларға ерген Қасқатай, Қызыкен ғана.

— Оу, ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой, өзің бәйбішеңнен таяқ жегеннен амансың ба? - деп Тұңғышбек жорта қылжақтай келген.

Е... - Жұмаш ескі достарының бетіне "сендер бар екенсіңдер-ау" дегендей аңыра қараған. Келген төртеуінің де бастарын ақ шалған, талай қысталаң уақыт салған әжімді жүздерінде қимастықтың да, қиналыстың да табы тұр.

— Қайтер дейсің, бір балалық болған шығар, ақталар- — Алтыбай дос ниетін білдіргендей болса да, дауысында соңы не болардың дірілі бар.

— Бізді де ескерер. Осы заман үшін, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етіп бақтық қой, — деп жұбанышайтқан Қас-

қатайлар да жиі келе берудің ретін таппағандай. Оның үстіне күйеу баласы Рымқұл да осы іспен шатылып кете ме деген қауіптенол да құтыла алмай жүрген.

Қауіп ойлаған жалғыз сол ғана ма, талай жастың ата-анасының көңілі күпті болса керек.

Иә, ойда-жоқта болды-ау бұл оқиға. Соңғы кезде аудан орталығына солдат тиеген машиналар жиі келгіштеп кетіп еді. Жұрт әуелде бұл қалай деп сескенсе де, кейін бойлары үйреніп, тіпті көңіл бөлмеген. Сол күні анау көлденең дүкеннің жанынан да, осы маңдағы сауда кеңсесінің тұсынан да, тіпті өздері су ішетін құдықтың жанынан да топ-топ сары ала киімдер бой көрсеткен. Асынған қару жарағы, жетектеген иттері де бар екен. Олардың бұл жүрісінен секем алмаса да Жұмаштың кәрі жүрегі өз-өзінен шым етті.

Үйге кіргені сол еді, жұбайы Бақыттың "Не, боп қалды деген үрейлі дауысы, баласы Әлкәдірдің "Ештеңе емес, жай ғой, жай "дегені қоса жеткен. Қарулы топ үйге сау еткен. Терезеден сыртқа үңіліп еді, мал қора мен екі ортада қару асынғандар жүр. Сірә, айнала қоршауға алынған сияқты.

Үй иелерін де, бала шағаны да тұрған-тұрған жерінен қыбыр еткізбеді. Ескі үйдің ортасындағы жалғыз тіреуді құшақтап қалған бес жасар Барлықтың да маңына жолаттырмады. Пәленбай сағат үйді қопарып тінту жасағанда жүрегі әлдебір жаманшылықты сезген жас бала тіреуді құшақтап тұра беріпті. Әлкәдірді байлап-матап әкеткен соң ғана орнынан қозғалған Жұмаш баланың тіреуге айқасқан құшағын зорға жазып алған.

Ел іші дүңк-дүңк. Бірінен бірі өткен еңсені езген хабар. Елдің айтуына сенсе Әлкәдірдің жолдасы Зейін осыдан үш күн бұрын Қарағандыда ұсталыпты. Нағыз шпион екен. Банкіден американың долларын алып тұрған жерінен қолға түсіпті.

Ал, өз баласы да әлде ағылшын, не жапонның агенті-міс. Аюлының арғы бір қуысында жасырын хабарлағышы бар екен. Сол жерде сөйлесіп жатқанда қолға түсіпті. Өздері талай қалада шпиондық топ құрып үлгеріпті деседі. Мақсаттары кеңес өкіметін құлату. Енді болмаса шет елге өтіп кетулері де мүмкін екен. Чеканың қырағылығы, комсомолда істеп

жүргендердің ақ жүрек тазалығы арқасында бұл ұйым талқандалыпты.

Жұмаш бұл қауесеттердің біріне де сенген жоқ. Мынау істен жұртшылықтың бетін аудару үшін КГБ-нің өз салпаң құлақтары арқылы таратып жүрген өсегі екеніне шүбәсі жоқ. Ел басынан өткен зорлық пен зомбылық, ГПУ-дің жүректі шайлықтырған сан ісі көз алдында. Баласының басына неше түрлі пәле өсек боп жабылған сайын Жұмаштың Әлкәдір мен оның достарына деген сенімін арттыра түскен. Әттең, баласы бұған неге бір ауыз сөз айтпады екен.

Баласының жау екеніне сенбесе де, оның бір жұыспен үш әріптің қолына түскені анық. Әдебиет дегеннен тұк қоймай оқитын, тарихи деректерді түп негізінен қанығуға тырысатын баласының мектеп кезінен-ақ талай айтысқа түсіп жүретінін білетін. Бірде...

Иә, ымырт жабылған шақ болатын. Мектеп директорлығына өткеніне бірер жыл ғана болған жігіт іңір қараңғысымен үйге кірген.

Ассалаумағалейкум, Жұмеке.

Төрлет, шырағым.

Сәлемнен соң директор жігіт үй ішін көзбен тінтіп ұзақ қарады. Қала берді осы үйдегі кешегі інісі Қасымнан қалған кітаптарды көріп:

Мұғалім болған соң жеткіншектердің көбірек оқығанын қалаймыз ғой, - деген.

Дегенмен бөлек айтары бардай қипақтаған соң, Жұмаш ақсақал өзі де демеп, балалардың ұсақ бұзақылығы жөнінде сөз қлған еді.

- Оныңыз рас, — деп директор да бір жүгі үстінен түскендей жеңілдене берді. — Балалардың кейде сабаққа кедергі келтіретіні де бар.

— Онысы әбестік қой, оны байқамаса болмас. - Жұмаш жігіттің сөз саптауына қарай ыңғай берген.

— Иә, байқау керек сияқты. Әлкәдір өте зерек бала ғой, көп оқитынын мұғалімдердің барлығы айтып та жүр. Өткенде бір мұғаліммен сөз жарыстырып та қалыпты.

— Онысы ыңғайсыз болған екен.

— Әлгі Дарвиндікі қате, Мендель дұрыс айтады деп дәлелдеп болмай қойыпты. Сонан басқа оқушылар да оны

қолдап, үш-төрт күн сыныпта у-шу боп, мұғалімдер Әлкәдір отырған класқа бармаймыз дегенді шығарды. Әлкәдірмен жеке сөйлесіп, бұлай етуге болмайтынын, тіпті жасыратыны жоқ, қауіпті екенін ескерттім.

Жұмаш бұл уақиғаны үнсіз қабылдай алмады. Маңдайынан шып-шып шыққан терін сүртіп тастап:

— Апырай-ә, балалық-ай, - дей берген.

— Соны сізге де айтып, байқап жүруін тапсырсын деп келіп едім.

Директор жігіт ештеңеге аялдамай, жан-жағына жалтақтай қарап, үйден шыға іңір қараңғылығына сіңіп кеткен. Бірақ мұнан кейін де баласының әдебиет сабағында Бұқар мен Шортанбай жырау туралы сөз көтеріп, тарих сабағы үстінде басқа елдің королі мен патшасы ғажайып тұлға боп тарихқа енген, сонда қазақтың бір ханы жөні түзу болмаған ба деп тірескенін естіп жүрді. Бақса баласынікі жөн-ақ. Олай деп біржола бет түзейін десе мұнысы үкіметтің жүргізіп отырған саясатына симайтын да сияқты. Әлкәдірмен бірер рет сөйлесіп, "ЧК" деген пәленің барын айтқан да қойған.

Өзінің де өмірде көргені аз ба еді. Әбдікәрім, Оспан ағаларының да көзін жойған, артында қалған бала-шағасын да құртып тынған осы ЧК емес пе еді. Ал сонау отыз алтыншы жылы атақты домбырашы Мырзақожаұлы Әмірханды да осы ЧК айналдырған-тын.

Сонда...

Иә, сонда домбырашы жігіттің бар айыбы баяғыда сүйегіне қына біткен әкесі Мырзақожаның ел сыйлаған тәуіп болғаны еді. "Комсомолға өтірік өтіп жүр, әкесі тәуіп" деп біреу көрсетіп жіберіпті. Сонан жас жігітті ұстауға үкім шығарылып, ол сонау Мәскеудегі шалға "Әкем ерте өліп, жетім өстім. Оның тәрбиесін көрмек түгілі түсін де танымаймын" деп арыз жазып, сол арыздың жауабы келгенше еркіндікте жүруге рұқсат кепілге шиыққан. Кепіл жігіт "пәлем жұқпасын" деп ағайынның бір үйіне жоламай Аюлының бір сайын мекен етіп жатқан еді. Өзі түгілі ағайынның артын ойлап, далада қаңсыған жігітке елдің есі түзулері бала-шағадан ассу беріп тұрған. Сөйтіп жүргенде ауданда бір үлкен той болып, орталық клубқа жиналған тамашапаз ел:

— Әмірханды шақырыңдар, бізге күй тартып берсін — деп шуласқан.

Ақыры, елдің уәжінен шыға алмаған басшылар ГПУ-ден рұқсат алып, Әмірханды алдырған. Ғұмыры қыл үстінде жүрген жігіт әбден жүдеген екен. Сахна төріне малдас құрып отыра беріп:

— Уа, жұртым, сіздерге өнер көрсететіндей менде не күй бар дейсің, бірақ тілектеріңіз болсын, — деп домбырасын шерте бастаған. Жүрегіңді тілгілеп, бойыңа шым-шым сіңген күймен бірге домбырашы жігітте бірге теңселіп, әрі беріден соң өңі нұрланып жүре берген. Қай-қайдағы сағыныш, өткен өмірдің қапылыс тұстары санасында жаңғырған жұрт "ah" ұрған еді. Ал, Әмірхан болса күй ырғағымен бірге екі тізесі қарлығаштың қос қанатындай діріл қағып, есіктен төрге, төрден кері сырғып, жылжып кетіп отырғанын тыңдаушы да, өзі де білмеген еді.

Ажал дұзағын мойнына салған ГПУ-дің шеңгелінен аман құтылған тек осы жігіт шығар. Онда да сонау Мәскеудегі шалдың "босатылсын" деген бір жол телеграммасынан соң ғана ГПУ тартынып қалған еді.

ГПУ атты мекеменің өрмекшідей тор құрып, жемтіктің өзі келіп түсер сәтін кірпік қақпай бақылап отыратынын жан-тәнімен сезетін. Оның үстіне сол кепеуі әзірейілдей қақшиып, ауданның қақ желкесіндегі төбешікке орналаса қояр ма. Шалт қимылың түгілі сыбырыңды естіп қоятындай көрінетін Пенде шіркін сонда да өз ойын айтпай қоймайды екен.

Сол кездегі ауданның бірінші басшысы Хамитжанұлы Сәбитпен пікірлері жарасып-ақ кеткен. Кешке клубқа келіп аздап биллиард ойнайтындары бар. Шарды асықпай қуатын Сәбит кеңк-кеңк күліп:

— Страна погибшего социализма, — дейтін орысшалап.

— Қой, победившего, — деп түзейді Жұмаш.

— Нет, погибшего, — деп ыржия күледі Сәбит.

— Әй, мұныңды біреу естіп қойса айықпас пәлеге қаласың, "страна победившего социализма" /социализм жеңген ел/, — деп айт деп Жұмаш та қоймаған.

— Өй, Жұмеке-ай, отыз екінің қырғынын қайда қоясыз. Социализм күйреген ел Мұны сізден басқаға өзім де айтпаймын. — Сәбит желпініп қатуланып алатын.

ГПУ-дің қанды шеңгелін сезе бастаған тұста милицияда жүрген Әрін де ол жұмысты тастап кетті. Соны күткендей кешкі алаң-елеңде үйіне тінту жүргізуге екі-үш милиционер сау ете қалған. Бұлақ басындағы қатар тігілген қос киіз үйдің біріндегі Жұмаштың көзі көргенді көңілге түюші болудан басқа амалы қалмаған.

Келгендердің екеуі кеше Әріндермен бірге қызмет істеген біреуін Әріннің өзі милицияға жұмысқа тартқан жігіт. Әсіресе соның зорлығы өтіп кетті.

— Іштегі жау екенсің ғой, — деп жағадан алған.

— Тарт қолыңды. — Әрін қағып жіберді.

— Әкең жын оқыған молда. Оны біз білмейді деп пе ең.

Қолын қағып жібергенге жарылып кете жаздаған милиция жігіт енді аямасқа бекінгендей. - Қызыл жағаны өзің тастап кеткенің жақсы болды, бәрібір сені құдыратын едік.

— Күшік асырап, ит еттім деген осы. — Мылтығын суырған екеудің не жамандықтан тайынбайтынын көрген Әрін шегініп керегеге сүйеніп тұрып қалған.

— Оны сен овчаркаға талатқанда білерсің, - деп жас милиционер де тайынатын емес.

— Қане, жын оқитын кара кітапты тап, — дейді екіншісі.

— Қайдағы кітап, — деп жұбайы Шәкен шыр-шыр етеді.

— Сен салдақы шығарсың тығып қойған. Мұқай қожаның қара кітабы осы үйде екенін білеміз. Жаныңды шырқыратып көзіңе көрсетпей тұрғанда, қане, тап.

Үйдің ішін шашып, аяққа іліккенін тепкілеп жүргендердің қолына үшінші сыныпқа барып жүрген Асаудың кітап, дәптері түскен еді, шала сауатты немелер жерден жеті қоян тапқандай қуанды.

— Әй, қара дәптер екен, мынау болмасын.

— Қане-ей, — Екі милиционер таласып жүріп өлеусіреген білтелі шамға жеткенше бірер парағын жыртып та алған.

— Ойбай, бұл менікі, — деп оқушы Асау жармаса кеткен.

— Кет, әкеңнің...

— Менікі, деймін, менікі. Мұғалімге айтамын.

— Қарашы жаудың тұқымын. Бізді алдап алып қалмақ.

Милиционердің үлкені оқушыны көк желкеден соққан еді. Бала есіктен аса ұшып түссе де, қармана тұрып, "сендерді ме" деп әлденені айта булыға жылап жіберген.

Иә, заманның желі ауық-ауық әр тұстан соға береді екен. Бүгінгі оң деген істің теріс, теріс дегеннің оң боп шыға келгенінің Жұмаш сан куәсы. Тап сол уақиғадан қырық жыл өткен соң сол екі жандайшап милиционердің бірі қан қысымымен ауырып, сан дәрігердің алдынан өтіп, ақыры қазақы ем іздеп Әрінмен түрмеде бірге жатқан.

Қосайдың Мақыжанына келгенін көзі көрген. Мақыжан ескі жолмен бастан қан алатын емшілігі бар еді.

— Мақа, — деп келді кешегі жандайшап.

— Иә, айта бер.

— Мына бір бас ауру болмай тұр. Соған сізден жәрдем бола ма деп келдім.

Мақыжан кездігін әбден қылпылдатып қайрады. Түсі бір суып, бір жылып, ем сұраушыға кей-кейде алара қарап ұзақ дайындалған. Аласа орындыққа мүләйімси жайғасқан емделушінің иегін бір қолымен көтеріп

— Сен кеше Әрін екеумізге не істемедің. Күндіз-түні тұрғызып қойып ұрғаннан Әріннің бүкіл денесі ісіп кетіп, етігін пышақпен тіліп алған едік. Әй, жауыз-ай, енді міне қолда отырсың.

— Мақа, — орындықтағы бейшараның дауысы қалтырай шыққан.

— Орып жіберейін бе? — Мақыжан ұшы біздей өткір кездігін бармақ ұшымен байқап-байқап қойған. — Ойладың ба, түбі осындай болар-ау деп.

— Әй, Мақыжан, өткен іс өтті, — деп шар ете қалды әйелі.

— Бұл ит өмір өтер, бір әділдік болар деп неге ойламаған.

— Қой енді. Онсыз да жаны мұрынының ұшында отыр. Қопсытпа кешегіні, бүгін саған бір жаны үшін келіп отыр. Қолындағы емші атамнан қалған кездікті арам іске жұмсайын деп пе ең?

— Мақыжанға әйелінің осы сөзі тоқтау болған еді-ау.

Енді қартайғанда өткеннің елесін санадан сауғаннан басқа ештеңе қалмағандай. Күні кешегідей болса да тым қашықта қалған ғұмырдағы қай-қайдағы таныс-білісі, дос-жараны көлбеңдей берген. Сол елестің тұщысынан ащысы көп екен. Тұщы деп ауыздың дәмін алатындай ештеме жоқ, ал ащысының өзек өртер тұстары күні бүгінге кетер емес. Иә, сан сойқанға тап болды ғой.

Оттың үстімен жүріп, ұстараның жүзінде қылп-қылп күн кешкен ғұмыр. Соның өзі айнала қараша үйлердің ортасында қоймен бірге жайылған сүзеген ала бұқадай ежірейген ГПУ үйіне Қалабаев келгеннен бері тіпті қиындап кеткен.

— Міне, біреусі отызыншы жылдардағы Шишовтан бетер ме деп қалдым, — деген Нақыптың Алтыбайының сөзін Қызыкен бас изей қостаған.

— Мына көрші Ақтоғайды қан қақсатып келіпті, нағыз билік осылардың қолында. Қойдан жуас бүгінгінің адамы ашса алақанында, жұмса жұдырығында, — деп Тұңғышбек шарасыздық танытты.

— Иә, бүгінгі тірі қалғанның қойдан жуас екені анық. Мұндайда жол тауып кетер арғы заманның Дүйсенбай, Жанғұттысы түгілі аудан боп ұйымдасып жатқан тұстағы біраз азамат арада жоқ. Осы елге біраз ақылшы болған Көпжан отыз екінің қырғынынан кейін аурулығын сылтау етіп, берген қызметтің бәрінен бас тартып, жатып алған. Мына заманның ендігі бет алысынан түңілгені шығар. Сөйтсе де Әбеу шалдың баласы Тұрсынға Шортанбайдың зар сөзін көшіртіп, ең болмаса осыны түйсініңдер дегендей кейіп танытқан. Қайсы жыраудың өз қолжазбасы, қайсы көшірме екені есте жоқ, әйтеуір "жаттың" қолына түсіп кетпесін деп бесіктегі баланың түбегінің аузына жақын салған жастықшаның ішіне жасыратын. Тысына баланың кәкесі тиген, зәрінің исі де аңқыған жастықша Көпжан үйінің аса бір қадір тұтатын мүлкі екенін екінің бірі түгілі ауыл үйде сезетін таспық тартқан қария ғана.

— "Кепеудің" енді сүйенері де, сенгені де басқаша сияқты, — деп қалды Алтыбай.

— Иә, оныңыз рас. — Тұңғышбек "сен де байқап жүр екенсің ғой" дегендей Алтыбайдың жүзіне барлай қараған.

— Кешегі отыздың содыр, ұрда жық белсенділері жоқ. Ана Исалардың жұмысы ашық еді ғой, тура аттан салып, құтырған бурадай ежірейіп шыға келетін. Кепеудің атынан сөйлейтін, кепеуге арқа сүйейтінін жасырмайтын.

Айтып отырғандарының бәрі рас. Атынан ел үркетін Иса бүгінде аудан маңынан көрінбейді, тысқарғы бір жерде кешегі "әктіп" болған беделін сатып күнелтіп жатқаньін естиді. Сумсекейдің қайда кеткенін әлде аштықта ит өліммен өлгенін айтар ешкім жоқ. Қанжырық деген пәлесі талай қылмыс істеп,

өзмойнын өзі үзген. Шындығы, қалған елдің қуанышына қарай бір "онды" арқалап, ит жеккеннің бер жағына кетіпті.

ГПУ ондай содырлардан арылған сияқты. Әлде содырлар сол бір сойқанды тұспен бітіп, енді керексіз боп қалды ма екен. Сол содырлар көтерген құла шаң, бір-бірінің жағасына жармасқан, күдірейіскен белсенді, ГПУ-дің балшықтан соққан қара дуалына симайтындай көрінуші еді, енді бірі жоқ, қара дуал да сол бір айғай-сүреңді жұртты сағынатындай мелшие қапты.

Енді бақса қара дуалды жағалайтындар басқа. Олардың өзі де, сөзі де бөлек. Ойнасының қойнына кіретіндей жымпиып, жымысқыланып, намаздыгер-намазшамның арасында қара дуалдың қара көлеңке тұсын сағалайды. Кездесе кетсе мүләйім. Жатып жастық болуға даяр. Торғай арбар жыландай уында, тісін де ішіне жасырып тұрғанын екінің бірі біле қоюы неғайбыл Қара дуалдың ар жағындағы нағыз аждаһаға жемтігін әзірлеп берушілер де солар. Әнеубір Ермақан деген бұрын ауызға ілікпеген-ақ адам еді, кейін сол туралы сыбыс бар. Осындағы біраз салпанқұлақтың сөзін тыңдап, кепеуге өткізетін сол екен деген қауесет тегін шықпаса керек.

— Ақтоғайдағы біраз азаматты тізімдеп, оң сапарға аттандырып келіпті бұл Қалабаевың, естіген құлақта жазық жоқ, — дейді Қызыкен.

— Біраз емес, жүздеген жанның тағдырына қол сұғыпты.

Тұңғышбек арамнан жиренгендей қолын сілкіп қалған.

— Сонан соң осы Шетті тәртіпке келтіруге жіберсе керек.

— Тәртіпке келтіретіндей кімнің қазанына түсіппіз.

— Жазықсыз болсақ та ма?

— Оныңа енді қарай қоймас.

— Мынау сұмдық екен. Кешегі айтысып-тартысып қалатын Иса, Сұмсекесілерге де зар болды деген осы да.

Жамыраса сөйлеген тұстастарының әр қайсының бетіне бір үңілген Жұмаш әркімнің жүзіне теуіп шыққан ыза, осы ма еді күткеніміз деген үмітсіздік, енді не қылдық деген шарасыздықтан басқа ештеңе таппады.

Есік алдындағы қисық орындық қозғалған сайын жаны шыға ойбайлап, сықыры миын шаққан Жұмаш ақсақал мына пәлекеттен қайтып құтылсам екен дегендей астындағы шықылдауығынаалара қарап орынынан тұрған. Жабырқаулы

үйге тағы кіргісі жоқ. Мыжырайған қораның ішінен соңғы кезде күтуі азайған тайынша-торпағының азынаған дауысы құлаққа жетіп, құйқаны және шымырлатқан.

— Қой, болмас, — деп Әлкәдір мен інісі Рахаттың жазда қол шалғымен шауып, қораның бір бұрышына үйген шөбінен салуға беттеген. Қараңғы қораның есігін аша бергені сол еді, баж еткен бір пәлекет үстіне секірді. Әуелі көрінген көзі. Екі көзі сұп-суық мұздай от шашып тұр. Дүниеде жек көретіні мысық еді, оның да тап бүгін алдынан оратылуын қарашы. Ей, Алла, баяғыда...

Баяғыда Қарқаралыдағы көп айлық курстың бірінде оқуда жүргенде таң қылаң бере жатқан үйінің біреу есігін қаққан. Үй иелері тұра қоймаған соң өзі барып есіктің ілгегіне қол созған. Аяқ астынан бірдеме баж етті. Онысы өзімен бірге есікке ұмтылған сол үйдің мысығы екен, жаншыған құйрығын бұтына қысып, ала көздене зытты.

Есіктің ар жағындағы Тоқсантайдың Ғаббасының келіншегі Тиішкен екен. Оныншы ауылдың он ақынының бірі атанған Ғаббас жау атанып, Қарқаралының түрмесінде жатқанын оған деген азаптың ерекше екенін аяқ-қаптай қаланың халқы бір-біріне сыбырлап жеткізген.

Ей, заман-ай, десейші. Арғы атасы Жарылғап батыр қазақ қалмақ қырғынында Абылай ханның сан жекпе-жекке шығып көзге түскен батыры болса, Жарылғаптың Баубегі орыспен қақтығысқан, Қырбасы ырыс иесі, онан туған Байсейіт Кенеханның атақты билерінің бірі, оның ұлы Нұрлан есімін ел білген Жомарт емес пе еді. Нұрланның балалары Омар мен Тоқсантай ата-анадан ерте айырылып, жетім өсіпті десетін Омар да дүниеден ерте кешіпті. Ел кіші әйелі Бөдешті қайны Тоқсантайға қоспақ болады. Бөдеш сұлу.

— Мен ата дәстүріне қарсы емеспін, тек Тоқсантай екеуміз күресейік. Жеңсе алсын, жығылса енді кіммсн бас қосарымды өзіме қалдырсын, — деп шарт қояды.

Тоқсантайдан жығылған Бөдеш оған ерге шығып, ол екеуінен мына жалғанға Ғаббас келген. Диа кажы ақынның Бабасқа:

... Жұртқа маза бермеуші ең,
Ғаббас пенен екеуің,
— дейтіні де осы азамат.

Бес ата жұртының күй тартқаны мылтыққа мишен болып, өлеңшығарғаны "жау сөзін жарақтаушылар" танылып, түрмеде шіріп жатқан сол тұста "ойбай, шпион екен" боп шыға келген. Кім қалай тергесе де, кім не айтса да тілін тартпайтын Ғаббастың көрген азабы да ерекше. Күн демей, түн демей ұрып-соғып, үстіне мұздай су құйып, аязға қатырып, тырнағын сөгіп, тергеуші атанған жан алғыш ойына келгенін істеп баққан.

— Жау пиғылыңды айт, сыбайласың кімдер, — деп зорлайды. Тергеуші "әкең" десе бұл шешеден жіберіп, ол орындықпен ұрса, қолы байлаулы бұл аяқпен теуіп қарсыласып баққан. Қырыққа жетпеген Ғаббасты қанша қинаса да ГПУ қажыта алмады. Ақыры бетті жігітті тірі жіберу қауіпті десіп, өлтіруге шешкен.

Түн жарымда тағы жауапқа шақырылды.

— Не жауап? Оу, жазығымды неге айтпайсыңдар. Қанішерлер, қанымды ішпей тынбассыңдар, - деп осы жолы бір сойқанның боларын іші сезген Ғаббас бірге жатқандармен қоштасып барып, сыртқа беттеген.

Сол түні Ғаббасты малша шалып, түн ішінде көлдің мұзын ойып денесін соған тастаған. Ел құлағы елу, бұл сұмдық қала ішіне тарап, сонау Шет ауданы боп құрылған Бес ата жұртына да жеткен.

Түнделете жол шегіп, таң қылаңымен жеткен Ғаббастың жас жұбайы Тиішкен осы сұмдықтың шет жағасын естіп, анық қанығын білуге келген беті екен. Жылай-жылай бетаузы ісіп кеткен келіншектің бір шыны шай ішуге шамасы зорға келді. Ішкен суы көзінен жас боп құйылып, алқымын су еткен. Адам баласында мұнша көз жастың болуын Жұмаштың алғаш аңдауы.

Көктем де шығып қалған, үлкен көлдің мұзы еріп жатыр. Мұз еріген сайың көлдің беті өлгендер денесіне тола берген. Тірідей мойнына тас байлап көлге тасталғандардың шіріген жіптері мойнында салақтап, көргеннің көңілін тітіркендіріп, бүйіріне қадалған шаншудай селк еткізген.

Ғаббастың денесі де табылды. Ісініп кеткен көп өлікті жел жағаға айдан тастапты. Талай тыр жалаңаш өлікті аралап жүріп Тиішкен Ғаббастың мүрдесін дәл тапты. Ғаббастың оң аяғының өкшесіндегі қалы су сорған аппақ аяқта ақ

қағаздағы мөрдей боп, көзге оттай басылған. Ғаббас ақынды ГПУ-ден қорыққан бұлар көл жиегіне түн ішінде жерлеген.

Уа, дүние, кімнің уайымын жеп, қасіретін түгендегендейсің. Бүгін қалай айтсаң солай сияды. Боқайдың Терлікбайының тоқалының қолындағы алтын білезікті суырып ала алмаған соң Иса белсенді мен Дәрімбектің келіншектің қолын шауып тастағаны бүгінде оғаш шығар, тап сол тұста талайды шошытқанымен ұр да жық содырлар үшін оң іс.

Не бір сұмдығы үшін сол бір содырлар бүгін өкіне ме, Алла алдында жауап берермін деп жүрегі тітіркенер ме. Әлде өзі өлген соң бәрібір деп өкініш сезімін әлде бір қатыгездікпен баса ма, кім білсін. Әйтеуір күн өткен сайын солар мейірім күтпегендей түнере береді ғой.

Сонау бір жылы Түйетастың баурындағы Амантайдың үйіне ат басын бұрғаны бар. Төрде жапанды жалғыз жайлағандай боп бір кездегі шала белсенді кейін тәубасына тезірек келген Кәріғұл отыр екен. Жалпаңдап-ақ жатыр. Екі иығынан дем алған самаурынды сылтып басатын Амантай өзі әкеліп дастарханға жақындата қойып, айы-күніне жетіп отырған әйеліне

— Ал, құй шайыңды, — деген.

Кесенің ернеуі еріндеріне тие бергенде:

—Ассалау… -деп біреу кірген. Сәлемші жылтыр қараның табалдырықты аттауы сол еді.

— Астапыралла,-деп Кәріғұл шалқалай құлады. Үстіне төңкерілген кесе де, ақтарылған шайда жұмысы жоқ, - ә… ә… деді де қалды. Сәлемшінің ұсынған қолы орта жолда от көсеушінің көсеуіндей ұмтылып-тартылып ербеңдеді.

— Ә…әй, сен әлі тірі ме едің. Апырым-ай, қара жер шіркін сен басқанда ойылып кетіп, тура дозақтың отына шыж етіп түсерсің деп ойлаушы едім. — Өзіне өзі әлі келе алмаған Кәріғұл әлі де алқымына іркілген суды сілікпей шала құлаған қалпында жатыр.

— Шын өзіңсің бе?

— Иә, — деген Кәрібайдың жүзінде "қайдан келдім" тұр еді.

— Әу, айтсаңшы, мына Кәрібайды көріп әзірейілден қорыққандай шошығаның не? - деп Амантай сөз қыстырған.

— Ойбай-ау, мына Кәрібай екеумізді ГПУ тыңшы қылып салды ғой.

— Ал.

-Алысол, ГПУ Базылбай молда, Шахы отырған түрмеге әкеліп тықты. Іші толған адам екен. Көбін танымаймын да. Біздің міндетіміз молда-екеңмен Шахының сөзін жеткізу. Әй, айтсаңшы, рас па осым?

— Айтып отырсың ғой, - деп міңгірледі Кәрібай.

— Сонда Базылбай молда "біз асарымызды асап, жасарымызды жасадық. Жасаған өміріміз үшін Аллаға ризашылық.

Енді елге ие жастар ғой, мына сендерді де аман қалдырмаған екен" деп қапа болып отырды. Түрменің қай тамағы болушы еді, оның үстіне өзімізге ерекше аяушылық туғызу үшін біз екеумізге сырттан тамақ алдырмады. Сонда Базылбай молда.

— Сендер аман болыңдаршы, — деп мына Кәрібайға өзінің талқанын бөліп аузына тосып еді. Әй, жедің ғой соны? "Иә" деуге шамасы келмеген салпаңқұлақ түнеріп теріс қарады. Қысылып қымтырылудан белгі жоқ, мұндай ащы шындық бетіне басылған адамның жүзі қызарып, ең болмаса маңдайы терлеуші еді, оның бірі білінбеді.

— Соларды бұл ит ГПУ-ге жамандады.

— Өзің ше? — деп қалған Жұмаш.

— Кәрібайдың айтқанын айтқан жоқсың деп өзім таяқ жедім.

— Алда сорлылар-ай, — деп қалды Амантай.

— Бұл жауыздың ісі сонымен біткен жоқ қой.

— Тағы не пәлесі бар еді.

— Нұраның жиегіндегі Қанды қара төбеге апарып бірнеше кісіні бауыздатты ғой. Сол үшін әрқайсына жиырма сомнан алған бұл итің. Сол жерге сол бейшараларды бұған көмдірген.

— Ах! — деп ышқынып қалды шай құйып отырған әйел. Шарт етіп жерге түскен кесесі қақ айырылып, айы-күні жетіп отырған әйел есі ауып құлай берді.

— Басын сүйей беріңдер, — деп ұмтылған Жұмаш. Әлдекімнің аяғы тиген самаурын ақтарылып, үй-іші әп-сәтте әлекке түсті. Әлекке түспеген Кәрібай ғана. Сол бір қалпы-

нан міз бақпай, айтқаның не қате, не дұрыс демеген бетінде тесірейіп отыра берді.

Өмірде Жұмаштың бір байқағаны жаманшылық тілегендер тез тозады екен. Күні тозады. Тозбағысы келер әлі де, олардың қайырымнан қаскөйлігі, біреуді орға жығуға әзірлігі бұрын жүреді. Әлгі бір отыз алтының сайлауында не болмады.

Таласып тартысып, бір-бірінің жағасын жыртысып жүріп патша заманында болыс сайлаушы еді. Онан бері не заман. Енді кедейдің кеңес үкіметі тұсында сонау Мәскеудегілерді сайлайтын уақыт кеп қапты. Кім көрген мұндайды. Ел сайланушының пәмиласынан жаңылып, бірінен-бірі сұрап,"а, құдай пәлеңнен сақталасып" астаң-кестеңі шығып жат-қанда ГПУ-де қармақ салудан жаңылған жоқ. Әр ауылға баратын өкілге келешек қармаққа ілінетін жемінің аты-жөнін жазып беріп, "осыны мықтап қолға түсір", әлі де ГПУ білмейтін "жауды" байқа деп тапсырып жіберетін.

Газеті мен радиосы сайлауды халыққа келе қалған береке, ел енді өзін-өзі басқарады деп халықты желпіндіріп жатса, ГПУ көкжелкеге мініп алып, күнде бір тапсырмасын арқалатып, ауыл-ауылды аралатып, сабылтып жіберген. Кешегі патша заманында болыс сайлауын көріп, жақпағанын жамандап үйренгенге енді аузын бағу қайда.

Сайлау алдындағы дайындықты бақылауға жіберілген Қалтақбас Қарынбай ауылдың кәрі-жасын жинап, депутат тың аты-жөні өмір жолымен таныстырып болып:

— Ал, енді, сонымен кімді сайлайтын болдыңдар, — деп сұраса күн ара бір өкіл келіп, жиналыс ашуынан мезі болған жұрт үндемей қойған.

— Ау, айтсаңдаршы, — еңбегі еш болғандай Қалтақбас іштей кіжінді. Әлде, түсіндіруі жеткіліксіз болды ма? Өкіл тағы бір жарты сағат Мәскеудегі мықтылардың абыройын аспандатты.

— Енді түсінікті ме?

— Қарынбай-ау, Қарынбай! Мәскеудегі төрт орысты сайлаймыз деп елді осынша ығыр қылғаның не? — деп Сыздықшал шыға келді.

Жұрттың біразы булыға күліп, біразы үрпиісе қалған:

— Мына Сыздықты түлен түртті.

— Е, не қылушы еді, шындығын айтты.

— Енді еркіндік деп жатыр ғой. Еркіндік болған соң іштегіні айтқанның несі айып.

— Ақсақал, сіз түсінбей қалдыңыз ба? - Қарынбайдың қысылғаннан маңдайынан шып-шып тер шықты. Ойбай-ау, енді не істеді? Мына Сыздық әбден бүлдірді-ау.

— Түсінуін түсіндік қой.

— Ендігіңіз не?

— Әй, өзі сол орыстардың Мәскеуінде отыр ғой. Отырамыз деп бізден сұраған жоқ. Елді әлекке салмай отыра бермей ме?

— Жоқ, бұл сайлау ғой.

— Бәрібір соларды сайлатайын деп жатырсыңдар ғой. Қарынбай ГПУ-дің құлағы көрінбес пе екен деп айнала жалтақтады. Мұндайда көрінбеген құлақ не болады. Ол да бой көрсетті.

— Мына шал кешегі бай-құлақтың құйыршығы. Көрдіңдер ме не айтып тұрғанын. Бұған кедей үкіметі жақпай қапты Аңсап тұр бұрынғыны. Төрт орыс деп... Жала! Жала! Мұндайларды... - шикіл сары жігіттің айғайымен төндірген қорқынышынан жатаған үйдің аласа төбесі тіпті төмендеп, сығып бара жатқандай көрініп, ауа жетпеуге айналған. Әбүйір болғанда біреу есікті ашып жіберді. Жау табылды. Акт жасалды. Милициясыз-ақ екі әктіп шалды арбаға керіп байлап, ГПУ-ге тапсырды.

Бұл жағдай аудандық сайлау комиссиясы дегенге іліккендерді тап сайлау ертең болады деген күні ауыл-ауылға тағы аттанып, "жау" іздеуге шығартқан. Әр ауылда бір болып, аты да, өзі де әбден сабылған Жұмаш екінші ауылға зорға жеткен. Мына сайлауы пәле болмаса игі еді. Қарынбайшылап қалам ба деп өзінін де берекесі кеткен. Барған жерінде жиналған жұртқа Сыздық шалдың уақиғасын сыздықтап жеткізіп, әйтеуір сақ болулары керек екенін білдіріп-ақ жатыр.

— Құдай шатастырмаса, — дейді жиналғандар.

— Ау, құдайды аузыңа ала көрме.

— Ұмытып қалмасақ. Аты да қиын екен өзінің.

— Піңқасық.

— Жоқ, мыңқасық -

Библиотечная сеть

— Бұдан ештеңе өнбесіне көзі жеткен Жұмаш сайлаймыз деп келген жұрттың бірі болмаса бірі "жау" боп шыға келетінін ойлап айлаға көшкен.

— Әлгі қаладағы өзіміздің дөкейді сайлаймын. Көңіл біледі, тіл келмейді, — деңдер деп шалдарды үйреткендей болған

Сол күні Жұмаш болдырған атын тыңайтып, Мұса шалдың үйіне қонған. Құлағы шалалау еститін тоқсанға толған ақ сақалмен әңгімесі жараса қоймады. Әйтеуір Сталиннің атын біледі екен, соны тілге тиек қылып біраз әңгіме айтқан болды. Ара-арасында ақсақал көзі ежірейіп

— Троцкий Қазақстанды билеген, - деп қояды. Онысы не даттау, не мақтау екені белгісіз.

Тауық шақыра жұрт тұрды. Мұса шалды бала шағасы киіндіріп жатқан шақта Жұмаш атын ерттеп, оразасын да ашпай ауданға асығыс жөнелген еді.

Ауылдың шал-шауқаны отқа түсетінін қайдан білсін. Қауқылдап келіп, қолына бір жапырақ қағаз бергеніне мәз. Ең үлкен бастықтың оң қолын ұстағандай болып абдырап, сайлау-бастықтың пәлелі сұрағына не айтып, не қойғанын білмей жауап берген.

Тоқсанға жасы жеткен Мұса ақсақалды таңсәріден оятқан. Ішкиімінің орынына көйлегінің бір жеңін киіп, қаракөлеңке үйде әбден әуре. Мәскеудегі мықтының өзіне күні түскен соң нығыздалып бағайын десе де дір-дір етіп етігін кие алар емес.

— Ата, болсаңшы енді.

— Әй, сандалмай жайыңа тұр. Сазанбай ұрпағының ендігі жөн білер үлкені мен. Мен бармай сайлауың болмайды.

— Жұрттың артында қалармыз.

— Осы қызық-ей өздері. Баяғыда Нарымбек болысты Сайлаутаста сайлағанда ұйқыны қандырып...

— Ойбай, ата қайдағы пәлеңді ауызға алма. — Шал тағы бірдеңені бүлдіреме, — деп баласының зәресі ұшты. Осы әкесі бірде шалқып өмір сүрдік десе, бірде өмірде көрген құқайын жырдай қылып жеткізеді. Бұл күнгінің әңгіме тыңдаушысына да дауа жоқ. Қиыншылықты көп көрдім десе, оның қандай деп еживктейді. Көрген рахатым аз десе, осы тоқсан жасқа қалай жетті деп тағы сенбейді. Әке емес, осы

шалдың өзі де осы отбасына қатер сияқты болады да тұрады. Тоқсан сұрап алған жасы емес шығар, сонда көрген мехнаты мен түс көргендей қуанышының кімге керегі бар екені түсініксіз. Тәлтіректеп жүріп киіндіріп, сүйемелдеп есік алдына шығып, сүйреткендей етіп бүгінгі жақсылық орнап жатқан жерге жеткен.

Аласа мектептің айналасы қызылды-жасылды екен. Ең.. ең мықтыны сайлауға келген жұрт әлі осы маңда. Біреуге барқыратып ән айтқызып қойыпты.

— Әй, әлгі орысыңның аты кім еді? — деп сұрады Мүсекең баласынан.

— Пинкасов.

— Не дейді? Мінқасық дегені кім? Әй, онанда мықты әлгі. Әлгі Троцкий бар емес пе еді.

— Жоқ, ол емес, Пинкасов.

Мұса ақсақал сенер сенбесін білмей баласының бетіне ежірейе қараған. Жұрт шулап жүретін Троцкий еді ғой, Мінқасығы кім? Осы өзі шатастырып тұрған шығар. Осыларда ми жоқ.

Мүсекеңді осы сайлауға ауданнан келген өкіл Басмақай жатып жабысып-ақ қарсы алды. Аудан өкілінің жік жаппар болуы әбден ішін жылытты. Иә, бәсе рулы елдің үлкені өзі емес пе, бұл қалай айтса солай болады да. Баяғыда Дүйсенбай би елді жатқызып-өргізген.

— Мүсеке кімді сайлайтыныңызды білесіз бе? — деп жымия қалды өкіл

— Е, білмегенде. — Ақсақал шақшасын іздеп жанын сипады да, таппаған соң шоқша сақалын сауды.

— Е, біледі әрине, — деді біреу.

— Сонда да сол кісіні атап жіберсе, — деп жабысты өкіл

— Әлгі... өзіміздің ең... ең мықты бар ғой, соны.

— Қай... Қайсыны айтасыз?

— Ту, Троцкий ше.

Жылмаңдап тұрған аудан өкілі тарс бүлінді. Түйілген қабақтың ар жағындағы шүңірек көз зәрлі суық шашып, шатынап шыға келді.

— Не деген бассыздық бұл? Кім көрінгенге осы жерде теріс пікір таратуға жол беріп қоя бересіндер. Енді, міне, кеңес мемлекетінің жауын ашық түрде мадақтауға шыққан. —

Басмақай өкіл жаңа ғана өзі суыртпақтап сұраған сұрағын да, оған естіген жауабын да осы жерде тұрғандарға жауып, тонын теріс айналдырып шыға келген. Өзі бас болып сайлауком мүшелері қол қойған акт ГПУ-ге жөнелтілді. Күн өтпей-ақ қаудыраған Мұса шалдың көні кепкен денесін кепеудің қандаласы сорып жатты.

Бары-жоғы он-он бес шақырым ауылдан ауданға алқына жеткен Жұмаш мұнда тағы қоныс таппады. Бәрін көріп, бит астындағыны біліп отырған ГПУ райкомға шақыртып, бұл жолы тіпті ерекше тапсырмамен аттандырған. Таң бозарып атып қалған шақ. Бозайғырдың жалына жабысқан Жұмаштың кежегесі кері тартып-ақ келеді. Барғысы жоқ. Бармайын десе "аса жауапты науқанға жат пиғыл танытқан" боп шыға келеді. Оның арты...

Әйтеуір көңілге медеу тұтатыны өзіне жақын боп жүретін Әбеубекті аттандырып үлгерді. Әбеубектің ақ көңіліне, тазалығына сенеді. Әбүйір болғанда оның өзі де райкомның маңынан кездесе кетті. Жұмаштың салыңқы қабағынан бір жамандықты сезіп дос-жар Әбеубек оратыла кеткен.

— Не жаңалық?

— Несін сұрайсың? Тура жаналғыш болуға айналдық.

— І.. .ім, — деді Әбеубек жалтақтай қарап.

— Өте шатақ.

— Не боп қалды?

— Осы сен Бікішті білесің ғой.

— Білмегенде. Ағайын емеспіз бе?

— Е, солай екен ғой. - Жұмаш қуанып кетті.- Анау Ақылбек те соған жақындығы бар.

— Иә, солай. - Әбеубек сөздің ендігі бет алысын аңлай алмай аңырған. Жұмаш та көңіліндегісін бірден айтып сала алмай дағдарды. - Бікішті несіне сұрадың?

— Саған хабар айту керек боп тұр.

— Айта бер не де болса жеткіземін.

— Бұл сөзді жеткізуге де айла ойла. Сенің де Бікіштің маңынан көрінбегенің дұрыс.

— Не боп қалған соншама? — Әбеубек тіксіне қалды.

— ГПУ оны аңдытып отыр.

— Онда құрыды десейші.

— Соған бір айла жасасақ деп едім.

— Өзіңе қатер болмаса.

— Сол себептен де сен Бікішке жоламағаның жөн.

— Сонда не істе дейсің?

— Ақылбекке бар. Оған барғаныңды да көп ешкім көрмесін. Ізіңше кейін қайт. Кімнің дос, кімнің қас екеніне ешкімнің көзі жетпейді. Сақ болғайсың.

— Бікішке не айту керек. ГПУ құрығын салды дегенше өлді дей бер. Қайран азамат-ай.

— Сен өйтіп босқа егілме. Бікіш бай тұқымы, ел арасында не қилы әңгіме айтады, соны қатты қадағалау керек деп ГПУ тапсырыс беріп отыр. Оның арты жақсылық емес. Ақылбекке айт, Бікіш аузына қақпақ қойсын, не сұраса да мылқау адамдай бас изей берсін.

— Белсенділер әдейі шатастырып жүрмесе.

— Ол да мүмкін. Пәмиласын айтуға тілім келмей тұр, Сталиннің серігі дей берсін. Осы жолы оған қатты сын.

— Өзінен аз-ақ бұрын кеткен Әбеубек тапсырмасын орындаған-ақ шығар деген сенімде болса да тізгінін сүзе тартқан бозайғырды еркіне жібермей аяң-бүлкілмен ғана келеді. Бікіштің ата-бабасы мыңғырған бай баласы болмаса да қонағасысы мол, тұрмысы тәуір орта шаруа. Өз басы әзіл қалжыңның ордасы. Көңілге жақпаған белсенді мелсендіні ағаш атқа теріс мінгізіп, мазақ қылып жібереді. Сонысымен жақпағанына күмән жоқ. Бікішті жамандағандардың "Ол бір қойдың етін бір өзі жейді. Осының өзі-ақ оның жалмауыз байкулактың тұқымы екенінің дәлелі" деп жазғаны кісі күлерлік болса да ГПУ үшін таптырмас айғақ. Кешегі бір тайдың етін жейтін Мәсеттердің бүгінде жоғы әбүйір. Әйтпесе ит жеккеннің қай түк пірінде сүйегі шіритінін кім білген.

Бозайғыр аркырай кісінеді. Сонадай жерде дөнежін биеге міпген Әбеубек бой тасалап, биік қараганның арасымен кері құйғытып бара жатыр екен. Бір сәт биенің басын тартып, қол былғағандай ишара қылды да көздсн таса болды. Көңілі енді ғана орныққан Жұмаш бозайғырдың тізгінін босатқан.

Сайлау басталып кеткен екен. Орысша хатқа жоқ кемпір шал қолына ұстаған бір жапырақ қағазға телміріп, енді не істерін білмей біріне-бірі ыржиып:

— Мұнда әкел, мұнда, — деген дауысқа қарай беттеп.

— Кімге дауыс бересің?

— Мінқас... Мінқас...

— Пинкасов де,- деп ұрсады бір білгіш.

Иә, иә... тап өзі. Әкетай, сол... сол...

Бікіш сайлаушы жұрттың ортасын ала келген. Апталдай сері жігіт көнетоздау киініп, ауырған адамдай иіліңкіреп, ешкімге тіке көз салмай тілдей қағазды алып беттеген.

— Бікіш, бүгін тілің байланып қапты ғой,- деп қағытты сайлау бастық. Бекіште үн жоқ бас изеген болды.

— Әй, мынаның бүгін есі ауысқан шығар.

— Оны анықтауға болады.Қане, айта қойшы, сен кімді сайлайсың?

— Сталиннің серігі Пинкасыпты.

Сайлау комиссиясы боп дүрдиіп тұрғандар көсемнің атын естіп сілейген де қалған. Бір-біріне қарауға батпайтын сияқты. Бікіштің жауабы ашық күнде найзағай ойнағандай саналарын тілгілеп өткен. Шыбынның ызылы естілген тыныштықты үйден шыға берген Бікіш етігінің дыбысы ғана бұзған.

Өткеннің елесіне бой алдырған Жұмаш "әй, дүние-ай" деп қозғалақтаған еді, астындағы орындығы қоса шықырлап бүгінгінің тірлігіне қайта сүйреді. Баласы Әлкәдір есіне түсіп, аһлаған лебі ыстық жалын боп, сыртқа атқыған.

* * *

Бұл дүние не боп барады? Не боп барадыны неге айтқанын білмей қоңыр салқын леп ескен сары адырдың жотасына қарады. Құба белдерден аса ескен леп сай-сайды паналаған сұрғылт қардың көбесін сөгіп, өзекті шулата тасытып тастаған. Қыс қыстағын жасап өткен сияқты, жазғытұрым көк шықпаса да күннің бетін беріп тұр. Сонда да көңіл алаң, іштей мүжілу бар.

Қарап отырса ендігінің атқа қонғаны қараған-шұбардың сасық қоңызындай боққа үйір. Елде болсын демейді, өзімнің ынсабым толсынға ауысқан. Бүйте берсе...

— Тым шұқшиып кетіпсің ғой, - деген дауысқа мойын бұрған. Талай қызметтің басын шалып, бүгінде үйде отырып мүжілуге берілген зейнет дегенге шыққан Қасқатай екен.

— Отырмыз ғой.

— Ойың қалың сияқты.

— Зейнеткерлікке шыққан соң бағатын қойы жоққа ой тиеді де еншіге.

Ондайдан құр қалыппыз. Ел дедік, бейшараны жеткіземіз дедік, ақыры өзіміз тесік келіге де жарымай отырмыз.

Әлде неге өкініп отырған Қызыкеннің өңіне қарап Қасқатайдың есіне өткеннің бір сәті түсті. Осы көшенің бойында осы ауданның шаңырағын көтерісуге ат салысқан төрт-бес ақсақал кездесе кеткен. Жандарынан су жаңа "Волгага" мінген райкомның инструкторы шаң қаптырып өте шықты.

— Әй, мынаны-ай, — деп ренжіді Алтыбай ақсақал — Машинасының руліне жабысқан тыштиған сары бұрылып та қарамады. Осы отырысынан-ақ дүниені енді билер, ие билеген адамның кесапат пейілін көрген жұрт сескенгендей.

— Тыштиған неме, — деп сөкті Қызыкен.

— Бойына қарама, ойын бағжайла.

— Ойбай, пәлелігіне құрық жетпейді.

— Біз ғой жетім-жесірді жеткіземіз деп бәрінен құр қалдық. Бұлардың астында машина, басында ақ шаңқан үй кассасында ақша, — деп ренішін сыртқа шығарған Қызыкеннің бегіне қулана қараған Жұмаш.

— Біз де қатарға қосылайық, - деген.

— Е..., — Қызыкен қызықтай қалған.

— Осы бесеуіміз банкіні шабайық. Тап біз ұрлық істеді деп ешкім ойламайды.

— Осы неме... осы... - Қызыкен бірер жас үлкендігін пайдаланып Жұмашқа ұрса жөнелді де, іле қалжың екенін түсініп, - Біреу естіп қалса, бір жағдай болса бізден көрмей ме, — деп шегіншектей жөнелген.

Сол жолы Қызыкеннің аңқаулығына да, адалдығына да ішектері түйіле күлген.

— Банкіні шабайыққа қосылмадың, — деп үстеді Қасқатай.

— Ешкімнің ала жібін аттамаса да жатыр ғой, әне, Жұмаш "жаудың" әкесі атанып.

Бұл дүние не боп барады? Кешегі отыз жетінің ала сапыраны сонысымен тоқтаған екен десе жаңадан құбылып шығабере ме, қалай. Жастар оқыр, біз білмегенді білер, біз жетпегенге жетер деп үміт артушы еді. Соның бірі Әлкәдір кешегі ГПУ, бүгінгі КГБ-нің торына түскен. Сондағы кінасы не?

Ту, кінәсы не деп бола ма. Сонау отыз жетідегі өзінің кінәсы не еді? Әлде біреудің көрсетуімен бай тұқымы, сенімсіз элемент атанып, партиядан шығып, ұсталар сәтін күтіп жүрген жоқ па еді. Бір ғана ауданның бірінші хатшысы Тоқтаровпен байланысты деп талайдың көзіне көк шыбын үймелеген.

Тоқтаровпен бірге аңға шығады айыбымен Махамбетше кетті бел асып, Қажымұқан палуанға түлкі байлады сылтауымен Әйеш, әйелінің шілдеханасында Тоқтаров қонақта болғаны үшін Алтыбай шықты партиядан.

— Әй, несін айтасың, жүріп берді бір науқан. Аудандағы елу төрт түйенің жиырма бірі қайымады, оған кінәлы Тоқтаров боп шықты ғой. Екі жылда бір боталайтын түйе жарықтықтың кінәсі жаратушыдан емес адамнан дегенді.. Иә, алла түйені әуелі боталатушы еді, сонан соң айы жылын санап, енді-енді құтырынып ақ көбік бура іздеген шағында бірінің артын біріне беріп қайытушы еді, соның бәрі теріс боп шыға келді. Түйені де шағылыстыру үшін бір-біріне мінгестіру керек екен. О, тоба.

Өгіз өледі, не арба сынадының күнін кешіп, әйтеуір бір пәле дайын тұрған. Колхозға НКВД деген қаһарлы мекеменің бастығы шұбар қазақ келе қалған. Шұбар қазақ дүниенің жалғыз қазығындай ширенді. Тісінің арасынан ысылдап қана шыққан сөздің өзінен-ақ ләббайға бойы үйренген жұрт сескенді. Мал сойылды. Тартылған қойдың басынан шұбар бастық тартынбады. Мал сойған колхоз бастық көңілінен шықпаққа әлек. Басқарма сорылының соры бес елі ме, әлде бес жыл ма кім білсін, әйтеуір арыз келіп, оның соңынан сол мекеменің қараңғы бұрышында өзі де жамбасы шірігенше жатты.

Ой, хой, дүние десейші.

Бұл жалғанға адамның не қылығы сыймайды. Жақсы жанынан түңілген шақта жаманның дегені жүреді. Жаманмын деп кім айтар. Жаманның да қылғаны біреуге жақса онан жақсы жоқ. Жақсы жаман деген өлшеулі екен ғой.

Енді қашан деп жүрген күннің бірінде ГПУ-дегі ең жақсы шақырды деген соң әлде қайтып қаладыны ойлап, бір қабат таза киімін киіп, үй ішімен үнсіз қоштасып, ақ желкедегі қаһарлы үйдің табалдырығын аттаған. Үстелдің ар жағындағы

тышқан көз тысырайған қара жігіт сәлемін де алмады. Неге келдің деп ол неге шақырдың деп бұл сұрамай бірін-бірі көзбен ішіп жеп арбасқан. ГПУ бастығы Қалабаевтың қолында билік, кнопкесін басып қалса қай бұйрығын болсын орындауға дайын күзетшісі тұр. Қызыкендікі ең болмас кім екеніңді танып қалайын, қандай күн туарын кім біледі деген далбас.

Үстелдің бір бұрышындағы қалайлы күрешкенің сырты сағал-сағал Сағал-сағал ыдыс иесінің осында түнеп, осында ғана дем алатынын айғақтай ма, әлде үкімет жұмысына шын берілгенін көрсеткісі келгенін білгісі ме, әйтеуір жиегі иесінің ернінің табы мен шаңнан көрінбейді.

— Ал, деді бастық.

— Шақырған соң.

— ГПУ текке шақырмайтынын білесің ғой. — Қалабаев бұл жаққа әлі таңсық папиросын суырып, шерткілеп отыр.

— Білмедім.

— Білмесең есіңе салып қояйын, сен байдың тұқымысың ол жөнінде үстіңнен жазылған материал бар. Оныңды жасырып партияға өткенсің. Ондағы мақсатың не?

— Әкемнен жастай жетім қалғанымды ел біледі. Естуімше оның орта ғана шаруасы болған. Сол шаруасынан да маған жеткені жоқ. Үкімет нахақтан жабылған жалаға қорған болатын шығар.

— Оны кейін айта жатарсың. — Қалабаев темекісін тұтатпаса да ерніне қыстырып, саусағымен үстел шетін тықылдатып біраз отырды. Қызыкенді жазалай қоятын жазасы аздау, әрі тым сенімсіздеу ме өңі сан құбылып, ішкі сыры сыртта ойнаған. - Сенің айналандағы адамдар туралы да бізге өте нашар мәліметтер түсуде.

— Басқалар туралы мен ештеңе айта алмаймын.

— Міне, бұл қырағылықтың жоқтығы. Біреу-екеу емес, он емес, жүздеген адамның пиғылы жат. Ал, мен адалмын деп ақталғың келеді. — Шытынап шыға келген Қалабаевтың өлеуси жылтыраған көзі суық от шашқан. — Кім сенеді сенің бос сөзіңе? Сен адалдығыңды дәлелдеуің керек.

— Дәлелім - ақтығым.

— Жоқ ол дәлел емес. Анау Алтыбай, Жұмаш, Тұңғышбектер кіммен сыбайлас, не ойлап жүр? Міне, адал болсаң солар туралы бізге хабарласаң, біз де саған сенім көрсетеміз.

— Ау, олар менің бала жастан бірге өскен достарым. Олардың пиғылы жат емес. Оларға ешкім жала жаба алмайды.

— Міне, міне..., — деп Қалабаев енді ғана дауыс көтере бастап еді, сарт еткен есікпен бірге теңселген біреуді милиционер айдап кірді.

Тұтылушы зорға тұр. Басы көзі ісіктен көрінбейді. Долырған ерінінің жарылған тұсынан аққан қан қатып қапты. Қайырып байлап тастаған қолының саусақтары жара-жара. Япырым-ау, бұл кім, таныс адам сияқты ғой деген ой Қызыкеннен кетпей қойды. Қызыкеннің үңіле қарағаны Қалабаевқа жақпады.

— Иә, тамыр-танысың ба?

— Шөкен емес пе?

— Менмін ғой, - деген тұтылушының ерінінен зорға шыққан.

— Неге әкелесің осы уақытта? — деп ақырды Қалабаев айдаушыға.

— Апар деген соң.

Айдаушының жер жебіріне жеткен Қалабаев Қызыкеннің отырғаны енді ғана есіне түскендей жалт қарап:

— Бұл көргеніңді ешкімге айтпауға қолхат бер, — деп кабинеттен айдап шыққан да Қызыкен есеңгіреп қалып еді. Тұлып боп ісініп кеткен Сартымбеков Шөкенді бұл маңайда танымайтын адам жоқ. Төңкерістен бұрын Спаск-Көкөзекте ағылшын зауытының жұмыскері, сол жұмыс-керлердің қам қаракетін ойлап әлденеше ереуіл ұйымдастырған, патша түрмесіне жабылған азамат. Ендігі көргені мынау. Шөкен жау болса, дос кім болмақ. Көргенің мен естігеніңнен бас айналады, Шөкенді азаптап жатыр екен, тырнақ астына ине сұққылапты деген қауесетті естіп Жұмаш "енді қайттік" деген еді. Шып-шып қан шығып тұрған Шөкеннің саусақтарын көзі көрді.

— Әй, ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой.

— Ах, — деп кенет дауыстан селк еткен Қызыкен Алты байға қарап аңырап тұрып қалды.

— Неге сонша шошыдың? ГПУ мен оның... деп ар жағын айта алмай Алтыбай жан-жағына жалтақтады, — жаңа көріп пе ең оларды.

Қызыкеннің ойына жаңа ғана ГПУ бастығының Алтыбай Жұмаш, Тұңғышбектер туралы сұрағаны түсті. Жау дедіау. ГПУ-дің айтысына қарағанда жүздеген адам... Иә, соның бәрі қара тізімге іліккені ғой. Бір сұмдық қанды қасап басталады десейші.

— Көргені құрысын.

— Көргеніңді айтпа деп жібергенін ішім сезеді.

— Өлтіруге айналыпты.

— Кімді айтып тұрсың?

— Шөкенді.

— Сартымбектің бе?

Көргенінен есі шыққан Қызыкенді ертіп Алтыбай барақбарақ үйлердің біріндегі Тұңғышбекке келген. Күн кешкіре Жұмаш та осы үйден табылды. Сырғауылы майысып, төбесі буаз биедей шермиген аласа үйдің жыртиған терезесін жастықпен жауып, соқыр шамның шала жарығымен үшеуі біраз мұндасқан.

— Өтірік жау боп, өтірік басқаға куәгерлікке тартылып, елдің обалына қалғанша көз көрмеске безіп кетуге шақ отырмын. ГПУ-дің дұзағынан тірі қалуым үшін осы екеуінің бірі ғана қалды, — деп Қызыкен естігенін екеуіне ақтарып салды. Жүздеген адам жау деген санасына сияр смес. Оның ішінде осы отырған екеуі де бар екеніне күмәні қалмаған.

— Елден безіп тірі қалам деп ойлама. Онда тіпті шатысласың. — Алтыбай иегін сипалап, Жұмаштың бетіне қарады. — Қарагі отырсақ бәрібір елдік, аянатын жан қалған жоқ, бізде де қимылдап қалуымыз қажет.

— Шөкеннің түрмеде жазған тілдей қағазын, қосып болып жатқан уақиғаларды баяндап, нахақ жандардың азапқа салынып жатқанын, тіпті қара тізім барын жеткізе жазып жіберу керек, — деп түйіндеді Жұмаш.

— Қайдан жібересің? Бұл жердің поштасы ГПУ-дің бақылауында.

— Қарағандыдан. Онда да қаланың жөнін білетін, онда да таныс-білісі бар орысшаға да тәуір Қасқатайдың қолына тапсыру керек.

Күн артынан күн өткен. ГПУ-дің шоттың тасындай шытырлатып түрмеге жапқан адамының санынан ел айырылып қалған.

Елде ее те жоқ. Бас көтерер, ақыл берері қапасқа түскен соң былайғы қараңғы жұрт далбасасыз қалғандай.

Гүрс еткен мылтықтан жан шошиды. Ойбай, Аюлының сайына апарып атыпты деген қауесет ел ішін кеулеп кеткен. Қапасқа түскен ағайынның, аға-іні, баласының өлі-тірісін білмей жылаулы. Сыңсыған кемпірдің дауысын естіп қоя ма деп:

— Қой, үніңді өшірлесіп шошыған жұрт.

Ай жарымнан аса уақыт өткен. Жеті қараңғы түнде біреу есік қақты. Әлде біреудің құлағына шалынбасын дегендей ақырын ғана, әлсін-әлсін тықылдатады. Өзімді ГПУ қашан әкетеді деп күнде күтулі Қызыкен күпті көңілмен есіктің тиегін ағытқан.

— Сіз Қызыкен Түсіповсіз бе? — деді аржақтағы шикіл сары жігіт. Бейтаныс адамның, әрі орыс кейіптес жігіттің өзін танып тұрғанына Қызыкен таң қалды.

— Иә, мен.

—Мен Мәскеуден едім, — деп сары жігіт құжаттарын көрсетті. — Сіздер жазған арыз хат бойынша келдім. Маған еріпжүріңіз. Қауіптенбеңіз, сізге келер еш зиян жоқ. Ауыл шетіндегі елеусіздеу жатаған үйге ертіп келген. Осы үйде жалғыз басты орыс кемпірі тұратын сияқты еді, Қызыкеннің көзіне түсе қоймады. Сары жігіттің жобасын енді ғана байқады. Сырт киімі қарапайым, тіпті көнетоздау болғанымен ішіндегі әскери костюмі, беліне ілген тапаншасы белгілі жердің өкілі екенін танытқандай.

— Северюгин, — деп таныстырды ол өзін. — Ал көргеніңізді айтыңыз.

— Оның несін айтам, бәрін де жаздық қой.

— Жазғандарыңызбен таныстым. Жоғарғы жақ осындай асыра сілтеуге мән беріп отыр. Ештеңені жасырмаңыз.

Жоғарғының өкілі Қызыкеннің айтқанын тыңдай отырып, қағазға түсіріп те үлгерген. Сол жазғанын өзіне оқып берді де, қол қойдыртты.

— Енді мені көрдім деп ешкімге тіс жармаңыз.

Арада күпті көңілді елегізіткен әлденеше күн өткен. Келсін деп жатыр деген соң, Алтыбайдың кеңсесіне басын сұққан. Іле Жұмаш та жетті.

— Ал, Жұмаш, ГПУ шақырып жатыр, — деді Алтыбай.

— Неге? — деп шыдамсыздана қалды Қызыкен.

— Е, бара көреміз де. Жұмаш, қалай, күрешкенді, бес алты күндік талқаныңды алған шығарсың. Осы жолғы кезек сенікі шығар.

— Оны Сіз алған шығарсыз, бөлісерсіз менімен деп, қам жемеп едім, — Жұмаш та жалтара жауап катқан. ГПУ есігінің алдында шыр айналған аспанның ыстығынан көлеңкеге тығылған Северюгин тұр екен. Амандықтан соң:

— Қазір көресіздер. Акт жасау керек, — деді.

Ненің актісі екенін түсінбеген бұларды ертіп ГПУ бастығының есігін ашқан. Қалабаев шалқасынаи құлаған екен. Шекесінен аққан қан алқымын жауыпты. Бұл жалғаннан аларын алып, уайымын тауысқандай, тірімен есебін айырысып, енді о дүниеліктермен айтысатындай қолы серейіпті де қалыпты.

Түскс дейін Мәскеудің өкілімен арада болған әңгімеде барлық қылмысын мойнына алыпты. Енді түстікке шыға бергенде өзін-өзі жазым еткен екен. Оған да басқа жол қалмаған да. Жүруден қалған Сартымбектің Шөкенін жанашырлары көтеріп әкетті.

Ұрып соғудан қалжыраған Жөңкенің Шәкейі қабырғаға сүйеніп өзі шықты.

— Көрмегенім қалмады-ау. Ұра берген соң "Асанбек, Асанбек" деп айқайлағаным есімде, — дейді Шөкей.

— Оның не? ГПУ Асанбекке пәле іздемей ме?

— Әйтеуір қызметте жүр ғой, атын естісе ұрып-соғуын қояма деген далбаса ғой менікі.

Түрме босағандай, ел есін жиғандай еді. Әй, бірақ Қалабаев кетіп, мәре-сәре болған шақ ертегіге семіргендей ғана уақыт сияқты.

Қалабаевты асыра сілтеді деді-ау, кім білсін. Жұртың көзі жеткені Мәскеу жақта тыныш емес сияқты. Ер болсаң Ежовтай бол деп, суретін іліп, мақтаған ерің де "жау" атанып шыға келген. Сонда дос кім. Шегі жоқ, шеті көрінбейтін ұшы қиырсыз топалаң. Асыра сілтеуден де басына сілтеуден де көз жазбай қойды. Тоқтаров жау атанып жоғалса, онан кейінгі Хамитжанов сыпайы жігіт тәрізді еді, оның да қайда кеткені белгісіз. Ал, мына аупарткомның бірінші хатшысы Қоянбаев пен ауатком төрағасы Жекеевтердің сонау отыз екінің қыр-

ғынынаналған сабағы жоқ сияқты. Колхоз құрылысы сәл тіріліп, ортадағы бес он сиыр, елу-алпыс қой өсе бастап, колхозшының да қорасына да жалғыз жарым мал біте бастаған. Аштықтың неше атасын көрген жұрт:

— Е, құдай, енді жаманшылығынан сақта, — дегенде дауыстары дірілдеп, көздеріне жас үйірілетін.

— Колхоз малын міндеттемеден асыра өсіру керек, деп салды бірінші.

— Бір сиыр екі бұзаудан таба алмайды ғой, барды бабымен өсірсек те жарар, — деп Алтыбай уәж айтқан.

Бірер сөзінде Жекеев алдағы республиканың мерейтойына орай ауданның жаңа табыстармен көрініп қалу қажет екенін, ақпардағы үлкен табыстың басшы атаулыға орден, медаль екенін де айтып қалған. Жаз ортасында әр колхоздың мал саны екі есе өсіп шыға келді.

— Жоқ мал орны немен толтырылмақ, — деген сауалға:

— Халықта мал бар. Ауданның абыройы үшін сол малды ортаға салдыру керек, — деп Қоянбаев тікесінен кеткен.

Ел де естіді бұл сөзді. Жалғыз қарадан айырылудың не екенін сонау отыз бірде түсінген халық жаз ортасында өз малын өзі сойып, қақтап ала бастады.

— Ойбай, енді не болдық? — Малдан тағы айырылсақ, үкімет етінін бермес, қырылдық қой, — деп ат терлете жеткен Әбеубек Жұмашқа қадалған.

— Малдарыңа ие болыңдар. Халыққа айтыңдар малын сақтасын.

— Тартып аламыз деп жатыр ғой.

— Үкіметтің ондай нұсқауы жоқ. Әркімнің ойына не келсе соны істеуіне енді жоғарғы жақ жібере қоймайды.

— Әй, қайдам? — Әбеубек артына жалтақтай-жалтақтай атына қонған.

— Осының сөзінде де қисын бар. Аупартком мен ауаткомның орден аламыз деп әукелері түсіп кетіпті. Қарсы сөз айтқанды құтырған бурадай тапап өтетін,—деп Қызыкен сөз қосқан.

— Осы ел бізді азаматымыз бар деп отыр ғой. Отыз жетіде ГПУ-ден де аман қалдық. Айтысармыз, азар болса жұмыстан қуар. — Жұмаш неден де болса тайынбайтын сиық танытқан.

Айтыс аупарткомның бюросында табан астынан қызып жүре берді. Мал басының өсуі, оның жақсы көрсеткіші аудан_ ның абыройы дегенді ұзақ қозғаған Қоянбаевтың сөзін селқос тыңдаған жұрт үнсіз еді.

— Алып-қосарларыңыз бар ма? - деді төрағалық еткен Жекеев.

— Менде сөз бар. — Орнынан тұрған Жұмаш айналасына жіті көз тастады. Бюро мүшелерінен басқа маңызды мәселеге шақырылғандар жеткілікті екен. ¯ Жалған ақпар ауданға абырой әпереді деген қате пікірді тоқтату керек. Мұндай саясат мал басының өсуі емес, азаюына әкеле жатыр. Дәлелім... — Жұмаш ұзақ сөйлеген.

— Тоқтаңыз. Мұныңыз жала, — деді аупартком.

— Жала емес шындық. Бір Айғыржал колхозында барлы жоғы жүз елу қой бар, оны төрт жүз елу деп мәлімет беріп отырсыздар. Жоқ малды халықтан тартып алу деген енді ғана есін жиып келе жатқан жұртты тағы жоқшылық аштыққа ұрындыру деген сөз. Біз бұл жұмысқа бейтарап қарап отыра алмаймыз.

— Дұрыс. Жұмаш дұрыс айтады, - орнынан тұған Жұмәділді аупартком Қоянбаев:

— О, ит, — деп тілдеді.

— Итті көрмей жүр екенсің көжегім. Арқаның жүнді балақ, салқы төс тазылары соңына түсіп берсе кірерге кезек таба алмассың, көжегім, — деп салған Жұмәділдің ащы мыс-қылына жиналғандар ду күлді.

Иә, ол тартыстың арты да әйтеуір оңынан шешілген еді. Осы ел үшін сол істерге басын тіккендер Алтыбай, Жұмаштар еді. Енді мұның отырысы мынау. Жау болмаса жаудың әкесі. Не болып барады мына дүние?

Қызыкен кіршіксіз аспанға, күн сүйген кәрі Аюлының басына қарады. Аспан мөлдіреп тұр. Кәрі Аюлы баурына әлдене сырды бүгіп тұрғандай үнсіз. Кенет как төбеден әлдене шатыр еткен. Қызыкен бас сүйегі айырылып кеткендей төбесін ұстай алды. Көзінің оты жарқ етті ме, ол арасын білмейді, әйтеуір найзағайдың оғындай бір жарық қарсы қабырғаны да тіліп өткендей болды. Зорға есін жинаған Қызыкен аспанға үңілген. Сонау биікте әлдене жанып, әлде бір шөкімдей бұлт пайда болыпты.

— Е, тағы да аспанды жарған екен ғой. — Атомын енді жерде жармайтын боптьі, енді оны аспанда атады екен дегенді оқыған. Сонау Мыржықтың тауын гүрсілдетіп бағыпты, тіпті бір тау орнымен жоқ екен дегенді естіген.

Шөкімдей бұлт ыдырап барады. Сол тұстан, сонау Сары адырдың жоталарынан аса жел соқты. Ауық-ауық азынап жел ұзағынан тұрды.

— Осы тарсылы аспанды тесіп жібермей ме? Осының да зияны жоқ па екен, әй қайдам, — деп күрсінді Қызыкен.

* * *

Есіктің құлпы ұзақ сылдырлады. Жүйкеге тигізіп шық-шық бұрап жатыр. Біріне-бірі қосарластырып салған неше түрлі жаппа мен құлыптың не қажеті барына түсінбеген. Әуелі көздіктен сығалаған күзетші қимыл барына көзі жеткен соң, ішке кірді.

— Тұр, қане!

— Ауырсынған денесін ырқына көндіріп, тістене басын көтерген. Жалғыз жаялығы бар темір кереует бір жағына шоңқаң етті. Зейін сонда да орынынан лып етіп көтерілмеді. Мына суық камерада бойы әбден мұздап қапты. Күніне бір рет зәр шелегін көтертіп дәретханаға апарушы еді, бүгін де соның әуресі. Сонда байқағаны өзі жатқан камерадан гөрі дәліз әлдеқайда жылы. Күзетші "тұр-тұр" лап тұр. Мейлі, неменесіне асығады. Қайта ашық есіктен біраз жылу кірсінші.

Дәретханаға бара жатып мына күзетшіні зәршелек пен бір соғып шалқасынан түсірер ме еді деп ойлады. Онан соң не істей алады. Дәліздің шығар аузында мылтығын оқтар бі-реуі, айғай шықса аттан көтеруге даяр өздері отыратын бөл-меде тағы да екеуі отыр. Әйтпесе. Әттең, дүние, адамды торға түскен маймылдай етіп қойған тағдыр-ай.

Күп болып ісіп кеткен бетін жуып еді, ауырсынып ыңыр-сып жібергенін өзі де байқамады. Еріні доп-добал, бір кесім бөлек еттей. Көздің орынындағы екі сызықтан әйтеуір айна-ла көрінеді. Жанары аман сияқты. Кешегі даусы құйрық ара-сынан шыққандай күшеншек қараның сілтегенін көз алдына таяғанда бір-ақ байқады. Жалтарып үлгермеді, сонан кейін-гілері есінде жоқ.

Бол, қане!

Жуынып алайын.

Мұнда моншаға түсуге келген жоқсың. — Күзетші зірк- зірк етеді.

-Бастық, қолыңда ғой, бір минөтке рүқсат етші.

-Ім. - Бастық дегенге әжептәуір көтеріліп қалған фрейтор қоразша қомданып, иегін көтере қарағаи. - Бол, енді - Дегенмен дауысы жібіп қалыпты.

жабы**ЛЫП** жатыр. Бардыбысыөшкенсоң, күзетшікөздіктен сығалаған.

-Күндізеш жатуға болмайды, — деп ескерткен.

-Неге?

-Неге екенін тәртіпті бүзғаның үшін карцерге қамалып, тышқанмен бірге түнегенде білесің.

Бүгін төртінші күн. Күнде бұл уақытта бір стақан шайы мен нанын беріп, тарсылдатып жауапқа айдай жөнелуші еді. Тым-тырыс. Осы тыныштықтың өзінен жүрегі секемденгендей. Не ойы бар мыналардың?

Қапылыста қолға түсті. Әскер қатарына шақырылғандарды Қарағандыға апарысып салуға көмекші керек деп әскери міндетті адам, әрі запастағы офицер ретінде шақырып, жолға жіберген. Бұндай жұмысты сан атқарған. Ойында ештеңе жоқ еді. Дегенмен дәл жүрер алдында досы Әлкәдір:

— Сақ бол Торуыл бар сияқты, соның өзі тарылып келе жатқандай, — деген.

Торуылдың аса күрделеніп кеткенін облыстық комиссариатқа келгенде анық байқады. Өзіне жүктелген жұмыс болмаған соң, қаға берісте жұрт көзінен тасаланып, қалағашығып кеткен. Торуылшылардан қара үздіріп кеткенін де байқамады. Бәрібір сол күні кешке қолға түскен. Ұзай қашқанмен құтылмасы да анық. Кенет қоршай қалған бес-алты адамның бірі:

— Қарсыласпа, — деген.

— Кімсіңдер?

— КГБ дегенді естуің бар шығар.

— Біледі ғой, — деп біреуі кекетті.

—Менде не шаруаларың бар?

Оны біздің кабинетке барғанда білесің.

Машиналары да дайын екен. Жолы болған аңшыдай қуанысып, қутыңдап бірін-бірі аңдыған екі машинамен КГБ деген жазуынан жұрт қорқатын осы ғимараттың ішіне әкеліп тығып жіберген. Сонан бері тергеудің астында. Зейіннің атыжөнін ғана қағазға түсіріп болған капитан иіс су аңқыған формасының түймесін ағытып, біраз отырды.

Асықпай шылымын сорды. Осы кейпінің өзінде-ақ өз өміріне өзі риза, бақ қонған адамның масайрауы бар. Сақалын жаңа қырған жүзінде жалғыз сызық әжімнің ізі, өмір қалай болар екен деген уайымның белгісі жоқтықтан.

— Ал, сөйле.

— Нені?

— Не айтатыныңды білмей отырған шығарсың?

— Мені неге қамағандарыңызды білмеймін.

— Біз бостан-босқа ешкімді ұстамаймыз. Осыны біл де, сайра.

— Сайрайтын мен құс емеспін.

— Әлі көкек болып шақыратыныңды ескертіп қояйын.

— Кімнің көкек екенін...

— Иә, ар жағын айтып қал. Неге тоқтадың? - Тергеушінің жүзі күреңіте бастаған екен. Қаламын былай қойып, бокске түсетін спортшыдай жұдырығын ашып-жұмып, шықшыты бүлкілдей қалыпты.

Есіктегі көздіктің қақпағы сылдыр етті. Зейін басын сүйеген қалпы көз қиығын тастаған. Сілейіп отырған мұның өлі-тірісіне шүбәсі болды ма, күзетші ұзақ үңілді. Тұтылушының қимылсыз қалпынан секем алды ма, әлде ұзақ сығалағанына әріптесі күмәнданбасын дегені ме, күзетші көмекшісін шақырғандай болды. Көздік қақпағы қайта ашылған. Бұлар есікті ашып, қайта кірсе ең болмаса боқтық естітінінен жиренген Зейін бойын түзеген болды. Осылар неден сескенеді екен. Бәтеңкенің бауы дегенді өздері аттай қалапалған, белдік артық зат есебінде.

— Белдіксіз қалай... — деген.

— Қос қолдап ұстап жүресің. — Жас жігіттің қысылғанына мәз.

Шалбардың түймесін олай-бұлай жылжытып тағып, сыпырылып түспейтіндей етіп, ілдебайлап қойған. Асылып қалмағанына көзі жеткен әлгі екеу де кетті. Өле қалайын десең

де ретін таппассың. Төбеге қол жетпейді, жылу батереясы тұратын ойықтың беті қалың тақтаймен жабылған.

Әй, сонда батерея да жоқ шығар, азынап тұр ғой мынаның іші.

Иә, өткен үш күн дозақтың мысалындай екен. Шықшыты бүлкілдеген тергеуші қолы дірілдеп, папиросына жармасты. Сонан асықпай сорып, шеңбер-шеңбер түтін шығарып, қызықтап біраз отырды.

— Ал, сен де темекі тарт, - деп Зейінге ұсынған.

— Рахмет. - Жаңа ғана қайнап келе жатқан капитанның басыла қалғанына таң. Ауылда бөшкеге қол сыра қойып, бөтеннің көзі түспесін деп үстін оны-мұны ескі құсқымен жауып қоюшы еді. Көп тұрып қалған сыра бөшкенің қақпағын жұлқылап үстіндегі жабуы өстіп бір селкілдеп беретін. Зейін мырс етті.

-— Несіне қуандың?

— Сіздің кіші пейілділігіңізге.

— Е, жігітім, оны да түсіне білген дұрыс. Қазақтың өзіміз сияқты баласысың ғой, біз саған жамандық ойламаймыз.

— Оныңызға рахмет.

— Шалыс баспайтын адам болмайды. Жастық шақта албырт қызумен бір мәселені дұрыс түсінбей қателікке де ұрынады. Мына сен сияқты, — деп Зейіннің бетіне телміре қарады.

— Нені айтасыз?

— Шырағым, ағандай адаммын, ағынан жарылған дұрыс. Міне шыным, қылша мойным талша десең, ұсынған басты қылыш шаппайды.

— Аға екеніңіз рас. Осынша лауазымды қызметке жақсы іспен жеткеніңізге де күмән жоқ. Бәрі қолыңызда ғой, тергедік, еш бөтен пиғылы жоқ екен деп босатып жіберсеңіз болар еді.

— Тапқан екенсің ақымақты! — Капитан-тергеуші ашық күнгі найзағайдай шарт етті. Иегінің асты қып-қызыл боп, алқымы ісе қалыпты. Шынысы баттиған қара жиекті көзілдірік шатынаған көзге жабысып, арғы жақтан ызғар шашқан. Анау алқым, қара жиек көзілдіріктегі сұп-суық көз басын қақшаң еткізіп көтеріп алған жыланды еске түсірген. Тек ысқырынуы жетпейді.

— Кәне, шыныңды айт.

— Айтарым жоқ.

— Айтқызамыз. Тоты құстай сайратамыз. Әлі жалынатын боласың.

— Жаңа ғана аға боп отыр едіңіз. — Зейін езу тартты.

— Кекетпек екенсің ғой. Көзіңе көк шыбын үймелетерміз. Сенің не істеп жүргенің бізге мәлім. Бәрін білеміз.

— Білсеңіз несіне сұрап отырсыз.

— Маған сенің өз аузыңмен айтқаның керек. Әнебір жігітпен бірге жасырын ұйым құрғаныңды білеміз. Іштеріндегі кей жігіт пен қыз біздің адам. Мойныңа қойып береді, әлі.

— Біреудің не дегенінде не жұмысым бар. Өсек пен жала жабыла береді.

— Ұйым құрыпсыңдар.

— Білмедім.

— Сол ұйымның атын айт, кәне. Неше адамсыңдар? Сыбайластарың кім?

— Салғыласып жауап ала алмаған тергеуші Әлкәдірдің суретін үстел тартпасынан суырған.

— Мына жігіт туралы айт.

— Танымаймын.

— Танисың. Бірге жүргеніңді сан көргенбіз.

— Біздің ауылдікі екенін білемін. Бірақ ол ешкіммен сөйлеспейтін тәкаппар жігіт. — Зейін Әлкәдірдің басына төнген қатерді жан-тәнімен түсінген. Доспын десе ертең-ақ әкеліп қамары анық. Құдай-ау, енді не істеуге болады?

— Өтірік неге айтасың?

— Жаппаңыз жаланы. Бұл Сталиннің заманы емес. Репрессия құрыған.

— Тапқан екенсің ақылды. Бәрі біздің қолымызда.

— Осыңыз үшін ертең жауап бересіз.

Тергеушінің шыдамы біткен шама осы болды. Зейінді сылқита соққан. Гүрс еткен дыбысқа сырттан тағы біреусі кірді. Құлаған жігітгің тұруға шамасын келтірмей тепкіге салған.

— Айтасың ба, шыныңды? Ә, үндемейсің ғой, мә, ендеше. Әуелі мені танып ал, сонан соң Әлкәдірді де танитын боласың.

Өздері демала ма, әлде не ойлағандары бар, Зейінді әлсін-әлсін алдырып:

— Әлкәдірді танисың ба? Айт, шыныңды, — деп үш күн сабаған. Бүгін көздіктен сығалаған анау екеуінен басқа мазалаған тағы ешкім жоқ. Жүрегі неге мазасыздана береді. Осылардың Әлкәдірді сұрауы тегін емес. Әлкәдірмен тағдыр сонау мектептегі кезден кейін біраз жыл өткен соң кездестірген.

Кеңес армиясының қатарындағы міндетін өтеп, онда да анау-мынау емес лейтенант деген атақ алып, біраз дүниені тындырып тастағандай мардамсып, ауылға оралған. Лейтенант атағын бейбіт уақытта қалай алғанын райвоенком деген мекемеге түсіндіре-түсіндіре тілі жауыр болып, иығындағы белгісіне күмәндана қараған басқаға оқыған курсын, онан соңғы әскери жаттығудағы рота командирі тірі "өліп", рота басқарып, "жауға" соққы бергенін айта-айта жалыққан. Сонда барып оқыған азамат дегеннің талайының топас екенін, райкомдағы жақсыға ілігіп жүргендердің дәрменсіздігіне көзі жетті. Бастық атаулы, күн өтсе, жалақы алсақ деп жалтақтап отырғандар екен.

Әлкәдірді аудандық кітапханада кездестірді. Өзінен бір сынып төмен оқыған жігіт жылышыраймен амандасты. Алған әскери атағын естіген екен.

— Қайырлы болсын, — деген де қойған. Не үшін деп тәптіштеп сұрамады. Әңгіме төңірегі оқыған кітап, баспасөз бетіндегі жаңалықтар маңында өрбісе де, басқа да жоқтың ой барын сездіргендей еді. Екеуінің де кездесуі де жиілеп, үйлеріне кезек барысып, домбыра шертісіп көріп, шым-шым сөз қозғаған.

Мектеп кезінен-ақ Әлкәдір туралы естуі бар. Бала боп доп қуып, асық атып ойнамайды. Оқитыны кітап, онан қалса, итін ертіп тауға шығып кетеді-десетін,

— Оқымаған кітабы қалмапты, орыс па, неміс пе бір ғалымдардың жазғандарын айтып, тарихшы мұғаліммен сөзге келісіп қапты.

— Шортанбай, Бұқардың жазығын дәлелдеңіз деп, әдебиет мұғалімінің сабағын өткіздірмепті.

Маймылдан адамды туғызған кісі есектің миын жеген шығар. Эволюция-ғылым әлі сырына жетпеген құпия деп, соңынан сыныптас балаларды ертіп шуылдапты дегенді сан естіген.

Мектеп бітірген соң сол Әлкәдір туралы, ол атақты тарихшы болады, жоқ қате айтасыз, онан биолог ғылым шығады, жөн емес, әдебиетші туып тұрған жоқ па деп мектеп мұғалімдерінің өзара айтысқанын да білетін. Сол Әлкәдір ауылда екен. Сөздің реті келгенде:

— Ғылым қуып жүрген шығар деп едімді білдірді.

— Ауылдамыз. Қазағың ауылда емес пе? Қаланың орысы мексіз де көркейіп жатыр. Даланың жұрты әлі далада, сол мешеу қалпы. Оны мешеу қапты деп ойланып жүргенді де көрмедім.

— Сонда...

— Иә, халқымның ортасындамын. Жиырмаға әлі іліккенім жоқ, қолымыздан не келеді, соны да бір сынау керек шығар.

— Әлкәдір бірде:

— Зейін, ауылда жүріп Ресейдің бір деревнясындағыдай күй кешудеміз. Осыны байқадың ба? — деген.

— Көріп жүрмін. Кешегі алғаш тың көтеруде тап осы ауылға мың жарым орыс келіп еді. Көпшілігі қызбен қызық қуған, не қашқын-пысқын еді ғой. Олармен кезінде таяқгасып баққанымыздың өзің куәсісің. Көбі кетіп тыныпты.

— Сол басқын лек дегенмен жасарын жасап кетті. Елді бұқтырып, біржолата жасытты. Орыстың рухын сіңіріп жібергендей — Әлкәдір әлденеге ойланғандай иегін ұстап, сүйеулі домбыраның шанағына телміре қалған.

— Бөтеннің рухы баспағанда қайтеді, тың дегенін көтеріп жатқанда басқа түгілі ауданда жап-жақсы қызмет етіп жүргендерді орысша грамматикаға нашар, жазғанда қате жібереді деп жұмысынан қуып тастағанын көз көрді ғой.

— Науқан... Науқан... Бітпейтін шегі жоқ науқан. Соның бірінің исі қазаққа пайдасын көре алмадым. Ауылың қазақша ән тыңдаудан қалғалы қашан.

— Осыған шыдап жүре береміз бс? — деген Зейін.

— Сол жөнінен сөз қозғап отырмыз ғой. Концерттеріне барып көрдің бе? Бармасаң бар. Осы жерге келгелі екі-үш байға тиіп үлгерген әлде еврей, әлде неміс, бірақ өзі "таза" орыс әйел осы саланы билеп төстеп алған. Жалғыз емес.

— Қолдаушылары бар ма?

— Қолдаушысы... — Әлкәдір мырс етті. — Іштен шыққан дүбәрә. Орысқа қаны қосылмаса да тәні бірге, шәйтан-

нан бөлек, адамнан алыс қарындастарың бар. Әні частушке, төплиін тоздыра сахнаны тепкілеп билегені қазақтың көкейіне қонбайтын секек.

— Мәдениет бөлімі не бітіріп отыр.

— Олардың әуселесін әлі-ақ көрерсің.

— Жастардың комсомол ұйымы ше?

— Партия қайда болса... дегенді естіп пе ең? Ал, Хрушев көсемін бар халық орыс тілінде сөйлесе, коммунизм тез орнайды деп жатыр. Таңертең орысша сөйлеп тұрсаң болды мелдектеген байлыққа батасың да қаласың. Партия — Хрушев.

— Ім... —деді іштегі бір түйткілін енді ұққандай болған Зейін.

— Сталин зорлықшыл деп жатыр. Оған грузин ағайындар араз. Хрушев демократ сияқты. Бірақ тұжырымы, жер бетінен орыстан басқаны кешіріп жібергендей. Ауылдағы нанын сонан тауып отырған райкомбастық, исполком дегендер "ләббай" тақсыр.

— Кешегі әнші ағалар, домбыра шерткен шеберлер де үнсіз демексің ғой.

— Қартайдық деседі.

— Қозғап көрсек қайтеді?

Зейіннің қозғап көрсегі Әлкәдірдің ойының тап үстінен шыққан. Жаңалық көрсе жапырылып, біраз уақыт қолпаштап, керенаулау болса да сөзіне құлақ асатын қазақы мінез өзіне таныс. Әскерден жұрт ефрейторлыққа жетпей, үйіне таянғанда жағасына бір белгіні ұрлап тағып келетін. Зейіннің офицер атағы таңсық. Күнде көріп, сөзіне үстеу беріп өткізе алмайтын өзінен гөрі Зейіннің айтары сараң құлаққа да ілінуі мүмкін.

Жұрттың көбі клубты маңайлаудан қалыпты. Жастың біразы сырахана жағалап кетіпті. Кездейсоқ өткен боп сырахананың маңын қиыстаған Зейінді:

— Ау, ау... Мойныңды бұра кет, — десіп шақырған.

— Шақырғандардың алдында бір-бір сапты аяқ. Бір—бір шабақтың тұз құйрығын сорып жымың-жымың етіседі.

— Орта толсын.

— Сенімен толсыннан, — кейінгі әңгіменің бетін "япырым-ай бұл қалай, мынау ел не боп кеткеннен" бастап, кеше барып көрген клубтағы ойын-сауықтағы қазақтың бір әнін естімегеніне ауысқан.

— Сонан жиіркеніп болдық.

— Барар жер жоқ.

—Тапқанымыз осы сырахана. Әйтеуір арзан да болса қазақы қалжыңымыз бар. Жүз көрісеміз, тарқасамыз.

Мына бөтен жұрт тым секектеп, басқа шығып кеткен екен. Басындырмағанымыз жөн шығар. Біреу келіп біздің ісімізді көтеріп бермес, жиналайық та өзіміз таза қазақша ойын кешін өткізейік дегеніне әр маңда кездескен жастар.

— Бастаушы болмай тұр, — дескен.

— Бастаушы өзіміз.

Қас қылғандай клубтың бастығы да сонау ішкергі Ресейден осының оқуын тауысып келген орыс қызы екен. Қазақ жастарының топталып бас сұққанын көргені осы болса керек.

— Пожалыста, — деп таңдана көзін төңкерген. — Менде баянист жоқ,

— Өзіңіз ше? — Өзі айтуына қарағанда бірін оқып, басқасына көшіп, ештеңенің басына ие бола алмағандай екен.

— Киімнен көмектесе аласыз ба? Қазақтың ұлт киімдері... деп нақтылай сұраған Әлкәдірге:

— Ол жағы да жоқ, — деген.

— Клуб маңына жолай алмай жүрген қыжылы да, жастықтың лап еткен қызуы да бар оншақты қыз пен жігіт бірінбірі сүйемелдеп, алғашқы дайындыққа да кірісіп кеткен. Бұл қуанышты да бұйыртқысы келмепті. Төртінші күні клуб есігі тарс жабық боп шықты. Әлде райком, не исполком, кемі мәдениет бөлімі "Еріккендерге берер сахна жоқ" депті. Кімнен шыққан бұйрық екенін Әлкәдір мен Зейін талай есікті тарт-қылап жүріп ашса да біле алмады, кінәлы да жоқ, клубтың да есігі ашылмайды.

Жастардың тауы шағылып тұрғанының куәсі болған аудандық кітапхананың меңгерушісі қартаң әйел оқу залының есігін ашты. Жеке ән, хор, домбыра деген сонда дайындалса, икемі бар-ау деген қыздарды басқарған Дәмежан қазақ биінің репетициясын кітапхананың алдындағы кеңдеу кіреберісте өткізді.

Жастар қазақша концерт қоятын боптыны естіп, соның дайындығын тамашалауға келгендерде де шек жоқ. Мен де араларында болайын деген бірер өнерпаз қосылып та кетті.

Сәуірдің алғашқы сенбісіне ойын сауыққа ел шақырылған хабарландыру да әр жерде ілінді-ау. Сол күнге сахнаны бермей қоя ма деп көңіл де күпті. Ақыры райком жағаласты. Мұнда да біріне-бірі сілтеу басталған еді.

— Бермей көрсін, — деп Ибрагим Тотайұлы да тік кетті.

— Болашағымыз емес пе? Бұл қалай? — деп Ескендір телефонға жармасқан.

Сенбі күні келісілгендей он шақты ат шана дайын тұрды. Шана иелерінің көбі тілеулес жастар. Олар үйді-үйінде пеш күзетіп қалған үлкендерді клубқа тасыған.

— Құдая, мұндай да болады екен.

— Жеттік пе... — дескен қарияларда шек жоқ.

Аяғын санап басқан райком өкілдері, сызданған комсомол басшылары көрінді. "Әкетай, көкетай" лап оларға орын дайындаған ешкім жоқ. Осы жолы бос орын іздесіп, әйтеуір"абыройынан" айырылып қалмай көп ішінде. Сахнаға үй-үйден жинаған қазақы киім киген қыз, жігіт шыққанда жұрт дуылдай қол соққан. Топ жігіт домбыра ұстап, ізет жасап, күй ойнағанда көрермен күңіренгендей болса, қыздар бұрала билеп "Киіз басқанда" карт аналар: "Пәлі, пәлі", — десіп жатты. Бөтен жұрттың сарыны кірмеген концерт те бітті. Көрермен залдан кетер емес. Сауық қоюшыларды қайта-қайта сахнаға шақырып, ризалық айтуда.

— Көп жасаңдар!

— Рухымыз тірілген күн болды.

Бір аптадан соң бұрыннан сахнаны билеп төстеп қалған клубтың көркемөнерпаздары концерт қойған. Хор орысша. Залдағы жұрттың гуілі басылар емес. Частушкесін айтып, жұртты күлдірмек болған қазақтың қызын зал ысқырып қуып жіберді. Секектеп бишісі тепкілене бастап еді, әлдебіреу жаман қолғабын лақтырып, үркітті. Концерт өзінен өзі тоқтап, шымылдық жабылды. Иә, бұл осы ауылда болған бөтен жұрттың соңғы сауығы еді.

— Жеңдік, — деп қуанышын жасыра алмаған Әлкәдір тілеулестерін шетінен құшақтап шыққан. — Енді бізді ешкім жасқандыра алмайды. Біз елді көтереміз, ауыл-ауылға бару керек.

Бір ойын сауықпен ауылының кәрі-жасының аузын алып әлемнің қисайған тіреуін түзеп қойғандай болған клубтың

да ендігі иесі осы жастар. Бұл ауданның ауыл- ауылы түгілі көрші Қарқаралы, Ақтоғай, Жаңа Арқаның аяқ жетер жерін ойын-сауық қойып аралаған. Аралаған да іштей тынған. Қай совхозға барса да клубтың құлпына ие көк көз сары бала. Қазағы:

— Қарақтарым-ай, —десе, бөтеннен естітіні:

— Пішту!

Менсінбеді. Бұл түземдіктер не істеп жүр деген мысқыл жүздерінде ойнаған. Басқаның жат пиғылын таныған сайын біразының жігері құм болса, шар болаттай қайралып шығып жатқан да бар. Әлкәдірдің көршілес досы Марал мұңайғандарды көрсе:

— Ей, ондай-ондай бола береді. Соған да ренжисің бе, — деп қоятын. Денсаулық дегенін түзей алмай күрк-күрк жөтелген жігітті Зейін де іштей аяйды.

Елімнің мәдениеті деп жастар көтерілген сайын әлде бір күш еселеп еңсені баса беретін сияқты. Бұл жағдай күн өткен сайын сейілудің орнына өрістеп, ілгері ұмытылған кеудені кері итергендей. Беймәлім қара күшті жан-тәнімен сезінген Зейін әз ойын Әлкәдірмен белісті.

— Ілгері бастырар емес-ау.

— Оны дұрыс сезінген екенсің. Біз бір топ жасты көтере алдық, әрі қарай өрістеуге жол жабық.

— Сонда еткен еңбегіміз зая ма?

— Аружаның алдында, тарих үшін зая емес. Бірақ, бүгінгі күнде қолдаушы таба алар ма екенбіз.

— Бұған көне алмаймын. — деп Зейін бір-ақ кескен. — Бұл не өзі? Әлде біздің халқымыз адамзат тарихынан өшу керек пе.

— Міне, бұл айтқаның шындыққа жақын.

— Онда неменесіне ұлттық республика деп мадақтайды. Ұлт ұлтанымның астында деп бір-ақ айтпай ма.

— Айтып жүр ғой. Оны өзіміз байқамаймыз, не әлденеден үміт күтіп, жай сөз шығар дегіміз келеді.

— Сонда...

— Билік иесі Никита, әлгі біздің бір жағымпаз ақын Никитажан деп өлең шығарыпты ғой, — Әлкәдір күйіне жерге түкірген, — сол Никитаның орыс тілі, соның мәдениеті ғана үстем болуға тиіс дегенін естен шығарма.

Екеуінің келген мәмлесі, обкомға бару керек. Сондағы қазақтың зиялы адамдары не дейді дегенге сайған.

Қарағанды обкомының есігін екеулеп ашқан. Жиырмаға әлі ілікпеген екі жас сондай бір биік мансапты орын бар дегенін естігені болмаса, жақындап көрмеген. Табалдырығын жасқана аттады. Алғаш қабылдаған қазақ қатардағы инструктор екен. Екеуінің сөзін тыңдап, тостаған көзін төңкеріп, "мыналардың есі дұрыспа-ей" дегенді емеурінмен білдірген де, өзінен сәл жоғары тағы бір қазаққа жолдады. Обком дегеннің іші бықып жүрген қазақтан басқа халық. Қара суықтың үсігінен қалған көктей әр жерде қазақтың төбесі бір көрінгенге мәз.

— Мына балалардың айтып жүргені қиыстау, дүние ғой, — деген де алғашқысы тайып тұрған.

-— Ал, құлағым сендерде.

— Қазақ елі өз жұртында азшылыққа айналды, — деді Әлкәдір. — Қазақ мәдениеті өшуге бет алды. Оның жанашыры қазақ кадрлары қызметтен көбі аулақтатылған.

— Отырмыз ғой, міне, қазақ кадрлары.

— Сіздер көп емессіздер. Ұлт мәселесін бүйтіп шешуге болмайды.

— Әй, шырағым, тоқтат. Жетер! — Бұл қазағың да тақиясын теріс киіп шыға келген. — Үкімет, партия саясатын түсінбейсіңдер. Біздей аз ұлтқа тезірек ассимиляцияға бару керек. Бұл безболезненный путь, — деп орысша тұжырған.

Онан кейінгі үлкендеу бастық қазақ та екеуінің дауын тындап болып, кеңкілдей күлген.

— Әй, жастық-ай, партия дұрыс саясат ұстап отыр. Соны түсіну керек.

— Жер бетінен халық неге құруға тиіс? Тіпті анау америка үндістерді қырып тастамай ұстап отыр ғой. Қазақ өз жеріндеазшылық боп, өз жеріне ие бола алмайтын болса қазақтыңсаны көбейгенше оны америка үндістеріндей резервацияда ұстасын. Ашсын қазақ үшін резервацияны, — Әлкәдірдіңширыға сөйлегені обком қазағының жүйкесін жұқартқан болу керек

— Тоқтат, — деп жекіп қалды.

— Сіздердің айтарларыңызды естіп болдық.

— Шық, қане!

Сыртқа беттеген екеуінің соңынан боқтықпен "қарай гөр өздерін" деген зілді үн жеткен.

— Тұңғышбек ақсақал қырқыншы жылдары Ақтоғайда райисполком төрағасы бопты. Қашқын көп. Сонан обком бюросына шақырып, қазақ неге соғыстан қашады, сен ие болмадың деп жұмыстан босатыпты. Тұқаң айтатын:

— Ойбай-ау, обкомда өзіміздің қара көздер отыр ғой, жөнін айтам десем украинамен бүкіл батысты неміске тастап, осында қашып келген пәлен "шөңке", түген "ибич"тер қаптап кетіп, сөз тыңдар емес, — деп. Сол дәуірден басталған орыстану қазір шырқау биігінде. Біздің қазақ деп барғанымыздың кім екенін көз көрді, жүректің бұларға деген жылуы біржола тоқтады. Басқа амал іздеу керек, — деп Әлкәдір сол жолы түйіндеген еді.

Жалғыз-ақ жол қапты. Қазақ үшін мына аспан астының қай түкпірі болса да Қорқыттың көрі екен. Қазақты қазанға салып қайнатып орыс еттің не, турап-турап итаяққа тастадың не, бәрібір өлім. Ең болмаса ажалды да тізе бүкпей лайықты қарсы алу керек шығар. Жә, таусылатын не бар. Таңдайтын жол жоқ. Ендігі жолдың өзі шөп басқан сүрлеу. Көптен ешкім ат ізін салмаған, ал бұрын аяқ басқандарды артына қайырылып каратпаған.

— Қарсылық ұйымдастыру керек, — деген Әлкәдір. Зейін екеуі сол түні аудан орталығын ұзақ кезген. Өздері оқыған ескі мектепті сыртынан сан айналды. Осы білім ордасынан шығып едік, қасиетті орынның рухы жебер ме екен дей ме, әйтеуір сол маңды ұзақ шалды.

— Келімсектерді клубтан қуып шығып едік, елден түріп тастаудың реті қалай болар екен, — дегенді Зейін кайта-қайта айта берген.

— Ұйымдасқаннан басқа жол жоқ. Бауыздарда лақта тұяғын серпеді ғой, бұл елдің сол құрылым қауқары бар шығар.

— Ел бастар серкесінен айырылған жұрт күйеуінің тапқанына ие боп, от басында отырып қалған әйелмен бірдей Көтеріле алар ма екен? — деген уайымын Зейін де жасырмады.

— Жұрт сенген, зиялымыз дегендердің, көсемсігендердің көсеу екенін обкомға барғанда көрдік. Қолдарынан келсе өзі жеткен мансабы үшін халқыңды көшіріп тастауға да, өшіріп жіберуге де дайын отыр.

— Көрдік оларды, — деп күрсінді Зейін.

— Ендігі желкілдеп өсіп келе жатқан жастарыңда да білім кенже. Кенже білімнен мешеулік тартып отырғандардың жалтағы көп. Бөтен жұрттың күнделікті езгісі бастан ұрып жатса да жоғарғының "достық" деген сөзіне иланады. Кейбіреуі тіпті соған ій болып көніп алған. Оған сан көзім жетті, — Әлкәдір іштегі күйінішін жасырмай, Зейіннің алдына төге салған.

— Сонда не істей аламыз? — Зейін абыржып-ақ қалған.

— Бәрібір жастар арасынан қарсылық ұйымын құрудан басқаны көрмедім.

-— Ермесе ше? — деп Зейін күдігін жасырмады.

— Отыз екінің сұмдығы, отыз жетінің қорқынышы үлкендерді тоздырған. Көнін зорға сүйреткен үлкендердің әңгімесі жастардың да жүрегінің отын алған. Сол сұмдықтар біреуінің жүрегінің отын алса, басқаның жүрегіне кектің шоғын тастағанына да сенемін.

— Соны үрлеу міндетіміз болғай, — Зейін серпіліп сала берді.

— Төңкеріп тастаймыз, әділіне жетеміз деп айта алмаймын, бірақ ер бабаларымыздың рухы тірі екенін бөтен елдің көруі керек.

— Әйтпесе қара суға қой тоғытқандай момын қазақтың мойнына ажал қамытын оп-оңай іліп жіберер. Обал-сауабын да тексермес.

Неден бастаймыз дегенге де Әлкәдірдің айтары дайын екен. Сірә бұл мәселеге тап бүгін, осы жерде ғана ойлан-бағаны көрініп тұр. "Әй, мектепте жүргенде қай-қайдағыны біледі, ешкімнің дегеніне көне қоймайды деуші еді" деген ой Зейіннің көңіліне орала берген.

— Кішкене бір ұйымды осы жердегі бізге сенетін, соңымызға ерген жастардың арасынан құру керек. Ол үш-бес адамнан артпағаны жөн. Оның сыртында ұйымның барынан хабары жоқ, бірақ қажет болғанда қол ұшын берер жан-ашырлардың да болғаны қажет.

Әлкәдір болашақ жасырын ұйымының құрылу, өмір сүру, іс-қимыл жоспарын тәптіштеп айтып берген. Сол үшін бес адамның өзі бірін бірі білмегені жақсы. Осы ұйымға жақын екенін сезе қалған күннің өзінде әрқайсының не атқарып

жүргенін, қандай міндет жүктелгенін білдірудің қажеті жоқ. КГБ деген пәленің күндердің күнінде ізге түсетіні даусыз. Бір адам екіншісін ғана біліп, жеке тізбектелсе, қолға түскен күннің өзінде тізбек-шынжыр сол жерінен ғана үзіліп, басқасы аман қалуға мүмкіндік бар.

Әлкәдірдің ұйымның ісін осыншама жіктеп түсіндіруі Зейінге "Осы, түбі тегін емес-ау. Бір нәрсеге кірісіп кеткен де тәрізді" деген ой қалдырған. Ол күдігін де жасырмады.

— Өзің осындай ұйым құрып үлгергендейсің ғой.

Әлкәдір тосын сұрақтан абыржыса да тез түзеліп, Зейіннің бетіне тура қарады. Оның жүзінен арпалысқан толқын жүгіріп өткен.

— Сенің аздаған хабарың болғаны дұрыс. Бір кішкентай талпыныс бар. Ол жігіттің аты...,— Әлкәдір сәл кідірген, Ерғалы... қалада. Оны мен ғана білемін, енді атын сен естідің. Бірақ қайда, не істеп жүрген жігіт екенінің саған қажеті жоқ.

— Көп болды ма іске кіріскеніне? — деген көңілдегі сауалын Зейін тағы жеткізді.

— Осы жақында ғана. Әлі ештеңеге үлгере қойған жоқ. Оған басшылық етіп тұруға тура келеді. Оны көрсең де көрмеген боласың. Еш уақытта онымен байланыс жасауға ұмтылма. Қандай қиындық түссе де әркім өзі ғана көтеруі керек. Әйтпесе...

— Әйтпесе... — деп Зейін сөз соңын күтті.

— Әйтпесе білініп қалу да, жаппай қолға түсу де оңай.

— Сонан сақ болуға тырысармыз.

Ендігі әңгіме неден бастаймызға қарай ауысқан. Неден бастаймыз деп толғанған екі жігітті тап сол күнгі ақпанның жып-жылы маужыраған түні елжірей құшағына алғандай. Әредік қана жапалақтап түскен қар сонау көктен арманның елесін екеуінің үстіне сепкендей. Жастықтың жалынымен арман мен қиял қуған екеу қалықтап келе жатқан қар ұшқынының кезек-кезек аузымен қармап, шексіз қуанышпен күлісіп те алатын. Тап осы бір сәтте екеуінен бақытты ешкім жоқтай еді. Ақ арман, пәк көңіл үшін тағдырдың екеуін өмір бойы азапқа саларын біліп пе. Оны сезген де шығар-ау. Бірақ сол басқа түсер тауқыметке бас тіккендей.

— Әуелі үнпарақ таратудан бастайық. Оның өзін қысқа ғана жазып, қазақтың бүгінгі жүрегіне тиіп отырған мәселені

қозғасақ. Үнпарақ бір, бір жарым, ұзаса екі беттей аспағаны дұрыс сияқты. Құлаш-құлаш мәселені жазуға да, оны таратуғада мүмкіндігіміз шамалы. — Әлкәдір кәнігі астыртыншыдай өз ойын жүйе-жүйесімен айта бастаған. Зейіннің япырым-ау, мынау бәрін қай уақытта жүріп ойластырған деген**нен** басқаға шамасы жоқ.

— Қолмен жазсақ пәленше үнпарақты дайындау өнбейді, әрі қауіпті ғой, — деген Зейін.

— Оның рас. Бірақ әзірше бізде машинка жоқ. Алғашқы бірер үнпарақты теріс жазып аздаған данамен ғана таратармыз.

Әлкәдір Зейінге болашақ жасырын ұйымның жобасын айта келіп, екеуінен басқа енді екі, не үш адамнан аспауын ұсынған. Сапырылысқан санмен көлбеңдеп жүретін заман емес дей келіп, Зейінге кімдерді тартса болар еді, соны ойлануын өтінген.

Демалыс күннің бірінде екеуі Зейіннің үйінде бас қосты. Домбыра шертісіп, күйтабақ ойнатып отырған жастарға Зейіннің әке-шешесі бірер рет бас көрсеткен де, үй шаруасымен айналысып кеткен. Сонда да күйтабақтан ән төгілтіп қойып, екеуі астыртын жұмыстың егжей-тегжейіне ой бөлісті.

— Бізге әрнәрсені жеткізіп, не дайындап беретін. Қол жұмысын атқаратын да адам керек. Әрине ауыл жастарының бүгінгі деңгейін көре тұра, неге философ болмадын, неге саяси ахуалды талдайтын материал жазбадың деуге келмейді. Ол жағын өзіміз ғана атқарамыз.

— Міне, мына тізімдегілерден ойластырып, кажет-ау, қолғабысытиеді-ау дегенді таңдайық. — Зейін өзі дайындаған оншақты адамның тізбесін ұсынған.

Әлкәдір екеуі ұзақ сараптады. Дауласып қалған тұстары да аз емес, ақыры келісімге келгендей болды.

— Әр жұмысқа жұмсауға Сайыннан ыңғайлысы жоқ. Із-тұзсыз жоғалып кету де, қажетіңді тауып әкелу де қолынан келеді, — деген Әлкәдір уәжіне Зейін дс қосылды.

— Болашақта бізде машинка болуға тиісті. Міне, бұған Рымқұл ыңғайлы, — деп ұсынды Зейін.

— Осымен тоқталсақ қайтеді? Әзірше осы төртеуміздеи артылар іс жоқ сияқты — деген Әлкәдір.

— Ана, Құрмаш, бізгс өте жақын жүр. Қалай істесек екен?

— Ол оқуға барамын дейтін сиякты еді гой. — Әлкәдір Зейінге ойлана қарады. — Әрі оның қолынан келе қояр жұмысты да көрмей отырмын.

— Бізбен қандай болсын іске де баратын сияқты. Өрістеуіміз үшін ретін тауып пайдалансақ.

— Өрістеуіміз үшін дегенің көңілге қонымды. Өзі Теміртауға оқуға бармақ екен.

— Иә, сол жердегі жастар арасынан кішігірім ұйым құрса да болар еді.

— Оған өресі жетсе... — деп Әлкәдір күмәнін жасырмады.

— Оқудағы қазақ жастарының тамыр-тынысын жәй байқап көр десек те болар. — Зейін де Құрмаштың ұйым құра қоюына сенімі аздау екенін білдіріп қалған.

— Осы айтқаның дұрыс. Онан артық жүк арту, арық атқа қамшы ауыр дегенмен бірдей.

— Біздікі жоқтан бар жасауға талпыныс сияқты ғой.

— Бірақ байқап жүр, — деп Әлкәдір тағы ескерткен.

Болашақ астыртын ұйымның атауы жөнінен де Әлкәдірдің пікірі дайын боп шықты.

Сонау қырық тоғызыншы жылдары Қарағандыда "ЕСЕП" дегенді құрмақ болып бір топ жас ұсталып кетгі. Бар қолынан келгендері Мағжанның, Міржақыптың кітаптарын тауып, өлеңдерін оқыпты. Міне, олар құра алмай кеткен ЕСЕП-ті енді біз дүниеге келтіреміз.

— ЕСЕП дегенді өз аузыңнан бұрын да бір естіп қалғаным бар. Соның мағынасы...

— ЕСЕП. Елін сүйген ерлер Партиясы. Елімізге не жақсылық әкелу қолдан келер, оны уақыт көрсетер. Ең болмаса елімізді сүйіп өтелік те.

— Әрине атауы өте оңды. — Зейін ойланып қалған. — Бір-ақ...

— Иә, бірақ...— Әлкәдір елең етіп Зейінге қараған. Зейіннің осы жерде оңай келісе салмайтынын да байқап қалды.

— "Жас қазақ" деп атасақ. Себебі..., — Зейін сәл кідірістеген.

— Иә, себебі...

— Себебі "ЕСЕП" атауымен жаза шеккендердің Қарағандыдан шыққаны белгілі. Енді сол атаумен біз де үнпарақ

тарата бастасақ мекен-жайымызды көрсетіп бергендей боламыз.

— Тамаша! Бастамай жатып астыртын жұмыстың қырсырына үңіле бастапсың. Ісіміз оңға басар. —Әлкәдір куанышын жасыра алмай, бір отырып бір тұрды.

— Сондықтан "Жаз қазақ" деп атауды ұсы'ньш отырмын.

— Мұныңмен келістік делік. Үнпарақтың астына "Жас қазақ" ұйымы деп жазылсын. Бірақ біздің мақсат бір ұйым құрып қою ғана емес. Мақсатқа жету арман' Біз болмасақ бізден соңғылар жетер. Ол мақсат елдің бостандығын көздеген, ұлттық мәденнетімізді жаңғыртуға жан-тәнімен жұмыс істейтін азаматтарды біріктіретін партия құру.Ол партияның аты ЕСЕП. Мына сенімен біз, келешек тегі астыртын ұйымдағы азаматтар, сол партияның мүшелері болуға тиіс.

— Мені өзіңмен бірге сол партияның мүші деп есепте.

— Билет сұрамассың, — деп қалжақтады Әлкәдір.

— Қай астыртын ұйым мүшесіне билет бере қойды дерсің КГБ тезірек ұстап алсын демесек...

Ел үркетін мекеменің атын ауызға алып, екеуі тағы сыбырға көшкен. Терезесі төмен жатқан аласа үйдің сыртынан біреу жөткірінгендей болды да, іле осы үйдін ала тайыншасы терезенің жақтауына сүйкенді.

— Үйбай-ау, әлі отырсыңдар ма, — деп Зейіннің жеңгесі таңданыс білдіріп, басын сұқты да, еш жауап естімеген соң шыға жөнелді.

Апта соңында жеке-жеке сөйлесілген астыртын ұйымның мүшелері әркімнің қолынан келер ыңғайына қарай тапсырыс алған. Наурыз айының орта шені еді. Түн жарымда Зейіннің терезесін біреу баяу шертті. Басын көтерсе де тыңтындап біраз жатқан. Жаңағы бір тықыл сәл каттырақ шыққандай. Желбегейлеу киініп тысқа шықты. Мал қораның көлеңкелі тұсынан бері беттеген жігіт:

— Зейін, мен ғой, — деген — Мен, Сайьін.

— Жүрісің суыт екен, — қыз алып қашқаннан саумысың, деп күлді Зейін.

— Қыз болмаса да басқасын алып қаштьпқ,- деп ораулы қапты нұсқады.

— Мұның не?

— Машинка керек, соны сен табасың деген сон, - Сайын күмілжіп қисайған бас киімін түзей берді.

Орталықтағы моншаның шатырына жасырынған машинка үш күн өтіп төртінші күні атқа өңгеріліп, Аюлының Қозаға қарай асатын бір сайындағы ескі қораның іргесіне жасырылды.

Наурыз мейрамынан кейін еріген қар бір қатып, бір жібсіп сәуірдің соңына дейін жатқан. Сәуірдің соңғы күндерінде жасырулы машинка Аюлының Аюшат сайының арғы бетіндегі кішкене үңгір ішіне әкеліп қойылған еді. Мамырдың алғашқы күні де сағындыра жетті. Ертемен өтетін жылдағы шулы демонстрациядан кейін жастардың басым бөлігі демалыс ұйымдастырып Аюлыға шықты.

Аюшатта жастар жазғытұрымның тастан-тасқа секіріп, шоршып аққан суының сарынына мәз болып, бір кезде аюдың апаны болды деген інді тамашалап, ән салып, шат-шадыман. Жаз көркімен көріктене түскен, үлбіреген қыздар баяу желмен ырғала майысып, бас изеген гүлдерді теріп, балаша қуанысқан. Сыңғыр-сыңғыр күлкі Аюшаттың таспен көмкерілген ернеуінен асып төгілердей әсер қалдырған.

Тек, сонау бір шетте, жартастың басында Әлкәдір ғана жеке отыр. Төмендегілерге анда-санда дауыстап, ұсақ тастарды лақтырғаны болмаса өзімен-өзі. Бұл жігіттің мұндай мінезі де жастарға таңсық та, жат та емес.

— О, ол ойдың құшағында,- деп күліседі.

— Қызын сағынып отыр, -деген қалжақ та құлаққа жетеді

Сайды өрлеп бір атты келе жатты. Бұл кім деген таңырқау көбінің жүзінде ойнаған. Салт аттының кім екенін Зейін мана көргеннен танығаң. Күткені де сол еді.

— Ау, орта толсын, — дейді Сайын.

— Қайдан келесің?

— Бір тайым шығып кетіп...,- деп жатыр Сайын. - Соны іздеп қараң-құраң көрінгенге келсем, сендер екен-сіндер ғой.

— Аттан түспейсің бе?

— Рахмет, тал түс те болыпты. Малымды тауып алайын, - деп Сайын Әлкәдір отырған жартастың арғы жағынан асып кетті.

— Біз де қозғалайық, ойнап күліп ауылға жеткенше де күн еңкейер деген жастар топ-топ болып бөлініп, тарай бастаған. Жұрт тарай бастағанда орнынан қозғалған Әлкәдір Зейін мен Рымкүлге қосылып, Аюлының басына қарай

өрлегендей еді, басқалар көзден таса бола бере Аюшатқа қайта оралып, тас үңгірге беттеген.

Сонау отызыншы жылы аудан болып қоныстанғанша Аюлының сайы тал мен терек, тасы арша деуші еді. Сонан қалған ойдым-ойдым шілік қана. Күнгейдегі Аюшат тыр жалаңаш, онан арғы Түлкілі шатта суылдаған қамыс. Батысындағы Үкілі шаттың құз-құз тастары "әу" десең бірінен соң бірі қайталап, қағып алып жаңғырығып, есіңді алады. Үңгірге беттеген Әлкәдірдің алдын қиылыстан шыға келген Сайын орады. Көзі шағыр ақшеке дөненнен секіріп түскен де, атының ауыздығын алған. Мүсінді жылқыға көзі тоймаған Әлкәдір де дөненнің сауырынан сипап, алақанымен төсінен қағып мәпеледі.

— Мына жұмыстарыңның шатағы да көп-ау өзі, — деп Сайын жерге қисая кеткен.

— Төңкеріске қатысқандардың Сібірге баратынын білмеуші ме ең?

— Астапыралла! - Сайын шошып кеткендей, басын көтеріп алды.

— Қорықпай-ақ қой. Өзіңді өзің жарияламасаң, сені ешкім ұстап бермейді.

Аяңшыл ақшеке дөненге лып етіп мінген Сайын етекке түсіп кетті. Әлкәдір Түлкілі шат жақтағы жартастарға бой жасыра келген Зейін мен Рымкүлді үңгірдің ішінде қарсы алған. Екі көршіні бірін-біріне аңдытып қойған заманда тықылдаған машинка үні естілсе, екіншісі КГБ-ге жерден жеті қоян тапқандай жеткізбес пе?. Сол пәлелі режимге қарсы бас көтерген жастар үшін мына үңгір жаратқанның сыйы сияқты. Кірер аузы, жабық төбесі, одан әрі жабық төбеден бас қылтитып айналаны көретін қазан аузындай тесігі де бар.

Зейін Рымкүлге жайғасып отыратындай мүмкіндік жасап, машинканы ыңғайлап қойып берді де, Аюлының бір иығына шығып кеткен Әлкәдірдің соңынан қарады. Әлкәдір сол биіктен айналаны бақылап отыруға тиіс болса, сонау етектегі Сайын мал іздеген боп жүріп, сырттан торуылдауға міндетті.

Екі беттен аспайтын үнпарақ Қазақ елінің түкпір түкпіріндегі қалалардағы жоғарғы оқу орындарына жететіндей данамен басылып дайын болғанша сағат жарымнан

артық уақыт кетті. Әр конверттің сыртына алушы Меңсұлу, не Еңсұлуға деп жазылды. Институт студентіне келген бағдарламасы да басылды. Жарғы қысқа, тұжырымды еді. Оны оншақты данамен машинкаға басып, таратып жіберген. Программа аса күрделі, заман ағымын қамтыған көлемді материал боп шықты. Төңкерістен бергі уақытта қазақ атанған жұрттың басынан кешкені, шовинистік ұлт саясаты, социализмнің әлеуметтік қайшылықтары, осыдан туындайтын шаралар, ЕСЕП партиясының түпкілікті мақсаты егжей-тегжейіне дейін жазылған шығарма тас үңгірге жиі барып, ұзағырақ отырып жұмыс істеуді қажет еткен. Сонда да бағдарламаны үш-ақ данадан артық басып үлгермеді.

Түрменің тас қабырғасының ішіне түскенше де Зейін өздері бастаған істің тегін кетпегенінің куәсі. ЕСЕП-тің ізімен үнпарақ таратушылар көбейгенін Ақшатаудағы өзімен ғана байланысы бар азаматтың Балқаштан әкеліп берген үнпарағынан оқып білді. Ақшатаулық жігіт Балқаш жастарының арасынан тілеулестер тапқанын да айтып еді, бірақ, олардың кім екенін астыртын ұйымның талабы бойынша бұл да сұрамаған.

Сол жігіттің қателігі болмағанда әлі де болса қолға түспес пе еді деген өкініш ойдан кетпейді. Қызуқанды жігіт еді. Өз бетімен үнпарақ дайындап, оны сол Ақшатаудан поштаға салып жіберіпті. Әлкәдір:

— Уақытты қысқарттық. Бұл мекен-жайды көрсетіп бергенмен бірдей, енді сақтанғаннан басқа қалмады, - деп қатты ренжіді.

Астыртын жұмыс бірнеше айға тоқтатылды. Бар пәлені КГБ-нің қанжығасына байлап жіберіп тыныш жатқанмен, ел тыныш жатпады. Қалалардың оқу орындарында үнпарақтар әлденеше рет тарап, КГБ жаңбырдай жауған бұл хаттардың ендігі адресін таба алмай дал. Сырғып алпыс бірінші жылдың жазы да жеткен. Қазақ тағы байып кетті деген қауесет Мәскеу жетіп, ауылдағы отбасының малын тартып алуды шешіпті.

"Екі сиырдың бірін ортаға өткіз, екі қой, екі шошқа асыра" депті. Жылқыны түсінде көріп, қымыз жұмысшының ұйқысын келтірер алкагольге еніпті.

— Шошқасы несі? Ақыры бізді орыс етті, — деп халық күңкілдеседі. Қатты айтуға дәрмен жоқ. Өзі болмаса да бала

шағасын ойлайды. Бәрібір бөтеннің қолында кететін болды десіп жазды күні шілдеде қыл құйрықты пышаққа іліктіріп жатқан аз емес.

— Қазақгы орыстан кем ұстау мақсат сияқты. Ресей мұжығы үй орнындай жерден жиырма отыз қап картоп алып, самагонын қайнатып, ләйліп жүр. Бір бие, бір сиырдан қазақ орыстың базарға сатқан самагонының пайдасын көрмейді. Сонда да қазақтың малын алмақ, ал мұжыққа тісі тимейді. Бұл қазақ өспесін, ұрпағы аш-жалаңаш боп, тозсын дегендік қой, — деп Әлкәдір қатты толғанды. Қайда барса жүзін төмен салған, көзін көтермеген реніштi жұрт. Көшеде арағына семірген көккөздің ұлы ұрандатып, мәтүшкесі желпініп жүр. Көшеге қазақ шықпайды. Көшеге шыққан қазақ үй-үйдің көлеңкесімен ілбіп, танысына иек көтеріп қана өтеді.

Иә, сол күндері Әлкәдір осы бір саясаттың астарын ашқан, партияны кінәлаған өлең жазған еді. Зейін осы бір ащы шындықты, бас бермейтін тіршіліктің бір қайранына жарар деп машинкаға бастырып, сонау, сонау қалаларға таратып жіберген. Енді ай сайын болмаса да, екі не үш айда бір рет көрінбес жауды ығыр қылып, шоқпар сілтеп, ЕСЕП-тің тірлігін білдіріп қап жатты.

Келер алпыс екінің жазы мен күзі үміт пен күдік, қатерге толған. Айналаны әлде бір беймәлім қара күш тықсырып, қусырып бара жатқандай, тыныс тарыла бастады.

— Торға түсудің алдындамыз, өте сақ болғайсың, — деп Әлкәдір әлденеше ескерту де жасады. Жазмыштан кім озған, бұйырған дәм осы шығар. Зейін қабырғаға жармасқан қандалаға қарады. Өрлейді де, құлайды. Құладым деп қайтып жатқан тағы ол жоқ, қайта тырмысады. Әркімнің пешенесіне жазған өмір деген осы да.

Кенет күні бойы шыбынның ызылы естілгендей құлақ тұна тыныш тұрған түрменің іші салдыр-гүлдірге толды да кетті. Асығыс басқан аяқ, кілттің салдыры, күзетшілердің ала көздене бір-біріне жекіруі. Құлағы шыңылдап, басы айналып отырған Зейінді өмірдің дауына қайта әкелген.

— Бұл не? — деп күбір етті.

Мына тарсыл-гүрсілден жүрегі ауырайын деді. Жақсылық жаманатты санадан бұрын жүрек сезеді деуші еді, иә, тәңірім жақсылыққа болғай. Әй, бірақ түрмеде не жақсылық

бола қоюшы еді. Басқа да емес "үкіметтің жауын" қамайтын қапастан өзі секілділердің күтетіні шамалы. Күтетін жақсылығы-сабағанына шыдар, тепкілегенде қабырғасын қақыратып, омыртқасын опырып жібермесе болды.

— Жүр, қане! Бас аяғыңды!

Күзетшінің әмірі қаттырақ шықты. Айдалушы жөткірінгендей болды.

— Шығарма дыбысыңды!

— Неге ұрасың?

— Тілінді жұлып аламын, ұрмақ түгілі.

Сарт етіп тиген тепкі, әлдекімнің құлағаны естілген.

— Тұр жаныңның барында, — Күзетшінің алқынған үні жеткен. Сірә, қолы байлаулы тұтқынды жабыла тепкілеген сияқты.

— Міне, көрдің ғой. Көретінің әлі алда.

Айдалушының санап басқан аяғының дыбысы жетті. Етігінің өкшесінің нәлі бар екен. Оның бір шегесі босаған ба, аяқ басқан сайын сырт-сырт етіп, әйгілеп-ақ барады.

— Сол ғой, — деп қалды Зейін.

Өзі білетін таныстарының ішінде Әлкәдір ғана етігінің өкшесі тозбасын деп нәл қақтырып жүруші еді. Жаңағы құмыға шыққан дауыс та сонікі. Өзінің де қолға түскенін білдіру үшін күзетшілермен ұрыс-төбелеске барған шығар. Енді не шара? Осы түрменің азабын өзі тартып итжеккенге өзі ғана барса деп еді, ол тілегі болар түрі жоқ. Бәрі кетсе де Әлкәдірдің басын сақтау қажет деп білген. Ол бәрібір қап түбінде тегін жатпас алмас қылыш емес пе. Дала қазағының, қала студентінің жүрегіне от салды, даланы азаттықтың жалыны орады. Енді сол іске басшы тек Әлкәдір болуға тиіс еді.

— Енді не шара?

КӨК МҰНАР

Дала мұнартып жатыр. Шыжыған аптапта Нұраның бойынан көтерілген бу сағым боп ойнап, сонау алыстағы түйетасты бірде кіреукелендіріп, алыстатып, бірде дүрбімен көргендей жақындатып, даланың кербез келбетін сан қилы түске енгізіп, көз алдына тоса берген. Сай табанындағы қияқты быpт-быpт үзген кәрі көк биесіне телміре қараған Жұмаш ақсақал төбе басындағы тас обаға арқасын тіреп, сағым ойнаған далаға жанарын ілген. Көңіл шіркін біреулерді іздейтіндей. Ақсақал көңілі сағынғанмен мұны іздейтін бүгінде жан шамалы. Кешегі Жұмекелегендердің көбі көрсе де көрмеген боп, ту сыртын береді.

Ермегі көк бие. Бір мезгіл өстіп көк үздіріп әкеледі де, көлеңкеге байлап, кемпірі Бақытқа емшегін тарттырады. Ұлы кәмпеске өтіп еді, қазақтың басынан кішігірім тәркілеу кетпей қойды. Алпыс бірде өткен "артық малды" тартып алудан өйтіп-бүйтіп көк биесінің жанын сақтап алған. Отыз бірдегідей емес, бұл жолы қазаққа сәл-пәл ес кірген сияқты. Ағайын боп, жекжат боп, таба алмаған, көрмеген боп, таутасқа тығып бірер қарасын сақтап қапты. Әй, сонда да жынды-сүрейлер жетеді-ау. Ақ сақалдың басына іс түскен соң ба, басынғысы келе ме, әлде көз көрмейтін өкіметке жағынып қалғысы келе ме, осы кәрі көк биені де сылтаулап тиісетіндер табылды. Абырой болғанда "әй, қой, мұның қалай" дейтін де бірен саран бар екен, кәрі көк биенің басынан бұлт тағы серпілді.

Көк биені қимайды. Колхоздастыру кезінде ата малынан ортаға боз тай түсіп еді, жарықтық бертін келе сүттен ақ шаңқан боз бие боп шыға келді. Сол боз биені колхоз бастық қызығып жүрген жүйрік күрең биесін беріп айырбастап алған. Ата малының қайда кеткенін білетін уақыт па еді, әйтеуір жан сақтасақ деп жұрт жанталасқан. Сол заманда ата малы боз биені сақтап қалғаны бір Алланың жәрдемі шығар. Мына көк бие сол шаңқан боздың алғашқы құлыны.

Әлде, анда-санда түсіне енетін Түкейекең бабасының әруағы жебеді ме, әйтеуір не күн туса да сол бабасының ағасы Асан батыр айдап келген мал саналатын тұқымнан қалған тұяқ. Бабасы Түкей жетпіске келер-келмес шағында дүниеден өтіпті дейтін қариялар. Ертеңгі астан бір шыны аяқ шәй ішіп, жарықтық, кесесін төңкеріпті.

— Балалар, астарыңды қанып ішіп алындар,-деп тәспиғын тарта беріпті.

Шай ішіліп болған соң, ас қайырып, жеке үй боп кеткен Жәнібек, Ермұхамбеттен бастап тегіс шақыртып алып:

— Ал, шырақтарым, өмір өткінші. Мәңгілік ешкім жасамайды. Елге абыройлы, қайырымды болыңдар. Талай-талай күн туар, атадан қалған малды сақтандар. Ата малы-ырыс. Соны сақтауға тырысқанға Алланың да берері мол Енді мен бұл дүниелік емеспін. Не айтасыңдар? — депті.

— Әке, мұныңыз қалай? Бізге өкпеңіз бар ма? — дескен үрім бұтағы үрпиісіп.

— Өкпе жоқ шырақтарым. Менің бұл дүниелік уақытым бітті. Қазір дүниеден қайтамын.

Бәйбішесі Айша шешей жаулығымен көзін сүртіп, кемсеңдеген екен:

— Жылама. Қазір сен де менің артымнан келесің, - деген.

— Барамын, тақсыр, барамын, — деп Айша шешей көз жасын тыйыпты.

— Басын құбылаға берген Түкей екең сол сәтте дүниеден озып, сүт пісірім уақыттан соң бәйбішесі де аттанған екен. Бабаның мүрдесі Кенженің үйінен мәңгі орынына аттандырылған. Күліктің табанындағы тас бейіт сол кісінің зираты.

— Уа, дүние, бұл өмірдің өткінші екенінің мысалы сол емес пе. Кешегі үлкендер жас Жұмашты соның үлгісімен тәрбиелеген. Ендігі қалай болып барады? Алақандай қызмет тисе аудан түгілі аймақты қырып жіберетіндей зәрленеді. Өтті ғой ондай уақыт, көрді ғой талай зобалаңды. Көргенінен көңілге түйгені қайда, онсыз да жарым көңіл жұртының жағасына жармаса бермей, жыртық қосына жамау, жетім ұлын жеткіземін демес пе.

— Оу, кеше осы ауданның шаңырағын көтергенде Көпжан, Тұңғышбек, Алтыбай болып осыны көксеген жоқ па еді.

Содан жеткені қайсы? Жетпесе желкені үзген не? Айту аз ба еді, әлде айтқан сөзді ұғар жұрт қалмаған ба.

— Құр, шырағым құр! — Жұмаш ақсақал үркіп өрге қарай секірген биесі тұсамысын үзе ме деп, ойға қарай ұмтылды. Осқырынып, құлағын тігіп, жалтақтаса да иесін көрген кәрі көк бие тез басылды. Ақсақалдың дауысы мен асығыс басқан аяғының дыбысынан шошыған көкше қоян ши арасынан шыға келіп, сен бе едің дегендей тесірейе бір қарап, орғып-орғып, зыта жөнелген.

— Е, сен екенсің ғой үркіткен.

Ақсақал төбе басындағы тас обаға қайта арқасын сүйегенде жаңағы бір ойының желісіне қайта түскен. Иә, сөз ұғар жұрт қалмағандай ма, әлде мына заман сөз ұқтырмады ма.

Сөз ұқты деп кімді мақтаудың, ұқтырмады деп кімді даттардың ретін таппады. Ұқпастың құлағын тесіп құйсаң да суын өткізіп, сөлін ұстап қалар елеуші жоқ, ұғармын деп таласқанның жарғағын жапсырып тастап, керең етсең де көңілі алтын сарай. Несіне кінәлайды заманды. Заман соққан жел, қаңбақ ұшады, қасқа бұлақ тірліктің нәрін беріп, мәңгі ағады.

Замана желі өзін де сан аударып баққан. Қоянбаев пен Жекеевтің орынына келген Ержанов дегенді біреу оқытып жіберді ме, әлде өзінің білгені сол ма, әйтеуір Бесатаның елді ойлаған азаматын оңды-солды қуды. Билік қолында қызмет соның ырқында. Обкомда жүріп Жұашты көрші Ақтоғайға газет басқаруға жібертті. Жүріп жатқан соғысы анау, Мәскеудің түбіне жеткен немісі мынау.

— Барма! Көшпе! Неміс ертең Мәскеуді алады, — деген ауылдағы туысқан.

Азаматы көшеде көрінбеген Ақтоғайдың да жетісіп жатқаны шамалы. Кешегі аштық пен қамау, бүгінгі соғыс әбден қалжыратқан. Аудан орталығы демесең бір қатарда жиырма, қарсысында оншақты үйі бар бір колхоздан аз-ақ асатын ауыл. Тірлігі жалғыз магазин. Онда да қалтасы бос ағайын көзін сатқаны болмаса, алары жоқ.

Сол аз ауылдың белсенділігінің өзі тоқырауының тасығандағы суынан кем емес сияқты. Газетіне шұқшиып, шұқшиып қарар әнебір орган бір пәле тауып алмасын деп отыр еді,

есіктен көрінген жалба тымақты шал табалдырықты аттай бере жалп етіп құлай кетті.

— Өлдім. Бәрібір өлдім. Кіл жетімдердің қырылғанын көрсетпе...өлтіре салыңдар...шыққыр көзім е...е...е... Шал орнынан тұрар емес, ағыл-тегіл

— Тұрыңыз!Тұрыңыз, ақсақал, мұныңыз не? Жұмаш әбден абыржыды. Өзінен үлкен адамның жер бауырлап жатуы санасына сыймаса, ана есіктен сығалағандар ертең не дейді.

Шалды "құл, өзін мырза етіп көрсетті" деп түртіп жіберсе қайдан пәле табамын деп, екі алақанына түкірініп отырған ГПУ жұтынып шыға келмей ме. Әрі беріден соң бұл ақсақалды кімнің жіберіп отырғанын кім біледі.

Жалба тымақгы басына іліп, орынынан зорға тұрғызды. Шілденің ыстығында үстіне кигені жыртық тон. Әбден жүдеген шалдың көзі ғана сығыраяды. Жұмаштың өзі де орта бойлы ғана еді, ақсақалдың тозғандығы ма, шөккендігі ме бойы иығына жетпеді.

— Есіміңіз кім еді, ақсақал, — деп сұраған.

— Атым Қасықбай, — Қарсы орындыққа отырып еді, аяғы жерге жетпей шалтандай берген соң түсе қалды. Жаңағы бір өксігендегі дауысының дірілі әлі басылмай, көзінің айналасын жыртық тонның жеңімен сипаған.

— Ақсақал, неге сонша қамықтыңыз?

— Енді қайтейін, мені қамауға айдап...

— Онда айдаушы қайда,-Жұмаш сене алмай сыртқа жалтақтаған.

— Қазір келемін деп...

— Ал...,-деп Жұмаш арғы сауалын емеурінмен танытқан.

— Бір кісілер осында кәзит бар, сонан әділдік сұра деп кіргізіп...

Қасықбайдың өз бетімен келген жұмысын айтар түрі жоқ. Суыртпақтап сұрамасаң кешке дейін отыра беретін. Сірә, "кәзитке келсе" бәрі өздігінен шешіліп, босап кетем деген үміттен де кенде емес.

— Қасеке, қандай әділдікті іздеп едіңіз?

— А, айтқан жоқпын ба? Әлгі біздің үйдегі келін тоғыз

бала тауып...Со қаншық нетіп, әлгі байы әекерге кеткен. Сонан бір түнде байсырап тағы біреуге тиіп кетті, қаншық.

Қасекеңнің не әділдікті айтып отырғанын әлі түсінген жоқ. Басқаға қашып кеткен келіні екен, соны қайтар дей ме, әлде алып қашушыны жазалат дегісі келе ме.

— Енді не қыл дейсіз, соны айтсаңызшы.

— Жетпістен астым, тоғыз жетім қалды ғой.

— Ал, - деді тағы Жұмаш.

— Соларға тамақ керек.

— Әрине...-деген Жұмаш астық сұрай келгенге жорыды.

— Бәрі аш...Үш күн нәр татпады. Шулап жылады.

— Басқармаға бармадыңыз ба?

— Басқарма кәпірден қиын. Сонан бір пұт бидай ұрлап алып ем.

— О, сормаңдай-ай, — деп қалды Жұмаш.

— Сонан әкгілеп...Милисасы кеп...айдап, — шал тағы кемсеңдеді, — тоғыз жетім үйде қалды.

Жұмаштың зығырданы қайнады. Балшықтан қазақтың баласын жасай алмай жатқанда мына шал мен тоғыз балаға істеп отырғандары не сұмдық. Қайтіп қазақ ел болады.

— Ало, Тоқыметсің бе? Әй, ана Қасықбай шалды ұстауға ордер берген кім? Бұл не сұмдық? Қырамыз ба елді? — Соны айтайын деп едім.

— Ало, Боранқұл...

Тоқымет те, Боранқұл да Шет ауданында бірге істеген азаматтар еді. Сірә, мына ақсақалды осында кіргізіп жібергендер де жәрдемдесер, қолынан келерді ойластырған шығар.

— Қасеке, сізді ешкім түрмеге жаппайды. Қолыңызға қағаз бергенше осы аудан орталығында бола тұрыңыз.

Түсте үйіне барған Жұмаш Қасықбай шалды өз үйінің төрінен тапты. Бейшараның бойының шамасына көзі түсіп, теріс қарап мырс етті. Жатаған шәй үстелден аз-ақ асып, мойны қылтың-қылтың еткен шалды бір уыс бидай үшін соттатып не барқадар таппақ екен.

— Қасеке, қай ауылдансыз?

— Ана, Қопа-Құсақ дейді ғой, сонан.

Манағыдай емес тіріліп қапты. Қасықтай ғана шал өзіне лайық кіп-кішкене бәкісін алып, есіктен кіре тентектік істеген кішкен Әлкәдірді:

жатыр.

Қырғын соғыс анау, ауылдағы би-патшаның ісі мынау. Елде кейіп жоқ. Күнге курап, тозған боз шыттай сүреңсіз тірлік. Жұрт кімге, неге сенерін білмеген шақ.

— Таста жұмысты. Неғып отырсың? Неміс Мәскеудің кеше ақ қақпасын қаққан, бүгін алған шығар, — дейді Отыншының Серігі.

— Қайдам, байқау керек. - Әрдайым сабырлылықтан бір аумайтын Серіктің ағасы Төлеуқұл жүзін төмен салып, басын шайқайды.

Қызыларайдың іші қаптап кеткен қашқын, күндіз жүрсең өлдің, түнде жолаушыласаң іш киіміңе дейін сыпырып майлы құйрықтан бір теуіп қоя береді дегенді жұрт айтады. Дақпырт мол, кездестім деген тағы ешкім жоқ. Қасқыр жеген бе, өзі орта түскен бе, әйтеуір жоғалған малдың сұрауы қашқын боп тұр. Қашқын жоқ емес, бар. Аз да емес, жетерлік. Орыс пен неміс ықылым заманнан соғысып келе жатқан көрінеді, ал, біз не үшін ұрысқа барамыз дегенді өзі де сан естіген. Оның үстіне кешегі отыз екі мен отыз жетіні ұмытпаған елдің көңілі суыған. Мейлі бірі өліп, бірі қалсын дегендей.

Үкімет олай деуге жібермейтін сияқты. Бұл ауданда қашқын көп, пәленбай пайыз деп, жүзден төменгі сипырды атап, аудандағы бас көтерерлер осыған жауап бересіңдерге шыққан. Бісмілла, құрбаны, ауатком төрағасы Тұңғышбекті жұлып тастады. Әйтеуір, соттан аман.

— Барыңдар! Елді әскерге баруға үгіттеңдер, — деп жоғарғының нұсқауын орындаған райком мен ГПУ мойнына сөмке ілгендердің бәрін ауыл-ауылға қуған.

Жұмаштың жолсерігі аяғының сылтымасын керсетіп қалуға ынтық ақша бөлімінің бухгалтері. Шойнаңдағанын көрген жанашыры "Қайтсін жан сақтау да" деседі. Байы жоқ қатын мен көзін сүзген дәмелі қызды көрсе өкшесін биіктеткен кем аяғын сықырлата басып, серісініп-ақ қалады. Атшы да табан астынан сол бола қалды. Шаңқай түсте Қызыларайдың бауырына іліккен. Етегінен төбесіне дейін қарағай шаншылған тау ертегінің түкті алып денесіндей. Таудың тасына дейін жасырған қалың жыныстың ішіне тығылған қашқын болса табу деген қиял, ақылыңа кел, келе ғой деу ермек екенін түсінген.

— Шегіміз шұрылдады ғой, жолда бір үй бар еді, соға кетейік, — деді бухгалтер.

— Жолын таба алсақ.

Ну қарағайдың ішінен шолақ тамның төбесінен бұрын мұржасы шошаң етіп шыға келді. Келгендерден шошығандай есіктің босағасы қабырғамен қоса шалқая қапты. Бір жағына қисайған есіктің шіріген тақтайының орынына қай заманда өлгені белгісіз малдың терісін байлай сапты. Кісі келеді деп күтпесе керек, пеш түбіндегі жасамыс әйел ернін сылп еткізді. Жүгенін жөндеп отырған үй иесі бағжия қарады. От басындағы келіншектің көзінен ғана нұр көрінген. Бұрыннан таныстығы бар ма, көзі жаудырап бухгалтерге телміре берген.

— Ассалауласқан сәлем ұаққа бармады. Жүгенін тастай берген отағасы әйеліне қазанды нұсқап, тездет дегеннің ишарасын жасаған.

— Шөл басыңдар, -деп жас келіншек бір-бір шара ашымал ұсынды.

Бұлкілдеп жатқан қазан да көп күттірмеді. Қазан қайнатты дегені болмаса табақ толтырарлығы шамалы. Шамалы асты:

— Барға риза боларсындар, — деп отағасы турап отырып, талай әңгіменің басын қайырған.

— Әлгі неміспен соғыс не боп жатыр? — деп тағы сұрады.

— Талай қаланы алды. Мәскеудің түбіне келді.

— Жақсы болған екен, —деп дауысын созды отағасы.

— Не дейсіз? — деген бухгалтердің дауысы қатты шыққан.

— Не деп отырсың? Жау екенсің ғой. Неміс Мәскеуге келсе бұл жақсы болған екен деп масаттанады. — Бухгалтер үстелді сабалап айызы қанып отыр. — Қазір үстіңнен акт жасап, көзіңді құртам.

Жасамыс әйелдің қолындағы кесесі сарт етіп жерге түсті. Бухгалтердің ащы дауысы онан да қатты шыққан. Сөмкесін ақтарып, керегін алып, актісін жазып жатыр. Үй іші кісі өлгендей. Отағасының жүзін тер жуған. Екі көзі бухгалтердің қаламының ұшында. Жас келіншек әмірі жүргіш бухгалтерге көзінің астымен қарап, бір-екі жаутаң етті.

— Қане, қол қой, жауыз.

Отағасының үні бітіп қалғандай, қаламсаптан көзін ала алмай дір-дір етеді.

— Әй, актіңді бере тұршы, — деді Жұмаш.

— Мінекиіңіз.

— Жұртты қашқын қылып жүрген сен екенсің ғой.

— Неге? — деп бухгалтер Жұмашқа жаутандаған.

— Сендейлер ғой халықты үркігіп, үкіметтен қашырып жүрген.

— Ойбай, Жұмеке не жаздым?

— Қазақтың сөзін түсінбейсің де елге жала жабасың. Бұл кісі "жақсы болған екен" дегенді қуанышпен емес, күйінішпен айтып отыр. Соны ұқпайсың. Мұндай теріс қылығың үшін енді мен сенің үстіңнен акт жасаймын, — деп сөмкені өзіне тартқан.

— Ағатай-ай, жаздым-жаңылдым.

— Бар екенсің ғой, әруақ, — деген отағасының үні жаңа шыққан. — Күйініп едім. Інім сол соғыста жүр ғой.

Байғұс шал мен ебін тапқыш бухгалтер екеуі екі жақтан жамырасып, табан асты емешегі үзілген бауыр боп, қосыла жырлап, шаңырақты ортасына түсірер өрт тына қалған. Бұл жолы осылай сөнді, ал... ал, дейтін несі бар, жаны ашимын деп өзі отқа күйген де толып жатыр. Соның бірі ана Сембек. Ойлап отырса ол да бір хикая...

...Қызылеспеге Сембектің келгеніне де үш айдан аз-ақ асқан. Ағылшынның дүрілдеп тұрған зауытының түтіні сөніп, күніне әлденеше рет бақырып жұмысқа шақыратын темір түйесінің дауысы семген. Тірлік іздеген Сембек Қарқаралыдан бір-ақ шықты. Жұмыскер деген дардай аты милицияға іліктірді.

— Бізге сен сияқтылар керек. Буржуйдың езгісін көргенсің, көзің ашық, — десті.

Бақ па, сор ма, ол арасына көз жүгіртіп жатқан Сембек жоқ, Берікқара болысының жер комиссиясының төрағасы да, тәртібін сақтар милициясы да, өзі. Үкімет айтты бітті, жерді байдан кедейге алып беру керек. Кедей "жер керек" десе болды, оның малы бар ма, жоқ па шаруа жоқ. Малы болмаса, мейлі, өзі оттасын.

— Мына жер ұнай ма? Ал, ендеше.

— Қарағым-ау, мына малды енді қайда сыйғызамыз. — Амалы құрыған бай алақанын жаяды.

— Кім саған осынша байы депті.

— Қызыр жанап, құдай берсе...

— Оттапсың. Халықты қанап де...

Жамантай ханның тұқымы Төкіш, Сәдуақастардың мекен еткен Қарабұжырды ақ патшаның мұжықтары қанша қызыққанымен хан тұқымдары айтысып-тартысып бермей қапты. Түгінен майы шыққан жерге орыстың табаны тимегеніне күні бүгін осы маңайдың қазағы риза. Осы жердің өз меншіктері екенін куәландыратын мөрлі қағазды көрсетіп Төкіш, Сәдуақастар көп дауласты. Ел ыңғайы да солардың жағында. Бір пысықай табыла кетті.

— Көрейін, - деп қолына алып, жоқ қылып жіберді. Көрінеу зорлық хан тұқымы түгілі солардың отымен кіріп, күлімен шыққандарды да қатты ренжіткен.

— Мыналарың зорлық қой.

— Күнә, күнә.

— Сендер оңбайсыңдар. Қайтарыңдар қағазын.

— Әйтпесе..., — десіп қарабайыр халық күш көрсетуге де барған.

Жерін де еркімен бермегенді жазаға тартатын алпыс екінші санды үкімет қаулысы Сәдуақасқа жер шұқыттырды. Бірер ашкөз кедейге:

— Қай малыңды бағасың бұл жерге? Тұлыпқа мөңіремейік, — деген Төкішке:

— Онда жұмысың болмасын, — деуші де бой көрсетті.

— Жә, алыңдар! Егін салуға ең болмаса ағаш соқан жоқ. Жер шұқыған Сәдуақас басын көтерген. — Осы мал осы елдің бала-шағасының ырысы еді ғой. Сүтін ішпеген, етін жемеген қайсың бар. Өзек жалғағандарың да осы малдың арқасы емес пе? Малды от суынан айырсаңдар ол қырылар, ал оның соңында өздерің не боласыңдар.

— Ақылдымсуын. Малынан айырылам деп іші күйіп...Тәркілеуге іліккен Ақсарлы болысындағы Әбілез төренің малы кедейміз деп ұйлығысқан қосшы комитетіне берілді. Төренің ата-бабасынан бері қарай ұрпақтан-ұрпаққа мақтан қылып көрсетер мүлкі әйтеуір бірдеңе іліп қалуға еріп жүрген кедей-кепшікпіз дегендерге үлестірілді.

— Қарағым-ау, мынау пәренсөз деген елдің көрмесіне қойылып, бәйге алып келген мүлік қой, босқа қиратасыңдар, онан да өзімде тұрсын.

— Тап сен сияқты ұстай аламыз. Кемсітуін бізді.

— Қарағым, мұны қазақ даласында сатып байи алмайсың, ермек етер ойыншық емес, қайтесің оны.

— Тоқтат бос сөзді.

Сембектің Шорман ауылынан көргені тіпті есінен кетпейді. Әукесі жер сызған, үйдей-үйдей бұқалар уыс-уыс топырақ шашып, өкіріп шыға келген.

— Мынау не керемет? Бұқа ма?

— Енді не деп ең? Түйеге ұқсай ма? — Жанындағылар мазақ етіп, ішек-сілесі қата күлген.

Малды асылдандырып, қазағының келешегін ойлаған Шорман ауылындағы үкімет тонын жамылған қызылжағалылардың ісінен кейін Сембек аурулығын сылтау етіп, милициядан шығып, елге қайтты.

Соғыс басталған. Талайдан бері "Алғабас" колхозының ауыл кеңесі міндетін атқарып жатқан Сембек маң далаға қарап телміріп, әредік қана ескен самалға төсін тосып темекісін құшырлана сорған. Темекі милиционер боп жүргенде тапқан олжасы. Шеңбер-шеңбер боп қалықтаған көк түтінге қимасындай боп көз тігуі қайта сорып алсам ба екен дегендей еді.

Сонан соң көзі үй-үйдің арасын сағалаған бірен-саран жүргіншіге түсті. Кім екенін ит біліп пе, біреу келіп, біреу кетіп сапырылысқан жұрт. Соғысқа тіленіп кетіпті деген де, көшеден ұстап қатынымен қоштастырмай салып жіберген де, қашып жүргендер де жеткілікті. Өзінің сонау милиционер боп жүргеннен бергі ұққаны - елге зәбір тигізбеу керек. Ойпырай десейші, мал қырылса соңынан ел не болады деді ғой Сәдуақас. Соны да ойламапты-ау, заманның сұрқылтайлары. Ақыры отыз екінің...

— Иә, құдая сақтай ғор. — Дауысы шығып кетіпті. Ешкім естімеді ме деп жан-жағына жалтақтады. Енді мынау. Қашқынды тап деп жоғарғы жақ дігірлеп жатыр. Сол қашқын дегеннің көбімен жүзі таныс. Анау Жолдыбек, Оңайбек бірге өскен құрбы. Мұны селсовет-ау деп тым бой тасаламай жүрген қашқын есебіндегі Төлеукен, Адамия бір ауылдың сан табақтас болған азаматтары. Солардың ішінде әскерден неге қашқанын өзі де білмейтін Медеу де жүр.

Санай берсе қашқын жетерлік екен. Ақтас-Шалтас жағында Ермекбай-Дауылбай тобы жүр дегенді естиді. Айту-

лары бірен-саран адам емес. Жұртқа зәбірі тие коймаса да тараған лақаптан ел сескенеді, басшылар қаймығады.

— Осы екі топ. — Сембек саусағын бүккен.

— Не санап отырсың, — деді ту сыртынан бір дауыс.

— Е, сен екенсің ғой.

— Ұрлығыңның үстінен түскендей шошығанын не?

Ауданнан қашқын кәмпәниясының шараларын жеткізуге жіберген өкіл Әдек милиционердің дауысынан сескеніп қалғанын будақтата тартқан темекінің түтінімен басып, Сембек сығырая қарады.

— Өзің, тіпті ұры ұстағандай боп тұрсың ғой.

— Жоға. Ойлана қапсың... Саусақ бүгіп. — Енді Сембектің дауысынан ызғар таныған Әбек жалтара қашты.

— Қатыным мен баламды санап отырған шығармын. Сенің онда қандай қақың бар.

— Отағасы... — Отағасылап тұрса да Әдектің жүзі жылымай, шағатын жыланның көзіндей жанары тесірейіп, Сембектің айналасын тінте қараған.

Шолақ құйрық байталын қамшылай жөнелген Әдек кыр асты. Кісі кейпіндегі жаналғыштай көреді өзін. Түсі бір жылымайды-ау, жылымайды. Тістене сөйлегенде екі шықшыты бүлкілдеп, жемтігіне ұмтылған қорқау тәрізді.

— Әлгі не қыл деп жүр? — деп сұрады Сембектің иығына қолын салған әйелі Змила.

— Жай ғой, жай.

— Әй, қайдам. Осының жүрісі тегін емес. Көрсем жүрегім тітіркенеді.

— Не істеуші еді, кетті ғой байталын қамшылап.

— Көршілерден қашқын көрдіңдер ме деп сұрапты.

Сембек елең ете қалды. Бала-шағаның аузына ие бола аласың ба, көрдік десе ауыл кеңесі өзіне қауіп. Сен неге білмейсінге салатыны анық.

— Сонымен...

— Әзірше көрдік деген жұрт жоқ.

Змила жаулығының шетімен көзін сүртіп, күрсінді. Көңілдегі ауыр ойын айта алмай тұрғаны анық. Сембектің де сұрағысы жоқ. Түнімен дөңбекшіп жиі-жиі үһілей беретін әйелінің қауіп ойлайтыны анық.

— Сембек...

- Ә у .

— Осы не боламыз?

— Не болғаны қалай?

— Бір күні болмаса бір күні ана Әдекке осы жұрттың бірі болмаса бірі көрген—білгенін айтып қойса сенің басың кетеді ғой.

Тау жағынан жалт еткен шынының сәулесі түсті. Әйелінің сауалына жауап берместен Сембек қырқаны сүзе қараған Осы жердің әр тасы, жотадағы әр обасы өзіне белгілі. Әне, әнебір тас мосы тәріздене тігіле қалыпты. Е, солай екен. Сол мосы тастың ар жағынан әлдекімнің қыбыры байқалды. Ауылды аңдыған манағы Әбек екенін мына Змилаға қалай айтады.

— Е, солай де.

— Не істейміз? — Змила Сембектің жүзіне жаудырай қараған.

— Уақыт көрсетер. Қашқын болса да кешегі біліс-таныс, дос жарандар. Алмалыда жатыр деп қалай айтам. Қырғынға ұшыратады ғой оларды.

Змила жылады. Сембектің көкейінде "Айтпасам түбі өзіме бір пәле келеді" деген сөз тұр еді.

Сембек жылап отырған Змилаға қарап, өзінің не күлуге, не айтарын айтып қайғыруға шамасы жоқтығына қорланды. Өрге тартсаң өгіз өледі, орға жіберсең арба сынадының кері. Қашқынмын дегеннің ауылдан ұзап кеткені жоқ, не осымен біреуге зиянымыз тиеді-ауды ойлағаны тағы көрінбейді. Таласланып ауылға дүрбі салған Әдек бірдеменің исін сезбесе бүйтпес еді.

Қашқынның санатындағы Төлеукеннің үйімен арасында үй жоқ. Аяқ-табақтары аралас, балалары екі үйдің қайсының шәйі бұрын қайнаса соны ішіп, қай төсек бұрын салынса қисая кетеді. Тамақ дейтіндей қайбір асып-төгіліп жатқан дәм бар, орақтан кейінгі масақты теріп, еңбек күнге колхоз берген азын-аулақ бидайды қол диірменге салып, күн көрген тірлік.

— Қап, мына неме өз төсегіне де жатпады-ау, — десіп кеш болса құлай кеткен балаларды кезек сүйреп жүргендері.

Әдек келіп кеткелі Сембек те аса сақ. Азаматы тауды паналап жүрген отбасының аузына ие болады-ау деген төмен

етектісіне аңду барын Змила арқылы жеткізіп, сақболуларын ескерткен.

Бұл жолы пәле басқа жақтан келді. Әрі жауыр, әрі шор аяққөк қасқа атпен итпектеп зорға жеткен сиыр пермесінің бастығы Мәрзила ердің қасынан ұстап, сүйретіліп зорға түсті.

Аттан түссе де аяғын баса алмай ұзын бишігінің сабына сүйеніп, бірер аттап барып:

Уһ, — дегі күрсінді. Айналаға қарауында үмітін үзген адамның шарасыздығы бар. Ашық есіктен мұны көріп отырған Сембек Мәрзиланың бұл жүрісін неге жорырын білмей аң-таң. Табалдырықтан зорға аттап сылқ етіп отыра кеткен Мәрзиланың өңі жүдеу, титықтап шаршаған. Әйел адамға мынадай жаман атпен жол жүру оңай ма деп ойлады Сембек.

— Иә, жол болсын.

— Айтқаның келсін, —дегенді Мәрзила зорға айтгы.

Мал-басың аман ба? Ат соғып тастапты ғой өзіңді.

— Аман да, жаман да бар. Ат соқпаса да пері соққандай боп отырмыз. Міне, бүгін үшінші күн ат үстінен түспегеніме.

— Жарқыным-ау, жөніңді айтсайшы.

— Не жөні қалды дейсің? — Мәрзила кейіп отыр. — Перменің бір сиыры үшты-күйлі жоқ. Қасқыр жеді дейтін жыны жоқ, ұры алды деуге ізі көрінбейді. Соны іздеумен-ақ болдырдым.

Япырай-ә. - Сембек тамсанғандай болса да іші "осы таудағылардан болмаса игі еді" дегенге сайған. Маңдайынан сұп-суық тер шықты. Мал жоғалды дегенше осы ауылға ауданнан топ-топ өкіл, іздеуге көмекке жіберілген сансыз жандайшап қаптады десейші. Оның арты "көкек" ойнап жүрген баладай ауылдан ұзамай жасырынып жүргендердің арты ашылды деген сөз. Әлде...Әлде бұл сиырды Шәйкен-Дауылбайлар қуып кетті ме екен. Қисыны келіп-ақ тұр. Мына тауда жүргендер ауылдың сиырын үрлар сонша ақымақ емес шығар.

— Ізін жөндеп қарадыңдар ма?

— Із түсер шандақты, жапырылар шалғынды, батпақ-суды айнала тегіс шолып шықтық. Енді нс істерімді білмеймін.

Алысқа кетсе, ең болмаса бір із қалар еді, мынау алыстан келген ұрының жұмысына ұқсамайды. Аудан хабарлан-

ды. Қылмысты істің ерекше оқуын оқыған деген қалалық жігіт кепкен тезек пен жас жапаны кезек уқалап жүр еді, жолы болғыр, сыздау жерге өткен күзде түскен ізді кесіп, бетін анықтаған болды.

— Осы, міне. Айдап кетіпті. Мұны енді тірі болса Ақшатау, Ағадыр маңынан іздеу керек, — деп бір-ақ кесті.

— Ә, солай ма?

— Солай емегенде, — деп желпінді жігіт.

Мәселенің бұлай бет алғанына Сембек іштей риза. Құдайым, бір пәледсн құтқардың ба деп-ақ тұр.

— Әкті жасап бересіздер ме, — деп Мәрзила жоғалған сиырдан құтылуға қам жеген.

— Әкті қашпас. Бірақ малдың бақташысы, күзетшісі бар емес пе, солар да жауап беруге тиіс.

— Күзетші дейтін кім қалды, жесір қатын, жетпеген бала. — Сембек те "сиыр төлесін" деген пәлені аулақтатпақ.

Осы жоғалғанды таптым деген уәжға, жоғалғанның орынын толтырмақ болған дауға араласпаған жалғыз Әдек. Сұстанып, тіс жармай бет қаратпайтын аязда күн батыста шақырайып тұратын жалғыз жұлдыздай мелшиген бетінде қалған.

Көрші отырған Төлеукеннің үйіне барған Змила өз көзіне өзі сенбей үңіле-үңіле қараған. Құлыптап кетіпті. Осы ауылда есігіне құлып ілінген бірінші үй шығар. Қол басындай қара құлыпты қайдан ала қойғанына да таң. О заман бұ заман үйде жоқтың белгісін табалдырыққа жалғыз бұтаны тастап білдіретін еді, мына жаңалыққа есеңгіреп-ақ тұр.

— Неғып тұрсың? — деген дауысқа жалт қарады да "неғып тұрғанын" және айта алмай, есікке жалтақтады.

— Е, — деді келген көрші әйелдің бірі Змиланың неғып тұрғанын енді түсінгендей

— Қайда кеткен? — Мынасы несі деуге тағы аузы бармады.

— Есігіне құлып түскеніне де бірталай болды, байқамағансың ғой.

Төтен жаңалық Сембекті тағы ойға қалдырды. Мұнысы несінің артында, әй, тегін емес-ау, қара құлыптың ар жағында пәле жатпаса игі, енді не істедікке көшкен. Жұрттың көзін ала беріп, назарын сол үйге қанша тіксе де қара құлыпты

шиқылдата ашып, кірп шығып жүрген үй иесі әйелмен анда-санда есіктен сығалаған қыздан басқа ешкім көрінбеді. Сонау күндердегі сиыр іздеуші аудан әктібі келіп-кеткеннен бері қашқын атаулының да бой көрсетуі сирек.

Әнебір қыз шоштаң-шоштаң етіп бой көрсетті. Осы үйдегі әйелдің сіңілісі ме, әлде қайын сіңілісі ме, әйтеуір бірдемесі. Біраз күннен бері осы үйдің отын-суын әзірлеп жүргенге ұқсайды. Қолында қос шелек. Бұлақтың басына барды да су ішуден үріккен еліктей ойқастап тұрып, шелектен алденені іліп алып, жөнеп берген. Қолында түйіншігі бар қыздың Сембек көзімен қыр асырып, ұзатып салды.

Ауыл тағы тып-тыныш. Шыжыған ыстықта көлеңке-көлеңкені паналаған төбеттер тілдері салақтап, солығын баса алмай ырс-ырс. Оқалақ тиген бұзау құйрығын шаншып, шапқылап, бұлақтың төменгі жағындағы суға қойып кетті. Ыстықмен-зең ғып, маужыратып тастаған тыныштықты қырдың ар жағынан шыққан оқыс дыбыс сәл бұзды да, қайта делсалдық басты. Сембек:

— Ненің дауысы? Мылтық атылды ма? — деді де қойды.

Сағат жарымдай уақыт өткен. Көлденең қырдың ар жағынан ауылға беттеген екеу көрінді. Аттылы мен жаяу. Жаяуы — әйел. Әйелдің жүргісі келмейтін сияқты, тартыншақтап киыстап, аяғын басар емес. Аттылы қолындағы қамшымен нұқып қалғанын да көз шалды. Бері беттеген екеу таяй келе әйелдің манағы қыр асып кеткен қыз, аттылының Әдек милиция екенін таныған. Бұларды көзі шалған жалғыз Сембек емес, есік алдында үрпиіскендер жетерлік.

— Вот так, —деді ауыл ортасына тоқтаған Әдек.

Жылаған қыздың беті долырып кетіпті, көйлегі де ит талағандай алқам-салқам. Әдек қанжығадан түйіншекті шешіп алып, жайулы жатқан көне күпәйкенің үстіне атып ұрды.

— Тінтеміз, үш адам соңымнан ерсін.

— Уай, не боп қалды?

— Білмегенсуін. Ұры осында, қашқын осында. Сиыр ұрлаған осы ауыл

— Оны кім айтты? — деп далбастады Сембек.

— Аш, ана түйіншекті. Кепкен сиыр еті қай үйде тұрғанын ана қыз мойындады. Енді соны қаттаймыз.

Әдек үш адам соңымнан ерсін дегенмен белсене қояр ешкім табылмай Мәрзила бастаған тағы екі қатынды еріксіз

тізімдеп, ілестіре жөнелген. Шеткерірек тұрған Жолдыбектің үйінен шыққан әйел:

—- Кіргізбеймін. Кет, жоғал, — деп баққан еді, Әдек қағып жіберіп, шалқасынан түсірді. Киіз үйдің ши іші бос екен. Оған басын сұғып қарады да, тұскиіздің бауын қиып-қиып жіберіп, жұлып алды. Керегеге ілулі тұрған ет шишидің арасынан ескен жел лебімен мейіздей боп кепкен екен.

—- Көрдіңдер ме, ұрының ісін. Мен баяғыда-ақ білгенмін ұрының кім екенін. Ақымақ қылмақсыңдар ғой. - Әдек тістеніп алыпты.

Сол тістенген бетінде біраз үйдің туырлығын тіліп шыққан. Тінткен үйінен бір кескен ет табылса ұры санатына қосып, осы ауылды тегіс жазықты ету екенін Сембекте түсінген. Істер шарасы қалмады. Ең соңында Төлеукеннің үйінен жарты қап ет шығып, Әдек тістене жүріп масайрап қалды.

Табылған етті тегіс екі қапқа салдырып.

—- Доказатілств, — деп акт жасаттырып, қол қойдырады да, бір үйдің ішіне тығып, есігін құлыптаған.

— Сен неге үндемейсің, ауыл кеңес жолдас.

— Мен үй үйді тінтуге міндетті емеспін.

— Қырағылығың жоқ па, әлде көргің келмей ме. Ол арасын енді үкімет шешер. — Әдек есікке тағы күзетші қойып, аудан қайдасың деп шоқырақтай жөнелді.

Арада үш күн өткен соң, ауданнан келген қаптаған милиция мен зиялылар тау сүзіп, жайбарақат жүрген қашқын атанғандарды ұстап, түрмені толтырған. Тағы бір аптадан кейін еш кінә таға алмаған аудан басшылары Сембекті қайнап жатқан соғысқа жөнелтіп, істі жапқансыды.

Змила талып қалды. Мезгілсіз күн күркіреп, ашық күнде жай түскендей халде. Еңсесі түскен ауыл. Айналаны қара бұлт торласа, тұрған биігің де ой көрінеді. Қара бұлт болмаса да қарадай қайғы жамылған ауыл шұңқырға түсіп кеткендей. Еңсесін көтермеген ауылдың тірлігі де өзгерген.

Змиланың еншісіне тиген қой сауу, онан қала берді сол қойды Әредік өзі сияқты жесірлермен кезектесіп күзету. Даланы көк иті де басынды. Түн болса у-шу. Күзетке кеткені де, үйінде жатқаны да айғайға аттан қосып, дүрлігісіп жатқаны. Әйтеуір жаман ауызға әзірше тышқақ лақ та берген

жоқ. Жаман айтпай жақсы жоқ ақсақ қойдың бірі бөріге бұйырды дегенше, бұл ауыл пәле арқаларынан бәрі қорқады.

Онсыз да күн ара соғып өтетін көп өкілдің біреуі апшыларын қуырып, қамшы ойнатып, әлек-шәлек. Түйіншек арқалап қолға түскен қыздың да күні күн емес. Келген өкілдің іздейтіні сол. Жеке жауап аламыз дей ме, ұсталған жеріңді көрсет дей ме, әйтеуір өкіл біткен кезек-кезек сүйрелейді. Әуелде жылаудан көз ашпаған сорлы, кейін бойы үйреніп кетті ме, келген өкілге өзі елеңдеп отыратын болды.

Змиланың жағдайы басқалармен салыстырғанда біршама тәуір. Күйеуі Сембек ауыл кеңесі боп тұрғанда осы өкілдің талайы дастарқанынан дәм татып еді, сонан ба, неғылса да түнеріп келсе де төге салуы жоқ, тәніне қамшының ұшы тимеген. Сонда да ауылға қарай әкіреңдеп шауып келе жатқанды көзі шалса зәресі қалмайды.

Бәрінен де қосақтап қой сауу оңайға түсіп жүрген жоқ. Қой қосақтаса қоюға баласы әлі жете қоймаған. Бұл өзі қойдың соңынан жүгірсе Еркіні етегіне оратылып, тұрып-жығылып, ботадай боздап, әбден зықысын шығарады.

— Әй, көмектесіп жіберші.

— Ой-бүй, мен де өзіндеймін.

— Енді қайттім, — десіп жүргендері.

Бүгінде күн аспан айналып жерге түскендей шыжи қалыпты. Қотанның ақ тақырына тұрғысы келмеген қойлар көлеңке іздеп, қараған-тобылғыға, жыра біткенге қашып сауыншыларды сабылтып қойды. Ұстаған қойын қосаққа қарай сүйреп Змиланың да әбден діңкесі құрыды.

— Әй, мынаны артынан айдасайшы, — дейді жылауын қоя қойған баласына.

— Өзің айда.

— Қап, мынаны ай, ә.

Қашаған қара саулық ит куғандай үркектеп, қолға түспей қойды. Қуса жете алмай, басқа амалын тағы таба алмай шаршаған. Қара саулық секекгеп жүріп бөтен қосаққа басын сұғып барып ұсталды.

-— Қап, сені ме, — деп өші бардай кіжінген Змила арқанды қаттырақ тартып, енді қалған екі-үш саулықты да әкеліп қосақтаған. Қырылдаған жат үн құлағына жетті.

— Не боп қалды? — деп ұшып тұрған. Қашаған қара саулық буынып, көзі шатынап, құлап барады. Қосақты тез-ақ ағытып жіберген еді, кара саулықтың басы бірер рет кекжең етті де, тұяқ серпеді.

— Өй-бүй, енді не істедім. — Змила санын соғып, енді не болдық дегендей баласының бетіне жалтақтай қарай берді. Аңырған сауыншылардың бірі:

— Өкілдер келе жатыр, — деп қорыққанынан шегін тартты.

Змиладан баска әйелдер күйбеңдеп әр қойдың желініне жабысқан. Змила боз тұманның ішінде адасып, күресінге түнеп шыққандай сілейген де қалған.

— Неғып тұрсын? — дегенге де үн қатпады.

— Жарқыным-ау, денің сау ма? Жайшылық па? — деген қоңыр дауыс санасына зорға жетіп, көз қиығын тастаған. Садық дәрігер екен. Дөңгелек бет, қызыл шырайлы жүзіне буырыл тартқан мұрты келісе жарасқан Садық дәрігерді осы ел Садық тәуіп те атайтын. Міндеті мал емдеу болса да ауырған үлкен, балтыры сыздаған баланы да қарап, қолынан келген ем, домын жасайтын. Садық тәуіптің емінен жазылмадым дегенді де естіп көрмеген. Змиланың көзінен жас шығып кетті. Өлген саулықты иегімен нұсқады.

Садық дәрігер сумкасынан асай-мүсейін алып, қойды әрі бері аударыстырды да, ішін жарып, ұлтабарынан әлдебір шөпті алды.

— Ә, — деді сонан соң.

— Не? — дегенді білдіріп әр қойдың артында отырған әйелдер де мойнын созған.

— Көзің бағжимасын, перінің баласы, — деді Змилаға қарап.

— Бұл қой арам шөп жепті, міне сонан өлді.

Садық дәрігер мұртын сылап, акті жазуына кіріскен. Әр қосақтың жанында үгінген әйелдердің де жүгі жеңілдегендей серпіліп, сейіліп сала берді.

* * *

Киікбайдың бергі алдындағы жазықтағы қалың шидің басы ауық—ауық ескен самал желмен толқи тербеледі. Қияғы бойлай өскен ши тербелген сайын суылдап, кейде сыбызғыдай сыңсып, даланың ерекше әуеніне басқан. Қалың қияқ

арасынан секемшіл жүректі селк еткізіп пырылдай ұшқан бөденеден басқа тірлік жоқ сиякты. Шилі алқаптың сонау шетінде жайылған ала бие оқтын-оқтын басын көтеріп, үрке қарайды.

Жыра-жыраны қуалай келіп ши шетіне жеткен қашқын қуған топ ала биені мана көрген. Сол ала бие-ақ көңілдерін күпті етті. Айналаға қанша дүрбі салса да жота үстіндегі обаның басына қонған қарақұстан басқа көзге түспеген. Ана ала бие кімдікі? Қашқындар сол манда жатпағай. Оның үстіне мана Еркебай құмалақ салып:

— Апыр-ай, жау бізді алып тұр ғой, — деп бәрін шошытып тастаған.

Милиция бастығы жолбасшылыққа алған Ескей мен Шөмекте ерік жоқ. Ала биенін маңына барып, барлаңдар, деп жіберген еді, екеуі де жарты жолға жетер жетпес те ши паналап, бұғып жатыр. Бастық кіжінді. Еңкейе жүгіріп, таяқ тастам жердегі түп шидің артына жасырынған.

— Әй, бастық, — деген дауыс жетті. — Енді кыбыр етсең өлесің. Нанбасаң міне.

Шидің түбін оқ бұрқ еткізді. Қуғыншылар артымен жылжып, өлдік-талдық дегенде манағы жыраға түскен.

— Атпаңдар! Бізде ерік жоқ, — деп айғайлаған Ескей мен Шөмек сол орындарында калған.

Оқтың қайдан шыққаны белгісіз. Дүрбіні әрлі берлі салған бастық манағы қарақұс дегеннің жалп етіп, төмен түсіп, еңбектей жөнелгенін көрді.

— Шәйкен екен.

— Өзі ме?

— Иә.

Обаның артынан тағы бірсу сығалаған. Снайпер винтовкасының оғы обаға шақ етті де, даланы басына көтере дыңылдап жөнелген.

Даланы кезіп кеткен оқтың даусына құлақ түре ұзатып салған Дауылбай сес көрсете орынынан көтерілді де қайта отырды. Енді қуғыншылардың қайта атпасын да, бері беттемесін де біледі. Қашқын тобының басшысы Шәйкен мерген, ол мылтықты қолдан соғады екен, оқ-дәріні шөптен жасайды екен деген сөздің ел арасына тарап, оның осы ыз-

барлы атағының өзі-ақ қуғыншыларды тұсап, жүрек отын алғаны есіне түсіп, езу тартты.

Тасқа соғылып, дың етіп бір оқ кетті. Сан қатерге бас тіккен, шексіз қиындықты бастан өткерген өмір болды-ау бұл. Иә, қашқын атанды. Батыстағы соғысқа барғысы келмеді. Кімді қорғамақ? Не үшін қан төкпек? Отыз екінің аштығында ауыл аумағымен қырылып жатқанда қазаққа кім қол ұшын беріпті. Еңіреген ана, бір үзім нан сұрап шырылдаған бала көз алдында. Обалына қараған ешкімді көрмепті. Сонда-ақ жүрегі қарайған. Анау обаға оқ атқан сорылылардың есіне сол ел жылаған шақ келер ме. Мылтық...

...Мылтығы бар болатын. Батыстағы соғыс гүрілдеп бергенде көптің бірі боп бұл да қашы. Көп пе, аз ба, өлшеулі өмір қанша дерсің, ең болмаса ағайынмен жүз көрісіп кетейін деп аудандағы Дегенбайдың үйіне келген. Депең естулі екен.

— Ажалдан қашқан екенсің, мұныңды не дұрыс, не қисық демейін, бірақ өзің адамға ажал ұсынба, — деп жалғыз ауыз мылтығын құндағынан опырып тастады.

Иә, тап сол жолы екен ғой, ауданнан Ақсуға бет алып бара жатқан. Ат тұяғының дыбысына жалт қараған. Әу дем жерде жүгіріп келе жатқан екі бозбаланы әлдебіреу қуып келеді. Жалт берген Дауылбай осы ауыл ақ топырақ алатын үңгірдің ішіне бой тасалаған. Өзенді бойлай қашқан екеу де.

— Енді қайттік,—-деп тұрды да сол үңгірдің ішіне кірді. Екеуі де ентігін баса алмаса да, сыртқа жалтақтаған.

Ат тұяғының дыбысы дәл төбелерінен естілді. Әрлі-берлі жүрген.

— Әлгілер көкке ұшып кетті ме?—деді сәлден соң. — Қап!

Бірте-бірте ат тұяғының дыбысы сөнді.

— Отыра береміз бе? — деді бозбаланың біреуі. Екіншісі иығын көтерді.

— Бері, бері жылжыңдар.

— Ойбай, — деп шошыған екеуі шығар ауызға таласқан. Кептеліп, бірін-бірі итеріп ырс-ырс етеді.

— Әй, қорықпаңдар. Мен де сендер сияқты тығылып отырмын.

— А? — деді салмақты адам дауысына мойнын бұрған біреуі.

—- Пері шайтан емеспін, адаммын. Бері қарай сырғыңдар.

— Ағатай, кімсіз?

— Әй, тірі адаммын. Өлген адам бүйтіп сөйлемейді. Қорықпаңдар енді.

— Ту, зәреміз қалмады ғой.

— Жүрегім жарылып кете жаздады.

— Жөндеріңді айтыңдаршы.

— Мен Бейсек, мынау Төлеубай, — деді ширақтығын танытқан аласа бойлы сары.

— Ал...

— Бұзудан қашып.

— Оны пәбриканың оқуы деуші еді ғой. — Дауылбай тебіндеп шыққан сақалын сипады.

— Зауыттың оқуы дей ме, білмедім. Аты жаман өзінің "бұзу" деген. — Төлеубай үңгір аузының тар тесігіне әлі де жасқана жалтақтаған.

-— Бұзуы несі? Сонда адамды жіліктеп бұза ма? — дейді Бейсек.

Екеуі басынан кешкендерін жырдай қып айтып отыр.

..."Бұзудың" атын естігеннен екеуі ауылдан шыға кашқан. Азықтары Төлеубайдың үйінен ала шыққан сынық күлше. Жүре-жүре табандары тозып, Қойкөлдің Нұраға құйылысына зорға жеткен. Өзектері талыпты. Пісіргеніне талай уақыт болған ба, сынық күлшеге тіс батпай, өзеннің суына салып отырып, зорга қаузады. Қойкөлдің Қарашоқысындағы Төлеубайдың жездесінің үйіне таң ата зорға жетті. Екі бозбаланың жайын естіген шал абыржыды. Қайтпек керек? Қазір осында колхоздың басқармасы келмек. Екеуін айранға тойдырып, үй сыртындағы шіліктің арасына жасырған. Құрсағы ерге зорға сыйған басқарманың атқосшысы да бар екен. Екі құр ат та шілік шетіне жақын отқа қойылды.

— Мініп қашайық, — дейді Бейсек.

-— Қайда барамыз?

— Қашқын көп дейді ғой, соларға қосылайық.

-— Қашқындарды милиция қуып жүр дейді ғой, бізді қоса атып кетеді, — деп сырғақтап Төлеубай көнбеді.

Жездесінің үйінде бір түнеуден артыққа бойлары сыймаған Төлеубай мен Бейсек аудан орталығында ағайындарын сағалады. Ағайынның да жетісіп отырғаны шамалы, бір түнеткеннен соң алакөз. Азын-аулақ, қарын жұбатарлық ас

тапса ағайынның үйінен гөрі кора-қопсыға түнеп кету жиі. Бәрінен де аштық өтіп барады. Жұртқа нан үлесгіретін кәртішке қолға түспейді.

— Кәртішке алатын жерді білдім,-деді бір күні Бейсек.

— Қа.. .Қайда? — деп қуанды Төлеубай.

— Редакцияда. Бөлкенбай басады екен. Мол көрінеді.

Жеті караңғы түнде редакция баспаханасының терезесінен түскен. Көрдей қараңғы үйді тінткілеп жүріп, талай дүниені ақтарып, ақыры кәртішке салынған қорапты аударып тынды. Өздеріне жетерлік кәртішке алдық-ау дескен. Ертемен ешкім көрмейтін иесіз қораға апарып, олжа бөлісті. Қуанышта шек жоқ еді.

— Ой, маған нанның кәртішкесі тимепті, кел жартысын айырбастайық, — деген Бейсектің үні әуелі шықты.

— Менде де ылғи сіріңкенің кәртішкесі, — деді сасқалақтаған Төлеубай.

Баспаханадағы ұрлық біраз жұртты шулатгы. Енді жаңадан басылған кәртішкелерді уполминзаг деген бір мекемеде сонын мөрін басып сақтайтын болыпты деген қауесет тараған.

— Енді кайтеміз? — деді Төлеубай.

— Енді ақылды боламыз.

Бүкіл аудан орталығындағы жалғыз ондық шам Омардың Исатайының кеңсесінде. Жалғыз шамның жарық пиаласын Төлеубай қойнына тыққан еді, қаусап түсті. Асып-сасқан Төлеубайдың күпәйкесінің жалғыз түймесі де үзіліп, кеңседе қалған. Сол түйме айғақ бола ма деп Төлеубайда зәре жоқ. Әзірше із жасырмақ болып, поштаның елу-алпыс газетін сыпырып кетіп, Байназардың кәрісі-қазағы аралас кенішіне тартқан. Газет қат екен. Қазағы көзі сығырайып ежелеп те болса оқуға тырысса, кәріс-орысына махорка орауға қажетақ. Алпыс газет алпыс минөтке жетпей өтіп, орта қап темекі олжаланды. Оншақты күн өткізіп, аудан орталығына қайта келген. Мұнда қызмет ететіндер, үкімет адамы ғой, басқа қара қазақтан артықтығын көрсету үшін шылым шегуге көшкен. Қақаған соғыста оларға темекі қайда, кәріс-орыстан ауысқан темекіге құмырсқадай жабылды. Түскен қырық сом пайдаға талай күн тірлік етсе де түбі көрініп-ақ қалды. Қарын аша бастады. Көзі қарауытқан Төлеубай:

— Нан табайық та, — деген. — Не амал бар?

— Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазар деген. Енді біздің шамымыз бар. Сіріңке кәртішкесін ұрлай қоймаспыз, — деп күлді Бейсек.

Түн ортасы ауа уполминзагтың да есігін шиқылдатып, ішке кірген. Кәртішке салынған кішірек сейф тісі қарысып аузын ашпады. Қарысқан сейфті күпәйкеге салып, тас қораға апарған. Сүймен езуіне кірген сейф жағын сықырлата ашып, ішіндегісін қотара салды. Бұл жолы екеуі шам жарығымен кәртішкенің әр түрінен керегінше алып, сейф есігін қайыра жапқан.

Ертеңіне аудан орталығын көзге түртпес көрінбес қою қара тұман басқан. Уполминзагтың бастығы қызыл ерін, дода бас, шалбарлы қатын айқара ашық жатқан есікті басымен сүзе тоқтап, ішінен аждаһа шыға келетіндей сескеніп, табалдырыққа отыра кетті. Әскерге жасы жетпеген, ФЗУ-ға тағы жатпайтын бозбала тәтелеп жүріп кабинетіне енгізді. Күңгірт бөлменің ішінен осы жерде емес пе еді деп сейфті сипалады.

— Әй, бері келші, — деп бозбаланы шақырды. — Сейфті қарашы, тұр ма?

— Тәте, сейф көрінбейді.

— Құрыдым десейші. Енді не болдым. Ойбой, айта көрме ешкімге. Енді қайттім, сотталатын болдым-ау.

— Әйелдің гөй-гөйіне қызметтестер жиналып қалды. Көбі қатын. Бастарын шайқап, үһілесті. Кім алды десіп күбірлесіп, пәледен машайық қашыптының керімен жұмыстарына тарасқан. Дегенмен мұны жасаған әлгі екі жүгермек, тап Бейсек пен Төлеубайдың ісі деген сөз де шықты. Қаңқу сөз Бейсек пен Төлеубайдың да құлағына шалынған. Бұл сөздің түбі тексеріліп қалатынын, ізге түссе арты жақсылықпен бітпесін бұлар да түсінді. Түскі үзілістің кезін аңдыған екеу кеңсе босады-ау деген шамада бастық қатынның кабинетіне ентіге енген. Додабас қатынның шашы жел шашқан шөмеленің шөбіндей дудырап кетіпті. Еңкілдеп жылап отыр. Жылап отырып әлдебір қара кітапты қайта-қайта сүйгіштейді. Қара кітап үлкендер тығып ұстайтын Құран ба, әлде мұғалімдер мектепте көрсеткен Капитал ма, ол арасы да айырғысыз. Шаң басқан қара кітапты олай бір, бұлай бір аударып сүйіп зарлайды.

ете көрме басқаға. Өзіңнен басқа панам жоқ, көмек етер адам жоқ.

Зарлаған әйел бұларға қарайтын түрі жоқ. Аллаға ма, басқаға ма, шексіз жалынуда. Көзінен мөлт-мөлт жас ағып, маңдайын қара кітапқа тірей сүйеді. Төлеубай қақырынды. Келген екеуіне енді ғана бажырая қараған бастық қатын Бейсектің қолындағы пышақты көріп, судан жаңа шыққан балықтай аузын ашып-жапты да қалды. Бейсек сарт еткізіп пышағын үстелге қадап:

— Сен сейфіңді неге біз алды дейсің? Біз алған жоқпыз, ол темір жәшігің анау тас қораның ішінде жатыр. Оны да біз айтты десең бауыздаласың, — деген.

Әйелде үн жоқ. Соңдарынан ілесе кіріп, босағаға сүйеніп, болған істі көріп тұрған қоймашы Сағынбай:

— Әй, балалар, бұларың не? Әкет ана пышағыңды. Енді мұндайды істемендер, ал өлмес астарыңды мен тауып берейін, - дегенде екеуі жалт қарап, қапы кеткенін енді түсінгендей бастарын изескен. Сонда да әнебір "Бұзу"дегені соңдарынан қалмапты. Маңағы атпен қуған сол оқуға оқушы жинаған кісі екен.

Екі жасөспірімнің хикаясын тыңдаған Дауылбай бұлардың өзінен де құтері бар екенін түсінген. Үңгір іші де кеш жақын екенін білдіріп, қараңғы тартып барады.

— Әй, інішектер сендер жассыңдар. Қашып өмір сүру сендерге ләзім емес. Ұрлықты да қойындар. Болса жұмысқа орналасыңдар, әйтпесе қай оқудан да қашудың керегі жоқ.

Ендігі өмір оқуда, - деп ақыл айтып, қоштасқан.

Е, онан кейінгі оқиғалар да қат-қабат екен ғой. Дауылбай обаның желкесінен қуғыншылар жаққа көз тастады да, бар екенімізді көрсін дегендей қарасын көрсетіп қайта отырды.

.. .Онан соң Бұғылының ішінде бұл Бесатаның біраз азаматы қашып жүр дегенді естіп, біледі-ау деген көнекөз қариялардан сұрай-сұрай соларға қосылған. Қарамы он алты-он жеті адам. Қырғын соғысқа барғысы келмей бой тасалағандар Серік қонған сайының терең шатқалындағы үңгірді пана етіпті. Паналап келген Дауылбайды жатсынбады. Бәрінің қолы бос. Еріккені тал арасына қоянға тұзақ құрады. Мыл-

тықдеген атымен жоқ. Күнде еңкеңдеп жуа тергеннен басқа кәсібі жоқ, не шуылдап үркітіп жүрегіне қорқыныш ұялатпаған адамнан аң да қашпайды екен. Таудың арқары мен елігі жартастың басына шығып бұларды тамашалайды.

Аңның осылай етене жүргені қайта бізді іздеушінің көзін байлайды.

Қашқын боп жүргендердің Дауылбай талайынан сыр тартқан. Көбі Ақмола түбіндегі Вишневкадағы әскерге дайындау лагерінен қашқан екен.

— Қазаққа жасаған зорлығын айтпа, — дейді Рақыжан.

- Кәмәндір орыс. Тіл білмейміз. "Жат", "тұр", "жүгірін" қазақтың көбі түсінбейді. Сонан талай таяқ жедік. Таяқ жедік деу аз, кәдімгідей допша тепкілейтінді шығарды. Тіпті бір жігітті тепкілей-тепкілей қабырғасын сындырды. Осынша итқорлықты осы маңда жүріп көрдік, ал қан майданға барғанда не боламыз. Мұнда бізге ара түскен ешкім жоқ, ол жақта "тұр" дегеніне түсінбесең атады да тастайды. Өйтіп босқа өлгенше қашайық дедік. Неміс-орыстың бірі жеңер, әзірше бой тасаласақ, артынан біз де елге оралармыз.

— Мен де сол қорлықтан қашып шықтым, — дейді Маубас атанғаны.

— Тіпті бізді тірі жан демеді ғой.

— Итке де аяушылық болушы еді.

Өзі сияқты топқа кейіндеу қосылғандардың бірі осы Рақыжан. Өз ауылынан ұзап шықпай Қосбұлақтағы мал қораның шетенінің ішінен құдықша қазып, астын үңгіп, кеңейтіп, үш адам қатар жатып еркін сиятындай еткен. Құдықша аузын жалпақ таспен жауып, шөп шалам тастаған. Ауыл өзінікі, малшылар туысқандары. Жат біреуден сезіктенбесс күндіз мал қораның қиын шығарысып, шөп шашуға көмектеседі, кеш түсе ордың ішіне түсіп, аузын жапқан малшының ел жатарда берген дыбысымен шығады да, бала-шағасының қасына қисаяды. Сөйтіп жүріп те қолға түсіп қала жаздапты. Түннің бір уағында абалап ит үріп, есік тырсылдайды. Малшы да, Рақыжан да қатты сасқан. Сасқан Рақыжан киінуге шамасы келмей жинаулы төсектің артына түсіп кетті.

— Қазір, қазір, — дейді абыржыған малшы.

— Аш! Аш, есікті.

Келген Әдек милиционер екен. Милиционердің ә дегенде бас сұққаны қоржын үйдің бір басындағы Рақыжандыкі. Төсегінен жаңа тұрған болып, көйлегін тартқыштап отырған әйел малшының атын атап.

— Неғып жүрсіз? — деп сұраған.

— Жоқ, мен емес.. .мен, мына милиса ғой, - деген малшының үні зорға шықты.

— Әй, қатын, байың қайда?

— Е, о қайда еді? — деп таңдана сұрады Рақыжанның әйелі.

— Ім.. .м. - Әдек милиционердің тісі шақұр-шұқыр.

— Мана мал қораның маңынан екі-үш еркекті сыртынан көргендер бар, олар кім? — деп сұрады Әдек малшыдан.

— Енді...енді...мына қатындар...

— Біз шалбар киіп, иығымызға күпәйке ілмесек қорадағы боқты қалай шығарамыз. Жалғыз көйлекті сүйретіп боққа саламыз ба? - деп шарт етті әйея - Ендігінің еркегі біз. Соны сөз деп...

Милиционер Әдек шыға жөнелді. Қоржын үйдің екінші басындағы милиционердің қорылы күшейген тұста төсек артына қыстырылып, әбден тұншыққан Рақыжан да мал қорадағы жатағына жайғасса да, бұл маңның андулы екенін, Әдектің дүрбі салып, сырттай бақылап келгенін түсінген.

Әдек милиционердің қашқындарды ұстау үшін Ақбұлақ колхозын күндіз күзетіп, түнде түнделетіп жүргенін білгендер де аз. Қыс бойы бар әлеммен Жарық стансасы арқылы ғана қатынасатын Шет, Ақтоғай аудандарының көлігі осы Ақбұлаққа соқпай өте алмайды. Тағылы-Бұғылыдан аса соққан бұл маңның бораны да қатты. Күндіз-түні болдырған атын шушулеп, шанасын шиқылдатқан жүргіншіден ауыл да ығыр.

Колхоз аты -Ақбұлақ,

Шауып өпітім, шапқылап.

Қатындары қондырмайды,

Шетінен ылғи..., - деген өлеңді естімеген адам жоқ.

Көп жүргіншілердің бірі боп, тымағын баса киіп сөз андыған Әдек екі әйелдің:

— Ертең байыңды әкелемін, - деғенін есік артында тұрып естіп қалды. Сүтжанды таниды, ол, ана қатынның байы қашқын тізімінде. Ертеңіне келген-кеткен шанадан көз алма-

ды. Шанаға жегілген кәрі торы ат көзіне оттай басылды.
Жайдақ шанада бүркеніп екі әйел отыр. Қолын бұлғап тоқтатып еді, ат айдаушы әйелдің жанындағы Сүтжан жүгіріп келді.

маса.

Шана орнынан қозғала берді. Ат айдаушының қамшы сілтеуі мен делбе қағуы тым ширақ, әйел адамның қозғалысына ұқсамайды.

ның басынан орамалды жұлып алған. - Е, сөйдесей-ші... Рақыметжан қашқын, қатын болды де. Әдек мырс-мырс күліп айызы қанып тұр.

Жаңа біразда ғана кеткен шананың іле қайтып келе жатқанын қораның үстіндегі Рақызан жұрттан бұрын байқады. Секем алған. Кеткен екеу еді, қайтқан үшеу. Екі еркек, бір әйел. Бір жағдайдың болғанына еш күмән қалмады. Сырғып қораның сыртына түсіп, ағаш арасына кірді де ауылдан ұзай берді.

Әдектің тура мал қораның алдына тоқтап, үңгіршенің қақпағын аштырып:

Рахметжанды ішіне түсіргенін, оның:

әйелдердің бірінің Әдекке көзін қысқанын:

- деп тапаншасын көкке атқан соң:

қосылған жас жігіттің үңгіршеден бас көрсеткенін Рақызан кейін естіп білген екен.

бүгін қайда екенін Дауылбай да білмейді.

Серік қонған шатқалының басындағы үңгірде тағдыр Рақызанмен қалай кездестірсе тағы солай айырды. Мұндағылар ештемеден тапшылық көрмеді. Іргедегі Бұрмада жазықты деп сотталғандардың лагері бұлар үшін дайын ас. Қарындары ашып бара жатса қой-ешкісінен, тайынша-тана-

сынан әкеледі де, жығып алады. Анау Қарамұрын, Қарабастағы лагерлерьдегі мал да бақтырып қойғандары тәрізді. Ең жақсысы жеке біреудің мойнына да мінбейді.

Елмен көбірек байланыс жасайтын Әбжан. Жазғытұрымның бір шамасында қыстаудағы шөбі таусылып, далада тасылмай қалған шөпке малын жайған Тарғын ақсақал қашқын боп кеткен Әбжанды көре қоям демеген.

Әбжансың ба? Тірісің бе?

Екеуі ел жағдайын сұрасып, ұзақ әңгімелесті. Әрі-беріден соң Тарғын ақсақал, қарны ашты ма, қалтасынан бір екі сықпа құрт алып, біреуін Әбжанға ұсынды. Ақсақалдың бары осы сияқты. Өзі де әбден жүдеу. Құртпен аузының дәмін алған Әбжан дорбасын шешіп, ақсақалға піскен ет берді. Тоя жеген ақсақал қайдан алдың да демеді.

Көп сұрауы жоқ ақсақал Әбжанға да ұнаған. Бұларга ет дәнікер болмаса да нан тапшы. Ақыры Әбжан күнде осы жерге ет әкелетін боп, ал ақсақал нан тасуға келіскен. Күндер өте берді. Жаз да шықты. Үйіндегі кемпірінің де жағдайын ойлаған Тарғын шал "шикі ет" болса дегенді де айтып қалған.

Тарғын ақсақалдың бәйбішесінің жат көзден жасқанып шәйнекке асқан етінің исін осы үйге күнде келгіштейгін көрші келіншек сезсе де тап баса алмай жүр еді. Акыры дәл үстінен түсті.

— Апа, етті қайдан алғансыз?

— Қыстан қалғаны ғой.

— Қыстың сүрі еместей ме...

— Ұнның арасына тығып едім.

Өтірік ұзаққа бармай, ақыры сол келіншектің құлағына сыбырлап.

— Өзімізсің ғой, ана шал, - деп біраз әңгімені айтып, тісіңнен шығара көрмемен тынған. Біраз күн шыдаған келіншек әлгі бір сөз ішін жарып бара жатқан соң, көрші әйелге сыбырлаған. Ол күйеуіне "ойпырмай, сен ешкімге айтпа" мен жеткізіпті.

Іші пысқан Дауылбай Құсмұрынның басына шыққан. Осы маңның аса биігі Құсмұрынның дәл басында кішігірім

үйдей үңгір барын, онда жазы-қысы не қатпайтын, не таусылмайтын су барын естуі көп. Рас екен. Қасиетті үңгірдің киесі бар, тарыққанға көмегі, дерттіге шипа деген соң тасына арқасын сүйеп отырып қалғып кетіпті. Біреу түрткендей. Көзін ашқан. Айналада ешкім жоқ. Түрткені анық сияқты еді.

Сай-саймен аяңдап, Серік қонғанның қарсысындағы биікке өрлей беріп, айналаға көз жүгірткен. Көп қашқынның жатағының тұс-тұсынан мылтық асынған адамдар қоршап келіп қапты. Күнде шатқалдың биігіне шығып бір қашқын отырушы еді, бүгін ол да жоқ. Сырттай көзін сатқаннан басқа ештеме калмады.

Гүрс еткен мылтық бәрін оятты. Үңгір алдында жатқандары ішке қашып, іштегілері сыртқа тырмысқан қат-қабат сапырылыс.

— Шығыңдар, кәне!

— Қарсыласқаның атыласың.

— Қолыңды...қолыңды көтеріп шық.

Келгендердің иттері де бар екен. Арсылдап үңгір алдындағы талға ұмтыла берген соң милиционердің бірі:

— Әй, тал ішіндегі, қазір шық, әйтпесе мына итті жіберемін. Бұл кісі жейтін ит, быт-шытыңды шығарады, — депІдауыстаған.

Тал ішінде қарақат теріп жүрген Әлжан қоршауға түскенін ең соңынан білген. Қашатын жағдай жоқ. Ана итті жіберсе аман қалмасы да анық. Қолындағы алмас кездігін томарға шаншып, қол көтеріп шыға берді. Талай жыл түрмені атқарып, сол кездікті тағы да өзі аларын сол шақта ол біліп пе.

— Біреу, екеу.. .тоғыз.. .он бір... - Үңгірдің аласа аузынан сыртқа еңбектеп шыққандарды милиционер жігіт санап тұр.

— Ей, мыналар бір қора ғой.

— Санынан шатасып қалма.

— Жоқ, енді бұларды ма..., - деп кіжінді мосқалдау біреуі:

— Он алты болды.

— Ішінде қалып қоймасын. Бірің кіріп шық.

— Е, қойшы..., - деп үңгірге кіруге ешқайсы батпай тұр.

— Әй, шық енді, болды жасырынғаның, - деп мосқалы дауыстады.

Үңгір аузынан тағы бір бас кылтиды.

— Мынаумен он жеті.

— Ойбай, Сәке, сіз кайдан жүрсіз, — деді ең соңынан шыққан Сағындықты танып. Әрі Сағындық қашқын тізімінде жоқ еді.

— Жұрт жүрген жерде біз де бармыз ғой,- дейді Сағындық та.

Бұл әңгіме де жұрт аузына ілініп, талайдан соң Дауылбайдың құлағына жеткен. Бақса сол Құсмұрындағы үңгір тегін емес-ау. Әйтпесе сол көптің бірі боп кете бермес пе еді.

Манағы бір сәтте сонау белдерден аса соққан ерке самал үстіндегі шапанының жеңінен кіріп, шалғайын сипалап, мойнына орала берген соң төсін ашып, рахат сезімнің құшағына еріген. Түс ауа самал аңызақ боп есті. Маужыраған хәлді аңызақ қуып, ерні тобарсып, шөл қысқан. Жыраға жасырынған милиция тобынан біреуінің бөлініп, өзекті бойлай әрі кеткенін көзі көрген.

— Әй, Болпанов, сен комсомолсың. Осындайда сен көрсетпеген ерлікті кімнен күтеміз,-деп, милицияға жаңа тұрған Қасенді қашқын атанғандардың ту сыртынан жібергенін білмеген.

Өздері жасырынған ескі қораның ар жағынан, Киікбайдың қолдың саласындай қатар жатқан жотасының бірінен бері беттеген манағы милиционер жігітті тағы көзі шалды.

— Мынасы несі? Жалғыз, — деп күбірледі Дауылбай.

Мылтығын кезей ұстаған милиционер жігіт қораға жақындаған сайын қашқындардың да күйбеңдей түсуі көбейе берді. Аңызақ басыла жиналып, кешкі ымыртпен бұл маңнан алысырақ кетуге ұйғарысқан. Жалғыз милиционрдің бойтасаламай-ақ келе жатуы бар жоспарды бұзды. Жалғыз келу не батырлық? Бұлар осылай кеш түсуін күтіп отырғанда қуғыншылар жан-жақты орап та алған шығар. Мына жалғыздың артында күш бар шығар. Әлде жаңадан тағы бір отряд келіп, бұл соларға сеніп осылай беттеп келе ме?

— Не істейміз? — деді қашқынның бірі Қали.

— Қашайық. — Ожамбектің қасқыр көрген ешкідей үрке жөнелер халіне ешкім күлмесе де, қағыртпа және болған жоқ.

— Қашып... — Ермекбай Ожамбекке жақтырмай қарады. — Ана қырдың артында қарулы мылтық, оңтайын күткен куғыншылар жатса не боласың.

— Аттарға да жете алмай қалдық-ау. - Ожамбек қашып жан сауғалауды әлі аңсап отыр екен.

— Бара ғой, бар. Әуелі өзіңді келе жатқан милиционер-ақ атып тастасын. - Айтқан уәжі санасына кірмегеніне ренжіген Ермекбай Ожамбекті қыжыртты.

— Жанымды тастай алмай жүргем жоқ, - деп Ожамбек одырайып шыға келген.

— Қоя тұрыңдар. Дау ешқайда қашпас,- деген Шәйкеннің дауысы екеуін де тоқтатты.

— Не амал бар? - деген Қалидың дауысы тағы шықты. Қалиға мойын бұрмаған Шәйкен.

— Әй, шырағым. тоқта,- деп айғайлады милиционер жігітке.

— Жас, албырт екенсің. Жөніңе кет, балақай.

Мылтық гүрс етті. Қаңғыған оқ төбенің топырағын бұрқ еткізіп, қораға жасырынғандардың мойнына күл құйылды.

— Әй, қарағым, сені сырттай білеміз. Қасенсің ғой... Сенде бар мылтық бізде де бар. Жалғыз өзің бізді жапырып кете алмайсың, кері қайт.

— Қатарынан үш-төрт рет атылған наганның оғы есікке тиіп, шіріп тұрған тақтайлары быт-шыт боп ұшты. Кетеуі кеткен есікті Ермекбай жұлып, лақтырып жіберген.

— Қасен жалғыз сияқты. Артында басқалар болса мына атыстан кейін бой көрсетер еді,- деді Ермекбай.

— Осы жалғыздың өзі пәле боп тұрған жоқ па. Көп болса аянбай атысар едік, амал таусылып тұр.

— Көтер қолдарыңды! Шық! Түс алға!-деген Қасеннің өктем үні жетті.

— Қап, мынаны. . . - Шәйкен мылтығын сілтей беріп тартып жіберген. Қасеннің басындағы қалпағы сонағұрлым жерге ұшып түсті. Жас милиционер абыржып, қалпағы мен қора жаққа кезек жалтақтап, сәл тұрып қалды.

— Шырағым, қайт. Бас киіміңді әдейі аттық. Ату оңай екенін көрсін дедік. Осымен шектел енді.

Ақыл айтып орнынан тұра берген Шәйкенге оқ атылды. Қан бұрқ еткен иығын ұстап:

— Ай, шырағым-ай, — деді ауырсынған Шәйкен.

Өзіне оқ жұмсалмағанына дандайсыған Қасен қораның ашық есігі мен үңірейген терезесіне кезек оқ атып, шығыңдар деп айғайлап таяй берген. Қашқындармен ара он бес-жиырма қадам ғана. Бой тасалағандардың түсі бұзылып кетті. Қораның ішінен шаңқ еткен мылтық дауысымен қоса нағанын кезей ұстаған Қасен кескен теректей опырылды.

— Қора жақтан біреу қол бұлғап Дауылбайды шақырған. Кеш батуын күтпеді. Бұлақтан төмен жайылған аттарды ұстап, соңымыздан қумасын дегендей әлденеше рет оқ атып, сай-сайдың арасымен түстік жаққа бет түзеген.

Тағдырдағы жазуы солай ма, әлде мұны осы көзсіздікке жұмсағандар жазықты ма, ескі қораның аузында опырыла құлаған Қасен қала берді. Жарауы жарасқан, біраздан бері арқасына ер тимеген аттарына мініп Шәйкен тобы күндіз бой тасалап, түнде жортып, Шу бойына өтіп кеткен. Кісісі өлген милицияның іздеуі үдей берген соң Алатау асып, Қырғыз жұртында біраз болды. Ол жақта бұларды жатсынған да ешкім болған жоқ, кет деген емеурінді де байқамады. Қайта зобалаң жылдары сол жаққа сіңіп кеткен қазақ ағайындар Арқа көшіп келгендей қуанысқан.

Жыл өтті. Елді аңсау көбейді. Арқаның төріне оралып, тобымен баспана тауып жату да оңай емес. Ақыры Балқаштың Арқаға таяу бір жерінен орын тебуді жөн санасты. Ермекбайдың алыс ағайынының жесір әйелі бұлардың жоғын базардан тауып беретін сенімдісі болуға да келіскен.

Әуелде бәрі ойдағыдай еді. Жиырма-отыз күнде бір соғатын, маңайында қара-құрасы жоқ, көлді айнала қоныстанған шағын ауылдардан бөлек, жесір әйелдің шошайған жетім тапалтақ тамы таптырмас бой жазар мекенге айналған. Бір келсе екі-үш күн сейілдеп, көлге түсіп, ау сүзіп дегендей жетісіп қалатын.

Жесір қатында да ес жоқ, жатып жастық, жазылып төсек. Шәйкен тобының қалтасы да бос емес. Оның үстіне жымқырылып кететін бірер малды сойып та, тірідей де осы әйел арқылы өткізіп, керегін алдыртады. Жесір қатынның да пайдасы шаш етектен шығар, қалтасына кім түсіп көріпті.

— Ағатай, — деп біреуіне,

— Қайным, — деп талайына жылмаң-жылмаң.

Соңғы бір келгенде жесір әйелдің сөз саптасы бөлек көрінді. Бұрынғыдай ашық-жарқын сөйлеспей, жасқана бетін бұра беретініне Дауылбай танданған да қойған. Әркімнің көңілінде "әне бір істен ұялған ғой" тұрған шығар, байқағаны болса да ешкім тіс жармады.

Осы жолы әйелдің жүріс-тұрысы тіпті өзгеше. Кіріп-шығып, дедектеп, қолды-аяққа тұрмайды. Әуелде бір амандасқаны болмаса ешкімнің жүзіне қараған емес. Бұрынғы айналып-толғану да сап тыйылған. Самаурынды да есік алдынан ұзата шығарып қойып, қайта-қайта түтінін будақтатып әлек.

Дауылбайдың жүрегі әлденеден секем алғандай. Не екенін өзі де білмейді, бірақ бір орында байыз тауып отыра алмай, бұл да кіріп-шыға берді.

— Осы, сен, жеңгеңнің артынан ере бердің ғой, — деп күлді Ермекбай.

— Е.. .hc.. .he, білеміз ғой, мұны, — деп басқасы даурығысты.

Бір қаға берісте:

— Бүгін осы жерден кетіп қалсақ қайтеді,- деді Дауылбай Шәйкенге.

— Неге?

— Жайсызданып жүргенім.

Тілегі өтпеген Дауылбай есік алдына шапанын жайып қыздырылғанбоп қисайды. Күн кешкірген сайын жесір әйелдің жүйткуі де жиі. Тапал тамның сыртында жатқан сатыны көтеріп бір қойды. Онан тағы келді де үйдің төбесіне шығып, күн салып қарап, жел жоқта пештің мұржасына терістігінен қалтқы тұрғызды.

— Мұнысы несі? — деп тамсанды ұйықтаған боп, сығырая қарап жатқан Дауылбай.

Есік алдында күйбеңдеген әйелдің Дауылбайға жалтақтауы да жетерлік. Ендеше деп бас көтерді Дауылбай.

Үй айналған боп, сатыға сүрінгенсіп, сатыны алғашқы орнына жыққан. Бір шамада тағы тысқа шыққан еді, сатының ернеуге тағы жабыса қалғанын көрді. Тегін емес-ау деп түйді іштей.

Жеті қараңғы түнде Дауылбай сытылып шығып, көл жағасындағы күркенің төбесіне түнеді. Әуелде біраз елегізіп еді, көл жиегінің бақасының құрылынан басқа дыбыс естілмей, өрепкіген көңілі де басылды. Түн де өтер емес, кірпігі де айқаспады. Қарап отырып өткенін аңсап еді, аңсай қоярлықтай да ештеңе таппады. Баяғы бір-бірінен өткен қиындық. Аштық еске түссе жан шошиды. Туысқандарын жалмаған жылдар. Онан қалса халықты топалаң тигізгендей үркіткен халық жауын әр түтіннен іздеген кезең. Онан соғысы. Жалғыз інісі Рысқұл мен анасының не күй кешіп жатқаны белгісіз. Әйелі мен қызы бар еді, олар не күйде?

Балық құйрығымен көл бетін сабағандай болды. Түнде де балық дем алмайды екен-ау. Шолп-шолп етті де басылды. Сонан соң сонау маржандай тізілген жұлдыздардың бірі ағып түсті. Аққан жұлдыз тіпті жақын өткендей айналаны сәулелендірген.

— Ой, — деген дауысты анық естіді.

Қараң еткен көлеңкені де көзі шалғандай. Дүрсіл қаққан жүрегін басып, су боп кеткен маңдайын сипады да, тағы үңілді. Еш қатесі жоқ. Тапал тамның ар жағынан әлдекімдердің сұлбасы көрінді. Үйді қоршап та қалғандай. Көл жағалап бой тасалап келе жатқандар күркенің жанынан өте бере Дауылбай сырғып түсті де, артына қимай қарады. Дәрменсізін білді. Баланың жұдырығындай тасты алып, жолдастары жатқан терезені жобалай лақтырған. Сынған терезе әйнегінің сылдырымен қоса үйдегілердің де дауысы қосашықты. Ашық есіктен сырттағылардың да лап қойғанын көзі шалды.

Көл жағалай жүгіріп, қамыс арасына жасырынған қайыққа кезігіп, құлаштай есіп жөнелді.

— Қап! Әттеген-ай, — деген бір өкініш жегідей жесе де артына қарауға мұрша жоқ.

* * *

Желкеден жекірген дауыстар сап тыйылды. Сап тыйған арс етіп босағаны қапқан темір есік. Темір есіктің ар жағында олар, бер жағы... Иә, мұңк еткен қоламса иісі бар тар камераға Әлкәдірді көк желкеден қаттырақ нұқып, тығып жіберген. Жиырмадан жаңа асқан жігіттің абақты туралы

естуі болса да көргені осы. Ол мұны күткен. Көрінбейтін біреудің Алланың пендесін бір шыбықпен айдайтын заманында көрінбес билеушіге қарсы шығуының соңы осы боларын сан пайымдаған. Абақтының суық бөлмесінен гөрі ызғары басым тәрізді.

Үстіндегі лыпасы — жалғыз көйлек. Суықтан түршіккен денесі дір ете қалып, қолға біз түстік, енді кімдерді сақтай алар екенбіз деген уайым-үреймен қосақталған. Қарағандыдағы КГБ деген үрейлі мекеменің жер астына жуық абақтысына күн бата жеткізген мұны бірден жауапқа алмай, түрмесіне тыққан. Қаракөлеңке бөлме. Секірсең бой жетпейтін биіктегі темір торлы ұяның ар жағында сығырайған шам. Қаракөлеңкеде терезе дегеннің бар-жоғын аңдай алмады.

Соңғы кезде кей жұрттың өзінен сырғақтай бастауынанақ айналасының тарыла бастағанын сезген. Оның үстіне аудандық прокуратура үйі деп аталатын ұзын барақта біреулер жатады екен, күндіз көрінбей, түн баласы шығады екен деген де қауесет құлаққа жеткен. Кең дүние тарыла бастаған сайын бұл да сақтықты күшейтті. Кеше ашық кездесетін жолдастарына айнала байланысты үзу туралы ескертіп, өзі Зейінмен кездейсоқ жолығысқан болып қана жүздесіп жүрді.

Күн сайын ызғар лебі таянып келе жатқандай. Түрменің қамағанын қайта шығармайтын үңірейген аузына істер не шара. Нұраның суын жалдап жүріп Көшкін әлдене айтқысы келгендей сыңай таныта берген. Әлкәдір сөзге өзі шақырды.

— Осы тың игеру деп даламызға көккөз сары баланы толтырып жіберді.

— Иә, - деп күрсіне жалтақгады Көшкін.

— Сізде де қарсы пікір бар сияқты еді-ау.

Көшкіннің жүзі сұрғылт тарта берді. Жаңағы бір мезетте сығып тұрған шулығын ұмытып, сорғалаған суын үстіне ағызды.

— Сен байқа.

— Неден шошындың?

Көшкін айналаға тағы жалтақтаған. Жақын маңда ешкімнің жоғына көзі жеткен соң ғана шешілді.

— Ондай сөзді енді аузыңа алма. КГБ сен туралы менен жауап алды. Қатты қысты. Бір айтарым, бірге оқыған жолдастың кейбіріне сенбе. — Көшкін апыл-ғұпыл киінген . — Ал, бөлек кетейік, — деп мұны өзен бойына тастай жөнелген.

Бір жолы дәрігерлікті жаңа бітіріп келген Сайлау "Осы біздің шет азаматтарын КГБ көп сұрайды, сен де сақ бол" деп қалғаны бар. Әлкәдір кеш қалғанын түсінгелі қашан.

Сол жолы Ақшатаудан жіберілген үнпарақтардан соңақ араларына КГБ салпаңқұлақтарын жіберетініне күмәны қалмаған. Енді мына абақтының суық бөлмесінде өткенге көз жүгіртіп, ұсталудан аман қалғандарға қауіп төндірмеуді ойлағаннан басқа амал жоқ.

Осыдан бір апта бұрын інісі Рахатты түн ортасында далаға ертіп шығып, шарбақтың ішіндегі көмбені табанымен басып тұрып:

— Менен ештеңе сұрама. Бірақ жақында бір қиындық болар, сонда осы жерді аш. Темір жәшік шығар. Оны Төлеуқұл әкелгенін көргенсің. Соны саған тапсырдым, - деген.

— Ол не? — деді дегбірі кеткен оныншыны биыл аяқтайтын інісі.

— Оны, әзірге, сұрама. Кезінде көрерсің.

Үйді қоршап алған екен. Әлгінде көшеде көрген солдаттар иттерін арсылдатып, мылтықтарын кезей қапты. Көрші біткеннің сыртқа бас көрсеткені жоқ. Бірімен бірі жарысқан екі капитан жоғарғы жақтың әлдебір қағазын оқыды. Миына кіргені мұны ұстауға, үйін тінтуге болады екен. Әкесін өз бөлмесінен шығармай қойған. Күнде еркелеп мойнына асылатын бес жасар кенже інісі Барлық кіре берістегі тіреуді құшақтап, бір жаманшылықты жүрегімен сезіп, сілейіп қапты. Бөлме сайынғы екі-үш чекисіне көнбей от жаққансып шыр-пыр боп жүрген байғұс шешесі Бақыт қана.

Қопарып-ақ жатыр. Шашылған кітаптан аяқ алып жүргісіз. Көрпе жастыққа дейін сілкілеп, сыртын сипалап, қолына қатқылдау көрінгенін тіліп, қабырғадан қуыс іздеп соққылап әлек. Әлкәдір аузы ашық шифонердің алдынан сырғымады. Әзірше тінту оған жете қойған жоқ. Қаттаулы көйлектің астындағы дәптерге әлсін-әлі көз жүгіртіп қояды.

Түрменің суық камерасында дірдек қаққан Әлкәдірдің есіне Шортанбай жыраудың

Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгеңдей,
Абақты тұр қасыңда,
Қазулы дайын көріңдей, —

дегені түскен.

...Сол дәптерде Шортанбайдың атқосшысы болған марқұм Әбеу ақсақалдан бүгінде дүниеден озған Көпжан ақсақал көшіріп алған Шортекеңнің өлең-қиссалары. Мына чекис дегендердің қолына түсірмеу керек. Гу етіп құлаған көп кітапты ақтарып екеу, куәгер ретінде енгізген Қоржынбайдың Әукелегі отыр. Жерден жеті қоян тапқандай тұқаңдаған екеудің бас көтермеген сәтін пайдаланып, есіктен бері аттаған шешесіне Әлкәдір дәптерді лақтырып үлгерді.

Шешесі көйлек ішіне тығып үлгерген дәптерді көрген куәгер Әукелек қозғалақтап, і. . . і. . . і. .. деп ыңырсып, жалтақ қаққан. Әлкәдір саусақ ұшын еріне таяп, үндемеңіз дегенді білдірді. Төмен қараған Әукең қос чекис ақтарып жатқан кітапқа үңілгенсіді. Ауызғы бөлмеден шешесінің от қағысғырғаны,"әй, не жағып жібердің" деген әлдекімнің қатқылүні қоса жеткен. Соңғы айғақты қағазды шешесіне өткізіп, өткенмен есеп айырысқандай боп тұрған Әлкәдірдің қолынашынжыр білезік салып ала жөнелгенде кереуетке сүйеніп қана қалған жас қосағы Гүлімге қош деуге шамасы зорға келді. Есіктен шығарда қайырыла қарап кенже інісі Барлықтың тіреу құшақтап, еңіреп тұрғанын көзі шалды.

Өмір осымен біткен сияқгы еді. Жоқ, түрменің босағасынан әрі өлі тірлік бар екен. Ені бір жарым, ұзыны екі метр камераның бұрышында зәршелек. Қашаннан бері екенін түрмебасы білетін шығар, мүңкіген исі қолка қапқан. Темір кереуеттің үстіне отыра беріп еді, үріккен тайыншадай тоңқаң етті. Түрмеде өлтіре сабайды деуші еді, мұны да майып қып тастаған ба, бір аяғы, бір аяғынан кем екен. Цемент еденге тарс еткен кереует аяғымен қоса темір есіктегі көздіктен күзетші сығалаған. Ә, мейлі, бұл өмірді үлкендер жалған деуші еді, жиырмадан асқанша көрген қызығы бір күнгі түстей-ақ. Ендігісі өлтіріп тастамаса ібірі ме, сібірі ме бірдемесі болар. Немене көрген қызық, көрмегендей, деп Мәди жырлағандай өмірге өкпелі емес. Тек қосылғанына айдан жаңа асқан Гүлім болмаса. Соған обал болды.

Ақсақ кереуеттің сирақтарын аяғын суытқан аттай кезек алмастырып отырып кімдердің тұтылып қалғанын ойлаумен болды. Қалаға кеткен Зейін ертеңіне хабарласуы керек еді, тіл ала алмады. Бұл бірінші қауіп. Хабарсыз кеткеніне қарағанда оның да тұтқындалып қалуы мүмкін.

Осы қалада Ерғалы бар. Онымен Әлкәдірдің байланысы барын Зейін ғана біледі. Ерғалы оқитын политехникалық институттың Әлкәдір есігін ашқан емес. Көшеде кездейсоқ ұшырасушы еді, оның өзін кілт тыйғандарына пәленбай айдың жүзі болды. Оған қауіп жоқ сияқты, ізіне түскенін сезсе ол осы уақыттың ішінде хабар бермей қоймас еді.

Марал... Жастайынан бірге өскен Маралды өз басы қатты ұнататын. Сондықтанда болар, ЕСЕП туралы сездіргені бар.

ежіктеген Әлкәдір. Әлкәдір онан арғыға бармады. Денсаулығы кем Маралдың әйтеуір бір түсінігі болса жарар деген. Кейінгі кездесулерінде Марал қанша сұрағыштаса да:

Бұлар басын бәйгеге тіккен бұл істің бір шетін сонау Ташкен асып кеткен Мекіш қана біледі. Мейлі, қанша тінткілесе де онан ештене таппас. Істің бір ұшын біледі-ау деп қауіп ойлап отырған Әлкәдір ширек ғасыр өткен соң сол Мекіштің баласы желтоқсан оқиғасы дегенге қатысып, өлердей таяқ жейтінін б'іліп пе.

Сібірдің бір қаласына оқу іздеп кеткен Бекежаннан қол үзіп қалғанына қатты өкінуші еді, ақсақ керуетпен қоса тербеліп отырып әлі де бармағын тістеді. Омбы-Томбы деген талай қазақтың ата қонысы. Солардың жүрегінде намыс отын тұтату керек еді. Орыстың есіне келмейтін Қазақстаннан алыс жерде ұйым құрылмай қалғаны-ақ өкініште.

Түніменен темір кереуеттің үстінде теңселіп, ұйқысыз өткізген Әлкәдірді ертемен жауапқа шақырды. Тергеушісі өзі көрген екі капитанның бірі. Өзін Бұқпанов деп таныстырған. Темекісін сорғыштап, кіргеннен Әлкәдірді жақтырмағанын қас-қабағынан байқаткан ұзын орыс аты-жөнін айтуды артық санады ма, облыстық прокуратурадан екенін білдірген де қойған.

Аты-жөнін жазып алғансыған тергеуші:

— Ал, сайра, — деді-

— Түсінбедім.

Түсібейсің...түсінбегенсисің, — деп кекетті Бұқпанов.

Әлкәдір міз бақпады. Осылардың қолында не бар екен әуелі соны шамалап алғанша өзінің аты-жөнінен басқаға не істесе де жауап бермеуге бекінген. Бүгін-ертен ұрып өлтіре қоймас.

— Әй, тілің бар ма?

— Сіздің не сұрап отырғаныңызды білмедім.

Прокурор орыс мұнымен несіне тәжікелесіп отырмыз, үндемесе тілін шығарар талай әдіс бар, тіпті тілін жұлып алса, қағазға өздерінің сыбайластарын да оңай жазып береді деп бастап жарым сағат ақ тер-көк тер боп шырылдады. Шыңшың еткен дауысы неткен жағымсыз деп ойлады Әлкәдір. Прокурор мен тергеуші кезек-кезек сұрағыштап, миын қатыруға айналған. Жақтары талған екеуі шақыртып алды ма, үшіншісі кірген. Толық қара жігіт пагонсыз екен.

— Інішек, біз саған жақсылық ойлаймыздан, — бастап талай жерге бұл да барған. Әлкәдір үндемеді.

— Мынаның есі дұрыс па? — деді орыс прокурор.

— Оны тексертпесек, - деді тергеуші.

— Біз сенің тіліңді шығарамыз, ү-ү.. контраның ұрпағы, деп прокурор орыс міз бақпаған Әлкәдірдің жанына жетіп келіп, жер тепкілеген.

— Мен сіздің қайдан тәрбие алғаныңызға таңғалып отырмын. - Сілікпесі шыққанша айғайласқанда тұтынушыдан естіген алғашқы сөз осы.

— Не дедің?

— Не естісеңіз - сол.

— Ах, кал... - орыс жігіті ар жағын айта алмай екі қазаққа жалтақтай қарап тұтықты.

— Міне, міне, қолында билігі бар. Сіз де қазақты калбит деп тұрсыз. Мені осы түрмеге неге жапқандарын түсіне алмадым. Түрме аз ұлтты кемсіткен адамның орны.

Телефон безілдеп қоя берген. Құлағын төсеген Бұқпанов орнынан тік тұрып тыңдады. Тыңдаған сайын сымдай шыратылып, өңінде бұйрықты қалт жібермей орындайтын рай білінген.

— Әкетіңдер, ананы, — телефон құлақшасын тастай бере тергеуші әмір еткен.

Күні бойғы айқұш-ұйқыш сұрақтан миы қатқан Әлкәдірге суық камера жылы ұядай көрінген. Бұл басы ғана,

шыдамға үйрене бер деп өзін қайрай түсті. Тергеудің кілт үзілгені, сірә, сұрақ-жауапты сырттай тындап отырған біреуге ұнамағаны шығар деп түйді.

— Отбой, отбой, - деп өтті сырттағы күзетші.

Мұнысы жатуға рұқсат бергені. Бүгін ертеңгі астан да, кештік дәмнен де құр қалғанын асқазаны сызғаннан аңғарды. Темір кереует мамықтан кем еместей.

Қалғып кеткен екен, әлем төңкеріліп бара жатқандай болып, ақыры гүрс етті. Төңкерілген әлем де, гүрсілдеген де өзінің ақсақ кереуеті екен. Ұйқысы ашылып, өткеннің тәтті елестері көз алдына келіп, жүрегін бір сәт сағыныш биледі. Есіне өткен жылы Аюлының танктас аталып кеткен Құсмұрынына барғандары түсті. Орысша декабрьдің он бірі еді. Өзіне ерген бір төп жас Аюлының аршалы биігіне көтеріле берген. Даланы басқан қалың тұманнан жоғары көтеріліпті. Көз жетер жердің жазығы теңіздің толқынындай бұйра-бұйра калың тұман. Түстіктегі Байназар, Матақ таулары теңіздің ортасындағы аралдай-ақ жеке-жеке қылтияды. Түйетас, Қатпардың үстінен сырғыған бұйра тұман теңіздің астындағы жартастарға соғылған толқындай ақжалдана серпіліп жатқан. Ұлы даланың осы бір кейпі, сонау биіктегі шарбы бұлттар арасынан сығалаған күн ақын жанды Әлкәдірдің жүрегін тербеген еді.

Енді ол сәттер қайта айналып келер ме. Соны көргеніне ризашылық. Мүмкін ұлы дала менің осындай қасиетімді көр, мені қорғай біліндер деген шығар. Манағы бір орыс калбит деді-ау. Тамақ іздеп тентіреп келгендер өздерін осы даланың иесі санамақ. Патша зеңбірегімен бағындыра алмаған даланы бір ауыз қатты сөз шығартпай табанға салдық дегенді осы келімсектерден сан естіген. Естіп тісін қайрағандарды сан көрген. Бұлар кіжініп қана қойған жоқ, сол даланы, оның ұлы перзентерін сақтау үшін айқасқа шықты. Несі айып? Тек мына залым күшпен айламен алыса білу керек. Ертеңіндегі тергеуден шіңкілдегсн орыс прокурорын көре алмады. Оның орнын мосқал орыс басыпты. Айыптысы қазақ екен, кешегібүгінгі қаралаушысы орыс. Қазақстан Республикасы деп аталушы еді, неге бұлай деген сауал көкейіне келсе де, шапылдасып бет тырнасқаннан гөрі, әлі де болса әліптің артын баға тілдесуді жөн санады.

Бүгінгі сұрақ Әлкәдірдің облыстық газетке шыға қалған өлеңінің маңында өрбіді. Қап деп іштей санын соқты Әлкәдір. Енді бұлар Рымқұлдың соңына шырақ алып түседі дей бер.

— Өлеңіңді бастырушы кім?

— Сондай жанашырым жоқ. Газетте жатқанына жарым жылдай болды. Редактордың қабылдау бөлмесіне тастап кеткенмін.

— Редакторымен қандай байланысың бар?

— Таныстығым жоқ.

— Ендеше неге басады? Әнебір жігіт кім еді, әлгі... — тергеуші атын сұраған боп Әлкәдірге алақанын жая берді. — Әлгі.. .әлгі...

— Әрине, танысы бар, — деп үстеді прокурор орыс.

— Айтсайшы жерлесің ғой.

-— Кімді айтып отырғаныңызды ұқпадым.

— Аңқаусыма. Бізді ақымақ ете алмайсың. Оның үйінде де болғаныңды білеміз. Сен айтпасаң, мен айтайын. Ол, әлгі, Сүлейменов деген.

— Баяғыда мектепте оқып жүргенде көргенім бар. Онан бері араласқан емеспін.

— Үйінде болдың ғой. Әлгі Алматыдан келген ақынмен бірге.

— Алматылықтың қайда жүргеніне мен жауапты емеспін. Онымен бірге Сүлейменов дегеннің табалдырығын да аттап көргем жоқ.

— Жауаптан өтірік жалтарып құтыла алмайсың. Сенің бір досың Игіліков деген, сені тіпті танымаймын деп жатыр. Соған да сенеміз бе?

— Білмедім, — деді екі ұштылау етіп Әлкәдір.

Әлкәдірдің екі күннен бері жауаптан жалтарып, бұлталаққа салып отырғандағы күткені де осы еді. Зейіннің қайда екенін міне, тергеушінің өзі де айтып отыр. Тергеуші аузынан Зейіннің Әлкәдірді танымаймын деп жатқанын да естіді. Ендеше жауапты қиыстыра берудің тәсіліне көшу керек шығар.

— Әлкәдір деген ешкіммен сөйлеспейді, көшеде қоқиып өткені болмаса, басқа жұртпен араласы жоқ, сыртынан ғана көремін деп соқты ғой мұның досы, деп прокурор да өзінше мәз.

— Ал, жігітім сен не дейсің?

— Не туралы?

— Зейінді танитын боларсың? — деп сабыры кете бастады тергеушінің.

Әлкәдір тергеушінің сыртына ілінген картаға үңіліп, әлдене іздегендей жауап бере қоймады.

— Әй, сен...

— Тілің байланып қалды ма?

— Досыңның түрмеде жатқанын естіп есіңнен танып қалдың ба?

Орыс-қазақтың жамыраса берген сауалына жауап бермей біраз отырды да Әлкәдір:

— Бір ауылдың азаматымыз ғой, мен де сырттай білем, — деді.

— Әй, не дейсің? Сонда біздің қолда екеуіңнің бар қылмысты бірге істейтіндіктерің туралы айғақ жоқ деп ойлайсың ғой.

Кенет шашынан шап еткен қол жұлқа тартып, үстелдің үстіне еңкейткен. Үстел үсті толы суреттің дені Зейін екеуінің бірге тұрған, дастарханда болған, өзен бойынан балық аулағансәттерін бейнелеген фото.

— Ал, мынау не? — деп кіжінді Бұқпанов.

— Жігітім, мойында, — деп мәймөңкеледі прокурор.

— Білмедім.

— Нені білмейсің? — Ашуына ерік берген Бұқпановтың қаны басына шауып, қызара бөртіп шыға келген.

— Орыстар подделка дейді ғой, қолдан неше алуан суретті қиыстырып шығаруға болады.

— Ах, сволоч.

Иек астынан тиген қатты соққыдан құлап бара жатып қарақұсымен қабырға сүзген. Тағы бірдеме самайдан тигенін ғана біледі. Есін жиғанда білгені өз камерасында еденде жатыр екен. Басы зілдей. Мең-зең басының әр жерін сипалап, әйтеуір сынықтан аман екеніне көзі жетті. Қабырғаға сүйеніп барып, орынынан көтеріліп, ақсақ кереуетінің шетіне отырған.

— Осымен бейбіт тілдесуіміз біткен шығар, - деді.

Мына соққыны ертерек алғанына өкінді. Суреттерді көрген соң, чекис атаулының аш қасқырдай жан-жағына жал-

тақтап, екеуінен басқа тағы жемтік іздемеуі үшін Зейінді танимын, жақын жолдаспын деп мойындағаны дұрыс еді. Енді мына жендеттер осы соққылаудан кейін қорыққанынан мойындады деуі мүмкін. Әрине, берер жауабы да біркелкі болмас, ондайда тағы осы сүйікті тәсілдеріне көшулеріне жол ашып бергендей болды-ау. Қап!

Түннің бір шамасында тағы жауапқа шақырған. Күп боп кеткен ісік бір жақ көзін біржола жауып, Әлкәдір шала соқыр адамдай сипалақтап қалған.

— Қалай тәуірсің бе?

Әлкәдір үндемеді.

— Енді мойындайтын шығарсың? Бізде сөйлететін тәсіл жеткілікті. Саусақтарың біртіндеп, иә біздің қатынасымысыз, — деп шіренді тергеуші, - өз-өзінен сына бастағанда талай құпия сыр еске түседі.

— Тірі шықпасымызға көз жеткендей.

— Ол өзіңе байланысты. Сонымен Зейінмен жақын дос екеніңді мойындайсың ғой.

— Фотоларға тіл бітіп тұрғандай ғой, - деп Әлкәдір сырғыта жауап берді.

— Ұйымдарыңда қанша адам бар?

— Ешқандай ұйымды білмеймін.

— Әй, жігітім, ендігі ойыныңды қой. Үнпарақтарды таратуға қанша адамды пайдаланып жүрсіңдер?

— Үнпарақ дегенді естуім бар. Бірақ...

— Қайдан естідің? — деп тергеуші киіп әкетті.

— Қаланың көшесінде жұрт айтып жүр.

— Қай жерде? Кімнен естідің?

— Асханада, тамаққа кезекке тұрғанда естідім. Кім екеніне бұрылып қараған емеспін.

Тәжікелесуден көп ештеңе шықпайтынына Әлкәдірдің де көзі жеткен. Зейін де айлаға көшкен тәрізді.

Зейіннің жауабының сарынын тергеушінің емеурінінен таныған Әлкәдір сол ізден жаңылмай жауап беруге тырысты.

Чекистер кең-қоқырға үймелеген қарғадай шұқылап, мүшелерін, қала сайынғы сыбайластарын қанша дігірлеп сұраса да нақты жауап ала алмады. Сыбағасына екеуі де тепкінің астында қалды.

Бүгін де камера ішіндегі жым-жырт тыныштықты темір кереуеттің тоңқылдаған тарсылы бұзды. Иттің шолақ құйрығындай селтеңдеген төртінші аяғы жерге сынық сүйем жетпесе де аунатып тастамайды. Әлкәдір бүгін соның барлығына шүкіршілік етті. Сырқыраған қабырғасын сипауға жүрегі дауаламай біраз жатты. Қабырғасы түскір не жарылды, не сынды. Ақсақ та болса төртінші аяқ болмағанда тас еденгс құлап, тағы бір соққы алар еді.

— І...ім. Бүйірі ісіп кетіпті. Саусақ ұшымен ауырған қабырғаларын сипай отырып, әйтеуір терісін тіреп тұрған қабырға басы білінбеген соң, аман екенмін деп ойлады. Көңілі жеңілденіп қалса да қимылдағысы жоқ. Есік көздігінен жиі-жиі сығалаған түрме бақылаушысына серейіп жатқан болып, біраз демалғысы бар. Тірлігін білдірсе не қақитып тұрғызып, не қазықтай қып отырғызып қояды. Мысықтың ойынына тышқанның шыдар халі бар ма.

Уh. Әйтеуір өз камерасы екен. Ұзыны екі, екі жарым метрлік осы мекеніне жиырмадан жаңа асқан жігіттің бойы үйреніп қапты. Адам тозаққа да үйренеді деген осы шығар. Камера төбесіндегі сызатта қарияның бетіндегі әжімдер сияқты, санай-санай көзі талған. Мүмкін бұл сызаттар осында жатып, сан сарғайғандардың мұң-шерінен қалған із шығар деп ойлады. Кімді не деп кінәламады, кім не деп көз жасын төкпеді дейсің. Мына қабырғалар сан оқиғалардың куәгері ғой, әттең тіл жоқ. Тіл бітсе сан күңіреністі қайталап, зарлар еді ғой.

Сілікпесін шығарып әкеліп тастайтын камерада жалғыз жатқанына да талай болды. Уақыттан да, күн санаудан да айырылып қалды. Ең болмаса кәрі түрменің жарықшағын мекендеген қандала да жоқ. Сол шіркін жабыла жармасып жатса бауыры кеп аймалағандай қуанар еді. Жалғыздық та қажытты. Көздіктен сығалаған бақылаушымен дыбыстасуға рұқсат жоқ. Дыбыс шығарсаң кіріп келіп, жоныңнан таспа тіледі. Күнұзын кереуеттің бір шетінде тас мүсіндей қақшиып та, мелшиіп те отырғаның. Түннің бір кезінде тергеуге әкетеді. Онда еститін сөздің көбі ақыру мен жекіру. Одан қалса ұрып-соғу басталады. Соған өздері де шыдамай ма, кезек-кезек алмасқан тергеушілср түнімен сілкілеп, ертемен камераға әкеліп тастайды. Ендігі кезек түрме бақылаушы-

сынікі. Оның міндеті күндіз сені анау аксақ кереуетке жатқызбау. Ұйқыдан қалжырап, тізеге бас соғып, күн қайсы, түн не екенін айыра алмаған мең-зең хал.

Әлкәдір ес жия алмай жатқан болып, дәліздегі бақылаушыны өзінше алдап, ақсақ кереуеттің үстінде қисайып, аз да болса дем алғанына риза. Тағдырдан кейде адамның тілейтіні де тырнақтай-ақ екен ғой. Бір жанның сәл тыншығып, тәнің аз тынығып, келесі тепірешті көргенше шыдарлықтай әл жинасам екен деген де арман болыпты-ау. Қайран арман! Арқаның күлімдеген көгілдір аспанында қалықтаған ақша бұлттай алыстап кете бардың. Жастық жалынның да осымен тұншыққаны да. Азаттық, бақыт деген үміттің жартасқа соғылған толқындай быт-шыт боп, түрме қабырғасына көміле бергені ме.

Мына көне түрмені кім мекен етпеді, ақсақ кереуетке кім жатпады дейсің. Созсаң аяғың тиетін бұрышта иісі мүңкіген зәр шелек тұр. Әжетке тұрған Әлкәдір сол бұрыштан әлде не тырнақтың ізін көріп таңғалған. Япыр-ай, жаны қиналған біреу медет іздеп қабырғаны тырналаған екен деп ойлады. Тырнақ ізін түртіп қалып еді, әлдене дың-дың етті. Сол-ақ екен темір есік салдыр-ғүлдір ашылып.

— Әй, оңбаған, неғып тұрсың? — деп жекірген кезекші бақылаушының үні жетті. — Тіліңді жұтып қойдың ба?

— Көріп тұрсыз ғой, — деп Әлкәдір әлі түймеленбеген ауын көрсетті. Онысы пәленшесін саптағандай боп көрінді ме, ызаға булыққан бақылаушы желкеден отырғызып жіберді.

— Кет кейін.

— Кіші дәретке рұқсат емес пе.

— Жоғалт көзіңді.

— Қайда барам? — деп Әлкәдір алақанын жайып, төрт қабырғаны көзімен шолды. — Шығармайды ғой.

Орыстың анасынан туғанда бірге айтып шыққан сөзімен қимылын көркемдеген бақылаушы есікті тарс жапты. Тарс жапса да кездіктен сығалап, Әлкәдірдің енді не істерін бақылаған. Зәршелектен шегінген Әлкәдір кездіктегі бақылаушыға "қайда барамын" алақанын жайып тағы көрсетті.

Түрме иелерінің дігерлегенінен тегін емесін ұққан. Әлкәдір тырнақ ізінің астында микрофон барын мысықша басып қайта қарап білді. Енді әлдебіреулерді сыбай

берулеріне болады. Алақандай камераның ішінен жиырмаға жуық микрофон тапқан ермегіне біраз жетісіп қалды. Пәлелі жерді шұқуын қойған, қараптан қарап таяқ жеуге кім құштар.

Кепеудің түрмесінде өзінің тыңшысы болады, ол сенен тіл алып, басшыларына жеткізеді дегенді бала кезінен "ойбай, жап аузыңды" деп сыбырласқандардан сан естіген. Ал, тыңдайтын құралы жөнінде сөз құлағына жетпепті. Мейлі. Әлкәдір сәл қозғалып еді, қабырға тұсы сырқырап қоя берді. Ыңыранып қалған. Сол-ақ екен көздіктен бақылаушысы сығалады.

Әуелде келіспеген тергеуші екеуінің тұзы жараспаған үстіне ушыға берді. Ол күш көрсеткен сайын бұл қасарысып, ол бір сөздің шетін шығарса аңысын аңдып арбасын бақты.

— Ана досың сияқты сен де танымайтын ауруға ұшырағансың ба? Мыналармен не байланысың бар, - деп көшеде кездесе қалғандармен бірге сырттай түсіріп алған сан суретті алдына жайған Тергеуші жан ашыған боп та, қорқытып, сілкілеп те баққан. Кімді кім жеңеді деген сәт сан туған.

Зейінді жолдасым деп мойындауы мұң екен, мерейі тасыған Бұқпанов енді астыртын ұйымды тауып бер деп істемегені жоқ. Күндіз-түні сауалдан шалдығып, күн көзін көрмеген Әлкәдір торлы терезеден сыртқа сағынышпен қараған. Шаршаған жігіттің қас-қабағын аңдыған Бұқпанов:

— Терезеге неге сонша телмірдің? Ана жүргендерде әріптесің бар шығар. - Тереуші көшеде кетіп бара жатқандарды анығырақ көрсеткісі келгендей ниет танытып тергеу бөлмесінің пердесін кейін серпкен. — Білгің келсе айтайын, осы көше кезгендердің бәріне құжат әзірленген.

— Не деп отырсыз? — деген Әлкәдірдің дауысы еріксіз шығып кетті.

— Шындықты іздегіш екенсің ғой. — Бұқпанов темекісін сора түсігі, көк түтіннің ар жағынан сығырая қараған. Шындықты біз жеті қат жердің астына көмгенбіз. Шындықты іздегіштер де сонда. Міне, тап сол жерден сен де табасың.

Тергеушінің жиырылған кейпі, ызаға булығып бүлк-бүлк еткен шықшыты қан-жынын жеп жатқанда үстіне кеп қалған бөтен адамға айбат шеккен қанденге ұқсап кеткен. Ызақор суық көз, мұздай киім киісінен ызғар соққандай Әлкәдірдің бойы қалтырап барып басылды.

Сонда барып ол мына мұздай адамның өзіне тән шындықты айтып отырғанына сенді. Сонда, қалай, адамзаттың ұлы арманындай болған ғажайып идеяның мына сияқты сұрқияның тырнағына ілініп, быт-шыт болғаны ма. Қолында билігі бардың мына сөзі адамзат көші жартасқа соғылып қирап қалғандай Әлкәдірді мең-зең етті. Шілдеде соққан ызғырық. Мұздай адамның мұздай шындығы Әлкәдірдің есін жиғызды. Әділдіктің ақ қарасын тексереді деген мыналар кім еді.

— Енді білдім. — Тергеушінің қанпезерлікті бүкпесіз айтып, масайрағанына жиырмадан жаңа асқан жігіт түтігіп кетті.

— Нені? — деп жауаптысы тілге келгеніне қуанғанын жасыра алмай, орнынан тұрып, жанына келген.

— Нағыз жау сен екенсің ғой.

Әлдене соққының тигенін ғана біледі. Аузы-мұрынын қан жауып кетіпті. Бұрынырақта сәл шытынаған тісі болушы еді, онысы опырылып қалыпты. Жылымшы қанды сорып түкіріп, камераның есігін қаққылап, беті қолын жууға зорға сұранып шыққан.

Мұнан кейін тергеушімен ашық айқас-айтысқа шығуға бел байлаған. Көн терідей сіресіп қалған немені иландырам, көндірем деді ме екен.

— Е, е..., — деді ол да. — Міне, өстіп жөнге көшпейсің бе?

Кәне айта отыршы бізге, ішіңді жарып бара жатқан қандай шындық бұл. Біз де естиік.

Бұқпанов қаламын ыңғайлап, Әлкәдір сөйлеген сайын оның бетіне сығырая карап, хаттамаға сүйректете жазып жатты. Кей-кейде мұрынын ыстаған темекісінің тұқылын тастай салып, қайта тұтатып, жазғанынан жаңылып қалғандай қайта сұрап, қағаз бетіне ыждаһаттап түсіріп жатыр. Тергеуші ықыластана жазған сайын Әлкәдір де екілене пікірін жалғастырған.

— Не, не? — деп Бұқпанов ежіктей сұрады. Өңі де күреңітіп шыға келген. Сонан шылымын сорғыштап барып басылғандай сыңай танытып, қағазына қайта үңілген.

— Тың көтеру қазақ халқының болашағына балта шабу саясатымен қоса жүргізілуде. Өз жерінде азшылыққа ұшыраған қазақ австралияның аборигеніне ұқсады. Тынық мұхит-

тың папуасының жаағдайы бізден жақсы. Қазақтың мүддесін қорғайтын қазақ кадрлары жұмыстан шеттелген, не біржола жоқ. Ескі оқығандардың уақыты бітіп, жұлдызы сөніп бара жатыр. Сонда бізді кім қорғайды?

— Мұның ұлт саясатына жапқан қып-қызыл жала ғой, жігітім. Отырмыз ғой, міне қазақ кадрлары. Оқыдық, жетілдік, обкомда да сан казақ бар.

— Обкомда дейсіз бе? — Әлкәдір мырс етті. — Әлгі тезірек орыстану керек деп отырғандарды айтасыз ғой. Күні үшін қалқайып отырған қазақ кадрларын қазақ мәдениетін өркендетушілер деп айта алмаймын. Ұлт мәдениеті сөнудің аз-ақ алдында. Тіпті ауылдық жердің өзінде қазақша концерт қоюдың өзі үлкен проблема болып бара жатқанын көріп жүрген жоқсыздар ма.

— Оған ауылыңның өзі кінәлы де. - Тергеуші шамдануды қойған. Жас жігіттің не айтарын біржола тыңдап алғысы келген сияқты.

— Қала ауылдан да сорлы.

— Тағы жала жаптың.

— Қаладағы қазақ тілі мазақ пен қорлықтың көрінісі.

Қаладағы "Ет-рыба", "Мясо-балық" деген дүкенді бір көрмедің бе. Еттің рыба болғаны қай жетіскеніміздің көрінісі.

Бұқпанов ішін басып, көзінен жас аққанша күлді. Орамалын алып, тершіген маңдайы мен көзін сүртіп, ыржаң-ыржаң етеді. Оның осынша мәз болғанына Әлкәдір түсінбеді. Шынында да сол дүкенді бір көрмеді ме екен, әлде мынау нағыз кеңкелес пе. Жігіттің өстіп ақтарыла ағынан жарылуын, сірә, өзінін тапқырлығы, тергеудің керемет тәсілі деп ұғып отыр ма екен.

— Міне, көрдін бе, сендер қайдағы жоқ ұсақ-түйекті жіпке тізе бересіңдер. Осындай артқа тартатын ұлтшылдықты қою керек қой. Ел коммунизмнің есігін қағып тұрғанда сендер қай-кайдағыны айтасыңдар. Хрущев жолдас бүкіл Совет одағында орыс тілі тезірек үстем болса коммунизмге тезірек жетеміз дегенін ұқпайсыңдар. Бұл партияның нұсқауы ғой. — Тергеуші жігітті уәжден жеңдім дегендей креслосына шалқалай құлап, ақылдымсыған.

— Сол жиырма жылда коммунизм боларына сіз сенесіз бе? — Әлкәдір қарсы сұрақ қойған. Тергеуші мұндайды күтпесе керек, селк етіп, ыршып түсті.

— Не деп отырсың?

— Мына экономикалық мешеулікпен алтын заман орнай қалады дегенге сенбеймін. Ауыл-ауылда әлі жарық та жоқ. Ленин, коммунизм, электрофикация...

— Әй, тарт тіліңді. — Мәселенің қайда барып тірелген байыбы жаңа ғана жетесіне жеткен Бұқпанов қып-қызыл боп булығып, күйгелектеніп қалды. Сонан "Өзім тапқан тәсілімнен" жаңылмайын деді ме, қағазға үнсіз үңіліп, сүйкектете жазып-жазып барып басылды. Пәшкесінен суырған шылымының түбін үстелге қаққыштап, жауаптысына барлай қарады. Өңінде мардамсу бар.

— Сонымен тың игеруді жақтамаймын де.

— Өз басым қарсымын. Оның себебі бар.

— Е, — деді тергеуші. Тағы бір ілгешек таптым ба деп қуақыланып, желпіне қалған. — Ол қандай себеп?

— Тыңды сылтау етіп, қазақтың шұрайлы жерін бөліп алып жатыр. Край дегенің қазіргі Конституция бойынша Қазақстан үкіметіне бағынуға тиіс емес. Крайдың билігі тек Мәскеуде болуы Конституцияда бекітілген. Ендеше бұл Қазакстанды бөлшектеу деген сөз. Онымен бірге қазақ халқы да құриды деп есептеймін.

— Ал, тағы... — деп тіксінді тергеуші.

— Қазақстан сияқты жерге жаппай егін егу, оның топырағын көкке ұшырып жіберу екенін мектептің оқушысы да біледі. Сары Арқаны Сахараның шөлі етудің пайдасын ұқпадым. Мүмкін бұл қазіргі қазақтарды мешеулендіріп, сорлата түсіп, қақпалауға еріксіз көндіріп, тезірек орыстандыру үшін қажет болып отырған шығар.

— Осыны саған кім айтып жүр? — Бұқпанов ұстар жерім осы-ақ шығар дегендей тесіле қарап, шықшыты бүлкілдей қалған. — Кімнен үлгі алып жүрсіңдер?

— Біреу айтудың қажеті қанша? Мектеп программасын жөндеп меңгерген оқушы оң мен терісті айыруға қабілеті жетеді. Тыңның табиғатты бұлдіруге себепші екеніне мысалды сол мектеп оқулықтарынан сан тұжырым, дәлелді тауып берейік.

Бұл жолы Бұқпанов хаттамасын ұзақ толтырды. Андасанда басын шайқап қойып, қара сиямен әр әріпін асықпай салып, мәңгі өшпестей-ақ етіп жатыр. Іш пыстырып барып

зорға бітіріп, Әлкәдірге жауабының астына қол қоюға берген. Аянбай-ақ жазыпты. Бұл Әлкәдір барып тұрған ұсақ буржуазияшыл ұлтшылдық жолға мықтап түскен. Коммунизмді орнату әзірше қиял, тың игерудің мәнісі қазақты орыстандыру, қазақ мәдениеті қасақана тығырыққа тірелген, қазақтілін өрістету емес, қорлау сияқты жүргізіледі деп, партия мен үкіметке жала жабады. Край деген Қазақстанды жою, тың игеру-қазақ жерін бүлдіру деген позиция ұстап, партия мен үкіметке қарсы үгітінен осы жерде де танбай отыр. Бір сөзбенен — қауіпті жау.

— Ресейдің мұжығы мен папуастың жағдайы бізден көш ілгері, — деді оқып болған Әлкәдір.

— Мұжықтың жағдайы.., — деп тергеуші нақтылағандай болды.

— Қазақтың бірер қарасын үкімет күнде тартып алады, ал мұжықтың огородына ешкім тиіспейді. Бір сиырдың бергенінен мұжықтың картошкеден түсірген пайдасы көп. Теңсіздік емей немене? Қазақтың баласы өспесін, қырылсын деген осы емес пе. Бізде қырғын аз болып па еді.

Тергеуші хаттаманың соңына тағы біраз сөз қосып, бұл жігіттің ұлтты ұлтқа айдап салу саясатын ұстанатынын, қазақтың тұрмыс жағдайында теңсіздік бар, ол әдейі ойластырылған жағдай дейтіні жала екенін тіркеген.

Хаттама билеушінің ыңғайымен толтырылса да, Әлкәдірдің біраз сөзі іліккен екен. Оған қандай астар берсе де мейлі, қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса. Оқып шықты да, қолын қойды. Сонан тергеуші күзеттегілердің бірін шақырып, хаттаманы бастықтарына беріп жіберген. Жарым сағаттан артық уақыт өткенде тілдей қағазды қосарлай ұстап, жіберген кісісі қайта оралды. Тергеуші тілдей қағазды қайта-қайта оқып, телефонға жармасты. Ар жақтағы қатқыл дауысты естіген сайын өңі де бұзылып сала берген.

— Жақсы, құп! — телефон тұтқасын тастай салып, хаттаманы қайта оқып шығып, астын сызғылап біраз отырды. Сонан соң өзі қол қойды да.

— Әй, сенің мына былшылыңның бізге керегі жоқ. Тіпті, сен бізді қаралағандай екенсің ғой. Осындайды хаттамаға тізгізіп, болашақ алдында өзіңді ақтап, келер ұрпаққа бізді қаралатпақсыңғой. Оны біз де түсінеміз, әне бастықтар да

соны айтып жатыр, — деп жоғарғы жақты басымен меңзеген. Сонан соң күні бойы толтырған хаттаманы қақ айырып, — мә, өзің оқы, бұл саған керек, ақымақты тапқан екенсің, — деп Әлкәдірдің бетіне соқты.

— Күні бойы әспеттеп, мәңгілік өшпейтіндей етіп жазған қағазы қақ-қақ айырылып, шашылып жатыр. Бастығынан қатқыл сөз естіген Бұқпанов ашудан көгеріп, саусақтары дір-дір етіп, сары ала киімінің түймесін жұлка ағытып тастап, жігітті көзімен атып, тартпасынан тапаншасын суырып үстел үстіне қойған.

— Көмейін оқпен бітер едім сендейдің. Әттең... — оның ар жағында не өкініш жатқанын айтпады. — Сендей оңбағанды түрмеде шірітемін. Шірітемін. Мойындатамын. Алдаусыратқың келеді ғой. ЕСЕП-ті құрып жүргендеріңді біз білмейді деп пе ең. "Жас қазақ" деп жазған листовкаларың қолымызда біздің. Қәне, шыныңа көш, мүшелерің кім? Кім деп отырмын мен саған.

Үстелді жұдырығымен соққылап, тапаншасына қайта-қайта кол жүгіртіп, дір-дір етеді. Алғашқы күндері өстіп тапаншасын кезеп, қорқытпақ болғаны бар еді, Әлкәдір қасарысып жақ ашпаған соң онысын қойған. Енді, міне, жыны ұстаған. Кәрі бурадай тағы бұлқынып шыға келді. Қанша ақырса да Әлкәдірден жауап ала алмаған тергеуші жауапкерін сілейте соғып айызы қанып, есіктегілердің қолына берген.

Сонан екі-үш күн басқа біреулердің қолына өтіп, жаңа әуреге түсті. Пенде болған соң ба, әлде тапсырыс солай ма, біреулері пәленше сағат қаққан қазықтай қақитып, өзіне болмаса да аяғына шынын айғқызса, келесі кезекке келгені туған ағасындай қамқорсыған. Сайып келгенде бәрінің сұрайтыны астыртын ұйым, уәжі — соны ашып тастасан мол-мол жақсылыққа ортақтас боласың.

Сөйтіп жүріп Бұқпановқа да қайта қолы жетті. Адамгершілігі ұстап отыр екен, жылы-ақ амандасты, жай-күйін сұрады. Әлкәдірге ол төбелескенін ішкеніне жауып, тағы бір жартысын ұсынып, татуласайық дейтін ақылы өлшеулі бұзатарлар сияқты көрініп кетті. Қолындағы газетін нұсқап, "Американың атом сынағына жұрт наразылығын білдіріп жатыр. Бикинидің халқы босып кетті" деді.

— Біз босымай-ақ отырмыз ғой, — деп қалды Әлкәдір.

— Не? — деп ежіктеді сөз мәнісі жетесіне жете қоймаған тергеуші.

— Дегеленде гі Мыржық тауы атом бомбасы жарылғаннан жермен-жексен деп жүр ғой осы жұрт. Әлде біздің атом елге зиянсыз ба? Елге зәбірсіз бомба жауға да зиянын тигізбес. Онда ондай атомды неменеге шығарып жатыр.

— Ә...Әлгіні кімнен естідің? — деп кекештене қалды тергеуші.

— Анау жұрт... — Әлкәдір қаптап өтіп жатқан көшедегі елді нұсқаған. — Бәріне де қаралайтын қағаз дайындап қойдық демеп пе едіңіз. Солар.

Ызадан жарылып кетуге шақ қалған Бұқпанов боқтықты боратқан. Шырылдаған қоңырауға келген екеуге:

— Апар! Карцерге қамандар, — деген.

Карцер дегені Алла жаратқан мол әлемнен адам сорлының сорына қарай бұйырған, тізелесең төбең, созсаң аяғың тірелетін тас мөшек екен. Тас караңғы тас мешекте неше күн жатқанын білмейді. Жанын қоярға жер таппай дірдектегені ғана есінде. Ыстық ас өңің түгіл түсіңе кірмейді. Ішер дәмің тәулігіне бір мезгіл бір тілім нан мен жарым күрежке су. Тық-тық жөтеле бастады. Жөтеліп отырып түрмедегі өз камерасын аңсады. Күн түспесін, сырттағыны және көрмесін деп торлы терезенің сыртынан аузын аспанға қаратып қалпақ кигізіп қойған камераны іштей сан боқтаған. Енді ол да пейіштей көрінді. Сол қалпақты терезеден өлемді көрмесе де аспанның бір жыртығын көзі шалып, кең дүние, қаперсіз ел барын сезініп отыратын. Ендігісі мынау. Жөтел жанын қинап, тұншығып, қара терге түсетінді шығарды.

Жазмышта, сірә, тас мөшектен шығу да көрсетілген болса керек. Оның да есігі ашылып, түрменің сасық камерасы қалталылар ғана баратын Қырымның курортындай көрінген күн де туған. Анда-санда түрменің ішкі ауласына бес минәтке шығарып, серуендететіні болатын. Тұншықтырған жөтелі басылмай, аузына жылымшы қан білініп, енді ғана есін жия беріп еді, кезекші бақылаушы "кір де, кірге" басты. Шыққанына да екі минут айналмаған.

— Уақытым бар , — деді Әлкәдір.

— Кір дедім ғой, мен саған.

— Неменесіне әкірендейсің?

— Көрсетермін әкіреңдегенді.

— Әй, сорлы, ана сары ала киіміңе бола едіреңдеме. Ол жай әшекей, әшекейге бала ғана мәз.

— Қысқарт. - Қабылдаушыиың көзі ақиып кеткен екен.

— Ал, сен әшекейлі әтешсің. — Деуін десе де осыным артық болды-ау деп Әлкәдір іштей өкінген.

Камераға кіргеніне он шақты минөт өткендей еді, темір есік салдыр-гүлдір ашылды. Темір есіктің шойын босағасынан бой көрсеткен әлгі сақшы басын бұлғаң еткізіп, тысқа шыққа меңзеді. Әлгінде әтешке теңегені есіне түсіп жымиғаны сақшының назарынан тыс қалмапты.

— Күлгенді көрерсің қазір.

— Қайда апарасың?

— Моншаға. Кіріңді еземіз.

Моншаға апарамыз дегенімен Әлкәдір асықпады. Тағы қандай қапасқа тығар екенді ойлап, іштей қобалжыған. Жсртөлснің сыз иісінс түрмснің қи сасыған ауасы қосылған мұның жалғыздық камерасы осы уақыт ішіндс өзіне жылы ұядайбоп қапты. Дозақты пенде үш күннен соң отпен ойнайды деген осы да. Дігірлеп сақшы тұр. Тағы бір қуысқа тығады-ау деп жалғыздық камерасына қимай қарады. Сол жалғыздықта жылға жуық отыратынын біліп пе.

Бұлар да айтқанында тұрады екен. Айдаушы сақшы моншаға кіргізді де "шешін" деп бұйырып, есікті жапты. Ағып тұрған жылы суды көргенде талайдан сабын тимеген денесі ду-ду қышып қоя берді. Шешінгені де сол еді, білектерін сыбанған үшеу кірді. Үсіген картөшкедей бұжыр танау біреуі иығынан ұстап сілкіп-сілкіп:

— Шешіндің бе? Жарайсың, — деп қойды.

— Сен әтешше шақырады дейді ғой. — Ебелектеген шикіл сарысы қыт-қытгаған тауықтай шыр айналған. — Қәне, көрсетші өнеріңді. Шақыр!

Әлкәдір енді ғана істің насырға шабарын ұкты. Е, бәсс, кіріңді еземіз деп еді-ау. Қап әттеген-ай. Әттеген-айлағанмен қолдан келері не. Езгілесең, міне жаным деп тоса да бермес. Бірақ ана түксиген гүжбан қарасының қолы бақандай, жұдырығы тоқпақтай екен.

— Қәне, шакыр! — Бұжыр танау кеңірдегін сығымдап, езгілей итеріп қалды. — Не әтеш үнін ұмытып қалдың ба?

Онда ойбайла. — Гүжбан караның жұдырығы иегінің астынан сарт еткен. Басы айналып, мең зең болса да жылдамырақ орнынан тұрып, бұжыр танаудың соққысын өткізін жіберді. Ебелектегенін іштен тепкен. Жалаң бақайы кіндігінен-ақ тиіп еді, шикіл сары сәл шігінді де, бақыра боқтап ұмтылды. Әлкәдір жан дәрменмен қолына ілігер бірдеме іздеген. Ең болмаса легеннің жоқ екенін енді ғана байқады. Шашына жармасқан ебелектің қолын қыршып, иттей қан-қақсатқаны жауған жұдырықты өршітті. Керзі етік пен балғадай жұдырық үсті-үстіне төпелей соққылағанын ғана біледі.

Есін жия алмай екі күн шалжиып жатыпты. Денесі тұлып, беті күптей. Ісінген бет-аузына шүберек жапсырып жүрген әлгі сақшы екен. Мұның көз ашқанын көріп, тісін ақситып үнсіз күлді.

— Қалай әтеш бола алдың ба?

Ісігі кетер, бәрінен де мына жөтелдің қысқанын қайтерсің. Ұзақ күркілдеудің соңы тамшылаған қанға айналып, итше итініп, отырса басы салақтап тізесіне жететін болды. Тамаққа зауқы жоқ, не ішсе де құскысы бар.

Халі кетсе де бейшаралықты мойындағысы келмеді. Түрме бастығы бастап, тергеушісі қостап кірген төрт-бес адамға орынынан тұрып еді, буыны ұстамай сылқ етіп отыра кетті. Иығына асқан орамалдың әр жеріндегі қанды көріп, олар да шегіншектеп қалған.

— Жаман, - деді біреуі. Лауазымдысы сол болар, басқалар соның аузын баққан.

— Иә. - Түрме бастығы басын сипады. Бар тәуір тамақты беріп тұрмыз, бірақ халі өзгермейді. Көксау ма, баска ма, белгісіз.

— Дәрігер... — Бастық тесіле қарады.

— Оған рұқсат жоқ. - Тергеуші алақанын жайды.

— Не дәрі беретінін де білмейміз. - Түрме бастығы қасын керді.

— Бір амалын қарастырармыз.

Лауазымды бастықтың не амал қарастырарын кім білсін, сол күннен бастап Әлкәдірге сәл-пәл жағдай жасалғандай. Сенімді дәрігер болар, түнделете келіп, кеудесін тыңдап, басын шайқап:

— Сізге таза ауа қажет, - деген де, бір-екілі укол салған. Онысы тек дәтке қуат, мамандық парызын алдау, аурудың көңілін арбау секілді. Түрменің сызды ауасы ем болмады. Жүргізушіден басқасының бәрі темір, темір машинаның темір жәшігіне бүктеп салып, бір жерге жеткізген. Шақырар әтеші, үріп қарсы алар иті көрінбесе де, әкелген жерінің айналасы дуалды, тікенекті екен де, бұрыш-бұрышында бақырып тұрған сақшысы баршылық боп шықты. Түрмеден кісендеп әкелсе де бұтының арасынан бомба іздегендей қоймай текссріп, сыртында афишасы жоқ, ішіне "Больница" деп жазылған бараққа тығып жіберген. Үстіне ақ дамбал-көйлек іліп, бір бөлмедегі он екі адамның бірі боп шыға келді. Неге екенін қайдам, хирургиялық бөлімге, құдай жаратқан артық мүше болмаса да жартысына жармасып қалатынның қарауына ілігіпті.

Күрс-күрс жөтелден палатаның түңлігі болса желпінгендей. Біреу төсегінде бүк түсіп, біреу қос қолдап басын сүйеп, ыңырсып, тұншығып, аязға жаңа шығып келгендей күркілдейді. Бейшаралардың іші омыртқасына жабысып, адам бейнесінен сорайған мұрын, қалқиған құлақ қалыпты.

Осыншама кетеуі кеткен көтерем адамды Әлкәдірдің бірінші көруі. Адам ба, бейне ме деген сауал орала берді. Тірі демесең нағыз көлеңке. Күнге шығарса осылардан көлеңке де түспес. Темір керсуеттің басынан ұстап, қабырға жағалап ыңырсыған жан иелерінен жүрегі шошынған.

Абырой болғанда сол күні Әлкәдірдің төсегінің жанына Қазбек есімді осетин жігітін жатқызған. Қан құсып келді демесең осы палатаның иелеріне қарағанда екі бетінен қан тамған жігіт.

— Қашаннан жатырсың? - деп сұрады Әлкәдірден.

— Бүгіннен.

— Операцияға көндің бе?

— Ол жағын білмедім.

— Бұл корпусқа тек опсрацияға келгенді ғана жатқызады. Сенің лагсрь ісімен таныстығың шамалы сияқты. Білмейтіндерді өстіп қолға түсіреді.

— Қолға түсіргені қалай, — түсінбегенін жасырмады.

— Жазамыз деп операцияға алдап апарады. Көнбе оған.

— Дым түсінсем бұйырмасын.

— Олардың операциясынан жазылған адамды естіген емеспіз. Бірер күнде оны өзің де көресің. Мен екінші рет айтқандарына көнген боп келіп отырмын. Біраз укол алып, әл жинаған соң операциядан бас тартамын.

— Солай де.

— Иә, солай. Әлі санаңа сыймайтын сан істі көресің. Бұл жердің хирургін қасапшы дейді. Қасапшы жұрт қойған лақап аты. Сонан-ақ оның кім екенін біле жатарсың.

Қазбек қалт айтпапты. Көз көргенін өзі де қалт жіберген жоқ. Көз көргеннен естігені, естігеннен шошынуы көбейіп, осы қайда тап болдым деп, айнала құр сүлдері жүргендерден көз алмайтын болды. Онысын жақғырып жатқандар да шамалы.

— Немене кісі көрмеп пе ең?

— Сенде біздей боласың, - деп теріс айналғандар жеткілікті.

— Байқа шырағым, - деген елуден асып қалған Мерген деген қазақ жаны ашығанын жасырмай, - сенікі жаңа басталған дерг сияқты. Қайдан келдін деп сұрамаймын, бірақ дертіңе дерт жамап алма.

Соңғы кездері Володя есімді жас жігіт тәуір боп қалғанын жыр етіп тауыса алмай жүрген. Операция болғанда да еңозық, бұрын қолданылмаған әдіс дейді. Өкпенің тесігіне санынан ет ойып алып жапсырыпты. Саны сәл ауырғаны болмаса тіпті тамаша.

Әлкәдір сенср-сенбссін білмеді. Өкпе мен сан еттің тканы түрлі-түрлі екенін медицинадан аулақ тұрған өзі де біледі. Ендеше құрылысы басқа-басқа осы екі ет жымдасып кете қоя ма. Тіпті де жат дүниелер-ау. Бірақ естігені аурулар қасапшы хирургтің бұл табысына риза сияқты. Қайырлы болсын тілескендей болса да, сыртын беріп, ішін бермей, тап бір тірі әруаққа аяқ асты кезіккендей табан асты теріс айналып жатқандарына таң. Бірер күн өткен соң тап сол жігіттің өз үстін өзі жұлып, дәрігеріне қарғыс айтып, есіктен төрге аунағанын көрді.

— Міне, осы ғой, - Аурулар ар жағын айтпай, көзбен ұғыскан.

Көмек етеміз деп Володяны алып кетіп еді, жәрдем етті ме, мүрдем кетірді ме, әйтеуір сол әкеткеннен хабарсыз. Өлі тірісін сұрауға ешкімнің батылы бармайтын тәрізді. Әзірше мұндай пәледен аулақ болуға тырысатын аурулар басына сакина тілемейтіндей ниетте. Тар жерде адам тез танысып, тез табысады. Қақ соқпен ісі жоқ Әлкәдірді сырттай баққан аурулар кезіге қалғанда жылы қабақ танытып жай-жапсарын жасырмай айтатын халге жеткен.

— Тірі шығамын ба? - деп мұңайды тарамысына ілінген орта жастағы кісі.

— Жаман емес сияқтысыз ғой. — Әлкәдір сыбырлай ғана қалған, сорлыға өтірік айтып, көңілін аулаған.

— Әй, кайдам. Осымен неше рет пышақ астына жатқанымды білмеймін. Әуелде бір өкпені тұтасымен алып тастаған. Содан екінші өкпені там-тұмдап әлденеше рет кескіледі. Енді не ауру, не сауымды білмеймін. Әйтеуір ауа жетпейді-ау, жетпейді.

Неге екені белгісіз Әлкәдірді бір өзі жеке бөлмені алып жатқан жігіттің жанына ауыстырған. Дем алған сайын көкірегі үрген көріктей ысылдап, жарамсыз иіс шығады. Орыс жігіті сол иісті өзі де сезе ме, қатты қысылды.

— Білмеймін әйтеуір ысқырып жатыр, - деп кеудесін нұсқаған.

Оның айтуына қарағанда жалпақ елдегі біраз түрмені адақтап, талай ауруханаңың дәмін татқан екен. Соңғы жылы осы хирургтің қарамағында көрінеді. Ендігісі мынау көгершін қуғандай ысқырып отырғаны.

Атауы емхана, заты о дүниенің қақпасындай осы мекеннен адам бейнелі кісі көрмегендейсің. Ең арғысы күніне укол салатын бір жамбастап қисық жүретін медбибінің өзі ұрыскақ баладай аузы-басы көнтиген бейшара. Бір жамбастайтыны семген балтырын тоқ балтырының саясына жасырғаны екен. Таң қалып тұр еді.

— Бұл жерден он екі мүшесі түгелді көрмейсің, - деді өлмелі шал.

— Солай деңіз.

— Солай, ой жаным-ай.

— Халіңіз нешік?

— Не сұрайтыны бар, тірімін. - Шал кеуде сүйегін сипап қалып еді, онысы екінші жағына сырғып кетті.

— Мы.. .мынау қалай?-деді өз көзіне еенбеген Әлкәдір.

— Е, несін айтасың. - Шал қолын сілтеп төс сүйегін екінші жағына жылжытып, онан кайта өз орнына апарды.

— Қабырғалар ұстамай ма? — деп сұрады Әлкәдір.

— Білмеймін. Қабырға түгел болмаса да, бар сияқты. Сонғы екі операциядан кейін осылай болды. Енді тағы жасаймыз деп жүр ғой.

— Өзіңіз оған көндіңіз бе?

— Eh. - Шал өкіне қолын сілтеді. - Басында көнбеу керек еді, енді не қалды. Ең болмаса адамша елмедім.

— Әлі де операцияға бармаңыз.

— Енді болмайды. Ерік менен кеткен. Соны өзім сағынып тұратындай боламын. Онысы несі? Сен білесің бе?

Тағдыр шіркіннің тап келтірері көп екен. Осы көргенінен жас жігіттің төбс шашы тік тұрғандай. Емхана деуге аузы бармай, емес деуге қасапшы атанса да хирургі, шприц ұстаған медбикесі болған соң жөнін таппады. Қайда тап болған. Жанына жан жуымас сасық өкпе де, тесік өкпе де, шілделіктей ысқырғаны да, кеуде сүйегі маятниктей тербелгені де осында.

— Ойбай, касапшы кеп қалды, - деді бір ауру.

Жаңа ғана әжік-күжікке алданып, тірліктерін білдіріп жетісіп тұрған сорылылар оттан қашқан тарақандай тымтырақай. Қасапшы аталғанды керейін деді ме, әлде не, әйтеуір Әлкәдір орнынан жылжымады.

Келе жатыр екен. Ақ халат, ақ кепкі киген дорба ауыз, қамыт аяқ, қарнына теңдеген жүгін көтере алмағандай қорбағдап, әлемнің жалғыз иесіндей танауын шүйіріп, таяп калды. Қасапшы десе дегендей-ақ. Жалқаяқ бет, төртбақ иегіне жайын аузы келісті екен. Жаратушы көз жағынан да құр алақан тастамағандай. Тас төбесіне шыққан тостаған көзі ой мен ақылдың нышанын танытпаса да, мейірімсіздікке тойғандай.

— Сен неғып тұрсың? - дегендей қасапшы ежірейіп өте шықты.

— Здрасти, -деді кеуде тұсы маятникше қозғалган шал. Өңіндежалыныш тұр еді. Желкесі күжірейеген қасапшы бейшараға көңіл де бөлмеді.

Теңселе басады екен. Жуан балтырға сыймаған жап-жаңа етігінің тақасын мыжырайтып жіберіпті. Шелек ұстағандай

екі қолы тұлғасына жанаспай беталды ербеңдеген. Ертеңіне хирургке шақырды.

— Операцияға көнесің бе?

— Жоқ.

Дала бұрқасын еді. Сені дуалдың ар жағынан біреулер күтіп жүр дегенді естіді. Емхананың халатынын сыртынан тағы бір жамылғыны иығына асып барған. Гүлім екен. Гүлім жылап тұр екен. Жеңгесіне ілесе келген Рахат суықтан бүрсең қағады. Аяп кетті. Хабар бергеніне іштей өкінді. Осында келген күні біреудің атынан тілдей хат салып жіберіп еді, онысы пошта бақылауынан өтеді, адреске жетеді деген жоқтын. Сірә, мына емхана деген қасапхананы күзететін маубастар мұның қай баппен қамауда жүргенін білмейтін болғаны да.

Ауруларды туысқандарымен жолықтыратын бөлме бар екен. Бір күнге деп рұқсатын тағы берді. Рұқсатын алса да "Кім біледі" деген бір күдік ойынан кетпеген Әлкәдір Рахатқа әзер еститіндей сыбырлап қамаудан аман қалған жігіттерге "бекем болсын, не көрсе де біз көреміз" дегенді жеткізуін тапсырған да, кеш те болса көзге түспей кеткенін жон санады.

Ертемен бақырып-шақырып тергеуші жетті. Карлагтың Долинкадағы "Больница" деген жазуы бар барағынан жарым айға толар-толмастан табан асты түрмеге қайта тықты. Бірер күннен кейін жауапқа қайта шақырылған. Бұқпановтың ашуы басылып, сабасына түсіп отыр екен.

— Міне, көрдің ғой, — деп бастады тергеуші, — Біздің қамқорлығымыз да жеткілікті. Сен болсаң бізден шындықты жасырғың келеді.

Тергеушінің мынадай аяр сөзінен Әлкәдірдің қаны басына шапты. Осы не деп отыр. Әлкәдірдің қайда болып нені көріп келгенін есепке де алмағаны ма. Мынау не өзі әңгүдік, не мұны делқұлы санап отыр.

— Қамқорлық. — Әлкәдір мырс етті. — Шындық дейдіау. Ол шындықты айтсам жарылып өлерсіз. Адам баласына жасаған ондай қамқорлықты бастарыңа езіп жағыңдар.

— Не тантып тұрсың? — Бұқпанов ширығып, ысқырынып шыға келді.

— Ол емхана-сымақтың хирургін кім деп атайтынын білесіз бе? Оны қасапшы дейді аурулар. Емхана емес қасапхана. Хирург емес, кісі жегіш бульдог. Тірі адамға тәжірибе жасап жатыр. Жасатып жатқан өздерің.

— Қысқарт!

— Олар да адамның баласы. Сорлыларды өлтіру қажет болса атып тастау керек. Бейшаралардың сонша жазығы не?

— Өшір үнінді, оңбаған.

— Шыдаңыз. Тыңдап алыңыз.

— Өз обалың өзіңе, ендеше.

— Көргенімнен жаным түршігеді. Күніне етінен ет кесіп алу деген не сұмдық. Біз қай ғасырда, қай елде өмір сүріп жатырмыз.

Тергеушінің жанын шығара қоңырауды безілдеткен. Күзетшінің екеуі бірдей кірді:

— Мынаны... Мына оңбағанды, — деп өзі жөн көрсетіп, жұдырық сілтеген.

Айнала тұманданып жүре берді. Жаңағы сәттегі ызақор үндер, ышқынған жұдырық пен аяқтың сілтенгені алыстап дүние жарығы көмескіленіп сөніп бара жатты. Онан арғысы... Онан арғысы камерасында жатыр екен.

Манадан тесіктен сығалаған бақылаушы ақыры қояр да қоймай тұрғызған. Қайрымы бар екен, бір жұтым су әкеліп берді. Кешқұрым ба, әлде түн ортасы ма ол арасын айыра алмады. Терезенің теріс кигізілген қақпағының жиегінен аспанның шеті көрінуші еді, қарайын деп мойынын бұрған басы айналды. Дене дел-сал, бас мең-зең. Шың-шың еткен құлақты тағы қиқулатып темір есік ашылды. Тұткаға жабысқан сақшы:

— Түр! Тергеуге барасың, — деген.

* * *

Өзен жағасындағы аласа тамның көлеңкесіне киіз жайдырып, желбегей шапан жамылған Маясар ақын жан-жағына қарағыштап, атлас көрпенің үстіне үйілеп кеп отыра кетті. Сексеннің жуан ортасына келіп қалса да денсаулығына риза еді, осы биыл ақау шығып түр. Өмір арман емес, бір кісідей жас жасады. Жалғанда көрген қызығы да жетерлік, шыжығы онан да көп. Екі баласынан бір күнде қара қағаз келгенде де

жігерін жасытпай, соғыста талай боздағынан айырылып отырған жетім-жесірге сүйеу болып еді. Енді Тұрабайы мен Әбдіғұлы аман болсын.

Әр нәрсенің көңілге оралып, кәрі жүрекке тие беруін қарашы. Бір немересі тұрмысқа шықты деп еді, оның жолдасы жалалы болған ба, әлде шыны солай ма, итжеккенге айдалып кетіпті. Не айтатыны бар, Шортанбай жырау айтатын зар заманнан ел ырысқа кенелген бар заманға келе жатқан сияқты едік. Бірақ...Бірақ, сол бар заманын қазаққа тар заман болып тұр ғой. Ел орыстын қанжығасында кетіп бара жатқан сияқты. Ел ішінің өзінде қазағыңнан орыс көп. Ана Мәскеудегілер сылтауын тапты да көзі көк сары баланы ауылауылға тоғытты-тоғытты да жіберді. Бір үй мұсылман, екі үй кәпір дегендей. Бір кезде сөзін жұрт ұйып тыңдаған ақын еді, кәзір тас басындағы кәрі күшігендей ешкімге керексіз. Қайтеді мұның домбырасын көк көз сары бала. Күні үшін оларға ерген әнебір атқамінерлер де қазақша тілді қойып, орысша шүлдірлейтін болыпты. Ел болған соң мына қорлыққа бір азамат қарсы шықпас па. Әй, ендеше сотталып, итжеккенге кеткендердікі дұрыс та шығар.

Майекең жанындағы домбырасын алып, шертіп көрген. Бабында екен.

Жүйрік ат шаба алмайды күйсіз-жалсыз,
Қараңғы үй жарық болмас майсыз-шамсыз.
Қорғайтын аймағыңды ұл тумаса,
Қайғымен күнің өтер болып жайсыз, —

Ақын қоңыр үнмен, өзінің іштегі қызылын тарқатқысы келгендей бір ауыз шумақты тастап жіберген де, домбырасын сүйей салған. Қайран өмір. Отыз екінің қырғынын да, отыз жетінің сұмдығын да бастан кешіпті. Өзінің қалай "Жапонның шпионы" атанып кетпегені ағайынға сый-құрметінің болғаны шығар. Қос қырғыннан аман қалған, жылаулы-сықтаулы жұрттың көңілін өлеңмен жұбатты, келешекке сендірді. Мынау Айғыржалына мектеп салдырды. Оқыған жұрт көбейсе ең болмаса ұрда-жықтық азаяр, азамат қорлық пен зорлыққа көнбес деген.

Сөйтіп жүргенде соғысы да басталды. Соғыстан қалжыраған халықтың еңсесін көтеру қажет болды. Домбырасын

мойнына іліп, ауыл-ауылды аралап, өлең оқыды. "Сал-сал", "Зарқұм" қисаларын жатқа айтып, жетім елдің көңілін бір сәтке аулады. Бұл бастамасы байқаусыз қалмаған сияқты. Ауданы, облысы болып ақындардың айтысын ұйымдастырып жіберді. Болман, Жәкен ақындармен қағысуы да өтіп еді-ау. Солардың ішінде көңіліне ұнағаны Жәкен. Қазақтың ауыз-екі тарихы-шежіреден де хабары мол болып шықты. Бірде Жәкен ақын:

— Майеке, мына Наршөккеннің тарихын естуіңіз бар ма? — деген.

Естуі мол болса да жақын тұтқан ақынның сөз саптауын тындағысы келіп:

— Иә, айта бер,- деп ынғай танытқан.

— Наршөккен бойы тұнған шежіре. Қазақтың ықылым заманында ата-ананың баласының сойылдасып, күш көрсетіп өтуі бітімнің басы сияқты болған. Ер шекіспей бекіспейді деген сөз содан қалса керек. Мына Қаракесек-Қуандық арасындағы жағдайды білесіз ғой.

— Е, ол көп айтылған әңгіме ғой. Ана Шортанбай жыраудың "Қаракесек" дастаны да сол уақиғаны баяндап, жеткізген ғой.

— Соны ертеректе бір көзім шалған еді, кейін таба алмай жүрмін, - деді Жәкен.

— Шортекеңнің атын атау да қауіпті болды ғой. Аузыңа ие болмасаң барар жерің белгілі. Дегенмен саған ол дастанды көрсетуге болады.

— Иә, сәт, бар екен ғой сізде.

Майекең бар да демей, жоқ та деп кесіп айтпай үнсіз қалыппен мәсісінің қонышын тартқан.

— Иә, алғашқы әңгіменді жалғастыра бер.

— Сондай дау мына Қуандық пен Сүйіндіктің де арасында болған екен. Қуандық әрі үлкені, әрі жуандығын жасап Сүйіндікке енші бермей, екеуі өкпелесіп, тіпті қол жұмсауға барыпты. Сонан шешелері осы мәселенің билігін айтуға Қаракесекті алдырыпты. Дау-мал дауы. Жылқы осы Наршөккеннің бойында жатса керек.

— Билігін өзің айт та, мал дауын шеш, - дейді аналары.

— Келістік, - дейді Қуандық пен Сүйіндік те.

Дауласқан ағайынды бастап Наршөккеннің баурында ең жайылып жатқан қалың жылқыға келген. Қаракесек бәрінің ең үлкені Қуандықтан:

— Жел жағын аласыз ба, әлде ық жағына бұрыласыз ба? — деп сұрайды.

— Жел жағы, — дейді Қуандық.

Қалың жылқыны қақ жарып өтіп бара жатқан Қаракесектің соңына ерген екі жақтың жанашырлары малды екіге бөліп айдай берген. Қақ жарып Қаракесек өтті. Мал үшін қастаса қалған қос бауыр Қуандық пен Сүйіндіктің бетіне қарады. Қуандық жылқының көбін еңсеріп бермедің деген ыңғай танытты. Сүйіндік іштегісін жасырмады.

— Қуандыққа көп беріп жібердің, - деді. Аналарының бұйыруымен Қаракесек мал дауын қалай шешсе де көнуге уәде етілген. Ендігісі далбас еді. Сонда да Қаракесек:

— Иә, Сүйіндік, көп шалыс баса қойған жоқ шығармын. Азар болса бір қысырактың үйірі Қуандыққа артық кеткен шығар. Ол оның ағалық жолы емес пе, - деген.

Дау біткен соң екі жақ мал санасқанда Қуандык жағы он сегіз-ақ жылқыны артық алған екен.

Иә, сол Жәкеннің "Көкжайдақ", "Саржан батыр" туралы дастаны енді кімге керек деп күрсінді Майекең. Қазақтың өнер қуған азаматына бірде зобалаң, бірде жау алған заман боп тұр. Зобалаңнан шошыған жұрт білгенін айтудан қалып, ақындық қонгандар аузына қақпақ қойған жоқ па. Осы Жәкен соғыс жылдары ақындар қатарына ілесіп, майдандағы інісіне:

— Майекең бар, басқа бар ақын боп жүріп жатырмыз, — деп жазыпты.

Қайда жүрсе де ағайынның амандығын ойлаған қазақ емес пе, өзі қан майданда жүрсе де арттағы бала-шаға, бауырым не болады деп уайым шегетін інісі ағасы Жәкенге:

— Ақын да болма, ақынға жақын да болма. Бір жаладан мен сотталсам қара басым ғана кетеді, акын болған сен сотталсаң үрім-бұтағымызбен құртады. Домбыраңды тастап, артыңды қысып, жайыңа жүр, — деп хат жазған.

Әуе ашық, күн жарықта найзағай түскен зобалаң емей немене. Үкіметі қолпаштап, аудан түгілі облыс аралық айтыстарга қатынап жүргенде сезгені, ұстараның жүзімен өткендей хал екен. Өздерін бастап жүрген де, шашпауын

көтергендер де сөзден шикілік шығып қалмасын деп күнде қылп-қылп етеді.

— Майеке, байқаңыз. Әйтеуір қыза-қыза қатты сөзге барып қала көрмеңіз.

Қырық үшінші жылы қазақ елі ақындарының ең тұңғыш айтысы өтті. Жамбыл, Нұрпейістер тірі кезі. Үлкендік жасап, бата бергені болмаса олар айтысқа қатынаса қойған жоқ. Айтыстың төрағасы атағы сол кезде-ак әлемді жарған Әуезұлы Мұхтар екен. Пай-пай, қазақта мұндай дарын туады-ау. Алашсың деп түрмеге салған, Абайды көтерем деп қаскөйлерден жемеген таяғы жоқ екен. Сонда да мойымапты. Сол айтысты киноға да түсіріп жатқан сияқты еді, "тың" деп келіп, қазақтың іргесін түре шауып жатқан мына заманда онан із қалды дейсің бе. Осы айтыста ұлы Мұхтар "Бірінші орынды Маясар Жапақұлы алды" деп жариялаған-тын. Ол енді кімге керек дейсің.

Әй, уақыт-ай, қу түлкідей бірде бетін беріп, бірде артын беріп, бұландаған құйрығымен алдап-ақ келеді ғой. Қарап отырса адал адамның күні қараң да тараң. Мына, Тәжібай көршісі әскерден аман келіп еді. Ішерге ас-суға жарымай жүргенін сан көрді. Бала-шағасының үсті-басы да тым жүдеу. Майекеңнің қолында да бөліп бере қоятындай ештеме жоқ. Өз балаларының аузынан жырғансып, бірдеме берген болады. Ол жыртық үйдің несіне сеп.

Тәжібайдың адалдығына сенген басқарма да оны қырманның түнгі күзетіне қойған. Бір басына жетерлік астықтың ішінде жүрсе де ең болмаса бала-шағасы қуырып жер шапанының қалтасы толы бидай әкелмейтінін де байқап жүр. Тойып бір ас ішпеген балаларының да тамақ сұраған дауысы бір сембейді.

— Майеке, - деді бір күні Алтыбай басқарма.

— Құлағым сенде.

— Майеке, бір қызық жағдай болып тұр. Соны сізге көрсетсем деп ем. Өз бетіммен солай ет деуге колхоздың аз астығын талауға түсіріп аламын ба деп сескенем.

Бүгін кешке менімен болыңызшы.

Айсыз аспанды бұлт торлаған, көзге түртсе көргісіз қараңғы түн еді. Алтыбайға ілескен Майекең қырманның шетіне ілігіп, сыбдырсыз басып күзетші Тәжібай отырған

тұстың ту сыртына келіп жасырынған. Тәжібай бірдеме деп өлеңдетіп отырған тәрізді. Құлақты түре-түре мұның айтып отырғаны өлең емес, зар сияқты боп естілді.

— Мынау не айтып отыр? — деді ақын Алтыбайға.

— Бүгін, міне, үшінші күн осыны айтып отырғанына. Қазір сөзін ұғасыз, сабырмен тыңдаңыз. Сол үшін сізді ертіп келдім.

Ту сыртындағы бұларды Тәжібай байқар емес. Шошақ боп үйілген бидайды көсіп алады да, саусақ арасынан төгіп, зарын қайта бастайды.

— Құдай-ау енді не істедім?

Тындаңызды білдіріп, Алтыбай Майекеңді түртіп қалып бас киімін шешті.

Майекең де құлағын тосып, еңкейе түскен.

— Құдай-ау, енді не істедім? — деді Тәжібай. — Аш отырған бала-шағаның зарынан үйден безіп кеткендеймін. Түзде жүрсем ойлайтыным тағы солар. Талшық қылып отырған жалғыз сиыр еді, ол да суалуға айналды. Аузыңа салар нәр болмаған соң бүйткен тірлігі де құрысын.

— Ойпырым-ай, жағдайы аса ауыр екен ғой, - деп қалды Майекең.

— Солайы солай ғой, ашық берейін десем үстімнен арыз түседі, оның арты тағы белгілі. Өз бетіңмен астық ал деуге тағы аузың бармайды, — деп Алтыбай да қиналысын жасырған жоқ.

— Құдай-ау, өзіңе берген сертімнен енді қайтіп таямын. Анау қырғын соғыста қан кешіп жүргенде "Е, Алла, осы қырғыннан аман барсам қара жердің қыртысын өгіз соқамен өзім айналдырсам да, ешкімнің ала жібін аттамаспын, қазанымa арам ас салдырмаспын", деп уәде етіп ем. Е, Алла, мені аман есен үйге оралттың, тілегімді бердің енді мына көзін сүзген аш бала жанымды жегідей жеп барады.

— Сұмдық екен, — деп қалды Майекең.

— Енді кайттік?

— Құдай-ау енді не істедім, — деп Тәжібай тағы бастай берген.

— Әй, тоқташы, — деді шыдамаған ақын.

— Ой, ой... бұ қайсың, — деп Тәжібай үюлі астық үстінен аунап түсті. — Өй.. .өй...

— Абыржыма, біз.. .біз...

— Мен, Алтыбаймын. Жанымдағы Майекең.

— Не... Неғып жүрсіздер? — деп Тәжібай тұтыға қалды.

— Өтіп бара жатып соғып едік, — деп Алтыбай жақауратты.

— Зарыңды да естідік, — Майекең күрсінді.

— Жоға, жай, әншейін. — Тәжібай үстін қаққан боп шегіншектеген.

— Әй, Тәжібай балаңның көп екенін де, ас-судың да аз екенін де білеміз. Жаңағы бір зарың сай-сүйегімді сырқыратты. Астықты күзетіп отырып, балаларыңды аш сақтағаның Алланың алдында күнә емес пе. Неге күнделікті тамағын апарып бермейсің.

— Ол үрлық қой. Оны қалай істеймін?

— Әй, осы астықта сенің төккен терің бар. Төккен тердің өтеуі болуы керек. Сен сол өтеуін ғана аласың,—деп Майекең сергіне берік Тәжібайды уәжға жығып бақты.

— Сонда да. ., — деп күмілжіді қырманның күзстшісі.

— Күнәның үлкені Алланың өзі берген балаларын аш сақтау. Солай ма, Алтыбай.

— Әрине, әрине, — деп басқарма да қалбалақтады.

— Ендеше тап қазір осы астықтан бір қап бидайды үйіңе апар.

— Қазір ме?, — деп Тәжібай жалтақтап сене алмай тұр.

— Иә, біз сен келгенше қырман күзете тұрамыз.

— Апыр-ай, Майеке-ай, япыр-ай, Алтеке-ай, құдай көсегелеріңді көгертсін, не істерімді білмей әбден шатасуға айналып едім, — деген Тәжібайдың дауысы зорға шыққан.

Ой-хой, дүние десейші, не өтпеді өмірден. Майекеңнің кейінгі кезде сыр бере бастаған жүрегі шым ете қалды. Әлгі Шәкен мен Бану немересі әкеп берген дәрісі болушы еді, оны ішпеді. Анау Мәскеуі ме, Ноғайсібірі ме, әлдебір жерден, әлдебір орыстың мәтүшкесінің қолынан өткен дәрі ме, пәле ме, оны ішіп өлер шағында күнә жамары жоқ. Жаңа осы манда әлгі Сәтіқұл деген қара қисығы жүр еді, домбырасын әрмен апарып тастағанын қарашы.

— Әй, Мәдіқұл.

— О не, ата? — деп қағылез кара бала жүгіре жеткен.

— Әперші ананы.

Майекең домбырасын жай ғана шертіп, ақырын ғана өлеңдетіп жіберген де

— Мәдікұл, мынаны жаттап ал, — деп бұйырған.

Өмір ғой жоқ пен барды алыстырған,
Тағдыр ғой осы екеуін жарыстырған.
Тұрғанда біреу бар боп, біреу жоқ боп,
Пендеге пенде қылып шатастырған.
Бар шығар, көп алдына көлбең қағып,
Жоқ шіркін, көзге түспей тұрар налып,
Жігіттің марқасқасы, сабазының,
Тізесі бүгіледі жоқтан барып.

Қағылез бала атасының соңынан қайта-қайта қайталады.

— Жаттай алдың ба?

— Жаттадым, ага.

— Балам сен де азамат боп өсерсің. Бүгін түсінбесең бұл сөздің мәнін ертең түсінерсің. Өнер алды қызыл тіл дейді қазақ атаң. Аталы сөзге үйір боп өс, өсекті сөздің маңынан жүрме.

— Қайтсін, жан сақтау оңай ма, - деп қалды Майекең домбырасын жанына қойып жатып. Тәжібайдың сол бір уақиғасы есінен шықпай отырған. "Қайтсіні" Тәжібайға жаны ашығаны ма, әлде аш отырған ауылдасын көрсе де, жәрдем етудің жолын таппай қиналған Алтыбай басқарманы аяу ма ол арасы көмескі қалған.

Жау жағадан алып, ер азаматтың аяқ-қолы бүтіні окопта жатқанда кей әумесердің де бала-шағаға тізесі батып бақты. Әлде, үкіметке шын берілгенін көрсетіп, жан сақтау үшін сөйтті ме, істеген зорлықтарында шек жок еді.

Бұл ауылға төтенше өкіл боп Әдек милиса тағайындалыпты. Жұрт атын сстігеннен-ақ шошыған. Жылаған баласын:

— Әне, Әдек келе жатыр, алып кетеді,- деп қорқытатынды шығарды.

— Әй, тым... — Майекең тіліне оралған сөзді жұтып қойды. Дін жолында адамды сыртынан қарақаттауға болмайды, күнә дейді. Алланың жаратқан пендесінің тым осындай болып кетуі де ақылға сыймайды.

. . . Егін орағының кезі еді. Тұсап жіберген аты ауылдан ұзаңқырап кетіп, іздеп шыққан. Тоғаннан бері қарай жүгіріп басқан бала бір сүрініп, бір тұрып, қайта зытып келеді. Өзі еңіреп жылап келе жатқан сияқты.

— Әй, тоқта, бері кел. — Майекең сегіз жасар Демесіннің Серігін тани кетті. Әкеден ертеде, шешеден былтыр айырылған бала жама ағайындарының қолында.

— Балам, бері келші. Неге жылап келесің?

— Анда..., — деп қолын кейін серіпкен Серік солығын баса алмай өксіп-өксіп алды.

— Не болды, балам, жөндеп айтшы.

— Анда.. .милиса ұрды.

— Шырағым, ол неге ұрды сені.

— Бидай ұрладың, — деп.

— Иә, сонан соң...

— Әйелдерді тінтті, арқасын, құйрығын, ішін сипалады, — деп көргенін айтып жатыр. — Жеңгетайымның борбайының арасына мылтығын гүрс еткізді. Сонан, жеңгем дамбалын шешіп көрсетті. Жеңгем милисаны көрген соң, ышқырындағы бидайды маған берген. Мен оны ауыма тығып алғам.

Баланың айтуына қарағанда Әдек милиционер елдің қайтар жолын тосып тұрып, кілең жас келіншектерді шала шешіндіріп, бұтындағысын да сыпыртып, тінткен болса керек. Тілін тартпаған әйелдерді төмпештеп те жіберген. Баланы байқай қоймас деген де былай қалып, Серіктің дамбалынан шыққан қос уыс бидай үшін қамшының астына алыпты. Жетім сорлының күн көру үшін мұндай ышкырымен бидай тасуы бірінші еместі. Ондайда өзенді бойлап, тауды айналып, көз байлана ауылға кіреді екен, бұл жолы жеңгетайының айтқанынан шыға алмапты.

— Енді мені соттайды ғой, — деп қаршадай бала қалшқалш етеді.

— Жылама, балам, сені ешкім соттамайды, соттатпаймыз, Майекеңнің сен жетімсің, сені үкімет те қорғайды деген сөз тілінің ұшына келсе де, баланың көңілін жықпайын деп айтпай қалған.

Әдек милиционердің бұл ауылға қылғаны көңілге сыймайды. Жетім-жесірдің ышкырымен бидай тасуы қай бір жетіскеннен дейсің. Бидай — астың басы ғой. Соны

қасиеттейтін, нан деп мысығына иіскетпейтін қазақ баласының зәр тамып жүрген дамбалына салып корек етуі аштықтың жеті атасына жеткенінен де.

Сонау бір алапат аштықтан соң отыз төрт, отыз алтыншы жылдары жылаған халықтың көз жасын иіп, астық бітік шығып берген. Сонда:

Қуан ел, шықты егісің асқан бітік,
Алтын дән қауызында жатыр пісіп.
Шал-кемпір, бала шаға, жесір әйел,
Кез келді тояттайтын асыңды ішіп, - деп еді.

Ырыс жоқ емес, бар. Сол ырысты халықтың аузынан үркітіп, ала қашушылар да жетерлік. Соның бірі ауыл-ауылға жіберілген өкіл, әпербақан Әдек сияқты әумесерлер.

Үйінде өзінен басқа бас көтерер ешкімі жоқ Өзбектің әйелі шиеттей балаларына ас тауып беру үшін төстартқышына тығып күніне алақан толы бидай әкеледі екен. Біреуін біреуге мысық пен тышқанша аңдытып қойған мына заманда Әдекке соны жеткізуші де ауылдасы. Төсін тінтті, таппады.

— Қайда тықтың, сайқал?

— Әрі кет, әрі. Ойнайтын қатының мен емес.

— Көрге тықсаң да табармын, — деп зілденген Әдек.

— Шошаласының бір бұрышынан қапқа салып көмген астық шыға келді.

— Үкіметтің бидайын ұрламақшысың ғой. Мен оған жол бермеспін, — деп шіренді енді Әдек. — Өлшедік. Тура бір пұт. Не деген сұмдық?

— Бала-шағам...

Әдек милиционер бір пұт бидай үшін бейшара әйелді үш жылға соттатып тынды. Ара түсер жан да жоқ, араға түсерлік заң да жоқ.

Бәрінен де... иә, бәрінен де сұрапыл соғыстан жан сауғалап қашкан Шәкәрімнің тағдырынан ел шошынған. Бейшара орысша жат-тұрды да білмейтін. Ақмоланың түбіндегі майданға баратындарды дайындайтын жерде бұйрықты түсінбейсің деп әкіреңдеген орыстың офицерінен күнде таяқ жеп, "Калбит, сен бұйрықты әдейі орындамай-

сыңға" басып, кәтөлешкесіне отырғызып, местей қып сабай берген соң, қашып кепті.

Көз байлана ауылға келіп, ас-су ішкен боп жүрді. Әбден жүдеген екен. Тағылының бытқылы панасы, көбіне колхоздастырудан бұрынғы ескі көңіндегі үйдің бір бұрышын тал-терекпен жауып, үйшік етіп алыпты.

— Мұның не? Қолға түсесің ғой, — дегендерге:

— Енді кайда барам? — Ауылдан үзап көрмеген, окуы да токуы да жоқ азамат бас сауғалар жсрі жоғын танытқан.

Қашкын деген кеп еді, соның біріне де қосылмапты, сормаңдай.

Бір жанын ала қашқан азаматтың жатқан жерін де іздеушілерге айтып берген осы ауылдасы. Баспанасында қаперсіз жатқан жігіт үстіне келіп қалғандардың ат тұяғының дыбысын естіп, жаюлы тұрған көйлегін де киюге мұршасы келмей тұра қашқан. Қуғыншылар тауға өрлеген жігіттің алдын орады. Қыр асып, Тағылының бытқылына кіре алмай қалған Шәкәрім бір шатқалдан екіншісіне өтіп, ұстатпай бақкан еді, ақыры қаумалаған көп атты өзінің көңіне қарай жазыққа шығарып, лагерьдің кісі жейтін иттерін:

— Айт! Айтақ, - десіп, қасқырға қосқандай барқырасып, қоя берген. Төрт овчарка Шәкәрімнің жанын қоймады. Жете бере біреуі жұлып өткен. Жармаса кеткенін жерден алған таспен ұрып жасқады. Алысып жүр. Үсті басын қан жапқан Шәкәрім таяп кеп тоқтаған аттылардың ішінен Әдекті танып:

— Әдек-ау, қанымыз бір қазақпыз ғой, ешкімге еткен жазығым жоқ қой, ең болмаса иттеріңді тартсайшы, — деп жалына айғайлаған.

Азаматтың жалынышты үнін естір құлақ болмады. Арсылдаған қомағай иттердің үнімен жанталасқан адамның айқайынан құлақ тұнса да селт еткен ешкім жоқ.

— Айт! — деп қостады біреуі.

— Айт!

— Айт! - десіп елірді басқалары.

Шәкәрімнің иттердің жұлмалауынан қалған мүрдесін арбаға салып, орталыққа әксп, көшеге қойған. Көрсін, қалғанын да күтіп тұрған осы жағдай дегендері шығар. Мүрдеге көзі түскснжұрт шошына қашқан. Бір жақ қабырғасы мен

қол-сан дегендерден құр сүйегі ырсиып жатқан өлікті байқап калған Базарқұл бала есінен танын қалды. Сонан отыз жыл өткен соң көргенін бұйра шаш, кара жігітке күңіреніп отырып айтқан еді.

— Иә, деп күрсінді Майекең, Баяхметтің тағдыры да бұдан кем емес. Кеңес өкіметі алғаш орнай бастағанда соның нағыз жақтаушысы еді. Отыз екінің алапат аштығынан кейін өкіметке деген көңілі калып, сенгені семіп іштей қарсының бірі боп шыға келген.

Сол Баяхмет Сарыбұлақта Сембек күйшіні атқанда белсенділерден күйшінің қолында ұстап жатқан домбырасын алған. Мұны естіген ағасы Нұрахмет.

— Әй, оның не? Сембекке опа бермеген дүние саған мүлік бола ма? Оның қасиетін білетін де сен емессің, - деп күйшіден қалған жалғыз мұраны өзі алған екен.

Нұрахмет әскерге кетерде оны Омарға беріп кеткенін Майекең де біледі. Сол домбыраны елу жыл өткен соң қасқа бас қазақтың баласы іздеп келіп, Сембектің азалы күйін сахнадан шерткізерін кім біліпті.

Баяхмет неміс әскері Мәскеудің түбіне келгенде:

— Неміс жеңеді, — деді.

Сол айтқанынан бір қайтпай, қырық екінің қысында колхозшыларға:

— Неміс күш жинап жатыр. Жаз шыға Мәскеудің шаңырағын ортасына түсіреді. Кеңес өкіметі құлады деген сол, кеше колхозға өздерің қосқан тайынша-торпақтарыңа ен сала беріңдер, — деген.

"Айтылған сөз атылған оқпен бірдей" деген осы шығар, аптасына жеткізбей Баяхметті ұстап әкетті. Он жылы ма басқасыма, Карлагтың бір бұрышына апарып тығып жіберген. Кеңес өкіметі құлайдысына жанындай сенген Баяхмет те лагерьден қашып, ақыры оны да лагерьдің алпауыгг иттері талап өлтірді дегенді естіді.

— Әй, балам, — деді Майекең немересіне. Мынаны да ұқ:

Ажалға жақсы-жаман бірдей батыр,
Мұсылман, иә болмаса дінсіз кәпір,
Кімде-кім демі бітсе өңі сольш,
Шаруа дүниемен біткен ақыр.

Жорғалтақ кері атты қораның көлеңкесіне байлай сап бері беттеген қасқабас сарыны Майекең жүрісінен танып отыр.

— Ассалаумағалейкум, - деп қарттың қолын ұстаған Жұмаділ айналсоқгап жүрген баланың да басынан сипаған.

Сонау бір жылдары Майекеңнің пері туысына біраз жолдас болған Жұмаділді анда-санда әр топтан көзі шалып қалатын. Майекең:

— Балалар, - деп дыбыс берген еді, келіні Алданыш дастаркан жайып, тегенедегі қымызды сапыра бастаған.

Майекеңнің түсінігінде мына Жұмаділ оқымаған пенденің алғыры. Отызыншы жылдың басында "Батыр баянды" айтам деп істі болған Тұңғышбекті құтқарып қалуын күні бүгін мына ел жырдай қып айтады.

Өткен жылы екен ғой, үлкен ұлы Турабайдың ауылына барып, кешінде қайтар малдың алдынан шыққан ақсақалқарасақалдармен Майекең біраз сырласқан. Осы кер атымен шапқылап Жұмаділде келді.

— Оу, жарқыным, жер жаман. Ақырын жүрсеңші, — десті.

— Е...е..., —деп созды Жұмаділ — Шапсам да өлдім, шаппасам да өлем, онан да шауын өлейін.

— Жұмеке, — деді Турабай әзіл айтатындағы бір кеңк еткен күлкісіне басып. — Мына Дәлімбай кешегі өткен күндерде жалком боптьі. Жалкомның тәуірі, елге сөзі, бастыққа тілі өтетін мына Әбдіғали молда сияқты қатарлы, не оннан озық адам боптьі ғой.

— Ә, не дейді? — деп Әбдіғали молда денесімен бұрылып бір қарады да жымың етті.

— Шын айтасың ба, Турабай? Молдекеңнің мойнына жазатайымда жиырма бес жылқы мінді делік. Соның бірінің өтеуіне өтсе онда бұл Дәлімбайың Әбекең қатарлы-ақ болсын. Соған да жарамайды-ау деп қорқамын. — Жұмаділ қам жеген кісінің кейпіне еніп, ернін жымқырып, бас шайқап бүйірін таяна қалған. — Төрелігін сіз айтыңызшы, Майеке.

Жаңа ғана қызара бөртіп отырған Дәлімбайдың жүзі күреңітіп кетіпті. Өкпелеген баладай аузы бұлтиып, шоқша сақалы мұрынын тіреуге шақ қапты.

— Әй, Тұреке-ай, бірдеме естісең өстисің, — деп Дәлімбай реніш білдірген.

— Дәлімбай-ау, оның несіне ренжисің? Сенің кезінде болған-толғаныңды, кісілігіңді айтты. Жұрт көзінше мақтады. Бірақ мақтаулы әр есектің де пошымы бөлек-бөлек, көтерер жүгі де әрқилы. Мен де сені ренжітейін деген жоқпын, соны ғана айттым, — деп Жұмаділ тақымдап кояр емес.

— Е, бәсе, — деп Әбдіғали молда мырс-мырс.

— Ана жылы қысылғанда мына Жұмекеңе менде екі күрешке сүт жұтқызғам, — деп Қарасақау атанған шал күпсінді.

— Е, шөлдегенде кімнен не ішпедік. Соны да... Егер бір шелек сүт берсе мына Қаракең өмір баки коймас. Дегенмен осы Қаракең де заманында көзге түскен азамат еді, — деп Жұмаділ тағы бір сөздің шетін қылтитты.

— Е, болдық қой, — Жұмаділден мақтау естіген Қарасақау кеңірдегін созып, айнала қарады.

— Мысалы, — деп түртті Турабай.

— Осы қатыным бар ғой, қатыным Үмітжанды жеті қыз қатар тұрып "мені ал, мені ал" дегенде ішінен таңдап тұрып, қолынан суырып алдыма салдым. Бұйрық қой, сонан бері біргемін.

Шалдар күлісіп жатыр. Көзі ежірейіп, сыр бермеген Жұмаділ ғана.

— Ә, не дейсіз? Біргемін дедіңіз бе?...І...І... Ана жылы істі болғанда Үмітжан милиса, піркоролдармен кезек-кезек қалаға барып жүр деп еді, сонда сіздің ісіңізді куып жүр екен ғой. Әй, қу өсек-ай, — деп кейіген болды.

Адамның шымбайына батқан шындықты сезбеген боп, қалжыңдаған боп айтқан Жұмаділдің тіліне риза боп отырған. Тілінен жаңылып көрмеген ол тағы бір әңгімені бастады.

— Әй, сен осы маған құрт әкеп бердің, ә? Ұрлап, ә? Құртың тәтті болушы еді ғой. Сонан сенің басың жарылып қалды, ә? — деп Дәлімбайға қараған.

Бұл әңгімеден Майекеңнің бұрынан хабары бар еді. Балаң жігіт кезінде Жұмаділ жалшылықта жүрген. Тамағы ток болмады ма, әлде әуестігі ұстаған ба, бай үйінің өресінен құрт алып жегенін көріп, жалшылығынан шығарып, орнына осы Дәлімбайды алыпты. Бұған ерегіскен Жұмаділ Дәлімбайдың өзіне құрт ұрлатып алдырып, бай үйінің тап есігінің алдына

кеп жепті. Етегіне сап әкелген құртын біреу келе жатса бүркеген боп, байқамай шашып алғансып отырады. Мұны көрген бәйбіше құртын танып:

— Әй, мынау біздікі ғой,- десе.

— Білмеймін. Тәтті болған соң жеп отырмын, сіз де алыңыз. Әлгі Дәлімбай әкеп берген, - деп Жұмаділ соза түсіпті. Өзінен кіші болса да баласы Турабаймен бір құралыптас ақсақал-қарасақалдардың әзіл-шыны аралас әңгімесіне тойып етегін сілкіген.

— Майеке, сізді ертең Айғыржалға қайтады деп естідім. Жанпейіске сәлем айтыңыз. Қойсын деңіз, — деп Жұмаділ қиыла қалды. Сөз саптауынан Жанпейістің соңғы кезде бір-екідомалақ арыз жазғанына разы еместігін Майекең анық таныған. — Аздаған арызымыз бар еді, оны Қызылтудың қанжығасына байладық. Ептеген өсегіміз бар еді, оны Мұқышқа беріп, біз құр қалдық. Жанпейіс те қойсын деңіз.

— Ойпырым-ай, - деп таңданды Жұмаділ. Онсыз да тасырайған көзі танданыстан сыртқа айналып шығып бара жатқандай.— Ә, бұл ауылда кәмпескелеу жүрмеген бе?

— Ненің кәмпескесі? — деп бұл үйге кісі келсе дәміне ортақтаса кетуге дайын Өкімбек есік аттаған. - Қайдағыны шығарасыз. Кәмпеске бұдан отыз жыл бұрын болған.

— Ә, не дейсің? Кеше мына Қызылтудың малын қамап, әр үйге бір бие, бір сиыр, үш шошқа асыра деп.

— Тәйт, арамның атын атама. — Өкімбек шоршып түсті.

— Е, мен дейсің бе? Қазақты мұжық қылып, шошқа асырататын үкіметің. — Жұмаділ Өкімбекке жақтырмай қарап, сөзін созды. — Сонан әлгі райкомы келіп, өзі құрық салып, райкомы әлгі... кім еді?

— Түйнек деген, - Әбдіғұл Жұмаділдің аузына сөз салды.

— Итім біліп пе, оны, Топалаң десе де мейлі. Сонан өзі бас боп, су тегінге жұрттың малын айдап кетіпті.

...Ертеңіне көрші отырған жұмыскерге келіп, елдің екі сиырының бірін тартып алмақ екен. Ауылда кеңсеге байланған бірер басшыдан басқасы жетім торпақ, тізімге ілікпеген байталын жетектеп, сай-салаға сіңін кеткен. Өзен бойына жайылған бір топ бұзауды қайырған боп, Жұмаділ жол торыды. Ауданнан келетін қасқа жолда бүгін жүргінші жоқ.

Бір пәлекетті сезгенде кемеден егеуқұйрық қашады деуші еді, ей, Алла, бастық келеді деп еді жүргіншіден шаңы бір басылмайтын жолда бүгін қыбыр еткен жан жоқ. Әдейі киіп шыққан елтірі тымағын шешіп, құлағын тосты. Жаңағы бір кезде дүрілдеген дыбыс жеткен сияқты еді, енді естілмейді. Әлде ұшақ өтті ме деп көкті шолған.

Түс боп қапты. Ертемен шайын да ішпей шығып еді, шегі шұрылдай бастады. Е, қой деді өзіне-өзі, енді келсе де түс ауа жетер. Атының басын ауылға бұра беріп, кезеңнен асып келе жатқан машинаға көзі түсті.

— Ай! Ай! - деп басындағы жаман тымағын жұлып алып, қол бұлғап, далбалақтай шапқан аттылыны машинадағылар да көріп жүрістерін баяулатқан. Салт атты да алдын орай қапты.

— Не істейміз? — деп бастығына қарағаң жүргізуші, оның жүзінен "тоқта" дегенді ұғып, тежегішін басқан.

Ат үстінде алқынған шал, бас киімін киіп, терезеге үңілді. Сонан қамшымен тықылдатқан соң, бастық еріксіз есігін ашқан.

— Ау, балалар, амансындар ма?

— Жай ма, ақсақал?

— Шырақтарым, не сөздерің бар?

— Бөтен сөз жоқ, ақсақал.

— Апырай-ә. — Ақсақал таңданған болды. — Бір пәле келе жатыр деп еді. Онан не хабарларың бар?

— Естіген жоқпыз.

— Кеше мына Қызылтуға келіп, қырып кетіпті сол ауру.

— Ненің ауруы? — деп жүргізуші дегбірсізденді.

— Бүгін осы ауылға келеді деп, бүкіл ауыл, бала-шаға аяғы жеткен жерге қашып кетті. Ауылда тірі жан жоқ.

— Қандай ауру айтсаңызшы, — деп тағы сұрады шофер.

— Түйнек дей ме? Әлде қарасан ба? Білмедім. Әйтеуір топалаңның бір жаман түрі. Сонан қашып.

— Жүр кеттік. Бұрыл, — деп естірін естіген ауданның бірінші хатшысы Түйнек келген жолымен кері тартқан. Шаң қаптырған машинаның соңынан қарап, Жұмаділ де айызы қана күлді.

Мына әңгімені Жұмаділдің өз аузынан естіп, көңілденген Майекеңе қосылып, үй-іші тегіс даурыға күлген.

— Сазасын берген екенсің.

— Әй, сабазым-ай.

Жұрт даурығысып жатқанда Майекеңнің есіне Жұмаділдің тағы бір окиғасы түсіп, мырс етті.

... Жұмаділ гараждың күзетіне тұрған Тілді шалды жұмыс-қақинала отырып алған совхоз директорының қырсықтылығы да жеткілікті. Күзетін ауыстыратын жас келіншек екеуіне бергені бір шалбар мен күпәйке. Екеуі кезек ауыстырып кисін деп жарлық етіпті. Күнде бір жаққа кететін директорды апта бойы аңдып, күлқынсәріде өтетін жиналысынан зорға ұстаған.

— Менің бір сауалым бар. — Қол көтерген Жұмаділге жиналыстағылар тегіс көз тіккен.

— Қоя тұрыңыз.

— Бір-ақ ауыз сөз.

— Ту, тақымдап қоймадыңыз ғой. — Осы пәле шал тағы не айтады деп директор жақтырмағанын сездіріп те отыр.

— Ана күзеттегі мені ауыстыратын "сменшик әйел" болушы еді. Өзі күзетке ертемен тоғызда жұртпен бірге келеді. Сонда мен "Әй, бұтыңдағыны шеш" деп елдің көзінше қалай айтам. Ең болмаса оңаша да емес. Сол келіншектің ретін қалай келтірсем екен - деп әр сөзін тамсана айтқан Жұмаділ ойланған болды.

Жұрт қыран-топан. Мысы құрыған бастық завхозына.

— Тағы бір-бірден киім беріңдер, — деп құтылған.

Дуылдасқан топтың күлкісін Майекеңнің кенжесі Әбдіғүл бөлді.

— Пәлі, — деді ол. — Жұмекеңнің пистолетін естіп пе едіңіздер.

— О не пәле, тағы.

— Пәлі, бұл кісі бүкіл Ағадырдың милициясын үркіткен ғой.

— Сендердің де естімейтіндерің жоқ, — деп Жұмаділ орамалын алып, мойнын сүртті.

— Өзі айтсын, майын тамызады, — десіп, Жұмаділді ортаға алған.

... Алматыдан шыққан пойыз сүйретіліп Ағадырға түн ортасында жетті. Ол жақта күн жылы сияқты еді, мұнда шытырлаған аяз қарсы алды. Үстінің жеңілдеу екенін жаңа сезген. Барар жері Қайрақтыға жеті түннің ішінде көлік те табылмайды. Мұнда да қона жататын үйлер бар, оған мына

сары аязда жету де күш, оның үстіне осы Ағадырдың түн ішінде тонап кететін бұзықтары бар деген жаман аты да жүрегін шайлықтырып тұр.

— Қой, мұным болмас, — деген Жұмаділ вокзалдың қоналқы бөлмесіне орналасқан.

Осы бөлмені кеш сыпыратын әдеттері ме, бұл төсегін оңдап жаңа жата бергенде шелегін сүйретіп, еден ысқыш таяғына сүйеніп бір мәтүшке келді. Шылп-шылп су шашып, арсы-гүрсі ыскылағанын жақтырмай-ақ жатыр. Қой деуге шама жоқ, көзін жұмған боп, екі жамбасына кезек аунап, "қойсаңшыны" ыммен білдіріп баққан. Онысын түсінетін мәтүшке ме, ерегіскендей шалпылдатады келіп.

Тағы бір аунағанда шақшасы сарт етіп жерге түскен. Іліп алып, жастығының астына тықты.

— О не? — деді деді көзі бақырайған әйел

— Ол менің тапаншам. — Жұмаділ аунап түсіп тағы көзін жұмды.

Әйелдің үні бітіп қалған сияқты. Шалпылдатуы да азайып, ысқылауы да сиреп, тездетіп шығып кеткенін аңдады. Шошына шыққан еден жуушы вокзал милициясына барып, қонақбөлмедетүрі аса жаман, тапаншасы бар кісі жатқанын айтқан екен.

— Түрмеден қашқан біреу шығар, әйтеуір түсі суық, — деп үстеді.

— Тапаншасын өзің көрдің бе?

— Көрдім. "О не?" деп сұрап ем, өзімдікі деп, көзін алайтты.

Сол сәтінде-ақ Ағадырдың бар милициясы хабарланып, қауіпті қылмыскерді ұстаудың жоспары жасалған. Қос-қостан есікті аңдып, қарсылық жасаса атып жіберетіні терезеге тұрып, тапаншалы қылмыскердің қатты ұйықтауын күткен. Сәл ғана ашылған есіктен тың-тыңдаған біреуі әлдене уакытта қылмыскердің қорылын естіп, бас изеді. Жан беру оңай ма, тапаншасын қолына ұстап жатса қайтпек, бәрінде зәре жоқ. Екеуі аяқ жаққа жетіп, екеуі бас жағына келіп, ұйықтап жатқан Жұмаділді бас салып, жамылған көрпесін жұлып алған. Өз көздеріне өздері сенбей аңырасты.

— Жұмеке, сіз бе? — деген.

— Иә, менмін. Әй, аяғымды босат, - деп ұрысты әлі жармасып тұрғанына.

— Тапаншаңыз қайда?

— Е, ол міне, - деп насыбай шақшасын бас жағынан алған.

Жұмаділге асқан азынаулық табақ та ортаға келген. Сырттан біреу келсе әңгіме тыңдауға, дәмге ортақгас болуға жинала қалатын бұл ауылдың азаматтарының бәріне дастарқаннан орын жететін емес. Сыймадық-ау деп ешкімнің кеткісі жоқ. Осы ауылдың тумасы, осы Жұмаділмен сан сапарлас болған Пері тіріліп келгендей бәрі де мәз. Дастарханда ғы дәмнен шымшып кана аузына салған Майекең шегініңкіреп отырған. Сапарлас демекші өзінің де осы Жұмаділмен соқыр Төлеудің үйінде болғаны есіне түсті.

Арғы жылы екен ғой. Мал бағып отырған Төлеудің үйінен шай ғана ішіп аттанайын дегеніне жібермей, дәм істеді. сөйтіп отырғанда үстіне Жұмаділ келген. Сәлем соңынан үй иесі әйелдің кімнің қызы екенін сұрап біліп, әкеймен жолдас болғанын, өзінің де тәрбиелі бала екенін айтып, мақтай жөнелген. Мұны естіген әйел асылып жатқан астың үстіне тағы бір қимасына сақтағанын қосты.

Ауыл азаматтары мал соңындағы Төлеудің келуін күткен. Төлеу де осы маңға "тілді" деген атымен таныс. Оңтайы келгенде мына Жұмаділ екеуін қағыстырып көріп, ретін тауып Жұмаділдің бетін қайтарса деген тілекте. Кеш те түсіп, малын айдап Төлеу де жетті.

— Үйде Жұмаділ отыр. Ал, байқа. Осы жолы осының бетін бір қайтарсаң азамат болдың, — десті ауылдастары.

Үлкені Майекеңе жылырақ амандасып, Жұмаділмен салқындау қол алысқан Төлеу әйелі ұсынған жастықты шынтақтап, қисая кетті. Үн жоқ. Анда-санда Жұмаділге сығырая қарап қойып, "уһ" дейді де екінші жағына аунайды. Тым—тырыс үйде шыбынның ызыңы естіледі. Бұл жатыстың тегін емес екенін байқаған Майекеңде де үн жоқ.

— Уһ, — деді тағы Төлеу.

— Төкіжан, а Төкіжан, — Жұмаділдің дауысы тым майда шықты.

- А у .

— Осы сен не бағып жүрсің?

— Тайынша.

— Төкіжан-ау, сен тайынша баққанда мынандайсың, сиыр бақсаң не боласың?

— Төлеудің үні шықпай қалды. Керегенің көгінен, іргеден енді не болар екенді күткендердің шиқылдаган күлкісі естілген.

— Ойбай-ай, тілі неткен керемет, сиыр баққанда не боласың деді-ау, - деген үн де жеткен.

Кіші бесінде аттанган Жұмаділдің соңынан Майекең ең бір қимасы кетіп бара жатқандай ұзақ үңілді. Шіркін-ай, деді іштей, жарасымын тапқан қазақы қалжың, тілінен бал тамған әзіл-оспақ даланы күлкіге толтырып, елді мәз де етіп, езді тезге салып та тұрушы еді-ау. Енді ол кімге керек. Гармонын құлаштай созып, жер тепкілеген келімсекке ме, әлде күні үшін соның соңына еріп жалбаңдаған қазаққа ма, деп түңілді.

Қара қисық немересі домбырасын сүйретіп бара жатқан. Соңынан үлкендеуін қудыртып алдыртып еді, пәтшағар атқып мініп, тасқа соғып, шанағын қиратып тастапты. Көңілі онсыз да күпті боп отырған Майекең қатты өкінді. Талай жылдан жолдас болған домбырасының сынық шанағы ауру кіріп, күнін санап отырған өзінің де өмірден өтер шағы таянғанының мысалы тәрізді көрінді. Кемпірбай ақынның пірі көк ала үйрек қош деп еді-ау, менің домбырам сынды деген ой келіп, көзіне жас алды. Кәрі жүрек сыздап қоя берген.

* * *

Баласы істі болғаннан бері Жұмаш ақсақалдың да Аллаға сыйынуы жиілеп кеткен. Бір кездегі Әбдікәрім молдадан алған сабағы тегін кетпепті. Құранды қолына ұстап ақтарған сайын есіне түсіп, талай аятты жатқа айтатын да болды. Оның үстіне дүниеден ерте өткен әкесі де түсіне жиі кіреді. Осының бәрі тегін емес-ау, деп бабасы Түкейдің басына барып қайтты. Бұл ел ол кісіні әулие санайды. Енді қайтсын, ертемен орынынан аман-есен тұрып шаруасын жайғап, ертеңгілік астан бір шыны ғана шай ішіп, кейін сырылған екен, жарықтық. Бала-шағасы жапырлап ішіп, әбден болған соң.

— Ал, шырақтарым, қазір мен дүниеден аттанамын. Бәріңді де бұл жалғанда соңғы рет көзім көріп отыр. Бақұл болыңдар.

Бәйбішесі Айша шешесі жаулығының ұшымен көзін сүртіп, көзіне жас алған. Бұл қалай деп балалары да аңырды.

— Бәйбіше, жылама, менің соңымнан сенде келесің, — деген екен.

Бетін құбылаға берген Түкейекең дүниеден сол сәтінде өтсе, "барамын, ақсақал, барамын" деген бәйбішесі сүт пісірім уақыттан соң дүниеден озған. Жерлеуге барған жұрт дене топырағын түйіп әкетіп, қабірін жабуға қайтадан жер ойған екен деуші еді, бейіттің жанындағы шұқырды көріп, оған да көзі жетті.

— Иә, Алла, — дейді Жұмаш ақсақал, арғы-бергі ата-бабама әулиелік те, қызыр да дарыған ұрпақ едік, кәпірдің торында жүрген ұлымды сақтай гөр. Ендігі ұрпағымды пәле жаладан аулақ қылғай. Түкей екеңнің төртінші баласы Текіш-екең де ел аузына іліккен тәуіп болыпты.

— Әу, балалар, мені іздеп пәлендей жерден қос атпен мынадай киімді кісі келе жатыр. Өте асығыс. Шаршап-шалдығып жетер, ас-суын дайындап отырыңдар, — дейді екен.

Сондай ірі тәуіптің үй шаруасына ыңғайы келмепті. Бірде бәйбішесі Сәлиман шешей қолына балта ұстатып, ескі бақаннан қазық жасап беруін өтінсе керек. Балта өтпей ме, әлде қолы тым әлуетті ме, балтамен ұрған сайын бақан опырылып қала берсе керек.

— Әй, Сәлиман, мынауың болмады ғой, ендігісін өзің істеп алшы, — деп үстін қағып тұра бергенін көзі көрген үлкендер әлі айтады.

— Уһ, — деді, — ақсақал. Өмір шіркіннен алар ащы да, тұщы да сыбағасы аз болмапты. Облыстық газетте істеді, онан елу екінші жылдардың басында осы ауылға қайта оралды. Қайдан келгені белгісіз Рамазанов деген хатшыны да, онан елу үштің қаһарлы қысында мал мен жанды қалай аман сақтаймын деп арпалысқан Қауымбекті де көрді. Бірақ жыл аудан басшысы болса да ақ-адал ісімен осы жұрттың есінде қалған да осы Қауымбек екен. Ауысып жатқан көп бастықтардың бірі Оспанов, оның орынын басқан Құлмаханов екен.

Осы Құлмахановтың тұсында ауданға ептеп өң кіргендей. Бұлақтың суын бұрғызып, парк те салдырған сол басшы. Е, сол парк салып жүргенде бір күлкілі жағдай болып еді-ау. Басшының әйелі орыс еді. Парк жұмысын аралап, шикіл сары баласын ертіп жүрген бастық жетпістен асқан Сүйіндік

ақсақалмен ұшырасқан. Сүйекеңнің соңында да жетектеген бала.

— Сүйке, мына бала өзіңіздікі ме, — деген бастық таңданысын жасыра алмай, әрі сөз ретін де таба алмай.

— Е, шырағым, өзімдікі. — Сүйкең ақсақал салалы саусақтарымен сақалын тарамдады. — Өзімдікі, өзімдікі. Осы жұрт орыстың баласын да өз балам деп жүр ғой.

Өңі бұзылып, тілін тістеген басшы үрпек сары баласын ертіп ұзай берген еді.

Ібір-Сібірдің бір жеріне алып кеткен баласынан көптен хат та жоқ. Жазуына қарағанда айына бір хатқа ғана рұқсат береді екен, соңымнан азық-түлік салмай-ақ қойыңдар депті. Онысы несі деп таңданды. Саяси кесілгеннің тамағы тоқ, көйлегі көк дегенге кім сенеді. Сірә алдыртпайтын болғаны да.

Бәйбішесінің бетіне жалтақтаумен-ақ күн кешіп жүр. Осы отбасына салмағын салып кеткен сол бір ызғарлы күннен бері ол да ауру. Бұрын да дімкәсі бар еді, енді онысы да асқынып, шақырған дәрігері де керенаулап, өзі жарымжан көңілді жартыкеш еткен. Алланың көзі оң болғай дейді іштей.

Өзіндей тозып бара жатқан жапырайған үйіне қарап, осы елді ел етеміз деп жүрген талайдың еңбегі еш, тұзы сор болғаны есіне түсті. Сонау жиырма сегізде аудан шаңырағын көтерісіп, өмір салмағын бөліскендерден қазір кім бар. Ешкімге керегі жоқ бес-алты ақсақал әр жерде ойыннан қалған құлжаның асығындай шашылып жатыр. Отыз екінің қырғыны өтіп, отыз үшінші жылда Монғол жерінен елге үлестіреміз деп мал айдағанда, кері қашқан қызыл тайыншаны:

— Сен тайынша емессің, тірі калған қазақтың аузынан қашқан ырысысың ғой, — ден жаяу қуған Алтыбай, бүгінгі Алтыбай ақсақалдың жалғыз биесін Кеншоқыда біреулер ұрлапалыпты. Елден жөн сөздің де, үлгінің де кеткені осы шығар.

Иә, сол Алтыбай бастық боп туған колхоз бен жолайғы Ақбұлақ, Қармысқа елуінші жылдардың басында Жұмаш ақсақалды өкіл ретінде жіберген. Күн ыстық. Мінген атын қинап жүруді жас кезінен жек көретін әдеті. Артына қарай-

карай безіп келе жатқан біреуді байқап, таң-тамаша. Жүгірісі не? Артына жалтақтауы қалай?

Алдында келе жаткан аттылыны жаңа көрді ме, жаяу бұрыла қашты. Тегін емес-ау деген ой келген Жұмаш атын тебініп, еріксіз алдын орады. Жаяудың да өкпесі өшіп қапты, арсы-гүрсі дем алып, аяғын зорға басып тұр.

Жұмаш тани кетті. Осы алдындағы ауылда тілі кемдеу Қара деген кісі болушы еді, соның өзі ғой.

— Қара-еке, неге жүгіріп жүрсіз?

Есімін атағанға жалт қараған. Қара көзін жапқан терді білегімен сүртіп, бір жақсылықты сезгендей жаутаңдаған.

— Мені... танып. . , - деген сөзін буын-буындап зорға айтты.

— Бұл мен ғой, Жұмашпын.

— Ой, қа.. .қа.. ,қа... ай, бір өлімнен қалған екенмін, — деп кемсеңдеді Қара.

— Қара-еке, не боп қалды сонша? Айтсаңызшы.

— Ана жақтағы өкіл ме, басқа ма білмеймін, бауыздаймын деп қуды, сонан қашып келемін.

Қараны артына мінгестіре жеткен. Өкілі Майшы қара екен. Жұмаштың артынан түсіп жатқан Қараға ала көзімен қараса да, батып ештеңе айта алмай тұр.

— Әй, Ма..., - Жұмаш Майшы қараның аты аузына түспей бөгелді. Е, осының есімі Жолды еді-ау, жаман иттің атын бөрібасар кояды дегендей, — Әй, Жолды, мына кісіге неге тиіп жүрсің?

— Жұмеке-ау, өзі ғой жөнін сұрасам жөндеп айтпайды.

— Енді сонда...

— Атың кім десем, Қая дейді. Жаңылыс естідім бе деп қайта сұрасам, тағы Қая дейді. Мені мазақ етіп, қарашы өзін, тура өлтірейін деп едім.

— Әй, сол сөзінің байыбына бармайсың ба? Өзі сақау болса саған Қоя демегенде не дейді. Білгің келсе, бұл кісінің аты Қара. Тіпті, сенің оны сұрап нең бар, майыңды жинап жүре бермейсің бе.

— Енді.. .енді..., — деп Майшы Қара ақталуға сөз таба алмай тұтықты.

— Ендісі жоқ. Осындай істерімен ғой елді дүрліктіріп үркітіп жүретіндерің.

Осы Майшы Қараның тағы бір жолы колхоздың жұмысынан сіңірі шыққан бір әйелді май салығын төлемейді деп аудандағы бір бастыққа сүйрегенін естіген. Уполминзаг деген мекеменің бастығы есі түзулеу, әкіреңдеуі жоқ азамат болса керек, салығын өтей алмаған әйелге үкіметтің қаулысы, айнала торыған капиталистік жау мемлекеттер туралы біраз әңгіме айтып.

— Е, е, - деп отырған әйел түсінді-ау деген шамада.

— Міне, көрдіңіз бе, Сіз де түсіндіңіз, — депті.

— Е, шырағым, қараңғымыз ғой, түсіндім.

— Ендеше үкіме тке неге жәрдемдеспейсіз?

— Шырағым-ау, менен жәрдем сұраған үкіметіңнің халі нешік, сонда, — деп қисайып кеткен орамалын түзеген әйел таңданыстан ерінін сылп еткізіпті.

— Ойбай, апа, олай демеңіз.

— Қарағым-ай, менде сиыр түгілі соқыр ешкі де жоқ қой, болса мынадай халдегі үкіметке беремін ғой, беремін.

Тағдыр шіркін Майшы қарамен осы жолы қайта-қайта кездесуге жазған сынайлы. Аттылыны көрсе өкіл келе жатыр деп үркіп, берекесі кеткендерден мезі боп, Қармысқа соғып, Ақбұлақтағы бір үйге түскен. Үй иесі қонақ кәдесіне қанша күйбеңдегенмен таба қояры жоқ екені белгілі, онын үстіне Жұмаш та барған жерінде өзіне артық ілтипат көрсетуді тым жақай қоймайды. Барға мәзір, жоққа жүйрік жетпейді. Жұртта жоқ екенін көре тұрып шірене қалу адамның жолына, Алланың жазмышына жат деп ұғатын.

Үй иесі әйел күйбеңдеп жүріп шайын жасады. Жалғыз сиырдың сүтінен қалқып алған қаймағы ең тәуір асы. Жарты күлше турала бастағанда жыртығына қырық жерден жамау жапсырған мосқал тартқан әйел үстелдің шетіне отырған. Дастархан басындағы әңгімеде күнделікті тірліктің маңында ғана. Киімі қандай тозса, өңі де сондай тозған жүдеу әйел анда-санда ғана жасқана қол созып, қаймақтан ауыз тиеді. Қонағынан батпағандай үй иелері де асқа самарқау.

— Алыңыз. Алып отырыңыз, апа, — деген Жұмаш.

— А..., алдым, алдым. — Өкілден мұндай жылылық күтпеген әйел қызарақтап, ебедейсіздеу қозғалақтады.

Ауылдың шетіне кірген арбаның салдыры ұлғайып, шаңшұң дауыстар да молая түсті. Дабыр-дұбыр жүрістер де көбейген сынайлы. Есіктен өте бергеннің:

— Әлгі, Майшы қара кеп қалды, — деген үні жеткен:

Қолындағы кесесі сарт етіп жерге түскен әйелдің "ah" деген үні шықты. Жаңа ғана бірер шыны шай ішіп, жүзіне қызыл жүгіре бастаған бейшараның өңі өліктей құп-қу. Ішін тартқан үй иелері де жым-жырт.

— Неге үрейлендіңіз? Не болды, сізге? - деген қапелімдегі оқиғаға түсіне алмай, өзі де абыржыған Жұмаш.

— Енді құрыған шығармын. — Ерні дір-дір еткен әйелдің үні зорға шықты.

— Неге? — деп Жұмаш үй иелерінің бетіне қарады.

Майшы қарадан қорқып... — Отағасының да басы салбырап, көзімен жер шұқыған.

Жұмаш жағдайды енді-енді ғана түсіне бастағандай. Бір ғана Майшы қара елге осылай қырғындай тисе, қолында басқа билігі барлар не істемейді. Бас көтерер азаматынан отыз бен қырқыншы жылдардағы зобалаң мен соғыста айырылған ауылдың ұсқыны осы. Еңбекке жарап, күрек ұстап жүргені бірер шал-шауқан, сұрқы кеткен әйел, асықтың қызығын көре алмай бір-бір өгіздің үстіне таң атпай жарбитып қойған бала. "Сор маңдай ел-ай" деді іштей.

— Апа, сіз абыржымаңыз, жөнін түсіндіріңізші.

— Қарағым-ау, майды қайдан табамын? — Әйел жылам-сырап қолын жайған:

— Қандай май?

— Жеті келі деген.

— Не малыңыз бар еді?

— Қысыр қалған тайыншама үкіметтің тапсырасы деп салып кеткен.

— Қысыр деп айтпадыңыз ба?

— Оны тыңдамады ғой. — Әйел сырты күстене жарылған тарамыстай қолымен иегінің ұшына ілінген жасты сүрткен.

— Тап деп бір аптаға мұрсат беріп кетіпті. - Үй иесі Жұмаш жағдайды сұраған сайын жанашыр тапқандай сөзге енген.

— Өткізбесең үкіметке қарсы деп акт жасаймын. Оның аржағын өзің де білесің деп кетті, Майшы. Сұрамаған адамым жоқ, бәрі де майларын өздері өткізіп жатыр. Енді қылар шарам жоқ. - Кемсеңдеп егілген әйелдің жыланның арбауына түскен торғайдың дәрменсіз халі Жұмаштың жанын түршіктірді.

Доңғалағы қиқалақтап, салдырлаған арба осы есіктің алдына келіп тоқтаған. Үйге еркіндей кірген Майшы қара да, соңына ергені де төрдегі Жұмашқа көздері түсіп, табалдырыққа аттай бере қалт тұрып қалды. Майшы қаранын көзі Жұмаштан ауып, жылап отырған әйелге түсті. Сонан соң Жұмашқа қарады.

— Қанша май салдың мына әйелге, — Жұмаш қанша сабыр сақтайын десе де дауысы ызбарлана шықты.

— Үкімет тапсырысы.., — деп міңгірледі Майшы Жолды.

— Үкімет саған жоқ сиырға май сал деп пе еді. Ана ұртың мен қарныңды толтыра алмай жүрсің ғой. — Жұмаштың нұсқаған сұқ саусағы ішіне тірелгендей Майшы қара біржағына аттап түсті.

— Жо?. . ә...

— Тоқтат, кәне. Үкімет тапсырысы деп халықтан өз қамың үшін май жинап жүргеніңді дәлелдеп қазір акт жасаймын. Тапқан екенсің елмен ойнауды, зорлықшыл.

— Жұмеке...

— Шегін, әрі. Жолама маңыма.

— Бала-шағам бар ғой... Жаңылыстым... Түзеймін. Енді... енді өйтпеуге ант ішейін.

Жәдігөйлене қалған Майшы қараның бетіне қарағысы жоқ. Оу, бұл сорылы осындай ма еді. Кешеден кесірлі, кесірліден кесапат шығады деуші еді. Кешеден Жәдігөй шыққанын көргені осы. Әлде осы заманға осындайлар лайық па? Отызыншы жылдардың жалаңтөс, ұр да жық белсенділері, қырқыншы жылдардың зымияндау сұмдарының заманы өтіп, енді жоғарғы жаққа осындайлар керек боп қалды ма екен.

Мына есімін ел естімеген Майшы қара атанғанды талайдан білетін. Оңы мен солын танымайтын сорлы-тын. Желпініп, бұл да үкіметтің сеніміне кірген таңдаулысы боп шыға келіпті. Кеше қатын ала алмай жүрген ит еді ғой. Бағы ашылмаған ана бір сорлысына теліген бұзаудай етіп апарып қосқанынел талай жыл күле отырып жырлайтын.

"Пәленшекеңнің қызы бар, соны аласың ба" дегенге, "өждерің біліңдер, маған кімі болса да қатын керек" деп аузындағы насыбайын қоса езіп сөйлейтін Жолды еді ғой.

Таныстыруға апарғанда жоқ үйдің жыртығын өзінше бүтіндеген осы күнгі қатыны, сол үйдің бе, ауылдын ба бетке

ұстар қызы, ұн тартып отыр екен. Қыздың бір қолы диірменде, екіншісімен шым-шымдап бидай салып, көзімен жер тесіп, жоғары қарар емес. Қыз кәре келген Жолды шіркіннің де аузына сөз түспей, екі аяғын кезек суытып, әлде не дегісі келсе де үні шықпай, судан суырып алған балықтай аузымен ауа қармап әлек. Қызтөмен караса да бәрін байқаса керек, мырс етті. Қыздың мырс еткені Жолдыға демеу боп:

— Ұныңды шашып жіберейін бе? — депті. Өмірінде қызға тіл қатқаны да осы шығар. Онысын кейінгі жұрт түсіне ме, "Енді қайтсін-ай, еркектік айбарын көрсеткені ғой" деп әжуа етеді.

— Құтырып кеттің бе? — деп қыз тағы мырс еткен. Елде жігіт жоқ, теңін іздейтіндей де заман емес, байға тию керек деп шешесі де мылжыңдап біткен. Оның үстіне мына Жолдыны момындау демесе жап-жақсы қызмет істейтін ағалары бар деп естиді. Келіп танысады, көреді дегенді естігелі талай болған да, жазу солай шығар деп іштей көнген.

Жолдының аты онда Майшы кара емес, Жолды. Жолды деген аты да тәуір. Қызға не дерін білмеген Жолды алақанына насыбайын көсе салып, тағы бір еркектігін көрсеткен соң, ерні бұлтиып, тілі икемге келмей.

— Менің ағаларым көп, мынау, мынау қызмет істейді, би... би..., — деші деп өзі бір дегенді айта алмай саусақтарын кезек жұма берген. — Ақыры ақырып тұрған насыбай өтіп кетті ме, көзі аларып, қисалаң етіп құлаған. Есті қыз екен, жалма-жан аузындағысын өз қолымен алып, бетін шайып, тірілтіп алды. Тірілтіп алды да байы етті.

Бұл сол Жолды еді ғой. Бұл Майшы қараға қандай желік бітті. О, тоба. Жолдының үйленген жылы екен ғой, Жұмаш қысқа дайындық деген кәмпәнмен сол ауылда өкіл боп біраз күн жатқан. Жиын теріннің уақыты, әркім өзінше тырбанып, қыс қамын жасап жатқан шақ. Естуінше, Жолдының үйінде отын деген ныспы жоқ. Әйелінің күнде безектеп:

— Ең болмаса бір арба ағаш түсірсейші, — деп жатқанын жұрт естиді. Сол ем болды ма, әлде еркектік намысы ұстап кетті ме, Жолдының арбаға түйе жегіп, тау жаққа кетіп бара жатқанын көзі шалды. Шамалы уақыттан кейін тау ішіндегі қыстаққа қарай өзі де салт атпен шыққан. Мана шыққан Жолдының арбасы таудың етегіне де әлі ілікпепті.

Жолды ұйықтап отыр ма әлде түйе қыңыр ма, жүре жайылып, асықпай тартып келеді. Кіші бесіннен кейін Жұмаш сол жолмен қайта қайтты. Тау ішінен шығып келе жатқан Жолдыны тағы көрді. Бос арбаны түйе ауылға қарай өңмеңдей сүйреп келеді екен. Шапқан ағашы қайда деп таңғалған. Әлде арқанын ұмытып кетіп, бір жерге үйіп келе жатқан шығар деген де ойда.

Сол күнгінің оқиғасын кейін естіді. Түйесін жақын мандағы ағашқа бұрған екен. Өртеңнің орнына өскен ағаштын бір түзуі жоқ, бәрі қисық.

— Қойшы мынаны апарам ба? Қисық-қисық, арбаға да сыймас, — деп әрі қарай тартады. Бұғылының бұл барған жеріндегі ағашы ылғи кісінің көзі тоятындай түзу, әрі жуан екен.

— Мынаған балта өтпес, — деп Жолды тағы ілгері жылжыды. Қай сайға барса да Бұғылыда ағаш жетерлік. Міне, мына сайдағы ағаш әрі түзу, әрі балтамен шабуға ыңғайлы жіңішке екен. Иә, сәт, — деп ағаш арасына кіре бере аяғын суға тықты. Қай жағынан келсе де су. Ебін табам деп жүргенде күн де еңкейіп қалған.

— Қойшы, мынаған малшынып жүрем бе? — деп ауылға тартқан.

Күйеуінің бос келе жатқанын көрген әйел іштей тұтанса да, ең болмаса сөзбен өзін-өзі қайрап сіңлісіне:

— Ал, от жақ, жездең келе жатыр, — деген.

Түйесінің басын аулаға тіреп, шаршаған сыңай танытқан Жолдыға:

— Ең болмаса қиылған отынның бұтағын неге әкелмедің? — деді.

— Жүрейін соны әуре боп теріп, — Жолды зілденді- Еркегінің ызбарынан әйелі сескеніп, жым болды.

Иә, осындай мәжнүнбасгылар енді қажет болған шығар деген ойына беки түсті. Сөйткен Жолдыны "Жөке, Жөке" дегізіп бір колхоздың басқармасы еткенін де сырттай естіген. Естіген де бұл басқарған ел не болады, топ итті арыстан бастаса бәрі арыстан болады, топ арыстанды ит басқарса бәрі итке айналады деуші еді деп түңілген.

Ол елуінші жылдардың басы еді. Онан батыстың гүрілдеген соғысының лебін алып, тың көтереміз деп көк көз

сары бала каптаған. Бала бақсы осыдан жүз жыл бұрын қобызын тартып-тартып, "Сарысудың бойын аралап өкіріп қара бұқа кетіп бара жатыр. Мына далаға сары шашты сайтан толып кетіпті", — деп тұра қашады екен дегенді өзінен бұрынғы үлкендер сан айтушы еді.

Қара бұқасы паравоз боп шықты. Онысы өкіріп Бұғылыдан Жезқазғанға дейін күніне сан мәртебе жүйткіп жүр. Бақсының сары шашты сайтан боп көзіне елестегені осы келімсектер болар. Аузында темекісі, қойнында бөтелкесі, қисаландап басқанның қолтығында аузы қып-қызыл, тырнағы сояудай бір-бір сары қыз. Бақсы жарықтық, көрген екен осы заманды.

Жұмаш көшеге шығудан қалғанына өкінеді. Үй күшік болуға айналған әкесін аяп Әлкәдір баласы:

— Ең болмаса дүкен жаққа барып, сергіп қайтпайсың ба, — дейтін.

Қайдан барады. Мына бір пәлелерге көше толып кетті. Енді қартайғанда біреуі мазақ етіп қолтықтай жөнелсе киіміне арамның қолын тигізіп құдайдың алдында күнәлы болар жағдайы жоқ.

Оның үстіне көзін жұмып жүре ме? Көзін ашса қыз екені, қатын екені белгісіз, не орысы, не орысқа бергісіз боп бара жатқан төмен етекті. Дамбалы бар ма, жоқ па, жалп-жалп еткен етегінен үріккен қойдың көтені сияқты арт жағы жылт-жылт. Құдай оған көз түсіре көрмесін. Ту, пәлекет, өзімен кетсін. Жамандық жұққыш болады деуші еді, енді оны көзімен көріп отыр. Осы ауылдың қазағының қыз-қатыны да келімсектерге ілесіп бара жатқанға ұқсайды. Көзін ашып жүрсе көретіні осы, жауып жүрсе бір шұқанаққа құлап, қирайды. Көзін ашса да күнә, шұқанаққа құлап тәнін жарақаттаса да күнә. Бұл жалғанда тәннің иесі жан. Жанның иесі бір Алла. Алла жанға тәнді күзеттіріп қойған. Өйтіп те, бүйтіп те күнәлы болар жағдайы жоқ.

Жұмаш ақсақал осы тың көтеру деген науқанның тұсында ауданда тәп-тәуір қызмет ететін. Орысшасы да біркелкі, ауыз екі сөзге жүйрік. Ресейше жазғанда "өкөншәние" дей ме, бірдемесінен жіберетін қатесі болушы еді, сонысынан "жарамсыз" боп қызметтен шығып қалды. Онан орыстың аяғы барса да тұрақтай қоймайтын бір ауылға ауыл кеңестік те жүрді, тілші болды, өйтті- бүйтті, зейнетке ілікті.

Ақсақал үйінің сыртына шығып, әнебір автостанса деген жаққа көз салған. Үш-төрт қазақтың баласы бір шолмекті кезек-кезек басына көтеріп жатыр екен. Әлде қызу, әлде мас. Сөздері қатты-қатты шығып жатыр еді, ақыры төбелесіп, жұдырықтасып тынды.

Е, осыдан үш жыл бұрын екен ғой, осы арада бес-алты орыс тап осылай бөтелкені аузынан жұтқандары. Солардың арасынан қазақтың екі баласын көріп Әлкәдірге:

— Әне, сенің қазағың, -дегені. Бекер-ақ баласын табалағандай болған екен. Табалайтындай өз баласының жазығы не еді? Қолынан қаламы түспейтін баласының сан өлеңін оқып, қазағын мақтап, қазақшылығын жоқтап жүрегінін білетін. Соған іші ашыды ма, білмейді, ашу мен ызадан жарыла жаздап, таз ашуын тырнадан алады дегендей баласын жазғырыпты.

Дәл төбеден дырылдап самолет өте шықты. Бұрындары самолет біткен сонау көкте қалықтап, көру үшін көз талушы еді, енді үйдің төбесіне шығып, құрық сілтесең қанатына тиетіндей боп, құйқаңды шымырлатып өтеді. Онысы әскери ойыны ма, әлде еркінді еріксіз алдым, ей қазақ, деген мазағы ма, күніне сан мәрте шүйлігіп өтетін самолеттен үйдің де қабырғасы дір-дір. Кейде жаюлы дастарқанға төбеден құм құйылатынын қайтерсің.

Кәрі көк биенің емшегін тартуға бәйбішесі шықты. Есіктен аттай бере орамалын түзеп, аспанға қарады. Онысы дарылдаған пәлесі көктен келіп қалған жоқ па деген қаупі. Өткенде биенің бұтына отыра бергені сол еді, ақсақалының:

— Келіп қалды,- деген жан дауысы шыққан.

Үріккен көк биенің астында қала жаздап, еңбектеп зорға үлгерген. Ол жолғы олжасы - жан сауғасы. Талайдан ұстап жүрген ағаш шелегі болушы еді, көк биенің астында қалып быт-шыты шықты. Көрші Еркебай ақсақалдың бәйбішесі Күлзиясы да, Рахым шалдың Тотысы да жер бауырлай ұшқан самолеттің дарылынан үріккен малдарына ие бола алмай қарғап-сілеп жүргендері. Көп асқанға бір тосқын деген бар еді, ақыры жер бауырлаған самолеті Ағадырдағы бір мұнараны қағып кетіп, шаншылып түскенін естіген. Жұмаш ақсақал:

— Жатқаныңнан тұрма, — деді іштей.

* * *

Мектеп басшысының жоғарғының таяғынан да, күнделікті тірліктің азабынан да аз-маз құтылып, арқа-басы кеңейетін кезі осы жазғы шақ. Сухаң кабинетінің терезесінен тысқа үңілген. Көбентайдың иығынан құлаған топ жылқы желе-жортып келеді. Шыжғырған ыстыққа шыдамаған шығар деп түйді. Бүгінгі аптап та ерекше. Әне, анау өзен бойынан қалың бу да көтеріліп, құрағы желбіреген алқаптың ауасы төменнен біреу үрлегендей желпініп жатыр екен.

Желпінген ауа көгілдір пердедей тұтасып сағымға айналған. Манағы Көбентайдан бері асқан топ жылқы сол сағымға енді де, бірте-бірте бұлдырап көгілдір перденің ішіне сіңе берді.

Көгілдір пердеге еміне қараған Сухаңның көңілі де алыс .. .алыста қалған шақтарды аралап кетті. Әкесі Ахмет мұғалім есіне түсті. Сонау аштық жылдары жан сауғалап Сібір өтті. Онан Мирзоян деген басшы кеп, аштық аз кем тоқтаған соң елге оралған. Қазақтың баласын орыс-немістен қайтсем кем қылмаймын дейтін әкесі Аюлы баурайындағы аудан орталығының мектебіне басшылық етті. Әкесі, анасы, інісі мен Манара қарындасы мектептің кіре берісіндегі аядай бөлмеде нешеме жыл тұрды.

Ақыры патша қазақтан солдат алған он алтыншы жылы Минскіге кеткен орысшасы жоқ мыңдаған қазақ орысқа қор болмасын деп Алаш партиясының нұсқауымен Белорус орманында талай жылын өткізген Ахмет мұғалім отыз жетінші жылы халық жауы атанып, көзден таса болды. Отбасының да тоз-тозы шықты. Әкесінің інісі Жебірей Оспанды сағалап біраз жүрген. Ахмет мұғалімнің өзі шығарысқан "Садақ" деген журналды үкіметтің қаһарынан қорыққан жебірей Оспанның талай-талай суреттермен қоса отқа жаққанда әкесінің жалғыз бейнесін ышқырына тығып алып қалған сәті елестеп, көзіне жас үйірілді.

Қайран, әке, қазағым деп жүріп келмеске ол да кетіпті. Торғайды паналататын бұта болушы еді, артында қалған балашаға сол шымшықтай пана таппаған сол күндерді бастан кешірген. Біреу жаудың жетпегіріне өшіге қарап, біреу жаны ашыса да айнала ГПУ-дің саққұлақ салпаңқұлақтарынан қорқып, түнемеге жер таппаған күндер жетеді. Сондайда есігі

ашылатын шөп аранның ішіне кіріп кетіп, танау жаратын пішен иісіне мас бола бұйығып, шексіз аспанның сансыз жұлдыздарын санап жатып ұйықтап, әкесі түсіне еніп, сан еңіреп тұрған күндері болған. Жаттың зекігенін де, жамағайынның айғайын да естіп жүріп өсті. Олар қайда жұмсаса да ауыр-жеңіліне қарамай баратын. Қасарысуға хал қайда. Жаңбырлы күн, қыраулы түн деп мұны да ешкім аямады. Тірлік еріксіз өлермен етті, сонысымен жаудың жетпегірі болса да жақты. Онысы жұрттың пасық мінезін аямайтын өзімшілдікке жетелеген, жан сауғалау үшін құрық бойламайтын қулықты үйреткен, күн көрістің өлермендігі еді.

Бақса осы өмірінде шын жадырап күлмепті. Әлгі бір көрінбестер мұның күлкісін де аңдумен өтіпті ғой. Әй, жаудың ұрпағы неге күледі-ей, күлсе оның артында бір зымиян-дық жатыр деген жат пиғыл тұрса қайтіп шын масайрамақ. Қарқылдап күлу бұған жат, езу тартса соның өзін жат көзден жасырып әлек. Өмір бұған ешкіні апа, текені жезде дегізіп бақты. Сонда да ешкімнің ала жібін аттап көрген жоқ, біреудің ақ көңіліне түкірмеді. Бірақ мына жалған деп жүрген өмірде маңайындағы пенденің ұсақтығын, мәжбүндігінен туатын кісімшілігін аяп көрген жоқ. Осы мінезің, осы қалпын айналаның өзіне жасаған кісәпірлігінен уақыттан көрмесе мұның жазығы не?

Өмір ерте есейтті. Панасызды ауылдың да, ауданның да бас көтерерлері ФЗУ дегенге салды. Ел тілінде "бұзу" атанған осы мекемеден жаны шоши жүріп, ақыры жан сірілікпен оның да документін алып барып қашып құтылды.

Барар жер, басар тауы шамалы бозбала еш жұмыстан тартынбады. Қыс болса жалғыз көлік шананың айдаушысының орны мұнікі. Апарып сал, алып қайтқа жеңіл Телпекбай өзі. Өстіп Жарықтан түнделетіп қайтып келе жатып жол үстінде қисая кеткен екі жаяуға тап келгені бар. Шана табанының сықырына бас көтергендерден шошып жүрістен қажып келе жатқан аты тәртені сындыра жаздады.

— Ағатай-ай, ала кетші.

Таныс дауыс сияқты. Ербиіп тұрған Мұсаның інісі Асау екен. Мұса әкесі Ахметпен ауданда бірге істеген-тін. Мына баланы сол уақыттан бері біледі.

— Ау, жарқыным, сенбісің? Жаныңдағы кім?

— Бидайбектің Жаскені ғой.

Шанаға сүйретіліп зорға мінген екеу Сухибектің "ал" дегеніне орай жөндерін айтқан. Екеуін де Жезқазғандағы ФЗУ оқуына салған екен. Әлдіреқсің деп Асауды забойға, әлжуаз Жаскенді қасық жасауға қосқан. Шахтаның ауыр тұсына тап келген Асау баланы үлкендер аяп, қолдан келген көмегін де жасап, кей-кейде үйлерінен оны-мұны тамақта әкеп береді екен. Әп дегенде-ақ ФЗУдың тіс қаққандары ауылдан ала шыққан тамақтарын тартып алған. Оған арызданып жүргенде үстеріндегі киімдерінен де айырылған. Ол аздай тамаққа отыра бергенде қашап салған ыдыстарын қолдан-қолға өткізіп, жоқ қылып жіберетінді шығарды. Екі баланың жағдайының нашарлағанын байқаған ФЗУ бастығы Тоқтарбектің Базылы оларға тамақты жұрттан бір сағат бұрын беруге қосқан. ФЗУ-дың оқуы да бітер шақ келді. Асауды Қарағандының шахтасына бөлген. Жаскеннің оқуының, шеті әлі көрінер емес. Мұнда жалғыз қалса жағдайының қиындай түсетінін білген Жаскен, ебін тауып ала кет деп жабысқан.

— ФЗУ-ды бітірттім. Киімің де, документің де міне. Жарық стансасы ауылдарыңа жақын, — деп әлденені ескерткендей болған Базыл директордың сөзінің ұшында "бас сауғалай біліңдер" де жатқан.

Оқу бітіргендерді вокзалға жаяу айдаған. Жолда қашқан баланың бірінің есебіне Жаскенді кіргізді. Осы топты қолдан-қолға өткізу міндетін алған бір бастық аты-жөнімен шақырмай вагонға саңап салды. Жарыққа да жетіпті. Үстінде формасы жоқ Жаскеннің түсіп кетуі оңай болғанмен енді сытылып шығу Асауға қиынға түскен. Өлмегенгс өлі балық қездесуінің керіндей әйел мен баласы, шабаданы бар бір милиционерге жүкші керек боп қалып, баскадан әлуетті Асауды бастығы соған көмекке жұмсаған. Милиционердің шабаданын вокзалға енгізе сала Асау да өзін байқастап жүрген Жаскенді ертіп алды-артына қарамай безді.

Жалғыз танысы Китайдын үйіне барып, шай ішеді де, әйелі берген жарты бөлке нанды қойынға тығып:

— Тезірек кетіп қалған жөн шығар, іздейді ғой, — деген Китайдың сөзін дұрыс көріп, жүріп кеткен. Кешінде Қатпарға ілігіпті. Қатпардың басқармасы Кенжебектің Тұңғышбе-

гінің үйіне бас сұққан. Тұқаң үйде болмаса да бәйбішесі бәйек боп жатыр.

— Түнде жүрмеңдер. Тұқаң да келіп қалар. Қызылтеңдікке өзі апарып салар, — десе де екеуі далаға шыққан болып, тағы жаяу тартып кеткен. Тағылының бел ортасы Майбастан өте Жаскен қалжырады. Жүруден қалған. Жаскенді арқалай-арқалай Асаудың да болдырып жатқан жері осы екен.

Жол шіркін Майшы қарамен де кездейсоқ таныстырған. Бұл жолы Тәжағаңның атқосшысы-тын. Жолшыбай соққан ауылдан бадырақ коз қара шанаға мінген. Бір сөзін асырып, бірін батырып сөйлейтін дөрба ауыздан 'Гәжіағаң әңгімені қанша сұраса да жарымай қойды. Сонан Төжіағац:

— Әй, Жолды, сң болмас ат айдай отыр, — деп делбені үстатты да. — Осы, сен, бүгін қайда барасың? — деген.

— Ауданға.

— І... Иә, не жұмыспен?

— Кәмперенсияға.

— Неңің?

— Обүй, Тәжіаға, сіз естімеген екенсіз ғой, мен бастауыш комсомол ұйымының бастығы болдым ғой.

— Қойшы-ей. Малад...дес. — Колхоздағы комсомол үшеу еді. Соның бірі өзі, қалған екеуіне бастықтығы өтіп, күпініп келе жатқан Жолдыны Тәжағаң шаптап қойды. — Онда өседі екенсің.

— Қалай? — деп қолқ ете қалды дорба ауыз қара.

— Сені мұндай атақты жиналысқа тегін шақырған жоқ. Өсіругешақырды.

— Со... шын, — деді қуанғанынан ерніне насыбайды толтыра салған комсомол.

— Осы жолы пленумға сайланасың. Сонан елдің көзіне түсесің де аудан комсомолының басшысы боласың.

— Ә..., — Тәжағаң айтқан сайын жаны кірген алакөз қара ежірейе түскен.

— Онан сені облыс таниды.

— Е, со.. .со.. .сын ше?

— Қазақ ССР-ына танымал болып...

— Сонда мені..., — деп Қара ежіктей түскен.

— Әлгі Мәскеуге барғанда шатысып кетпесең болды.

Сандырақ та келеді деген осы шығар. Елде еркек кіндікті түгесілуге шақ қалғанда алакөз қара комсомолының пленум мүшесі боп сайланғаны да рас. Миы тесіктігіне қарап жатқанешкім жоқ, табаны тесікті көтеріп жатқан шақ қой, Жолдыңыз шамалы уақытта осы ауылға бригадир боп келе қалған.

Жолдыекең "бригадир" боп келгелі шораяқ қара жорғаның арқасы босап қалды. Өзі ақсақ, шоқақтаған жүрісі ішіңді көтенішегіңді түсіреді деп бұрынғы бригадир айтатын.

Зар илесе да, арқасын жауыр еткен. Жөкең шораяққа жоламады.

— Ат әскерге керек. Біз сияқты адал жандар жаяу жүріп жұмыс істеу қажет, — деп соқты.

— Ол ат емес, шораяқ қой, —дегендерге ежірейе қарап.

— Шораяқ шаппаса да қажетті күн туса әскер алады, — дейді.

Қажетті күн туса дегеніне бәрі тоқталады. Бірақ жаяу жүруді уағыздайтын, бастықтың арба-соқадан әбден қалжыраған өгізді мініп алатынына қатындардың қыжылы бар.

— Бір мезгіл дем алдырмайды, —деп күңкілдеседі.

— Өгізге демалыс не керек? Ол өгіз. Өгіз болған соң өгіз, — дейді бастық.

Шешесін іздеп келген бала, анасының жанында қалатын болып, міне кетсін деп биесін Жөкеннің алдына тосқан. Жанына баруын барса да, құлағын жымитып жақтырмаған сыңай танытқан биеге.

— Құр, ей, құр — деп қыршып алмас па екенді ойлап, бөксесін ала қашып, ақыры, — ішінде құлыны бар екен, обал болады, — деп қоя бергізген.

— Құлыны соңында жүр ғой.

— Тағы құлындайды.

Бастықпен сөз жарыстырған ешкім жоқ. Әйелдср мырс-мырс етіп, орамал ұшымен аузын басқан. Қатындардың жасқанақүлгенін көрсе де осы жақгы жағалауы жиі. Әзілдескісі де бар сияқты. Бір қатынды жабылып жүріп зорға әпсрскен деуші еді, енді топ байталға кездейсоқ түскен сәуріктей бола қапты.Жеңгелерінің маңына таяп кетсе Асау мен Жаскен шыр-пыр. Осы екеуінен-ақ көрдім ғой деді ме сынған арбаның астында гайкесін бұрап жатқан Асауға.

— Сен әдейі сындырасың, — деп тиісті.

— Арба, ескі, жөндейтін сайман жоқ.

— Қарашы менімен салғыласуын. — Жолды бригад арба астынан бөксесі көрініп жатқан Асауды бишікпен осып өтті.

Соңынан алая қараса да жармаса кетуге батпай бозбала Асау қала берді.

— Анау не дейді? — деп жанына келген Жаскенге.

— Бүгін маған қамшы сілтесе, ертең сені сілейте сояды. Жазығымыз жеңгеміз. Не ол бізді жеңіп, сәуріктік етеді, не бізге оның бетін қайтару керек. — Бала да болса бұлшық еті бөлек-бөлек Асау түйіліп алған екен.

Ертеңіне кәріліктен митыңдап зорға басатын аласа ала өгізден түсе бере қатындарға әңгірлеп, Жаскенді де боқтай жөнелген Жолды бастыққа ол бұтын саптады. Жаскенді қамшымен салып жіберіп, тура ұмтылған Жолдыны Асау кескекпен жіберіп ұрды. Жеңгелері екеуін жабылып ұстап, қалған әйелдер араға түсіп, у-шу.

— Үкімет адамына қол жұмсап, -деп кіжінеді Жолды. —Мен сендерді...

— Жөке! Жөке! Бала ғой, бала.

— Сен неге бізді ұрасың. - Қамшының ұшы тиген Жаскеннің көз алды долырып ісіп шыға келген.

— Сендерді ме... әктілеп, түрмеде шірітейін.

Жұлқынған Асауды Шәкен мен Зария жеңгесі жабылып жіберер емес.

— Ойбай, қой, жаман да болса бастық, соның тілі үкметке өтеді. Босқа сотталып кетесің.

— Бүйткенше тура өзін буындырып өлтірейін.

— Қой, дедім ғой, қой енді.

Қамшы қатты тиген Жаскен тілін тартар емес.

— Елді боқтаған сенсің. Үкімет жесір қатын, жетім баланы боқта деген жоқ саған. Осың үшін жауап бересің.

— Жап, аузыңды, пәлеге қаласың, — деп оған Бибігүл басу айтқан.

— Жоқ, ол неге ұрады, ә.

— Ештеңе етпес, өзіңде де бар, бұтыңды саптап, — деп Бибігүл жыламсырады.

— Әй, сен екеуіңді ме, ертең тура түрмеге апартам. — Жөкең бастық әлі зіркілдеп тұр екен.

— Бар, бар. Ұрғаныңды дәлелдеп қатындарға қол қойдырып, дәрігерден мен де ыс.. .ыс..., - Жаскен орысшаға тілі келмей, қағаз алам, — деді.

— Жөке, балаларды кешір, — деп әйелдер шуласқан.

Бір түс төбелеспен демалысты. Жөкең бастық та арыздана қоймапты, сірә жетім-жесірді ұрдың деп өзіне кәкір келер десе керек. Ай өтер өтпестен оның баска колхозға ауысып кеткенін естіген.

Соғыс біткеніне де біраз жыл болса да азаматынан айырылған елдің еңсесі көтерілер емес. Жаралы, ауру-сырқаулы қатарында елге оралғандардың еңбекке жарамдысы шамалы. Көбі қатарға ілігіп кете алмай о дүниеге аттанған. Әсіресе енді жетіп келе жатқан балаларды оқытатын мұғалімдер жағы жетіспейді. Сухибек әкесінің көзі тірісінде біраз сыныпты бітіріп тастаған, кейін көз көрген ескі мұғалімдердің демеуімен мектепті сырттай да болса бітірді деген қағазы бар.

Даланың әр жерінде шашырап жатқан мектептерге оқытушы іздеген оқу бөлімінің қарамағына ілікті. Жарты жылдьгқ жылдамдатқан курсты бітіріп, бір колхоздың он-он бес баласының басын қосқан мектебінің құлағын ұстатып қоя берген.

Басқарма да жаңа екен. Елдің айтуына қарағанда бұрынғысы әкіреңдеген бастықтарға жақпай, оның үстіне жылаған жетім бала, жесір қатынға қарайласа берудің ебін таппай "босат" деп арыздана беріпті. Арызданған бастық "момындау ғой, жұртқа зәбірі тимес" деп жамағайын боп келетін Жолдыны ұсынса керек. Ауданы ма, басқасы ма Жолдының кескін-кейпін ұнатыпты.

Жаңа басқарма Жөкеңнің де келгеніне көп болмапты. Бір тәуірі, үйін көшіріп әкелген екен, ескі таныс ретінде қоржын үйінің бір басына әзірше паналай тұруға рұқсат етті.

Жөкеңнің кызметі өзгерсе де, сол бұрынғы қалпы. Ә дегеннен сиыр пермесі, қой пермесі дегендерді жаяу аралап, терлеп жүр екен. Дегенмен бастық қой, өгізге мінуді ұят санағандай.

— Бала, осым жөн бе? — деп Сухибек мұғалімнен ақыл сұраған.

Жөн деп те, емес деп те айта алмай мұғалім иығын қикаң еткізді. Ашық-тесіктеу есіктен басқарма мен әйелінің келіспей қалатын шаруаларын да құлағы шалады.

— Сен енді білдей басқармасың. Ана Әкімбек, Тәйімдерден нең кем, осыны айтшы, — дейді әйелі.

— Не, мен кем көрініп жүрмін бе? — Жөкеңнің үрке шыққандауысын танып, жас мұғалім жеңіне тұмсығын тығып күледі.

— Өзіндей басқарманың қайсысы жаяу жүр. Осыны айтшы, кәне.

— Енді..., — деп күмілжіген Жөкеңнің дауысы зорға естілген.

— Ендеше, ертеңнен бастап атқа мін.

— Ойбай, о пәле тістеп алады.

— Тістемейді, — деп зілденді әйел — Ат тістеп өлген адамның моласы жоқ.

Ертеңіне күйеуінің атқа қалай мінгенін ел көрмесін деп әйелі шөпаранның ішінен Жөкеңді аттандырып жатқанын есіктен сығалап көріп тұрды.

— Ойбай, тістейді.

— Міне, мен құлағын басып тұрмын, ал мін.

— Артын бұрып келеді, тебетін шығар.

Жөкең бригадтың ат арқасына артын қоймай кеткенінің сырын енді ұққан Сухибек күлкіден өліп тұр. Ердің қасына жармасып, алақан көзі шарасынан шығып, жуас биенін үстінде бақадай жарбиып бара жатқан басқармаға жарты ауыл қараған шығар.

Кешінде қайтқанда сырттан тағы айғай жеткен.

— Әй, қатын, түсіріп ал мынадан, Қарашы құлағын жымитып тұр.

Басқармаға бұл жүрісі тым ұнамағанға ұқсайды. Бұл ауылдан да арба-шанадан ыңыршағы шыққан ат табылып, соны жектірді. Оны айдай қоятын көшір қайдан табылсын, мектеп басталғанша деп Сухиді атшы қылған. Бастықтың да көңілі көтеріліп, өлеңдететін болды. Перме-пермеге ат басын тірегенде басқа жұмысын біле ме, білмей ме, әйтеуір қой мен сиырды санаудан маза жоқ. Шөпшілерге барғанда шалғынын жүзін ұстап көруші еді, соңғы кезде оны қойып, қазан жаққа жалтақтауды көбейтті. Шөпші жігіттерге ас пісіруге жесірлердің ешкімі көнбей отырғанда қол-аяғы балғадай мына келіншек тап ете қалған. Неміс демесең сұлудың сұлуы. Жымиғаны да сәнді.

Жөкең баскарма осылай қарай жиірек келгіштеп, бір күні:

— Осы шөпшілер ертемен жұмысқа уақытылы шықпайды. Норма орындалмай жүр. Норма, -деп сұқ саусағын шошайтты. — Мен бүгін осында қаламын. Тексеремін. Ертең ертерек келгейсің.

Ертемен келген Сухи мүғалім шөпші деп аталатын бесалты жігіттің қыран-топан күлкісінің үстінен шықты. Жөкең бұларға жолар емес.

— Оу, жөн айтсаңдаршы.

— Жөкең жалғыз келіншекке сәуріктік қылмақ.

— Е, — деді Сухи. - Жөн-ақ.

— Жөні не? Береміз бе оны.

— Үлкендігі бар ғой, - деп Сухи шаптай түсті.

— Өзі де оны айтты. Тіпті соғыс кезінде бастық болғанмын. Сол себепті льготам бар деп тиісті бізге.

— Е, онысы бар шығар. Қолдағы да неміс келіншегі ғой.

— Әй, - деп Қалыбек басын шайкады. — Өзіңе де айттық. Біраз жеңілдігі бар-ақ шығар, бірақ арт жаққа деген үкіметтің льготасы жоқ.

— Неге?

— Суха мүғалім, арт жаққа льгота жоқ. Ол бұйырған адамның несібесі.

Жолды басқарма ұзаққа бармады. Келер күзде көп себептің бірі табылды ма, әлде ретінің өзі солай ма, басқармалығынан босап, қоғам мүлкіне үлкен жанашыр ретінде қойшылыққа жіберілді. Қыс та биыл жылдағысынан жұмсақтау, аязы аз, бораны сирек жайлы жылдың бірі болды. Қыс ортасында малдың қиы өсіп кетіпті, соған көмек керек деп, балаларды көмекші мүғалімге тапсыртып, Сухибек мүғалімді Жолдының қыстағына жіберген. Оқушы бар, сабағы қалады деуге шама жоқ. Партия айтты болды. Ал, мұндағы партия осындағы хатшы. Сол кезде қойдың қиын ойысуға қынжыла-қынжыла барған Ойлап отырса, ол реніші бекершілік екен. Ашта-тоқ халықтың жағдайын көтеру үшін мал басын өсіру мұқтаждық екен. Оқудың кажет екенін біле тұрса да хатшы осындай шараға еріксіз барғанын сол кезде түсінбесе де қазір көңіліне қонған.

Көмекші деп берген баламен екеуіне қой базының қиын ойып шығару оңайға түспеді. Күрекпен ойып, итшанамен

тасып жал-жал қып үюден қалжырап келгенде ішетін тамағы да шамалы. Бары сол екенін көрген соң айтарлары да жоқ-Қи тасумен жарты ай жүрді. Жолды қойшының қабағы да бірде қату, бірде тату. Оның өзі жеңгейдің сыңайына байланысты, кейде үйде жаппай ұрыс. Қойшы да болса бас қойшы атағы, әрі кешегі басқарма болған соң, айналдырған үш үйдің күркілдеген шалы мен төмен етектісінің Жолдыға тісі батпайды. Жолдымен айқаса қалатын әйелі. Басқасы көмекші қойшыны жүндей түтеді. Қанша жұмсақ қыс болса да, андасанда соғып кететін борасынында малды қораға қарай айдап келу ыңғайын білмейтін бас қойшыға да, оны ауылда күтушілерге де оңайға түспей жүрген.

— Неге уақытылы айдап келмейсің? — деп әйелі тиседі-

— Не бітіріп жүрсің? Малды боранға неге ұрындырасын, — деп басқалары көмекшіні қағып-соғады.

Бүгін де тап сондай оқиға. Ертемен сырғи бастаған қар ұшқыны түс ауа екпінін жылдамдата бастаған. Боран басылып, қайта көтеріліп күн райы сан құбылды. Құбылада жатқан сұрғылт бұлт та, қарды бір шетінен мүжи суырған жел де, көмекшіге ұнамаған.

— Қайтайық ауа райы бұзылып тұр.

— Қайдағыны айтпа уақыт та ерте.

Күн мезгілін анықтайтын сағаты да жоқ. Уақытты күнге қарап байқауды және білмегсн Жолдының өз есептегіші бар.

— Жөке, қайтар уақыт болды ғой.

— Жоқ, болған жоқ. Мен екі-ақ рет кіші дәретке отырдым, әлі үшіншісі бар.

— Онымен уақыт анықталмайды ғой.

— Бос сөзді қой, уақыт деген сол, — деп түйген Жолдымен енді тәжікелесе беруге көмекші қойшының жүрегі дауамады.

Жолды малды көз байлана қораға зорға жеткізіп, бұл күні де үй ішіндегі қызыл түннің бір уағына дейін басылмаған-

Келер жылы бас қойшы Жолды бұл жұмыспен де қош айтысып, ауданның білдей май жинаушысы болып кеткенін естіген. "Е, мейлі дейді Сухаң, Жолды сияқтылардың халық үстінен күн көруі елдің надандығынан, жаппай қараңғылығынан шығар. Қазақтың сол момындықтан тапқаны шамалы. Сонау отыз екінші жылы ларектен халыққа берілетін нан қазаққа тиген жоқ. Оны айтасың-ау, көзінен сорасы аққан

қазақты ларектің өзі түгілі баспалдағына жолатпай, аштықтан дір-дір еткен бала-шағанының кезінше мұжықтың сан ұрып жатқанын көз көрген.

Енді ше? Енді мына кеніштегі қазақ жастарының төбелесіп жатыр дегенін жиі естиді. Әнебір Күрзебай сары атанған мұғалім күн ара "ойбай жастар бүлініп жатыр" дегенді жеткізеді. Жиі еститін әңгімесі сол болған соң бір күні шыдамады.

— Төбелессін. Таяқ жеп баққан орыстан ең болмаса өстіп те қорғана білсін. Оны неге айып көріп отырсың, — деп салды.

Бұл "хулиганства" деуге шамасы келмей Күрзебай сары мұғалім кетті. Әттең дүние, дейді іштей, осы қанына қызып жүрген жастарға бағыт беріп, ұйымдастыра білсе ел намысын қорғайтын ерен күш болар еді-ау. Бірақ күн ара тырнақ астынан кір іздеген КГБ-ден қалай құтыларсың. Құрығы ұзын мекеменің аты есіне түскенде өзінің де жүрегі шайлығады. Бас көтергенді пісуі жеткен жемістей сыпыра жөнеліп, Ноғай Сібірден асыра жөнелтіп жіберетін ылғи қой аузынан шөп алмайтын момын көрінетін, сұрғылт жігіттердің суық жүрісінен ел үркіп болған. Ой, пәле, осы жақында екен ғой, аудан басында бір жігіттерді ЕСЕП деген ұйым құрдыңдар деп ұстап әкеткені. Ұсталғанның бірі Әлкәдірді бұрыннан жақсы білуші еді. Обал-ақ. Әсіресе көңіліне дақ салғаны сол жігіттермен бірге жүрген әнебір көрік ауыз неменің КГБшілермен бірге осы ауылға да келіп, кейбір үйді бірге тінтіскені болды. Ар мен ұяттан жұрдай бейшара жоғарғы қызметке өскісі келген де. Жолдасын орға құлатып тапқан бағының аяғы қандай боларына көзі жетіп пе.

Осы жігіттердің істі болуы өзіне де оңай тиіп жүрген жоқ. Жасынан жауыннан жасырынғыш боп өскен ішкі түйткіл өзіне де аңдудың күшейе түскенін, айналасының тарылғанын сездірген. Әкесі Ахмет мұғалім халық жауы боп ұсталып кетпестен бұрын кей сырды баласының үлкені осы Сухибекке сездіруші еді. Өзі ғұмырының шектеулі екенін білген де шығар, Алаш дегеннің барын, оның алғашқы ошағы мың тоғыз жүз бесінші жылы Қарқаралыда құрылғанын сөз арасында айтып отыратын. Әкесінен естігенінің қайсыбірін мына жұртқа айта алады. Әр мекемеде екі-үштен салпаңқұлақ, онан қалса кешегіні білгісі келмейтін, болашақты тануға дәрменсіз,

колхоздың ыңыршағы шыққан соқаға жегілуге келе беретін өгізіндей сорылылар. Өгіз де бір мезгіл қашып кетіп, ат бойы қарағанның ішіне тығылып, адамның зорлығына ойлана қарайтындай пиғыл танытушы еді, бұларда ол да жоқ. Жоғарғы жақ айтса болды. Мәскеуде күн күркіресе, Алматыға жай түсіп, ауылды топан су басты дегеннің нағыз өзі.

Кей мұғалімнің іштей сыр тартқысы келіп, кейде үкімет саясатын түсінбегенсіп келетінінің ар жағында топастық пен ұштасып жатқан арамзалық жатқанын аяқ алысынан таниды. Әнебір жердің қарғылы төбетісін-ау дейді де іштей, әрі тарихшы, әрі осы мектептің басшысы ретінде марксизм құлағына кірмейтін сорлының миын айналдырып жібереді. Осы айтқанымнан әнебір өзін жұмсаған жерге не есеп берер екен деп те ойлайды.

Үкімет саясатын нағыз жақтаушы, әрі білгір боп көрінуіңіз де қауіпті екенін сезеді. Етегіне намаз оқып жүрген пірәдар ретінде танылу КГБ үшін контрреволюциялық топты ашқанмен бірдей қуаныш. Жан сақтау үшін талай зиялының орыстан қатын алғанын да біледі. Ондай жаны жақтырмайтын іске бара алмады. Күнәдан да кенде емес.

— Ой, ол бір жүрген есуас, кез келген қатынның етегіне ошағанша жабысудан басқада ойы жоқ, — деп КГБ-нің түйін түю үшін Айна мен екі арасында біраз әңгіме болғаны рас. Оны жұбайы Шәмшікен сезсе де сабырлылық танытқан. Тек балдызы Жүсіптің Тілеуханы келген сайын:

— Апайға Айнаны айтайын ба? — деп қажайды. Ақылды балдызының ойыны екенін білсе де соның ыңғайына жығылып:

— Қой, жап аузыңды. Кәне, қандай арақ ішесің? — деп бәйсқ болады.

Тышқан аулаған мысықгың ойынынан құтылу үшін ептеп қызып жүретінді шығарды. Ешкімге жамандық жасамай, еліне де сыйлы боп:

— Бұл өзіміздің жігіт, — деп соңынан із кесушілер арқасынан қағып, пиғылын жасыра білу де өнер екеніне өз ғумырында көзі жетіп баққан.

Оқу жылы бастала бере Люда пайда болды. Орыс тілінің маманы жеткілікті болса да осы мектепке орналасуы керектігі туралы бұйрығы бар. Бұлтарып көріп еді; телефонмен қатқыл әмір етілді. Әредік өзіне соғып кеткені болмаса, ерекше

жақындасуға да ықылас танытпаған. Тек анда-санда мектептен тысқары жерде бір жасамыс орыспен тілдесіп тұрғанын көзі шалған.

— Жігітің бе? — деп қалжақтады бірде.

— Жо...жоқ.

— Ендеше неге жиі ұшырасасыңдар.

— Жай ғой, жұмысы бар боп менде.

— Ендеше, бопты, — деп Сухаң да қойған.

Қыс өтті. Жазғытұрым Людаға келгіш орыстың келуі тіпті сиреп кетті. Оны Люда да іздемейтін тәрізді, қайта жұртпен жақынырақ араласатын болған. Мамыр айының соңында сыныптан көшіру емтихандары басталды. Сөйтіп жүргенде жасамыс орыс бір келіп кетті.

— Мен де бұл мектептен кететін болдым, — деді ертеңіне Люда.

- Мектепті жақтырмай қалдың ба? — деп сұраған Сухаң.

— Олай демеңіз, бәрі де жақсы.

— Онда бұл шешіміңе жол болсын.

— Сізге бір сыр айтсам тісіңізден шығармассыз. Мәселе де сіз туралы.

— Ал, айта ғой, уәде етемін.

— Сіз өте жақсы адамсыз. Мен бір жыл бойы сізді аңдумен болдым. Маған келіп жүрген кісі ай сайын сіз туралы мәлімет алып тұрған органның адамы. Әлі де сақ болғаныңыз жөн, — деген.

Беймәлім орыс қызының да жанашыр бола қалуы тағдырдың жазуы шығар. Елге тиген зәбірі жоқ, жазығы Алаштың азаматы Ахмет Әбдірайымұлының тұяғы. Кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айыратын да заман емес, саралайтындай елді бастар серкесінен айырылған халқы да сормаңдай.

Бұл дүниенің қысасы о дүниеге кетпейді деседі ғой. Соның мысалын да көзбен сан көріп, көңілге түйгендей. Әлгі Майшы Қара атанып кеткен Жолды осындайда еске түседі. Естуінше...

... Асау мен Жаскеннің басқарманың зорлығынан қашып, теміржол бекетінің жұмыскері болғанына да бірталай уақыт өтіпті. Қайтарып алуға арызданып басқарма да жазып бақты. Осындайда аштықта жеген құйқаның дәмінің де пайдасы болады екен, қашып-пысып жүріп бітірген ФЗУ оқуының құжатының да кәдеге жарай қалғаны. Фзу-дың қай оқуын

бітіргенінсұрапжатқантеміржол бастығы жоқ, әйтеуір өнеркәсіп саласының маманы, керекті жұмыскер деп табан тіреп отырып алды. Бар бітіргені қасық жасау оқуын тәмам даған Жаскен де дыңдайқажеттіадам болып есептеліп шыға келді.

Қызметтері жол бақылаушысы есебіндегі екеуі өздерін басқарманың дозағынан алып қалған теміржолдың табанын сүйіп, бастығының айтқанын екі етпеуге жан салған.

— Теміржол деген жартылай әскери тәртіптегі мекеме. Дұшпанның зиянды жұмысы да осы жолға түседі. Бақылау мықты болу керек. Бөтен біреудің составты жағалап жүруіне жол беруге болмайды, — деп бастықтары да күнара миға сіңіреді.

Түн еді. Ел орынга әбден отырған шақ. Станса басын дағы жолды тексеріп келе жатқан Жаскен Асауга:

— Әнебір жүк вагонына біреу мініп жатыр, — деген.

— Қайсы?

— Әне, ана есігі сәл ашық вагонға.

Ұрланып мінген адам қаракөлеңкеде бұларды байкамады. Түсе қашпасын деп бұлар да вагондардың көлеңкесімен жүгіре басып жеткен

— Бұл қайсың? — деп жекірді Асау. Вагон ішіндегіден үн жоқ.

— Біз сенің мінгеніңді көріп тұрдық, кәне түс, — Жаскен таяғымен вагонның ашық есігінің жақтауын қаққылады.

— Үндемесеңмилицияшақырамыз.

— Шық, кәне.

Жүк вагонының ішінен пысылдаған үн естілсе де, иесі әзірге көріне қойған жоқ

— Бол, кәне.

Дорбасын сүйреткен кісінің сұлбасы да көрінді. Пошымы көзге жылы ұшыраса да қаракөлеңкеде дорба ауыздау қараны екеуі де жыға танымады

— Кәне, аты-жөніңці айт.

— Мен ғой, — деген жасқаншак дауыс міңгірлей жетті.

—Кім?

— Мен, Жолдымын.

Тізесі батқан басқарманың атын естігенде екеуі де селк етіп шегіншектей қалған Баяғы қамшынын орны дыз

еткендей Жаскен иығын қиқаң еткізді. Жолдасының жасқанғаны Асаудың сол кездегі ашуын қайта қоздырған.

— Ал, сен болсаң қайтейін. Ұрлығыңның үстінен түстік.

— Мен ештеңе ұрлаганым жоқ, — ден Жолды шыж ете қалды.

— Теміржолдың тәртібі бойынша ұрланып міну, оның ішінде жүк вагонына жасырыну қауіпті деп есепеледі.- Асау нығарлай түскен.

— Мен мына Жарықтан түсем...

— Жоқ, енді сен итжеккеннен бірақ түсесің.

Стекең өлгенмен Сталиннің темір тәртібі өлген жоқ, — деп енді ғана есін жинаған Жаскен қосылды.

Сталиннің атын естігенде Жолдының есі шығып кетті. Ежелден берекесіз, сорлы күпәйкесінің түймесін бір ағытып, бір салып, бас киімін умаждап:

— Жа...жа...жаздым, - деуге тілі зорға келді.

— Не жазғаныңда шаруамыз жоқ, темір жолға ұрланып мінген үш жылға сотталатынын білеміз. — Асаудың Майшықараға қойған статьясы имандай шындығы, күнара өздеріне қырағы болуды үйрететін бастықтың оқып-жаттатқаны еді.

— Ойбай, қарақтарым-ай...- Жолды жыламсырап жіберді. - Бала-шағам бар ғой мен де бір ағаларын ғой, аясаңдаршы.

Сен бізді қамшымен сабағанда аяп па ең? — Жаскен жағасынан ала түскен.

— Көкетайларым, менен қателік кетті, ит боппын.

— Жалғыз біз емес, сенің мойныңда сен зар илеткен талай жесірдің көз жасы тұр ғой, - Тіфу, қарабет.- Асау төніп келген дүлей ашуын осымен тарқатқан. - Жібер, қайтесін бұл итті.

Вагоннан сүйретіле түскен Жолды алды-артына қарамай безіп бара жатып:

— Ой, көкетайларым-ай,- дейді.

. — Мынадай итке де ел басқартып, — деп Жаскен де түңілген.

Ел басқару ауылды оңдаудан, ауылды оңдау мектеп қабырғасындағы түлекті дұрыс түлетуден басталса керек. Түлек қыран боп қанатын қаға ма әлде, онан өрге ұмтылғанды орға жығуды ойлаған сормаңдай шыға ма, бәрі демесе де көбі

осы мектептің қабырғасынан, кабырғасын сағалап жүрген мұғалімдерден. Тәрбиеші санатында жүргендердің ішінде кім жоқ. Талайы саужойдың шала мектебін бітіріп, курстардан өтіп, онан беріде институттың сырттай бөлімінің өзін сырттан бітіргендер. Кейбірінің сүйенері белгілі үш әріптік мекеме.

Өмір жолын өзінен бұрын бастағанның бірі — Ғалымжан мұғалім. Мектеп дегеннің есігіне ие болар сауаты бар адамның тапшы кезінде, онан бері білгенін үйретіп, бүгінгі ұрпақтыосындай да болса білімге жеткізуде еңбегі барын мойындамасқа жол жоқ. Зейнетке жақын қалса да жұмысынан кемшін тауып, шығып қалам ба дей ме, соңғы кезде алакөзденуі көп.

Емтиханға жақын қалған шақ еді. Енді жаздай кездесе қоймаспыз, ұжым болып демалайық дегендеріне келіскен. Тезекбай шоқысының бауырындағы колхоздың ескі тоғанына күрке тігіп, оны-мұнысын дайындағанша кіші бесінде иек артып, бала-шағалы әйелдер бір шай ішіп қайтқанда, жігіт-желең, қыз-қырқын түнемеге қалған. Ән құмар топ Гүлбаршын мен Шәкенді жағалап, әңгімеге бет ауғандары күркені сағалаған.

— Осы тоған қай жылы салынған, — деп суыртпақтады Сухаң.

— Е, оны білмеуші ме ең? Ғалымжан Сухаңа сенімсіздікпен сығырая қарады. Мұны осы ауданның бар колхозы жиналып соғыс алдында бітірді ғой.

— Іргесі берік екен, — Сухаң әңгімені созатын ыңғай танытты.

— Берік болмағанда, — деп әңгімеге Ілекең араласқан. Сөз саптауына қарағанда біраз әңгіменің шетін шығарғысы бар сияқты.

— Жұртыңа да оңай тимеген шығар.

— Ой-хой, несін айтасың? Өкіл дегендер де көп болды. Ой, олар да әкіреңдеп бақты ғой.

— Жұмыс жүрсін дегендері де, — деп Сухаң қиыстау тартты.

— Онысы да бар шығар, бірақ ана Жұмаділдің оқиғасын естімен пе ең?

— Айта отырыңыз, құлағым сізде.

— Жұмекеңнің де өмірінде терлеп жұмыс істегені осы

шығар. Күніне пәленше қоларба топырақ тасыи, қолы да ойылып, арбашасының дөңгелегі сынып отырса өкілдің біреуі келе тисіпті.

— Неғып отырсың?

— Мынау істен шығып, — деп Жұмекең арбашасын көрсетіпті.

— Жоқ сен жұмыстан қасақана қашып отырсың.

— Оу, сен кімсің?

— Ой, әкеңнің...

— Оу, сенде де мен тойдырып салар әке-шеше бар. Жұмаділ әлі де болса сабыр сақтаған. — Өлтірсең де атыжөніңді айтшы.

— Мен сенің құдайыңмын.

— Ә, не дейсің?

— Құдайыңмын.

— Құдай сен сияқты шұбар болады екен ғой. Таба алмай жүрсем... Әкемді алдың, шешемді алдың, өзіме қылмағаның жоқ, деп Жұмаділ Шұбарды ат үстінен жұлып алып, сабап-сабап қоя беріпті.

— Е, сосын, — деп ежіктеді Сухаң.

— Сосын өкіл райкомға арызданыпты. Райком прокурорсотын, милициясын шақырып, Жұмекеңді алдырып, әуелі өзі жауап алыпты.

— Сенің Шұбарды ұрғаның рас па?

— Жоқ. Жала мен туғалы адам баласын сабап көргем жоқ.

— Не дейсіз? — деп таңданады райком. Мына кісі ұрды деп арызданды ғой.

— Бұл кісіні де бірінші көруім. Ал, сол күні адамды емес құдайды ұрғанымрас. Бұл кісі құдай емес шығар. Құдаймын десе өзі айтсын.

— Сіз не айтасыз? — деп прокурор Шұбарға қарады.

"Құдаймын" деуге аузы бармай, десе де тағы дінді үгіттеген боп таяқ жейтінін білген Шұбар күмілжіді де қалды.

— Е, бәсе, мен ешкімді ұрғаным жоқ. Біреу жала жапқан ғой, — деп Жұмекең де асып-саспай жүре беріпті.

— Ой, сабаз-ай, — десті естігендер.

— Әттең оқымаған. Оқыса кім болар еді.

Түннің бір уағында қамыс жақтан шу шықты.

— Бас салды, ойбай, әне әкетті. — Шырылдаған дауыстан бәрі атып-атып тұрған. Қыз-келіншек жағы есі кете шуылдасып от басына тығылған. Су жағасындағы бөстекке жантайып, жаңа ғана қалғып кеткен Ғалымжан мұғалім есіріктеп, шошынып суға күмп етіп құлады.

— Өлді, өлді, — деп оны көрген әйелдер жағы әптер-тәптер.

— Сабыр, сабыр, — дейді Сухаң.

— Есі шьнып, бірде әрі көл ортасына, бірде бері қарай жүзген Ғалекеңді Сухаң "бері, бері қарай жүз" деп шала жанған бұтақты бұлғап шақырды да, сырғауылды ұсынып, шығарып алды.

— Ту, біз күні бойы ау салып, шорағай іздеп жүрсек, шортанның үлкені мында екен ғой. Жарықтық, өзі кепті ғой, аумайды ғой өзі біздің мұғалім Ғал..., — деп күлкіге кенеліп, Ғалекеңнің су киіміне қол жүгірте берген Ілекең мұғалімнің бетіне шапалақ шарт етті.

Қапелімде сасып қалған Ілекеңнің жүзіне таңданыс шықты. Онан соң көзі шүңірейген арық адамның түсі онан әрі бұзылып:

— Неге қол жұмсайсың? Шыкшытыңды..., — деп тұра ұмтылған Ілекеңді басқалар ұстап қалды. — Мен бе едім сені құлатқан шошқа. Шошқа болмасаң шалшыкка аунап нең бар?

Ертемен жұрт бірінші сабаққа кеткен. Жүгіріскен оқушылардың шуы басылып, мектеп ішіне бір сәт жұмақтай тыныштық орнаған. Көңіл де жай еді. Жай көңілді дүрсілдете басқан аяқтың дыбысы бұзды. Бұл кім екен дегенше болған жок, есіктен Ғалымжан мұғалім бері аттады. Алысқа жол жүретіндей тас түйін киініп алыпты. Өңі де қатулы.

— Әй, Сухибек, — деді амандықтан бұрын.

— Аман-саусыз ба, Ғалеке? Әуелі есендесейік те.

— Амандығың құрысын. Мына балаларыңды оқыт, не оқытпа. Мен кеттім. — Ғалымжан Сухана таяп келіп, ортаңғы саусағын үстелдің шетіне бірде шалқалай, бірде етпеттей салып, тақ-тұқ ұрып, — Балағат сөздерді қайталап, шығуға бет алды.

— Қайда барасыз?

— Ауданға. — Ғалекең Сухаңа сүзе қараған. — Үстіңнен арыз апара жатырмын.

— Ғалеке, сәл сабыр. Сабыр, сабыр.

— Ал, — деп ол да мойнын бұрған.

— Осындайда алақандап "обожда" деуші ме еді. Сәл сабыр.

Кешегі бір істің өзі ыңғайсыздау болды, соны былай... нетіп..., — деп сейфтсн жартыны суырған. Шөлмектің ішіндегісі сағынышы бардай мөлт ете қалды. Шұркыраса жолығысар ескі танысын көргендей Ғалекеңнің де іші қылп етіп, иіліп сала берді.

— Жоқ, Сухаң, бармасам болмайды,—даусы да әлсіздеу шықты. Жаңа ғана "Сухибек" деп дігірлеп тұрғанын енді "Суханға" ауыстырыпты.

— Барасыз ғой, барасыз. Менікі кішілік жасап...

— Е, барам ғой.

— Сізге жолашар жасап дегендей ғой.

Мұндайға сақтап жүретін кішірек алюмин күрешке Ғалекеңнің мұрнына барып қалған. Алақанының сыртымен аузын сипады.

— Әлгі бір ит қой, әлгі жынымды ұстатып:

— Е, ол өзі солайлау ғой, — деп Сухаң Ғалекеңнің меңзеген адамы Ілекең екенін біліп, ыңғайына көнгендік жасады.

— Мені шортан деді ме, шошқа деді ме.

— Онысы, әрине, қателік. Сіздің суға күмп ете қалғаныңыз да дұрыс болмады, іште аздап мынау бар ғой, — деп шелмектің сыртын шертті.

— Бар еді біраз, сонан аңдамай.

— Соны байқау керек қой.

— Оның үстіне ана өзің Күрзебай Сары дейтінің судан әйтеуір тірі шығып тұрсам қарқ-қарқ күледі.

— Е, ол әлгі Райымбектің Мараты ғой, онан шығады. Бұл істі аяқсыз қалдырмаспын.

— Ал, мен кеттім.

— Жақсы.

— Ауданда бір отбасылық шаруам бар еді, барып қайтайын Ғалекеңнің автобус аялдамасына бет алғанын терезеден көзі шалды. Осы іске біраз үлесі бар Ілекең не істеп жатыр екен деп спорт залға беттеген. Сағаты аздау боп ақшасы да кемдеу шыққан соң өзімен жасы қарайлас Ілекеңе дене шынықтырудан ептеп сағат қосқаны бар еді.

Ілекең балаларды секіртіп жатыр екен. Онан жаттығуларың аз деп оларды біраз жүгіртті.

— Бүгінгі сабақ не? - деп сұраған Сухаң.

— Аттан секіру, — деп Ілекең "ат" аталған секіргішті қолымен сипады.

— Әуелі мұғалім өзі секіріп көрсетпеуші ме еді.

— Міне, қазір көрсетем.

Арбаладап жүгіріп келген Ілекең "атынан" қарғи бере бір шетіне жамбасын соғып, қиқалаңдап орынынан зорға тұрды.

— Әй, — деді Сухаң, — Нар баласы бақырмас болар дегенді естіп пе ең.

Ілекеңде үн жоқ. Сен Ақбас Қалпе, Мұхатай қажы ұрпағы емес пе ең, денешынықтыруда нең бар. Жанымды қоймай сағат алдың, — деген Сухаиның ренішін де, ащы мысқылын да, енді осы сөздің жұртқа тарарын да Ілекең түсінген.

Ауданнан Ғалекең де аман-сау оралды. Ертеңіне директор кеңесінде тоған басында болған оқиға қаралып, табаны тозғанша тік тұрғызып қойып ұрысқан Ғалекең мен Ілекең бір-бір қатаң сөгіс алып, шыға келген.

— Сухаң сағым ойнап жатқан Қайрақтының бойына тағы да қимасы бардай еміне қарады. Ата-бабасының ғұмыры осы өзеннің бойында өтіпті. Ғұмыр аталған өлшеулі уақытта көрер қызығы да, еңбектегеннен бастап еңкейгенге дейінгі тартар азап-шыжығы да осы сумен, осы сағым боп жатқан даламен бірге екен. Алапат аштық жылдары үлкен молда болған Қосай туысқаны қырылып бара жатқан ағайынның:

— Бір амалын таппайсыз ба? — деген жылап-сықтаған баласын аяп, топ киікті дұғамен байлап, күніне бір мезгіл саудырып, аман сақтап қалды дегенді осы маңның үлкендері әлі айтады.

Сірә, жазығы да сол болар, ол да "халық жауы" боп кеткен. Осы зобалаң шыр айналдырып кетпей қойды. Ендігі қазақтың қолынан келер өнері арыз сияқты. Әйтеуір кісі өлтірмепті, онан басқаның бәрін жасаған дегендей домалақ арызды әуелі оқу бөлімі, онан кейін аудандық партия бөлімінен Зекен Ізбасаров деген қара жігіт тексеріп кеткен.

Әуелі қараған оқу бөлімі. Оқу бөлімінің кеңесін басқарған Көшкінбай Әбілдаұлы бұл істі ерекше тақырыптап бөлмей, кезекті істердің бірі ретіндс ғана күн тәртібіне енгізген. Онысына да рахмет.

— Былтырғы оқу жылында мына баланың оқуды тастап кеткені туралы не айтасыз, — деп Көшкең сауал тастаған.

— Ойпырым-ай, жазған-ақ екен. Енді соғыс жылдарында кімнің оқып, кімнің өгіз қуып кеткенін саралау ғана қалды, — деп Ақшатау мектебінің директоры Жанпейісов Кенжебай ренішін білдірген.

— Сізге сөз келген жоқ, Суха, жауап беріңіз.

— Ол неміс баласы отбасымен бірге Германияға көшпек боп Қарағандыға ауысқан. Сол жақтан биыл бізге қайта көшіп келді. Бала бір мектепке орналасқан екен, бірақ оқудан жиі қол үзіп қала беріпті. Бұған біздің қандай қатынасымыз бар екенін түсінбедік.

Оқу бөлімінің бастығы тағы бір қыз баланың фамилиясын оқыды.

— Бұл бала мектеп қабырғасында жүкті боп қапты. Осы жөнінде...

— Жолдас, Әбілдин, бұл уақиға тура сегіз жыл бұрын болған. Ол кезде мен директор да емеспін.

Сырғи-сырғи мәселе пионер ұйымының жұмысына қарай ауысып, кемшіліктер жіпке тізіліпті.

Жылда бір қыз басшы боп келетін пионер ұйымының жұмысы ақсап та жататыны рас. Мұны тексере барған жігіт Шөменбайдың Сәкені өзін ыңғайсыздау сезінді ме, төмен қарай берген.

— Көшке, осы пионер ұйымының жұмысын тексерген адамды көзім шалмады, — деді Сухаң.

— Қалайша? Мына жігітті арнайы жібергенбіз. — Көшкінбай Шөменбайұлына түйіле қараған.

— Көрдіңіз ғой, бардым ғой өзіңізге, — деп ол да шыр ете қалған.

— Е, сен бе едің? Тексере келдім деге - сонан пионер вожатый қызды қосып беріп едім, екеуі өзен жағалап кеткен. Сонан бері бүгін кездесіп отырмын.

Оқу бөлімінің кеңесінен сөгіс алды.

— Талап та қатты, директорлықты да қимаймыз,- деп Сухаң қынжылған болды.

Тыста күтіп тұрған тексерушінің бірі Сәкен:

— Суха, мұныңыз қалай? Сақалды басыңызбен өтірік айтып, мені күйдіргеніңіз не? — деп шыр-шыр еткен.

— Әй, Сәкен-ай, өмір ойын емес пе? Әлі өзің директор болғанда көрерсің. Әзіршс сен де ойнадың, мен де ойнадым, осымен квит,- деген.

Ойынның үлксні райкомның бюросында отті. Бірінші хатшы катты шүйлікті. Сірә, осыдан біраз жыл бұрын аудандық партия конфсренциясында осы хатшыны тайдырсақ қайтеді дсгі, бұлардың үйымдасқаны оның көңілінде қалса керск. Партия басшысы бар пәлені төндіріп ксліп:

— Орнынан алынып, партиядан шығарылсын, — деген үсыныс снгізгсп.

Сонау отыз жетінші жыл болса ссіктен шыға берс мүны түрмеге тығар еді. Сол дәуірдің салқыны әлі сезіліп түр. Залда отырғандар ксност түнек баса қалғандай көздсріп сипағансып, бірдеме жазғансып, жазықты бола қалған Сухибектің бетіне сң болмаса жылы үшырай қарауға жарамады. Ана тізіліп отырған бюро мүшелсрі дегендердсн қайыр жоқ, өздсрі отырған орындықтары аман болса, жүрт кәзінде мықтының бірі атанып жүрсе, жстіп жатыр. Сухаң шыдамады.

— Жала екенін көре түра осыны істеп отырсыз. Сіз ертсң кстссіз, сл де, жер де менікі, мен қаламын, — дсп салды.

Райкомның бюросының шсшімін дайындаган Зексн Сухаңа қатаң сөгіс деген жоба жазған еді, енді мәселсні ширықтыра жаңа фактілерді қосып орынынан алынсын дсгсн пункт енгізу тапсырылды.

— Шешіміңді жазуға асықпа, сртең бәрі орнына кследі, — дсді Сухаң Зекенге.

Кешіндс облыстағы озіне етенс жіғітке тслсфон шалған. Ертеңінс жүмысқа кслген бірінші хатшыны тосып алып, кабинетінс бірге енді. Хатшы кешегідей емес, жүмсарып қапты. "Нс айтарың бар" дсгендей Сухаңа қарады.

— Ксшегі артықтау сөзіме кешіріңіз, — деп бастады Сухибек директөр. — Өзен жағасындағы жартасқа лақ сскіріп өйнамай ма. Оған жартастың несі кетсді, деп басшыға карады. Ол құптағандай бас изеген. — Сіз, сол жартас біз ойнаған лақ емеспіз бе, лақтың ойынын көтсрс алмаса жартас-жартас бөла ма.

Сағым ойнаған далада оқалақ тиген тайынша құйрығын котеріп, мөңки тулап, жүгіріп келеді екен. Бүл да өйын шығар. Сухаң мырс етті.

ҚЫСТАЛАҢ КЕЗЕҢ

Қиқулап зорға ашылған лагерьдің есігінсн төрт-бес адам шықты. Бәрі бір ұядан шыққан тауықтың баласындай ұйлығысқан. Киімдері де бірдей, бәрінде конетоз күпәйке, малақай, аяқта керзі етік. Айдаусыз, арсылдаған ит, жекірген солдат болмағанына таң қалғандай жалтақ-жалтақ.

Лагерьдің кеңсесі жаққа беттеген бес адам биік дуалды қоршаудың ар жағында қалған талай жылғы жолдастарының бой көрінер биікке шығып, малақайларын бұлғап қоштасып жатқандарын көріп, көңілдері жасыды. Совет Одағы дейтін алып әлемнің түкпір-түкпірінен бұғаулап әкелген бұл азаматтармен енді кездесу жоқ екенін жүрек сезеді. Дуалдың ар жағында қалғандардың қайсы аман шығады, оған көз жете ме. Дуалдың сыртына шыққандарымен олар да бір жамандықты тоса-тоса шошынған жүрекпен қоштасып, өздері болмаса да осы бесеудің тірі кеткеніне шын көңілден қуана тұрып, соңғы рет төс түйістірген.

— Аман болыңдар, бауырлар. — Әлкәдір бас киімін шешті.

— Са… ля… м…, — деген дауыс құлағына үздік-үздік жетті.

Ол ана жақта қалған Зауридің дауысы екеніне күмәны жоқ. Мұңға батып, қою бұйра сақалын сипалақтаған Индико да жанында. Мараттың іштей күбірлеп дұға оқып, бұларға Алладан ақ жол тілеп тұрғанына дау жоқ.

— Тірі болсам сендерді іздеп барамын, — деген еді-ау Иса ақсақал

— Келіңіз. Міне біздің адресіміз.

— Енді қайда барам, — деп кемсендеген еді. Кең әлемде бірде-бір жақыны қалмаған Иса ақсақал

Жиырмадан аса жыл бойы осы саяси лагерьдің тұрағы болған ақсақалдың қоштасып тұрып, иығы селк-селк етті.

— Қамықпаңыз, Исеке, біз сізді қалған ғұмырыңызда күтуге жарармыз.

— Әй, қайдам, сүйегім осында қалатын шығар.

— Олай деменіз.

— Өлем деп қорқып тұрғам жоқ. Лагерь өлімнің ордасы екенін өзің де көрдің. Сүйегім діні басқаның ортасында қалады-ау деп қамығамын.

— Күтеміз, келіңіз бізге.

— Енді маған қанша қалды дейсің. — Иегіне іліккен жалғыз тамшыны шертіп тастап Иса ақсақал теріс айналып жүре берді.

Лагерьдің кеңсесі құжат дайындады ма, әйтеуір көп ойланды. Көп ойдың соңы бес жігіттің біреуіне:

"Сіздің құжатыңыз әзір дайын емеске" соқты.

— Неге? — деуге латыш жігітінің зорға шамасы келді.

Лагерьдің алдындағы батпаққа төселген солқылдақ тақтайлардың үстімен барлы жоғы екі вагон тіркелген пойызға қарай беттеген төртеуді дуалдың ар жағындағылар соңғы рет көзбен шығарып салды. Арт жаққа жалтақ-жалтақ қарап, неше қабат темір тордың ар жағындағыларға бұлар да қимастықпен көз тастаған. Айдаушы жоқ болғанымен анау уақытша паспорт беретін станцияға дейін шығарып салушы бар. Мойнына асқан мылтығы болмаса да қарапайым киінген түксиген сары жігіттің ешнәрседен тайынбайтыны белгілі. Осы өздері жүретін жолдан қия басса еш аяу болмасын деген бұйрық та қалтасында жатқанын іш сезеді.

— Неге жалтақтайсыңдар? — деп түксиді сары.

— Жай ғой, жай.

— Немене, орман көрмеп пе едіңдер. Әлде лагерьді қимай тұрсыңдар ма. Онда қайтарып апару қиын емес, — деп мырс-мырс.

— Ол жақта енді Сіз барсыз ғой.

— Не? Не дейсің? — деген сарының жүзі ашудан қызара бөртіп шыға келген. Бәледен машайық қашыпты деген еске түсті.

— Бұл жігіт сіздің бізді дұрыстап апара жатқаныңызды айтқаны да, — деп Әлкәдір жақауратты.

— Жөндеп сөйле, жағыңды айыра салу қиын емес.

Вагонның арт жағындағы ерекше орынға жайғасып, бірер

сағатта станцияға да жетті. Сол жерде ерекше белгілері соғылған паспорт та қолға тиіп, түксиген сарымен біржолата қоштасты.

Паспорг алып үлгерген екеудің жолдары сол сәтте түсіп, қайдасың Кавказ деп тартып отырған. Жанындағы бет әлпеті татар, фамилиясы орыс жігітімен екеуі түнгі бір жарымға дейін поез күтетін болды. Қарындары да ашкан. Қиыс басуға қанша сескенсе де жүрек жалғап алған жөн дескен де, вокзалға таяу "магазин" деген жазуы бар күркеге бас сұққан. Алғандары бір-бір кескен нан ғана. Құрғақ нан түйіліп көмейден өтетін емес.

— Бір шөлмек қана пиво ішсек, — деп тілек білдірді жолдасы.

— Пәле болар.

— Арақ емес, пиво ғой, ештеңе етпес. Қаталап отырмын.

Пиво дегенін екі стақанға бөліп құйды. Әлкәдір дәмін ғана көрген еді, жолдасы.

— Аса күшті көрінбейді, ас сіңіреді, — деп үздіге түсті.

Бір стақан су-сыраның басына шапқанын орынынан тұра білді. Көзі қарауытқандай, тілі де орамға келіңкіремей қапты. "Құрыған жерім осы екен" деп ойлады Әлкәдір. Мына бетінде қолға түссе енді қаншаны жамап жіберетіні не көз жете ме. Аяғын түзу басуға тырысып, вокзалдың көлеңкелеу бұрышына тығылды.

Өзінен он күн бұрын кеткен Зейін амандық болса ендігі ауылда шығар деп ойлады. Арасы екі күн еді, бірге қайтпасын дегендері шығар, Әлкәдірді он күн кейін босатты. Ойда жоқта бір стақан су-сыра ішіп, аяқтағы буыннан әл кетіп, тілі күрмелген ол Зейіннің бұрынырақ кеткеніне де қуанды. Ең болмаса біреуіміз аман жететіндей екенбіз, дұшпанның ойы мүмкін пайдамызға шешілген шығар деген ой бойын сергіткендей. Көз алдына соттың шешімі шыққаннан бергі уақиғалар есіліп жүре берді.

...Сот дегеп комедияны көз көрді. Тергеушінің протоколынанаса алмай тақ-тұқ сұраған сот төрағасы протокол мен прокурордың бетіне кезек жалтақтап айтқаннан жаңыла берген соң ақ Әлкәдір бұл жерде тіресудің пайдасыз екеніне көзі жеткен. Көзі жеткен соң түпкі мақсатты ойлады. Он не жиырма бес жыл арқалап кеткеннен еліне келер пайда не. Бұлардың осы көрсеткен қарсылықтарының өзі

қазақ елі үкіметтің шектен шыққан отарлау еаясатына қарсы деген пікір туғызғанын әлгі КГБ-нің бастығының өзі айтып қалды. Ендеше он бес жылдан гөрі неғұрлым аз мерзім алуға тырысу керек. ССРО-да қалыптасқан жағдай бір төңкеріске әкелері анық. Елге тезірек оралу елмен бірге сол төңкерісті шақты қарсы алып, пайдалана білу деген сөз.

Прокурордың айыбынан гөрі өздерінің адвокатының сөзі зәрлі шықты. Адвокат әйтеуір, ату керек демеді, әлде ол есіне түспей қалды ма, бар пәлені үйіп төкті де, әділ сот шешсін деп отыра кеткен.

Сот үкімінен кейін тергеу бөлімінің бастығы Дәрменов Әлкәдірді кабинетіне алдыртты. Бастықгың есімі Елеусіз екенін сан естіген, әрі біртоға байқап сөйлейтін жігітті іштей ұнатқан. Хал-жағдайларын сұрады. Әлкәдір сотта адвокаттың прокурордан жаман айыптап шыға келгенін айтқанда төмен қарап күлкісін жасырды.

— Сендерді сотқа сүйреу біздің бастыққа оңайға түспеді, — деді Дәрменов.

Хрущевтің енгізген заңы бойынша саяси қылмыстыны соттау үшін облыстық партия комитетінің ризашылығы керек екен. Соны сұратып әуелі бар протоколын құшақтап тергеуші Бұқановты жіберсе, облыстың бірінші басшысы Бәйкен Әшімов қол қоймай жіберіпті, екінші рет өзі барған екен.

— Мына жігіттер тым жас қой. Аяу керек шығар. Болашақта басын осындай қатерге тігетін қазак баласын қайдан аламыз, — депті Дәрменовке.

Үшінші рет КГБ бастығы Забабуров Дәрменовті соңына ертіп өзі барса:

— Япыр-ай, мұрны қоңқиып мынау да соңымнан қалмады-ау, депті қазакшалап.

— Міне, солай, жігітім, — деп Дәрменов жылышырай таныта әңгімелескен. — Қолдан келері..., — деп ар жағын алақанын жайды.

Ертең жөнелтеміз деген күні кешқұрым сегіз ай жалғыз жатқан камерасынан шығарған. Зейінмен есік алдында кездесті. Этаппен кетеді дегенді естіп қоштасып қалмақ болған үй-ішімен жолықтырмаса да азын-аулақ азығын осы жерде бергізді. Темір машинаның ішіндегі темір жәшікке салып әкеп тастаған.

— Он алтыншы түрме деген осы, — деді Зейіннің сұрағына біреу.

— Бұл жерден сендерді ертең жөнелтеді.

— Ә, саяси сотталғандар әлі бар екен-ау, — деп тандағандарда шек жоқ.

— Қырып тастаған шығар десек.

Қолқаны қапқан ащы иісті түрменің коридорымен айдап келіп, темір есіктің бірін ашқанда, тоғытып жіберген. Ала көлеңке камера іші толған адам екен. Қай жағына бұрыларын білмеген екеуіне:

— Иә, қайдансыңдар? — деді беті, аузы әжімнен көрінбейтіні.

— Саяси статьяданбыз.

— Не дейді? — Камера іші күбір-күбір.

Аса жоғары болмаса да ортадан орын босатысты. Гуілдесіп отырғандар тым-тырыс. Қабақ астымен аңдып, анда-санда күбір еткендері дауыл алдында ішін тартқан тыныштық сияқты. Ішіндегі жалғыз қазақ шалына камераның ортасында, еден бұйырыпты. Бейшара, күпәйкесінің бір шетін астына салып, құдайға жалбарына ма, ерні үнсіз жыбырлайды. Шал кенет шалқасынан құлап, қол-аяғы селкілдеді де қалды.

— Мұнықі эпилепсия, —деді жасамысы.

Зейін мен Әлкәдір талықсып жатқан қазақтың басын көтеріп, аяқ-қолын уқалап көмек еткенсіді. Көзін сығырайта ашқан ақсақал күрсінді.

— Рахмет, — деді дауысы зорға шығып.

— Тамақ ішесіз бе?

"Шындарың ба" дегендей шоқша сақалына тарам-тарам ақ кірген қазақ беттеріне үңілді. Сонан соң "болса" дегенді күбірлеп жеткізді. Зейін "Конина" дсген шұжығын, Әлкәдір қазының сынығын суырды. Бірер кескенін ғана аузына салған ақсақал:

— Әй, бекер көрсеттіңдер, мыналар тартып алады, сақ болыңдар, — деген де аузын сүрткен.

Түн ортасы ауа камерадағы ұры-қаралардың бес-алтауының күбірі де, көз тігуі де көбейді. Арқасын қабырғаға сүйеп, ұйықтаған боп кірпік астынан бақылаған Әлкәдір аяғын созғансып, Зейінді түртті. Ол да бас изеді де қорылын күшейткен.

Бері жылжыған ұрылардың арасынан жастауы бөліне шығып, екеуінің тамақ салған қапшығын тартты.

— Тиіспе, — деді Әлкәдір көзін ашпаған қалпы.

— Оның бола қоймас, — деп орыс жігіті капшықты икемдей түсті.

Зейін де басын көтерген. Осы сәтті камерадағылар да күтіп жаткандай екен, бәрі де аунағансып, тіршілік нышанын білдірсе де, араласпайтын ниеттерін танытып, бүркене берді. Ұрылардың қалған бесеуі жемтікке жиналып, тілін жалақтатқан ұялы бөрідей қоршай қалыпты. Ендігі өмірлеріндегі сын сағат туғанын екеуі де түсінді. Мына жалмаңдағандардын жемі болса түрме атаулының сымсыз телефоны жер-жерге хабарлап үлгереді, қайда барса қорлық пен зорлықты ғана көрмек.

— Сәл тоқтаңдар, жігіттер. — Әлкәдір сабыр сақтауға тырысты. Оның сабырлы да, салқын үні зорлықшыларды аңыртты. Біз саясилармыз. Әуелі тыңдап алыңдар, сонан соң көрерсіңдер. Біздің адамдар барлық лагсрьде бар. Патша үкіметін құлату үшін кеше революционерлердің бір тобы қаржы табу мақсатында банктерді тонап, бағалы жүк апара жатқан пойыздарға шабуыл жасаған. Сөйтіп ұрылар ретінде сотталған. Біздің де талай жолдасымыз ұры ретінде лагерьде отыр. Олар да аз емес, әрі сол лагерьдің басшы иелері. Сендердің қазір бізге қылар зорлықтарыңды олар ертең-ақ лагерьдің сымсыз телефонымен естиді. Ал, алыңдар мына қапшықты. Бірақ барған жерлеріңде не болатындарыңды өздерің көресіңдер.

Зорлықшылар құйрығымен жылжып бір қадам кейін серпілді. Камерада бүркенісіп жатқандар да тыңдай қалған ееси, екеуін жаңа көргендей сығырайысқандары байқалды.

— Ну, их к черту, — деп желкесі қошқардың басындай қыртыс-қыртыс күжірейгені әрірек кетіп қалған. Соңынан енесіне ерген күшіктей басқалары да ілесті.

— Айлаңды асырдың, — деп Зейін Әлкәдірдің білегінен қысты.

Этапқа салды. Өзі де тар, сиымдылығы торт кісілік вагонның әр бөлігіне нар жасап он-он екі адамнан тыққан. КГБ-нің түрмесінен тапқан ауруы күшейе түскен Әлкәдірге ауа жетпей, түкірігіне қан түйіршіктері көбейді. Вагонзаг аталған темір вагонның торлы терезесінен артта қалып бара жатқан туған даланың көз қимас көріністерінен назарын аудара алмады. "Мына ауру не істейді" деп іштей уайымы да күшейген.

— Қош бол, дала, енді сені, — дегені аузынан шынып кетті.

— Неге олай дейсің? Әлі сайын далада сан асыр саламыз, Зейін жан жолдасының жан қиналысын да, тән дертін де көріп келе жатыр. Жұбатқаннан басқа амал не?

— Әрине, әрине. Дұрыс айтасың, Зейін. — Менікі бір сәттік көңілдің жасуы ғой, сен де көңіліңе алма, — деп Әлкәдір күлімсіреген болды.

Этап дегенде кездеспейтін жан жоқ екен. Айыр сақал, қолы басы қалш-қалш еткен шалды алып кірген. Әйтеуір сөзі түзу.

— Виноградовпын, — деді ол өзін таныстырып.

— Білмедік, — деді Зейін.

— Академик Виноградов. "В" витаминінің авторымын.

— Мұнда не қып жүрсіз?

— Сіздер, жастар, білмейді екенсіздср ғой. Сталинге қастандық жасады деп сотталғанбыз.

— Не дейсіз? Сіздерді Сталин өлген соң босатып еді ғой, газеттерге жазған, нақақ сотталған, Бериянық ісі деп.

— Кімдерді босатқанын білмеймін. Ал, мен сендердің алдарында отырмын. Әр жерге сүйрейді, ғылыми жұмыстар жүргіздіртеді, осымен күн өтіп жатыр.

Вагонзагтың жүрісі де өнбейді екен. Мидай даладан басқаның бәріне, кез-келген бекетке тоқтаған Вагонзагты ағытып кетеді де, келесі біреуіне тіркегенше тәуліктеп тұрғаны. Вагонзагтың ішіндегілер аш та емес, тоқтығы да жоқ. Күніне бір кескен нан, кептірілген балық, күрешке суы дайын.

— Қаталап барамын, аздап су берші, — дегендерге:

— Шыда, — дейді де жүре береді.

Ең жаны ашығанының айтатыны:

— Норма. Онан артық су ішсеңдер дәрегханаға сұрана бересіңдер.

Жарты күн тұрған вагонзагтың есігі ашылды. Екі адамнан тіркестіріп қолдарына кісен салып, бәрін далаға сапқа түрғызған.

— Петропавл қаласы, — деді көпті көрген кесікті біреу.

Шолақ көшелердің бірімен айдап апарып, жар жағасына жақын түрмеге қамады. Бұлардың саяси қылмысты екені, басқаларды "үгіттеп" қоятыны енді естеріне түссе керек, Әлкәдір мен Зейін бөлек камерада. Еңсесі биік үй түрмеге

ұқсамайды. Есік пен терезелері шығыс елінің әдемі сәулет өнерінің үлгісімен ойылып, накыштай қаланған. Қабырғаларының қалыңдығы сынық құлаштан артық. Бір айыбы еденге тақтай төсемей цементпен сылап тастапты.

— Мынау өзі қалай салынған үй, - десті екеуі.

Қалай үй екенін ертеңіне білді. Мұндағы тәртіп бойынша барлық жұртты көгеннен босатқан қозыдай дәретханаға жаппай айдайды екен. Кезегіңді күтіп, оны-мұны сұрап қалуға да уақыт жетеді.

— Қай камерада жатырсыңдар? — деген көпті көрген сақалды орыс.

— Нөмірі жоқ, мына коридордың оң жағындағы камера.

— Еденіне тас төселген бе?

— Дәл таптыңыз.

— Болғанмын онда, болғанмын, — сақалды орыс күрсінді, — оны орысша "Камера смертников" дейді. Оған бекерден бекер ешкімді салмайды.

— Неге? Неге? — деп антгаласты басқалары.

— Мыналар, — екеуін көзбен нұсқап көрсетіп, қол қырымен тамағын орғанның ишарасын жасап, — солар ма? — деген.

— Оны өздері біледі, — деді тағы сақалды.

— Әзірге атылудан аманбыз, — деді Зейін.

— Сонда екеуіңді еріккеннен салып қойған ба?

— Аса қауіптіміз.

Екеуінің маңына біраз адам топтала қалыпты. Атылмайтын, бірақ аса қауіпті өрімдсй екі жасқа сенер-сенбеспен қарағандары анық.

— Саяси қылмыстымыз.

— Мына екеуің? Жап-жас, — деп таңданысқан.

— Сіздер көпті көрдіңіздер ғой, мына үй түрмеге ұқсамайды, кімнің үйі? — деп сұрады Әлкәдір.

— Менің естуімше қазақтың бір ханының сарайы болса керек, — деді сақалды орыс. — Оны қәзір сұрап білейік.

Азамат бастық, азамат бастық...

Азамат бастық атанған старшина шеніндегі түрменің күзетшісі мойнын бұрған.

— Сіз өміріңізде көп нәрссні көрдіңіз, көп те білесіз деп сақалды оның астына көпшік қойып жатыр.

— Ну, — деді жасы елуден асқан старшина. Мақтау жанына жаққан сыңайлы.

— Осы түрме революциядан бұрын кімнің үйі болды екен?

— Блин, — деп бастығы старшина. — Әй, сен де кусың. Мен осы қалада туып өстім. Менен артық ешкім білмейді мұны. Революция дейді, хе-хе. Бұл сарай революциядан оу, қашан, бұрын салынған. Блин, қазақтың ханының сарайы болыпты. Міне, солай.

Жадында қалған осы оқиғаны бірер айдан соң саяси лагерьдің мәңгі тұтқыны Құнанбай ақсақалдан сұрарын, ал ақсақалдың көзіне жас алып отырып "Е, балалар, бұл қазақтың басынан не өтпеді. Абылайханның қасиетті сарайын бұлар түрме де етті ғой. Оны жақтар ұл бар ма, оны іздер уақыт келер ме" дерін кім біліпті. Өмір болжаусыз.

Талай-талай жылдар өтіп барып қазақтың дарынды ақыны Олжас Сүлейментегіне Абылай сарайы туралы айтқанда:

— Абылай хан сарайы? Бірінші естуім,- деген.

Әлкәдірге етене дос боп, барымен бөліскен Қалихан Ыскақұлының:

— Япыр-ай, ә? Еш нәрсені қасиет тұтпаған шошқаның тұқымдары, бас көтертпей тастады ғой бізді. Ана Индияны жаулап алған ағылшындар үнді халқының мұрасына тиіспейақ кетті ғой, кетті, — деп өкінерін кім болжапты.

Абылай хан сарайының тас еденін құшақтап, жалғыз плащтың бір етегін төсеніш бірін жамылғы етіп, бірін-бірі кезек-кезек жылтып үш күн жатты. Дірдек қақса да хан сарайында жатырмыз деген ұғым көңіл медеу. Еңселі ғимараттың әр бөлмесіне ұлы ханның назары сан түскен шығар. Сонан қалған белгі болар ма еді дегендей бұрыш-бұрышқа үңіліскен.

үшінші күні кеш бата өлімге бұйырылғандардың камерасына топырлатып бір топ адамды тықты. Түрегеліп тұрған жұрттан ине шаншар жер жоқ. Басқадай емес бұл камера саңылаусыз, есіктегі көздіктің өзі қалың шыны. Жарық дүниеге жарымаған жұртқа жарым сағаттан соң-ақ ауа жетпей, онсыз да тар бөлме көрдей қысты.

Терге малшынған Әлкәдір мен Зейін де үстеріндегі бар киімдерін шешіп тастаған. Есік көзінде тұрған біреу жата қалып табалдырықтан кірген ауамен дем алмақ болды да:

— Ештеңе жоқ, — деп басын шайқады.

— Көздікті, көздікті сындырыңдар.

Есіктегі көздіктің қалың шынысы саусақпен түрткенге мызғи қоймады. Ең болмаса шалбарда белдіктің жоғы естеріне жаңа түскен.

— Қап, доғабасымен сындыратын, — деп өкініскендер жетерлік.

— Ұр! Ұр есікті.

Ширек сағат тепкілегенде күзетші көздіктен қарады.

— Не керек,саған?

— Өліп барамыз.

— Менің онда не шаруам бар? Қырыла бер.

Ауа жетпей талып қалған шалды есіктің алдына салып қойып, әлі де болса әлі барлар кезек-кезек тепкілей берген. Көздері аларып, ышқына дем алып, қабырғаға сүйеніп тұрғандарды санап болмайды. Түрмеде өкпесінен ақау алған Әлкәдірдің де жағдайы мүшкіл. Ерні кезеріп, бұрышқа сүйеніп, әрең тұрған оған Зейін:

— Шыда, — деген.

Әлкәдір бас изеген болып, Зейіннің қолын қысты. Әлдене уақытта камераның есігіне кілт салған салдыр естілген. Есік көзінде сұлап жатқандарды көрген үш күзетші:

— Не болған? — десті.

— Өлтіресіңдер ме? Мынандай жерге осыншама кісіні қамап, ауа жоқ.

— Біз смертниктер емеспіз ғой.

— Өлтірсендер қинамай өлтіріңдер.

Күзетшілердің қолынан келгені жарым сағат сайын есікті ашып-жабу ғана болды. Басқаға рұқсат жоқ десті. Таң ата, ес кетті — жан шықты дегенде этапқа айдаған.

Өлім камерасынан гөрі вагонзагтың іші ұжмақтың төріндей көрінді. Асықпайтын вагонзаг пәленбай күн жүріп тағы бір калада бұларды сыртқа шығарды.

— Шеләбі, — деді көпті көргеннің бірі.

— Бұл жолы екеуін көппен бірге қамаған. Камераның екі қатар нарындағы адамдар да аса көп емес. Іштерінде аса түксигені болмаса да күлкіге жарытар мылқауы бар екен. Мылқау деген аты ғана, бар сөзін ыммен жеткізіп, сайрап тұр. Тілін қашан жоғалтқанын құдайым білсін, есімінің Фарид екенін білдірді.

Не үшін сотталғанын атша кісінеген боп, екі жылқыны ұрлап, сойып сатып жібергенін де айтып үлгерген.

— Әйелің бар ма? — дейді қылжақбастың бірі.

Онысының бір түгілі екеу екенін, саусағын сұққылап жұртты езу тартқызған. Екі қатыны да өзін аса жақсы көретінін де "айтып" жатыр. Себебі өзінің еркектігі мықты.

Ертемен он минөттық сергуге шығарған. Күзетші кәрі орыс көп тесіліп қарады. Сонан соң:

— Жігіттер, қай жақтансыңдар? — деп сұрады.

— Қазақстаннанбыз.

— Не, ол жақта сендерге түрме жетпеді ме?

— Түрме баршылық қой, тек бізге орын жоқ сияқты.

— Не боп қалды, сонша?

— Біз саяси қылмыстымыз.

— Е, — деді күзетші. - Солай деңдер. Бүлдірген екенсіңдер ғой, балалар.

— Ептеп...

— Социал-демократпыз деп осы жақта да біреулер ұсталыпты, — әңгімешіл күзетші басын изеп қойып, біраз нәрсенің басын шалды. Озінің бастықтарға ма, әлде осы жүйеге өкпесі де бар сияқты көрінген.

Он минөттық сергіту де бітті. Коридормен айдаған екеуі жатқан камераларының алдынан өтіп барады.

— Біз мұнда едік.

— Тарт алға, — деп күзетші иығынан итерді. Бұл жолы бұйырғаны карцер деп аталатын есігінен басқа тесігі жоқ қапас екен. Іші де тастай қараңғы.

— Сендерге кеппен бірге болуға рұқсат жоқ, — деді айдаушы.

Карцерде кемі екі не үш күн жатқан шығар. Борыштарын зәршелекке шығарып, бірін-бірі сипалап тауып, әңгімелеспек болса да, көрдей қараңғылық ауызды аштырмай тұншықтырған. Түрменің астындағы қапастың есігін текпілегенмен пайда жоқ, онымен айнала жүгірген тышқандар ғана шошыр.

Сергітуге шығарған. Бақса кешқұрым шақ та боп қапты. Әңгімешіл күзетшінің қарасы көрінбейді, оның орнындағы Кавказ бен Оканың арасынан шыққан күзетші қабаған бульдогтай тырсиып, тіл қатпады. Өте шыққан он минөттен соң Әлкәдірді бөлектеп апарып, басқа камераға итермелей кіргізіп жіберген.

Жанарды жеген қараңғы қапастан құтылып, тіл қатысар — тірі пендесі бар жерге тап болғанына қуанса да, Зейін

екеуін бөліп жібергеніне дал Мүмкін осы бөлгені бөлген шығар. Пенденің тағдырын билегендер екеуінің кездесуін талай-талай жылдарға алыстатып тастаған болар. "Қош" десе алмағанына өкінді.

Қаракөлеңкелеу камерада бөксесін қабырғаға тіреп үшеу отыр. Әлкәдірдің берген сәлеміне жауап қата қоймады. Отырып-отырып жұқалтаңдауы:

— Ал, төрлет, — деген.

Адаммен тілдесуді сағына келген Әлкәдірге мына екеуінің қабылдасы аса ұнамаса да, кемедегінің жаны бір дегендей, кірбіңсіздікті қалады. Кірбіңсіздікті қалаған кісәпірге кезіксе кіріптарлыққа түседі. Қайтеді ол сенің көңіліңді? Оның өзінен мықты жоқ, ақылды да, ділмар да өзі. Сенің ақ пейілмен ұсынған көңілің сол мықтылығыңның алдында иілген басың, не сорлылығыңды танытар бейшаралығың. Осы екеуінің біреуін таңдап ал дегендей белуарына дейін шешініп тастаған таңқы танауы шірене түскен. Төртбақ иек, тар маңдай сабазың иілер емес. Тар маңдайдың астына біткен шүңірек көк көзден шағатын жыланның оқталуы сияқты ызғар келген. Сұстана қарағанынан Әлкәдірдің жүрегі сескенді.

— Мынаның түрі жаман екен, — деді өзіне-өзі қазақша.

— Не дедің? Түсінікті тілмен сөйле, иттің тұқымы.

— Не айтқанымның саған қатынасы жоқ.

— Ух, сен . . .

— Қайдансың? — деп жұқалтаңы төртпақ иектің сөзін бөлді.

— Қазақстаннан.

— Калбитская морда, қарашы кісімсуін, — Төртпақ иектінің денесі де төртпақ екенін ол орнынан тұрғанда көрді.

— Қара к ... бас көтерді, — деді үшіншісі тамсана сөйлеп. Тамсанғанына қарағанда аузында тіс жоқ сияқты.

— Иә, бұларды, қғх, — деп жұқалтаңы тамағына сұқ саусағын таяды.

Өре түрегелген үшеудің аяр түрі көрінбейді. Жабыла кетсе шамасы жетпесін де, буындырып жіпке аса салып, "біз ұйықтап жатқанда өзі асылып қапты" деп мына үшеуінің құтылып кететінін де түсінді.

— Бір ауыз сөз, — деді Әлкәдір қолын көтеріп.

— Ал, — төртпақтың дауысы жер астынан шыққандай гүж етті.

— Көрмегенім түрме еді, оның дәмін таттым.

— Оны не қыл дейсің?

— Енді барар жерім көр екенін де сезіп тұрмын.

— Оны білгенің білгірлігің.

— Еркекпіз ғой, жабылмаңдар, жекпе-жек болсын.

— Хе, мына түріңмен жекпе-жекке, — деп жұқалтаң мырс-мырс:

— Болсын. — Төртбақ айналасына сүзеген бұқадай алая қарап, — сендер шегініңдер, — деді.

Камераның іші аласапыран болды да кетті. Қағысып өтіп жұдырық салысып, ышқынған үнге бөлме іші тұнған. Талайдан жуылмаған тақтай еденнің жырық-жырығынан ба, әлде үстінен бе көтерілген шаң кеуде қапқан. Шаңға да, басқаға да қарап жатқан ешкім жоқ. Өмір. Өмір үшін талас жүріп жатқан. Алланың әр пендесіне берген сиын өзі жаратқан екінші күнәкары құдайдың ырқынсыз тартып алмақ боп жан таласқан.

Төртпақтың жуан жұдырығына тап келген Әлкәдірдің оң көзінің оты жарқ етті де, жарылған қабағынан жылымшы қан ақты.

— Ұр! Ваня, ұр!

— Соқ! Ваня, бітір енді.

Төртпақтың оң аяғындағы шұлығын түзеген боп еңкейіп қалғанын көзі шалды. Келесі түйісіп өткенде қарсыласының оң қолында жарқ еткен кездікке жан дәрменмен қарын тосып үлгерген. Атқыған қан төртпақты да жауып кетті. Ісінің сәттілігіне сенген төртпақ кездікті кейін лақтырып, оны жұқалтаң сары еденнің жарығына тастап та үлгерді.

— Солай, Ваня, жарайсың!

Қанға боялған Әлкәдірге менсінбей қарап, танауын көтеріп тұрған тортбақтың иегінің астынан жойқын соққы тиген. Кескен теректей сұлаған оның басы ашық батареяға соғылып, есінен біржола танды. Үстіне қона түскен Әлкәдір:

— Өлтірейін бе? — деп екі жандайшабына қарады.

— Сен не тірісің бе? — деп шошынды үшіншісі. — Не, жүрегіне тимеген бе?

— Мынадан кейін сен екеуіңе кірісемін.

— Біздің жазығымыз жоқ, ой-ой, қой оныңды, - деп, безілдеді екеуі. — Бізге, тек қарап тұрыңдар деген.

— Көмектесіңдер маған. — Әлкәдір екеуінің көмегімен төртбақтың көйлегін қақ айырып, сол қолын қан шықпастай етіп, шарт байлап тастады. Төртбақ Ваня таң атқанша ыңырсып жатты да, есік ашылғанда сүйретіле қашқан. Ерлік емес еді, жан талас еді. Сол қолындағы тыртықты жасырып келіп, ондаған жыл өткен соң, Қайырды досына алғаш рет Әлкәдір әңгімелеп берерін біліп пе?

Бай таңдамайтын бейшарадай әр паравоздың артына тіркеле-тіркеле қажыған вагонзагтың ішіндегі қыжылы көп жұрттың құрамы да бара-бара өзгерген. Қалтандағыны қағып, алдындағыны жымпитып кетуге әзір жылпостар түсе-түсе азайып, орнын үйірінен адасқан қаздай жекеленген иісі мұсылман жұртының әр елінің азаматтары, орыстың сөзін өзінше астарлап жеткізетін кавказдықтар, топ-топ Балтық бойының жігіттері басқан. Туысын іздеген қазақ айға ұшатын ракетаның да кезегінде тұрады деуші еді, ел намысын іздеген басқа халық баратын жерде қазақ көрінбеді.

Солқ-солқ сүйретіліп, рельс басы сайын так-тұқ етіп жүйкені жеген вагонзагта ширыға шиқылдап кеп тоқтаған. Түсіріп жатыр. Айнала қалың орман. Көк тіреген орман арасынан алақандай көк аспан жетімсірей жыртияды. Мылқау орман. Мылқау тыныштық құлағыңды тұндырып, мұндайды көрмегсн жүрегі елегзіген. Даланың үнемі есетін майда қоңыр самалы да жоқ. Даланың желі қуып әкелген бұлт жартасқа соғылып, жұлым-жұлым боп жатушы еді, мына орманның басына бұлт қонар дейсің бе.

Бұл жерге түсіргені торт-ақ адам. Басқаларының барар жері тағы бір қиыр шығар. Мейлі. Әркім тағдырына жазғанын көрер. Басқан сайын шұрқ-шұрқ еткsн батпақтың үстіне төселген солқылдақ тақгай жолмен төртеуін екі итімен қосқанда алты тірлік иесі айдап келеді. Лагерьдің қақпасының алдында арба үстінде теңселген бөшкесін қолымен сүйеген арбакеш кезікті. Жапырайған малақайын баса киген өңі жастай, сақалы аппақ бейбақ бір көзін аша, екіншісін баса қарап, ал кеп сығырайсын.

— Не, танып қалдың ба? — деп жекірді есіктегі сақшы.

"Әйт-шулеп" ұзаған арбаның шыққан ізімен жұтатын ажалдай аузын айқара ашқан қақпадан ішке кірді. Киргізудің де машақаты жетерлік екен. Тыр жалаңаш шешіндіріп, ал кеп тіміскілесін. Сүт пісірім уақыт әурелеп, вагонның жүгін

түсіргендей үһілесіп, сақшылар ішкергі жаққа жіберді. Қақпаның ар жағында бәйтерекке сүйеніп түрғандар арасынан аласа бойлы, дөңгелете қойған ақ сақалы жүзіне жарасқан қартаң адам ерекше көзге түсті. Қалғандары бері жылжыса да қарт орнынан қозғалмады.

Латыштың екі жігітін Балтықтықтар жетелей жөнелген. Қайда барарын білмеген Зейін мен Әлкәдірді басқалары сөзге тартты.

— Қай жақтансыңдар, жігіттер.

— Қазақстаннанбыз.

— Ту, сонау жақтан. Е, онда болдық қой. Елу алтыншы жылға дейін Спаскеде саяси лагерь болды ғой.

— Спаскені білеміз. Біздің ауылдан аса қашық емес, — деді Зейін.

— А? Біледі екенсіңдер ғой. - Қоршағандар ықыластана қалған. — Онда қазір не бар?

— Ту соны да сұрап, — деп ренжіді біреуі, — Хрущев Америкаға барғанда осы сұрақты американдықтар да қойғанын, Хрущевтің онда қазір құс фабрикасы бар дегенін газеттен оқыдық қой.

— Рас па, сол

— Расы рас. Бірақ құс фабрикасы кейінірек салынды.

Қарсы алғандардың сұрақтары таусылар емес. Еркіндіктен келген әр пенде еркіндіктің тынысын ала кіргендей, көңіл сағынышын алыстың адамының сөзімен басқысысындай ниет танытқан. Бәйтерекке сүйенген қарт қосылмады. Елге деген сағынышы, елді көрем деген үміті өшті ме, жүзін алысқа салып тұра берген.

— Ә, ол министр, —деді бұлардың жалтақтауын көрген біреуі.

— Қалай?

— Соғыс бітеде Совст елі Солтүстік Иранда Азербайжан үкіметін құрған. Онысы уақытша боп шықты, — деді өзін Осипов деп таныстырған егде орыс. — Сонан сол Азербайжан үкіметі тараған соң, министрлеріне орын қарастырған ғой КГБ. Бұл кісі сыртқы істер министрі екен, бұйырған жылы орын осы жер боп, аман-есен, шат-шадыманда дегендей жүріп жатыр.

— Сендер бұған таңданбай-ақ қойыңдар. Сендердің бабайларың бар мұнда. Шамасы сол кісі отыз жылдан артық осы лагерьде.

— Биыл тура отыз үш жыл дегенін өз аузынан еетідім — деп түзетті Осипов. - Естімей жатқан шығар сендерді, әйтпесе келетін еді ғой. Елінен келген сендер сияқты жас жігіттерді көру де мұндайда дәтке қуат.

— Жасы да келіп қалған кісі, ауырып қалмаса.

— Иә, жетпістен асқан.

— Көрмегені жоқ қой, қалай тірі жүргеніне таңмын.

Лагерьдегі билік иелерінен жарлық келді ме, басқалардан гөрі жағдайы тәуірірек көрінген жігіт екеуіне:

— Жүріңдер, орналастырам, — деп ала жөнелген.

— Разнарядчик, — деді басқалары.

Разнарядчик екеуін екі бараққа тықты. Әзірше дем алыңдар, сонан жұмысқа жегемізді де білдірген.

— Бұл саяси лагерь, ешкімнен қауіптенбеңдер. Біреудің біреу ала жібін атгамайды, болса барын бөліседі, жоққа тағы жүйрік жетпейді, - десіп лагерьдің байырғы тұрғындары екеуінің көңілдерін демеген.

Ықылас білдірсе де өз бауырындай өзеурегені жоқ жат жұрттың арасында жетімсіреп, болжаусыз күннің ендігі болмысы қандай болар екен деп, әрі өткен, бері келгенді көзбен шығарып салып отырған. Барағына өзі сыйса да көңілі сыймаған Зейін де жетіп, есік алдындағы ұзын орындықтың бір шетіне жайғасқан.

— Әу, балалар, кеп қалдыңдар ма? — деген қазақы үнді естіп, жүрек дір етіп, жалт қарады.

Орта бойлы, шоқша сақалды ақсақал екеуін кезек-кезек құшағына алды. Ақсақалдың бойынан қорғансыз балапандарына деген жанашырлықтан туған бір аталық ыстық сезім ескен. Бауырына тартып, арқаларынан қақты. Туған елге, арман қуған сағымды даласына деген сағынышы болар иегі кемсең етті де, жалғыз түйір тамшы жанарынан мөлт етті.

— Балаларым-ай, балапандарым-ай...

— Уа, Бабай келіп қалдың ба? Міне, міне сенің туыстарың, қуанасың ба, ренжисің бе, енді ол сенің шаруаң деді өзін Ысқақ Зәкіров деп таныстырған кісі қаттырақ дауыстап. Ысқақ ақсақал сонау Жамбылдық екен.

"Е, жігіттер, соттаймын десе статьясын табады ғой, бұлар. Несін сұрайсыңдар? Алдарында тұрған халықтың жауы. Жау екенімді, дос екенімді уакыт айыра жатар" деп мана бір соғып кеткен.

— Ал, шырақтарым, сендерге қазақ жолымен ерулік берер шама жоқ болса да кәдесіз емеспіз. Қане, маған еріңдер. — Лагерьдегі орысы, латышы, хохолы, татары, грузині, түрікмені тегіс Бабай атап кеткен Құнанбай ақсақал екеуін соңына ертіп, аулақтау тал түбіне жайғасты да, Ысқақ шалды әлде неге жұмсады. Дорбасының түбінен кептірілген нан шықты. Ысқақ ақсақал молдау күрешкеге кофе қайнатып әкеліпті.

— Ал, балалар, барға мәзір боласыңдар. Лагерьде шай ішуге рұқсат жоқ, кофе дегенді сәлемдеме алғандармен бөлісеміз, кейде осы лагерьдің ләпкесіне де түсіріп қояды. Тиын-тебен тапқан сонан ауысады. — Күрешкедегі ыстық кофені үш ыдысқа құйып, өзі күрешкеге ие болған Құнекең жағдаймен таныстырып жатыр.

— Ал, мына наннан да алып, ауыз тиіп отырыңдар, — Ысқақ ақсақалдың қаттырақ сөйлегеніне қарап құлағының мүкісі бар шығар деп шамалаған. Айтқанындай:

— А, не дейсің? — деп құлағын төседі.

— Қамықпаңдар, шырақтарым, бұл жерде қазір бұрынғыдан көп жеңіл Баяғы Бериянын заманындай бас салып атып тастау тыйылған. Ой-ой, талай сұмдықты көрдік қой. Құнекең күрсінді. Сол қолының қисықтау біткені, білегіндегі әлде пышақ, әлде ненің ізі көрініп тұр. — Бір ағаш төсекте қатар жатқан екі адам күбірлесіп сөйлессе "сендер ұйымдасып жатырсыңдар" деп біреуін атқанын көз көрді.

— Қазір де оңай емес қой, — деп Ысқақ ақсақал сөз қыстырды. — Әлі де өлгендерді тексеріп шығарады.

— Тексергені қалай? — Әлкәдір таңданысын жасыра алмады.

— Бұрын шын өлгенін білу үшін төбесінен денесіне өткізе істік қағатын.

Қазір оны мәдениетті етті, қақ жарып жүрегін суырып тастайды.

— Өлген өлді ғой, өйтпесе қайтеді.

— Онысы енді әлем жұртшылығының алдында медэкспертиза жасаған көрініп өздерін ақтағандары да. Шетел "саяси тұтқындарыңды қырып жатырсыңдар" деп әлі шулап жатқан жоқ па. Соған жауап.

— Жастар, сендер совет мектебін бітірдіңдер. Сендер бізге қарағанда дегенмен осы үкіметтің өзі тәрбиелеген өз

адамдары сияқтысындар. Сондықтан сендерге бізден гөрі басқаша қарайды. Сәл жеңілдеу дегендей. Ал, біз құртуға әзірленген кәрі қасқырдаймыз. Бізді іздеуші де, не болды деп сұраушы да жоқ. — Құнекең күрешкесіндегісін тауысып, жамбастай қисайды.

— Жастардың арасында Мәскеу, Петерборлықтар көп. Олардың сол жақта әке-шеше, жанашырлары да жеткілікті. Сондықтан сендерге жеңілдеу қарауға мәжбүр, — деп түйіндей түсті Ысқақ ақсақал

Дегенмен сақ болған жөн. Осының ішінде нағыз саяси қылмыспен сотталғандардан басқа, қасақана біздің арамызға салпаңқұлақ етіп, өтірік статья қойып жіберген ұры-қарылар да бар. Жаңадан келгендерге солар желімдей жабысады. Дос екен деп сенсең бір пәлеге ұрындырады.

— Иә, өткенде осындай аңқау жастарды қайдағы жоқ террорлық ұйымға тартқансып, соттастырып та жіберді солар. Алды ату жазасына кесілген. Кім екеніңді, не үшін отырғаныңды кез келгенге айта берудің де қажеті шамалы, -- деп үстеді Ысқақ ақсақал.

"Қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі" деуші еді әкесі. Солайы солай екен. Ленин, Сталин, Хрущев заманын еңсеріп тастаған Құнекең ақсақалдың жасы жетпістен асқаны болмаса әлі тың. Әлі сызат түспеген сәл ұзындау біткен күрек тістері кезінде дес бермес дау мен биліктің адамы екенін танытқандай. Адамның бетіне тіке қарап сөйлейді екен. Тіке қарағаны ішіндегісін бүкпегені деп ұққан. Тік қадалған ақсақалдың өткір жанары қарсыдағысының да ішіндегісін аралап шыққандай еріксіз қымсындырады.

— Әй, шырақтар, "көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың" деген бұрынғылар. Жігер мен парасат жоқта көргенмен көсем шықпас, ақыл мен ізгілік қосылмаса, шешендікті қайдам, бір ауылдың құлағын тұндырар қырт шығатыны анық. Өмірдің оң тсрісін көзбен көріп, ақылмен саралайтын жерге тап болдындар, Алла көсемдікке де, шешендікке де жазсын.

Қазақтың өрімдей екі баласымен қауышып, қай-қайдағысы есіне түскен Құнекең ақсақал батар күннің сәулесіне қарап, ұзақ отырды. Өзі туып өскен Арқаның даласы, ән мен сәннің ордасы Көкше бауыры, сан түрлі ұлт араласып жататын Ақмола бәрі-бәрі көрген түстей бұлдыр-бұлдыр.

Әкеден жалғыз еді. Қызыр жанап, Бақ конды деп отыратын әкесі Бейсен шалдың шаңырағына біткен мал аз емее. Бұл он үш жасқа келгенде әкесі, "Енді малға өзің ие бол, ендігі үрпақты өсіретін дс, олардың ырыс-несібесіне жауапты да сенсің" деп малға қарамай кеткен. Аңшы еді, марқұм. Көп малдан қалағаны өзі ғана баптап өсірген, өзінсн басқаға жүген-құрық салдырмайтын Ай қасқасы. Күнде болмаса да күнара қасқырдан қайтпайтын тазысын ертіп, даланы кезіп, тауды шарлап кететін. Алғанын сұрағанға беріп, қанжығасы қанша бос қайтса да шешесі марқұм да жак ашып көрген емес.

Байдың әлпештеген жалғызы боп өсті. Не ішсм, не кием демеді. Малға сен иесің дегенмен әкесінің ол сөзін де құлағына іле қойғаны шамалы. Қайда той, кайда қызык дсп жүргенде үйленетін жасқа да кегі қапты. Әкесінің "үйлен" дегені, шешесінің "көмекші керек" деген қыңқылына құлақ аспай, соза тартып жүре берген-тін. Бірде тағы сондай қызық қуған үзақ жүрістсн келген. Шешесіне көмектесіп жүрген қыз үріп ауызға салғандай әдемі екен. Істегсн ісі де тынымды, еркектің бетіне де тура қарамайтын мінезі үнамды керінді. Ас үстінде шешесі:

•— Құнанжан, айналайын, қазақтың көнеден келе жатқан құда түсу деген дәстүрі бар. Біз, әкең екеуіміз құда түсіп қойдық, — деген.

Әкеде үн жоқ. Алдына тартылған жамбасты кішірек бәкісімен тазалап мүжіп, баласының жүзіне баппен қарап, ол солай болу керск дегенді ұқтырып отырғандай.

— Оларың кім? — деген маңдайы тершіп.

— Ол мына баланың әкесі. Осы бала енді біздің келініміз, сенің жарың болады, — деді анасы.

Жаңа ғана ұнамды керінген кыз енді кеңіліне жаттай боп, суына қалған. Бітті десейші шат-шадыман дәурен.

—Жоқ,—деп тулап түсті. Қолын сүртер-сүртпестен шалқалай құлаған.

Ас та тсз жиналды. "Әй, енді оның болмайдыны" ғана айтқан әкесі тысқа шығып кетті. Анасы, байгүс, мүның шұлығын шешіп, екі табанын көкірегіне басты. Анасы ғой, койшы, мазаламашы дей алмады.

— Балам, мен анаңмын ғой, әйел заты әйел затын жақсы түсінеді, тандай да алады. Осы келінімнен артық келінді қайда

барсаң таба алмайсың. Меселімді кайтарма. — Анасы да жаулығын түзеп, шығып жүре берді.

Кеш те түсіп қалған. Манағы қыз төсек салып, тысқа кетті. Төсегіне жатқанына да біршама уакыт өтті. Сылдыр етіпесік ашылып, шешінген киімнің сусылдаған дыбысы жеткен. Еңкейе бергсн қызды қатты болмаса да кейін серпіді. Жүрелеп отыра кеткен қыз:

— Менің жазығым не? — деген. — Қазақтың көне жолымен құда түсіп, қалың беріп мені алып келді. Құдалар дұға оқып, Алланың алдында екеуімізді қостық деп ант берді. "Жаратушы бір Алла, әр ісіне соның алдында жауаптысың" деп үйреткен менің анам да. Алланың атын атап уәде етіліп, бата істелген соң, біз бәрібір ерлі-зайыптымыз. Мені төсегіңе алмай қазір куып жіберсең де, Алла алдында мен сенің жарыңмын. Ендігісін өзің біл.

Уәжден жеңілді. Сол қыздың мәңгілік жары боларын, осы отыз үш жыл бойы не бейнетті көрсе де сан рет іздеп кеп, жылап қайтатынын, екі қозысы - Үмбет псн Кәрібайын арып-ашып жүріп жеткізерін біліп пе. О, жалған, не қызық көрсетті жарына. Қу бейнетпен ол да өтті дүниеден.

Сүннетсізге бұйырар

Зекетсіздің жиганы, — деп Шортанбай айтып кетіпті деп әкесі марқұм әр кез айтып отыратын еді. Әке тәрбиесімен өсті. Қайыр-садақа, зекет бермеген жері жоқ еді, енді... енді ол малдың қайда кеткенін біліп бола ма. Бұл қазаққа қазақтың зекетсізінің қырсығы тиген шығар. Мана жас та болса Әлкәдірдің:

— Ақсақал, малыңыз қанша еді? — деп сұрағанында талай ойдың ұшығы жатыр.

Мал пейілге бітеді деуші еді. Пейілі тарылып көрген жоқ. Екі жарым мың жылқыны санап алдынан да бір өткізбепті. Мыңға жуық қой, өрісте жатқан түйені сыртынан байқағаны болмаса, маңына бармапты.

— Бәрі өзіңнің ағайының, мал әрі беріден соң сенің ғана ырысың емес, солардың бала-шағасының несібесі. Соларды өкпелетіпалма, — деп басалқы айтатын әкесі.

Ағайынды өкпелетіп қайда барады. Аспан асты кең жер жетеді дейтін қазақ малшы-жалшы боп жүрсе де, ешкімге кеудесін бастырмайды. Намысына тисең ағайынын да сол кең аспанның астындағы тағы бір байдың қоңсысы бола салады.

Мұның малын бағып жүрген ағайын бұған немере болса, осы айналаның ең алыс бай-байшыкеші шөбере, шөпшек қана. Жаратушы бас терісін келістірмеген бай сығырдан, қазымырлық танытса айналаға теріс көрініп, жанашырдан айырылып, жұтап тынады. Бұл даланың жазылмаған заңы сондай. Даланың заңы осы жұрт жаттап жүрген Еуропаның заңынан бөлек.

Жылқысын санамағаны да жанашыр-ағайынның өкпесіне қалмайын дегені шығар. Дегенмен... Иә, дегенмен мал иесі болған соң сұрайтыны да бар болатын. Жеті атасынан бері қарай үзілмей келе жатқан атақты айғырдың тұқымы мен небір жүйрік туар мама биелерді ғана жоқтаушы еді. Сонан соң жылқы қысқа түсерде қыс бойы тебінге салар жерді күні бұрын байқаттыратын.

— Сүмбіленің суы жүрді ме екен. Сүмбіленің суы жүрген жердің оты қалың әрі көдесінің түбі көк болады. Міне сондай жер қыста жылқыға жайлы, соны байқатып отыр, — деп тапсыратын әкесі марқұм.

Әкесінің екінші бір үйреткен жосығы, малдың уақытылы ұрықтануын малшыға тапсырып отыру болатын.

Әсіресе, жылқы малы, — дейтін әкесі. Жылқының ішіндегі төл Қамбар жұлдызы туғанша көлденең түскені жөн. Қамбар жұлдызы туарда кей жылдары қатты мұздақ болады. Шөп басындағы сырға мұздақ малдың ішіне кетсе іштегі төлі көлденең түспеген жылқы құлын тастайды.

Әкеден қалған осы тілекке өзінің қосқаны шамалы. Әкесіне тартып қанжығасьг құр қайтпас аңшы болмаса да, сол кісіден жұққан бір мезгіл ит жүгіртері бар. Онысы Теке бұркыл өткен шаққа дәл келетін.

— Мен сол кезде қосқа барғанда арнап арда емген тай сойыңдар, — деп тапсыратын қостағы ағайындарына. Бары осы екен.

Жиырмадан жаңа асқан мына екі жігіт мана өзін тергегендей біраз сұрақтың астына алды. Оған ренжірі де жоқ. Өмірден не көріпті олар. Өмір туралы түсінігі де мектепте жаттатқанынан қанша озды дейсің. Әй, бірақ осыларынның өз бетінше зерттеп, байқағаны да мол ма деп қалды. Әйтпесе айға аузын білеген кеңес үкіметіне "мыналарың теріс" деп айту кімнің ойына келе қояр дейсің. Дегенмен осы күнгі Маркс оқуының салдары басым сияқты. Әлдс ішінде жүрген бір түйткілді білгісі келді ме.

— Малшыларыңызға жалақыға не беріп тұрдыңыз? — деп Әлкәдір қадала сұрады.

"Балалық-ай", деген іштей Құнекең. Сонда да ру боп өмір сүрген елдің бар жағдайын бақайшағына дейін шағып, қазақ қоғамының өмір сүру тәсілін өз білгенінше түсіндірген.

Иә, малшысына не беріпті. Жазы-қысы жылқы баққандардың қосына не сояды, нешеуін сояды, онда жұмысы болып көрген жоқ. Сол жылқышының өз малы да сол жылқы да жүр. Онысы қанша? Білген емес. Қостағылар ауылдағы өз үйіне қандай соғым сойып берді. Өз малынан ба, әлде байдың жылқысы ма, шаруасы болған жоқ. Бұл үшін малдың жалпы қарамы аман болса жетіп жатыр.

Малшысының бала-шағасының күнделікті ішіп-жемі бұрын әкесінің, енді өзіңіц мойнында. Соларға киім-кешек іздеп сабылып жүргені. Киім дегеннен шығады-ау, жылқышының жылда, әсіресе қыста жаңа киім киюіне міндетті. Іш киімдерінен басқа жылда жаңа тымақ, жаңа тон, жаңа тері шалбар, саптама етік, етіктің сыртынан киетін жүнін тысқа қаратып тіккен ұйық болуын өзі қадағалайтын.

Қыстың бораны мен қақаған аязында бір жағы итқұспен алысып, малын өсіріп жүрген өз ағайыны. Басы ауырып, балтыры сыздаса басқаның емес, мұның жанына батады "У ішсең руыңмен " деген қағида бала кезінен санасына сіңген қазақ жаманшылыққа ағайыны түгілі ауылдасын қия қояр ма екен. Жоққа көмектескені өз абыройы, өз беделі. Әрі беріден соң ұзатылған қызының жасауына үйленер ұлының жетпей жатқан қалың малына да көмек ету мойнында. Сонда бұл кімді қанапты? Осы күні анау колхоз-совхоз дегендерінде жоқты іздеп, тауып әкелуші экспедитор деген бар деп естиді. Бай болып, мал иесі атанып жүргендегісі сол ауылдас жоқ-жітік ағайын, малшыларының жоғын іздеу екен. Сонда мұның экпедитордан несі кем, несі артық?

Лагерьдс өтіп келе жатқан ұзақ өмірі, талай жақсымен аралас болуы, дүниеге кеңірек қарауды үйретті. Бай боп шалқыған шағында Алашты білді, азаматтарымен танысты. Ал, мынау лагерь дегенің саяси ойдың қайнаған ордасы екен. Сонау батыстың ақыл иелерінің саяси пікірлерімен танысу мүмкіндігі туды. Марксті осы заманның ең озық идеологі дейді ғой, оның айтқанының көбі жөн сияқты, бірақ мына өмірде сол орындалып жатыр ма, ол жағы неғайбыл

Маркс осы замандікі болса, қазақтың идеологы көне заманнан бергі ата жолды дәріптеп, ел санасына сіңіріп келе жаткан Бұқар, Шортанбайлар, олардың ізін басқан Абай екенінекөңілі осы айдауда жүріп беки түсті. Онысын енді жер тістер шағында кімге айтады. Отыз үш жылын лагерьде өткізген екен, тіс арасынан артық-ауыз сөз шықса енді соншама жылды мойнына іле саларына не күмән.

Қалай дегенмен де өз тұсында, мына төңкерістен бұрын, қазақы өмір салты бұзылмады деп айта алмайды.

Байды құдай атқаны,

Жабағы жүнді сатқаны, — деп Шортанбай айтқандай қасиетсізденіп, ұсақ-түйек үшін құнсызданып, оңайдан олжа табуға құныгып алғандар шыққанын да көз көрген. Ағайынның бар-жоғын көзге ілмей, басқаны бітеудей сорғанды тәуір көретіндер орысшыл да, орыстың дәстүріне де бейім еді.

Басқа азды деп бұл азбады. Әкесінің соңына ерген, бұған тізгіннің берген ауылдастарының жоғын жоқтап құла қасқа аттан бір түспеген. О, шіркін, құла қасқа. Ондай жылқы бұл жалғанға қайтып келер ме. Ақан серінің Құлагерінің түбі Арқаның Ұлытау жағы деп естуші еді.

Қазақ тұлпар Алданазар паңның жылқысынан шығады, ол сол Ұлытау жағында десетін. Құла қасқаны да сол жақтан тайдай алған. Жануар, өзінен басқаға жалын да сипатпайтын. Е, кешегі белсенділердің заманы екен гой, жол тосқан екеудің "өкімет өкілі" белсенді екенін танып, тізгін тартқан.

— Түс аттан! Бұл бізге лайық мал,- деп екеуі де тізгінге жармасқан.

Тізгінге басқаның қолы тиісімен Құла қасқа аспанға атқып, омырауымен соғып екеуін де жер қаптырып кетіп еді. Жануар, жүріске талмайтын. Ат үстіне өзі шыдамас болған соң жеті метр матамен бүкіл денесін шандып орап барып, ерге қонатын. Сондай бір жүрістерде үш жүз шақырымның о жақ, бұ жағын алып тастаушы еді. Иә, әлі есінде, ірі байларды кәмпескелеген шамада жақын туыстарын Шуашия жеріне айдап апарған екен. Бір хабарын білейінші деп, екі қоржын ас алып, Құла қасқамен Шуаш жеріне Ақмоладан келгені бар. Жолықты, елдің асын берді.

— Шырағым, енді өзің сақтан, біз келмеске кететінімізді біліп отырмыз, — деп еді-ау солар.

Қош айтысып қайтса да шыдамады. Бір айдан соң Құла қасқаның бір терін алып, қайта салған. Кешегі тірі бауырларының орынын ғана сипап қалды. "Атып тастаған" деді көз көрген біреу.

Заман озды ма, ел тозды ма, осы отыз үш жыл ішінде қыздай косылған өзінің кемпірінен басқа мұны артынан іздеп келуші болмапты. Сан жақсылығы өткеннің мұны бір есіне алмағаны ма, әлде бұл жұртта есті адам қалмады ма еқсн. Бұрынғының жолын ұстап, сөзін сөйлеп еті тірі, есті адам болмаса онан кейін өскен буын, көш жолын білмей адасып қалған құстай, халқының сара ізін таппайтын ұрпақ боп оспей ме. Жауға да керегі осы. Орыстандырып жатыр деп мына латыш пен кавказдықтардың шуылдауы бекер емес.

"Тың деген пәлсні көтеріп, қала түгілі ауыл-ауылға орыстарды тоғытып жіберді. Қазақ мектебін жарыса жабу үстінде", — деп мына келген екі жас жігіт те қатты ренішпен сөз көтергені де тегін емес.

Кімі билесе де орыстың түпкі мақсаты осы болатын. Алаштың ақыл иесі Ахмет айтып кеткен жоқ па еді. "Екі тілді игергеннің екі діні болады, онан да сақ бол" деген. Оны тыңдайтын қазақ сол кезде де аз еді, енді де бола қойса.

Исі қазақ ел болар ма деген ой күні бүгін көңілін тырнайды. Ел болып кететін еді-ау, кеше халық көсемдей көрген Алаштың азаматтарын көгендеп Сібірге айдап, түптұқиянымен құртпағанда. "Айқап", "Қазақ" баспаларын оқығанда"шіркін, сол азаматтармен жүздесер ме едім" дейтін. Тағдыр айналып өтпеді, кездесті, танысты. Салиқалы, сабырлы ой иесі Ахаңдай жан қазақтың маңдайына сыймай кетті ау. Сыйғызбады. Бүкіл қазақтың басын қосам деп армандайтын Әлихан қандай еді. Міржақып туған бауырындай боп кеткен.

"Алашқа әскер керек, ат қажет, қаржы тапшы", — деп Міржақып талай елді аралап шыққаны есте. От еді-ау Міржақып, от еді. Қайран азамат-ай, еліңнің сасық байының көбі ниетіңді түсінбсді ғой. Талай шіріген байға сен өзің үшін жинап жүргендей көріндің. Қазақтың игі ісінен малын аяған байдың мүлкі талауға, өзі айдауға түсті. Шоқ, шоқ демеске не шара. Табалағаны емсс, өлерін білмегеніне, ажалдан құтқарам дегенге көмек етпегеніне іші ашиды.

Иә, өзі не ietеді. Кенесары ханға бес ата елінің Аққошқар деген ақсақалы "менің үлесім" деп жүз шұбар ат ұстап берді деп естуші еді. Кем қалғысы келмеді. Жоқ, атын шығарғысы жоқ. Исі қазақтың игілігіне жұмсалсын, әскерінің тақымында болсын деп жүз құр атты Міржақыптың алдына салып, ақшалай қаржысын және қосқан.

Ой-хой, дүние. Желдей ескен жүйріктей өте шыққан ғұмыр. Байлардың басына бұлт үйірілетінін күні бұрын білді, Төңкерістен кейін жанталасып төңкерісшіл үкіметтің ендігі ииетін тану үшін солардың көсемдерінің айтқан сөздерін, бағыт-бағдарын іздеп жүріп оқыған. Ендігі мәселенің байдың малын алуға беттерін ағайын бай-байшыкешке айтып еді, ұқпады.

— Е, сонда халық қаңғып кете ме? Сен де бос сөз айтасың, — деп жасы үлкені ұрысты.

Өзі де абыржыған. Төңкерістің алдында алтын шығатын Жолымбет кенішіне ағылшындармен үлестес болған еді. Абырой болғанда ағылшын кетіп, кеніш тоқтап қалды. Ал, мына мыңғырған малды қайда сыйғызбақ. Берекесі кетер байлық аузы түкті кәпірдің көмейінде кеткенше деп алыс-жақын ағайынға қылдай бөліп берді.

— Иесі сендерсіңдер. Қайтіп сендерден сұрамаймын. Бір атаның баласымыз, қызығын енді сендер көріңдер, — деген.

Қалған азын-аулақ малды да ортаға салып, заман ыңғайына қарай мойынсерік деген қоғам құрды. Ілдебайлап кәмпескенің алғашқы дүрмегінен аман қалды. Малын қимаған жақын ағайыны Шуашиядан бір-ақ шықты. Шортанбай жыраудың "өз малы өзін Шаян боп шағады" дегені келді.

Үкіметтің ұзын құрығынан қалай жалтарса да құтыла алмады. Мал-мүлікті алғаны өз алдына, кеше Алашқа ниеттес болғаны, талай-талай көмек еткені тізіліп алдынан шығып, игі іске созған қолы енді өзін тамақтан алды. Отыз өтіп, отыз бірінші жылы "он жылға" деп ноғай сібірге өткізіп жіберді. Әуелде атып тастамағанына қуанған, кейін мұндағы дозақ өлімнен бетер екенін көрді. Көрді де төзді. Ажал Алланың ісі, пенденің оған араласуына хақысы жоқ деген мұсылмандық қағида қайда жүрсе есінен бір кетпеген. Осы адамның дозағынан қайтсем шығам деп талпынды.

Абақан, Тайшет, Калыманың бәрін көрді. Он жылын өтеді. Енді бостандыққа шығар деген үмітпен тағы бір жыл-

дан артық уақыт отырды. Жоғарғы жақтан әне—міне келеді деген қағаз көп күттіріп, ақыры бір күні опер—бастық шақырды.

— Мынаған қол қой, — деген бұйрықты раймен.

Оқыды, таныcты. Аса қауіпті болуы себепті тағы он жыл лагерьдің қара нанын жейтін бопты. Дүрілдеп батыста соғысы жүріп жатты. Қара нанға зар болған талай-талай жағдай да өткен. Екі адамның сыбырласқаны жасырын ұйым құрғаны боп есептеліп, талайлар қарауылға іліккен. Иә, сол жылдары өзіне Ақмоладан таныс Сәкенді де лагерьден көзі шалғаны бар. Тілдесуге мүмкіндігі жоқ, бас изесудің өзі қатерлі уақыт. Лагерьдегілер жақындасып қоймасын дей ме, апта сайын бір лагерьден екіншісіне, онан тағы басқаларына сапырылыстырып, ауыстырып жатқаны. Сол елестей бір сәттік шақ болмаса қайтіп Сәкен көзге түскен жоқ.

Екінші он жылдықта бітті. Жау жеңілген, советтің мерейі асқан түс. Сондықтан күтер үміт те мол еді. Тағы бір жарым жыл жоғарғының шешімін күтті. Жасы алпыстан асса да әлі аса қауіптінің қатарында екен, тағы жоғарғының "рақымы" түсіп, он жыл лагерьдің "күтімінде" болуға үкім шығыпты. Бұл бармаған орман бұл кеспеген ағаш қалмағандай еді, тағы сол жарлық мойынға ілінді. Тайғаның ағашын тауысуға енді мұның ғұмыры жетер ме деп жүргенде Стекең өліп, саясиларды Қазақстанның Спасск дегсн лагеріне апарып біраз жыл тықты.

Құнекең күннің осындай бұлыңында сырқырап мазасын кетіретін қолын сипалады. Е, ол жолы әйтеуір тірі қалған. Онда екінші онжылдықты Тайшетте орындап жатқан. Көп қабатты үй салу жұмысына жегілген. Баспалдақтардың арасына тақтай төсеп, қалаушыға кірпіш тасиды. Біраздан бергі кәсібі осы еді. Жаңа ғана жүріп өткен тақтай өткелінің таянышын біреудің әдейі алып тастағанын байқамапты. Үшінші қабаттан жерде жатқан кірпіш үйінділерінің үстіне омақаса құлаған. Мұны ешкім іздемепті де. Екінші күні кесіктілердің бірі ыңырсып жатқан жерінен үстінен шыққан. Қол сынған, бұғана кеткен, бір жақ қабырғасы түгелге жуық қаусаған.

Кімге не жазды? Білмейді. Бұл қазақ неге елмейді, неге тірі жүр дер мүмкін. Не қылса да өзі сиякты сотталғандардың ісі емес екенін іштей ұққан. Ұққан да койған. Сендердің қолыңнан келді деп жағаласуға дәрмен жоқ.

Келер жылы Стекең дүниеден өтіп, артынша саяси қылмыстылардын ісі қайта қаралып, жұрт босап шығып жатты. Бір лагсрьдің пәленбай мың адамынан он шақты кісі ғана қалған да еді. Жұрт босаған жеңілдік бұған келгенде қисайып шыға берді. Қолына қару алып Кенес үкіметімен соғыса қойған жоқ еді, заңның бұған келгенде бетін теріс беретініне таңдағаннан басқа, түңілгеннен өзге шарасы қалмаған.

Қаңырап қалған лагерьлер бұрынғыдай болмаса да қайта тола бастаған. Кеңес үкіметіне қарсы шыққан эстон, латыш, бендерешіл хохолдар, немістің тұтқынында болғандар, полицайлар лагерьдің ендігі қонақтары боп шыға келді. Жылдар жылжып өте берді. Біреулер келді, екіншілері кетіп жатты, орынынан тапжылмаған өзі ғана. Сотталғанның бәрі тап өзі сияқты саяси статья. Олар мерзімін өтеп босайды, ал мұның тап сол статьясының тапжылтпайтын темір қазығы болса керек.

Үшінші онжылдықты да орындауға жыл жарымдай ғана уақыт қалғанда қазақтың мына екі баласымен дәмдес болуға тағдыр жазыпты. Өздері де түрмеде біраз теперіш көрген сияқты, ана жастауы Әлкәдірдің үздіксіз жөтелісінен де, білінген қан түйіршіктерінен де сескеніп қалды. Жас организм мықты ғой, жазылып та кетер. Сәтін салсын де.

Бір аптадан соң Құнекең Әлкәдірді осындай ауруларды қарайтын үшінші лагерьге шығарып салды.

— Ештеңе етпес, шырағым. Тек күтіне біл.

Мұңайынқырап тұрған Құнекеңе қарап Әлкәдір сәл жымиды. Құнекең осы жігіттің қысылса да түнермейтін жарқын мінезін ұнатқан. Тағдыр қай салмағын салса да көтере білетін мінез ғой деп іштей түйген.

— Қам жемеңіз, ақсақал, осы ауруды жеңетініме сенемін.

Үшінші лагерь деген аты болмаса сыртына мықты күзет қойылған жалғыз барақ екен. Саясиларға тиесілі осы. Ал, онан әрі, сонау қат-қабат дуалдардың ар жағында ұры-қарылардың лагері бар десті.

Жалғыз барақтың бір шетіндегі бөлмеге "Доктордың қабылдауы" деп жазып қойыпты. Тығыршықтай ақ сары орыс келіншегінің алдына жарты айдай барып тұрды. Берген дәрісінен тартынған жоқ. Ол да азиялықты алғаш көруі ме, аспаннан түскен періні қарағандай, жас жігіттің балғын мүсінін шыр айналдыра қараған.

— Сені ұзақ қарады ғой, — деді өзін әзербайжандықпын деген Гасан.

Гасанның киімі де бөлек. Сонадайдан көзге түсетін алапес киім тек соның үстінде. Айтуына қарағанда, таяқтан да, азаптан да арқа басы кеңитін шағы осы үшіншіге жетіп жығылған шағы екен. Естімеген елде көп, онынші деген "үкілеген" айрықша лагерь бар екен. Саясимен екінші рет қолға түскеннің мәңгілік тұрағы сол деді. Рецедивист атағын алған пәтшағардың ендігі өміріне бұйырғаны есігі мәңгі жабық тас мөшек. Сонан соң жазда жел соғатын, қыста ызғар ұратынторлы терезе. Торлы терезеден көк аспанның жыртығымен кең дүниенің пұшпағын көруге болады. Әлемнің жарым-жартысы боп көрінетін сол көрініс терезеге төнген ағаштың бүршікті бұтағы боп басталып, іргедегі орманның ұшар басымен бітеді екен.

Торлы терезелі тас мөшекте қыста бой жылытар пеш дегенді салуды ұмытып кетсе керек, қырау басқан қабырғалардың мұздағы ішіндегілердің буымен жібіп, тамшылап, жатқан жерлеріне жылжыды. Қыста ұйықтап қалсаң, еденнің тақтайына жабысқан киіміңді ажыратып алу да мұң екен.

— Мынау сұмдық қой, — деп қалды Әлкәдір.

— Солай, жігітім.

— Фашистер отқа жағып еді, бұлар мұзға қатырып…

— Тсс. Гасан саусағымен ерінін жапты. — Ондай күпірлік тісіңнен шықпасын. Айтқан мен де, ырзалық етпеген сен де құримыз.

— Қанша адам барсыздар онда?

— Қайтесің оны. Шет-жағасын естідің, сол да жетеді.

— Сіз мына аурумен тағы сонда барғанда не боласыз?

— Уақытша ғой, уақытша. Тамұқтан бір күнге демалысқа шыққандаймын. Енді қанша өмірім қалды дейсің. Сау адам жарты не бір жылда өстіп шыға келеді де, қош дейді. — Гасан күрсініп, сыр-сыр еткен кеудесін ұстап тыныстады.

— Не амал?

— Амал жоқ. Тек сол жерге түсіп қалудан сақ бол. Ешкімді аямайды.

Шаң тұтып қалғандай Әлкәдір кеудесін сипалады. Онсыз да жетісіп жүрмеген көңілін кірлетіп алғандай көрінді. Сыр-сыр еткен көкірегін қолымен басып Гасан терезесі тарс жабылған коридормен ұзай берді. Мынау өмірдің шындығы осы

ма? Қарағандының Долинкасындағы "ауруxана" атанған қасапхана анау. Мұнда жұртты мұзға қатырып, емдегенсіп, алыс-жақынын, керек болса шет елін емексітіп қойғаны мынау.

Соры қайнаған Гасанды аяп, іштей езілді. Шіркін, біздің Садық тәуіп болса ғой деп қиялдады. Үлкендер аузынан тастамайтын Мергенбай, Мырзақожа, Мұқай тәуіптердің атын ғана естісе, Садық тәуіпті көзі көрген. Садық тәуіп алмаспен ғана емдейтін. Алмастың еркегі сарғыш, ұрғашысы ақшыл болады деуші еді. Тізеден шіріп, ағып жатқан Майлыбайға талай білгіш дәрігердің емі қонбаған. Үкіметтен қорықса да тәуіпті шақырды. Садық тәуіп алмасты жұмсақ қайраққа езіп, мақтамен тізенің ағып жатқан жеріне сәл тигізіп қана жаққан. Талайдан зар илеп, күні-түні көз ілмеген Майлыбай, ертеңіне сол уаққа дейін түшкіріне ұйықтап, ақыры дың күйлі жазылып шыға келген.

Ал, мына Гасанды емдеу Садық тәуіп үшін түк емес. Дәл осындай көктемде балалықпен сазға жатып ұйықтап қалып, сыр-сыр етіп, үш күнде арса-арсасы шыққан. Ыбыжанға басқа емнің қонбайтынын байыптаған әкесі Кәрібек Садық тәуіпті шақырған. Доңғалағы қисаңдаған арбасына кәрі торы атын жеккен тәуіптің аз дәрісін салған қобдишасы жабағы жүнге ораулы жататын. Ыбыжанның тамырын ұстаған тәуіп:

— Сызға неге жатасың, перінің баласы? — деп ұрсып алды сонан ұзындығы төрт-бес сантиметрдей пробиркаға йод құйып, ішіне аз ғана алмас салып шайқап, саусағын тіліне тигізіп көріп, "аздау болды" деп тағы алмас қосқан.

Тәуіп жаңа сауған сүтті ағаш қасықпен алған да өзі жасаған дәрісінің бір тамшысын тамызған, сүт өз-өзінен қайнады. Күніне үш реттен ішкен сол емнен Ыбыжан оншақты күнде аяғынан тұрып, балықтай боп семірген де еді.

Садық тәуіптің дәріханадан жеті түрлі дәрі алдырып, соның алты түрін бір-біріне қосып сынап жасағанын, енді оған жетіншісін араластырып алмас алғанын көз көрген. Оны бүгін кімге айтып, кімді сенедіре аласың деп Әлкәдір іштей тынды.

Әлқожа тәуіпті де көзі көрді. Садық сияқты ел аралап ем-дом жасамаса да ауыл арасының сырқаты дәрігерден бұрын Әлекеңе қаралатын. Әлекеңнің бәйбішесі аяғынан баса алмай, белін жаза алмай бүгіліп қалғанына да бірер жылдың

шамасы болған. Ауыл дәрігері "Қазақы емді, ескілікті қойындар" деп ала жөнелген еді, ауданды ақтап, облыстың дәрігерінің білгенін қақтап, ақыры үйіне әкеп тастаған. Әлекеңнің өзі емдегеннен басқа жол қалған жоқ.

Әлекең жаңа сойылған қойдың құйрығын тұтастай алып ептеп тіліп жазып, әр жеріне тарының дәнінен кіші алмас тыққан да, бәйбішесіне қанғанынша сорпа ішкізіп сегіз көзін орай құйрықты таңып тастаған еді. Аққан тер, қызған дене, бәйбішесінің зарына қарамастан тура тәулігіне жеткенше орауды ұстап, жылы үйде сақтады.

Әлекеңнің өзі дүниеден өтсе де тоқсанға жуықтап қалған бәйбішесі әлі тірі. Сол емнен кейін ең болмаса тұмау тиіп ауырмағанын өзі айтып отырады. Сонда бұл қалай деп Әлкәдір таң.

— Әкемнің дұғасы ма, алмасы ма, микроб атаулыны қырыптастаған ғой, - деп баласы Шәйкен күліп қояды. Қазақ емінің астарына көз тіккісі келмейтін "современный медицинаның" қолы жетпегені жетерлік. Шіркін, мына Гасанды...

Тығыршықтай орыс келіншегінің орнына басқасы келіпті деген сөз шықты. Хабары молдардың айтуына қарағанда тығыршықтай келіншек демалысқа кетіпті. Жаңа дәрігер шақырыпты деген соң, Әлкәдір есігін ашқан. Қағазына бұқшиған жаңа дәрігер жап-жас қыз екен. Қара торының әдемісі. Қысқартқан қап-қара шашы аттың қылындай жылт-жылт. Қиыла қарағанына қарап қазақ па деп қалды.

— Сіз..., — деп дәрігер қыз да аржағын айта алмай тоқтады.

— Сіз қазақсыз ба? — деп Әлкәдір іліп әкеткен.

— Башқұрмын.

— Қаны бірге туысқан халықпыз ғой, мен қазақпын.

Институтты биыл ғана бітіріп, мұнда жолдамамен келіпті. Жап-жас қыздың сөз саптауынан осы жерге тап болғанына риза емесі де аңғарылып қалған.

— Қалай ғана тап болдыңыз бұл жерге? — деп қаны біргелігін танытып, қиналған дәрігер қыз екі қолын қоярға жер таппай, саусақтарын бұрады.

— Тағдыр шығар.

— Мен сізге не істей аламын? — деп қыз онан әрі абыржыды.

— Дәрігерсіз ғой, әрі жат жерде сіз бен біз туысқандаймыз.

Қыз ұзақ ойланды да, әлденені кәртішкеге жаза бастады. Сонан соң қорап-қорап дәрілерді Әлкәдірдің қолына ұстатты.

— Осының бәрін мен көрсеткендей етіп ішіңіз. Мұнда жатқаннан енді сізге пайда жоқ, өз лагеріңізге ертең қайтасыз. Менің қолымнан келгені сізге үш ай бойы жұмысқа жегілмесін деп құжат беріп отырмын. Серпіліңіз, сонда жазыласыз.

— Көп рахмет, қарындасым, Сізді ұмытпаспын.

Қадам бассаң "шмон" деп шыға келеді. Лагерге кіргенді де, шыққанды да шмондайды. Бүгінгі "шмоны" үшінші атанған ауруханасымақтан кететіндері тексеру екен. Бұтыңдағы жалғыз лыпаңа дейін тастатып, өзіңді кейін шегеріп, тінткілейді келіп.

— Бұл не, бұл? Барып тұрған көргенсіздік, - Көзілдірігінің шынысы қалың мәскеулік жігіт дау көтеріп жатыр. Әлкәдірдің байқағаны тегі орыс жігіттеріне басқалардан гөрі жеңілдеу, тентектік еткен ерке балаларындай қарайды. Ал, Мәскеу, Ленинград жігіттерінің жөні тіпті басқа.

— Мә, мына жерімді байқамапсыңдар, бомба болмаса да граната тығуым мүмкін, — деп тағы бір орыс жігіті тоңқайды.

— Ну сволочь! — Надзиратель тісін шықырлатты. — Қаралардың бірі болсаң көрсетер ем тоңқайғанды.

Үстеріне тағы бір топты айдап кіріп, шешіндіре бастаған. Бұлар үшінші лагерьге тексерілуге әкелінгендер екен. Келгендердің ішіндегі арық сары жігіт жалтаң-жалтаң қарап, Әлкәдірге таяй берді.

— Мен саған хат әкелдім. Бабай беріп жіберді. - Орысшасының өзіндік мәтіні бар жігіт хатты Әлкәдірге беріп үлгерді.

— Атыңыз кім?

— Кнут. Кнут Скуинекс, Латвияданмын.

— Тоқтат! Не сыбырласып тұрсыңдар?- Надзиратель таяғын шиырып, зәрлене жеткен.

— Азамат бастық, жайша ғой. Қатар тұрған соң есімін сұрадым. — Кнут мізбақпай "азамат бастықтың" бетіне қарап, қадала қалған.

— Оны қайтейін деп ең? Ол азият, сен европеецсің.

Құнекең жолдап, Кнут жеткізген хатты оқу сәті темір вагонның ішінде түсті. Оқыды да жүрегі жарыла қуанды. Аз

күн бірге болған Гүлімінің аяғы ауыр болып қалғанын естіген. Аман-есен дүниеге сәби әкеліпті. Гүлнаш деп атасы атап та жіберіпті.

Қашан да келгенді құшақ жайып қарсы алатын "туған" лагерінің есігінің ар жағынан Құнекең ақсақал жол тосқандай кезіккен.

— Бәсе өзім де бүгін келіп қалар деп едім. Ал, бауы берік болсын.

— Бірге болсын, Құнеке.

— Зейін де осында жаңа жұмыстан келген.

Бауы берік болсынның ар жағындағы қазақы рәсімді ақсақал мен Зейін өздері ұйымдастырып қойыпты. Тағы да лагерьдің бір бұрышына күпәйкелерін жайып, ортаға барын салған. Жалғыз банкі шие қайнатпасы, бір шайнек кофе, бір екі шағым қант табылды. Қуаныштан хабары бар біраз жұрттың да басы қосылып қалғандай. Екі езуі екі құлағына жеткенше жымиып Құмағанбеттің Махметі:

— Қуаныштымыз, — деп Бижико Саная мен Индико Кабалия да жеткен.

— Боз ала торғай, боз торғай, - деп қоңыр дауыспен қырымдық Шаукет ән бастады. Туған жерге деген сағынышы мұң болып төгіліп, жүректі шымшылаған ән екен. Сағындым мен сені қасиетті Қырымым, сенің дидарыңды көруге жазбай тұр тағдыр, жау аяғыма кісен салды. Қырымның боз торғайы, мен де сендей шырылдаймын, естисің бе дауысымды. Жырлап отырған Шаукеттің көзіне жас үйірілген. Өксіп барып ән де бітті.

— Иә, - деді екінші бір қырым жігіті Марат Омеров. Жазығымыз не еді? Бәріміз де туған ел мен жерді аңсаулымыз ғой, тек қуанышқа жазсын. Қуанышқа жиналып отырмыз дүниеге келген нәресте қам-көңілсіз өмір сүретін азамат болсын дейік.

— О, салтанат..., Гунар атанған ұзын бойлы латыш жігіті бой көрсетті. Естігенбіз. Виктор қарашы, қазақтар қайда жүрсе де қазақ. Лагерде жүрсе де той жасап жатыр. Бұл бауырмалдық біздің халықтар ұмытқан шынайы сезім ғой.

Тізе бүгіп, нанның шетінен ғана ауыз тиген Гунар ұзай берді. Жанындағы шоқша сақалы бар орта бойлы жігіт Виктор Калнынш деген ақын екен.

— Гунар, Гунар... Карцерден қашан шықты екен? - деді Марат.

— Кеше. Ол барақтардың арасынан өткенде лагерь тұрғындарының оны қошеметтеп айғайлағанын көрсең. - Тәттіні жақсы көретін Индико қасығына шие қайнатпасын толтыра аузына салып, әңгімелей жөнелген.

— Онысы рас, — деп қостады Шаукет. - Карцерден Гунарды да шығармауға тырысады. Он күн осында болса жиырмасы карцерде. Не жазып қалғанын сонша?

— Не жазғаны... Гунардың атының өзі бүкіл Балтика еліне азаттықтың ұранындай естіліп тұрған жоқ па? Бүгін де бес латыш лагерьге түсті. Оны айтасың-ау, соның екеуі оныншы сыныптың оқушылары ғой.

— Мына Құнекең, отыз үш жыл осында отырып алып, бәрімізді бүлдіріп, шақырып жүрген, - деп Махмет әзілге көшті.

— Оу, Иоска, сен қайда жүрсің? -деп Марат қолындағы қалбырын ортаға қойған украин жігіті наз тастады.

— Тойға қалай құр келемін. Мынаны тапқанша..., - деп Иосиф Андрушкив ақталған болған.

Түннің бір уағында жүретін поезынан да, буын-буынына түскен су-сыраның қайтуын да күтіп, қараңғы бұрышқа тығылған Әлкәдір бүгін босаған лагерінде өткізген шақтарды еске алған еді, тап төбесінен шыққан қатаң дауыс селк еткізді.

— Документ. - Гүж ете қалған дауыстың иесі жуан қарынын шинеліне жасырған "азамат бастық" төніп тұр екен, Әлкәдірдің жұмулы көзі шайдай ашылды.

— Мінекиіңіз, азамат бастық.

— А..., — деп аңырды азамат бастық. — Босап келем де. Неге ұйықтайсың?

— Көзім ауырыңқырап... жай жұмып отырмын.

Манағыдай емес, дегенмен тілі орамға келіп қапты. Сонда да отырған орнынан шыққысы келмеді. Кім біледі, су-сыраның исі сезіле ме, әлде буыны бастырмай жүре ме деп сескенген. Тағы да көзін жұмып, елеске берілген.

... Башқұрт қызының жасаған құжаты іске асты. Қолына түскенді аямайтын лагерь бастықтары олай үңіліп, былай тексеріп:

— Ну... — десіп амалсыздықтан үш айға "күшейтілген асқа" қосты.

"Күшейтілген асы" күніне бір стақан сүт пен отыз грамм доңыздың майы екен. Сүтін ішсе де маңына барып көрмеген доңыз майын қағазбен бір шетінен ұстап, жатар жеріне алып келген. Ана, Зейін, не жетісіп жүр дейсің, армияда болған еді ғой, сонда ептеп аузына салғанын айтқаны бар еді, сол жесін деген.

— Зейін, мынаны саған әкелдім.

— Жоқ, ауру сенсің, сен өзің же.

— Мен бұл пәленің маңынан жүріп көргем жоқ, жемеймін.

— Үйрен.

"Сен же, мен же" теке тіресімен үш күн өтіп, төртінші күн болған. Терезенің алдына жиып қойған шошқа майы сол қалпында тұр. Аш жүрген мына лагерьдің елу сегіздерінің бірі қолын да созбайды. Тіпті шектерін шұрқыратқысы келмей ме, теріс айналып өтетінін қайтерсің. Міне, көрдің бе деп, шошқа да болса майын тізіп қоюдың өзі ыңғайсыздығын сезген Әлкәдір Зейінді тағы шақырды.

— Зейін, мынаны алып қоймасаң таза жұрттан ұят болды.

Зейін Әлкәдірдің бетіне барлай қарап біраз тұрды. Досының айтары бар екенін ұққан Әлкәдір де үнсіз.

— Әлкәдір, менің осы уақытқа дейін сенің тіліңді алмай көңіліңді қалдырған жерім болды ма? Осыны айтшы.

— Неге олай дейсің?

— Жоқ, сен жалтарма. Қай бұйырғаныңды орындамағанымды айта аласың ба?

Әлкәдір сөздің бет-әлпетінің қайда бара жатқанын бағамдап, абыржыды. Рас. Шынын айтып тұр Зейін. Екеуі осы істі бірге бастады. Не айтса да Зейін көнді. Тіпті өзін Әлкәдірден бұрын түрмеге алып, не істесе де "Әлкәдірді танымаймын" деп жатып алды. Кейін "неге өйттің" деп сұрағанда "сен аман қалуың керек еді" деген де осы Зейін.

— Саған деген өкпем болып көрген жоқ, Зейін. Енді не айтасың?

— Бұл жерге бізді курортқа әкелген жоқ. Бір жағы аштық, екіншісі сонан туған ауру боп өліп жатқандарды көріп жүрсің. Біз осы жерден аман-есен шығуға тиіспіз бе, әлде..., — деп Зейін сөзін үзді.

— Өмірден түңілуге хақымыз жоқ екенін білесің ғой.

— Ендеше өмір үшін таласу керек.

— Сонда...

— Жоқ, тұра тұр, сөзімді бөлме. Сен өмір үшін таласудан бас тартып отырсың. Аштық пен ауруды жеңе алмайсың. Осыны ұғуың керек.

Зейіннің нені меңзеп тұрғанын ұққан Әлкәдір терезеде тізулі тұрған доңыз майына көз тастады. Амалын қалдырмады-ау, мына Зейін.

— Сенің осыны ас деп жеуіңді талап етемін. Сенен дос болып жүріп бірінші сұрағаным осы шығар.

— Қалай жеймін пәлені?

— Мен қоса жеймін. Қалма менен

Екі түйір майды бөліп ауыздарына салған. Зейін шайнады да жұтты. Әлкәдір де жұтқан. Асқазанның басына барған май әрі өтпей тұрғанын сезді. Сонан соң біреу шертіп жібергендей май екі елідей жоғарыға қарай секіріп түсті де, жіппен тартқандай ауызға қарай жылып жөнелді.

— Мына пәле, аузыма қайта келе жатыр, — деуге ғана шамасы келген.

Күні бойы ішкен жегенін актарып тастап, қысылғаннан аузынан қан білінді. Қанды көріп Зейін де шошынған. Қайта-қайта Әлкәдірдің бет аузын шайып, сүртіп есі шықты.

— Маған бұйырмайтын ас екенін өрдің ғой. "Же де ол" демейтін шығарсың. Онда сен ал Маған ана бір стақан сүт те жетеді.

Зейінге айтар уәж қалмады.

"Күшейтілген асқа" телінген үш ай да өте шықты. Қарағай қоршаған таза ауа ма, әлде башқұр қызының қоштасарда "йогтардың әдісімен дем алып, кеудені тазартып тұрыңыз" деген ақылымен күніне пәленше рет жасаған жаттығуы ем болды ма, Әлкәдір сауығып сала берген. Мұның жүзіне қан ойнағанын көріп "азамат бастықтар" жұтынды. Жұтынды да жұмысқа салды. Ауысыммен жұмыс істейді. Кейде күндіз. Кейде түнде дегендей. Лагерьдегі түн - қыбырсыз түн. Түнде жүргеніңді көздері шалса айықпас пәлеге қалғаның. Сонда да Әлкәдір Құнекең ақсақалды мазалай береді.

Бұрынырақ кезде қазақтың нағыз байын көрер ме еді деуші еді, Алла ол тілегін беріпті. Енді осы кісінің білгенінің

ең болмаса біразын ұстап қалсам дейді. "Ұстап қалсам" мазалап Құнекеңді жеті қараңғы түнде тысқа сүйрейді. Көр жерге тығылып, аспанға мойын созады.

— Әне анау садақ деген жұлдыз. Иіліп тұр ғой, тартқан жебедей.

— Көрдім ақсақал

— Қамбар деген мынау. Орыстар козерог десіп жүр. Қай жерінен ешкінің мүйізін көргендерін өздері білсін.

— Сонан соңғы шоқ жұлдыз қайсы?

— Анау аттың тағасындай иілген бір топ жұлдызды көрдің бе?

— Иә.

— Міне, соны қазақ "көнек" дейді. Көнек бие сауатын ыдыс қой.

Мыналардың шатасып "Водолей" деп жүргендері сол, деп ақсақал басын изеп, Мәскеу тұсын нұсқады.

— Ана, қос-қос жұлдызды көрдіңіз бе?

— Е, ол Қосақ қой. Үш жұлдыздың жанында аспанның аспанның ашығында анық көзге түсетін қосақ жұлдыздары бар. Малмен өмірі бірге қазақ оны қой қосағына ұқсатып "Қосақ" атаған. Ал, жанындағы әне бір бес бұрышты қоршау сияқты жұлдыз шоғын "Шетен" деседі. Кәдімгі қой қамайтын шетен.

Лагерьде түн тыныштығын ауық-ауық даң-дұң еткен өмірдің шыңылы ғана бұзады. Вахтаға таяу тұстағы аспаға ілінген жарты метр рельстің сынығы анда-санда сауыны келген түйедей боздап, түнгі кезектегіні жұмысқа шақырады. Жұмыстан қайтқан "елу сегізіншілер" барақ-бараққа сіңіп, жым-жылас. Дікілдеген бақылаушының қас-қабағының астында төккен терден соң азырақ дем алғанды қалай ма, әлде қайда жүрсе де кітабын тастамайтын бұл жұрт үңілер қағазына асыға ма, әйтеуір жаңбырдан қашқан құмырсқадай көзге шалынбайды.

Екі жарым мың халқы бар лагерьдің ауысымы да оңай емес-тін. Жұмыстан келе жатқан әркімнің қойны-қонышын тінткілеудің өзі талай уақытты алады. Сонда да лагерь бастықтарының жұмысқа уақытында жиналсын деген талабы қатал. Кешіккенге рақым жоқ.

Тірлік діңкелеткен Әлкәдір вахтадағы айғайшының дауысы жетердей жердегі кәрі ағашқа сүйей салған орындыққа талай отырып, талай уақыт күткен. Әуелде айнала батпақ-

тың бақаларының құрылын тыңдап көңіл аулайтын. Осыншама бақаның ұзақтай шулап үн қатқаны да бір әуен екен. Бақаның шуылын да, мынадай ойсаң батпақты да сағымды Арқада туып өскен азамат кездестірмек түгілі, естімеген. Күнде жүріп өтер жолы да батпақтың үстіне төселген тақтай. Бассаң солқ-солқ майысып, белі үзілердей қайқаң қаққан колхоздың ыңыршақ өгізін еске түсіреді.

Көлеңкедегі Әлкәдірге таяғын қолтығына қыстырған біреу үңілді.

— Отырсың ба? — деді қызыл шырайлы жүзіне келтелеп қойған шоқша сақалы онша жараспаған мәскеулік шал

— Отырғызған соң, отырмыз да.

— Әрине, — деді Каң. — Бұл жерде біз асығатын ештеңе жоқ. Аналар болмаса. — Шал вахтерларды иегімен нұсқаған — коммунизмге де...

— Бола қалса бірге көрерміз. - Әлкәдір жұлып алған жалғыз жапырақты құшырлана иіскеді.

— Біз сияқтыларды апармаймыз деп жүр ғой.

— Енді оны уақыт көрсетер.

Шал орындықтың бір шетіне жайғасып, таяғын тізе арасына қыстырып, сақалын тарамдады.

— Жоқ ызам келеді. Ақшаны айырбастап, онысын долларға теңемек. Жалақы сондай болса, сезім жоқ. Өтірікті сапырғанда есіңнен жаңыласың. Сонан бар ғой, жаздым.

— Нені жаздыңыз?

— Өз қолыммен жаздым. Әрине, атымды көрсеткем жоқ. Советтік сом мықты дейді ғой, мақтанып. Әй, естен тандырдым-ау. Сом бір кило қантқа әлі келмейді, ол хал үстіндегі бейшара деп жаздым. — Шал аузын басып, лекіте күлді. Өз ісіне риза екені көрініп-ақ тұр.

— Сонан соң...

— Сонан мені қалай тауып алғандарын білмеймін, бір күні ордермен келіп тұр. — Каң енді не істерсің дегендей алақанын жайды. — Ендігісі белгілі ғой, осы лагерьден бірақ шықтым. Антисоветчик деген керемет атағым бар. Құдай біледі, өмірімде бір партияда болып көрген емен. Менің жазғаным шындық қана ғой.

Өзін тергеген Бұқановтың осы ақша айырбасы туралы оспақтап талай сұрағаны Әлкәдірдің есіне түсті. Онда Әлкәдір

тергеушінің неге соңша шүкшиғанына таң боп, кейін секем алған.

— Өзімше осы ақша дұрыс сияқты. Бұрынғы табақтай теңгелер айлық алғанда тіпті қалтаға сыймаушы еді, мынау шап-шағын, тыға бер, — деп көңілдегісін айтқан-тын. Сондағы тергеушінің ойы ақша мәселесінен де бір ши шығарып, қылмысына жамай түсу екен ғой. Адам тағдыры деген не, тәйірі, көбірек кінә тақса жұлдызшасы да өседі.

— Енді мынау отырғанымыз.

— Ұлы көсеммен бірге деңіз.

— Шал мырс етті. Мана түске жақын шақта лагерьдің халқы қыран-топан күлкіге бір жарып қалған-тын.

— Әй, білдіңдер ме, әлгіні бізбен бірге отырғызып қойыпты ғой, — деп сүйінші сұрасқандай ыржақтасқан.

— Оның кім?

— Ту, сен-ақ білмейсің осы. — Айтушылар бірін-бірі жорта мошқап, бірінен-бірі өте қушыкештеніп, жылт-жылт күлкі ойнаған көздесрін жасырып, мәз.

— Бауырым-ау, айтсаңшы жөніңді.

— Көсемді.

— Көсемді? Қой әрі. — Бұл кездегі көсем жуан қасқаның өзі. Оны кешелі бүгін орынынан алды деген қауесет те жоқ. Бұл сөздің арты бір пәлеге соқпасы игі еді деп шошынғандар да бар.

— Көзімізбен көрдік, — деушілер көбейе түсті.

— Жүр де, жүр. Көрсетеміз, — дегендерге еріп Әлкәдір де лагерь асханасына барған. Мұның маңында да біраз жұрт баршылық екен. "Азамат бастықтардың" өмірімен асхана қабырғасына ілінген плакатта әлде жарқын болашаққа, әлде революцияға шақырған дауылпаз көсемнің бейнесі.

— Міне, көрдіңдер ме?

— Нені?

— Оқысаңызшы не жазылғанын.

Ұы көсемнің бейнесінің астындағы "Ленин с нами" деген жазуды өқып, Әлкәдір ішін басып күлді. Талай-талайды басынан өткерген шалдар жасқана жымиса, әжуаға жақын жастар жағы әкелері базардан келгендей қарқылдасып:

— Ленинді бізбен бірге отырғызып қойған бұлар кімді аяйды, — десіп ду-ду.

Ду-ду ұзаққа созылмады. Көптің жиналып қалған жеріне таяғын білемдеп вахтаның надзирателі де жеткен.

— Тәртіпті неге бұзасыңдар? Жоғалыңцар!

— Азамат бастық, мына суретті тамашалап тұрмыз.

— Е, сонда не тұр? Кетіңдер, кәне.

— Бастық сіз байқамапсыз. Көсем бізбен бірге отырған көрінеді ғой.

— Оны кім айтты?

— Сөйдеп жазып қойыпты, — деді Али деген жап-жас шешен жігіті.

— У... У! Фашист, — деп салды вахтер. — Тараңдар!

— Неге ол фашист болады? — деп сұрады Әлкәдір. — Соғыс біткелі жиырма жылдан асты, ал мұның жасы биыл он сегізде.

— Қысқарт! — Топ-топ болып тарап жатқандарды оқты көзімен атқан вахтер зілденді.

— Мен түсінбедім, — деп созды Әлкәдір. — Бұл бозбала тумай жатып фашистік партияға кірген бе?

— Фашист! Фашист ол, — деп міз бақпады бастық.

— Жүр. - Жеңінен тартқан украин досы Иосиф Андрушков екен. - Несіне сөз таластырасың. Бұл жерге осындай миғұлаларды таңдап алған. Роботпен бірдей, берілген бағдарламасынан айнымайды. Түріне қарашы, ақыл-естің нышаны да жоқ қой.

Өткен күні бұдан да өткен сорақы жағдайдың лагерь жұрты куәсі болған. Тауықтың таңғы шақырысынан кейін бағынышты халқын аралан, кісілігін таныта жүретін осы надзирателге тағы да осы Иосиф:

— Кеннедиді өлтіріп ке тті ғой, — деген.

— Кім өлтіріпті? — деп надзирательдің көзі шарасынан шыққан:

— Білмедім. — Иосиф қабағын жауып, қиналғансыған.

— Вахтаға хабарладындар ма? — Бастықтың ежіреюіне қарап Иосиф мұның Кеннедидің американың президенті ешаруасыжоқ мұндар екенін біліп, шатастыра түсті.

— Жоқ.

— Денесі қайда жатыр? — Бастық ызбарланып-ақ тұр.

— Оны да білмедім. — Бастық сірә, Кеннедиді осы жұрттың арасына салып қойған өздерінің салпаңқұағы деп ұққанынаәңгімеге құлағын тіккендердің күмәны қалмады.

— Пышақтап кетіп пе?

— Қайдан білейін.

— Қой, вахтаға хабарлайын, — деп керемет жаңалықты жеткізуге азамат бастық далбаңдай жөнелген. Естіген ел күлкіге бір жарып еді.

Лагерьдің қатал тәргібін сақтаймыз дсп қырағылық танытатын "азамат бастықтардың" бірінің көзіне түсіп қалудан жасқанған Кац шал таяғын қара жесрге анда-санда қадап, келсңкелі тұсты қуалап жайына кетті. Ұйқысы қашқан адамның бұл жүрісі көздеріне түссе оңдырмастары белгілі.

— Естігем, бүгін саған оңай күн болмапты. Ол үшін енді қамыға берме, — деп кеткен Кац.

Әлкәдір релістің анда-сандағы дабылын тыңдап, ағашқа арқасын сүйеп, кішігірім стадион алаңынан көз айырмаған. Лагерьдің спортын дамытқансығаны, баланы қуыршақпен алдағандай. Мәскеудің билік басындағылар отыз жетінші жылдардың сұмдығын айыптағансып, енді саяси кінәмен отырғандарға қамқорсып, жасаған жақсылығының түрі осы екен. Кеш болса стадион алаңы халыққа толады. Екеуден, үшеуден топ-топқа бөлініп, көңілдегі кірін де, іштегі сырын да екі қақпаның арасында кезіп жүріп бөліседі. Осыншама жұрттың күніне бір мезгіл болса да екі-үштен бөлініп сыр ақтарысуын бақыламау билік басындағылар үшін кешірілмес күнә. Аса биікте болса да стадионның үстіне қарай төнген әнебір ербиген антенналар бақылауға арналған деседі. Жосыған нөпір жұртгың айтқанын тыңдай алмаса да, кімнің кіммен сөйлескені тіркеліп бағады, әрі ол текке де кетпей, кезінде әркімнің есіне түсіріледі.

Алдыңа көлденең тартылмайтын іс болсайшы. Өз басынан кешкені жетерлік. Осыдан екі күн бұрын қолына тырма мен күрек берген бір топ жасты лагерьдің сыртына айдап шықты. Кесіктілер айнала ағаш пен шексіз батпақ болса да дуалдан сыртқа шыққандарына мәз еді. Лагерьдің ту сыртына тоқтаған кесіктілерге тікенек сыммен қоршалған тыйым зонасын қазып, жорғалаған тышқанның ізі түсетіндей майдалап тастау бұйырылды.

— Қане, қимылдаңдар.

Қулықсыз болса да күрек ұстап мықшыңдап жатқан елусегізіншілер іске кіріскендей болған соң, бақылаушылар да шегінісіп, темекілерін бұрқыратын, автоматтарын бірбіріне сүйеп, әңгімеге кіріскен. Әлкәдірге бұл жасап жатқан

тірліктері намысқа тиер қорлық боп көрінді. Бақса латыш жігіттері күрек ұшын тигізгенсіп жерді шұқығансығанымен, өзара ымдасып, жұмысты доғаруға бет алыпты.

— Темекі тартайық, - деді Кнут Скуинекс.

— Әрине, - деп Махмет Құлмағанбетұлы қостай кетті.

Жарым сағаттай күйбендесіп, енді ауыздарына бір-бірден шылым қыстырғандарға қарап қойып, күзетшілер де теріс айналысты. Осың керек-ау дегендей күрегіне сүйеніп, іс тындырғансып тұрғандар да сыздауыт жерге жата-жата кетіскен.

— Осы біздікі не әуре? — деп Виктор Калнынш тебіндеген мұртын сипады.

— Шынында да. - Марат Омеров жымың етіп, теріс айналды.

— Езге өз көрін өзіне қаздырады.

Ендігі жайды ыммен түсініскен жігіттер түтін үстіне түтін жалғап, айналаны ыстап жібергендей етті. Шұлғауын жайған, сілкіп киген боп, әйтеуір қимыл көрсеткені де жеткілікті.

— Әй, тұрыңдар! Кірісіңдер. — Старшина белгісі бары бір тізерлеген боп ақырды.

— Жер қатты. Қолымыз ойылатын.

— Бос сөзді қой. — "Азамат бастықтың" бірі күректі жерге қадап, табанымен басқан еді, ортасынан кіріп кеткені. — Кәне қатты екені?

— Бізге ол күш қайдан келсін. Бірінші ашыған капуста екіншіге берер ашыған капустаға кей-кейде борсыған балық қосады. Осы өңешіңнен өте ме? Қарнымыз мынау, қабырғаға жабысып қалған. Ал, сенің қарныңа теңдеген жүгіңнің өзін көтеруге бір түйе керек, — деп бастықты Кнут мазақ етті.

— Қысқарт! Қазыңдар кәне.

— Біз қазуға міндетті емеспіз.

— Неге? — деді мына жауапты миына сиғыза алмаған старшина.

— Тордағы жолбарыстың мақсаты босану.

— Е, сонда..., — деді бастықтың біреуі.

— Түсінбейтін несі бар, біздің мақсат та азаттық. Тыйым зонасын жөндеп сендерге көмек етуге тиіс емеспіз. Оны өздерің істеңдер.

— Зонаны өзің жөндеп ал.

— Тапқан екенсің ақымақты.

Әркімнің аузына бір жалтактап, абыржыған күзетшілер мұндай қарсылықты күтпеген-тін. Сасқалақтаса да сүйенерлері қолда, автомат затворлары сарт-сұрт етті. Старшина мұнарадағы күзетшімен айқайласты. Күзетші телефонға жармасты. Ширек сағат өтпей екі машинаға тиелген ит пен солдатты бастаған майор Каштанов та келіп жетті.

Қоркау қасқырдай түгі сыртына шығып, оқты көзін тіккен майор әркімді кеудеден нұқи жүріп "істейсің бе" деп сұрап шықты. Бас изеген ешкімді таба алмаған соң санамақ жасатқан. Тақ сандылар карцерге, жұп сандылар екі күн тамақсыздыққа кесілді.

Бастықтың құзырымен Әлкәдір аштыққа бұйырылғандар ішінде. Дүниенің төрт бұрышы болмаса да жалпақ жатқан совет елінің әр түкпірінен тағдыр айдап, темір тормен жеткен әр елдің боздағының алды карцерге түсіп жатқанда бірер күнгі аштықпен құтылғаны қуаныш емес. Ойлаған ой, жасаған іс бірге болған соң жаза да бірдей болуға тиіс еді, бір топты екіге бөлгені айдап салма саясаты шығар.

Кешеден бері септігіміз тие ме деп карцерді маңайлаған, онысынан және дым шықпады. Күзетшісі мылтығын шошаңдатып жуытар емес. Жә, десіп, кітапқа үңілісіп, бұл ғасыр адам қауымының алдына тосқан проблеманы шешіп тастардай-ақ боп отырған. Қойма жаққа барған жігіт:

— Саған сәлемдеме бар, — деп келді.

Айына бір рет, оның өзін рұқсатпен жазатын хатта сәлемдеме салыңдар дегені жоқ еді, мынау шатақ болмаса неғылсын деп қобалжыды. Сәлемдеменің өзін саяси лагерьде екшеп-екшеп береді. Бейшара ұры-қарылар әкесінің шолжың баласы сияқты. Ішіп-жемнен тарығып, не іздеп келушілермен кездесуден қалдырмайды. Саясиларда тәртіп тағы өзгеріп, өңін айналдырып шыға келеді. Өткенде Заури бейбаққа обал болды. Сонау грузин жерінен арып-ашып келген келіншегімен ең болмаса бір сағатқа жолығуға рұхсат берілмеді. Дуалдың ар жағындағы бір биікшеге келіншегі шығып, бұл сәкінің үстіне мініп, тіл қатысқан боп, ыммен мұңдасқанып көру Заури түгілі басқаға азап. Істерге шарасы жоқ, көзі жасқа толған келіншек еліне еңіреп қайтты.

— Саған сәлемдеме берілмейді, — деді надзиратель.

Әлкәдірдің сәлемдемені алуға үміті де жоқ-тын. Тек үйіне кері қайтқан сәлемдеменің кәрі әке, ауру шеше, жас жарына ауыр соққы боп тиерін ойлап, бір амалын тапсам екен деген.

— Лагерь бастықтарына барып өтінемін.

— Боска әуре боласың, — деді қырымдық Әнуар.

— Олардың мақсаты сені асырап, сақтау емес, қайта құрысаң қуанады. Барма, — деп түркімен Янар кесіп айтқан.

Дос-жараның айтқан ақылының теріс еместігін білсе де, артта қалған отбасы үшін бастықтарға баруға бел шешті. Иіледі, көнеді дегеннен аулақ, сонда да ар алдындағы борышын өтесем дегеннен туған қадам тәрізді. Тап лагерь кеңсесінің алдында Құнекең ақсақал кезіккен.

— Естіп келемін. Өзіңе ақылымды айтайын деп едім.

— Құнеке, менікі құр далбас екенін білемін.

— Мыналарға, — Құнекең кеңсе тұсты меңзеді, — бару қатерлі екенін де есіңе салғым келеді. Басыңды қатерге тікпе.

— Не көрмей жүрміз?

— Көрмегенің әлі көп. — Құнекең сақалын тарамдап, сәл тізе бүктің ишаратын жасады. — Бастық сені арандатып бағады. Оған қатты сөз айтсаң "тіл тигізді" деп кесігіңе осыншама кесік қосып береді. Шырағым, бұл өмірде көргенім жеткілікті. Қарсыласты, қол жұмсады деп кейбіреуді атып тастағанын да көргем. Не қорлықты естіп-көрсем де шыдаймын десең ғана бар. Әйтпесе тап сол бастыққа жолама.

Майор Каштанов түсін жылытпай зілдене карсы алды. Әуелі қолын мұнына созып, артынан ойланғандай бурыл шашын қасыды. Бастығының қысқа мойынға біткен кәллясын Әлкәдір енді ғана аңлады. Қап-қара қою қасы түксиіп жарқабақтың астындағы шүңірейген көзді жаулап алыпты. Қап-қара қою қасқа қылтанақ бітпеген иегі мен әр жерде бір қылтанақ шыққан мұрты үйлеспейді екен. Иегін өкпелеткен қылтанақ құлағының ішін мекендепті. Жарықтық майорда әр жердің халқының нышаны бар екен. Паспортында орыс екенінде дау жоқ.

— Маған кішігірім сәлемдеме келген екен, — деп Әлкәдір үнсіздікті бұзды.

— Онда не тұр?

— Салыңдар демеген едім, сірә тамақ...

— Сөзді көбейтпе. Саған берілмейді. — Майор үстелді алақанымен салып қалды.

— Мен сәлемдемені алайын деп келгем жоқ.

— Онда неге келдің? — Каштановтың бетіне алғаш рет адами таңырқау шықты.

— Сізден көмек сұрай келдім. Мен үйге сәлемдемені алдым деп хат жазайын. Сіздер сол сәлемдемені кері қайтармай осы жерде жойып жіберіңіздер.

— Біз неге олай етуге тиістіміз? — деп майор тағы түксиді.

— Ауру-сырқаулы әке-шешеме, жарыма сәлемдеменің қайтып баруы өте ауыр тиеді ғой. Соны ойлап.

— Солай де. — Үстелдің ар жағынан жемтікті көріп ыңыранған қорқаудың үні жетіп, арты ызғарға ауысқан. — Енді әнге солай бастың ба? Бізге сенің тұқымыңның құрығаны керек. — Атылатын жыландай ысқырынған Каштановтың жар қабағының астындағы шегір көзі түйреп өтердей қадалып, бет-аузы қисаңдап, құлағын қайшылап, әлде не боқтық пен сұмдықты төгіп тұр. — Әкең мүгедек боп қалса мен қуанар едім. Ал, шешең мүрдем кетті деген хабар жеткізуге құштармын.

Әлкәдір сүйеніп тұрған орындықтың арқалығын сығымдай берді. "Шыда! Шыда! Жаңа Құнекең ескерткен. Шыда!" Құлағына Каштановтың "Ал, сенің қатының әркіммен жатып..." деп боратқан сөздері жеткенде басы шың-шың етіп көзі қарауытты.

— Вон! Вон! Шық! Шық! —деп майордың ақырғанын ғана естіді.

Лагерь кеңсесінен аулақтау жерде мұны күтіп тұрған жолдастарының бірі:

— Ойпырым-ай, өңі аппақ қудай боп кеткен екен, бір сұмдық болмаса игі еді, — дегенін еміс-еміс естіді.

— Не болды? — Сескенгеннен жүрегі тұрған Зейіннің де халі онша емес еді. Бәрінің өңінде бір сауал. Ернін қырши тістеп алғанын Әлкәдір енді аңғарды, ауырғанын енді ғана білді.

— Өлмей шықтым. Қорлығына шыдадым, Құнеке. Өлтіргем де жоқ. Жанын жаһаннамға жібере салған да жон бе еді, әлде.

— Өлтірсең өзің де өлесің, біз дс аман қалмас едік. Орнына мұнан да жаман бір итті қасақана әкеліп отырғызар еді. — Құнекең жас жігіттің арқасынан қақты. — Шыдағаның жон болған Сендер таңдап алған жол өмір бойы осындай сынақты соқпақ. Жақсы күнге жетем десеңдер қиындыққа көне біліңдер, шырақтарым.

Кәрі қарағашқа арқасын сүйеп, жұмысқа жіберілгендердің аты-жөніне ауық-ауық еріксіз құлақ түріп, әлі отыр. Күндегісі осы. Кей-кейде сол армияларды есту де қызық. Мұнда Шагай, Пастой деген екі адам бар-тын. Еріккен вахтер кейде Шагайды алдына салып, іле Пастой дейтін. Әйтеуір екеуін кезек сапырылыстырудан бір жаңылған емес. Вахтерға ермек керек. Мысыққа ойын, тышқанға өлім деген осы болса, әне вахтер.

— Пастой, — деді.

Шагай соңына ілесе жөнелген. Осыдан тура жетпіс адамды түгендсп шыққан соң Әлкәдірді шақырады. Басы аман, дені сау қалған күннің бәрі сәт.

— Бүгін бір сәтті күн болды, — деп Құнекеңнің көңілденіп отыратынын қайтерсің. Ол күні Құнекең лагерь асхананасына басын сұқпайды. Айына бір, кейде екі рет капуста көжеге шошқаның майын араластырып жіберетіні бар. Ол күні ақсақал асхананың маңына да баспайды.

Сондай бір сәтті күні лагерьдегілер:

— Әй, жігіттер, сендердің бабайларың күпәйкесіз қалды, — деп күлген.

Шын екен. Лагерьдің боқташағын таситын арбакешке ере кірген бір орыстың шошқасы айнала қашып, ұстатпай, ақыры Құнексңнің жаюлы тұрған күпәйкесін иіскеп қойыпты. Арам қатқырдың ісіне күйінген ақсақал пышақпен күпәйкенің тура бір өңірін ойып, лақтырып жіберген екен.

— Ақсақал-ау, мұныңыз не? Ұят болды ғой.

— Ұяттың көкесі мұны мен үстіме кигенде болатын еді ғой. Мына сарыбастар бар мұсылманды шалып жүргізбес еді.

Али үстіндегі күпәйкесін ақсақалға кигізіп, дәл екен десіп, қалжың көбейіп дуылдасып жатқан.

— Құнеке, әне, ананы қараңыз, — деп Махмет жүрген сайын бұтындағысының бір шеті көрініп, шолтаң-шолтаң қаққан лагерьдің дәрігер сымақ әйелін көрсеткен.

— Ту, — деп күлді ақсақал — Баяғыда тыюшы едік қой мұндайды.

— Е, — десті қалғандары.

— Қазақтың ол заманында өрескелдікке жол берілмейтін. Бір жылы ауылдың үлкендері "Осы бір келін әдепсіз. Кісі келе жатыр демейді, жалп етіп отыра кетеді" деп ренжісті. Қай келін екенін сұрап білдім. Соның үйінің ар жағында шоқ

тал болушы еді, соған жасырынғам. Түске жақын келін үйден шыға тым аулаққа бармай отыра кетті. Әп, бәлем деп қасқа атқа қамшы баса ұмтылғам. Өңменде келіп қалған мені елер емес. Өте бере қамшымен тартып өттім. Айналып келсем шәйнегін тастай қашқан екен жамбасын ала тағы сілтедім. Қойшы, үйіне бұтындағысын шала кигізіп қуып тықтым. Жабықтан сығалап:

— Енді өстіп жұртты сыйламайтын болсаң, тура өлтіріп кетем, — дедім. Кей адамның тәрбиесі жетіспей ме, әлде жаратылысында кемістік бар ма, үлгісіздеу болады ғой. Ондайға сөз өтпейді. Сөз өтпегенге таяқ өтеді. Ал, міндет, не істесең де адамды адамдық жолға түсіру ғой.

— Ергеңгілік ас делінетін ішінде бір түйірі жоқ ашығап капуста көжені ішіп, асхананың алдына шыққандардың ішінен кілең жастардың аты-жөнін оқып:

— Жиналуға бес минөт, басқа лагерьге барасыңдар, — деген жарлық жария етілді.

Жөнімен қоштасуға да мұрсат жоқ. Отыз үшінші жылын бітіріп, босануға екі айы қалған Құнскең қатты қамықты.

— Енді сендерді көрмеспін. Мына тордың ар жағына шығара ма, әлде қалай? — деген ақсақалдың көзіне жас іркілген.

— Құнеке, енді уайым шекпеңіз. Алла осы жолы сәтін салар, — деугс шамаларын зорға келтірді.

Үшінші лагерьдің сыртындағы ұры-қарылардың зонасына әкеліп тықты. Азамат бастықтар "сендерді фашистік, буржуазиялық сілімтіктердің теріс насихатынан айыру үшін осында топтадық" деп жатқан жерлерінде де, жұмыста да бастарын қатырған. Оның үстіне бұлар советтік жастар болған соң, жеңілдіктер де қарастырылғансыды. Азамат бастықтардың айтуына қарағанда ағаш кесіп-жаратын бригаданың әр мүшесіне бес текше метр норма беру үлкен жеңілдік екен. Осы бригадаға тап болған Әлкәдір жанындағы жігітпен он текше метр ағашты кесіп-жарып, үюге тиіс екен, осының жобасы қалай екен деп тер төгіп көріп еді, маңайлар емес. Қолдары ойылып, сілесі қатқан басқалар да сілікпесі шығып отыр. Иісі танау жаратын орманның ішіне барып, ағашын сұлатып салып, каперсіз тірлік етеміз деп үміттенгендердің жүзіне абыржу иіріпті. Норма болмаса тамақтан да қысады, басқа жазасы тағы бар.

— Мынаған шамамыз келмейді екен, — деп Қаршыға есімді карашай жігіті сөз көтерді.

— Өзіміз аштан бұратылып жүргенде... — Заури күлген болды.

— Нормасын орындаймыз деп соңғы демді осы жерде сарқармыз, — деп көзілдірігін сүртті Юра Долишный атты қарағандылық украин жігіті.

— Кешеден бері тер төгіп көрдік, — деген Әлкәдір. — Екі жігіт бір текше метрді зорға үйіп жүрміз. Осы қалай?

— Біз де сол деңгейдеміз.

— Тап солай, тіпті оған да жете алар түріміз жоқ.

— Ендеше лагерьге сүйегімізді тастар жайымыз жоқ, менің ұсынысым, екі адам бір текше метрден асырмайық. Норма сол болсын.

Әлкәдірдің ұсынысына үнсіз бас изескен. Азамат бастықтар қанша қысса да осы деңгейден асырған жан болмады. Бригаданың басына "солдаттан қаштым, шет елге өтпек болдым" деген безеу бет орыс жігітін қойған. Оларынан да ештеңе өндіре алмай, зіркілді көбейтті.

Балтаның сынған сабын жаңа ғана ауыстырып жатқан Әлкәдірдің үстіне екі надзиратель мен безеу бет бригадир сап етті.

— Саботаж, — деп баж етті мес қарын надзиратель.

— Көріп тұрсыз ғой, бастық, балта сынып...

— Әдейі! Әдейі сындырғансың. Біз білеміз сені. Сен саботаждың ұйтқысысың.

Қыңқ деуге ешкімнің шамасын келтірмей ала жөнелген. Карцерге апарып, "бір аптаға" деп тыға салды. Елу сегізіншілердің келуіне байланысты карцердің ішін қайта жөндеді деуші еді. Онысы да рас екен. Бұтындағысынан басқаның бәрін сыпырып алып, кіргізіп жіберген карцерден отыратын орын табылсайшы. Еденге төселген бөренелердің бұтақ тұқылын үстіне қаратып салған екен, бұтақсыз қарыс жер таба алмай түрегсп тұрған. Есіктен тағы екі жігітті енгізді. Көзілдірігін сүртіп киіп, өзін Юрамын деп таныстырған мәскеулік бұдыр-бұдыр еденнің бетін көріп:

— Керемет-ай, — деп таңдай қақты. — Мынаған көп ойланды ма екен, маубастар.

Әйнегі жоқ алақандай терезесымақтан соққан жел карцер ішінің дымқылдығымен қосылып, азынатып тұр. Әлкәдір

мына жағдай не қылар екен деген қауіппен кеуде тұсын әлсін-әлсін сипалай берген.

— Не, кеудең ауыра ма? — деп Юра сұрағандай болды.

— Түрменің сыйы ғой.

Алғашқыда отыруға орын таппаған үшеуі түннің бір уағында бұтақ-бұтақтың арасына мысықша иіріліп жатып, дем алғансыған. Тұқыл жамбасына батса, бүйірін төсеп, төрт аяқтап маңдайын тіреп, пенде шіркіннің басына түскендегі тапқырлығының бар айласын қолданған.

Ертемен дәрітханаға сұранған Юра шұлғау тауып әкелді. Онысын кеудеңді ора деп Әлкәдірге беріп, есіктің көздігін нұсқап, байқа көріп қалмасынды да түсіндірген.

Кешеден нәр татпаған үшеуіне есіктегі қақпақтан надзиратель үш тілім нан лақтырды.

— Біз ит емеспіз, неге лақтырасың, — деп Юра тағы шап етті.

— Не? — деп ежірейді мес қарын надзиратель. — А, мәскеулік... Ну, ну. Отыра тұр.

Карцердің келесі камерасына да нан лақтырған болу керек, ол жақтан қатты-қатты сөз естілген. Құлағын түрген Юра:

— Гунар гой. Ол мыналарды сілейткен шығар, — деген.

Іле-шала надзирителдің ырсылдаған, әлдекімнің ышқынған үні жеткен. Келесі камера асауды қамағандай тасыр—тұсыр, қабырғаға соғылған гүрсілге толып кеткен.

— Эх, сволочь, сені өлтіру де аз, — деген надзирательдің қарлығыңқы да алқынған үні басым.

— Гунарды сабап жатыр, — деді екінші орыс жігіті.

Әлкәдір екпіндеп келіп, иығымен карцер-камераның есігін иығымен соққан. Юра жалаң аяғымен тепкілеп, жұдырығымен есікті сабалаған.

— Жауыздар! Не істеп жатырсындар?

— Сендер осы үшін жауап бересіңдер, — деп айқайлады екіншісі.

Келесі камерадан әлдекім қатты ыңырсыды. Салдыр-гүлдір есігі де жабылып, күзеттегі надзирательдің жасаған істеріне разы дауыстары да естілді. Есік сабалауды тоқтатпаған бұларға:

— Не керек саған? — деді қақпақшаны ашқан мұрты жыбырлағаны.

— Сен менің мәекеулік екенімді білесің ғой. Осы қылмыстарыңды ертең-ақ бүкіл елге жайып, сендерді жауапқа тарттырамын. Сендердің режимдерің ертең құлайды. Сталиндікі сияқты...

Қақпақша тарс жабылды. Екі күн бойы жалғыз тілім наннан да қағылып, үшінші күн дегенде бір-бір күрешке суға қолдары зорға жетті. Жалғыз шұлғауға кезек-кезек оранған апта да өткен. Келесі камерада үш күн бойы ыңырсыған Гунарды тағы бір жерге алып кеткен сияқты. Апта өткізіп барып тыска шыққан Әлкәдірдің жанарын жарық дүние қарып, айналаға жасқана қараған. Сонадай жерден Марат пен Ораз қол бұлғады.

— Оу, батыр, саған карцер ұнап қалған ба, тіпті шықпай қойдың ғой, — деп Марат қалжың тастады.

— Мүмкін, онда америка түрмесіндегідей теледидар қойып берген шығар. — Ораздың тіке қадалған отты жанарынан қалжыңның нышаны білінбесе де, іш тартқанын дауысынан сезген.

Азаматтың карцерден шығу құрметіне шай табыла кетіпті. Рәсім бойынша кезегі келген әр кім күрешкедегі шайдан ептеп қана ұрттап, өзінің пікірін айтып, келесіге ұсынады. Бүгінгі тақырып музыка аспаптарына қарай ауысыпты. Иосиф күпәйкесінің орауын жазып, домбыраны ортаға қойған. Әзірге қол созған сшкім жоқ.

— Міне, көптен армандап жүрген аспабымыз. Авторы — Зейін мен Ораз, шебері Иосиф Андрушев. Бүгін ғана дайын болды. Алғашқы қол тигізу жолы сенікі, — деген Қаршыға.

— Апыр-ай, Қаршыға-ай, қазақтың бар рәсімін білетінің-ай, сенің, — деді Зейін. Тіліңнен де бір мүдіріс жоқ, нағыз қазақ тілі.

— Оның несін айтасың. — Қаршыға қиық мұртын сылады. — Қарашай деп орыстың бөліп жібергені болмаса арғын-үйсін дегендей қазақтың бір руы емеспіз бе? Әрі беріден соң тауда башқұр, Қырым мен Еділде татар, кавказда біз кешегі Ноғайлы елінің жұрнағымыз. Оны айттырмай кетті, енді ноғайсың десе қарашай мен де, татар Марат та, басқа да намыстана қаламыз.

Әлкәдір домбыраны қолына алып, көкірегіне басты да:

— Шіркін, түркменнің дутарынан да айнымай қалыпты, — деп Оразға қарады. — Ал, нағыз домбырашы Зейін ғой, тұсау кесер күмбірлі үнін сол шығарсын.

— Әр елдің музыка аспабы да, әуені де бөлек-бөлек қой. Қазақ әуенінен жазираның кең тынысы, көкке өрлеген бозторғай үні жетсе, біздің тау халықтары ғұмыр кешкен жақтың әуенінен Кавказдың көк сүйген тауларының әсемдігі, биікті аңсаған қыранның дауысын естігендей боласың.

— Оның рас, батпақ пен орманды мекендегендерден шарасыздықтан ышқыну үні естілгендей-ау, — деген Әлкәдірдің теңеуіне көбі ішін баса күлсе:

— Дұрыс, дұрыс айтады. Біздің жақтан Балтық теңізінің шалқуы, жартасты кеп сүйген толқынның күміс күлкісі естіледі, — деп Кнут Скунекс жалғап әкеткен.

Иә, сол домбыраны алып кете алмағандары өкініште. Бірер айдан кейін билігін жүргізе алмаған жастарды азамат бастықтар бұрынғы лагерьлеріне куған. Домбыраны алып жүруге рұқсат етпеді.

— Таста! — деп ақырды бастық. — Әйтпесс қазір көзіңше быт-шытын шығарамын.

Әлкәдір домбыраны жалғыз рет шертті. Дың еткен үн ызылдап біраз тұрды да алыс-алысқа, даланың желіне ілесіп кете берді. Күрсінді. Күрсініс кеудесінен шыққа да өкініш үн домбыраның шанағынан шыққандай боп, сүйеулі домбыраға жалт қараған. Алып кете алмаған соң домбыраның аман қалғанын да іштей қалаған. Бұл зонаға келер ұры-қары, не бір бейбақтың ішінен башқұр, татар, не адасып жүрген қазақ тап болар, елу сегізіншімен айыпталып жүргендердің ішіндегі бір қазақтың қасиет тұтқан аспабы болар, құрмет тұтар деп қобалжулы көңілін басқан.

Иә, соның алдында лагерь бойынша "азамат бастықтардың" төбе шашын тік тұрғызған оқиға болған. Біреу лагерь дәретханасының ішіне шошқаға мінген генарал-секретардың суретін салып, астына "Долой Хрущева" деп әйбаттап жазып кетіпті. Ес қалмады. Кеннедиды атып тастағанда Америка өстіпышқына қойды ма екен. Дәретхананың айналасына қарулы күзет қойып, іші-сыртын суретке түсіріп, осыдан болды-ау дегендердің қолына бор беріп, сөз жаздырып салғастырып, бастық біткен әлек-шәлек. Бір сойқанның болары анық еді.

Арада бір күн өткеннен кейін таңғы радио Мәскеуде төңкеріс болғанын, Хрушевтың орнынан алынғанын хабарлап үлгерді. Лагерь у-шу. Азамат бастықтарды жер жұтқан-

дай, қызыл жағалы надзиратель, көк жағалы КГБ дегендердің біреуі көрінбей, оларды тілдеп айызы қанбай лагерьдегілер іштей тынған. Дуалдың бұрыш-бұрышындағы күзет қана орнында. Таяй берсең пулеметін кезеп, қиып түсуге солар ғана дайын.

Үш күн өтіп, төртінші күні "азамат бастықтар" да көрінді-ау. Сонда да өйтіп-бүйтіп сапқа тұрғызып, жұмысқа айдап жатыр. Әлкәдір тап болған бригада ішінде зонадан шыға сыбыр көбейген. Кенттің жалғыз дүкеніне жақындай бере барлығы тоқтай қалып, "біз шаршадық" деп отыра кетті. Мұндайды күтпеген солдаттардың есі шықты. Табан асты қосымша взвод әкелінген.

— Тұрындар! Жұмысқа жүріңдер.

— Біз жұмыс істеуге келген жоқпыз. Хрушевтарың құлады, енді бізді босатыңдар.

— Қарсыласпаңдар, әйтпесе күш қолданамыз, — деп бастықтар зіл көрсеткен.

— Ал, атыңдар ендеше бізді. Жаңа үкімет өздеріңді сау қойса.

Командирдің бұйрығымен сарт-сұрт еткен автомат затворлары соңғы дайындықты танытқан. Бейшара солдаттар "ат" деген бұйрық болса не істейміз дегендей өңдері қашып, алақ-жұлақ. "Жаңа үкіметтен" жасқанған бастықтар да қырып тастауға бұйрық бере алмай, бригададағы елу шақты адамның айналасын сызып, осыдан асқандарың жазаланасыңдар деп ескертті.

— Осы да жетер, сызықтан асып, қатерге бармайық, — десіп жас елу сегізіншілер де өзара келіскен. Индико грузинше ән айтып, біраз сейілтті. Әуені құлаққа жағымды әнді біраз тыңдаған Әлкәдір мәтінін сұраған еді, Заури ішегі қата күліп:

— Біз түсініп отырмыз ғой, ал жалпысы аналарды сілейтіп отыр, — деген. Шалдардан бөліп, түзетіп аламыз деген жастардың қайта талай сұмдықты басынан кешірген үлкендердің айтуымен иіліп, айтқанға көніп жүргеніне көзі жеткен бастықтар жастар лагерін таратуды тездеткен еді. Иә, осы таратуда Әлкәдір қазақ пен түркіменнің талай мұңлы күйлерін шерткен домбырамен қоштасқан.

Бастықтар үшін ғана көкөніс өндіретін теплицаның күзетіндегі түрік Иса ақсақалдың арқасында Зейін екеуі кейкейде қияр мен сәбізге де ауыздары тиді.

Осы жылы тағдыр Васильев деген дәрігермен де таныс етті. Зейін осы Васильевпен бірге жұмысқа жегілген екен.

— Қазақстандықпыз деңдер. Алтын орда..., — деп бір қойды Васильев.

— Өткен тарих қой, — Әлкәдір елуді алқымдап қалған адамның айтары барын аңғарып, сөз ұшын қайыра өзіне тастаған.

— Сендер Алтын Орда заманында "Алғашкы түн хақысы" болғанын естіп пе едіңдер.

Васильсвтің қайда бұрып бара жатқанына көзі жетпеген Әлкәдір бұлтараруға сөз таппады.

— Ә, естімеген екенсіңдср ғой. Ханның жасағы орыстың әр қалашығында тұрған. Жасақ бастығын "Басқақ" деп атаған. Міне сол басқаққа деревняның әр мұжығы үйленетін қызын көрсетіп, рұхсат сұрауға тиіс-тін. Басқақтың қызды үш күннен үш айға дейін өз жанында, не жігіттерінің бірімен ұстауға қақысы болған. Сонан өздерің түсінесіңдер, туып қалған баланы мұжық басқаға көрсетіп:

— Мен басқақпен туысқанмын. Міне, мынау басқақтың баласы, мынау өзімдікі — деп мақтанған.

Васильевтің әңгімесін тыңдаған орыс жігіттері тыржыңдап, жақтырмаса да ол да айтқанынан қайтар емес.

— Тантық.

— Аузына келгенін айтып. Осындайды мыналарға неге айтады екен. Ол өзіміз ғана білетін мәселе болуға тиіс, — деген орыс жағы түрегеп кеткен.

— Бұл летописте жазылған фактілер, несін жасырады, — деп Васильев те өршелене түсті.

— Тарихқа дау жоқ. — Зейін махоркасын ораған Васильсвке оттығын ұсынды.

— Жоқ деймін-ау, несіне ашуланады. Біздің орыс халқының жаз шығып, жапырақ жайған тұста тағы бір мейрамы болған. Сол күні әркім барынша әдемі киініп, бір үйде қанша адам болса соншасы тоғайға жеке-жеке кетеді. Орман ішінде кезіккен қай әйел болмасын көңіл білдірген еркекпен табысатын болған. Мұны халық "божьи" (құдай күні) деп те атаған.

— Мынау "божьи сын", "Мынау өз балам" деп мақтанғанды қойғанымызға да көп болған жоқ, — деп қызынды Васильсв.

Шындықтың ауылы алыс қой, оны іздегендердің жеткен жері белгілі. Бүгінгі түгілі өткен тарихтың кей бетін ашу

талайдың кір көңілін тырнайды. Біреуге біреу тырнатып та қоймас.

Лагерь түнінде қашаннан маза жоқ. Жұрттың көзі жаңа ұйқыға бара бергенде қызыл жағалының тобын ертіп КГБ иістің біреуі келеді де, қой санағандай түгендеп шығады. Тыныштал дының ауылы сонда да қашық. Келесілері ентіге жетіп, ұйқысырап жатқанның жамылғысын ашып, бетіне үңіледі.

— Маза бермейді, — десіп кәрілер күңкілдеседі.

— Иттер. — Жастар жағы ашық сыбайды.

Тамыздың тамаша күндерінің бірі еді. Бүгінгі тексеріс тіпті ерекше. Кейбір вахтер әркімді бақайынан түгендеп, қайсібірінің ғана бетіне үңілуші еді, бүгінгінің екпіні қатты. Үріккен жылқыдай сатыр-сұтыр кіріп, әркімге бір тиісіп, тасырлап шығып жатыр. Соңғы шыққанның соңынан ұшқан тәпішке, абырой болғанда, маңдайшаға жетіп құлады.

— Жігіттер, қойсаңдаршы, — деп жатыр қариялар. — Біреумізді сорлатады ғой. Әйтпесе тіпті жала жауып, жайратып та тастауы мүмкін.

Ұйқыны үркітті. Астыңғы қабатта жатқан Индиконың талай көресіні көрген кереуеті сықыр-сықыр. Бейшараны қандала талаған шығар. Қандаласы күпінің битіндей осы бұрышқа жатуға ешкімнің жүрегі дауаламаған. Қаны ащы ма кім білсін өзіне қандала жоламайтын Әлкәдір вахтерлардың сілкілеуінен аулақтау осы бұрышты қалап алған.

— Инди, сен немене сықырлатып біттің. Балдыздарың қытықтап жатыр ма? — Астыңғы кереуетке үңілген Әлкәдірдің үнінде ажуа бар еді.

— Қайдағы балдыз? — Индико бүркене түсті. — Чекистер ғой.

Ұйқысықашқан Әлкәдір тысқа шықпақ еді, екі босағадағы жеңіне қызыл байлағандар мен надзиратель жолын кес-кестеп, даретханаға да жібермеді. Жатып береке таппай, мең-зең боп ұзақ отырды. Елден хат келмегелі де үш айдай болыпты. Мұнысы несі деп бас қатырды. Екі-үш айда мұның да босап шығуы керек-тін. Мүмкін... Мүмкін деген ой кірген сайын көңілі қобалжиды. Құнекең алғашқы он жылы бітерде өзіне хат алдырмай қойғанын жиі айтушы еді. Кім біледі...

Кім біледі... дей отырып түнді де өткерді. Мазасыз түннің беймаза ұйқысынан тұрған Индико қайта-қайта басын шайқап, түкірініп, тамсана берген.

— Не? Саған түндегілер тамақ асатып кеткен бе?

— Айта көрме. — Индико әлденеден қобалжып, төсін сипай берді.

— Айттым ғой, осы тойып отыр.

— Шынымды айтсам күлесіңдер ғой, — деп тақыр төбесін сипалады.

— Ал айта ғой.

— Түс көрдім. Түсімде жабайы адамдар ұстап алып, менің бауырымды отқа қақтап жеп отыр. Сонан "маған да берші" деп сұрап, аузыма салдым. Сұмдық-ай, соның дәмі аузымда әлі тұр. — Индико ыржиып басын сипап, басқасы күлкіге кенелді.

— Бір тойған екенсің.

— Аңсаулы етке түсте тойған да жаман емес, — деді Иса.

— Сенің арғы тегің кісі жегіш болған ғой, сол енді сен боп отыр, — деп сендірді Әлкәдір.

— Қайдам. Осылар мені жеп қоймаса, түндегілердің жөңкілуі тегін емес сияқты. — Индико не білдіңдер дегенді емеурінімен танытты.

— Түнімен есік күзетті ғой. Ана ауру поп шалбарына жіберіп қоя жаздады, — деп Али мырс-мырс.

— Күлкі мен күнә қатар жүреді-ау. Поп бейшараның ертеменшоқынуы қатты еді. Бізге күлкі, оған түрпі, — деп әрқашан да байсалды Марат аяп отыр.

Лагсрь іші қызыл жаға, көк жаға, қызыл жеңділерге толып кетіпті. Түртпеген шұқанағы, үңілмеген шұңқыры, қарамаған құдығы қалмады. Жөн сұрағанға:

— Сенің не жұмысың бар? — деп арс-арс.

— Біреу бомба тығын кетті деп жүр ме екен. — Ондаған жылдар отырып, тозығы жеткен қарттар жағы өзара ғана сыбырласады.

— Тыққанымызда тауып алатын болды, — деп жастар келемеждейді.

— Лагерьдің бұрыш-бұрышындағы қарауыл мұнараларындағы бұрын жалғыз тұратын солдаттың жанына тағы біреуін қосып, пулеметін ішке бұрып, итіндіріп тастапты. Қызыл танау боп жүрген азамат бастықтарға бір қолайсыз

жағдайдың болғаны анық. Күңкілдескен қариялардың аузындағы сөз "не боп қалды".

Күнде кітабына үңіліп, мұрнына су жетпей жататын саясилардың түннен келгені де, түс ауа жұмысқа жегілетіні де барақтардың арасында теңселген. Кереуеттің асты, каптерканың шұлғау жаятын қуыс-қуысына дейін тінтіп, томпаңдап, ентіккен надзирательдердің терін жеңдерімен сүрткенге мәз. Асхананың бұрышында Юра Долишный жолыға кеткен. Қарағандыда тұрса да украин ұлтшылы ретінде сотгалған Юра Әлкәдірге іш тартатын.

— Мына топалаң не? — деп сұраған Әлкәдірдің бетіне қарап, Юра біраз күмілжіді. Сонан соң жымың еткен күлкісін жасырып:

— Ол құпия, — деді.

— Құпия екенін надзирателдердің арсылынан түсіндік.

— Кісі қашқан сияқты. — Юра бәтеңкесінің бауын байлаған боп, төмен үңілді. — Дымың ішінде болсын.

— Кім екен? — Әлкәдір жайбарақатсып, ағаш басында секектеген тиынға қолын созды.

— Өзіңнің сырлас жігітің. — Юра да тиынды қызықтағансыды. Қай сырласы екенін түсіне алмай абдыраған Әлкәдір Юраға жалтақтады. — Антон ше, Олейник.

— Япыр-ай... — Әлкәдір үндей алмай калды.

— Тек тісіңнен шығарма, әйтпесе өзінді істі қылады. Қашқанына бүгін үшінші күн. Біздің украин жігіттері біліп отыр.

Таңданыс пен әлдене өкініш көңлінен кетпей қойды. Антон қайда барса да тастамайтын шабаданға салған кітапханасын көзінен де таса етпейтін. Осы соңғы кезде "Мынаны оқышы" деп кітаптарын жұртқа үлестіргенін көрген. Күрт өзгеріске таңдансада жете мән бермепті. Екеуінің жақсы танысуына да іздене оқулары себептін. Әлемнің бір бөлігіне жаңа тұрпатты системаның келуіне себепші болған қалың кара кітапты Әлкәдір кітапханадан алып, конспектілеп жүрген. Орта бойлы, мығым, ақ сары жігіттің ойлы көзі өзіне жиі қадала бергенін байқаған. Ақ сары жігіт мұнымен үстелдес болып шықты.

— Немен шұғылданып жүрсіз? — деген де алып қараған. — "Капитал" екен ғой. Бұған тісіңіз батса мықты екенсіз.

Антон Олейник "мыналардың айтуына қарағанда" деп лагерь кеңсесі тұсын шекесімен көрсетіп "украин ұлтшылы,

рецидивицпін" деген. Жақсыда жаттық жоқ деуші еді қазақ, аузын ашса ақ пейілі ақтарылған Антон осы сәттен-ақ ескі танысындай боп кетті де, "сізді" тастап, сеніскен "сенге" екеуі де көшкен.

— Әрине, бұл дүниенің қияпатын білу үшін Марксті де төңкеріп шығу керек. Өзің өмір сүріп отырған ортаңды жете танымасаң саяси лагерьде неменеге жүресің. Әйтеуір қарсымын деу, еміздікке өкпелеген баланың ісі. — Төгіле сөйлеген Антонның жанарынан маздап жанған ойдың шоғы сәуле шашқандай әсер етті.

— Бұл дұрыс пікір. Ең бір тамашасы, осы ел билеп жүрген коммунист атанғандардың көбі сол идеяны меңгеріп болмағандар. Капиталдың бірінші бетінен аса алмаған ауданның бірінші хатшысы кейін әйеліне "қатын, қатын, әлгі ұйықтатарымды әперші" деген екен. Капиталды оқып көрмеген, қолында қамшы мен мылтық қана жүрген солар елді не оңдырады.

Әлкәдірдің тұжырымы Антонның көңіліне қонған секілді. Райком хатшысының ерсі ісіне мәз болып, жайраңдап отырса да бойын да, ойын да тез жинады.

— Мен өзімді социалиспін деп айта алмаймын, бірақ капиталдың дүниені тітіркендірген ұлы идея екенін мойындамау білместік. Ал, бүгінгі капитализмді Маркс сипаттаған сорақы түрде түсіну де соракылық.

— Оныңа келісемін. — Әлкәдір қара кітапты оң қолымен салмақтады. Капитализмнің өзгеріске ұшырауына, капиталистің жұмысшы тұрмысына қарауына осы кітаптың әсері болғаны даусыз. Маркс идеясы капиталистік дүниенің өзгеруіне мәжбүр етті.

— Логикаң жаман емес екен. -— Антон көзіне түсе берген шашын кейін серпіп, бейтаныс біреуге оқгы көзін қадады. Сілімтіктер. Осында сілімтіктер де бар.

— Кімді айтасың?

— Бейшара ұсақ ұры-қарылар да. Өтірік саяси статья татып, алдап-сулап біздің арамызға салпаңқұлақ-стукач етіп қойғандарды айтам.

— Итшілеп өмір сүруді қалағандар да.

— Біреудің артын искеп де. Сазайларын да жігіттер тарттырып жатыр. Біреуінің көзін жойса, екіншісін әкеп тығады, әйтеуір бұл шіркіндер баршылық.

— Бұл да біз өмір сүріп отырған елдің азып-тозуының көрінісі шығар. — Есімнен шығып кетіпті. — Антон санын салып қалды. — Бүгін зорлау мен қорлаудың комедиясы болғалы жатқан. Соны көру керек.

— Не қылған комедия? — Лагерьге "Біздікінің бәрі дұрыс" деп зар қақсаған лекторлардан басқа өнер қонған тіршілік иесін жібермеуші еді. Ол қайдан жүрген әртістер деп Әлкәдір таңғалған.

— Жүр. Тегін комедиядан құр қалмас болар. Мен оны сан көргем, ал саған пайдалы.

Лагерь кеңсесінің алақандай алаңына ұзын-ұзын орындықтар қойып, қарсысына қып-қызыл президиум жасапты. Ұзын орындықта ендігі өомірден бұлт жуық, күпәйкесін зорға сүйреткен он-он бес шал-шауқан. Президиумда бұғағы салбыраған, өзі де сары ала киінген дәу, жанында қабаған иттей түксиген майор Каштанов пен басқалары. Кербез де маңғаз сары ала киімділер, жер шұқыған шал-шауқан.

Беті быршыған сары аланы Антон "сот" ден таныстырды. Төрдегілердің бір-екеуі кеңесшілері, қалғаны лагерь өкілдері екен. Бүгін дүниенің тұтқасы осылардың қолында. Сіресіп, көне Египеттің тас перғауындарындай сұстанып отыр.

Күбіжіктеген шал-шауқан — жиырма бес жылдықгар. Біреуін бай тұқымы деп, қайсын немістермен әріптес болдыға келтірсе, кейбірі ширек ғасырды не үшін арқалатып жібергенін де білмейді. Тағдыр жазды, бұл көнді деп қамыт киіп, есектің жүгін арқалап жүргендер.

— Қазір спектакль басталады, — деп күңк етті біреу.

Мұндай жақсылықты көруге қолы бостың бәрі шақырылатын, бірақ соны тамашалауға құштар шамалы. Жастар жағы топ-топ болып келіп, суық қабақ танытып, қыр көрсетіп кетіп жатыр.

— Ал, басталды. Ну и сволочи, — деді ленинградтық ғылым докторы Осипов.

— Лядун, — деп сот ортаға бір шалды шақырды. Көзі іріңдеген шалдың қылмысын оқыған. Бейшараның қылмысына қарағанда Совет армиясының немістерді қалай жеңгеніне таңғалғандайсың.

— Гитлер мынаны неге Герингтің орнына қоймаған, — деп мысқылдады Антон.

Онан кейін сөз алған саяси жетекші Лядуының он жеті жыл отырса да әлі пиғылы теріс екенін, кей-кейде қайдан тауып алатыны белгісіз, шай ішіп қоятынын дәлел етті. Әділ соттың үкімін күткен жұрт сілтідей тынған.

— Азамат Лядун, сот сенің кесіміңді он бес жылға түсірмейді, — деп үкім етті беті шар табақтай сары-ала сот.

— Клыков, — деп шақырып, сірескендердің алдына қарыны қабырғасына жабысқан бейшараны шығарған. Мұның да кесігі жиырма бес жыл Он тоғызын өтепті. Енді осыдан бес жыл бұрын шыққан советтің әділ заңы бойынша он бес жылға түсірілуі керек.

— Он бес жылдан артық кесуге конституция бойынша рұқсат жоқ қой, — деп қалды Әлкәдір.

— "Әділ сот" сол үшін жүріп жатқан жоқ па, жаңа Лядунның кесімін қалай "азайтқанын" көрдің емес пе. — Антонның үнінде кекесін де, кек те жатқан. — Сенің бабайың, Құнанбай ақсақал, биыл отыз үш жыл осында қымыздық теріп жүр. Қазақтың қымызынан лагерьдің қымыздығы дәмді болған ғой.

Он тоғыз жыл отырған Клыковтың кесімі он бес жылға түсірілді. Енді ол үкімнің жоғарыдан бекіп келуіне бір жыл керек.

— Е, осы бір жыл-ақ оны әбден бітірер. Ол енді маймылша жалпақтап, тышқанша жорғалап, жыл өткізуі керек. Әйтпесе соттың шешімі қайта қаралып, жиырма бестің қамыты қайта киіледі.

— Сұмдық екен.

— Мен бірде өкіріп жылап отырған шалды көрдім. Он бес жылға түсірілген екен, мыналардың қорлығы әбден титықтатып, оңаша шығып еңіреп отыр. Міне, солай...

Бір жылда бір келетін сот осымен жұмысын бітірген. Қалған шалдарға сот алдын биыл көруге тағдыр жазбапты.

— Япыр-ай, — деп Антонның мына ұшқан құстың өзі қанатын байқап қағар, күзетші мен иттің, мина мен телеантенаның мидай араласқан жерінен сытылып кеткеніне сенер сенбесін білмей отыр. Сонан соң есіне...

.. .Бүл лагерьде у ішіп өлуге рұқсат, шай ішуге тиым. Үш күннен кейін дозаққа да үйренетін адам емес пе, сонда да жігіттер ебін келтіріп, айына бір қайнатым шай тауып, жетісіп қалады. Жалғыз күрешкеге шымшып салған шайдан бір

ұрттап, келесіге беріп, қолдан қолға өткізіп, он-он бес адам қазы-қарта жегендей желпініседі. Тәртіп бойынша күрешкеден ұрттамас бұрын бүгін көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасынды айтып шығуға тиіссің.

Сөйтіп шайды енді ала бергенде надзиратель дегені жетіп келген.

— Не істеп отырсыңдар, а? Шай ішпексіндер ғой.

— Жоқ-ә, бастық. Міне, кофе дайындадық. — Шай күрешкені тақымының астына баса қойған Иса Кодзоев шайнегі мен кофесін көрсетіп құтылды. Жалтақ-жалтақ қарасып, күрешкені кезекке жіберген. Бір күрешке шай жарым сағат ішілді.

— Антон өтіп бара жатыр, — деді көзі шалып қалған Иосиф Андрушкив.

— Антон, бері кел Бері, бері бұрыл

— Амансындар ма, жігіттер. Кедергі жасап алмаймын ба?

— Сенбесек шақырмас едік. Шай демдеңдер, — деді Марат Омеров.

— Чай первяк, чай вторяк.

Чай грузинский мой земляк, — деп шөкімдей шайдың самасын тағы бір кайнатып әкелуге Заури жөнелген.

Зауридің "чай вторягі" де ішіліп, жұрт тарағанымен Антон мен Әлкәдірдің әңгімесі созыла берді.

— Сонымен қанша жылың қалды,—деп сұрады Әлкәдір.

— Көп қой. — Антон күрсінді. — Мен ұсталғанда туған қыз мен құтылып шыққанша күйеуге тиіп үлгереді.

— Солай де.

— Әуелде он жыл еді. Не үшін демексің ғой. Соғыс кезінде баламын, бендеровец деген айыпты сондықтан таға алмады. Бірақ, осы дүние жүзіне бір-ақ ұлт үстемдік етеді, соның тілі — тіл, артынан шыққан жел-жөн дегенге сене алмай-ақ қойдым. Оу, әрбір ұлт жеке-жеке мәдениетін дамытса адамзатқа зиян бар ма. Осы пікірдің соңы осы жерден бір-ақ шығарды.

— Он жылың өтердей боптығой.

— Елден бір хат келді де... — Антон мұңайып, төмен қарап күрсінді. — Жаспын ғой, жақсы көретін қызым қоштасып жазған екен. Сонан қашпақ болғаным үшін бес жыл қосты.

— Он бес. Қазіргі заңға тура екенсің, — деп күлді Әлкәдір.

— Заңға сыймай жатырмыз-ау. Адам ойына алғанынан қайта ала ма, акыры қашып шықтым. Жыл жарым ұстатпай жүрдім.

— Ал, сонан соң.

— Мені іздеп, қолға түсіруге КГБ бір майорын жұмсаған екен. Житомирде киноға барған едім, жанымда таныс қыз. Тура бетпе-бет кезіктік. Ол жалғыз, мен қызбен. Қолым қалтамда еді, майор қорыққанынан жапырақтай қалтырады. Сонан ол "мен сені көргем жоқ, сен де тісіңнен шығарма" деп жалынды.

— Сені ұстаса кемінде полковник боп шығар еді.

— Құдай оған жазбапты. Ақыры бір опасыз түбіме жетті. Тағы он жыл қосып берді.

— Сөйтіп жиырма бес жылдықпын де. Сонда тура төрт жасыңнан үкіметке қарсы күреске шыққан екенсін.

— Владимир түрмесі туралы естіп көріп пе ең? — деп сұрады Антон.

— Жок. Ол не түрме?

— Владимир қаласында саясилардың құпия түрмесі бар. Мыналар, осы соңғы ретте, мені шатысып жүріп сонда қамады. Үш-ақ күн болдым. Сол шатысқандары үшін талайы таяқ жеген шығар. Онда сонау Лениннен бері Алланың жарық дүниесін көрмегендер ұсталады екен.

— Мынасы керемет-тағы. — Әлкәдір таңдайын қақты.

— Оның несіне таңданасың, өзіміздегі ерекше оныншы лагерьді білесің ғой.

Бұл Ресейдің маңдайына Потемкин деревнясын жаратушы жазған шығар, аты аурухана, көмегі бақсының сарнауы мен емсектің үшкіргенінің ар жақ, бер жағындағы емдеу орнынан сол атақты оныншы лагерьдің басынан қара бақайына дейін алапес киім кигізген жігітті көргенін айтқан. Сол алапес киімдінің Гасан есімді азербайжан екенін де, ауру қалжыратса да діниіне берік сол жігіттің аса ұстамды мінезіне тәнті болғанын да сөз еткен.

Әуелі бір он жылдың қамытын кигізіпті. Қайран Азербайжан елі азат болса екен деген ұшқыр арман он бес жылды тағы іліп, аса қауіптілерге арналған оныншы лагерьге әкеп тығыпты. Сонан бір жарым жылда тірліктің белгісі қабағының қимылынан ғана танылған халге жеткен.

Күн көзі түспейтін, қақаған аязда бараққа от жағылмайтын, адамның буымен қыраулы терезеден аққан су жалаңаш нардың үстіне мұз боп қатып, мұз жастанғанда тапқан бейшара да, қайсар да елу сегізіншінің олжасы осы. Біреулер өмірден озады, басқасы келеді, мұз конвейер үздіксіз жұмыс істейді.

Олейннкті ол лагерьден әзірше құдай қаққан екен. Енді аман кете алса… Аман кетсе деген тілек көптің көкейінде-ақ жүр. Антон жұмыс зонасының сыртындағы көлмен зона ішіндегі көлшікті жалғаған су астындағы құбырлардың бойымен қашыпты деген сөз тараған. Болса болар деп сенді Әлкәдір. Соңғы кезде Әлкәдірді ағаш цехынан шығатын кесіндіні вагонеткаға тиеп, котелныйға тасуға жеккен еді. Жүк тиеген ауыр вагонетканы зорға итеріп, жаны мұрнының ұшына келіп жүргенде Әлкәдір Антонды сол су жағасында ойланып отырғанын сан көрген. Бірде жанына барған оны Олейник абыржып қарсы алды.

— Мұнда кездеспелік. Сөзге қаласың, — деп шығарып салғаны да бар.

Әлкәдір мұның қай сөз екенін кезінде түсінбегеніне өкінеді. Іші сезсе Антонға көмектесу қолынан келер ме еді. Әлде талай жылды бекер арқалаған жігітті аяп, қаптаған сигнализация, құрулы тұзақтан аман өтпессің деп, тоқтатуға күш сала ма. Дәл қазір оған жауап таппаған.

Әлкәдір вагонеткасын тағы сүйретіп барып, ағыл-тегіл терге малшынған киімін жайған болып жағадағы бөренеге тізе бүккен. Әне, анау үлкен көл Оның ар жағы аспанмен тілдескен орман жол таптырмас батпақ. Үлкен көл мен бергі көлшіктің деңгейі бірдей, арасын қосқан үлкен-үлкен трубалар су астынан көрінбейді. Тиіп кетсең ойбайлап, басып кетсең ракета атқылап жатқан түс. Қалай өттің аяулы сырлас. Жолың болғай деп тілеген.

Дегдіген киімін үстіне іліп желсіз күнде күлімсіреп жатқан көлге ұзақ қарады. Арғы жағада бір ақ бас қыз бұзауын қайтарып жүр екен. Сол жақтан, қалың ағаштың хош иісімен біргс азаттықтың лебі келгендей. Әлкәдірдің беймаза көңілі тағы да толқып, тулап түсті.

Антон қашқаннан кейін лагерьдегі жағдай да ауырлай түсті. Антонмен көңілі жақын-ау дегеннің бәрі үсті-үстіне тергеліп, сол сергелдеңге Әлкәдір де іліккен.

— Оу, сен ОУН-ның (органнзация Украинских националистов), мүшесі екенсің — деп те көрген. ОУН-шы деп соттап жіберуге қара торы өңі келмей ме, тергеп-тергеп барып босатылды. Сыртынан әлдекімдерге мықтап бақылатып қойғанын да байқап жүр. Лагерьден босауға үміт артып, соңғы айлары қалғанда ол салпаңқұлақтармен жүз шайысу да пайдасыз.

— Байқа, сені торуылдап жүр, дегенді әр жанашыр айтқан.

Елден хат дегеннің келмей кеткеніне талай айдың жүзі болды. Түнімен дөңбекшіген ұйқысыз түндер басталған. Жүйкесі де қалжырағанын сезіп жүр. Осындайда әлде бір әңгіме бастап, құмалақ салып, көңіл жұбататын Құнекең аксақалдың орны ойсырап тұр.

Зейіннің де елге қайтар шағы туды. Тірі дозақтан бір адамның аман кетуі шексіз қуаныш. Гүржісі, татары, латышы, хохолы тура өз үйлеріне аттандырып жатқандай сәлем жолдасқан. Қимас досымен Әлкәдір де құшақ айқасқан.

— Елге сәлем де. Кім біледі...

Кім біледінің ар жағында мүмкін мені босатпас дегеннің де жатқанын Зейін де түсінді. Зейін қылғынып, зорға жұтынып:

— Олай деме, — деді.

— Мен үшін кішкентайдың бетінен сүй.

Тағдыр Әлкәдірге де босап шығуға жазыпты. Түн жарымда поезға мініп, әлде бір арандатудан аулақ болайыншы деген ниетпен ең үстіңгі полкаға мініп, пәлелі жерден алыстата түсетін келесі күнді күтіп, көзін жұмды.

ЖЫЛДАР- ЖЫЛДАР

Қаракөк аспанның сонау биігінен жамыраған сансыз жұлдыздарға тесіле қарап, әлемнің шексіздігін бүгін ғана түсінгендей Зекен ақсақал мәңгіріп отыр. Дүниенің шетінен сығалаған ай төрде не болып жатыр деп жабықтан қараған баладай ұрлана бой көтеріп келеді. Айдың сәулесі тас қоршаудан асып, қамалған жылқыға түсті. Екі күннен бері нәр татпаған жылқы үйір-үйірімен үйіріліп, кейбірі тұмсығымен жер тіреп, күрсіне дем алады. Қоршаудың бер жағынан біреу қорбаңдаған. Қорбаңдаған осы камаудан екі биесін шығара алмай сыртынан телмірген Шәйкөйлек екен. Үйге де сыймай, сөзі де өтпей сексенге иек тіреген ақсақалдың қолынан ендігі келгені ең болмаса қазақтың малына деген "кәмпәнға" кетер қос биесін көзімен ұзатып салу болса керек.

Зекен ақсақал жөткірінді. Япыр-ай, бұл неткен бітпейтін "кәмпән" десейші. Сонау жиырма сегізде малды тартып алды. Аштыққа ұрынған халық бас көтеріп еді, оны қырып салғанын көз көрді. Қырқыншы жылдардың соғысында әр үйдің босағасындағы бұзауына дейін жылда сыпырып тұрды. Көгендегі малы мен бесіктегі баласы қоса өсетін халық едік, қозысы өспеген соң қара домалақ баланың да туынан шетінеуі көп боп, өрістемей қойді. Елуінші, алпысыншы жылдар да солай. Әйтеуір бір тәуірі тап осы жолы ана тың көтеру шағындағыдай емес, бір үйге бір сиыр, екі шошқа дегені жоқ. Арам қатқыр доңызды аузына алмапты.

"Е, үкіметтің беті бері қараған екен" деп өзінше топшылаған жұрт соған да мәз.

Мәз десек те қолы жетіп масайрауы жоқ. Әнебір жылдары осындай тартып алу "Кәмпәніна" тіпті ауданның бірінші басшысы Түйнектің өзі жүруші еді, ендігі басшы Дүйсен әзірге бас көрсетпеді. Есесіне тістеніп сөйлейтін Сауғанбек прокуроршағатын жыландай ысқырынып, жанына жан жолатар емес. Ана Қарабұлақ жағында бір қойшы екі байталын мазардың ішіне жасырған екен, Сауғанбек прокурор

қойшының қолына "енді малым жоқ, міне құран ұстап ант етемін" дегізіп Құран ұстата қойыпты. Қолына қасиетті Құранды ұстап өтірік айтатын мұсылманның баласы әзірге бұл манда жоқ. Бала-шағасының аузынан жырып, кемсеңдеп жүріп, мазарға жасырған екі байталын өз қолымен шығарып беріпті.

— Міне, маладес, — депті, малшыға сөзін аяғандай, тісінің арасынан сыздықтатып шығарған Сауғанбек прокурор.

"Көмейі тесік пе екен" деуші еді қазақ. Дегенмен де прокурор байқамай қалғансып, ана заготскот деген қаланың орысына мал сойып беретін мекеменің қарамағына қарай ығыстырылған мал бар еді, әлдекімнің екісінің бірін беріп, соған риза боп шығарып алып жатқан малынан қалғанын актілемей, заготскотке тығып жіберіп жатқанын көз көрді.

— Әй, анау..., — деп күңк еткені болмаса ешкімнің қаттырақ айтуға үні шықпайды. Енді қайтсын, мына малды тегіс айдап апарып, өткізіп жіберсе де осы прокурордың қолында. Қуынсаң пәлеге қалдың. Осы малын іздеп келгеннің әйтеуір бір жылы бір шөмеле шөпті қымқырмағаны, өйтіп-бүйтіп бірер қап жем алмағаны шамалы. Оған Сауғанбектің сөзін сөйлеп, куә бола кетер ағайын да табылады. Пәледен машайық қашыпты деген, қолдан келсе жатып жастық, жазылып төсек боп жүріп, екі биенің бірін шығарып алғаннан абзалы жоқ.

Шілденің ми қайнатар ыстығына шыдамаған, екі күннен бері судан қаталаған жылқының алды жығыла бастады. Анау қарауыл милисасының да, ауылдың көсем шешен басшыларының да "Мына мал босқа қырылады-ау" деген ойына келер емес. Түнімен малын сырттай күзетіп шыққан Зекен ақсақал мен Шайкөйлек қана прокурорға арнап тігілген баспананың есігіне таяған.

— Қарағым, мына мал қырылар болды. — Шайкең деуін десе де бөркін алып тершіген маңдайын сүртті.

— Неге өледі? — деп тістенді Сауғанбек.

— Судан қаталап қалды, енді бірер сағатта босқа өледі, — деді Зекен.

— Суару керек.

— Обал ғой.

— Рұқсат етіңіз,—деп айналадағы жұрт та шу-шу еткен.

Прокурордың рұқсатымен өзенге айдалған малдың алды суға бас қойғанда соңына сүйретіле ілескен Зекен ақсақалдың байталы ерні суға тие гүрс құлаған.

— Енді мал болмайды.

— Өлді, енді тұрмайды, — десті көргендер.

Кері айдаған жылқыға ілесе алмай, басын соғып қала берген байталды өлдіге жорып милисасы кетті. Суға денесі іліккен малдың ыстық қайта орынынан тұрарын іштей білген Зекен ақсақал балалардың бірін сырттай бақылауға қалдырып:

— Ал, енді жалғыз биемді беріңдер, — деп жүріп, онысын қамаудан босатып, үйіне жеткен.

— Байтал қайда? — дейді бәйбішесі.

— Үндеме. Құлап жатыр.

— Өліп қалды ма?

— Өлмейді. Енді мен ол жаққа бармаймын. Өзің ебін тауып жетектеп келерсің.

Сыртқы қақпаның тарсылынан оянды. Үйдің-іші жапжарық, күн көтерілгеніне де талай уақыт боп қалған сияқты. Қамаудағы малды қоса күзстемін деп жүріп қалжырап қапты. Мына ұйқы да соның қарымжысы. Кемпірі де таңнан сиырын сауып, жанына қисая кеткен екен.

— Есік қағып тұр ғой.

— Кім болды екен?

Кім екеннің ар жағында көз байлана жетектеп келіп, қораның қараңғы бұрышына байлап тастаған байталды іздеп келген милисасы болмаса игі еді деп тұрған. Сұрай қалса "Көргеміз жоқ, ит құс жеп те кеткен шығар" да дайын. Мұндайда безерліктен басқа амал не.

Зекен ақсақал сәлемшінің түсін көріп, бойын жиды. Жаңағы бір қырысқан қабағы жазылып, екі қолын бірдей ұсынып, төрден орын икемдей берген.

— Оу, жарқыным, ертелетіп қайдан жүрсің? — десе де кірбіңсіз көңілін лекіте күлгені танытып жатыр. Осы иман жүзді жігітті ерекше жақсы көретінін өзі де кейін байқады. Кездесе қалса артық сөзі жоқ, сұрайтыны ескінің сөзі, қатпар-қатпар уақыттың астында қалған оқиғалар. Япыр-ай, ә, бәсе. Бұл Әлкәдірдің үкіметке де, елдегі басшы атаулыға да жақпай жүргені де осы екен ғой деп түйді. Көнені қаза берсе не қилы оқиғалар шығады. Сонау бір өткен зобаланды қолдан жасаушылар да, оған қолқабыс тигізушілер де әлі арамызда жүр. Оларға Әлкәдірдің тірлігі ұнай қоймаса керек. Тірі адамнан жасырып болдық деген қоймасын біреудің қопарғанын

жақтыра қоятын құдайдың пендесі табыла ма. Иә, айтпақшы олар өздерін пендеміз де деп жүрген жоқ қой. Өлмейтін тас құдайдай сезінетіндерді әлі көріп жүр. Солар ғой бүл жігіттің түбіне жеткен, сонау итжеккенге айдатқан.

— Бәйбіше шайынды.. .Жоқ, әуелі қымыз әкел, шөліркеп кслген болар. Әлде ас дайындатайын ба? — Зекен ақсақал Әлкәдірдің бетіне қарады.

— Қымыз ішелік, асқа әуре болмаңыздар.

Сапар кесе толы қымызды баптап ішіп, босатып берген жігітке ризалықпен қараған бәйбіше де тегенедегі сусынды бабына келтіре сапырып, қайта құйған.

— Ауыл дүрбелеңдеу ме, қалай өзі? — деп сұрады Әлкәдір.

— Несін айтасың, дегендері боп тұр ғой. Әйда, айдап алдың жаңа түрі. Осы қазаққа да, жылқысына да осы үкіметтің неге сонша өшіккенін білмедім. Ойбай-ау, орыс шошқасын қорасында табынымен өсіріп жатыр ғой, оған бір ауыз сөз жоқ. Желіңе екі құлын байланса бай-құлақсың, ал тартып ал деп шыға келеді. Осы бізді үкімет халық деп санай ма өзі, — деп Зекен ақсақал түйіліп өтті.

— Қайдам..., — деді Әлкәдір екі үштылау.

— Қайдам дейтініңді өзім де білемін. Сібірдің қамытын бір киіп босаған адам шешіліп сөйлемес болар. Әйтеуір осы ауыл апалаң-топалаң. Тесік келіге сынық келсап, кисық арбаға қылқау үкімет деп күлуші еді Маясар ақын. Тап солай. Бұл жердің бүгінгі үкіметі сызданған Сауғанбек прокурор. Тышқақ лақ соның санауында. Тышқақ лағы үшін әлем аяғына құлап жатыр. Нанбасаң ана тас қамау жаққа бар да көр.

— Қой енді, — деп бәйбішесі сөзге тосқауыл қойды.

— Несіне қояйын. Байтал қорада...

— Қайдағыны айтып, — деп әлденеден секем алған бәйбішенің көзі бағжаң етті.

— Байталымды ебін тауып тығып қалғанымды Әлкәдірден несіне жасырайын. Бұл ұстап бермейді, өзін біреу ұстап бермесе.

— Тағдыр ғой, — деп Әлкәдір кесені тағы қолына алды.

— Алланың жазғаны да бар шығар, бірақ осы күнгі тағдырды пенде өзі қолдан жасап жатқандай көрінеді.

— Қойсайшы енді, бар ғой басқа да ақсақалдар. — Зекеннің бәйбішесі бос ыдысын жуып күйбеңін көбейте түскен.

— Сен әлгі Кәжені алға тартасың ғой. — Зекең сақалын тарамдады. — Оның дұрыс-ау, бірақ жалғыз Кәже елге тұтқа бола ала ма. Мынадай топалаңға оның әлі келе ме. Көп болса айтатыны "Ә, мұнысы дұрыс болмады-ау" деп күйіну. Кәжені танитын шығарсың, — деп ақсақал бетін Әлкәдірге бұрды.

— Әрине.

— Бұл жұртты қойсайшы, —деп ақсақал әңгіменің бетін бұрды. — Кәженнің қан қысымы көтеріліп ауруханаға түсіп қалыпты. Сонан әлгі кім еді, әлгі...

— Әбілді айтасың ба?—деп қарсы сұрақ қойды бәйбішесі.

— Е, тап өзі. Сол шіркіннің Кәженің көңілін сұрамақ болып, бір жартысын құшақтап бара жатса осы ауылдың тағы бір пәтуасыздары кездессе керек. Сонан Әбілдің жөнін біліп, өйдеп-бүйдеп отырып қойнындағысын ішіп, ол аздай тағы алдырып, жырғасып қалса керек. Сонан Әбіл ауруханаға жетпей ауылына қайтыпты. Бірер айдан соң көшеде Әбіл Кәжеге ұшыраса кетеді. Болған жайды бұрын естіген Кәже:

— Осы сен мен ауырып жатқанда кіріп шықпадың-ау, — десе:

— Кәже, тағы да бір қатты ауырарсыз, сонда міндетті түрде кірем, — депті Әбіл

— Енді ауырмаңыз деу жоқ қой, — деп күлді Әлкәдір.

— Ондай ендігі біздің ақсақал-қарасақалдың ойына кіре ме. Осы пәтуасыздық қой ана прокурор, милисса дегендерге жем болып жүргеніміз.

Зекен ақсақалдың үйінен қымыз ішіп қана аттанған жолаушыларды Қаратоқтыда күтіп тұрған екінші топтың ішіндегі Аманжан молда:

— Оу, Зеке, бәйбішеңізден босай алмағаннан саусыз ба? — деп күле қарсы алған.

— Е, Аужеке, бәйбішенің бетіне қарайтын уақыт өтті ғой. Сіздің мұнда екеніңізді, мына жігіттердің барын да жолшыбай естідім, — деп телекамерасын құшақтап сонау Жезқазғаннан жеткен Тоғанбайды меңзеді.

Екі ақсақал да сонау отыз бірдің салқын көктемінен кейін туған жердің бетін көруге жүректері дауаламапты. Бозбала боп тай жарыстырып, жігіттік шақта ел аралап, қызға қырындаған қайран өлкенің сай-саласынан өткен сайын:

— Шіркін-ай, мынау Талдың Ахметжанының шиі ғой, — деп бастап талай әңгіменің бетін қайырды.

Даланың жолымен ілбіген көлікке сағымға оранған сонау биік жеткізер емес. Бүркітті сол ғой деп екі ақсақал емешесі құрып, көздерін қайта-қайта сүртіп, тесіле қараса да биік, сол биік, жақындатар емес. Даланың жолының өзін осы күнгінің трәктірі аямай-ақ таспадай тіле беріпті. Қит етсе бір дөңгелегі шоңқаң етіп қисайып, ішіндегілерді біріне-бірін соққан машина жылжыған сайын бірдемесі шиқылдаи, өндірмей-ақ келеді.

Алдан Боранқұлдың қыстағы көрінді. Кешегі өткен дәуренде ақ патшасымен де, қызылымен де жағаласып өткен батырдың ауылындағы өзінің үйі сақгалмаса да аты қалыпты. Боранқұлдың кім екенін білмеген-ау сірә, әйтпесе... "Иә, әйтпесені" сол қыстақта отырған, алдына алты жүз қой салса да сіңірі шыққан, шопан атын жамылған шүңірек көз сары жігітпен тілдескенде ұққан.

— Шырағым, қыстағыңның аты қалай? — деген Зекен ақсақал

— Боранқұл деседі, — сары жігіт қиналғандай шекесін қасыды. Үй дейтін баспанасының аядай үш бөлмесіндегі жиһаз жалғыз кілем мен бет аузы кір-қожалақ екі бала үстінде ойнаған төсек.

— Онысы кім екен? — деп ежіктеді Аужекең.

— Ит біліп пе? Біреу шығар.

Осы үйдегі ас иесі келіншектің ұсынған шалабынан ауыз тиіскен жолаушылардың көңілі торығыңқырап аттанған. Шіркін-ай, ең болмаса табаны тиіп жүрген қара жердің не қасиеті бар, өткенде бұл маңда кімдер болды екен деп сұрамаған ұрпақтың жер бетіне келгеніне деген өкініш әркімнің көкірегін тырнаған. Сонда бұлардікі не? Кімге нені ұқтырмақ боп жүр осылар?

— Әй, осы біздікі не, — деп салды Зекен ақсақал

— О не? — деді көзін жұмып, өзімен-өзі болып отырған Аманжан молда.

— Ойбай-ау, молдеке-ау, дүниені кещелер басып кетіпті ғой. Мыналардың санасына сәуле кондыру енді мүмкін емес қой, — деп Зекең арт жақта қалған қыстақты қолымен нұсқаған. —Сенің тарихың енді ешкімге керек емесін көрдіңіз ғой.

— Ендігінің көзіне көк шыбын үймелеген малшысы түгілі пәлен жыл оқыған, мойнына шоқпардай галстук байлап, бас-

тық не шала бастық болып жүргендері де тап сондай. Оның несін айтасың? — деп күйзелді Аужекең.

— Несін айтайын, — деп сөзін жалғады, — біздің ауылдың Окап парткомы жиналысқа тымақ киіп келген Игеннің Балтабайын "Сен ескілікті көксеушісің" дсп қуып шықты ғой. Осыны көріп отырып қарайған халықтың біреуі ара түспеді. Несін айтайын, жеткеніміз осы.

Әлкәдірдің есіне сонау жылы осы шөл далаға ірге көтерген бір совхозға барғаны түсті. Ақшаңқан үйлер, түзу көшелер сән беріп-ақ тұр екен. Сәулетті үйдің біреуінің маңдайшасына "Детсад" деп қойыпты.

— Япырым-ай, осы ауылда орыс бар ма, — деп сұраған.

— Қайдан келгенін білмейміз біреуі бар, тіпті өзінің паспорты да жоқ.

— Сол үшін екен ғой,-деп "Детсадты" иегімен көрсетті.

— Жоғ-ә. Өзіміз үшін. Атын да әсемдеп "Чебурашка" қойдық.

— Шұбар ешкі дейсіз бе?

— Қайдағы шұбар ешкі, Чебурашка, — деп рабочком атанған бастық түзету енгізді. — Чебурашка.

— Қай қазақ, әсіресе малшы қауым, тілін бұрап жатсын. Олар Шұбар ешкі дей салады ғой. — Әлкәдір миығынан күлген.

— Осы, сендер, неге жайларыңа жүрмейсіңдер. Үкімет гіен партияның саясатын бұрмалау ғой бұл

— Оу, ақсақал, "Детсадыңызды" "Ботақан", "Құлыншақ" деп атамасын деген партияның нұсқауы жоқ шығар.

Рабочком бастық әлденені мұрнының астынан міңгірлеп, ала көзімен атып жүре берген еді. Енді міне екі ақсақал да сөздері таусылғандай ұнжырғалары түсіп, үнсіз қалыпты. Бұл маңға аяқ баспағандарына да қырық жылдан аса уақыт өтіпті.

— Неге? — деп сұраған Әлкәдір.

— Қан ақ ты ғой.

— Көз алдымыздан кетер емес.

— Әлі жүрегімізде тұрады.

Сол бір отыз бірдің суық көктемінде жүрегі шошып, жерін тастап безіп кеткендердің бас-аяғы осы екі ақсақал емес шығар. Енді міне су ішкен бұлақтарын көріп кемсеңдеп, өрттен аман қалған бір түп бұтамен туғанын көргендей егіле қауышып келе жатыр. Ақсорандағы Демесіннің үйіне түс ауа

жеткен. Ауыл қазағының әдетімен кім келділеп жеткен Ғалымжан да осында.

Телевизорға түсіретінді естіп, бала-шаға да жиналып қапты.

— Неге білмейік? Естігенбіз, — дейді Демесін. — Бірақ басына барып көрген жоқпыз. Ана Қосдоңғалда отыз бірде кісі атыпты дегенді ел айтады ғой.

— Жалғыз Қосдоңғал дейсің бе, ана Бүркіттіде де тоғыз адамды атты ғой.

Әлкәдірдің есіне алдыңғы жылы Мойынтыға барып, тоқсаннан асып отырған Доман ақсақалмен кездескені түсті. Иә, сол жылы екен ғой, осы елдің бір атасы Құлназардан қалған сапты аяққа дәм құйғызып ішіп еді. Доман ақсақал Бүркіттідегі қанды қырғынның бел ортасында бопты. Жазалаушы отрядтың аттары көктемгі бұлақтың ағысына батпақтап қалып, сол үшін Доманды да "жау" санап, атылатындардың ішіне қосқан екен. Жазалаушының бір белсендісі Мұқышты бұрыннан білетін.

— Әй, Мұқыш, менің кеше он алтыншы жылы Сібірге айдалғанымды, ал өзімнің жетім өскен, сіңірі шыққан кедей екенімді білесің. Мен не жаздым, — деп айқайлаған екен Доман.

— Доман, былай шық. — Мұқыштың әмірінен кейін кезенген мылтықтар ажал шашып қоя берген.

— Сол уақиғаларды тісімнен шығаруға қорқушы едім. Құдай берген жасты жасадым, енді кімнен қорқайын, — деген еді Доман ақсақал

Қос доңғалға осы ауылдағы жұрттың біразы барды. Ес жиып, етек жапқан балалардың да барғанын дұрыс көрген. Өткен күндердің жай ғана қытымыр шақ болмағанын, осы даланың қанға боккен тұстарын да біліп өскен ұрпақ мәңгіріп өспес, кешеліктен ада болар деген ниегті телекамерасын арқалаған Тоғанбай айтып та қалды.

— Ақсақал, жеткізе айтыңыз, енді сіз сескенер ештеңе жоқ. Білсін мына жұрт, есіне ала жүрсін жастар жағы.

Жайшылықта күлкінің нұры кетпейтін Тоғанбайдың жүзі сұрғылт тартыпты. Телекамерасын әр оқиға болған жерге көздегсн сайын жүрек тұсын қайта-қайта сипалап, күрсіне береді.

— Осындай сұмдықты жасағандарды да қара жер көтеріп жүрді-ау, — дейді.

Жұртты Тоқтабек Көңі дейтін тас қораға қамаған. Түртіп қалса тасы суырылып тұрған қора-түрмеге тірі жанға жаман-шылық жасап көрмеген, танымайтын адамына "ой, бауырым-дап" құшақ жаятын даланың қазағынан басқа кім қамалып отырар дейсің.

—Түн іші еді,-дейді Аужекең молда, — жасым он сегізге жаңа толған шақ. Қамалғандарды ақ түйеге мінгізіп, Қарқаралыға жөнелтеміз деп алып шықты. Бапыдағы Құрымбай сайына ор қаздырып қойыпты. Шетінен шешіндіріп жатыр.

— Не істейді бізді? — дейді біреуі дір-дір етіп.

— Соны білмей тұрсың ба. Атады.

Қараңғы түнде гүрсілдеген мылтық тау ішін жаңғыртып жатты. Ойбайлаған, шыңғырған адам дауысынан құлақ тұнғандай. Біреудің қашқан бейнесі керінген, мылтық атаулы соны көзеп, зіркілдеп қоя берген. Сүйретіп әкеліп, орға тастаған еді, әлі өлмеген бейшараны Сапы деген белсенді қайламен ұрып, қасқыр соққандай айызы қанып тұрғанын көріп есеңгіреп, құлауға шақ тұрған Аманжанды әлде біреу "қайт" деп кері жіберген. Шала есті жігіт қайтар жолын таба алмай сандалақтап, ит үрген жаққа жүріп әлдебір жалғыз отырған киіз үйдің үстінен шыққан.

— Қырып жатыр ана жақта, — деп үй иесінің әйелі жылап отыр.

— Жап аузыңды. Естіп қалса бізді де сөйтеді, — деп жекиді отағасы.

Жеңімен аузын басып жылаған әйелдің үні семер емес. Қыңқ етіп дыбыстаған бесіктегі баласына төсін тосып, оның да үнін бітеп егіліп отыр. Үрей билеген үйде түнімен көз ілмей шыққан Аманжан ертеңіне Бүркіттіде атылып жатқандардың үстінен түскен.

— Бәрін де таныдым. Әсіресе ана Бәтжан пұшық әлденеден қорыққандай бетін баса құлаған екен. Ең болмаса соларды жерлеуге де рұқсат бермеді ғой ана шолақ белсенділер.

Мына әңгімені естіген Тоғанбай да, Әлкәдір де өз-өзіне келе алмады. Рас па өзі? Барымта-қарымтада жан беріп, жан алысып ұрысатын қазақтың қолында сойыл ғана болушы еді. Оның өзін сілтегенде жау деп ұққан адамының өліп кетпеуін ойлап, тіземен, қардан ғана ұрушы еді. Мынау не сұмдық? Жаралы адамды қайламен ұрып өлтіру деген жауыздық қазаққақайдан келген. Қазақы салт-санадан айырылып

Еуропаның үлгісіне түскен бүгінгі қазақ осыны істеді десе сенер еді. Ал... ал сонау отыз бірінші жылы... Әлі ел бүлініп болмаған шақта.. .Әлде адамның түбінде айуандық жатыр ма? Әлде... әлде... деп ой түбіне жете алмаған.

— Менің де он жетіден он сегізге шығар тұсым еді. Қаркаралыдан келген қарулы отрядтың бастығы қарауыл ретінде мына төбенің басына шығарып қойды. -Зекен ақсақал өткен күннің ауыр оқиғаларының салмағы езгендей бүкірейіп зорға сөйлеп тұр. — Бір топ адамды жалғыз оқпен атамыз деп тізіп қойған. Қатардың алдындағы жігіт мылтықтың аузына шыдамай құлай берді. Сонда Тәсібск "мына, шіркін, ажалды да қарсы ала алмады ғой" деп оқтың алдына өзі барып тұрған еді.

— Бір жастағы Тәсібектің немересін де атқанын Меністің Нұржаны айтып жүр ғой.

— Аузым бармайды... бармайды... Ана Сақай келіншектің төсін кесіп, қинап өлтірген, — Зексн ақсақал жасқа толы көзін сүртіп, өксіп, тұтығып тұрып қалған.

Түнімен дөңбекшіді. Торгі үйдегі еденге жеке-жеке салып берген төсектің кереуетте болмағанына да шүкіршілік. Әлде қандай жаманшылықты сезгендей тыста ит ұлыды. Әлде ит екеш ит те осы жұрттың жан қиналысын сезді ме, ауық-ауық көкке мойнын соза берді. Жатқан жұрттың бірде-біреуі көз ілмеген сияқты. Бірінің қиналысын бірі іштей түйсініп, енді оған тағы бір ауырлық қосқысы келмегендей жеке-жеке тынған. Жаздың қысқа таңы да мұндай ұзақ болар ма. Ауылға осы да жарайды дегендей қалқайта салған үйдің төбесіне тышқан толып кеткен бе, бірі шиқылдап, бірі жарысып, ол да мазаны алған. Ту... ту... ту... Зарықтырып барып әтеш те шақырды-ау.

Осылай қарай шығарда Зекен ақсақал Қалжан батырдың қыстауында батырдың сауыты қалғанын жырдай қылып жеткізген. Ең болмаса жұрнағы қалған жоқ па екен деген дәмемен тау ішіндегі ескі қыстауға ат басын тіресті. Иесі кетіп, жұрты қалған қыстаудағы әр үйдің шөккен қабырғасынан басқа көзге ілігері жоқ.

— Міне, мынау батырдың өз үйі, ұрпақтары да осы үйде отыз бірдің жазына дейін тұрғанын білетін едім. — Зекен ақсакал ескі жұртты көріп томсарып қалыпты.

— Сауыты кай жерде қалған еді? — деп сұрады Аужекең молла.

— Батырдың үйінің алдындағы мына жерде қора болатын. Сол қораның үстінде жатты.

— Үлкен бе еді? — Әлкәдірдің ойында, шіркін, Еуропаның рыцарлары дегендердің сауытынан қандай екен сауалы жатқан.

— Ойбой, үлкен ғой, үлкен. Мына мен киіп көргенде тобығымнан түскен. — Зекен ақсақалдың орта бойлыдан жоғарғы денесіне қарап бәрі де:

— Мол екен, — десті.

— Темірі асыл ғой деймін, тор сауыттың әр шығыршығы жалтырап тұратын.

— Қораның үстінен ешкім алмады ма?

— Кім алсын. Әр кімге жан керек. Ол сауытқа таяп кеткендіжау санап жатқанда жұрт басымен қайғы болды ғой.

— Сонан...

— Сонан жұрт осы қыстаудан жырыла көшіп, бұл маңға қайтып келген жок. Тор сауыт қораның үстінде қала берді.

— Қазып көрсек қайтеді, мүмкін қораның құлаған үйіндісінің астынан бір бөлігі шығып қалар, — дескен.

Қораның маңы айқұш-ұйқыш қазылып, ештеңе таппай, кім біледі деген үмітпен біраз қорым ақтарылған. Сонау отыз бірден бері де қырық жылдан аса уақыт өтіпті. Таба алмаса да кім біледі, іздеушісіне кез болмай жатқан шығар деген үмітпен аттанған. Кім біледі...

Зекен ақсақал сол отыз бірдегі үркіншілікте үдіре көшкен өз ауылының жұртына әкелді.

— Міне, мынау біздің үй еді.

— Төрт қабырғасы жақсы сақталған үйге жалғаса салынған қораның ауқымы үй иесінің орта дәулетті малы болғанының айғағы сияқты. Іргесі сақталған қораның шошала жақ бұрышын сипалап жүрген ақсақая

— Әкей тап көшерде осы жерге бір керегі боп қала ма деп біраз ақша тығып еді, — дейді.

— Қазып көреміз бе?

— Тышқан жеп қойған шығар. — Зекең қолын сілтеді.

— Сонан бері бір келе алмадыңыз ба?

— Қорықтық қой. Ескі жұртты іздеудің өзі пәлсгс бас тігу болды емес пе.

Ақсақал әр бөлмені аралап, сипалақтап жур. Төргі бөлмеде қағылған төрт бас ағаш шеге әлі тұр екен. Зекен "ah" деп қалды.

— Мына шегені тап осы жерге өзім жасап қағып едім.

— Жай ғана ырғап суырып алған ағаш шегені қалтасына салған. — Балама... Тілеубекке беремін.

Бөлменің әр жеріне ұя жасалыпты.

— Бұл жерге әкей шам қойғызушы еді...

— Мына жерде шешей...

Зекен ақсақалдың дауысы жарықшақтанып кетті. Өзімен өзі болып, әр нені айтып қабырғаның әр тұсын сипалауы көбейе берген. Кенет өкпелеген баланың ұсқынындай жауырыны да құшия қалыпты. Сонау бозбала жігіт шағынан бері қайта көріскен ата-мекенімен сексенге келген қарияның қоштасып жүргенін де бәрі түсінді.

— Өмір-ай десейші...

* * *

Қора-қопсының ондай-мұндай шұқымасын айналдырғанына да біраз уақыт болып қапты. Аптасына бір келетін демалыста болмаса басқа уақытта қолы тие бермейтін үй маңының шаруасы да жеткілікті. Аядай екі бөлмелі үй еді, жұрт қатарлы өмір сүрмек болып, ас үй мен балахана қосқан. Өзі сиякты қатардағы қызметкерге бұл да бір кісіні қартайтатын шаруа екен. Қол ұшын берер және ешкім жоқ. Пендешілік-ай, қол ұшын дейді-ау... Осы жұртта жүрек қалмаған ба, әлде қатыгездік деген әркімнің көкірегін билеп алған ба, тіпті Зейіннен қасқыр көрген ешкідей үркіп тұратынын қайтерсің. Әлде мылтықтың түтінімен елдің зәресін алып бітірген анау үш әріпті мекеменің "Жау элементке қол ұшын бермеңдер, сөйтіп сілікпесін шығарайық" деген тапсырысы бар ма.

— Уh,-деп Зейін қораның алдындағы орындыққа отыра кетті. Не көрсе де өзі жұбайы Рымкеш екеуі төзіп келеді. Әйтеуір ана Әлкәдірдің барлығына да шүкіршілік. Пейіл танытатын сол ғана. Тағдырдың қай қысталаңынан өтсе де, достығы-достық. Араларына қанша ши жүгіртіп көрсе де ештеңе шықпайтынын көрген соң, дұшпан пейілділер де қойған сияқты. Оны айтасың, тіпті соңғы кезде екеуі сөйлесе қалса іштеріндегісін айтып алсын дей ме, кей жігіттер жеке тастап кететінді де шығарды.

— Белі бар болғырдың сонша үзілгені несі?—деп бүйірін таяна тұрған.

Өмір шіркіннің қалжыратып тастағанын соңғы кезде мойындап қалған. Тағдырдың айдауымен тар қапасқа түскенде жасы жиырма беске жетпеген шағы еді, енді сонан бері де ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Шашты сол Ібір-Сібір жақтан ағартып қайтты. Елге қайтқан соң да жетіскен жағдай болмаған. Ең болмаса мына жұртқа үлгі болып жүру үшін институттың сырттай бөліміне оқуға қайта түскен. Бұрын екі-үш жылын тәмәмдап кетсе де, "Ол оқуы уақыт өткен соң маңызын жойды" сылтауымен бірінші курсқа қайта түсуге мәжбүр еткен.

Оқымас та еді. Бірақ "жау элементтің" сыртынан өсек таратып жүруге құмар КГБ-нің салпаңқұлақтары:

— Көрдіңдер ме? Еш білімі жоқ. Білімсіз болғандықтан өмірдің бағытын, өскелең саясатты түсінбей осындай шатаққа ұрынған. Надан ғой, надан, — деп жұрт арасында жосықсыз әңгіме өрістетпеу үшін қайта оқуға кірісті. Ана Әлкәдір айдауда жүргенде де Маркстің "Капиталын", Энгельстің философиялық еңбектерін конспектілеп, Антон Олейник досынан шетелдің ғұламаларының еңбектерін алып оқып жүруші еді. Институтқа ол да қайта түскен. Түскен де институт ұстаздарының талайының білім мен мәдениетінің өте төмендігіне өкініш айтып отырушы еді. Бірақ ғылымның бұлар үшін жабық екені де аян. Институттың сырттай бөлімінің өзін "сырттан" оқитын сырттандарды көз көрді. Олар үшін баға деген бір мейрамхана ғана. Бұлардан әр емтихан сайын ащы терін сыпырып алып отырды. Мейлі, сонда да екеуі мемлекеттік емтихандарды тек аса үздік деген бағамен бітірген еді. Бәрібір алдағы тоскауылдарда шек болмады. Зейін оқыс шаншып кеткен жүрегін сипады. "Әй, сен де тоза бастадың-ау" деді іштей.

— Габдош, балам қайда жүрсің?

— О, не ата.

— Мына саймандарды алып кетші. Әжене шай қойсын де.

— Жарайды, ата.

— Көзінің ағы мен қарасындай үш баласын көзінен таса еткісі келмейді. Осылардың өмірі үшін қорқынышы басым. Өз қолдары өз ауыздарына жеткен шақты көре алар ма екен. уақыт өткен сайын денсаулығының тым төмендеп бара жат-

қанынан қауіп ойлаған. Өзі таласа жүріп, тартыса біліп ғұмыр кешіп келеді, ал бұлар ше? Буындарын бекітпей тұрып жоғарғының айтағына ерген есі кеткендердің қақпақылына түсіп кетпей ме деп қынжылады.

— Гүлнұр, әй, Гүлнұр.

— Ата неге шақырдың.

— Айналайын, құлыным.

— Ата, біраз ойнап келейінші.

— Сабағыңды дайындап болдың ба? Бара ғой. Байқап жүр. Кешікпей кел үйге.

Осы неге қорқа береді. Әйтеуір сескенуі көп. Әлде өткендегі жайсыз уақиғадан кейін бе. Түн жарым еді ғой. Тысқа шығып аспан шырақтарына ұзағырақ үңіліп тұрған. Әлденеден секем алып, артына жалт қараса, аузы-басын жүн басқан, түсі де, киімі де қап-қара біреу төніп келіп қапты. Осындайда ала шығатын темір таяғын көтеріп, шегініп үлгерді.

— Тоқта! Кімсің?

— Жай, әшейін. Өтіп бара жатып...

— Бұл жерде сен өтетін жол жоқ қой.

— Адасып...

— Кәне, тайқы.

Зейіннің қолындағы темір таяққа жалтақтай қараған жүнді ауыз амалы таусылғандай шегіне берді. Ол шарбақтың есігін ашып шығып кеткенше Зейін де орынынан қозғалмай, жан-жағын байқастаумен болды. Бұл не? Қастандық жасау ойларында бар ма деген ой кетпей қойды. Пенденің жалғандағы уақыты да, көрер қызығы да өлшеулі деседі. Солайы солай-ақ шығар, ал бұлардікі тіпті сол өлшеуге келмейтін там-тұм тамшыдай. Саяси лагерьден босап келгеннен кейін сол өзі істеп кеткен мектепке денешынықтыру сабағынан мұғалім боп орналасқан. Екі жыл әскерде жүріп алған лейтенант атағы әскери дайындық сабағын беруге бұрын жараса, енді жарамай тұр. Осыны жүргізуге рұқсат беруші аудандық әскери комиссариаттың жігіттері:

— Енді солай боп тұр, — деп күмілжи бергеннен басқа сөзге келе алмаған.

— Менің әскери атағым бар ғой, — деген Зейін жорта. Онысы тыйым салудың қай деңгейден келіп жатқанын барлау еді. — Және бұрын осы әскери дайындықты жүргізгенмін.

— Диплом керек десіп жатыр ғой.

— Ім, - талайлар әскери офицер атағы түгілі сержанттықтан аспай, орта білім алу үшін мектепті енді сырттай оқып, "военрук" болып жүргенін мыналарға несіне айтады. Онысы пенденің көре алмайтын қызғанышы тәрізді де болып шығады екен. Әрі тап осы аудандық әскери комиссариаттың Зейінге қойып отырған тыйымы емес, мәселеге белгілі үш қаріп араласып жатқанын айтпаса да сенген.

Елден қасиет кетті деп айта алмайды, бірақ сол елдің басына шығарып қойған ана райком, исполком дегенді жағалап жүргендер, не сол жаққа қызметке барудан дәмесі барлар екі шоқып бір қарайтын қарға сияқтанып, жағынып қалуға тырысып, мұны көрсе ешкі көзденіп бітеді. Солардан шыққан сөз шығар.

— Жауды мектепке кім орналастырған? Оның ішінде ауданның ішіндегі бас мектеп, бүкіл аудан зиялысы оқыған қара шаңыраққа қобыз ойнатып қойғандары несі? — деген әңгіме тарады.

Шындық пен жалғанның арасын айыра алмай қалған халықта үн жоқ. "Әй, осылардың осысы обал-ғой" деген сөз талайдың көңілінде тұрса да айтуға тілі келмеген жағдай. Оның үстіне тың өлкесін игереміз деп ойнақ салып келген көп мұжықтан көрген иісі қазақтың запысы көз алдында. Райкомды жағалағандар, әйтеуір бір папканы қолтықтағандар Зейінді жау дейді, ал халықтың көз алдында елдің бөтен жұрттан, ана сабан бас, сарыдан көрген қорлығы тұр. Радионың күндіз-түні қақсайтыны ұлы достық, Қазақстан сол достықтың қазаны. Қазанға түскен қай азықтың болған біткені дәмді ас. Сонда бұл қазақ орыс-кәріс, хохол-шүршіт, кавказ-карпат мидай араласқанда кім болып шықпақ? Үлкендер жағы жасаураған көздерін алысқа қадап:

— Иә, Алла,өзің оңғара гөр, — деп тілегеннен аспайды.

Соңғы кезде қаптап кеткен орыстың мектебінде оқып, өздерін қара қазақтан тәуір санап жүрген ана сып борбайларда ой жоқ. "Аллалаған" қариялар олар үшін жау элемент болмаса да, ту сонау... сонау федолизмнен келе жатқан ескіліктің қалдығы. Қариялардың қиялы қияли карттардың өзімен бірге кетер деседі. Оқып, жетіліп жатқан жоқ па қазағы. Бірақ сол оқытудың жемісі кімнің жеңісі екендігіне бас ауыртып жатқан да шамалы.

Дегенмен Еуропадан келген бөтен жұрттың тізесін ел еріксіз сезінуде. Осы жақында ғана көшедегі бір қағысып қалудың салдары клубтағы сойқан боп жалғасқан. Аудан орталығын басып алған көп мұжықтың отыз шақты жынсүрейі кино болып жатқан залға ұрандап басып кіріп, жұртты шетінен ұрып соға бастаған. Қазақтың бала-шаға, қатын-қалашының қолынан келгені терезені бұзып қашып жан сауғалау. Таяғына сүйенген, жаңа ғана операциядан шыққан, Мәдінің баласының жазығы балдағына таянғаны болса керек, тоғыз жерден пышақ салып шейітқып жіберді.

Ел дүрлікті. Дүрлігу күпілдеуден аспады. Ең болмаса "Тарт қолыңды. Қайтар бұзығыңды өз еліңе" деп көшеге бір рет шығуға жарамады. Жан иесі ғана жылап жүріп, "баламды өлтіріп кетті" деп бір жерге арыз жазғансыды. Қолдан намысын жырту келмесе де, бірін-бірі қаралауда алдына жан салмай, бәйгеден қара үзіп, алда келеді. Мектептегі ана бір үрген бүйендей тырсиған, мыртық аяғы салбыраған қарынан көрінбейтін әйел өз-өзінен түлен түрткендей ашулы.

— Үйбай-ай, ана сотталып келгендерді мектепке алып. Аузын кәмпит сорғандай сылп еткізген. — Не деген сұмдық?

— Кімді айтып тұрсыз, — деуге ешкім батпаған. Естімегенсиді.

— Осыны көріп отырған ешкім бар ма? Әлгі Көшкінбай дегсн оқу бөлімі мекемесін құлатып тынар мына бетінде. Бетім-ау.

Зейіннің бұл әңгімені құлағы шалды. Оның үстіне ана бір кекештеу шал да осындай пікірді айтады дегенді естіді. Сонда мұның жазығы… Иә, жазығы қазағын жақсы көргені. Ең болмаса осыны сол қазағы білсе, түсінсе жарар еді. Көзге шыққан сүйелдей болды-ау. Тегі бұл орыннан жылжып кетпесе болмас. Алыстағы бір мектепке барсам дегеніне оқу бөлімі де қарсы болмады. Тек:

— Тым алыстау емсс пе? — деген де қойған.

— Біраз сол жақта бола тұрайын.

Шалғайдағы аз ауылдың жеті жылдық деп аталатын, шалалау мектебінде қазақ тілінің оқытушысы міндетін атқарып екі жылдай жүрді. Оқушы бар, оқытушының жөні келіспейді екен. Кешегі отызыншы жылдары халықты жаппай кирилицаға аударғанда ашылған Саужой мектебін еске түсіре ме, қалай деп қалды. Мұғалімдердің біразы онжыл-

дықты ғана бітіргендер, бірді-екілі инстнтут дегенді сырттай бақылап жүргендер. Сырттай да болса оқып жатырмыз-ау деп, кітапқа қарап, тырысып жатқандары да көрінбейді. Баяғыда өздеріне астрономиядан сабақ берген Аужанбай мұғалімге балалар:

— Африканың солтүстігіне Марстың тұрғындары сүйек тастапты. Қалай болған? — деп сұрақ бергені бар еді.

— Енді ол аспандағыларға қиын ба? Сол тұсқа дәлдеп тастай салған да, — деп "абыройлы" болғыр ұстаздары тап бір үйдің төбесінен лақтыра салғандай нақпа-нақ жауап беріп, Риза" еткен еді.

Сонан бері де талай су ағып, жұрт жаңарды. Кей мұғалімнің ұсқыны анау сол өткен деңгейде. Онан оқыған балалардын дәрежесі қандай болмақ деп іштей қынжылса да, көпке топырақ шашпады. Қолынан келгенше оқу мен тәрбие ісіне көбірек араласып, мектеп өміріне жаңалық киргізгісі келген.

— Мынау бір соны серпіліс болды-ау, — деп аз ауылдың көбі риза.

— Басы артық жұмысқа жегілдік, — дегендей әріптестерінің ішінде күңкіл де бар.

Қияндағы қыстаудағы мектепке орналасқаны ендігі өмірінде соңынан қалмас зәрлі мекемеге ой салды ма, әлде ұнамады ма кім білсін солардың адамдарының бой көрсетуі жиіледі. Секем алғыш мекеме Зейін қияндағы ауылда жатып алып, үкіметке карсы әрекет ұйымдастырып жатпағай деген ойдан да сау емес сияқты. Бір-екі рет келіп мектептің ішісыртын тінткілеуіне қарағанда "жау элементтің" жасырын құрал-жабдығын да іздеген тәрізді. Соның әсері болар, шалалау мектептің шалағайлау директорының қабағы жанарын жауып, ұрты салбырап кетіпті. Ештеңені байқамағансып:

— Хал жағдайыңыз жақсы ма? Оқу бөлімдегілердің кабағы қалай? - деп жорта сұрағанына.

— Жүрміз ғой, — деп ұнжырғасы түсе жауап берген. Өзінің Зейінге деген пейіл-қатынасы да өзгеріп сала берді.

— Осылай етсек жөн болар еді, — деген ұсыныстары да өтпей қалатын болды. Оның не қисық, не дұрыс екені де айтылмай, жауырды жаба тоқып жүре бергендей халге келген.

Ақыры атақты мекеменің адамдары өзіне де таянған.

— Иә, халіңіз қалай? — деп тап бір жаны ашырындай— ақ іш тартты.

— Келіп-кетіп көріп жүрсіздер ғой,-деп Зейін де бұлардың әрекетінен хабары барын алдарына тосқан.

Шет-қақпай жатқан ауылда тұрып та тыныштық таппасына, қайта осы " жау" тау арасына кіріп алып, назардан тыс қары жатып, үкімет пен партияға қарсы әрекет ұйымдастырып жүрмесін деген КГБ-нің қаупіне елене береріне Зейіннің көзі жетті. Осындайда әкесі Игілік маркұм:

— Қайда барсаң Қорқыттың көрі, - деуші еді.

Ендеше көп жүрген жер, ауданның орталығына қайыра келуге шешкен. Мұнда да Зейінге ешкім қызмет дайындап отырған жоқ. Мектептерді жағалап көріп еді, маңайына жолатар емес. Орын болса да бұған келгенде есігі жабық. Сүйектің майы сарғайған сарыкідір де емес, жіліншік майы үзілген шал да емес, Аюлының құж-құж тасындай берік те сіңірлі шағында орын таппай, жанарынан үміттің оты адасып тұрғанда қыз-қырқынға басшылық етер клубтың бастығы деген қызмет кездесе кетті.

—Тұрасыз ба?

— Тұрам, ағайын.

Клуб меңгерушісі дегенге жарымай, біреуі ішкіш, бірі санда бар сапасы жоқ болып, клуб үйінің шаруасы маңдымай тұрғанда мынадай азаматтың кездесе кеткеніне мәдениет бөлімі деген мекеменің басшысы шәпкесін аспанға лақтырған. Зейін оншақты күн клуб-басы боп жүріп жатты. Ағыптамып кеткен мекеменің бас аяғын жинап, қолды болғанын "ісписайт" деп, қолда жүргенін жинастырып, әуре боп жатқан.

— Орның қайырлы болсын, — десті таныстары.

Сол "қайырлы болсын" ұзаққа бармады. Бір күні ыбыржыбыр әңгіме, теріс қарап тұра қалып сыбырласу көбейе қалды. Түстен кейін бастық:

— Болмайды, — деді.

— Неге?

— Жоғарғы жақтан рұқсат жоқ.

Өзін жоғарғы жақ осындай "ответственный" орынға Зейінді алғаны үшін қуырып жібергенге ұқсайды.

— Клубта микрофон бар. Микрофоны бар жерде ондай адам істеуге болмайды, - депті райкомның білгіштері.

— Оу, осы клубта ең болмаса сыбырлайтын бір микрофон жоқ қой.

— Болмайды деген соң, болмайды. Басым екеу емес.

Иә, оның басының екеу түгілі жарты емес екенін Зейін көрген. Жарты шеке деп сөккені емес, бір басының билігі жақсылықпен жамандықты тануға жетпей, райкомның нәні емес, нұсқаушысы билеген соң іштей туған құсалығы. Дүниеге келген бір-екі кішкентайы мен жары болмаса мына әділетсізбен әлі де ұстаса берер еді, олар да қолбайлау екен.

Қиғаштау келе берген өмірге біреу төзер, бірі төзбес. Тезбегені кегін шөлмектен алып, делқұлы боп кетіп жатқаны қаншама. Елім деп еңіреген азамат өйтіп абыройын ашса елінің сағы сынбас па, дұшпанға таба болмас па. Шыдады. Оқу енді басталады-ау деген шақта оқу бөлімінің бір инспекторы ауысып, соған өтіне барған еді, қызметке қабылданды. Иә, кеше атақты Мағжан ақын сотталып келген соң күнелту үшін дәріханашының көмекшісі болып істеген жоқ па еді. Мағжанға сөйткен ел қайта бұған бұл қызметті қиды де.

— Шын тұрдың ба? - деген жарына.

— Ол жерде микрофон жоқ екен, — деп ащы әзілмен жауап берген.

Мынау өмір мылтықсыз майдан екен. Бәрі өзіміз ғой, бірге өскен азаматтар ғой десең де, талайдың ішін мысық тырнап жатқандай. Доспын деп күле кіріп, күңірене шығатындардан сескеніп қалған. Аузыңнан ащылау сөз шықса тиісті орынға жеткізіп, өзі жақсы көрініп, өзіңді дозаққа салуға дайындар бой көрсеткен мезгіл бұлардың ғұмыр деп аталатын өлшеулі уақытына дәл келіпті.

Өздерін есігі қиқулап қарсы алып, қимастай шығарып салған саяси лагерьде бәрі де басқа. Онда кесіктілер және абаламаса да арсылдап қалуға дайын "начальник" дегендер бар. Кесіктілдердің мұңы да, жыры да бір. Қауіп ойласа тек лагерьдің үлкен кіші шенділерінен күтеді. Зейіннің есіне Жезқазғандағы елу төртінші жылы саясилардың көтерілісінің ішінде болған дядя Володя деген шал түсті. Соның қай ұлт екенін де сұрамапты.

— Ой-ой, айтпа оны. Аштық пен зорлықтан қырылып бара жатқан соң әділін сұрадық қой. Қолымызда ең болмаса шиті мылтық та болған жоқ. Әйтеуір қолға түскенді үйіп, баррикада ғана жасап қойғанбыз. Жан-жақтан танкімен кіріп,

қуып жүрігі таптады ғой. — Аласа бойлы, қағылез шал қос қолдап басын ұстап теңселген. — Сендердің жерлестерің де көп еді арамызда. Соның ішінде Орин дегені болды. Жалын еді. Көп әділетсіздікті сол бастықтардың бетіне басты. Әй, жақсы жігіт еді.

— Аты-жөні... Аты-жөні кім еді? — деп Әлкәдір қадала сұраған. Әлкәдірдің бір туысы Әрін дегеннің сол Жезқазғанда болыпты деген сыбысын өздері бұрын да естіген. Жұмаш ақсақалдың сол оқиғалардан кейін Әрінді іздеп Ақмола жаққа барып келгенін де білетін.

— Аты-жөні есімде жоқ. Өзін жақсы көріп бәріміз Орин деуші едік. Немене, жақының ба ол?

— Сол аттас бір кісі туралы естуіміз бар еді.

— Ой-хой, талай сұмдықты бастан кешірдік қой. Қырық жетінің қысында он мың адамды Ақ теңіздегі Соловки аралына апарып тастаған. Неге апарғанын біле алмадық. Ол жерде біз істейтін жұмыс та жоқ. Жұмыс түгілі бізге баспана да жоқ екен. Аяз деген қырық градустан бір түспей қойды. Әкеліп тастады да, кетті. Боран мен аяз кезек ұрып тұрды. Қарды тепкілеп үйшік жасап алдық. Күнде үсіген адамның сүйегі тау-тау боп үйіліп қалады. Оған да үйренеді екенсің. Сол өліктердің де сүйегінен қалап-қалап баспана еттік. Он мыңнан көктемге бірер жүзіміз ғана тірі шыққанбыз. — Шал кемсеңеткен.

Иә, лагерьдегілер дұшпан кім, дос қайсы екенін айыра алатын. Мұнда тап өзіңдейге сенім жоқ, өзі де басқаға сенім арта алмайды екен. Өзіңе біреу жақындаса, оны әлгі үш әріптің малай қылып жегіп алуы тіфу дегеннен жеңіл.

Оқу бөлімінің бастығы Әбілданың Көшкінбайының басы екеу болмағанымен сол бір басына ие азамат дегенді жұрт айтатын. Жүрісі де, ісі де мығым. Ауыздыға сөз бермейтін мысқылшыл Сухаң директор да, әзіл-шыны аралас жүретін Көшкеңнің алдында кіші болмаса да ілтипат танытады. Сухаңның Көшкеңнің үнемі жаңарып отыратын талаптарына шыдамаған жұртқа:

— Талап та күшейіп барады, директорлықты да қимаймыз, Кенжебай, ә-деген сөзі де жұртқа мәтел боп кеткен.

Көшкең бастық Зейінді шақырды.

— Саған талаптың екі есе болатынын да сезерсің. Жөнсіз сүріндірейін деген де ойымда жоқ. Жұмысыңда шикілік болса:

— Оған жол бермеспіз, Көшке.

— Солай болуы керек. Ұрпақ тәрбиесінің үнемі бақылауда екенін естен шығармассың.

"Бақылауда екенін" дегенді нығыздай айтқан бастықтың сөзінің ар жағында салмақты зіл жатқанын, Көшкеңнің соны ұқтырғысы келгенін іштей білген де, көңілге тоқыған.

Өткен күндердің елесі билеген Зейін аспанды бұлт торлап, Аюлының басын бүркеп қалғанын енді ғана байқады. Бұлардың жас кезінде Аюлы да жас көрінетін, тастары күнмен шағылыса жалтырап, сай-сайынан ербіген шілік жотадағы мәңгі жасыл аршамен ұласкан тау әсем киінген сұлуға ұқсаушы ма, еді. Сол жас та, мәңгі жасыл тау да көз алдарында қартайып кеткендей. Сонау бір жылдары тың көтереміз деп өрепкіп келген неше түрлі бұзаторлар тас екеш тасты да копарып, тау бетін ерсілі қарсылы тілгілеп, өшпес әжім салып үлгеріпті. Етегінде шапшып жатқан бұлақтары әрең жылап ағып жатыр. Ана Жұмаш ақсақал:

— Бұл келімсектердің басқан жеріне шөп шықпайды, — деуші еді. Рас екен.

Е, сөйтіп оқу бөлімінде инспсктор болып істеп жатты. Қайда жіберсе де тартынбады. Талай сорақылықтың үстінен түссе де жау жеттілеген жоқ, қынжылды, ренжіді, түзеп жіберудің жолын қарастырды. Көршілес Кеншоқы совхозын бірде Ақтоғай еншілеп, бірде Ағадырға меншіктетіп жүріп, Шет ауданына қайта қосқан. Оқу жұмысын түбегейлі тексеруге де қаулы шықты. Сол топтың ортасында Зейін де бар. Үшінші күні Әбіш мұғалімнің сабағына кірген.

— Балалар үйге берген тапсырыс осы ма? — дейді Әбіш мұғалім.

— Жоқ, ол емес, мына тақырып, — деп шу-шу етті бесінші кластың балалары.

Мұғалім өз бетінше лағып, оқушылар өздерінше баяндаған қи-қотан сабақ жүре берді. Ең шымбайға батқаны жаңа сабақ еді. Ертеде Кректер деген халық бопты деді Әбіш. Олар скульптор дегенді жасапты. Сонда олар әлемдегі әр халықтың ең таңдаулы мүшесін таңдап, сол скульптураға жапсырыпты. Ал, қазақтың қара торы екенін білесіңдср ғой балалар.

— Білеміз, — деген шудың соңынан.

— Сол казақтың қара торы өңін де әлгі тае бейнеге қондырыпты, — деген мұғалімнің түсіндіруінен кейін Зейін ызадан жарылып кете жаздаған.

— Ең болмаса ана қазақтың балаларын бейшара етпесеңдерші. Озбаса да ана орыс, немістің өзі сияқты қатарынан кем болмауын неге ойламайсыңдар. Аксақал-ау, зейнетке шыпғуға үш-төрт-ақ жыл қалыпты. Сөзіңізге бүгін сенген балалар ертсң оспей ме? Өксн соң "кректердің мәдениеті" деп айтқаныңызға күліп, мазақ етпей ме, соны да ойламағандарың ба?

— Бір Әбіш дейсің бе? Жоғарғы жақға бір демеушісі, арашашысы бар талай жүр. Олармсн шарпысып ешгеңе өндірмесіне баяғыда көзі жеткен. Бар қолы жеткені бүл келсді дегенде жайылып жүргендер жиналған болып, сң болмаса сабақ жоспарын түзсп қояды.

Аудан орталығында музыка мсктсбі ашылады ксн, жоспарға еніпгі деген әңгіме жазда шығып, оның растығына жүрттың ақпанда көзі жеткен. Қобыз үстаған бір қыз, баяншы орыс келіншегі, екі балаң жігіт домбырасын арқалап жүрсе де жаңа мекемеге басшыға лайық адам табыла қоймады. Әрі ойлап, бері толғап домбыраны шсбер тартатын Зейінді сол мектсптің бастығы етіп тағайындаған. Жаңа мектептін жабдығы деп қыстай табанынан таусылды.

Балқаштағы базистік мағазинмсн көптсн келісіп, төлемін өткізіп қойған пианиноны сондағы бір пысық үйінс кіргізіп алыпты.

— Неге аласың?

— Сен кімсің? Үйімс еріксіз кіргенің үшін қаматамын.

Шатақтасып жүріп әкелген жалғыз пианиноны осындағы тағы бір бастық қызыма бер деп қиғылық салғанын кайтсрсің. Осокаровкадан домбыра тасыды. Тиегі мсн пернесінс дейін өз қолымен жасап, қойып берді. Мынау Арқаның шсртпс күйлсрі жанашырын таппай жүр-ау деп озі білетін талай күйді балалардың көкейіне сіңіругс тырысты. Келер жылы-ақ музыка мектебі аудан сахнасына жекс конңсрт қойды.

— Рахмет.

— Үзағынан сүйіндірсін, — дсксн.

Сапты аяқтың сабынан карауыл қараушылар мықты скен. Зейіннің бүл тірліғінен де теріс пиғыл барын аңдаушылар

шыға келді. Райкомдағы әнебір ызбарлана еөйлейтін, тыштиған кара жігіт:

— Бұл не деген бассыздык? Шертпе күйлер-тұрған зар. Зар біздің заманымызға келмейтінін неге білмейміз, — десе, іліп ала жөнелгендер.

— Қайдағы бір Қыздарбек, Әбди дей ме, солардың өмірі дей ме, сол гуралы балаларға айтыпты. Атылып-шатылып кетксндер кімге керек? — десті.

Бір мекемені жат пигылды адамға беріп қойғанымыз жөн болмас. Ол ондағы балаларды зарлы ән күйге баулып, оңдырмас. Не ойы барын тағы кім біледі дегснді жоғарғылар ойласа керек, табан астынан:

— Босатылсын! — деген бұйрық шықты.

— Негс? — деп Зейін сұрамады. Есіне тек қана сонау лагсрьдегі әнші Латыш жігіті келе берген. Уақыты бола қалса өз тіліндс кейде жігсрлі, кейде мұңлы әндерді накышына келтірс орындап отырушы еді. Сол жігіт бір күні дүйім жұрттың көзінше:

— Мені елімнің азаттығы үшін құрбан болды деп есептсңдер. Қолымнан келгсн қарсылығым осы, — деп жоғарғы кернеулі тоққа тұсіп, ажал тапқан.

Қынжылса да қолдан келер нс бар. Зейін өзегі талғанын сезді. Өзегі талғаимен аска отырса қарбытып тастауы тағы шамалы. Шұқып ішкен тамақ ас болмай ма, не қылса да өзінің арып бара жатқанына көзі жеткелі кашан. Жүрегінің түсы шанша ма, бауыры іскендей бола ма, әйтеуір мазасы кетулі.

— Сіз осы аяғым дейсіз, дұрысы жүрегіңізді калаға апарып тексертіп алғаныңыз жөи, — деген Райымбек дәрігер Алматыдағы иәленбай айға созылатын жетілдіру курсына кетіп бара жатып.

Елге аман-ссен келгелі бсрі баяғыдай жасырын үйым құрыи, үкімсттің зәресін алмаса да қарап жатқандары шамалы. Маңдайынаорыс мсктсбі бүйырған Әлкәдір "Мына қазақ пс болады, барсам бір кластағы отыз баланың үш-төртеуі ғана не орыс, ғіе неміс, қалғаны озіміздің қара көздер" деп қынжылып жүрген.

— Орыс класына тек орысшаны мүдірмей сөйлейтін балаларды ғана аламыз, — деп мына дүрмекке тосқауыл қойған. Сөйтіп талай баланы көршілес қазақ мектебіне жіберткен. Оган "Осы жөн екен" дегендер шамалы. Әуелі "Қазақ бала-

ларының үйде қазақша еөйлеуге "запретить" деп жүрген сол мектептің түсі қазақ Марусялары ашық болмаса да сыбырды көбейтіп, ақыры Мәскеуге, Генсекке деп арыз кеткен.

Оу, сонда бұл Әлкәдірдің жеп жүргені қай таяқ. Кім үшін? Жаңа жыл қарсаңында жылдың он екі мүшелінің суретін салдырып, шырша өтетін залды безендірткен екен.

— Неге мұсылмандықты үгіттейсіз, — деп әнебір орыстың қолбасшысының аты-жөнін жамылған қатын директор шырпыр. — Ендеше мен де Исус Христостың суретін ілдіремін.

— Оныңыздың жыл мезгіліне қатысы болса ілдіре қойыңыз, — деп Әлкәдір де мырс еткен.

Қатын директордың ақылдастары Христостың суретін ілудің ебін таппады ма, әлде жоғарыдағы мықтылары оның саяси қате екенін ұқтырды ма, ертеңіне райынан қайтыпты Сонда да жұлынып жүріп:

— Осы мектептің балалары үзілісте тегіс қазақша сөйлейді. Бұл сіздің ықпалыңыз. Тыю керек, — деп зілденіп өткенін Зейіннің көзі көрді.

Аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін деген мақал бар еді. "Қазақпыз, қазақ емей кім деп жүрсің" деп төсін қағатындар мұндайда "Енді, мен не дейінге" шығады. Мақалы мысқыл болса да қазақ көңіліндегі түзу сөзін айтудан жаңылып көрген емес-тін. Тіл кеспек жоқты айтқан да осы ел Сөйтсе де бүгін жаңылтпашша жаңылып отырған жайы бар Аузы қисыққа жол беріп жұртты ата жолынан адастырып бара жатқанын көріп отырып, үндемей қалуға дәті шыдай ма.

Шыдамай жүрген Әлкәдірдің басына қара бұлттың жи төніп келетінін жан дүниесімен сезеді. Ол да бейқам емес Бірақ ең болмаса халқыма өстіп септігім тисін деген бетінен қайтар емес. Осы елде де қара сөзден алдына жан салмаған Байсейіт, Жанғұттыдай шешендер, қазақ елі мақтан тұтар Шортанбайдай жыраулар, отыз бірдің аласапыранының құрбаны болып кеткен Диа қажы бастаған он шақты ақын Қыздарбектің соңынан ерген талай бал бармақ күйшілер өткенін жұрт білуі керек емес пе.

— Осы айтып отырғаныңның бәрі де қара тізімге ілінгендер ғой.

— Сол қара тізімдегілерді жарыққа шығармасақ, бұл елдің ұрпағы кімнен үлгі алып өседі. Өткен тарихында тап

бүгінгі күнге дейін мақтан тұтар бір адамның болмауы деген ұғым қанша қасірет әкеледі. Ана райкомдағы жағымпаздар, машинасына қисайып мініп, кісі боқтаудан алдына жан салмайтын совхоздың директорлары, ішуден аузы босамайтын шала бастықтар, кәртөжниктер, осы... осы ғой жастардың көретіні. Оларға сенің ұрпағыңның кім болғанының керегі не? — деп іштегі қыжылын ақтарған Әлкәдірдің сөзінің жөнінен басқаны көрмеді.

Қыздарбек күйшінің ізіне досы талмай түсті. Отыз бірде Әбди, Сембегі атылып кеткенін көз көрген жұрт Қыз-ағаның атын атауға да қорқады екен. Бес жасында Қыз-ағаның тізесінде отырып, танауы пысылдап домбыра тартқан Бегімсалға барған. Жетпістің мол ортасына кірген, бір кезде елдің ерке серкесі болған Бегімсал ауылдың сиырын бағады екен.

— Іздеп келдік, — дегенде көзі бағжаң етіп, тұрып қалды.

Бегімсал домбырашы жұрт алатын зейнетақыдан да ада. Кейінгі алған әйелінен үрпе-шүрпе балалары бар. Соларды асырау тауқыметі мойнына мінген Бекең жазда малшы, қыста совхоздың қазандығына от жағады.

— Ит тірлік-ай,—деді іштей Әлкәдір. Азаматына қамқор бола алмаған болған-толған, бұғағы салбыраған басшыларды көз алдына елестетті.

Бегімсалдың домбыра ұстамағанына да талай жыл болыпты. Сырғауылға іле салған домбырасын біраз жөндеді.

— Неге кеш келдің? — деген өкпесін де жасырмады.

— Мені кешіктірді ғой.

— Естігем, естігем. Аман-есен келіпсің. Ендігі ісің қайырлы болсын.

Күс-күс қолын жылы суға салып, саусақтарын уқалап, домбыраны бір шертіп, бір тастап Бекең ұзақ отырды. Қарт домбырашының өзін-өзі баптауы екі-үш сағатқа созылған. Перне басқан саусақтары икемге келген сайын қарттың жүзі де нұрлана түскен. Бір кезде мен дайын дегендей басын изеген еді.

Иә, сол Қыздарбектің мұрасын іздеп Асқардың Жағыпарын тауып, Сәдуақастың Дәулетбегіне маза бермей, бір кезде домбырашылығымен атағы шыққан Әбдіғали, Ілияс молдалардан талай сырға қанық боп, есімін атауға сескенетін. Қыз-аға мен оның атылып кеткен шәкірттері туралы қоймай

жүріп, газет беттерінде жария етті. Қыз-ағаның шәкірттері сақтап қалған Абылай ханның "Дүние ғапыл", "Қайран елім" күйлерін радиодан бергіземін деп сілікпесі шығып отырғанын көзі көрді.

— Қара мұны, Абылайды дәріптемек, — деп аузынан сөзі түскен сілімтір сары жігіт ағасы тиісті.

— Абылайды хан деп танымай-ақ қояйық. Оны өнер иесі деудің жөні келіп тұр ғой.

— Міне, міне көрдіңдер ме? Сөйтіп ана жексұрын ханын бізге сыналап кіргізіп, дәріптетпек. Бізді мақау санап отыр.

— Сіздер шошитындай пиғылым жоқ. Орыстың патшасы ең болмаса бір романс жазса, радио таңғы ұйқымызды сонымен аштырар еді. Еуропаның бір королінің әні табылса бүкіл батыс шулап мақтанар еді, — Әлкәдірдің уәжі өтпеді.

— Оны қайтейін деп ең. Бізге ақыл айтпа, — деп радионың білгіштері бір жола қисайды. Сілімтір, сарының қиық көзі біржола қисайып, үзіліп бара жатқандай киқылдап күлді де, жауырыны қушиған біреуін арқадан рақаттана қақты. Әлкәдір оның ісінен дұңгендігін түсініп, жаны шошыды. Иә, қазақ өнерінің басына осындайларды тауып-ақ қойған екен. Сонан соң ғой халқының өнерден гөрі Иванның ащы суын аузына бірінші алып бара жатқаны.

Зейіннің пайымынша Әлкәдірдің алдына бөгесін қойған сайын ол ауыздығын тістеп алып, бас бермейтін асаудай беки түсіп, алған бетінен қайтпайтындай, мүмкін, ашына түскендей. Иә, сол ашыну көрініп те қалды. Аудан басында Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуының пәленбай жылдығына арналған салтанатты жиналыс белгілеген. Райкомның жылтыр қарасы:

— Бұл тарихи оқиға, — деп лепірді.

— Өз еркімен бай таңдап тиетін Қазақстан қатын емес. Мен ондай жиналысқа бармаймын.

— Қапы кеттің, — деп өкінді Зейін. — Олар бұл сөзіңді ұмытпайды.

Ұмытпапты. Мектептің соңғы сабағы біткен жиырма төртінші мамыр күні жұрт абыр-сабыр-тын. Онынды бітірген Гүлнаш үшін жақын-жуық, дос жаранды жинаудың қамымен жүрген Әлкәдір ұлы Едіге мен жиені Ерланды үйге қалдырып кеткен. Жарым сағаттың мұғдарында оралса, екеуі де үйде жоқ боп шықты. Есік ашық. Қағаздарының біразы ша-

шылып жатыр. Екі бала үй-қораның маңынан да табылмады. Қораның сыртындағы өзектің арғы жиегінде отырған біреу алақанын аузына тосеп сөйлегендей болды да, жұбайы Гүлім таяй беріп еді, зыта жөнелді.

— Әй, анау кім?

— Білмеймін, башпағын аяғына сұға сала безе жөнелді.

Мана, таңертеңгі шақта, осы кеспелтек, алақан көз қара жігіттің үй-үйдің арасымен осылай қарай беттеп, әрі өзіне тесіле қарап келе жатқанын Әлкәдір көргсн. Кеспслтек қара құбырды басып түрып, шұмсгінсн су ішксн болыгі та өзіне үңілгенін байқады. Ойында ештеңе жоқ, танымаған соң қараған болар деген де қойған.

Екі баланы іздемеген жерлері жоқ. Құдық-суат дегендер тегіс байқалды. Туысқандар хабардар етілді. Ұшты-күйлі жоғалған екі баланы іздеушілсрдің бірі Зейін.

— Рұқсатсыз қадам басып шықпаушы еді. Мұндайы жоқтын деп Әлкәдір жүрегі бір жаманшылықты сезгендей, зырзыр. Тау жақта алтыбақан тепкендер, өзен бойында түнгі сейілге шыққандар арасы тегіс сүзілді. Түн ортасынан ауған. Көрдік деген тірі жан жоқ. Күдер үзуге айналғанда есік алдындағы өзі аузына ілгек салып қойған қораның есігі сықырлады. Арғы жағынан біреу итеретін сияқты.

— Әй, ананың ішінде біреу бар.

— Байқа, байқа, өзіңді жазым етпесін.

— Өлмегенде енді нем қалды? — Әлкәдір тістеніп алыпты. Сарт еткізіп ілгекті жұлып тастаған. Шалқалай ашылған есіктің ар жағынан қорыққандарынан көздері алақандай боп кеткен екі бала бері беттеді. Екеуі де ешкімді танымай шошынып тұр.

— Едіге, Ерлан... Бұл мен ғой, мен. Айналайындар-ай! Қорықпаңдаршы, — деп екеуін де құшағына алған.

— Құлындарым-ай.

— Қайдан? Қалай? — дей берді Зейін де.

Айналадағыларға есеңгірей қараған балалар өздеріне келе алмай біраз отырды. Сумен беттерін жуып, сүт ішкізіп әлек.

— Yh, — деді бір шамада баланың үлкендеуі Едіге. Көз жанары да түзеле бастаған. Денесі дірілдеп барып басылып отырған баласын Әлкәдір арқасынан сипап, денесін өзіне икемдеп.

— Бірденеден қорқып қалыпсың ғой. Қане, есіне түсірші, не болды? — деп сұрады.

— Сіздер кеткен соң мына көшемен екі адам келді. Сонан соң "Кімнің үйі, кімнің баласы" екенімізді сұрады.

— Иә, — деп кішірек Ерлан да басын шұлғыған.

— Екеуі екі жағымызға келіп отырған. Бір кезде қалталарынан папирос тәрізді бірдемені шығарды да, бетімізге бүркіп жіберді. Онан кейінгісін білмейміз.

— Жаңа қалай есікке келдіңдер.

— Ұйқыдан оянған тәріздімін. Сипаласам жанымдағы Ерлан да ояна бастағандай қозғалақтайды. Қолым жанымдағы қойға тиді. Оны мана сіз әкелгеніңіз есіме түсті. Сонан Ерланға айтып, оны жетектеп есікке келіп тұрғанбыз.

— Ой, Алла-ай, бұл не сұмдық?

-— Жауыздардың ісі ғой, — деді түсі бұзылған Зейін.

Өздері тағдыр маңдайларына жазған теперішті көріп келе жатыр. Әлі де талай сыйы бар шығар. Ал, мыналардың не жазығы бар. Ертең екеуінің де балалары мектеп бітіріп, қаладағы оқуға түсер. Сонда олардың халі нешік болмақ. Кішкентайларынан көрген мына құқайды өмірі ұмытар ма. Осыны жасаған КГБ дегеннің ұр тоқпақ ессіздері екеніне күмән жоқ. Әлкәдірдің өткенді қоймай зерттеп, кейде пікірін ашық білдіріп қалатынына қолданған жазалары, қопарма "қоймамызды" деген ескертуі болар.

Зейіннің есіне әкесі түсті. Әкесі Игілік марқұм заманында біраз серілік құрған екен. Спасктағы ағылшындардың ел арасына оны-мұнысын сатар бақалшы-саудагері болыпты. Ағылшынның елінде дүние құнсыз ба, арбасына тиеп берген заттың бағасын белгілемей, Икеңнің әкеліп берген төлеміне қанағат тұтады екен. Сонан қалтасынаептеп тиын-тебен жиналған Икең жаман өмір сүрмесе керек. Әкесі Зейіннің түрмеден келуін тосып жатқандай сол жылы, сол айда сексеннің ортасына ілігіп, дүниемен қоштасты. Өтерінде:

— Байқа, балам, ендігі өмірің қауіп қатерге мол болар, — деп Зейіннің қамын жеп кеткен.

Сонан бері дс ширек ғасырдан артық уақыт өтіпті. Өмір маңдайынан сипаған жоқ. Бір ғана сексен алтының уақиғаларынан кейінгі басқа төнген қауіпті айтып болмайды. Әлкәдір екеуін Алматыға "оқу" деген сылтаумен кезек-кезек сүйреп, тексерістен өткізді.

Бұлар осы окиғаларға тікелей өздері қатынаспағанмен соған жел беруші идеялық көсемі,-деп жатқандарын естіді. Өздері қызмет атқарып жатқан оқу бөліміне келіп, қуыршақ үкшет Колбинді жақтап өткізген жиналыс та бұл екеуін райкомның өкілі бүгін болмаса да ертең-бүрсігүні "Көзі жойылатындардың" тізіміне қосып кетті. Оның соңынан өздерінежақындаса бастаған Айдар деген сол қаһарлы мекеменің жігіті "он жылға жіберу керек" деген шешім даиындалып жатқанын бір түнде ескертіп кеткен.

Иә, соның алдында ғана мектепке ауысып, әскери даиындықтан сабақ бере бастаған. Озінен бұрын бұл жұмысты атқарған жігіттің арнаулы білімі де, ықыласы да болмаған сияқты. Бәрін қайта қолға алуға тура келді. Оқушылар сабақта әскери тәртіпке де қалыптасып қалған.

— Мынадай уақытта, бұзақы жастар қалада бүлдіріп жатқанда, кеше саяси қауіпті деп сотталып келген адамға мұндай жұмысты сеніп тапсырып қоюға болмайды, - деп біреу Зешнің үстінен "мұздай" қылып жазып жіберіпті.

Мектептің басшылары "Кет, пәлекет, өзіңмен кет" дегендей ниет танытып шыға келді. Зейін айтысып көріп еді, тыңдайтын құлақ таппады.

Мұны шығарып жүрген біз емеспіз-ғойдан ешкім аспады. Мүмкін сол анық-қанығына жетер, босқа күйдірмес деп ауданның бірінші басшысының есігін ашқан. Пәлен күн тосып зорға ашқан есіктің ар жағындағы айы-күні жетіп отырған әйелдей қарнын құшақтаған дәу сары:

Иә, айта бер, — деді де, тыңдап болған соң, — Ол жерде саған істеуге болмайды, - деп бірақ кесті.

— Неге?

Ол жерде мылтық бар. - Бірінші хатшы Мекең орындығын сықырлата шіренді.

— Отағасы-ау, ондағы мылтықтардың оқшантайы да, шүріппесі де жоқ қой. Оқ салатын жері болмаған соң ол мылтық таяқпен бірдей.

— Онда шаруам жоқ. Ол жерде саған орын жоқ.

— Түсінбедім.

Түсінбейтін де ештеңе жоқ. Сен жаусың. Жаулықпен сотталып келгеніңді мойындайсың ғой.

— Ал.

Ал, деп ежірейме. Сендерге қара жерді бастырып қойғанымызға рахмет айт. Вот солай. Сендер жақсылықты

білмейсіңдер. — Мейрам хатшы Зейіннің саяси көзін ашу үшін біраз ақ тер, көк тер тулап бақты. Ақыры сөзі таусылып, атқа шапқандай алқынып.

— Сөз бітті, бар жігітім,- деп терін сүрткен.

Ат айналып қазығын табардың керімен қайта айналып, оқу бөліміндегі жұмысына келген. Әйтеуір, мұнда кет деген ешкім жоқ. Ана қаһарлы үш әріптің өзі мұны жұмыссыз тастауға сескенетін шығар. Ашындырмайық, тағы жасырын ұйым құрып, елдің есін аударып әкетер дейтін шығар. Басқа болмаса да оқу бөлімінің инспекторлығы дайын боп шықты.

— Ай, тауқымет таусылмайды ғой, — деп қалды өзіне-өзі.

Тағы бір өстіп сырқаттанып қалғанда Әлкәдір келіп екеуі ұзақ әңгіме құрды. Бір кездегі жастық жалынмен істеген істері тегін кетпегеніне, талай жастың серпілісін туғызғанына шүкіршілік айтты. Саяси сотты ел құлағынан қанша жасырғанымен, естілмей қалмапты. Бұлардың соңынан екі жылдан кейін Мәскеуде "Жас түлпар" бой көрсетсе, Қарағандыда студенттер арасында толқу болып, Омарбектің Мақсымы мен Сауғабайдың Кәрімінің оқудан шығарылғанын кейін естіген.

— Өмірім қайта айналып келсе, елім үшін тағы сол жасағанымды қайталар едім. Ол үшін таяқ жедім деп өкінерім жоқ, — деп Зейін күрсінген.

Зейін басын бірде бұлт шалып, бірде ыдыраған бұлттың арасынан көрінген Аюлының жоталарына ұзақ қарады. "Өмір неткен тамаша едің. Өмірде зұлымдық жоқ, зұлымдық әркімнің кеудесінде. Қара басының ғана қамын ойлаушылықты, пасықты сылып тастаса азамат бар қайғы-мұңынан арылар еді. Шатыр-шұтыр құйып өткен жаңбырдаи соң жер беті қандай жадырап шыға келсе, сондай бір тірлік басталар еді".

Зейін аппақ кудай сақал шашын сипап өтіп, үмітті жанарын алысқа ілді.

* * *

Киікбайдың жотасындағы биікке шығып, жан-жағына дүрбі салып қараған Дауылбай ақ шаңқан тақырға аунаған топ киіктен басқа ештеңе көре алмады. Топ киіктің сақшысы жастау теке ғана жиі-жиі орнынан тұрып, қарайды да, шыбындап тақырдың шаңын шығара құлап, көсіле қалады. Дүние

мең-зең. Бүгінгі ыстық тіршілік атаулыны тоқтатып тастағандай. Осы мең-зең әлемде айналадан секем алатын теке мен өзі ғана екеніне көзі жеткендей кері оралып, шыбынды сайдағы күркесіне оралды. Кеше түс ауа Анарбек әкеліп беріп кеткен қымызды сапырып, тамсана отырып ішті. Қымызды күбі емес, торсыққа ашытқаны көрініп тұр. Ыстың иісі бұрқырап, майы бетінде жүзген қымызға не жетсін.

— Не жаңалық? — деп сұраған Анарбектен.

Ел арасында жыршы Анарбек, тәуіп Анарбек, молда Анарбек аталған бұл кісінің өмірден тартқан азабы кем емес. Әуелде Шортанбай жыраудың қисасын айтам деп он жыл арқалаған. Сонан оралған соң, бір шілдеханада жиналған жақын-жуық жеті сегіз адам тағы да қолқалап қоймаған соң, Шортекеңнен бірер ауыз сөз айтып еді, үш күннен соң сегіз жылға отын бұтауға кескен. Тірі келіпті. Сол жақтан тәуіптікті де ілестіре жеткен. Қазір халық есігін бермейді.

— Не болсын? Ондай ештеңе жоқ. Тек мына Ақсарлыға қой төлдетуге көмекке деп бір топ окушыны жіберіпті. Бастаушы мұғалімі Жұмаштың баласы көрінеді.

Анарбектен Жұмаштың қай баласы екенін сұрап, қанып алған. Е, сол екен ғой. Жұмаштың Сібір айдалып келген баласымен қапылыста кездескені бар. Қайрақтының бұлтарыстау көшесімен келе жатқан. Астында сыры өзіне ғана мәлім торы ат. Сонадайдан көрінген жігіттің сымбатты дене бітімі де, жүрісі де, өткір жанары да еріксіз көңіл аудартқан. Бұл да: "Япырым-ай, бұл кім? Денесі спортшының бітіміндей екен. Милиса болмағай" деп сақтана түсті. Таяй бере жігіт сәлеммен қолын ұсынып еді, сыры өзіне белгілі атына белгі бере, сәл тақымын қысты. Ат үріккендей болды.

— Шырағым ат үркек еді, сәлеміңді алдым. Қай баласың? — деп ежіктеді де — Е, енді білдім шырағым. Бар батам сенің үстінде. Әр қадамыңды Алла қолдап, еліңе сыйлы бол Бақыт, береке, ырыс қонсын басыңа. Ұрпақты бол Ал, қош, калқам. Ендігі әмірің де оңай болмас, байқаулы бол

Шарбақ ішінде күйбеңдеп жұмыс істеп жүрген Тұрабайдың әлгі жігітке:

— Әй, анау Дауылбай ғой, — дегенін де құлағы шалып қалды. Иісі бұрқыраған қымызды асықпай ішіп отырып, ойға қалды. Үстіндегі сырт киімінің бәрі киіктің терісінен екен. Жазда жеңіл, әрі жауынға да төзімді деп өзі илеп, көз таныс-

тарына тіктіріп алған. Бұл өмірінде ешкімге жамандық жасап көрмепті. Сонда да өмірі аласапыран. Шәйкен, Ермекбайлар қолға түскенде бұл теңіз жағалап қашып, қолға түспей кетті.

— Қайда барам? - деп бас қатырған жоқ, тура түстікке тартқан. Естуінше Қырғыз-Қазақ республикасының арасында шекараға қоныстанып, әрі бір жөңкіліп, бері қайта қайтып екі елдің де есебіне кірмей күн кешіп жатқандар бар. Солардың көбі өз туыстары кәрсондер десетін. Өзекке тебе қоймас. Өздері екі елге кезек сырғып, қашып жүрген ауыл пана боларына сенімді. Барды.

— Оу, өзіміздің пәленшенің баласы екен ғой, - деп арқажарқа болды шалдар жағы.

— Арқадан келіпті.

— Ту, сонау Арқадан ба? О, тәңірім, ол жақтың да адамын көретін күн болады екен ғой. Қарағым бері келші, — деп кемпірлер бетінен сүйген.

Өткен өмір киноның үзік-үзік суреттері сияқты. Бір жанына тиыштық болмаған соң ұйықтап отырып шошынып, үркіп отырып ұйқысырағандай аласапыран екен. Қырғыз қазақты кезек мекендеп, өзінше айласын асырдым деген ауылдың да тірлігі тап осындай. Қазақстан іздеп жатыр десе Алатаудан аса ауып "Бұл, не қылған қазақ" деп қырғыздар сөз салса бері қарай жылжып, әуре сарсаңға түскен жұрт.

Ауылға ие боп жүрген азаматтар жағы не қазақтың, не қырғыздың паспортына ие. Олары да екі жақты тел пайдалануға көмегі болғандай. Білетіндері — Сен де паспорт ал. Басыңнан талай іс өткен адамсың, әлі де бір пайдасы тиеді, деген сон исі Кәрсөннің бірін аға тұтып, шешесінен қалған алтын жүзікті өткізген. Алтын жүзік милисаның көмейінен өтті ме, әлде аға тұтқан ағайынның жем-сауына түсіп кетті ме, онда шаруасы жоқ, Дауылбай аты өзгеріп, Жауынбай атанып пасиорт алып шыға келген.

Иттің боқ иіскемесе басы ауырады деуші еді, сол ағайынымен ақыры боқташақ үшін араздасып тынды. Дүние кімге опа берген. Опа бермесін білсе де дүниеқоңыздық қала ма, Дауылбайдың сонау Арқадан тақымына басып келген құла бестісін бір жолы сұрап мінген еді. Қайда барғанын бұл сұрамады, ол айтпады. Бірақ суық жүріске мініп қайтқанын іші сезеді. Туысына аттың жүрісінен бұрын Дауылбайдың ері

ұнаған екен. Қызыларайдың шеберіне әкесі марқұм құлынды бие беріп жасатқан ердің сәнінен бұрын атқа қонымдылығы, отыруға ыңғайлылығын өзі де білетін.

— Осыңды маған бер, — деп жармасты исі кәрсөн туысы.

— Оныңыз ретсіздеу, бұл әкемнің көзіндей дүние.

— Әкеңнің көзінен мен кем емес шығармын.

Сөзден сөз туындап, ақыры боқтасып тынған. Жұрт араға түскен, басу айтқан болды. Туысқаны "бір сендік бар шығармын, сені құртпасам жер басып жүрмеймін" деп түкірінді. Қолдан жақсылық жасау қиындаса да, пәле-жала жаба салу оңайлаған заман.

Шудың базарында боза ішіп, әңгіме дүкен құрып, шалқып отырған. Шал-шауқанмен бес карта ойнаудан да құр алақан емес. Таудан жазыққа түсіп, өстіп арқасы кеңейіп отырудың өзі бір ғанибет. Оны-мұны саудасын жасаған болып, екі-үш күн алданған. Алдыңғы күні жіңішке қарасұр жігіт ештеңе сатып алмаса да, әрнәрсені аударып төңкеріп, бетіне қарағыштап кетті.

— Міне, қазір, — деп картаны ұра бергені сол еді.

— Көтер қолыңды, — деп қызыл ала киімді біреу тапаншасын ұстап, төніп қапты. Қасында келгіштеп жүрген қарасұр жігіті де бар екен.

Сасқан болып, жан-жағына алақтаған Дауылбай:

— А...а..., — деп ауа жұтып, үмсына берген наганды қолынан жұлып алып, басынан асыра лақтырды да, тұра қашты. Артта қиқу. Ол куушының қиқуы ма, әлде шошынған жұрттың айқай шуы ма, ол арасын айырып та жатқан жоқ, қума-қума көшелермен жалтара зытып, таптырмай кетті.

Араздасқан туысқанының ісі екенін іші сезген. Ағайынды араз етуге тырыспайтын ауылдастары тіс жарып ештеңе демеді. Ай етті. Шудың базарына енді қайтып соққан емес. Бөлектеу жұрт қой деп Пішпектің базарына соғып, апталап жатып баяғы кәсібіне кіріскен. Сол жерде тұтылды. Апарып қырғыздың түрмесіне қамады.

— Қашқын көрінесің ғой, — деді милисасы.

— Жала. Оны кім айтты? — Дауылбай мойындамасқа бекіген.

— Міне үстіңнен түскен арыз бар.

— Өтірік қой онысы. Рас болса Қазақстанға жазбай ма? Әдейі сіздерді арандатып отыр.

— Ол жағын тексереміз. Ал, сенің қашқын екеніңді дәлелдеп жазыпты. Паспортың да тым жаңа.

— Қашқын емеспін. Мал ұрлағаным рас. Сонда паспортымды жоғалтып алғанмын, — деп Дауылбан басқа бір істің бетін қылтитып қойған. Осы жерде арызқой туысқанынан кек алуға болатынын да түсінді.

— Паспортыңды жоғалтсаң мынаны саған кім берді? — деп қызыл қоңыр қатырма қағазды қырғыз милисасы көзіне тосқан.

— Е, бұл менікі ғой.

— Бұл саған қайдан келді?

— Менікі ғой, — деп мақаусыды Дауылбай.

— Ей сенің есің дұрыс па өзі, бұл сенің жоғалтқаның емес, жаңа документ. Мұны саған кім берді? Соны айт.

— Е, жаңа түсіндім.

— Е, бәсе, енді жөніне көш, — деп қырғыз милисасы да қуланған боп жатыр. — Сен өзің бір байыпты да ақылды жігіт сияқтысың. Шынын айт га құтыл.

— Шынымды айтамын. — Дауылбай да айтарын сағыздай созып, шыдамды тауысқан.

— Айттым ғой, бұл ақылды жігіт деп.

— Мұны маған..., — деп жүзік алып, әкеліп берген туысқанын атап жіберген. Ұстататыны бар екен, енді өзі де түрменің не екенін көріп, көжесін ішсін. Тағысын тағы көре жатармыз, деген іштей.

Талайды басынан өткерсе де түрменің қолқаны қапқан иісін иіскеп көрмепті. Тыжырынып қалды. Есіктің қапталында шегіншектеген Дауылбайды артындағы айдаушы тіземен құйрықтан түйіп жіберген. Ала-көлеңке камерадағы нардың бір шетіне қисайып, жан-жағына жүрексіне көз тастаған. Естуінше мұнда атаман деген болады екен. Оған бағынышты да, жалынышты болу міндет деседі. Е, тәңірім мұндағысы кім екен? Бұл дүниеде ешкімнен беті қайтып көрмеп еді, сонда мұның да сөзге келмей біреудің таяғына көніп, аяғын жалауы керек пе. Олай болмас. Өзі отырған нардың тақтайы сықырсықыр етеді. Сонан да дәмелі.

Шеткерілеу тақтайдың бір басы бостау екен. Оны көтеріп қойды.

Нардың қараңғылау бұрышында біреу ыңырсыды.

— Ой, жаным-ай, — дейді дыбыс иесі.

— Жаркыным кімсің? — Дауылбай жөн сұрағанымен, орнынан қозғалған жоқ.

— Кәрсөн, Әбдібек деген боламын.

Жөн сұраса келе бейшараға іш ауру кезіккенін, оның үстіне келген тамағын ана үшеуінің тартып алғанын білді. Әбдібек таза бұратылып қалыпты. Түс шамасында түрменің көк аяз көжесі де жеткен. Қалайы тәлеңкеге құйылған көжені Әбдібек екеуі алдарына алғаны сол еді:

— Әкел, бермен! — деген гүр-гүр пәрмен шықгы.

— Кімнің кімге берерін көрерміз, — Дауылбай сыңар құлаштай тақтайшаны мығымдай ұстаған.

— Ах, сен! Артымды жалайсың әлі. Сол да саған тамақ болады.

Жабыла кеткен үшеуін тақтаймен бір-бір сілтеп сұлатқан. Естерін жиып, тақтайдың шеті жырып кеткен құлақ шекелерінің қанын алақандарымен сипаған үшеу нардың қараңғылау бұрышына жылжыған. Ендігі көсем өзі. Түрменің жазылмаған заңы осы. Жеңілдің екен, енді артыңды қыса біл

Ертеңіне Дауылбайға паспорт тауып беріп, үстінен арызды да айдай білген туысқанын да осы камераға әкеп тықты.

— Жазығым жоқ, — деп қалш-қалш етті Дауылбайды таныған туысы.

— Оттама. - Дауылбай жанына жақындамай-ақ, нардан басын көтеріп тіл қатқан. - Ендігі ажалың осында. Әне аналарға өлтіртем.

— Құлың болайын. Өмір бойы табаныңды жалап отейін. Не істе десең істейін. Ке... Кешір мені. Ит боппын.

— Онда тап ертеңнен қалдырмай үйіңнен киім-кешек, азық-түлік алдыр. Әйтпесе көресіңді көресің. Сенімен тәжікелесуге уақыт жоқ.

Біреудің көңілін табуға, майлы шектей ішке кіріп кетуге епті-ақ екен пақырың. Әлгінде есікті жай ғана қаққылап тұр еді, көп кешікпей күзетшімен әмпей-жәмпей тілге келіп қалыпты. Не беріп, не қойғанын кім білсін, ертеңіне туысқанының туысы да жетіп, бар керегін сай етіпті. Тіпті шалбардың қалтасына ашпалы пышақ та салып жіберіпті. Кертіп жеп, камерадағы бәрі де асқа бір кенелді. Сонан түрме үшін баспана боп отырған аласа тамның жылыту үшін салған пешінің мойнын бұздырды.

— Мен қашамын, ілесетіндерін болса жүріңдер. Әбеке, сізге қашу қажет емес. Көп болса бір жылға соттар, ал, сен туысқаным, сен де құтыласың. Пәленің бәрін маған жабарыңды сезіп тұрмын.

Ілесе шыққан бұрынғы атаман түрменің биік дуалынан аса алмай, ақыры қолға түсті. Қырғыз-қазақты мекен еткен ауылдың енді өзіне пана болмасы анық. Әуелде күндіз жатып, түнде жаяу жортып, ақыры сол маңның колхозының бірінен ат ұстап мінген де, Арқа қайдасыңға басып, тартып отырған. Ақтас-Шалтастан өтіп, Қонысбайды паналады. Ертемен Сарыөзектің бойымен колхоздың көк сүтін алып өтеді екен. Шабақтары күпшегіне бір кіріп, бір шығып қисаңдаған доңгелекті жайдақ арбаның үстіндегі көк сүттің иесі Жәмішті қол бұлғап шақырған. Алыстау болса да туысқандығы бар Жәміш көрсе де көрмеген болып, атын үсті-үстіне айдай түсіп, қашып құтылғандай болды. Дауылбай Жәміштің ісіне өкпелеген жоқ. Бас амандығын ойлағаны ғой деген де қойған. Сөйтіп тұрғанда астындағы он салса бір баспайтын ыңыршақ атын қамшылап тағы біреу келіп қалды. Жолда состиып тұрған кісіні көріп, кісілігі ұстай қалған салт атты "шу-шулеген" айқайын азайтып, қамшысын сипай сілтеп, есесіне өкшесін қадай тепкілеп, таяй берген. Дауылбай жазбай таныды да бетін бұра берді. Жолды екен ғой деді іштей. Жолдының запперме де, басқарма да болғанынан хабары бар.

— Өй, кімсің өзің? Қатынға ұқсап бетін жасырған несі? — деп ызбарланды Жолды.

-— Көре ғой, ендеше.

— 0…0…, — деп Жолдының тілі байланды да қалды. Шалқалап атынан ауып бара жатты да, құлайтынын білді ме, ердің қасына тырмыса жармасты. Ол тырмысқанымен дауылбай аттан жұлып алған.

— Аға…тай, — деуге Жолдының шамасы зорға жетті. — Дәуке, та… танымай…

— Ажалың жеткен шығар.

— Аға… та… тай-ай, — деп Жолды Дауылбайдың алдына етпетінен түсті. — Жаздым, жаңылдым. Кешире гөр.

Мына бейшара белсендінің неден жазып, неден жаңылып кешірім сұрап тұрғанын Дауылбай түсіне алмады. Әй, сорлы-ай деді ішінен.

— Мені көрдім демейсің ғой.

— Тілім кесілсін.

— Десең тіліңді өзім кесемін. Мына пышағыммен.

Пышақты көріп, есі шыққан Жолдының бар уәдесін алып қоя берген де, Сырлытамдағы інісі Рысқұлдың үйін бетке алып жүріп кеткен. Кештете жеткен Дауылбайға інісі "Босап, бар пәледен құтылып келді" деп қой сойып той жасамақ болып дүрлікті. Ағатайым келді деп келінінде де ес жоқ.

— Қоя тұр, — деп інісіне күңк етті.

Абдырап қалған інісіне мән-жайын жайлап түсіндірген. Түсінген сайын інісінің де жер шұқуы көбейіп кетті. Талай жылдан бір басын орыс пен немістің соғысынан ажалдан алып қашып жүрген ағасының ендігі күнін ойлап аяп та отырғаны, өзінің бала-шағасының да қамын жеп, қорқақтағаны бар екенін Дауылбай да білген. Бұл үйді бір түннен артық мекендей алмасы да белгілі. Тамаққа тойып, ұйқысын қандырып алған да, ертеңгі алаң-елең шақта піскен қуырдақты қойдың қарнына салдырып алып, тағы жолға шыққан.

Кімге сенгендей. Батыстағы күркіреген соғыс біткенімен өз қолынан ешкімге жазығы жоқ болса да баяғы Шәйкен-Ермекбайлардың тобында болғаны үшін, бастығының шаптауына көніп босқа оққа ұшқан Болпанның баласы үшін кешірмейтінін білді. Атып та тастамас, бірақ орыстың сібірінде әркімнен тепкі көріп, қалған өмірі өксігенше ел арасында өстіп жүргені де артық. Уақыт өткен сайын қарапайым халықтың өзіне жаулығы да жоғына көзі жетті. Алдыңғы жылы қара күзде Шалтастың ішіне қақпан құратын Көшкінбай олжасын өз қолымен бауыздап, Дауылбайдың Қарағанды өзектегі мекеніне әкеп тастап кетіп:

— Дауке, керек-жарағыңызды айтып тұрыңыз. Дұшпан көзіне түспесек болды ғой, —деп кеткен. Қосылбекті қыстаған Әбішкеннің Әкбарының үйінде қыстың біраз уағын өткізген. Қыста қатынасқа өте қиын, жырақтағы қыстақ болса да күндіз тау арасына кетіп, сақтық жасап, кеш бата ғана Әкбардың үйіне түнеуге келетін. Боран-шашында өзі де жалғыз-жарым шопанға қолғабысын тигізіп баққан.

Мектеп қыстағындағы сары Мағаздың үйі жаз жайлауы десе де болады. Жиі барып қымыз ішіп, аунап-қунап кетеді. Жиі араласып інісіндей болып кеткен Мағаз кейде қалжақтап, күш сынасып көрсек дей беретін. Өзі де дембелше мы-

ғым жігіт-тін. Бірде қымыз ішіп, бата жасап бет сипаған Дауылбайды:

— Ап, — деп оң жағынан құшақтай алған еді, Дауылбай сол бетінде, орнынан да қозғалмай сол жағына асырып тастай салды. ,

— Қапы кеттім, — деп сол жақ білегіне жармасқан жігітті оң жағына қарай аудара салып, тақымына қыса қойды.

— Қойдым, қойдым, Дәуке, — деп Мағаз зорға сытылып шыққан.

Дауылбай күркесінен басын шығарып, жан-жағына тағы көз тастады. Ми қайнар ыстықта құс екеш құс та ұшпайды екен. Өзіне қауіп-қатердің жоқ екенін сезген саршұнақ тышқан інінің аузында жортып, әлде нені қаузаған болады да ұзақ-ұзақ шақылдайды. Мұнан баска тіршілік иесі шідерлеп тастаған көк аты. Жануар бүгін суға қанбай қалған сияқты. Суы түбінде ғана жылтыраған құдыққа келіп-кетуі жиілеп барады. Биыл қыс қарсыздау, көктем жаңбырсыздау. Бұлақ біткен де жылап қана ағады. Құдықтағы суға да шелегі толмаған. Шыдар. Күн қайта суарғаны жөн ғой.

Соңғы кезде өзінің де мазасы жиі кетіп жүр. Ана Бұғылы жағындағы өзінің бір кездегі әйелінің ендігі күйеуін біреу атып кетіпті дегенді естіген. Күйеуі дерлік ең болмаса орта жастағы адам емес, қаусаған шал. Осыдан отыз жыл бұрынғы әйелі де жер тістеген кемпір. Естігенде:

— Оқыс болған іс екен, - деген де қойған. Соңынан:

— Мұны атқан Дауылбай екен. Кемпірін қызғаныпты, — деген қауесет тағы шықты. Осы ел ессіз бе, әлде өсекшінің жел сөзі өткір ме. Ол кемпірімен шүйіркелеспегелі де отыз жылдан асып кетіпті. Үйіне соға алмаған, қажетін аша алмаған өзі. Мұны өлдіге жорып, қырқы түгілі жылын да бергенін естіген. Ендеше ол кемпіріне не өкпе? Оның тиген байын өлтіргісі келсе сол отыз жылдың ішінде сол мал баққан бейшара шалмен сан кездескенде буындыра салмай ма.

— Осыны түсінбейді-ау, кап, -дегенмен де қауіп ойлауға тура келді. Қауесет шықты дегенше пәленің басы қылтиды дей бер. Өлген шалды актілей салатын тоқты-торым емес, "Солай боптьі" деген сөз шыққан соң оның өлімін біреуге жабу керек. Осының қолынан деп жаба салуға Дауылбайдың реті келіп-ақ тұр.

"Дауылбайды ұстауға Серікбаев бастаған топ шығыпты", — деген сөз желдей есіп, ауыл-ауылды аралап кеткен. Оның шындығына көзі жетті. Бір кезде өзімен бірге қашқан Ақыш ебін тауып жазадан құтылған еді. "Сол Ақышты Ссрікбаев жолбасшылыққа алыпты" деген хабар ертеңіне Дауылбайдың құлағына тиген.

Қара күздің шамасы-тын. Шалтастың жаяу адам зорға сыналап кіретін терең сайы ат бойы қарағанғатолы. Сол терең сайдың ең қиын тұсынан жер барақ қазып алған Дауылбайдың қыс қамы қаперсіз-тін. Ойда жоқта мал іздеп жүрген Босағаның бір жаяуы үстінен түскен. Жоғы осы шатқалдың қалың қарағанына жасырынғандай атын сонау жақтағы шілікке байлап, ентелеп келгенін көрмейсің бе.

— Қап, — Өкінгеннен пайда жоқ. Жөн сұрады. Жаяу Дауылбайдың үстіндегі аң терісінен жасалған киімге қарап, көзі өтіп барады. Сонан соң есенді жиғандай:

— Мен сізді шырамытып тұрмын, Дауке. Бір тайыншам жоғалып, іздеп шығып едім. Сізді кездестірем деген ойымда жоқ, — деп сасып-салдырап, екі қолын қоярға жер таппағандай, артына да жасырып, қалтасына да салып әлек.

— Жарайды, — деді Дауылбай. — Көрдім деген сөз тісіңнен шықпасын.

Жуырда ғана атып алған арқардың санынан ойып, бір асым ет берді. Шомаққа қарай тепендей жөнелген жігіттің соңынан қайта-қайта байқастап қала берді.

Жан-жағына жалтақтай қарап, жалбаңдап келе жатқан аттылы Серікбаевтың тобына да сезікті көрінді.

— Әй, ана біреудің жүрісі бөтендеу екен. Тоқтатыңдаршы.

— Әй, бері, бері бұрыл.

Жаман атпен қиыстап кетпек болған жігіттің алдынан тосып, қақпалап айдап әкелді.

— Қай жердің адамы? — деп Серікбаев Ақышқа күңк етті.

— Біздің Босағанікі.

— Ал, жігітім, бұқпантайлап қайда барасың? Жөніңді айт Серікбаев тістенінкіреп, түйіле сұраған.

— Жай.. .былай..., — Жігіт жалтарған боп, қипақтады.

— Әй, сенің ана тас арасында біреумен тіл қатысып тұрғанынды біз білмейді дейсің бе? Қарашы, мұны, — майор жорта соғып, онсыз да абдырап тұрған бейшараның дегбірін кетірді.

— Жай… тайынша…

— Е, тайыншамен сөйлескен екенсің ғой. Мынаның тілін шығарыңдар. Өгіз бон өкірсін. — Майордың мына жігіттің бірдеңені жасырып тұрғанына күмәні қалмағап. Адыраңдағандардың біреуі жігітті ішке-ішке қойғыштап жіберіп, есін жидырмай буындыра бастап еді, көзі аларып шыға келген. — Енді айтасың ба?

Тілге келе алмаған жігіт басын изеді.

— Ал, ақтар шыныңды. Әйтпесе жаудың құйыршығы ретінде осы жерде өзіңді атып кетеміз. Кімді көрдің?

— Дәукең, — деп кемсең етті.

— Дауылбай ма? Көрдің бе, құдай атқанды, еще Даукең деп оны әспеттейді. Қашқын деуге тілін бармай ма? — Жігітті тағы бір түйіп жіберді. — Қәне, қай жерде жатыр ол қашқынның?

— Қанай асуынан жоғарғы терең сайда.

— Онысы қай жер? — деп картасына шұқшиды майор.

— Е, ана жер екен ғой. Қанай асуы, Қанай бұлағы… Естуіңіз бар шығар, ол әлгі Шортанбай жырау дегеннің әкесі Қанайдың егін салып, мекен еткен жері.

— Тезірек тап басайық.

Жолбасшы Ақышты алға салып, желе шоқытып жөнелген. Суыт жүрін келе жатқан топты қарауыл қараған Дауылбай да көрді. Манағы жігіттің қолға түсіп, істің насырға шапқанын түсінген де, жербарақ жатағынан керегін алып, оттағы қазанды төңкере салды. "Сендерге ас дайындап беретін кім едіңдер" деп тістенді.

Иә, өткен күн-желмен бірге кеткен күн. Кешегі жолдасы, бүгінгі қуғыншыға жолбасшы Ақыштың күнәсын кешірер кешірмесін білмей біраз дағдарды.

— Ақыш менен сақтансын, — дегенді өзітүстеніп, қонып та жүретін бір үйде айтып қалғаны бар-тын. Онысын тағы да өсекшілср көпіртіп:

— Ақыштың ажалы менен. Кезіксе бітті, — дегізіп әкетіпті. Естуінше бұл сөз Ақыштың құлағына да жеткен. Күндіз жалғыз жүрмейтін болыпты. Түнде төсегінің бір жағына қос ауызын, екіншісіне мелкашкасын оқтап қойып ұйықтайды дейді.

— Қатынының орнына қара мылтықты құшақтап жатады, — деп өзінше қылжақтаған жұрт оны да алып-қашпа әңгіме еткен.

Жұмыр басты пендені дегеніне еріксіз көндіретін ГПУ-КГБ дегендер барын неге білмесін. Ақышты да солар зорлап жүріп, қызметіне жеккен шығар деген ой түйген. Іштей солай десе де, басқа жұртқа "Ол кінәсіз шығар, менен қауіп күтпесін" дегенді және айтады.

Қалтарысы көп өмір Ақыш екеуін бір ауылға түйістірді. Ауыл дегенде айналасы үш-төрт үйден аспайтын малшылардың жазғы жайлауындағы киіз үйлері. Құдасы ма әйтеуір бір жақынын іздеп келген Ақыш сол ауылға қонып жатыр екен. Қас қарая сол ауылдың бір үйіне Дауылбай да ат басын тіреген. Үй иесі абыржи жүріп, ерекше күтті. Аса абдырай қоймайтын үй иесінің бүгінгі жүріс-тұрысы Дауылбайға да оқыстау көрінді. Тамақ келді. Үйеме табақ етке осы ауылдың естияр еркек кіндіктісі келе қалыпты. Ас үстінде Дауылбай көрші үйдің сыртында тұрған аттың иесін сұраған. Асқа қол соза бергендер біріне бірі қарап, әрі-сәрі болған да қалған. Аузындағы асын түйіліп зорға жұтқан осы ауылдың ақсақалы әріден сөз бастады.

— Дауке, осы ауылда бір жаманшылық болса, пәле іздеп жүрген үкімет жаласын бәрімізге артпай ма. Мына отырғандар айдалып, қатын-бала босқа жыламас па. Солай емес пе?

— Әрине, — деп қалды Дауылбай, ақсақалдың әңгімесінің төркіні алыста жатқанын болжамдап. — Ел амандығы керек қой.

Онан кейін ақсақал әлгі өзін бірге қуысып жүрген Ақыштың қаны босқа төгілмеуін айтып бір өтті. Ақыры сөз саптай келіп, сол неменің де бүгін осы ауылға қонып жатқанын, Дауылбайдың келіп отырғанын білмейтінін сыздықтата жеткізді.

Дауылбай тіс жарған жоқ. Ертемен тұрып, аттанып жүре берген. Ерте аттанған кісіні тысқа шыққан Ақыш та көрді.

— Кім? - деген. Дауылбай екенін естіген бойда жан сауғалағандай үйге жүгіріп кіре беріп, кигіз үйдің аласа маңдайшасына шекесін соғып, сүрініп барып, есін жиды.

Дауылбай күркесінен мойнын созып тағы тысқа көз салды. Өңмендеп құдыққа төніп жүрген көк атынан басқа тырс еткен жан иесі жоқ. Жануар, қатты шөлдеген бе, суы теренде жатқан құдыққа қайта-қайта төніп, шыр айналып жүр. Сәл шыдаса кеш те болар. Өзінің де беталды бой көрсетіп, мен

мұндалап жүргісі жоқ. Неше жыл болса да салпаңқұлақтарын салып, әнебіреулер соңынан қалар емес.

Қапы кете жаздаған сәттері де жеткілікті. Әйгеуір Алла жар болып, қолдарына түспей жүр. Өткенде Арқарлыда құдай қақты. Естуінше осы іске ана тағылыны басқарып отырған Әбдісадықтың қатынасы бар. Сол маңдағы қойшының үйіне түстенген Әбдісадық бел шешіп, бір демалыс құрғандай екен. Дүр етіп келіп тоқтаған мотоциклден екеу түсіп жатыр. Басыкөзін шаң басқан екеудің кім екенін айырып болғысыз. Кебірсіген еріндерін тілімен жаласа да сусын сұрап үйге кірер емес. Мұнысы қазақы салтқа тіпті ерсі. Мотоциклдің құлағын ұстағаны шаңын қаққансып, жөн сұрағансып, айналсоқтап тұр. Жүрістері ерсілеу көрінген екеудің жобасын болжауға Әбдісадық тысқа шыққан. Үстеріне көнстоздау киім киіп, көзілдірік таққан екеудің аудандағы милиция бөлімінің қызметкерлері екенін таныса да, оларды:

— Әй, сендер не қылып жүрген жансыңдар, кәне бері келіңдерші, — деп оңашалау шақырған. Екеуі ымдасқандай болды.

— Әбеке, сіз бізді танып тұрсыз. — Үлкендеуі тікесінен салды. — Бізгс көмек керек. Мына Арқарлыдағы үйде Дауылбай ұйықтап жатыр.

— Қарулы екенін білесіз, екеуіміз үстіне кіруге бата алмадық. — Екіншісі біраз істі бітіріп тастағандай кейіп танытып, кісімсіген.

Әбдісадық ұзақ сипақтады. Көрші екі ауылға кезек-кезек кісі шапқылатып, адам жинатқан болды. Ол екі ортада ет те желініп, күн сәскеден ауған. Үйқыдағы қашқынды орнында басуға топ құрылып, тағы үш мотоциклге екі-екіден мінгесіп, Арқарлыға жете бере Дауылбайдың көк аттың бар жортағына салып ұзап бара жатқанын көрді. Алды винтовка, жоғы құс мылтықпен қаруланған топ Дауылбайдың соңынан қууға батпады.

— Қап, кетіп қалғанын-ай, — десіп көзбенен ұзатып салған.

Иә, ол жолы аты кісінеп, тысқа шыққан Дауылбай ауыл—ауылға қайта-қайта шапқылап жүрген аттылыдан секем алып, жылыстап кетіп еді.

Дауылбай Әбдісадықпен кездесіп, тіл алысып көрген емес. Тағылының осы директоры іш тартатын сияқты көрінеді. Жаздың ортасы еді. Қызылтудағы ескі танысының үйінде дамылдап жатқан. Құйрыққа қыстырылған құмалақ-

тай әр ауылға бас-көз қылып қойған тыңшысы иіскелеп жүріп сезіп қалса керек, әрнені сылтау етіп орталыққа жетіп, бслгілі органның құлағына құйыпты. Майор Серікбаев осы жолы да Әбдісадықтан топ құрып бер деп, көмек сұрапты. Әбдісадық ауыл адамдарымен жеке сөйлесіп, ыңғайлы дегенін іріктеп жатғып, Төлеуқұлға:

— Қашқын ауылында дейді ғой. Оны ауылда ұстаса жұртқа кесірі тиеді ғой, — деп байқаусыз ескерткен сыңай танытты. Трактордың сайманына келген Төлеуқұл сол бетінде ауылына қайтып, Жұмағұлдың үйімен бір баладан елеусіз хабарласты.

— Дауке, тұр. Сезіліп қалыпсың, — деген үй иесі.

Өзі де мазасызданып жатыр еді. Әлгіндс әлденеден шошынғандай көк ат кісінеп-кісінеп жіберген. Сырмінез аттың естіп бір сақтандыратыны болушы еді, дәл келді.

Тезекбайдан аса бері беттеген үш машина бар қарқынымен көшеге кіргенде көк аттылы жолаушы таудың бір қиынына салып бара жатты.

— Біліп қалды.

— Ана көк аты Дауылбай тұрмаса түртіп оятатын көрінеді.

— Е, бәсе, — десіп қуғыншылар ер-қара көрсетіп қала берді.

Көк аттың тұншыға кісінеген даусы жетіп, Дауылбай жүгіре шыққан. Жануар құдыққа жаншыла құлапты. Тұсаулы екі аяғы бүгіліп, шідерге бекіген артқы аяғы болар-болмас жер тарпыса, бос аяғымен жан дәрмен сермеп жатыр. Өгіздің жон терісінен өрілген шідердің үзіле қалуы неғайбыл

— Не амал бар? — дей берді Дауылбай.

Аттың алдыңғы екі аяғын босатпақ болып еді, ол әурешілігінен ештеңе шықпады. Көктің ту сыртынан келіп құйрығын беліне орап біраз жұлқылады. Шоқтығынан ұстап тартып көріп еді, құдықтың ішінде басын соққылаған жануар тұншыға арқырап, көмек сұрап, ышқына тулады.

— Ең болмаса Анарбек те келе коймайды-ау. — Дауылбай терін сүртті.

Өз еркімен шідерді алдырмасына көзі жеткен Дауылбай бәкімен артқы аяғының ілгегін қиып жіберген. Сол сәтте тулаған көк аттың артқы аяғының серпінді тұяғы тиіп, есінен жаңылды. Қатты қиналғанынан есі кіргендей болып, кейінірек жылжып, сүп-суық тер басқан бетін сүртпекке қолын көтерді де, төңкеріліп бара жатқан дүниеге қимастай қарап:

— Жалған-ай, — деді.

* * *

Киікбайдың бір сайында Дауылбай дүниеден өтіп кетіпті дегенді естіп алғаш кім жеткізгені белгісіз, тіршілігінде көре алмай жүрген бастықтардың біразы солай қарай ағылған.

— Уай, қойшы соны, пәлесі жұғар, — деп әлі де бас сауғалағандар да жеткілікті.

Өмір бойы соңынан қалмай жүрген Серікбаев та, кенттік милиция бөлімінің бастығы Айтмағанбет Қашкеев те осында. Соңынан жеткендердің бірі Әбдісадық құдықтың маңында құлап жаткан керіктей көк атты, онан сәл ғана жерде басын құбылаға бере қисайған мүрдені көзі шалды. Айнала жиналған отыз шақты адамның аузындағы сөз біреу.

— Неден болды екен ажалы? — деседі.

Айтуларына қарағанда құдыққа құлаған көк атты осы келгендер шығарып алыпты. Ат та, иесі де осыдан бірер күні бұрын дүние салған сияқты.

— Дауылбай екенін нақты анықтау керек, — майор Серікбаев кесіп айтып, тесіле қарады.

Жұрт үнсіз қалған. Мен танимын деп шыға қойған ешкім жоқ. "Қайдан танисыңның" астына алудан да сескенгендер бар шығар.

— Ана, інісі Рысқұлды алдырайық, — деп сөз тастады Қашкеев.

— Дұрыс, дұрыс.

— Ақыш та біраз бірге болып еді ғой, соны да шақыртса, — деп біреу дауыстады.

Мәйіттің бетіне үңілген Әбдісадық, "сол кісі екен ғой" деді іштей. Директорлығын ізбасарына тапсырып жүрген шағы-тын. Бөлімше-бөлімшені аралап, мал басын да, басқасын да санап өткізіп аяқтап қалған. Соңына ерген кешегі өзініңактиві де, совхоздың тізгінін алған жаңа басшы да Шетшоқы тауының бір кезеңіндегі бұлаққа тоқтап, аялдама жасап, дәм татып отырған. Кенет үстеріне керіктей көк ат мінген бейтаныс адам жетіп келді. Келгеннің теріс айналып кетуіне де келтірмейтін қоян қолтық тұс. Тіпті аралары есік пен төрдей десе болады. Бейтаныс адамның аты да, түсі де бөлек, ызбарлы көрінді. Ала берген дәмдерін, қолдарындағы стақандарын не ауызға апармай, не жерге қоя алмаған дағдарыстан біреудің:

— Аксақал, аттан түсіңіз. Бізбен дәм татыңызы, — бөліп жіберді.

— Түсіңіз, түсіңіз.

Жұрттың бәрінің көңіліне секем кіргенін абдырап қалғандары сездірген.

— Менің кім екенімді сезіп отырсыңдар. Қапымды аңдитындарың болса, өкініштi болмас үшін, кәне қимылдап қалыңдар, — деді аттылы. Дауылбай екеніне енді ешкімнің күдігі қалмаған. Қойнынан суырған мылтығы, жарқ еткізген кездігі көрінбесе де мына отырған жұртты сесі басып тұр.

— Ойбай, ондайымыз жоқ-тан басқа дауыс естілмеді.

— Қайран ер, — деп сүйсінді Әбдісадық. Бейтаныстың жүзінен күлкі жүгіріп өтті. Манағы түйілген қабағы жазылып, жадырaған қалпы ат басын бұрып жүре берді. Жаңа директордын машинасындағы аты шулы мылтыққа қол созған да ешкім болмады.

Мәйітті көруге жаңадан жеткендер көбейе берген. Соның ішінен бір ессізі:

— Ә, ит, жатырсың ба? — деп боқтығын ағытып, аяғын сілтемек боп келе жатқан:

— Тәйт! — деп ақырды Айтмағанбет. — Қай қазақ мәйітті қорлап еді. Өшің болса осы батырлығыңды тірісінде неге көрсетпегенсің. Жоғалт көзіңді.

Дауылбайдың інісі Рысқұл ернін жымқырып алыпты. Осы ағасының қашқындығы үшін он жылды арқалап келген Рысқұл тағы бір жамандықты күте ме, ағасының басына келіп, үнсіз қалған.

— Осы жатқан адам ағаң Дауылбай екенін растап бересің бе? — деген Серікбаев.

Рысқұлда үн жоқ. Сілейген қалпы теріс айнала берді.

— Сен, енді қорықпа. Саған енді келер бұдан залал жок.

— А? — деді Рысқұл Көзіндегі жалғыз тамшыны сілкіп тастады.

— Бізге растап бергенің ғана керек. Сонан соң Дауылбай туралы істі біржолата жабамыз. Сен бұл үшін тартар жазанды тартқансың. Енді ешнәрсеге жауап бермейсің,—деген Серікбаевтың сөзі Рысқұлдың құлағына талып жетті.

— Үйде туып, түзде өлген бауырым-ай. — Рысқұл өлі дененің үстіне өкіріп құлай кетті.

Текебұрқыл биыл баяу ғана бұрқырап өтті. Алай-түлей бораны болмағанымен қар біркелкі түсіп, сай-сала мен алаң-қай аттың тізесінен бөгіп қалған. Қара күзден бері маза бермеген иткұстың бетін қайтарып тастаудың сәті келгендей. Акбиіктің биігіне жоталап шыққан Әлкәдірдің жанына ерген Әділ ғана. Әлгі Боранбайы түскір мектептен қолы тимей, жалтақ-жалтақ қарап қала берген. Жота-жотаның тоспасынан сонау балақ-балақтағы қағушыларға көз салып, жатағынан жорта жөнелер қасқыр болар ма деп үміттенгені де біраз уақыт болыпты. Қику шыққанмен бері беттеген аң жоқ. Быт-кылы мол таудың бір қуысынан екіншісіне өтіп, өз ізімен кері айналып, айла жасап бақты.

— Иә, сонан соң, — дейді Әділ әңгімеге тартып.

— Екеуіміз аңды өткізіп алып, қарақшы болып жүрмейік,

Әділдің сұрайтыны темір торлы түрмеден келгеннен кейінгі Әлкәдірдің өмірі. Қайбір жетіскен шақ еді онысы. Өйтіп-бүйтіп орыс мектебіне орналасқан. Ұжымның іш тар-татыны да, ала көз боп қарсы алатындары да баршылық. Орыс мектебінін орысы ішін ашпағандай, бәрінен жанға бататы орыстан бетер қазағы. Кім білсін, әйтеуір сабағына тексеріс көп. Бірде ата-ана боп ойда жоқта жетіп келсе, кейде сонау Омбыдан едік, тәжірибе алмасуға жүрміз деп апталап соңынан қалмаған шақтар бір кісінің жүйкесін жұқартып, жындыхана болмаса да онан бергі бір жерге апарар еді. Шы-дады.

Аты орыс мектебінде, орыстың да, қазақтың да баласы, бірінің аспан көзі тіксініп, екіншісінің күнге піскен карақат-тың жемісіндей жанары мөлдіреп, бір сыныпқа тоғысқан. Мына балалар неге өз тілінде оқымайды деп жатқан құдайдың пендесі, өкіметтің өкілі жоқ, қайта болсын дейтін сияқты.

Жылына бір директор кетіп жатса да Әлкәдірдің жеткен жері оқу бөлімі меңгерушісі дегені. Келіп жатқанның да, кетіп жатқанның да ішінде талайының ана белгілі үш әріп мекемесінің жолдауымен жүргенін іші сезеді. Әне бір бы-дықтау жігіт тапжылмай қалды. Әйтеуір ақшалы, жұрттың қолы жетпесті ала алады.

Ең қиыны бөлімшедегі орыс, қазақтың баласын оқыту. Жолы түссе қатынасып, түспесе үйінде жататындардың

сұрауы мектептен. Ақтөбеден Монахов дегенді алып келіпті. Жарты күн сабақта болса, жарты ай жоқ.

— Монахов болмақ түгілі Монамахтың баласы болсаң да, — деп Әлкәдір машинаға мінгізіп алып, Ақтөбенің мектебінің алдына бір-ақ тоқтаған.

— Мынаны осында оқытыңдар. Әке-шешесі де осында.

— Орыс қой.

— Мұны күнде іздеп келетін бізде жағдай жоқ. Бала оқу керек, білім алса болды емес пе, — деп уәж айтқан.

— Бұл не сұмдық? Ол орыс қой, неге қазақ мектебіне бармақ, — деп мектеп басшысы, орыстың маршалының атын жамылған қатын бұрқ-сарқ болып шыға келді.

— Бала қай тілде болмасын білім алуы ғана керек. Міне, мына қазақтың балалары орысша оқып жатыр. Оны жөн емес деп айта аласыз ба? Оның үстіне қатынасы әредік. Ақтөбеден Монаховтың күнде келуін қамтамасыз етілуін сіз мойныңызға алсаңыз, сөзім жоқ...

Мойнын бұрғызбай тастаған екенсіз, — деп Әділ мырс-мырс күлген.

— Әй, батыр-еке, аң қайда, біз қайда.

Осы жылғы тізгінді Тілеутай мен Әміржанның қолына берген. Бұл маңайдағы қасқыр алатын тазы осы Әміржанда ғана десе болады. Кере қарыс маңдайы, құлақ шеке, тұмсығымен қосқандағы, бітімі кішігірім құлынның басындай көк қасқа тазының тұлғасы бөлек. Биік те кеуделі иттің сирақтарының жуандығы оқу жасына келіп қалған баланың білегіндей. Топ қасқырдың ортасына жалғыз түскен тұйғынның ұстағанын жібермей басып қалатынының куәсі осы аңшылар. Атақты тазыдан тұқым алуға іздеп келушілерде де жік жоқ. Соның бірі Әлкәдірдің өзі.

— Қазақтың сары қасқа тазыларының тұқымын табар ма еді, — деп көп ізденетіннің бірі Жәкен. Ана Тұмсықтағы Қоңыр екеуі жазғытұрымғы лайсаңда жеңіл машинамен күні-түні батпақтатып жүріп, сонау Таңқараның асуынан өтіп, үміт еткен жалғыз күшік әкелгеніне риза. Өмірінің қысталаң шағында демеу берген де осы Жәкен, анау Асқар, Қоңыр екен ғой. Айыпты деп тауып, біраз жыл кескенін өтеп келгендегі жалғыз көңіл жұбатар ермегі даланы кезіп, аң-құсымен іштегі құсаны басу болған екен. Сонда да жайына қалдырмапты,

қадалғанын калт жібермейтін мекеме мен соның салпаңқұлақ итаршылары.

— Онымсн бірге неге жүресің? — деп тиісіпті Жәкенге.

— Онда тұрған не бар, — деп аңқаусыған Жәкеннің, талай күрестің жеңімпазы болған балуанның сөзіне сенерсенбесін білмеген райкомның жылтыр қарасының таңдануын, Әлкәдірге көңіліне алмасын деп шым-шымдап қана жеткізетін.

— Сонымен жақын көрінесің. Тауға шыққанда сендерге ол не айтады? Партияның саясатына қарсы адам ғой, — деп Асқардан сыр тартатынын қайтерсің.

— Біздің әңгіміміз аң туралы ғана, басқа сөзін естіп көрмедім, — деп мезі болған Асқар да, Қоңыр да зорға құтылатындықтарын кейін ғана сездірген. "Ерді кебенек ішінде таны" дейді екен халық. Маңына үйірілген азаматтардың осындай адамгершілігіне риза Әлкәдір оларға да риясыз сеніп келеді.

Ақбиіктің Қожыр жақ бетіндегі түрілі басылып-шығып, ырсылдаған машинаның ішінде Тілеутай мен Сайран етекке түсе қашқан итқұс болса құба белдердің жотасына салып, қуғынға салуға дайын отыр. Осы маңайдың арқарын атқызбаса да бөрісіне өші кеткендей тиетін Тілеутай жылына өстіп маңайды жинап, атқа қондыратын. Мұстаққа қараған жақтағы қуыста қалың қардың бетін шимай-шимай тілгілеп, бой жасырып өтіп кеткен жоқ па деп Ссрікбай "Боранымен" бой көрсетіп қалады.

Адамқұл бастаған қағушылар сонау Мешіттен бастап қанша айдап шықсада әккі бөрі қары қалыңдап қалған еңіске түспей бытқыл-бытқылды сағалап қайта қашып, әурс-сарсаңға салған. Итқұсты таудан атпен ғана қуып түсіп, еңіске түсірген соң, моторлы көліктің екпініне саламыз деген болжамдары іске аспай:

— Қап, ең болмаса бір итті ертіп шықпағанымыз-ай, — деп өкінген.

Тоспаның жасырындау тұсына аттарын арқандап, тасобадан айналаға көз тастап, аңысын аңдыған Әлкәдірге осы отырысы да ұнаған. Манағы ызғырық жел де басылып аппақ жұмыртқадай қар басқан дала ұйқыға кеткен арудай маңып жатыр. Қызылбиік, Сәйгелді, Сары оба, Қара оба Жалқарабас, Алтай, Қонысбайды сан аралаған. Сан аралаған

сол тауларға анау Итжон, Дадақ, Өтегенге, Тікжал, Үшалаға қарап көзі тоймайды.

— Осы сіз Брежневке де жауап берді дейді ғой, — деп Әділ оспақтай күлді.

Жарым әлемді басқарып отырған патша бұл түгілі бүкіл қазақты қайтеді. Ел құлағы елу, алып-қашпа сөз-дағы. Қорқытқа көрінен басқа бұйырмағандай мұның соңынан салпаңқұлақтар мен жағымпаздар қалмаған. Өзінен де бар. Орыс мектебінің жетінші класына жеткен бір оқушының сол мұжықтың тілінде ойын, оқығанын жеткізе алмай:

— Шіркін, осыны қазақша айтсам ғой, сайрап қоя берер едім,— дегенін құлағы шалған.

Осы қара көздерді ауға түскен балықтай орыстын, сынына тықпалап, обалдарына қалып жүрміз деген ой бұрыннан да мазалайтын. Оның үстіне орыс мектебіндегі балалардың қазақтың ұланғайыр мәдениетінен тысқары қалатынын көріп, іші удай ашитын. Өз ұлтының не әдебиеті, не тарихынан хабарсыз өскен ұл мен қыз не болады. Мақтайтындары мұжықтың қанды қол Иван Грозныйы, еститіндері Державин, дәріптелетіні "Орыс қысы". Өз елінің мақтана алырлық бір тұлғасын естіп өспегсн балада бөтен жұртқа табынған құлдық психологиядан басқа не болушы еді. Осыны тоқтатам ба деген.

— Бастауыш класқа балалар комиссиямен алынсын. Онда орысша таза сөйлей алатындарды іріктеп алу керек, — деп ондай нүсқау жоғарыдан болмаса да кірісіп кеткен.

— А почему? — деп қатын директор тағы шыға келді.

— Он чего то добивается, — деп аты-жөнін шала орысшалап алғандар қосылды.

— Мы калечим детей, — деп талай-талай фактіні алдарына жайып салып бұл да болмады.

Ақыры "бұл барып тұрған ұлтшыл, қазақ балаларын мектепке қабылдатпай жатыр" деген арызды "бір топ ата-аналардың" атынан райкомдағы кейбіреулердің желсуімен жөнелткен. Жалаңтөс тексерушілер шыңына жетсе де, шыдады.

Сонан кейінгі бір ісіне күні бүгін өкінеді. Жан-жақтан ит қосқандай қылып жүргенде райкомбасы Дүйсен:

— Партияға өт, — деп біраз үгіттеді. Ең болмаса аздап қуғыннан жеңілдік болар ма деп, онысына көнген. Бюро дегеніне алып барып:

— Жоқ, мұны қабылдамаймыз, — деген тағы сол Дүйсен.

Жағымпаздар шиқ-шиқ күлді. "Әй, сойып салды ананы өзіне де сол керек" — деп мәз болды. Жылтыр қаралардың мұқатқанына ширыға түсті. Ауылдың іргесіндегі зираттарға қойылған Шортанбай жыраудың мұрасын зерттеуді қолға алды. Ақ патшаға да жақпаған, қызылы есімін ататтырмай тастаған жыраудың мұрасын іздеп Анарбекке, тоқсандағы қиянда жатқан Қазиге, шежіредей сырлы Сырымбеттің Қасымына, Ескейге барған. Ескеймен танысуы да қызық. Машинаның бортына шөп салып, бір топ адам үстіне мініп, жолға шыққан. Ескей қария былай шыға Нармамбеттің, Шортанбайдың жырларын шұбыртты. Қарияның жырын теріс қараңқырап отырып тыңдаған. Тыңдаушының көбісі селқос, білейікші дегені жоқ, әйтеуір жол қысқарсынның пейілінде. Ескең Мағжанның өлеңдерін жатқа айта бастады.

Күн батысты қара түнек қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған...

Әлкәдір қойнынан торт бүктелген қағазын шығарып, басқа бірдеме сызып отырған адамдай селқос пейіл танытып, атылып кеткен ақынның жаңағы бір шумақтарын жалғыз-жарым буын не әріппен өзі ғана түсіне алатындай етіп қағазға түсірген.

— Әй, осы сен қай баласың? — деп Ескей ақсақал қойып қалды.

— Шеттенмін.

— Ықыластана тыңдап отырғаныңды мана байқағанмын. Кім екеніңді айтшы, жарқыным.

Жөнін естіген Ескей қария айырылмастай жабысты. Кейде түнде бөтен көзден бой тасалап, өзі іздеп келіп сырласты. Қариядан талай жырға қанықты.

Шілденің ыстығында империяның аязы қақап тұрған шағында Есенбектің Тілеуқабылы жасатқан көктасты Шортанбай жыраудың бейітінің басына қоюға жұртты жұмылдырды. Соңынан бар жазушының газеті "Қазақ әдебиетіне" жырау туралы көлемді мақала жазып еді, Шерағаң оны жариялатуға жүрексінді ме, үш жылдай ұстады.

— Оу, онда Шортанбай жырауды не ақтап, не мәңгі қаралап тастаңдар, — деп халықтың атынан он мың адамға қол қойдырып, өтініш түсіреміні де болған. Сең сәл жібігендей

ниет танытып, жырау мұрасы туралы жазғаны жұлмаланса да, жарық көрді.

Тас обаға арқасын сүйей түсіп, манаурап жатқан далаға құштарлана қарады. Биіктегілер төбеден қысып, жағымпаздар балағына жармасқанда осы далаға, ана Аюлының күнгей бетіндегі тасқа шығып, мұнартып жатқан жазираға сүйсініп, көңілін басатыны бірінші әдеті емес. Осындай шақтарда Манатайдағы сандықтасқа да баратын. Сандықтастың етегіндегі Ағыбай ағашы бұл маңның бар аңы мен құсының мекені. Сандықтасқа бірге көтерілетін Жәкен, мына Асқар, ана Зәрубайлар Ағыбай туралы сан әңгімені көсілте айтып, жыр оқып көңілдегі қаяуды басатын. Соның ақыры Ерғалы арқылы тағы Тілеуқабылға көктас жасатып, Ерғалы, Смақтың Серігі, Күнкожаның Тасболатын ертіп ту, қияндағы зиратына орнатып қайтқан.

Мектепте жұмыс істеу де ауырлай берді. Аңду да көбейген. Оныншы сыныпта қоғамтану пәніндегі айтып қалатын кей пікірлерді де тиісті мекеменің құлағына жетіп жатса керек. Оның үстіне бұл жазғы демалысқа кеткенде кей оқушының бағасы аттестаттарына әділ қойылмаса керек. Өзі жоқ болса да Әлкәдірді жауапты еткісі келіп, жаздай прокурорына сүйреледі. Өзін мектептен қууды қолға алғанын түсініп, оқу бөлімінің бір жұмысына ауысып кетті.

Етектен:

— Кетті, ... кетті, — деген айғай шықты.

Бөрінің етекке түспейтініне көзі жеткен Тілеутай да төрт дөңгелегі бірдей қозғалатын "Уралымен" Ақбиіктің бір иығына шығыпты.

— Ал, шап!

Көк бестісімен текіректей жөнелген Әділдің соңынан өзі де аттанды. Сонда да етекке түскеннен гөрі биікте жүргенін қалаған. Қысым көрген қасқыр Ақбиіктің биігіне шығып, тағы бір жағына ауысып кетпесін деп әдейі бой көрсетіп, кескестей берді.

-— Қызыл биікке өтіп кетпесін, — деген Адамқұлдың дауысы талып естіледі.

— Не? — деп айқайлайды оған баласы Істілеу.

— Тоспадан асырма деп жатыр, — деп Әлкәдір қосымшалады

Иық-иықтың бәрінде бір-бір аттылы. Қашқан бөрінің ізі үшеу. Айғыржал жақтан үш ит ерткен екеу шапқылап келеді. Екі атты етекке іліге бере:

— Айт, ей! Айт! — деп құйындата жөнелген.

Әуелі қашқан қоян екен. Әміржанның ауылға қалдырып кеткен Тұйғыны соның соңынан кетті де, қалған екі тазы оның соңынан ұмтылуға тұйғынның зәрінен сескеніп, кейіндеп қалған.

— Ойбай, қасқыр! — деген Боранбайдың жан дауысы шықты.

Биіктегі Әміржан далақтап шапқан екеудің сыңайымен алдын орады. Бойы көріне қашқан бөрі аласалау қарағанның арасына келді де жоқ болды. Із бар, өзі жоқ тағы екі аттылы жетті. Із келген қарағанды алаңқайды айнала шолып, шыққан із таппады. Иелеріне ере келген иттер момын баладай шоқиып-шоқиып, көзін жұмып отыр.

— Көкке ұшып кетті ме? Қайда әлгі қасқыр, — деп Әміржан аң-таң.

Сәлден кейін Тұйғын алаңқайға жуықтай бере жота жүні күдірейіп, ыр ете қалған. Сонан соң ізге түсіп келді де, оппа қардың астынан қарайып тұмсығы ғана шығып жатқан бөріні белден алып, сыртқа лақтырып, есін жидырмай тамақтан алып, басып қалған.

Арлан қасқырды Мешіттің талына қуып тыққандар енді не істерін білмей, далбассыз тұрған. Ішіне кіруге қар да қалың, әрі қауіпті.

— Ой, мынау қайдан келген, — деген Адамқұлдың үнінде қуаныш та, таңданыс та бар еді.

Ауылға байлап кеткен Басары қазықтың түбінен қиып тастаған жібін сүйретіп келіп тұр.

— Айт, — деп нұсқады иесі.

Басы қазандай сары ала тазы шіліктің ішіне секіріп кіріп кеткен. Тал ішінде арсы-гүрсі күрес, жан аяспас арыл мен айқас басталған. Алыса-алыса тазы мен көкжал алаңқайға шықты.

— Айт! Айт! — деп әл берген иесінің дауысынан қуат алғандай болған басар көкжалдың көк желкесінен алып қатып қалыпты. Осы шақта жетіп машинадан түскен Сайран:

— Міне... Міне айқас. Уай, жарайсың, — деп алақанын соғып күлген.

— Ит желкеден енді айырылмайды, көмектессеңдерші, бұл не тұрыс, — деп Тілеутай үмтылған. Аттан секіріп түсіп, белуардан қар кеше жеткен Ізтілеу кездігімен кекжалдың ішін есіп жіберді.

Қыстың қысқа күні еңкейіп, қысқа кеші түсті. Қанжығадағы көкжалдың тұмсығы қар сүзіп, мұздай көзі шақырайып аспанға қарап қапты. Ебін тауып Сәйгелдің жотасына іліккен қаншық көкке мойнын созып, қиқылдап барып қинала ұлыды.

* * *

Қарашоқының басындағы үш бұтты мосы ағашқа байлап қойғандай күн орнынан жылжыр емес. Түс ауа тойға шақырылған Сухибек сол тапжылмайтын күнге әредік қарап қойып, қанша асықпай киінсе де уақыт деген сырғымайтындай. Өстіп жүріп киініп те бітті. Өстіп жүріп тойға да барды. "Суха" лап амандасқандарда жік жоқ. Қол ұшын ғана тигізіп, аузы жыбыр еткені өзінің "Паравоз" молдасы. Сухаң айтты деп паравоз аталып кеткен дәу қара кісінің шын атын жұрт ұмытып қалғандай. Енді біреуін түсіне қарап "Салпаңқұлақ", әнебіреуін "ақкөтен тәуіп" атап жіберіп еді. Жасы үлкен "Паравоздың" кәріне ұшырай жаздады. Есіне түсті де, мырс етті.

... Құдайы дәм деп ауылдың үлкендерін тегіс шақырған Әлімқұлда жазық жоқ. Үлкендсрін төрге оздырып, онан жасы кішілеу деғендерінің жеке дастарханға басын қосып бәйек болып-ақ бақты. Дәмнің үлксні бас тартылды. Рәсім мен аузында дұғасы бардың біреуі аят оқыса болғандай еді, мұндайда тартынбай алға түсе жөнелетіндердің жағы ашылмай қапты. Үй иесі қос алақанын жайып, әрқайсына бір қараған.

— Сухаңнан сескеніп отыр, — деп тақпақтай жөнелугс үйір Саят күбір етті.

Іле-шала:

— Ал, паравоз молда, оқы, — деген үн естілді.

— Мен неге паравоз болам,—деп онсыз да буын босатып тұратын паравоздай ызылдап отыратын дәу қара күжілдсді. — Осың не сснің... Аузыңнан ақ ит кіріп...

— Ақсақал-ау, оны шығарып жүрген мен емес.

— Сен айттың ғой, ... сенсің.

— Оны таратып жүрген мына Сухибек.

Жұрттың бәрі Сухаңа аңтарыла қарады. Құранның бір аятын дұрыс оқи алмайтын мыналарды өстіп мінеп, жөнге салсам ба деген ниеті болғаны рас. Қысылтаяңда бүйтіп буындырады деп кім ойлаған. Паравозы көзі ежірейіп, сиректеу мұрты жыбырлап төніп қапты.

— Астапыр... — Арғы жағын айтпаған Сухаң, тәубаға келгенсігеніне қалай қарар екен деген ниетімен, бәрін бір шолып шықты. "Астапырдың" ар жағындағы "Алланы" айтқан-айтпағанын елер емес, Паравозекең де серпіліп қалыпты. — Осы менімен құрдас Кәкжалдың Сабырынан көресіні көрер болдым. Ақсақал, осы жасымда жолыңызды қиып өттім бе? Баттитып есіміңізді атадым ба?

— Жо.. .жоқ, — деп дәу кара да басын шайқады.

— Міне, көрдіңіз бе? Ана Сабыр әдейі өзі шығарады да, мен айтты деп қасақана жұртқа таратады.

— Е, бәсе, Сухаң ондай емес, -— деп дәу қараның құрысы жазылған.

Дегенмен де көңілінде дық қалған сияқты. Молдалықтарының шалалау екені рас. Құран ұстағанды атып тауысқан шамада бұлардың таза есінен танып қалмай, жұрттың мұсылман екенін әйтеуір есіне түсіріп жүргеніне де ризасың. Пендешілікпен бір қате жіберіп алғанын Сухаң енді түсінді. Бірақ қазақ қалжыңсыз жүре ме.

— Ассалаулап қол созған Қалыбек екен.

Бұл Қалыбектің де қалжыңы жетеді. "Өтірік айтпайынақ деймін, бірақ ар жағымдағы нағашыларым аралбайлар жеңіп кетедіні" де айтып жүрген осы. Өзі уәдешіл. Әсіресе суқаны сүймейтіндерге таудай уәде береді. "Бүгін демейін, ертең болмас, бүрсікүні явно, явно болады" дегі айлап жылдап созатынын ел біледі де күледі.

— Қалыбек, әлгі Шолпанқұлға түстенуге барғандарың қалай болған, — деп сауалдады Сухаң.

— Ой-бой. — Қалыбектің танауы желпең етті. — Бұл Брежнсвтің заманында ақ майды ағыздық қой. Есеп жоқ десе де болады. Ой-бой...

... Шолпанқұлдың бәйбішесі дүниеден өтіп, талай қатынды менсінбей жүріп, таңдап біреуін алыпты дегенді естіген. "Қой, құтты болсын айтайын" деп бет алған. Біз де барып қайтайықшылар табылды.

— Келе берерсіңдер, — деп күні бұрын жеткен. Құтты, қайырлы болсын айтылды. Шолпанқұл да өзгеріп қапты. Иектің астындағы сақалы жып-жылмағай, мұрты күзеліп, кісі боп қапты.

Аналар жеткенше ас қамдай берейікті Қалыбектің өзі айтты. Таңдап алған сары қатынға салса шәймен аттандыратын. — Қой қайда? Біреуін жығыңыз.

Шолпанқұл "жас" қатынына қарады. Онысын түсіне қойған Қалшыбек:

— Әкеліңіз. Әктісін "өлдіге" жіберіп, өзім жасаймын, — деген.

— Үйде ет бар. Соны асамыз, — деп сары қатын шыр етті.

Қалыбектің шаңыраққа ілінген етке мана көзі түскен шыбын қонып, ирелеңдеген әппақ бірдеме кірігі-шыққанын байқаған. Астапыр... соны аспақ па?

Шолпанқұл әйелінен аспады. Қалыбектің есіне осы үйдің дүние озған бәйбішсі түсті. Марқұм, қолы ашық адам еді. Өткен жылы осы Шолпанқұлдың үйіне түстене келген, марқұм бәйбішесі үйінде жоқ екен. Жанына ере келгендердің бәріне Қалыбек жұмыс тауып берді. "Сен от жаға бер, сен суға бар, ал енді сен кешкі малды жайла" деп бәрін жұмсап Шолпанқұлға:

— Ал, мен ет асайын, шошалаға жүр, — деген.

— Сен кірме, өзім әкелем, — деп шошала мәселесіне келгенде иесі тартыншақтады.

— Ой-бой, Шолпеке, мені мына маған ерген жұрт көзінше жер қылма, ерте жүр шошалаңа.

— Е, жарайды.

Шолпанқұл шошаланың құлпын Қалыбектің бетіне қарай-қарай ашып, босағаны иегімен көрсетіп, "тұрасыңның" ишарасын білдірген. Табалдырықтан Шолпанқұл аттай бере оны итере-митере Қалыбек те етке қолын созды.

— Әй, — дегеннен басқаға Шолпанқұлдың тілі келмеді. "Қап мынаны" деп күлді де қойды. Үстеме қазан етті тауыса алмай ертеңіне жеп, қалғанын "жеңгеме" еп жүре берген. Бір демалыстан соң әдейі тағы соқты.

— Шалымның ішін өткізіп кетіпсің, сонша не болды сендерге, — деп бойбішесі күлген де қойған еді.

Енді мінекей, сары қатын асқан боп жатыр. Табаққа түскені жалғыз жілік пен сынық омыртқа екен.

— Әй, мынау саған қатын болмайды десті.

Олары рас екен тағы біреуге тиіп кетіпті деп естіген.

Тойға жиналған жұрт "қыз жағы" деп аталатын құдаларды күтуде. Құда дегендердің ауылы алыс болмаса да қарасы көрінер түрі жоқ. Айтуларына қарағанда кемі отыз қырық адаммен келетін көрінеді.

— Ой-дойт дерсің, сексен адам көрінеді, — дегендерде табылып:

— Е, осы қызы кетпесе қырылған ба, бұл шіркіндер, — дескендер де табылып жатыр.

— Келіпті. Ана жамағайынның үйінде көрінеді. — Хабар айтушы жігіттің екі езуі құлағында.

Жамағайынның үйінде сонау... сонау Семей болмаса да соның бер жағынан жететін құдасының құдасын күтіп, тағы екі сағаг оттырды.

— Бір қыз айтқан екен, бір дамбалды алты күн тіктім, әлі де болса ауы мен бауы бар деп, сол сияқгы осылардың үмегі мсн шүмегі бір бітпейді. — Саят сылқ-сылқ күлді.

Есік алдында жалғыз орындыққа жайғасқан Сухаңның жамбасы тесілуге айналды. Қиналған жалғыз бұл емес, берекесі кеткендер жеткілікті. Анау кекселеу толық әйел үстіндегі камзолын шешіп, жаңғырыққа төсеп, үһілеп отыр. Жасаулы үстелге кіруге рұқсат жоқ. Аңтарылған жұрт суыт жүрістен кейін қаңтарылған аттай құда келеді-ау деген жаққа мойнын созады.

— Келді, келді, — Шыр-пыр болған келіншектің дауысында қуаныштан шаршау басым.

Арқан керген боп, шашу шашылған. Ондай-мүндайы біткеннен кейін енді құдалардың аяқ суытуы басталды. Әлгі көше-көшені кезіп, "Ойбай үйлендім" деп машинасын безектетіп, құда келгенше екі-үш рет бас көрсетіп кеткен жастар жоқ.

— Келер, — десті.

Әрі-бері күтті. Қаралары көрінбеген соң, іздеу салып сонау өзеннің бойында тойды бастап жіберген жерлерінен зорға жетектеп әкелген. Әйтеуір күйеу бала мас емес, әйтеуір келін...

Күні бойы дар-дар музыкадан есің танып, тойдың басталуын күте-күте қалжыраған жұрт үстелге бас салған. Омартасының мазасын кетіргенге ызалы арадай ыз-ыз. Ыз-

ыздың бәрінің аузы да қолы да бос емес. Тамада шіркін әу баста баскара алмайтынын сезіп дегбірі таусылған.

— Оу, ағайын, сөз тыңдайық.

Сөз алған сақалды болмаса да үлкені саналғаны:

... болсын, — деп бітірді.

... болсын, — деді той иесінің үлкені.

— Әй, апам қалып қоймасын сөзден, апам.

— Мен не айтам... бақытты болсын..., — деп көзілдірік киген төртпақ қара кемпір де аяқтады.

— Мен сөйлемеймін бе? Қара бұларды, а? Әкел бермен, ананы, — деп микрофонды тартып алған жасамыс әйелдің "...болынын" Сухаң мына ызың-шудан ести алмады.

Бұл не деп ренжіді Сухаң. Той ма, жиналыс па? Тойда әсем ән, күмбүрлі күй, тамаша әзіл болушы еді. Жастарды қайрар қайым айтыс қайда? Бос тарелканың салдыры, стақанның сыңғыры, мадақалап берген біреудің өмірі бітпес онысын ешкім таңдап жатпаған "болсыны" той болып есептелгені ме. Ендігінің бет алысы осы болғаны ма. Отыз екінің аштығын да, отыз жетінің сұмдығын да, соғыстың тұсындағы, одан кейінгі бір үзім нан табудың қиындығын да көзі көрді. Осы халық соның бәрін басынан кешті. Сол бір шақгардан халқының сабақ алмағаны ма. Мынау дарақылық қайдан келген. Елдің есін алып, жақсылық-жамандық дегенді, үлгілі тәлім дегенді ұмыттырып, "Зомби" жасайды деуші еді. Оны жекелеген адамға жасайдыны еститін. Ал, бүкіл халықтың аз уақытта ұлттық тәлімінен айырылып, есіріп шыға келуін Сухаң түсіне алмады.

— Суха, — дегенге қараған. Кимежан екен. — Осындағы бір адам риза болмай ренжіп отыр.

— Несіне?

— Сөз алмадым деп.

— Оның кім, тағы? — Сухибек: "Япырмай, мына сшкімді сшкім тыңдамақ түгілі бір-бірінің бетіне қарамай әркім өзінше қисалаңдап отырғанда сөз тимеді деп өкпелейтін кісі де болады екен-ау" — деп таңданған.

— Ана, Бәдекең.

— Қой, — Сухибек "Қой" десе де ептеп өлең шығарғансып, желпініп қалып жүретін Бәдекең шалдың онысына таңғалған жоқ.

— Қазір, қарап отырыңыз. — Кимежан жылп-жылп етеді. — Бәдеке.

— Ау?

—- Біздің үетелге де таянсаңдаршы.

Сухаң осылардың ендігі ісін көрмей-ақ қояншының ниетін танытып, бір парақ қағазға әлденені жазып, түртінектеп кетті. "Бәдеке, Бәдекелеген" Кимежан мен Саят сақалы болмаса да бозғылт тартқан мұрты бар, шалдыққа "кандидат" боп жүрген қарға бойлы қасқаға кезск-кезск ақаңнан алдыртып, алдыртып жіберді. Бәдекеңнің жастардың мұнысына ризалықпен көңілі босағаны көрініп тұр.

— Қхе, — деп жөткірініп мұртын сылады.

— Сізді қ ұрметтейміз ғой.

— Ә... Оларыңа рахмет. — Шалдыққа кандидат Бәдексң мардамсып иегін сипады. — Біз енді қанша жасайды дейсің. Мына... мына сендер аман болыңдар.

— Айтқаныңыз келсін. Сіздср ғой алдымыздағы асқар тауымыз. Сіздің орыныңыз тіпті бөлек.

— Ә..., — Бәдекең "распаны" таңдана қарағанымен сездіріп, қиыстай көз салды.

— Ой-бүй, оныңыз не? Сізді кім білмейді. — Кимежан жүзіне үйірілген күлкіні бетін тыржыңдатып барып басты.

— Жарайды, қой енді, — деп Саят "осымыз жетер" дегендей жөнге шакырған.

— Қой ендісі несі? Осы сендср қызықсыңдар. — Кимсш екпіндей жөнелген. — Осы сендер адам сыйлай білмейсіндер.

— Ту, сен де..., — Саят жылыстаңқырап кетті.

— Көрдіңіз бе? Ес біледі, жөн біледі деген мына жігіттің түрі анау.

— Ә, солай ма? — Ішіне көбіректеу түсіп кеткен сайтан судың әсері ме, Бәдекеңнің қабағы шытынаңкырап қапты.

— Солайыңыз не? Менің, мен түгілі осы отырған қауымның ризашылығы жоқ. Мына тойды басқарып жүргендерде бас жоқ.

— .. .бас жоқ... — Бәдекең аңтарыла қарады. Сонан соң шынында да осылардың басы жоқ па екен дегендей қауым елді сүзіле шолып шықты.

— Осы ағайынның үлкені сіз емес пе?

— Бас болса сізге ең алдымен, не екінші-үшінші етіп сөз бермей ме? Басынғандық па, әлде бассыздық па, осыны түсіне алмай отырмыз.

— Ой, иттің ғана...

— Бәдеке, Бәдеке, қоя тұр. Бәд... — Кимеш басу айтқансып, алдын ораған.

— Адам сыйлай білмейтін шошқадан...

— Ойбай, үндемеңіз, той өзіңіздікі.

— Қарашы-ей, бұларды, жал бітейін деген екен, әкелеріңнің...

Бәдекелеп той иелері де жеткен.

— Аға, не боп қалды?

— Кет итгің балалары.

— Аға-ау, айтсаңызшы, неден жаздық?

— Мені масқара қылып..., — Бәдекең аяғын шолтаң еткізді. Әбұйір болғанда ешкімге тимей, голошы ұшып кетіп, бос үстелге қонақтады. Бәдексңнің табан асты неден бүлінгенін білмеген ағайыны оны көрші-қолаңға тапсырып, олар аққөбіктеніп қалған шалды қаумалап, үстелге отырғызған. Анда-санда "кор" болғаны есіне түсіп кеткен шал сыпыра боқтап, үстелдің өзі болмаса да үстіндегісін шайқап, әбден мазаны алған. Бір-бірінен кем қалмай жарыса сөйлеп, бір Алланың өзіне осылай"... болсын"деп бұйыра зілттастаған сөз сайысы саябырлап, қалғанын кейін жарылқайтын болып, үзіліс те жарияланды.

— Ақсақал, күні бойы тысқа сұранып едіңіз, міне енді шығғыңыз, — деп тамада мәз.

— Әй, ана жынды ағаңа ақыл айтып, өзің ұста. Бізді қалжыратты, — деп Кимежан кол бүлғап шақырып алған Рақышқа Бәдекеңді тапсырып, сытылып шыға берген.

— Аға-ау...

— Өй, емешең құрьн-ыр... маған сөз бермсй.

— Бір білместік болған екен, олары енді...

— Жо... мен бүйткізіп қоймаймын.

— Аға-ау, былай шығып сөйлесейікші. — Рақыш көлеңкелеу бұрышқа апарып, Бәдекеңді қапсыра құшақтаған. Аласа бойлы шал әлеуетті жігіттің құшағынан шығып кете алар емес.

— Ойбой, сұмдық-ай. Әй айырсаңдаршы ана Рақыш ағасын буындырып жатыр, — деп Кимеш тағы шыр ете қалды.

— Не дейді? — десіп жүгіре жеткендер Рақыш пен Бәдекеңе кезек жаутаңдап. барып басылған.

Енді ермек қалмағандай Кимеш ақтан босаған шөлмекке су құйып, коньякқа ақ араластырып, сапырып отыр. Тығыны ашылған шампанның да сау қалғаны жоқ.

— Киіт кигізуді ұмытып кетпе, — деп үлкенсіп, ақыл айтып бара жатқан той иелерінің бірі Дәубасты шақырды.

— Дәуке, би билемейсіз ғой, онда сізге не бар, аздап бізбен дәмдес болыңыз. Бізді елеп келген ешкім болмады өзі.

— Қап, той ғой, бәріне жете алмай жатырмыз, — деп жалпаңдады Дәукең.

— Бізбен тост көтерісіп дегендей...

— Менікі коньяк қой.

— Ол табылады гой, әне тұр. Біз ақ ішеміз.

Дәубасқа үлкендеу стақанмен коньяк, өздері тап сондай етіп Асхат дайындаған шөлмектен құйып, тартып жіберген.

— Аз болды. Күні бойы ішіп жарыған жоқпыз. — Асхат өкпелеген сыңай танытты. Бір жарып ішейік те, әкелші ананы...

Жүз елу грамдықпен тағы да екі рст алып-алып жіберген. Дәукеңнің көзі ақиып, қылжалақтады да қалды.

— Дәуке.

— О... О не? Құй..., — деп сылқ ете түсті.

— Әй, жөні түзу біреуің бізбен ең болмаса бір кішкене неге болмайсың. Не? Менсінбейсіңцер ме? Мына Дәукең бізге деген коньякты өзі ішіп, сиқы мынау.

Осы елдің талайымен таныс Кимежан сыйсыз да азамат емес. Бірде бір кеңшардың рабочкомы, кейде перме басы, тиіп қашып бас инженер, әредік аудандағы әр мекеменің басшылығының да басын ұстап жүргеннің бірі. Айыбы ішіп қояды деп естиді. Ондайда жанындағыларға маза бермейтінін де айтады. Сондай бір кәмпән боп тарасқанның соңынан бір досының құйрығына "Балташ, болма алкаш" деген жазу түсіпті. Бәрі бірге отырып, бірге жығылған сияқты еді. 0, сұмдық-ай, әлгі жазу сайтанның ісі дейін десе, шайтан-екең ішкенмен дос, аруақтың ісі деуге қисыны келмейді. Ең кереметі осы жазуды күйеуінің иштанын шешіп жатып әйелі көріпті. Әуелде шошынып жаратушының ескертуі болмаса игі еді деп, сипап көруге сескенсе керек. Артынан:

— Ойбай, — Балташ, мынауың не сұмдығың? Қай қатынның үйіне бардың? — деп пәле салыпты.

Осы тойда отырған игі жаксы дегеннің сыңайы осы Кимсжанның о жақ, бұ жағы. Япыр-ай, елдің ендігі иесінің түрі мынандай болса... бір етікті бір етікке соғыстырып, кызық көрген.. .Сухаң басын шайқап, шығып жүре берген.

Даң-дұңы бір ауылды үркітіп жіберуге жетерлік той кеш тарады. Алыстан келгеннің біразын Кимежан үйіне ерте кслді. Маңайы қора-қопсыдан жүрдай, отау үй сияқты жалғыз шошайған үй екен. Қора-қоисысы болмаған соң сиыр сауып, мал күтіп, мал иісі сіңбеген орта жастағы әйелі де бір сыдырғы тәуір көрінді. Әлде қонақгардың келетінінен хабардар ма, бар жылтырағы үстінде.

Жаңа сойылған қойдың стін қазанга қонақтарға көрсетс салды. Үстел жасалыгі, тамақ піскеншс дслініп, картаға кіріскен. Кимежаи ксрсусттің астынан ағы, қызылы аралас жәшік толы арақтың шетін қылтитты. Ду-ду. Мизері ме, ешкісін атау дей ме, ара түра стакан соғысып, жарылқанып— ақ жатыр. Шайды алдарына ала берғенде Кимежан әйелімен шартпа-шүрт болды да қалды. Былайғы қонақтар "боқ жсменің" неден басталғанын білмей, араға да түсе алмай дал Әлдс ашу, әлде қызудан жүзі нарттай қызарған Кимежан әйеліис бір тәрелеңкені жібсріп қалған. Қимылы шалттау, күлкісі сылдырлау көрінген келіишек әккі футболистей бір жағына жалт етіп, "ғолды" өткізіп жіберді. Қабырғаны тапқан дәлеңке быт-шыт. Тағы бір-екеуі зулаған. Келіншсккс тиген біреуі жоқ.

— Қой, мүның не? — деді бір-екі жас үлкендігін білдіріп Төлеуқүл.

— А? Не?

— Үят қой мүның. Өзіміз үялып..., — деп Саят сабақтаған.

— Жүмыстарың болмасын. — Кимежан бірақ қайырып тастап, стақан толы арақты сыңғытып-сыңғытып жіберді. Мслшиген тыныштық орнады. Бір-біріне кінәлі кісідсй ұрлана қараған қонақтарда үн жоқ. Сырғып шығып кеткен келіншектің де қарасы бір жолата батқан.

— Мүсәпір болдық-ау, — деді үстслден шегіншектеген Саят.

— Әй, Саяш, — деп сарт етті Кимсжан. — Әкеңнен жалғыз туып мүсопір болған жоқсың, әксң өліп мүсәпір болмадың, жамағайының сотталып мүсәпір болғаның жок, снді менің үйімде калай мүсәпір бола қалдың?

Кимежан қайдан алғаны белгісіз кездей кездікті құлаштай ұрып, үстелге қадады. Кірш қадалған кездік діріл қағып, жүзінде суық сәуле ойнаған.

— Тыпыр еткеніңді жазым етем. — Көзі ақиып, аузы көбіктенген Кимежанның жүзі кездіктен бетер суық.

"Қайдан тап болдым" деп қынжылды Төлеуқұл Сонау бір жылы Табияны қыстаған Әлкеннің жағдайын білуге барғанда ол шіркін де мылтығын кезеп, бәрін базға куып тығып еді. Баздың есігіне барса, тесігіне мылтық кезеніп:

— Шық, атамға салып, терезесіне барса жыртығынан қаруын сығалатып куған. Өзі ұзын неме Төлеуқұл талай сүрініп, сүйретіліп ес-тұсы қалмаған еді. Құласа да сынғаннан аман, кезенсе де мылтық атылмаған. Әйтеуір аруақ қолдап есен-сау шыққан еді. Әлкен ашуланса да мас емес-тін. Сайтан суға қанған мына көк езу не істер екен.

Кимежанның бұйрығымен жеке бөлмеге жатқан Адай түн ортасы ауа есіктен сығалады. Баяғы орнынан тапжылмай, тізесіне шынтағын қойып, қос алақанымен басын сүйеген, Кимежан көзін жұмып отыр екен. Кимешті ұйықтадыға балаған Төлеуқұл мен Саят еңбектеп есікке барып қалыпты. Шошынғандай атып тұрған Кимежан кездігіне ұмтылып, екеуін де қайта төрге оздырды. Адай басын бүркеп, сылқ-сылқ күлген. Ауызғы үй гүр-гүр. Әйтеуір ащы дауыс жоқ. Ұйықтап қалыпты. "Тұр-тұрдан" басын көтерсе кешегі шай қайта жаңғыртылыпты. Кимежан орынында. Күлкісі сылдырлау келіншек шай құйып отыр екен.

— Шай іш, қайным.

Дүниенің бәрі орнында, кешегі бәрі... ә, түс емес пе?

ӨЛІАРА ШАҚ

Құбыладан ескен жел сағат сайын күшейе түсіп, Сары адырдың жотасының үстін түте-түтесін шығарып, көз аштырмайтын мың-сан аппақ құйынды ауылға әкеп тықпалаған. Түске таяй басталған боран көз аштырар емес. Бораннан ықтаған қойдай үй-үйді сағалап бүрсең қаққан жұрт аудан басындағы жалғыз мәдениет сарайына қарай бет алған. Елді бүрсең қақтырып қойған Мәскеуі ме, басқасы ма, әйтеуір бір жоғарғы кеңеске депутат сайлаймыз, сонымен кездесу керек деген райкомның пәрмені. Кандидаттың жүзін көру үшін мектепте сабақ, мекемеде жұмыс тоқтап, жұрттың арқалары босап қалғандай. Бұл да депутатқа құрмет, елге жеңілдік деп есептелгендей.

Сағат түскі бірге деп белгіленген жиналысқа жұрттың бірі боп Зейін де жеткен. Ел жиналса да кандидат жоқ. Сонау Жаңгір төренің ауылының орнына Карлаг орнап еді, оның соңы совхоз боп шыққан. Карлагтан қалған ба, әлде тың көтереміз деп келгеннің бірі ме, сонда бір керемет сауыншы шығыпты, сол жоғарғы кеңесте біздің жыртысымызды жыртады деп қалап алып жатса керек.

— Кім еді онысы? — деп сұраған Зейін.

— Онысын толық білмедім. Ковольская ма, Кабылевская ма бәрі бір де. Бір көргенім бес биенің сабасындай орыстың мәтүшкесі. — Зәрубай мырс етті. Ол жағын…

— Сиырдың шөбімен кіріп, жапасымен шығып, сарсылып өліп-тіріліп жүрген бір қазақтың әйелі табылмап па. — Зейін ренжіп төмен қараған.

— Ол жағын сол ауылға жиірек баратын Боранбай Исатаевич білмесе, мен не біледі дейсіз.

Кандидат қатын кешіккен сайын жұрттың гу-гуі де, қобалжуы да көп. Көрмесек те сайламаймыз ба, ол қатынды көргенде бізге берері жоқ шығар, деушілер көбейе түскен. Жұрт алдына осы кандидатты сайлаудан өткізуге міндетті етілген сайлауком төрағасы Төлен шықты.

— Сәл күтейік. Кандидат жолдас таңертеңгі тоғызда шыққан. Келіп қалуға тиіс.

— Немен шығыпты? — деді кекесінмен біреу.

— Көлікпендағы.

— Оны білеміз ғой, қасындағысы кім екен?

— Ой, сенде сұрамасты сұрайсың. Байсыз қатынның жанында кім ергені кімге керек. Бір пайдасы тиер болашақта деп дәмелі сәуріктің бірі ерді де.

Жұрт ду күлген. Мәз болған жұрттың көңілі көтерілді деді ме, аудан басшысы Мекең бой көрсетті. Мол костюмге сыймаған құрсағын қашып кететіндей айқара құшақтаса да саусақтары төсінің маңында ғана қауышып, төменгі жақ белдікке ілініп, салбырап қапты. Өткенде бір жиында жұртқа тал екпейсіңдер, ал райкомның алдында өскен өскін жүріп келе жатқан өгіздің сарығанындай иқы-жиқы деп тиіскені бар-тын. Ана Тезекбай "тал ексек су жоқ, оны сіз айтқан өгіздің сарығанымен суарамыз ба" деп төралкасына жазып жіберіпті. Мекең сасқан жоқ еді.

— Мені өз сөзіммен өстіп қауып алып жатыр, — деп кеңкеңк күлген.

Бұл жолы да:

Кандидат кешігіп жатыр, шыдайықты айтып, жылышырай танытты.

Кандидат қатынды жер жұтып кеткендей сайлау бастық Төленнен онан жоғарғылар өшін алып жатыр.

— Телефон соқ.

— Кандидат сенікі, тап.

Телефонның құлағында маза жоқ. Шіркін, деп ойлады Зейін, отыз жетінші жыл болса мына жүргендердің нешеуі сайлауды қасақана бұзуға тырысты деп көзі жылтырап абақтыда отырар еді.

Түс ауып кетті. Даладағы боранның тап бүгін басылатын түрі жоқ. Кандидат қатын боранға тап болса... деген кауіп бәрінің көңілінде. Бір пәлеге қалмасақ игі еді деп райком жағы сасулы.

Телефон тіл қатты. Ертемен тоғызда шыққан Қобыл, әлде Ковол... әлгі қатынды сағат он екіде біреу ауылдың жанындағы шілік ішінде жанындағысымен коньяктатып отырғанын көріпті. Жанындағысы...

— Не дейді? — деп ежірейді Мекең.

— Машина ішінде арақ ішіп, — деп Төлен ар жағын айтпай күмілжіді.

— Рас па? — деп бастық Боранбайға қараған.

— Видимо, рас шығар. — Борекең теріс айналды.

Мекең бастық біреу қуғандай асыға басып шыға жөнеліп, кілт тоқтап:

— Әй сен аналарды енді жоғалтып алма, — дсп Төленнің қолтығындағы сайлау материалдары бар папканы нұсқады.

Бір әбүйірі кандидат қатын боранға ілікпепті. Кандидат ауылынан ұзамапты. Жұрттың шалалау естігені, ашынасымен екеуі машинада көңіл бөлісіпті. Оны райком жағы сыбырлап қана айтса, ел пеш түбінде күңкілдейді.

Наурыздағы Құс қанатына ұласатын боран ертеңіне сырғымалатып барып басылды. Әлгі Кобыле... дегеннен басталатын кандидат қатынның аман екенін жұрт сырттай естиді. Е, бопты. Ішпек түгілі машинасының ішіне "кіш" етіп қойса да мейлі. "Сайла" десе сайлай береді-дағы. Әлгі тақпақшыл Саяттың "аузы-басын жара-жара етіп, мойнына шоқпардай галстук байлап, сорлы қойшыны жиналысқа сүйрелеп, ауылына көмекке барған боп перме басы, мал бастығы ма біреуі әйелін әурелейді" деп күлетіні Зейіннің есіне түскен.

Соңғы кезде жүрегі шіркін жиі әурелесе де жұмыстан қалғысы келмеген Зейін оқу бөліміндегі кабинетінде отырып, сайлау деген осы әуре-сарсаңның кімге, қандай қажегтілігін ойлаған да қолын сілтеген. Тар кабинеттегі қарсы қойылған үстелдің арғы жағында Әлкәдір. Жер беті кең, жұмыс деген жеткілікті болса да екеуіне бұйырғаны осы. Жеке сөйлессін, пікірлессін дей ме, үстеріне басқа қызметтестері де көп ене қоймайды.

Даланың бораны басылса да соңғы кезде биліктің құйыны оқу бөлімін үйіріп тұр. Бөлімнің бастығы Төлен мен қосшысы Зәрубайды кезек шақырып, итжеккен асырып жібермесе де местей қып сабап, итшілетіп қойды. Кеше болған бюрода:

— Талды мектебінің оқушысының аяғы ауыр болуына кінәлысың, - деп әуелі директоры Танасты, сонан сон Төленді кезек-кезек есінен жаңылдырды. Райкомның ине шаншып қалса жарылатындай сыздаған сарысы тіпті ала бөтен тиісіпті.

— Мектепте оқу-тәрбие жұмысы әбден ақсаған. Тәрбие жұмысының мүлдем жоқтығының көрінісі ана оныншыны

бітірейін деп отырған қыздың жүкті боп қалуы. Бұдан шығатын…

— Ол қызыңыз перероток. Биыл жиырмада, — деп қалды директоры.

— Әне, көрдіңіздер ме? Жұмысты бетімен жібергенін әлі де мойнына алмай тұр. Бізге ақыл айтқысы келеді. Директорды орнынан босату қажет.

— Оқу-тәрбие ісін әрине мектеп коллективінен сұраймыз. Бірақ бала тәрбиесі дегенді тек қана мұғалімге жүктей салу проблеманы шешпейді ғой. Ата-аналардың өзінен баланың тәрбиесін сұрауды жолға қоймасақ іс оңа ма. Баласы түн жарымда ма, таң ата ма бірақ келетін ата-аналарды білесіздер. Солар баласынан қайдан келдің демесе мұғалім не істей алады, — деп Төленнің шырылдағанын естіген.

Бюроның не шешімге келгеніне назар аударmапты. Әлгі директор Танас:

— Мені орынымнан алатын болды. Бұған не шара? — деп таңертең басын бір көрсетіп кеткен. Райкомның шарасына шара бар ма. Райком айтса қойды қасқыр жемейді деп жүріп жатқан жоқ па осы ел.

Тоғызда келіп, күнделікті қағаздарына шұқшиған Зейін мен Әлкәдірдің анда-санда тіл қатысқаны болмаса сөйлесулеріне уақыт жоқ. Осы оқу бөлімінің ең ауырлау қағазын толтыру да, қиындау шешілетін мәселесіне іссапарға шығатын да осылар. Бастық шақырады барады, тапсырмасын алады. Қай тапсырыс болса да тыңғылықты атқаратындарына көңілі тола ма, Төлен бастық бұлардың кабинетіне басын сұққан емес еді.

Есік сырт етіп ашылды, Беймезгіл келгеніне өзі абыржығандай есіктен аттай бере:

— Сәлеметсіздер ме? — деген Төлен келгенінен кеткені тез боп шыға жөнелді.

Біраздан кейін:

— Орнымнан босататын болды, — деп Танас тағы бір көрінді де кетті.

Бүгін оқу бөлімінің іші құлаққа ұрғандай тып-тыныш. Кіріп шыққан адамның дыбысы білінбейді. Дәлізде кездесе қалған әріптестерінің өзі күндегідей шүйіркелесіп тұра қалмай, бас изесіп, біреу қуғандай өте шығып жатыр. "Кешегі бюроның дүмпуі қатты болған-ау" деп ойлады Зейін. Түскі

үзіліске жақындағанда тағы есік ашылған. Тағы Төленнің басы көрінді.

— Иә, төрлет.

— Жай, бір әшейін.

— Келе қоймаушы едің.

— Бір кісіні іздеп. — Төленнің жүзі күндегісінен қуқыл тартқан секілді. Қайта шыға жөнелді.

— Өзінде өң жоқ қой, — Зейін жазып отырған қағазын сырып, Әлкәдірге сұраулы жүзбен карап, ағарып кеткен шашын кейін серпіді. Сонысының өзі жарасымды еді. Әлкәдір қулана қалды.

Жігіттің шашы аппақ, мұрты кара.

Зейін жымың етті де:

— Жаңағыны айтам да, келгіштеп кетті, — деді.

— Өзі адасып жүргендей. Байқадың ба, сүрініп-қабынып.

Зейін орнынан көтеріліп, терезеге үңілді. Дала маужырап тұр. Тұтатып алған темекісін құшырлана сорып, күл түскен сұрғылт костюмінің етегін қаққыштады.

— Қызық екен.

?

— Кеше бюро немен бітті өзі. Төленді де орнынан бездіріп жібергеннен аман ба осы. Ә, осыны сұрамаппыз-ау.

Түскі үзілістсн кейін де Төлен бастық екі рет басын көрсетіп, от ала келген баладай жөнін де айтпай, асығыс шыға жөнелген. Өздерін аса сыйлайтын Төленнің қайта-қайта келгіштей бергеніне таңданып, бұлар да аңырды. Екеуі де қаламын тартып, енді қайсы келер екен дегендей есікке жалтақтап, терезенің пердесін кеңірек ашып қойған.

- Мынасы қызық екен... — Зейін сөзінің соңын жұтып қойды.

— Таң тамашамын. Құдды бізді аңдып жүргендей. — Әлкәдір басын шайқады.

Темекісін қайта тұтатып, сормастан күл салғышқа тастай салған Зейін:

— Ондайы жоқ еді ғой, — деп есік жақты иегімен нұсқады.

Не қылса да көңілге күдік кірген. Өмірден запы болған күпті көңіл секемшіл. КГБ-нің таяғынан, лагерьдегі зорлықтан, елдегі салпаңқұлақтардың қанден иттей балаққа жармасуынан шаршаған жүйкенің жұқармасқа лажы қалмаған екен.

Кешкі бестің мезгілі еді. Сарт етіп ашылған есіктен бері аттамай басын көрсеткен Төлен.

— Сіз маған келіп кетіңізші, — деп Әлкәдірді шақырды.

Әйтеуір бір сөздің барына еш күмән қалмады. Төрдегі үстелдің арғы жағына отырған Төлен алдындағы папканы ашып жауып, екі қолын сиғызарға жер таппағандай дегбірі кетіп отыр екен.

— Жай шақырдың ба?

— Қалай айтарымды білмей отырмын.

— Жайшылық па?

— Соған аузым бармайды, — деп қысылғанынан Төленнің маңдайынан тер шықты.

— Сен қысылма. Өзің мынаны ғана айтшы, біздің үй, бала-шаға аман ба?

— Ол жағы аман.

— Кәрі әкем тірі ме?

— Тірі.

— Ендігі айтарыңды сезіп отырмын. Бәрі бастан кешкен дүние ғой, енді қысылмай айта бер.

— Сіздерді жұмыстан шығар деп...

— Иә, себебі?

— Кешегі бюроның шешімі солай. Оқу бөлімінің жұмысы ақсаған дейді.

— Оны Зейін екеумізге қатысы қанша дейді.

— Оқу бөлімін Алаш, ордашылар басып алған, сонан тәрбие ісі жауапсыздыққа кеткен.

— Мұны айтқан кім?

— Әлгі бірінші басшы Мекең, қостаған ана сыздаған сары.

— Иә, сонан...

— Сонан таңертеңнен бері маза жоқ. Үшінші хатшы Потапова екі рет телефон шалды. Исполком мен райкомның бөлім бастықтары әлденеше рет телефон шалып, "Давай, шығарғаның туралы бұйрықты әкел" деп жатыр.

— Оның қисыны келер ме екен? — деді еш абыржымаған Әлкәдір.

"Осы шын айтып отыр ма" дегендей Төлен Әлкәдірдің бетіне қарады. Айтып құтылдым-ау дегендей өңіне енді ғана қан жүгіре бастаған.

— Сіз екеуіңіз түгілі анау мектептегі мұғалім жұбайларыңыздың да жұмыс істеу-істемеуін қарау керек деген нұскау берді.

— Әй, Төлен сен осыны айтып отырсың ғой, бірақ мен ертең жоғарғы жаққа шыққанда "Біз ондай сөзді аузымызға алған жоқпыз, оны шығарып жүрген Мусиннің өзі" деп шыға келеді ғой.

Сөзінен жаңылғыш бірінші хатшы Мейрам мен Әлкәдірдің сөз жарыстырып қалған жері бар еді. Анау, әлгі, Горбачевтын араққа тыйым салған "Сухой законы" кезінде Аюлының Қаштай сайында спорттық жарыстар өтіп жатқан. Қарсы кезіккен Мекеңе жасы үлкен кісі ғой деп Әлкәдір сәлем берген. Спорт шаралары кешке дейін созылып, тастың үстіне төсеніш салдырып, жайғасып отырған Мекеңнің жанынан тағы өтуге тура келді.

— Әй, жігітім, неге сәлем бермейсің? Мынау қазақ емес, — деп тиісті Мекең.

— Мен мана сізбен сәлемдескем.

— Көпсінесің бе? Қазақ емес қой мынау.

— Меке...

— Қазақ емес дедім ғой мұны.

Әлкәдір жасы үлкен адамның үш ретке дейін өзін жерлей тілдеуіне жол берді. Осы буаз биедей былшиған бастықтың арғы жағы естек пе, әлде басқа ма деген әңгімені естігені бартын.

— Сіз бен біз қайсымыз қазақ, қайсымыз қалай деп түп жағын қазыспасақ қайтеді. Мына естіген жұрттан ұят болар.

Мекеңнің түсі бұзылып, тілі байланды да қалды. Жаңа ғана ыржандап отырған жандайшаптары ештеңе естімегендей теріс айналып, оны-мұны шұқығансып қалыпты. Сол жолы Әлкәдір Мейрам хатшының табансыздау екенін сезген.

Төленнің неге шақырғанын Әлкәдір Зейінге сыздықтатып, елеусіз сөз ретінде жеткізуге тырысса да ол жүрек тұсына қолын салып, өңі қашып, орынынан тұрмақ болып екі рет ұмтылып, шамасы жетпей отырып қалды. Зейінге су беріп, демеп тұрғызып, үйіне қарай шығарып салған Әлкәдір райкомға қарай бет алған. Жалғанды жалпасынан басқан адамның кейпімен жуан қарынның жоғарғы жағындағы қол деп аталған екі сербегін ербеңдетіп, алшаң-алшаң басып келе жатқан бірінші басшы сонадайдан көзіне түсті. Табынарың мен деп өзін жұртқа көрсетіп, табанындағыларды өзі де көргісі келгендей бүгін үйіне жаяу қайтыпты.

— Ә, жігітім, хал қалай?—деп менсініңкіремей екі жаққа жайылған қолының бірін ұсынды.

— Хал қалай болсын. Ауданның басшысы "Халық жауы, Алашорда" құрту керек деп жатса... Соны білейін деп келе жатырмын.

— І... Білгенде не істемекшісің? — Мекең бейшара бір жәндіктің үн қатқанын селқос тыңдағандай алақан көзін төңкеріп, алыс-алысқа қараған.

— Анығын білсем Алматыға аттанам.

— Ол жаққа сені кім жібереді?

— Ол жаққа баруды ешкімнен сұрамаймын. Қалам ұстағанның бас қосар жиынына шақыруым міне. Қонаевқа кіремін, жау десе...

Шақыру қағазын сыртынан көріп, қазақ елінің басшысының атын естіген Мекең табан астынан елпелектеп, түсі бұзылып кетті.

— Ойбой, оны айтқан жо.. .жоқ, Мусиннің өзі ғой...

— Бюроға қатынасқан елу-алпыс адам Мусиннің айтпағанына куә.

— І... Иә, иә... Әлгі Потапова ғой бұл сөзді шығарған. — Сасқалақтаған біріншінің денесі ірк-ірк етіп, арбаға салған местей селкілдеген. Үрген бүйендей неме осы жерде есінен танып, жалп ете қалып, пәлесін артар деп сескенген Әлкәдір:

— Мүмкін, мүмкін..., — деп тезірек кетіп қалуға тырысты.

Жұмыс аяғында Потапова орынан таптырмады. Көңіл күйін сездіргісі келмей кешегі атылып кеткен Әбди күйшінің домбырасын алып, біраз шертті. Кенжесі, аяулысы, мойнына артылып еді, оның маңдайынан құшырлана иіскеді. Әкелерің тартқан азап мынау, сендердің күндерің не болады, балаларым-ай деп іштей егілді. Жазығы не? Жазығы туған елін жақсы көргені екен. Туған даланың топырағынан жаралған жүрегін тілім-тілім етіп лақтырып тастамаса туған елін сүйуін тоқтата алар ма. Елін сүйгені рас. Оу, оның бастауы сонау қырық жетінші жылда еді ғой. Жаңарқаның Жиын деген ауылында тұратын Тәжиттің Зәрубайы сол қырық жетіде Қарағандының Жамбыл мектебінде оқыпты. Зекеңнен жақында хат алған. "Онынші сынып оқушыларын қамап жатқанын көрдім. Өздерін "Елін сүйген ерлер партиясының" мүшесіміз деп, мектептің шатырында Мағжанның өлеңдерін оқыпты. Шығарма жазғанда "Сыйға сый, сыраға бал дегендердің сыйына, сипатына болма риза" деп жазып кояды

екен. Оқушылар екі-үш аптада қолға түсті" деп Зекең анық көрсетіпті.

Отыз бенен қырықтың қырғынынан аман қалған қазақтың әлі де болса саны өсіп, ел болып кетуге үміті бар еді. Сол үміттің отын Хрущевы қостаған шовинистері мұжықтарын ен далаға тоғытып, Арқаның жон терісін тракторымен таспадай тіліп жүріп, гармошкасымен секектеген сайтандарымен бүкіл ауылды толтырып, енді тұтанбастай етіп сөндірді. Иә, олар сөндірдік деп сенді. Қазақтың үміт оты бәрібір сөнбепті. Ол қазақтың қара баласының жүрегінде қалыпты. Ол тағы ЕСЕП болып елу тоғызда тіріліп, алпыс екігедейін құрық салдырмапты. Үмітке толы жүректі түрмесіне қамапты, оған у да құйыпты. Бірақ ондағы от сөнбепті.

Неге адамның көңіліндегі жақсылық оты сөнуге тиіс. Әлкәдір түнімен төңбекшіді. Терезеден түскен айдың сәулесінс үңіліп ұзақ отырды. Қара көк аспан мен қара жердің әміршісінен жәрдем күткендей, жалбарынғандай еді. Иө, Алла, пендеңнің көңілін жақсылыққа ғана толтыр деді.

Оның есіне сонау орта ғасырда Иезуит орденін құрушы Лайоланың орден мүшелері "төменгі бастығына әрбір қимылын қалытқысыз орындайтын таяқгай бағынышты болу керек, қалпын өзгертіп, созуға көнетін балауыздай болу керек" дегені түсті.

— Ал, бүгінгі билеушілер әрбір адамды винтик қылып жібергісі келеді. Оу, бұл қалай? Адам шіркінді мұңы мен ойынан айырып, үлкен механизмнің винті мен шүріпіне айпалдырып жіберуге бола ма? Онда ол жақсылық деген тілектен айырылып, мен үшін біреу ойлайды деп, тамағы мен таңының ғана қамын көксейтін хайуанға айналып кетпес пе? Ең болмаса, мынау ісім дұрыс не бұрыс деп ойлайтын винтик болуына жол бермейтін бұл неткен қатыгездік, неткен адам баласына деген қаскөйлік. Адам адамзат деген үлкен алыптың винтигі. Бірақ, ол ойлайтын винтик қой. Адамды ұлы Жаратушы саналы, өз ісіне жауап беретін етіп, хайуаннан артық дәрежеде жаратқан ғой.

Елін сүйгеніне жазықты... жазықты... жазықты... Таң ата арқасын кереуетке сүйеген қалпында қалғып кетіпті. Жұбайы Гүлім ұсынған бір шыны шай тамағынан зорға өтіп, кесесін төңкерген.

Райкомның үшіншісі делінетін ГІотапованы кабинетінен тапты. Қасын керіп сәнденіп отыр екен. Қысыр келіншектің басшы боп келуге қай еңбегі сіңгенін кім білсін, өзінен жұрт сескенеді. Анау... анау облыстағы дөйдің Давыдовтың өзінің адамы, нақ сүйері болмаса да сонан кем емес деседі.

Қайқы мұрын, қара торы келіншек "неге келдіңді" емеурінімен танытты.

— Кешегі бюроның...

— Онда шаруаңыз қанша, — деп тіксінді. — Ол партийный адамдардың, ерекше сенімге ие болғандардың жұмысы.

Оқу бөлімін билеп алған алашордашылар туралы, олардың құрту керектігі жөнінде сөз болғанын айта келіп, Әлкәдір бұл ұсыныстысіз айтыпсыз, міне сол үшін Алматыға, ЦК-ға, дәл Қонаевқа баратынын ескерткен. Келіншектің кесірінен жел үрлеп кеткендей ештеңе қалмады. Еңіреп жібсрді.

— Қандай ұятсыз, ол сөзді айтқан мен емес, өзі. Бірінші басшының өзі осылай деген. Маған неге жабады?

Жаңа ғана жаққан кремі мен опасын айғыздап, көзінің жасын төккен бір сәттегі кесірлі, енді бейшара әйелді Әлкәдір еріксіз жұбатты.

— Айтқаныңызға сенемін. Жұрт та солай деген. Болар, қойыңыз енді.

— Мен айтты дей көрмеңіз.

— Оған келістік. Тек сіз маған біз туралы бұрын естіп пе едіңіз, соны айтыңызшы. Жасырмай-ақ қойыңыз, өзара ғана әңгіме.

— Иә, өзара ғана болсын. — Потапова көз жасын сүртіп, орнығыңқырай отырды. — Иә, сіздср туралы маған айтқан. Осылай қарай жұмысқа жіберерде Давыдов жолдастың жеке қабылдауында болдым. Сонда сол кісі осы ауданда сіздердің бар екендеріңізді ескертіп, сақ болуымды тапсырған.

Мемлекеттің алып машинасының доңғалағы жеке адам деген бір винтикті жапсырып тастау үшін жұмыс істеп жатыр екен. Бір винтиктен қорыққан машинаның халінен түңілуге болмас па. Қайда барса соңынан үш әріптің салпаңқұлақтары қалмай қойды. Өткенде Теміртау вокзалында орысша жылмай ақса да тілін шайнап сөйлейтін біреу шырқ айналдырған. Мына пәле өзім болмасам да балама бірдеме істер деп ұлы Едігені қолынан мықгап ұстап алған. Қараған-

дының вокзалында ауылға қайтар автобусты күтіп тағы тұрып қалды. Қаңылтырдай жұқа кәрі орыс сөзге тартты. Жетпіс тоғыз жаста екен, құжатын көрсеткен. Басмашыларды басуға көмектескенін айтып тауыса алар емес.

— Сіз мұны маған неге айтып тұрсыз, — деді күдік ойлаған Әлкәдір.

— Сіздің кейпіңіз аса зиялы адам екеніңізді айтып тұр. Ал, менің енді өмірмен қоштасар шағымда күнәмды айтып, арылғым келеді.

— Мен діни адам емеспін, әрі мен мұсылман, сіз...

— Мәселе дінде емес, жігітім. Менің көңілім саған құлап тұр.

Қазақты кім аяған. Американың үндістері тәрізді қырып тастауды патшасы бастап, қызылы қостаған екен. Басмашыны басу жақсы сылтау болған сияқты. Әлгі Калинин деген Мәскеудегі шалы сол кезде он сегізден жаңа асқан мына сияқтыларға еңбектеген бала мен өлмелі кәрінің кеудесінде жаны болса қыра беріңдер деп нұсқау беріпті.

— Әр деревняға кіргенде ешкімді аяғанымыз жоқ. — Шал өкінгендей күрсінген. — Қыстақтар аса үлкен емес, сегіз-тоғыз үйден ғана тұратын. Келе өрт қоямыз. Үй-үйден қашып шыққанын қылыштап, тау-таска сіңіп кетпек болғанын оқтың астына алып, тып-типыл қылып кетіп отырдық. Ой, жас балаларды шырылдатып... ай-ай, ай, кейде қолымыз бармады-ау.

— Онда неге қырдыңдар? — Әлкәдір тістеніп зорға шыдап тұр. Бір ұрып мына жәдігөйдің жанын жаһаннамға жіберер еді, әттең осының осы келісінің өзі тегін емес-ау. Қасақана ұйымдастырып тұрған сияқты.

— Жанымдағы жолдас солдат командирге айтып қоя ма деп қорықтым. Бала-шағаға жан ашығанын сездірмеуге тиіс болдық. Командиріміз де қатал еді, бұл туземдіктерге еш аяушылық болмасын деп күнде тапсыратын.

— Неткен сұмдық? — деп қалды Әлкәдір.

— Иә. Үшінші күні бір қыстаққа таяна бергенде соның бар кемпірлері бар асын қолдарына ұстап, "Аллалап" жылап, алдымыздан шықты. Дым түсінбейміз. Бейбіт жұртты қыра-қыра қаннан жиіркеніп болғанбыз. Бұл жолы тіпті түршіктік.

Әлгі зар илеген кемпірлердің көйлегінің астында бір-бір тығып тұрған балалары бар екен. Эх, сұмдық болды ғой.

— Жауыздық қой. — Әлкәдірдің тісі шықырлап кетті.

— Айтпа. Сонан кейін елуден асқан әйелге тимеңдер деген заң шығарды. Ал, еркек атаулыны, қыз-келіншектерді бұрынғыша аямадық.

— Мұнда қайдан жүрсіз.

— Мұнда ма? — Шал таңғалғандай Әлкәдірдің жүзіне қарады. — Мұнда отыз үшінші жылы келіп, сонан бері тұрып жатқан көрінеді. Әйелі дәрігер екен.

Сол екі ортада манағы Теміртауда ілігіскен сілімтік тағы сап ете қалды. Ескі танысындай жармасып, ресторанға сүйрелеген. Сүлікше жабысқан , өзі де судан шыққан көлбақадай суы сорғалаған тершіл пәледен зорға құтылғаны бар еді.

Әлкәдір қысыр келіншектің қырсыз әңгімесін тыңдап тысқа шыққанда, күн тас төбеге қарай тырмысып қапты. Аяқ асты қар жібіп, сонау Бесшоқыдан бері қарай ескен жел жазғытұрымның өзегі тала күткен ауасын ала келген екен. Кешеден бері тағы да сырқаттанып қалған Зейін үйінің есігін "Халі қалай болды" деген оймен дегбірсіздене ашты. Құс жастықпен арқасын тіреп, кереуетке сүйсніп отырған Зейін Әлкәдірдің табалдырықты жымия аттағанын көріп мырс етті.

— Е.. .е, — деді бәрін түсінгендей дауысын созып.

— Солай бауырым. Қасқырдан қорқып ініне тығылған саршұнақтың кейпінде.

Бір Қонаевтың аты жетеді екен. Енді бізге не істейді деп індерінен сығалайтын тәрізді. Әлгі Мекеңі "Қашан жүресіз? Билет алдырайық па? Жол қаражаты..." деп көлгірсіп үйіме телефон соқты ғой. Ал, түсін осыларды. Кеше қазанға салып қуырып, жеп қоя жаздап еді, бүгін к...ң қуысына кіріп кететіндей.

Болған істі мысқылдай отырып әңгімелеген Әлкәдір Зейіннің бойын сергітті. Жүрегі бар болғырдың да шаншуы басыла қалғандай. Ана обкомның Давыдовының бұлардан сескенуі, аудандағы Мекеңдердің табан асты құрдай жорғалауы тегін емес-ау, тегін емес. Бұлардың күші мығым болса кешегі бетте бізді жерге қазықтай қағып жіберер еді. Дүниеде бір өзгеріс келе жатқаны сезіледі. Әттең... Әттең,

мына денсаулықтың... Осы тұста Әлкәдір жалғыз қалмаса игі еді.

Аузына дуа қонбаса да жұрттың иығына отырған, билігі өтіп, басқарып жарытпаса да басшы саналған пақырлар өлетінін білмейтін бала сияқты. Өздерінің ішінен шіріп жатқанын көрмейтініне Зейін аң-таң. Коммунистік адалдық дегенді қоқысқа лақтырып тастаған да өздері. Енді не қыл дейді бұлар. Айналдыратындары бір кезде халық жауы атанған осы екеуі. Сонан бері де отыз жылға жуық уақыт өтіпті. Дүние өзгерді, елдің сана сезімі де өсті. Бұрынғы қалыппен ойлайтын заман да өткен тәрізді. Әлде бұларға ермек керек пе? Ермегі де бар шығар, әлі де болса Мәскеуінен бергі орысқа жағынып қалу үшін жанын салған далбасалық, кресло құмарлық басым. Креслоның шетіне іліккені өзінен басқаны екі аяқты құрт-шаян көретін дертке ұшырайтын мемлекеттік жүйе қалыптасқан.

Әлкәдірдің жаяу-жалпы жүріп сонау Бетпақтың шетіндегі Кенесары хан салдырған қамалды зерттеуі бұлар үшіп неге қауіпті болуға тиіс. Зерттеді, жазды. Сонысын ешбір газет, журналға өткізе алмай табаны тозды, таңдайы кепті. Өмір қатып қалған қағидадан тұрмаса керекті. Бүгін ханын даттаған ел ертең мақтамасына кәне. Ол ел ертең де өзінің батырына бас ие алмаса, онда ол елдің дүниеден біржола өшкені де.

Елдің жүрегінің отын алған әнебір үш әріпті мекемесі бар, райкомы, басқасы болып іріп-шіріп жатқан өз ішін түземес пе. Жау-елінің өткенін зерттеп, ұмыт болғанын жаңғыртып жүрген Әлкәдір емес, ішіп-жеп, шашып-төгіп елдің ырысына дұшпан, берекесін қашырғандар.

Алдыңғы жылы қасқа сиырдың қамы үшін Нұра жағына шөпке жалданғаны бар-тын. Перме бастығы Секеңмен көптен таныс, сыйлас та еді. Аудан басшысы "бір досыммен барамын, қамдансын" депті. Секең көмектесе жүрерсің деп Зейінді де ерткен. Даланы шаңға бөлеп қос машина түс ауа жетті. Бастық аты бар ғой, оны мұны көрген болды. Арнайы тіккен үйге дастарқан жасалған. Табақ тартылды.

— Қап, — деді басшы. — Манағы лақтың бірін соймай. Қозы тамызда тым марқайып кетеді. Реті лақ қой, лақ сүмбіле туды емес пе?

— Қонақ, айтуларына қарағанда, сонау министрліктен. Лауазымын кім сұрапты, "ләббайласып" соның аузына қараған. Аузы еттен, қолы стақаннан бір босаған тұста.

— Мынау бір жақыныңыз ғой, — деді қонақ басшыға Секеңді нұсқап.

— Е...,-деді тұтығыңқырап бірінші басшы.-Екі аудан шекарасы ғой, сонан соң әдейі осы белді азаматты қойдым.

Орнынан ырғалып зорға тұрған қонақтар машинаға қиналып мініп жатқан. Коньяктің бес-алты бос шынысына көзі түскен хатшы:

— Осының бәрін біз іштік пе? — деп ежірейді. Хатшының келгеннен бергі алғашқы сауалы осы еді.

Іле совхозының бастығы ауысты. Жаздай жаңбыр тамбаған қуаңшылық жылы еді. Тырбиып қана шыққан шөп шалғыға да ілікпей, жоспар деген орындалмай жатқан. Жаңа директор қуыра жетті. Бір аптадан соң ауданға осы онкүндіктің жоспарын жүз пайызға орындадық деп беріп жіберген. Жаңа басшы Секеңе таянды.

— Жүз деп неге бермейсің?

— Орынсыз өтірікке бара алмаймын.

— Сен кімсің соншама менің тілімді алмайтын? Мен айттым бітті. Солай мәлімет бересің. Сендей итті...

— Тіліңді тарта сөйле.

— Өй, әкеңнің.

— Сенің әкеңнің...

— Ой, ит...

— Сен ит...

Жұдырықтасқан екеуін зорға айырысқан. Осы еді ғой Зейіннің өз көзімен көргені. Жанашырлық осы болса, дұшпандық деп нені атауға болады.

Әлкәдірдің соңынан жабылған есікке қарап Зейін ұзақ тесірейіп отырды. Сонан соң есіне лагерьдегі нардың екінші қабатындаотырып алып, кіріп-шыққан жұртқа ішіп-жеп үңіліп, шоқына жөнелетін шал түсті. Бейшара, қартайғанда діндар болғысы келетін, әулиесініп отырып астынан жел шығарып қоятын. Басқалар күлетін. Күлген сайын бейшара шал шоқына түсетін. Ондайда қырымдық Омердің Мараты:

— Әркім есінен өзінше ауады да. Жаратқанның жазуы сол шығар, — деп басу айтатын.

Мына биліктің басында отырғандар сол әулиесінген шал тәрізді ме, қалай? Жел шығарғанын жұрт сезбейді дей ме, әкіреңдегені шоқынгандай ма, өзін де өзгені де алдағысы келетін сыңайы бар.

— Ассалаумағалейкүм, — деп қос қолын соза кірген Балкен екен.

Анда-санда бір соғып, жаңалығымен бөлісіп кететін әдеті болушы еді. Аса оқыған-тоқығаны болмаса да сәлемі түзу, кішілігі мықты. Қарапайым шопырдан өскен жігіт. Бір гараждың бастықтығына қолы жеткен соң, тырмысқан көптің бірі болып, сырттайлатып жүріп, техникумның қатырма қағазын қалтасына салған. Еңбекке де жаман емес, гаражда тұрып қалған пәленбай техниканы жүргізіпті, әлгі жылда келетін автоинспекция деген шұқыласа да ілігісе кететін ештеңе таппапты деп естиді.

— Сыйыса алмай жүрмін. — Балкен бұзықтық жасап алып, қызарақтап қалатын баладай қысылыңқырап, жүзін томен салды.

— Дүние кең сияқты еді ғой, жақсыға орын да жетерліктей... — Зейін Балкеннің жүзіне барлай қарап, өзі білетін жағдайларға ойша көз жүгірткен. Өзі білетін жігіт осы болса мұнан жаман мінез шықпауға тиіс.

— Әлгі бас инженермен арамыз алшақтап бітті.

— Сонда...

— Не жазғанымды білмеймін, отырсам опақ, тұрсам сопақ қылады да жатады. Директор да соның жағына шыққандай.

— Әр жаманшылықтың бастауы болу керек қой. Әуелде бір себеп болған шығар.

— Тіпті айтуға ұят. Өзім мойнына мінгізіп алдым ба деп ойлаймын. Әй, әуелде айтқанына көнбеуім керек еді.

Балкен қинала басын шайқап, бас киімін қаққыштады.

— Қой, Балкен соншама қиналатындай ештеңе бола қойғанжоқ шығар. Әлі-ақ бәрі орын-орынына келіп, ұмыт болар, — деп Зейін басу айтты.

— Әй, Зеке-ай, тым тереңдеп кетті ғой. Оның осыншама сұрамшақ, обыр екенін кім білген. Сырт көзге жақсының бірі.

— Бас инженеріңмен аралас-құралас болған емеспін. Білуім шамалы.

— Әуелі бір духиден басталды ғой. Қай байталына апарып беретінін кім білсін, менің жарты жалақыма алдырды.

Сонымен біте қойса бір сәрі, екі айдан соң жалақымды сыпырып алды.

— Сонда сенің отбасың немен күн көрмек.

— Сен ана шоферлардан ал дейді. Кейбір иі жұмсақтауларынан өзі алып жүрді. Бұл бұл ма, араны ашыла түсті.

Ақыры гараждағы шоферларға өтірік наряд жапқызып, оны тегіс қалтасына басты.

— Сен ше, сен не істедің?

— Маған осы нарядтарға қол қой деді. Мен мемлекет қаржысына қол салуға қақым да жоқ, арым да бармайды деп, баспадым.

— Ім. — Зейін сөз қоспай, әрі қарай тыңдаудың нышанын танытқан.

— Ести берсеңіз, Зеке түңілесіз. Қаладан екі тонна дизмай әкелемін деп қол ақша алып, оның орнына бір жарым тонна пайдалануда болған май әкеліп, оның өзін совхоздың сенім хатымен алды. Бұған не айтар едіңіз?

— Ім, — деді тағы Зейін.

— Тіпті басқасын айтпай-ақ қояйын, совхоздың "Бобик" машинасын ескі деп есептен шығартып, өзі мініп барып қызын оқуға түсірген институттың бір мұғаліміне берді. Ондайды біз айтуға тіл жоқ. Бастан құлақ садаға деп тілімізді тістеп отырмыз. Ішімізде ондайды айтатын үлкендер "Ә, қойшы, бәрібір келген тексеруші жабады да кетеді" деп таза түңіліп болған.

— Директорларың білетін шығар.

— Таза маубас болмаса сезетін шығар. Ал, біздің жігіттер бұл бар басшының бірлесіп жасап отырған жұмысы, пайдасын да бөліседі деседі. Кімнің ішіне кім кіріп шыққан. Арызды Алматы түгілі Мәскеу айдасаң да тексеретін өзіміздің партком мен рабочком болған соң, ешкімнің ауыз ауыртқысы келмейді.

— Солай де...

— Солай, Зеке. — Балкен желкесін қасып, талай-талай әлі айтарым бар дегендей жапақтап, мырс етті.

— Бір шаруашылықты тұралатты десейші.

— Жүріп тұрған тракторларды біреулерге сатып пайда тапқанына мейлі дейсің. Әйтеуір біреу пайдаланып жүр ғой. Жеңіл-желпіге пайдалануға ыңғайлы жеңіл тракторларды бір

жылға жеткізбей сваркамен кесіп, металл сынығы деп өткізгендеріне не айтарсыз. Сол да жан ашырлық па?

Қағажу көрген Балкеннің көңілі тоғаяр ештеңе айта алмағанын Зейін біліп отыр. Адал еңбек дегеннің ада болып, әділдікке су құйғанына көз жеткелі қай заман. Ел ішін, әсіресе шаруашылықты бей-берекеттік жайлап алған. Андропов келіп тізгінді тартқан болып еді, ай-күніне оны жеткізбеді. Кейінгі қаусаған шал орындығымен бірге құлап түсті. Горбачев дегеннен үміт күткен ел оның белгілі саяси көзқарасы, ұстанымы жоқ көк мылжың екенін көрді.

Мейлі-ау, қазағы не болады? Дүние тартысар, бет жыртысар, орысы-қытайы, Әмірқаны басқасы болып ұстасар, заманның желі оңды-солды соғар, орыстың боданында болып, ұлтесебінде өзін танып, есін жия алмаған елінің күйі де көңілге күйік. Ұлт үшін белсеніп шыққан азаматтар қайда. "Жас тұлпар" еді, оның жігіттерін де ит қосқандай етіп, қуды. Әлгі озбырлықпен аты шыққан үш әріптің аңдитыны баяғы ұлтшылдыққа кім ұшырапты деген заман желіне ілесе алмай қалған бастың ескі сақинасы. Ерғалы мен Әлкәдір Ортаудағы Жошының қиясын, хан асуын, хан көлін зерттеп жүр еді, мұның өзі бұл мекемеге біраз азық, салпаңқұлақтарына талайға әңгіме болғандай.

Хан көлін өзінің де барып көргені бар. Жаяу адам зорға шығар шыңның басында кезінде көз жасындай мөлдір көл болғаны көрініп тұр. Әттең, уақыт дегенін істеп алдын су жырып кетіпті. Сол көлдің қалдық суына жаратушыдан жәрдем сұрағандай білек сыбана жуынған. Сонан соң осының биігінен туған далаға сүйсіне қарап, сонау алыстан жеткен еркесамалға төсін төсеген. Уақыт-ай, сонан бері талай уақыт өтіпті. Енді сол биікке шыға алар ма, даланың керімсал желіне желпінер ме. Зейін соңғы кезде жиі ауыра беретін жүрек тұсын сипап етті.

Айдан аса төсек тартып барып, жұмысқа шыққан. Кешеден бергі жаңалық тіпті өзгеше. Аудан болып мақтан тұтып жүрген шаруашылық бүлініп жатыр екен. Әлде арыз ба, әлде ерегіс пе, әйтеуір сол совхоздың малын түгендеу қайта-қайта қолға алына беріпті. Алғашқыда комиссиясы "Бәрі дұрыс, припискасы да, спискасы да жоқ" деп кетсе керек. Сонан сол жердегі жігіттердің қайта арызданuымен екінші

ме, үшінші ме комиссиясы келіп, сиырларды сырмен таңбалап, қайта айдап келіп санатуға мүмкіндік бермепті деседі.

— Мынау бір болмаған оқиға екен, — деп таңғалды Зейін.

— Әлі таңданыс алда, — дейді Зәрубай.

— Сонымен немен тыныпты.

— Айттым ғой, таңданасыз деп. Жоғы мыңнан аса сиыр көрінеді.

— Қой, ондай болушы ма еді, — деп Зейін тіпті шегіншектеп қалды. Қаншама берекесіздік жайласа да осыншама малдың із-түзсіз жоқ болып кетуі мүмкін емес дейді санасы.

Көше гу-гу. Сенбеске лаж жоқ. Сол совхоздың бастығы жас та, ширақ та жігіт тәрізді еді. Жұртқа қайырымы да бар, "Дукелеп" барғанның меселін қайтармайды, әсіресе жоқ-жітіктің өлім-қазасына көмектеседі деп еститін. Сол ауылдың бір жігіті:

— Бала-шаға бұрын түнімен босып жүруші еді, енді рақат болды. Дукең түнде өзі жүреді де, қолына түскенін оңдырмайды, ертеңіне баласын бетімен жіберген әкесі де сыйын алады, — деп мәз-тін.

— Ұрлық тыйылыпты, — деп еститін.

— Әй, ұрлықпен атыңды шығарып, бала-шағаңды қылмысқа баулығанша жоғыңды менен неге сұрамайсың. Осы қазір аштан өліп, көштен қалып жатқан заман жоқ қой, осы жаманшылықты неге қоймайсыңдар. Ең жоғыңда бір-екі сиыр, бес-он қой бар. Совхоздан ай сайын жалақыңды тағы алып отырасың. Не жетпейді, — деп кәззап аты шығып жүрген бір-екеуін көпшіліктің көзінше қатты сілкілепті. Түнде жорытқан үлкенге де тыйым болатынын айтатын.

— Ғажап екен. — Зейін басын шайқап таңдануда.

— Әй, Зеке-ай, осыған сіз таңданбассыз деуші едім. Совхоздың бұрынгы маманының бірі көрші совхозға директор боп кеткеніне мәз көрінеді. Аман құтылдымы бар ғой.

— Сірә, бұл мәсследен бұрын хабары болған ғой.

— Әйтпесе қуанар ма? — деп Зәрубай мырс күлген. — Аудан басшылары кешеден бері жердің астымен жүргендей. Тіпті көрінуден қалды.

Иә, анау саяси лагерьде Құлмағанбеттің Махметі дейтін жігіттің соттан кейін жазған арызын оқып, күлген. Түс көрдім, депті сол жігіт. Түсімде тергеушім Дадыкин өндіршегімнен

басып тұншықтырып барады. Мен тұншыққан сайын баса түседі. Шошып ояндым.

Түсінен шошып Махмет тірі қалыпты. Мына шошыну баска сияқты. Бұл шошыну әспат сарайдың ішін жайлағандар кісімсіп шіреніп жүріп, гауһарды ішінен жейтін құрттай үңгіп бітіпті. Бұларға енді не қалды?

Қаракемердің бергі алды сағымданып тұр екен. Ғасырлар бойғы жел мен су мүжіп тауыса алмаған қатпар-қатпар құздар бүгін тым айбарлы көрінді. Тесік таста кезінде Жидебай батыр дем алған деуші еді, бүгін барсам деп көңілі ауды.

Сонан соң қара "Волганың" ішінде қамалып кетіп бара жатқан бірінші хатшыны аяды. Кеше бұл жалғанды жалпағынан басқандай талтандаған сабаз алашордашылсыңдар деп тірідей жеп қоя жаздаған. Райкомдағы жандайшаптары періштенің үнін естігендей жапырылып, "ұлтшыл" деп бұларды көк төбеттей жабыла қуған. Енді солар Мекең бастыққа сәлем бермек түгілі қарсы кездессе бұрыла жөнелетіні де ел құлағына жеткен. Ауруды халық "кет, пәлекет, кет" деп аластап қуушы еді, күні өткен күндерінің күні сол болғаны да.

Облыста мәселесі қаралған Мекеңді ондағы дәй аямай сілейтіпті, тіпті тізе бүктірмей пәленшс сағат жер жебіріне жетіпті. Ондағы қарағайдай мүйізі көк тіреген Давыдов:

— Саған өлу аз, — депті деседі.

Әй, сол Давыдовты Жезқазғанның суынан шошып, күнде машинамен ішерлігін де, шомылардығын да Ұлытаудың бұлағынан алдырады деуші еді ғой. Жезқазғанның жұртына у беріп, өзі масайрап жүрген ол дөкейдің осы Мекендерден несі артық? Ана Жұмкенің Боранбайы ауданның бүкіл ауылшаруашылығына ие. Қосақ арасында ол да кетіп барады.

— Мекеңе осы шаруашылықтан арыз көп. Жөндеп тексерейік, беделді комиссия құрайық деп бақтым. Бет бақтырмады ғой, — деп мүжіледі ол

Жоғарғы жақтың шешімі де шұғыл бопты. Бюроның үстінде мұрынынан қан шапшыған Мекең бастықты:

— Саған бұл аз. Осы жерде өлуің керек еді, — деп табалаған Давыдов жұмыстан да қуып шығыпты. Екінші хатшы, райисполком бастығы, басқарма бастығы дегендер де суға кеткендердің есебінде. Ауданда қалған Потапова. Алғыс та, қарғыста сонан. Бір өзі бюро, бір өзі бәрі.

— Бір қатын да жетеді екен ғой, — деп инспектор Тезеш жымың-жымың. — Таза бәрі жабылып желкелеп бітіп еді. Арқамыз босады-ау.

Есіктің алдынан райкомның УАЗ-игі құйындатып өте шықты. Жүрісі тым жігерлі. Ішіндегі додабас келіншекті Зейіннің көзі шалып қалды.

— Өзі ғой, — деді Төлен.

— Тым асығыс екен.

— Есалаң мылжың, көк тантық қасқыр. — Осым қалай дегендей инспектор Саят күліп тұр.

Ауылда күнде жаңалық болуға айналды. Төсегінен тұрған Потапова бастық о жер-бұ жерін сипалап, партбилетін таба алмаггы. Сонан әлгі райкомның түтінін иіскеп, нан тауып жүргендерді шыжғырыпты.

— Сендер ұрладыңдар, шетіңнен айдатамын.

— Әке.. .көке...

— Калбиттер ұрлап алды, — деп Давыдовына шағынып-ты.

Жұрт күлді.

— Қысыр келіншектің бір аунаған жерінде қалған шығар. — Зәрубай айтарын айтса да әлде бір бос әңгімені қозғай салғандай бей-жай.

— Әнеукүні машинасының ішінде..., — деп Тезеш әлдекімнің атын атап жіберді.

Партиясын жоғалтып алған қатын бастық та, бір түнде зым-зия жоғалған.

* * *

Қотыр таудың құздарымен таласа шыққан шырша жиырмасыншы деп аталатын ғасырда біраз теперіш көрген. Бір кездегі сыңсыған орманнан қалғаны қадау-қадау ағаш. Бір рулы ел шыбығын сыдыртпай отырушы еді, колхоз деді, совхоз деді ақыры кім көрінгеннің қолында кетті. Орман да құрыды, аңда бітті.

Қотыр таудың Әмір ағашына қараған бетіндегі қадау-қадау ағаш арасы жыбыр-жыбыр. Зер салған кісі сол жыбыр етектен басталып, сонау шыңына дейінгі аралықты алғанын, әредік ағаш-ағаштың арасымен асықпай қозғалып, тас-тастың бетін ашып жүргендерге түсер еді.

Саят етектен бастап, шыңның бергі тұсындағы төнген құзға дейінгі аралықты қарап шықсамға іштей бекінген. Осы жұртты ұйымдастырып жүрген де өзі. Әуелде Зейін:

— Сен біздің өкшемізді басып қалдың ғой, бір істі тапсырсам, — деген.

— Айтыңыз, Зеке. Қолдан келсе.

— Адам мойнына алса қолдан келмесі жоқ. Айтайын дегенім, Қотыр таудың ішінде бір әбдіре кітап тығулы жатыр. Оны көрген Алпысбай:

— Қасқырдың күшігін іздеп жүріп, байқаусызда үстінен шығыпты. Онымен де сөйлесіп көр.

— Жарайды, Зеке.

— Кітапты қайтсын, әбдіренің бетін ашып, Николайдың ақшасын алыпты да, ешкімге айтпай жүре беріпті. Оны сөгу де қиын. Әкесі Маханбетшені бүркіт ұстап, аң ауладың, ескілікті көкседің деп түрмеге қамады ғой. Ондайды көргеннің бала-шағасының жүрегінің оты мәңгі сөнеді. Естуімше қалың-қалың кітаптар, ішінде басында сәлде, сақалы белуарынан түскен адамдардың суреті бар. Кешегі зорлық тұсында бұл елдің пысықайы жақсының жағасын жыртқан жоқ па. Жақсыны құртып қана қойған жоқ, елдің тарихын да, мәдениетін де көмдіріп тастады. Сөйтті де бізді мына келімсектерге "көне мұрасы жоқ, түземең" дегізіп, мазақ етіп қойды.

— Иә, Зеке, естіп жүреміз, ішің ауырады.

— Ішің ауырса сол, сол мұраның барын естіп отырмыз. Естіп отырып тауып алмасақ аруақтан шет, ұрпақ алдында кінәлымыз. Өзім іздесуге денсаулық болмай тұр. Әлкәдір.. .ай, оның жүгі де басынан асып жатыр. Аяғынан басқа қолдан келері шамалы.

Саят Алпысбай ақсақапға барған. Шындық екен.

— Ой-бой, — деп дауысын созған Алпекең. — Онан бері қаншама жыл өтті. Осы әңгімені біреу ести қояды-ау, е, оны іздеу керек-ау, — деп ойласамшы.

— Қалай тауып жүрсіз?

— Е, сандалақтап бөлтірік іздеймін деп. Ту, қанша жыл болды оған. Он.. .иә, оншақты жыл боп қалды. Өзім де ұмытып қалуға айналыппын. — Алпекең бір аяғын сылти басып есікалдындағы орындыққа отырған. Зейнеттегі адамнын асықпас пиғылы. — Әй, шай қойыңдар.

— Рахмет, Алпеке, жаңағы әңгімені жалғаңыз.

— Сонан Үбінің тасынан өтіп, Әмір ағашына тоқтағам.

— Кай ағаш дейсіз?

— Әлгі Тікібайдың Әмірінің ағашы. Білмеуші ме ең?

Әлгі Қазықұртта солдаттарға кездесіп "без нөмерлі бентопке, сарттың қойы айдаған" дейтінді.

— Естуім бар оны.

— Естісең сол Сонан сонда тоқтап... — Алпекең шақшасын өкшесіне қағып-қағып, бір түйірін алақанына түсірді де, соны езгілей бастады. — Сен мына насыбайдың күлінің неден екенін білесің бе?

Алпекең негізгі әңгімеден қиыстап кетті. Оны тыңдамаса тағы болмайтынын Саят та біліп отыр. Өстіп отырып шайға қаратады-ау деп қынжылды.

— Неден? — деп танданған болды.

— Сол Үбінің тасында өскен аршадан. Ой-бой, бұл таудың көрмегені бар ма. Жылда өрт. Саған өтірік маған шын осы тауда күбіден жуан арша болушы еді. Сонан Әбдірахман... ой, әлгі мына Қайрақтыдағы Жаңабектің Үлкен әкесі домбыра жасайтын. Балалары тартпады ғой әкесіне. Иә, сол жанып, қурап қалған аршаны қайта жағып, күлін жинап аламын. Үш литрлік шыны толса, қысқа жетеді. Өзіме жетіп бағар еді, сұрамшақтар көп. Өздері жинап алмайды, қыстай маза бермейді.

Ұзақ отырса да әңгіменің төркінін танып, іштей қанған. Сонан соң барады-ау деген жұртты ұйымдастыра бастады. Зейін:

— Әй, ана Балтаның жетімегін ұмытып кетпе, — деп тапсырған. "Жетімегі" бұл күнде гүрілдеген бір мекемені басқарған елуді алқымдаған азамат. Саят көңіліне күдікті көрінген аршаны, қақпақтастың санын аударып қарап-ақ келеді. Шіркін Қотыр тау, канша өртенсе де тасының бетін жасырған арша мен балаң шырша, тал мен қайың, өзегі мен қиясын жасыл реңмен көмкерген. Шоршып-тулап аққан бұлағы тас-тастың арасынан күмбірлеп күліп, қайдағы қиялға жетелейді.

Сонау сайдың етегінен көтерілген түтін бұраңдаған бишідей ырғатылып барып, тарап кетіп жатыр. От басы ошақ қасында қазанға ие Дәукең. "Іздеуге сендер, қазанға біз дайын" деп Төлеубайды қалап алып қалған. Қотыр таудың осы бетін сүзіп жүргендер бұл тірлігінде алғаш рет жоқ іздеп шыққан азаматтар екеніне күмәны жоқ. Көбі ауылдан асын озбаған, жазмыш осы шығар деп көніп, басқадай несібені тоспаған, үй — жұмыс, жұмыс — үй деген бір ізден ауып

көрмеген митың тірлікті мойындаған пенделер. Мына Горбач патшаның "пікір бостандығы" дегеніне сенер-сенбесін білмей, жалтақтап, жаутаңдап жүріп, тірі екенімізді сынап көрсек қайтеді деп тауға өрлей қалғандар.

Иә, иә. Тура осылай деген Әлкәдір. Өзі болмаса да бейнесі осында. Бейнесі Саяттың өзі емес пе. Жасынан Әлкәдірдің маңына үйір боп өсті. Мына тірлікпен қабыспайтын сан пікірін де естіген. Ол ұсталып кетті, бұл қалды. Осы өмірдің теперішін көрсе де шынжырлы арыстандай жұлқынудан жазбады, бұл оқу бітірді, диплом алды. Оны, мұны қызметістеп, жан сақтағанына риза. Сөйте тұра Зейінге үйірсек. Сөйте тұра...бұл тағы солардың әсері шығар, риза смес. Сөйте-сөйте бұл да іздене бастаған.

— Е...ehe...he...he...ей...й..., — деп айғайлаған дауыс жетті. Адам үнін іліп әкетіп, шатқал-шатқалға қуып әкетіп бара жатқан жаңғырық құлақ тұндырған. Айғай иесі Мейрамбек екен. Ершік тасқа атша мініп алып, қасқайып күліп отыр.

— Әй, жай ма?

— Е, жай. Айғайлағаныма ақы сұрайсың ба? — деп қырсығады.

Тау кезіп, тас қопарғандардың ішінде басқалардан бөлектеу көрініп жүрген Медеубайдың Сағынбайы ғана. Аққуба жігіттің мойнына асқан мылтығы онсыз да ұзындау бойын сорайтып, елден ерекшелеген. Оның соңына ерген Аманның әр жерді шұқыған күйбеңі көп. Сағынбайдың осы топқа қосыла қоюы да өзгеше, табан астынан шықты. Ойда жоқта кезіге қалып:

— Қайда жиналып жатырсыздар? — деген.

Саят не айтарын білмей абыржып қалды. Өзінен мүшел жас кіші, әрі бар басшысы орнынан түсіп, қатын бастығы қашып кеткенде келген жас жігітпен араласа қойғаны да шамалы. Сағынбайды әуелі сырттан көрген де "жас екен" деп аяған. Аласапыран мен аласапыранның айырмашылығы аз болғаны да деп тағы ойлады. Отыз екінің аштық аласапыранында сот-прокурор, милиция таптырмай кетіп, бірінші басшы Байбоқышев бір түнде қашып кетіпті деп еститін. Бұл жолы тоқтықтың аласапыранын көтере алмай сиырлар орден іздеп кетіп, хатшы қатын-бастық қашып тынды. Өмір не боп барады. Жас жігіттің бетін оң қылғай.

Сағынбаймен аздап болса да жақындаса қоюы да біраз кедергінің асуының ар жағында. Пәпкесі болмаса да ыңғайлылау қызмет болса деген тілектен туған. Онысы тағы Әлкәдірге ұқсап зерттеумен, жазумен шұғылдансамның әуресі. Қабылдауында болды. Райкомның ұйымдастыру бөлімі дегеннің шіренгендері де кірген. Кімнің не дегені Аллаға ғана аян, ал мұның сұраған жұмысы басқаға бұйырды.

Сөйтіп жүргенде құрылғанына елу жыл болып қалған ауданның мерейтойы да белестен қылаң берді. Мен білем дегендердің естелігі көбейді. Бірінен бірі озып пәленше түгеншейвичтерді мақтаған еске түсіруден аяқ алып жүргісіз болса да, осы өткен шақ "өлдің де мамай қор болдың" тұста ел көрген зобалаң мен аштық туралы жақ ашқан бұрынғының мүйізі қарағайдайлары көрінбеді.

— Енді де шындық айтылмай қала ма? — деп Зейін күрсінді.

Саят шыдамады. Райкомның жаңа басшысы Сағынбайдың атына хат жолдады. Бүгінгі күнге дейін аудан халқының қолы жеткені мен қатар жұрттың басынан өткен қасіреттің де баяндамада айтылуы қажет екенін, оған Мәскеудегі басшының "пікір еркіндігі" деген қағиданы ұстанып отырғанын қосып, болмаған жағдайда қосымша рұқсат сұраған.

"Сен тимесең мен тимен" жаяу тірлікті Саят кешіп көрген. Біреуге шағым айту, жоғарыға арыздану әдетінде жоқ еді. Сол қалпын аяққа басып біріншіге "осылай да, осылай етсек" деп жазғаны ретті жерде айтылудан қалып қоятын сөз, кетіп бара жатқан елінің есесі.

Естуінше жас басшы Сағынбай дұрыс қабылдаған сияқты. Есесіне қарамағындағы "мүйізі қарағайдай" бөлім бастықтары "қайдағыны айтқызып" деп тыржыңдапты. Есесіне Сағынбай тыржыңдағандардың бірінің қолына құжат, қалтасына қаржы салып, "тауып кел отыз екінің қағазын" деп мұрағаттарға қоя беріпті.

Мерейтойдың басталуына да бір аптадай уақыт қалғанда шаршап шалдығып, Омбы-Томбыда болдым, барын ақтардым, шаң жұтып, шол қысып қу бейнетпен тапқаным деп, бас-аяғы жоқ бір қағаз әкелген. Райкомның мықтысы отыз екінің алдында Бес ата елінде он екі-ақ мың қазақ болған деп көнер емес.

— Бұл дұрыс мәлімет емес, — деп Саят қасарысты.

— Не? Сен мені мейрамханаға барып келді деп тұрсың

ба? Осы үшін Петрпаул, Омбы-Томбыны кездім. Сонда болме-бөлме шаң басқан пәпкелерді аудардым. Міне, бұл соның жемісі. Бос сөзге дайынсыңдар, жармасып...

Саят осы күнгс дейін өзінің үлкендерден естігенін саралап, қосымша баяндаманы жазып та қойған еді. Мынадай дәйексымақты әкелген мықтылар енді жол бермесі анық. Тап осы жолы шындық айтылмаса еңіреген үлкеннің, жылаған баланың көз жасының босқа кеткені.

— Ел парызын ақтар күнді күткенше, сол шақты тездету үшін ұмтыла білгеннің ісі оңады. Тайсалмау керек, -дейтін Әлкәдірдің сөзі есіне оралған.

Неге ұмтылмасқа? Бастығынан үш-ақ күнге рұқсат алып қалаға тартқан. Архив дегенін көргені де осы. Осы мекеменің тізгінін қолына мықтап ұстаған жасамыс көккөз сары әйел әлденеден секем алды ма, бастығына сүйреді. Тап жүрерінде райкомнан "Аудан тарихына байланысты қажет" деген тілдей қағаз ала шыққаны абырой боптьі. Есігін аштырған жапырақтай қағаз. Сонда да обкомнан ауысып, архивке бастық боп келген Вдовии деген шал.

— Отызыншы жылдардың құжаттары жоққа тән. Босқа әуре боласыз. Жігітім, ең дұрысы осы дәуір тұсындағы комсомолдардың ерлік еңбегі туралы жазған дұрыс. Өзім біраз мәселені бастап қойдым,-деп басалқылық айтып, бағдар берген болды.

Архив бастығының айтқанының дұрыстығы да бар шығар. Жарқын болашақ үшін кәрінің де, жастың да ерен еңбек жасағанын жоққа шығару қате екенін Саят та біледі. Сол сенім бүкіл халықты жетелеген. Сол сеніммен соғыста жеңіске қол жетті. Бірақ ұлы сенімінің дода-додасын шығарған жоқ па. Әлкәдірдің "Ұлы идея орыстың ұлы шовинизмінің табанында тапталды" деуі соның айғағындай.

Саят жиырма сегіз бен отыз үшінші жылдар деп аталатын жүзден аса жығылатын пәпкені алып, көз майын тауысқан. Ертемен келді, түскі үзіліс дегенді білмеді, кеш қайтты. Карлаг деген пәленің ту, сонау жиырма сегізінші жылы жоспарланғанын оқып, жағасын ұстады. Отыз бір, отыз екіде колхоздастырудың қарқынын, оны әлі де тездетпегені үшін біреулердің сөгіс естігенін, ал, Мақабаев деген қазақтың бір үзім нан сұрағаны үшін таяққа жығылғанын куәландырған тілдей қағазды оқып, көңілі жасыды.

Үшінші күннің түстен кейінгі шақтары да өтіп жатыр. Қолына үзіп-жұлып түскен аздаған мәліметтен басқа ештеңе жоқ. Онымен кімді қырып аласың? Омбы-Томбы асып, өзінше өтірік те болса архив деген жазуы бар бірдеме әкелген мықтыға қалай қарсы келерсің. Тірідей жейді ғой. Үміттің, сөйтіп, осы жолы да үзілгені ме?

Діңкелей шаршапты. Уақыт әбден біткенде келгеніне қатты ренжіген. Ерте келгенімен райкомның жолдама хатынсыз ана көккөз сары қатынның өзі-ақ есігін аттатпас еді. Иә, мына бір қағаз мал басының санағы дейді. Қойшы оны. Адамды таба алмай отырғанда керек еді малы. Саят пәпкенің парақтарын әрі қарай аша берді. Соңында қалған екі бетке көз жүгіртті. Тіпті жүздеген папка аударылып бітіп, соңғы жалғыз пәпке қалыпты. Енді асығатын да ештеңе жоқ. Әлгі бір сарғыш тартқан парақта мал басының саны деп еді-ау. Ең болмаса соны көшіре салайыншы.

Қайта ашты. Сарғайған қағаздың басына "Шет ауданының отыз үшінші жылғы мал саны" деп латын әрпімен қазақша жазыпты. Онан әрі оқыған сайын өз көзіне өзі сенбеді. Мынау.. .мынау.. .деп апыл-ғұпыл көшіруге көшкен. Үй саны, адам саны, мал саны сонау жиырма сегіз бен отыз екінің арасында толық жазылыпты. Осыны тізген адам әдейі латынша-қазақша жазғанға ұқсайды. Өзіне зиянды мәліметтен үкімет пен партиясы баяғыда өртеп құтылған. Сақталған екен. Сақтаған сол қазаққа латынмен қазақша етіп жаздырған Алла шығар. Жылаған елдің көз жасы шығар, ақ қағаз үлдірей сарғайыпты.

Саяттың бұл мекемеге ыңғайсыз бірдемені тауып алып көшіріп жатқаны бастыққа да жетсе керек, Вдовин есіктен сығаласа да, ішке енбей, ренішін қабағымен танытып өтті. Саятгың іздегенін тапқанына қуанышы қанша мол болса, әлгі бір үш әріп дегендерден секемі де сонша еді. Жүгіре басып, еліне жүрер көлікке жармасқан.

Елу жылдықтағы баяндама қайта жазылды. Қырық сегіз мыңнан аса қазағы бар Бес ата елінен отыз үштің жазында бес мыңды зорға санап алғанын естіген ел күңіренгендей. Аудандық партия комитетін басқара отырып осындай құқайды жария етуге жасқанбаған Сағынбайдың жігерлілігіне Саят іштей таңданған.

Іле есімі ұмытылуға айналған Маясар акынның, зәузаты айналасымен оққа байланған Қыздарбек күйшінің мерейтойлары аталып, астанадан сан жазушы, композиторды Әлкәдір елге сүйреген. Сағынбай осы жолы Әлкәдірді Мұхтар, Сәкен сынды жазушылардың құрметтейтініне көзі жетті. Бірде:

— Сізді Әлкәдірдің соңына ерген деп кей жұрт жарата қоймаушы еді. Бекер екен. Ал, Әлкәдір туралы мына үш қабатта, — деп Сағынбай райкомның ғимаратын нұсқаған оң сөз айтқан адам жоқ. Гитлерден өткен құбыжық етіп көрсетті десем өтірік болмас. Алжастырғандарын енді түсініп, олардан да біржола көңіл қалды.

Саят аса ыждаһаттылықпен өзек-өзекті сүзіп жүрген Сағынбай мен Аманға көз тастады. Онан әріде Бекежан мен Берген күйбең-күйбең етеді. Бірінші басшыға ілесе шыққан, қара танытып жүруге құмар бір топ әріректе. Бітіргендері шамалы болса да шудың көбі сонда.

Иә, Сағынбаймен өткенде сапарлас болуға тура келген. Ол жылғы ынта Сағынбайдан еді.

— Тайатқан-Шұнақ жаққа жол түсіп тұр. Қаласаңыз бірге барайық, — деген.

…Ертемен шыққан райкомның УАЗ-игі бір тоқтамай жүйткіп келеді. Ақтас, Шалтас таулары артта бұлдырап қалғалы қай шама. Киіктіге жетпей Ұзынжалға қарай көсілді де, бетті қайта түстікке бұрды.

— Мына тауларды білесіз бе? — деген Сағынбай артқы орындықтағы Саятқа.

— А? Мына екеуін айтасыз ба? Айғыр ұшқан деседі. Үлкен Айғыр ұшқан, Бала айғыр ұшқан.

— Тарихы бар-ау, сірә.

— Тарихы жетерлік. Осы таудан тура шығысқа қарайғы төбешіктің үстіндс тас бейіт бар. Жұрт Есей батырдікі деседі. Ал, Есейдің Әзірет Сұлтанға жерленгені тағы рас. Әлде, алғашқыда Есейдің денесін мұнда аманатқа қойды ма екен, ол арасын жіктеп айтып берер қазір ешкім қалмады.

Арқаның Бетпақпен ұласып жататын осы өңірімен алғаш таныстырған Әлкәдір еді. Кезінде тарих пен даланың құпиясына жаны құмар жас Әлкәдірге бұл маңның сырын Кәсен жыршы айтса керек. Кейінде Әлкәдір Қыздарбек күйшінің мұрасын түгендеп жүргенде тоқсанға келген Қази ақыннан талай құпияны жанына түйген екен. Енді, міне, Саят өз жөнімен Сағынбайға білгенін сабақтап жеткізіп отыр.

— Мына бір өзенге төнген жалғыз тауды Қалмаққырған дейді. Қазақ пен Қалмақтың соңғы ұрысы осы жерде болыпты. Орыстың шоқындыруынан қашқан қалмақтың Обашы ханы осы жермен өтіп, жұртының қалғанын сақтап қалу үшін бір түнде қоршаудан шығып кетіпті. Оны білсе де Абылай хан соңынан қудырмапты деседі.

— Онысы қалай екен? - деп Сағынбай дегбірсіздене сұрады.

— Өзіміз сияқты кигіз туырлықты ел ғой, жұртына ең болмаса жұрнағы жетсін. Есін жиып қайтадан құрала алса Шығыстан төнген Шүршітпен араға қорған болады десе керек. "Қалмаққырғанда" Кәсен жаршы мен Қази ақынның айтуынша қалмақтармен болған ұрыста қайтыс болған Найман Қаратай батырдың көнерген мазары тұр. Ана жылы Шығыстағы Катонқарағай ауданынан Мәлік аксақал бастаған Шаймардан, Қайрат, Әлібек, Қайырды, Дидахмет, Әділбск секілді ұрпақтары іздеп келіп, басына ескерткіш тас қойып кетті.

— Сіз осы маңның тумасы болмасаңыз да, біраз шежіреге қанық екенсіз. — Сағынбай ризалығын жасыра алмай, ықыластана күлді.

— Қалмады ғой, карттар. Тұңғиық еді ғой. Солардан ең болмаса мектеп біткеннің әдебиетші, тарихшы, атаулы мұғалімдері ештеңе жазып алмады. Тарихшы Петрден озбады, әдебиетші "Обломовты" оқытып жүріп, өзі сонан аспағанын сезбеді.

— Осыңызда шындық бар-ау, - деген Сағынбайдың үнінде өкініш жатқан.

— Ендігі ұрпақ ең болмаса осы деректерді кітаптан оқысын деп Әлкәдірдің жанын салып жүргенін кім түсінер. Зерттейді, жазады онысын ұлтшылдықтың лебі есіп тұр деп тағы баспайды. Өмірі кісі аярлық арпалыс.

— Алаш..,-деп арғы жағын айтпай Сағынбай сөзін жұтғы.

— Алаштың азаматы бола алмай жүрміз ғой. Осы шаруашылық сайын ең болмаса бір азамат жұртының жанашыры болып, көне мұрасын зерттесе тап бүгінгідей құр алақан қалмас едік.

— Иә, - Сағынбай көзін сонадайдан көрінген мазарларға тікті. — Сіз осы түрмеге түскеннен аман шығарсыз.

— Әлкәдір мен Зейінді бердік қой. Бізге жол болмай қапты,—деп Саят мысқылдай күлді. - Аруақтар жібермей қалса керек.

— Аруақ дейсіз бе?

— Әне, анау зираттардың иелері.

— Соларды да жіктеп берсеңіз.

— Өзен жиегінде тұрғаны Ағыбай батырдың бәйбішесінің зираты. Маңдайшасына бәйбішенің бәсіре атының басы қоса қаланған.

Ағыбай батыр мазарының іргесіне жете зіркілдеп кеп тоқтаған машииадан түсе шелегін алып, шофер өзенге жөнеп берді. Сағынбай екеуі мазар ішіне кіріп, тізе бүккен де бір ауыз дұғамен бет сипаған.

— Құлап қалмас па екен? - деді Саят сексен төрттің күзінде Әлкәдір мен Ергалы орнатқан Ағыбай көктасының бетіндегі шаңды сүртіп тұрып.

— Іргесі әлі қалың екен.

— Күн жағы шайылып, жұқарып қалыпты. Төбесіндегі тесік те ұлғайғандай. Сексен бестің жазында Әлкәдір мәдениет министрлігінен мазарды сақтауға көмек сұрай барған. Ондағылар Ағыбайдың атын естігенде шошып кетіпті.

Иә, осы жолы Сағынбай алғаш рет тастағы көне сурет жазулармен танысқанын жасырмай ұзақ уақыт айтып жүрді. Осы тұстан Сарыбұлақтың аяғы Батпақ су атала бастайды. Тай атқан мен Шұңақ тауларының арасынан аққан өзеннің кемеріне жақын ұзынынан ұзақ құздар жатыр. Әр тасының беті қилы-қилы сурет. Садағын тартып тұрғанда, ат үстінен шалма лақтырған да, үрке қашқан аң, айбат шеккен барыс та осында.

— Мына біреуісі тіпті ерекше сурет екен, — дейді Сағынбай бұлан басты, аю денелі мақұлықтардың бейнесін нұсқап.

— Сірә осындай аң тұқымы осы тұста сол көне дәуірде болған да. Өзі өте дәлдікпен және әсемдікпен салыныпты.

— Жолбарыстың суреті қайдан мұнда келгені де таңдандырады.

— Үлкендер "бір кезде осы Батпақ су-Шажағай қосылып, Балқашқа құйған" дегенді айтады. Оларға сенсең Балқаштың қамысының бір ұшағы осында жетіпті. Кейін су да азайып, екі өзеннің арналарын құм басып қалыпты, - деген тұжырымды Саят жеткізген.

— Мүмкін де шығар. Әлі мұны да зерттейтін уақыт жетер. — Сағынбай үнінде елінің мұрасын зерделеуге кенжелеп жатқан жағдайға деген реніш те сезілген - Оған дейін де ғылымға бой ұрған жастардың ынталы тобын ұйымдастырса болар еді.

— Ол дұрыс-ау, бірақ жоғарғы жаққа ол ісіміз ұнай қойса. Бәрі өлшеулі, пішулі, тізгіндеулі заман ғой.

— Мынаны... мұнда келіңіздер, — деп шофер жігіт шақырған.

Көлемі үстел бетінен сәл үлкендеу тік тұрған тастың көзге түскен көлемі әлде бір қым-қиғаш көне оқиғаларды баяндап кеткендей. Осы маңның төрт аяқты аңы да, ұшқан құсы да осы тастың бетінде. Жиек-жиектің бәрі қолына шоқпар, таяқ ұстаған жалаңаш адамдар. Олардың арасынан жырыла қашқан киіктер де бейнеленген.

— Мынау әлгі біздер кітаптан ғана оқитын қаумалап аң аулау тәсілі ғой. Айна-қатесіз салған екен.

—Жоқ мұны тастағы жай сурет деп қабылдау жеткіліксіз. Бұл көне заманнан жеткен өнер туындысы. Мына тас палатно еуропаның бір елінен табылса, оны бүкіл әлемге жар етер еді, — деп қалды Сағынбай.

— Отармыз ғой..., — Саят Әлкәдір айта беретін тұжырымын төгіп-төгіп жібергісі келді де, онсыз да жаны күйіп тұрған Сағынбайдың көңіліне қосымша от тастағысы келмей тына қалды.

— Отар..., — деп Сағынбай да сөздің басын шалып барып тоқтаған. Әлде осы жерде өзінің партия сенген басшы екені есіне түсті ме, әлде тізгіндеп отырған саясатқа өкінді ме, теріс айналып кетті.

Айтылмай қалған сөздің төркінін Саят та түсінді де, әрі қарай қозғағысы келмеді. Несіне түртпектей береді? Бұл жігіттің күні осы бүгінге дейінгі жүргізілген саясатқа кінәсы де, айыбы да жоқ. Өзінің топшылауынша бұлар әлі Мәскеу билеушілерінің илеуіне толық көнбегендер, елінің мақсат-мүддесін толық түсінбесе де, қазағына жәрдем етсем дейтіндер. Әлжуаз болса да атаның сөзін естіп, сыбырмен болса да анасынан елдің мұңын тыңдап, енді жетіліп келе жатқан буын. Бұлар өзге. Бұлар тың деп шуылдасып жатқанда бар жұмыстан сырылып қалған буынның орнын басқан, хрушевизмнің, қол шоқпарына айналған шенеуніктер шеруінен басқалар. Еліне деген жанашырлығы болса да саяси қалыптасып бітпеген бұл буынның да алдынан талай асу, қиялы шатқал кездесер. Сонда... Иә, сонда жөн сілтеп жіберер көсем мен шешеннен бұл ел ада. Ада еткен бәрін күні бұрын пішіп жонған шовинистік саясат. Елдің ел таны-

ған көсемдері болса, мейлі олар баяғыда жұмыстан қуылып, кәрілік билеп үйінде жатса да, осындай кезеңде оң сөзін айтпас па еді.

Ал, анау жүрген шуылдақтар, бастық тауға шықты деп көлеңкесін көрсетіп жүргендерден күтер не бар. Әлкәдір мен екеуін сонша себепсіз жамандады деп Сағынбайдың өзі де түңіліп жүрген жоқ па. Сондай бір екеуара шешілген сәтте Саят:

— Сіздің осы коммунист атанып жүргендеріңізде бет жоқ, — деп салған.

— Неге олай дейсіз?

— Бүгін осы партия билік құрып тұрғанда осы системаның құлы, ал заман өзгерсе жалт беріп сол биліктің шашпауын көтеріп шыға келетініне сенімім мол. Тіпті гитлерді де жақтай салар еді.

— Не деп тұрсыз? - Сағынбайдың түсі бұзылып кеткен, даусы да ащылау шықты. Өзі сеніп жүрген болашақтың жарқын идеясына, кішірек болса да бүгін ие болып отырған тізгінге осыншама қатал үкім айтылар деп күтпеген.

— Абыржымаңыз. Бәрін өмір көрсетер. Сіз күткен адам баласының жарқын болашағына біз де аңсаулымыз. Тек ұлтымызды ерекше қадірлейміз. Ал, жаңағыдай тұжырым жасауға райкомның маңындағылардың жеркеніште жағымпаздығы, кісі өлтірер қайбат өтірігі себепші болды.

Саят Алпысбай шал көріп, көрсе де ұмытып қалып, осынша жұрттың әуреге салған тығулы әбдірені іздеймін деп Қотыр таудың құзының біріне еміне шығып алыпты. Бой-бой аққан терін алақанының қырымен сыпырып тастап, асудан аса соққан желге кеудесін тосты. Әлсіз самал қойны-қонышын аралап, қытықтағандай ләззатты сезімге бөлеп, серпілтіп тастады. Кенезесі де кеуіп қапты. Бұлақтың көзінен бір шөлмек су ала шықпағанына өкінді. Өкінді де еңіске қарады. Сағынбайдың тұсына үш-төрт адам шоғырланып қалыпты.

— Дұрыс жігіт, — деді өзіне-өзі. Саятқа жас басшының елге септігім тисін деп тырысуы қатты ұнаған. Айнала тегіс теледидар көріп отырғанда осы аудан онан мақұрым қалған еді. Онда шапты, мұнда келісті, қоймай жүріп кәрі Аюлының басына телемұнара орнатуға кірісті. Соңғы он бес жыл ішінде жөні түзу бір кірпіш қаланбаған аудан орталығының

реңін өзгерту жоспарын да жасырмай сөз еткен. Сөз етіп қоймады, заңсыз екен деп тартынбады, іргесі көтерілс бастаған жаңа ауруханa маңына әр совхоздың есебінен бір-бір үй тұрғыздыртты.

— Бұл не? — деді көре алмаған іш мерез.

— Белінен басу.

— Заңсыздық.

Күпілдектердің күні туып, жазды. Жас басшы мойымады, жігерлене түсті. Жазғанынан жаңылғандар енді жалпылдады. Жалпылдап жүріп тағы не табыла қалар екен дегендей аңысын аңдыды.

— Е...he...he...hей...и..., — деген орта тұстан айғай шықты.

Саят басын көтерген. Орта тұстағылар қол бұлғайды.

— Жай ма?

— Ке...кел..., — деген дауыс үздік-үздік естіледі. — ...да...м...да...

Ентелей басып төменге қарай ұмтылды. Аласалау жотаның үстіндегі жалтыр тастың маңына біраз жұрт жиналып қапты. Әңгіме қызу.

— Осы біздің іздеп жүргеніміз кімнін кітабы? — дейді Мейрамбек.

— Бәсе, соны айтамын-ау. — Бекежан жөнін айтпайсыңдарманы емеурінімен білдірді.

— Менің естуімше Өкпе молланың кітаптары болар. — Берген айтарым осыақты білдіріп, алақанын жайды.

— Қай Өкпе? Әлгі сиқыршы Өкпеновтің әкесі ме? — деп Бекежан нақтылай түсті.

— Е, онан басқа Өкпе жоқ қой бұл жақта. Үкімет көзін жойды емес пе сол кісінің. Жүре алмайтын шалды түрмеге керегеге салып әкеліпті десетін.

— Әкесі қара молла атанған, сонан естігені ғой, — деп Мейрамбек Бергеннің әкесі Әбітайды еске алып, қағытып қалып жатыр.

— Ал, неге шақырдыңдар? — Саят қысыр әңгіме осымен біттіні танытты.

— Бір үңгірді тауып, сізді тосып тұрмыз, - деп күлді Сағынбай.

— Кім? Кім тапты? — деген Саяттың жүзіне қан жүгірген.

— Біз, — деп Сағынбай жай ғана күлімсіреді.

— Қайда?

— Осы жерде. Аузын өзіңіз табыңыз.

Айналаны көзбен шолып жіберіп, қалындау өскен аршаның шетін көтерген. Аршаның астынан көлбеулеп кететін үңгірдің ішіне шамалы жарық түсті.

— Кіріп көрдіндер ме?

— Сені тосып тұрмыз, — деп Мейрамбек сөздің алдын орады. — Түс енді. Іздеуші сенсің.

Мейрамбектің сөз саптауынан Саят секем алғандай болса да ішіне түсе бастады да, мылтық сұрады.

— Ей, оны қайтесің?

— Түбінде бір көз жылтырайды. Әуелі соны жайғап көрейін.

— Ойбай, қоя тұр. Бұл мен, — деген дауыс үңгірдің түбінен шықты.

— Әй, мұнда жын-пері жайлапты. Әкел! Тез әкел мылтықты деп Саят қасақана дауысын қатайтқан.

— Мен, мен, — деп төмендегі Саяттың етегіне жармасты.

Бір үңгір табылғанымен әбдіре толы кітап бұл жолы да арман боп қалды.

— Осы жер сияқты еді. Ана бір түсқа мотоциклімді қойған сияқты едім. Онан бері де он шақты жылдан асыпты. Сол жолы өзім ептеп нелеу де едім, - деп Алпысбай кеңірдегін шерткен. - Бірақ ақшасын алдым ғой. Оны талай жұрт көрген.

БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ

Аюлының ұшар басына жақын түстік жақ иығындағы жоқпар тасқа Әлкәдірдің арқасын сүйеп отырғанына біраз уақыт болып қапты. Алыс, алыста қалған шақтарда бұл биікке шыққанда елегізуші еді, енді ол да жоқ. Иен далаға, көз ұшындағы тауларға самарқау көз тастап, бей-жай күйде. Кейде тек көкірегін сағыныш тырнайды. Ана Манатай, онан арғы Тағылының шексіз жоталары қызықтап аң қуған да, өткеннен қалған құпияны зерттеп тасын қопарған да дәуренді шақтарының куәсі. Бесшоқы мен Қатпар Қотыр тауда бұл шықпаған биік бар ма.

Сағым ойнап жатқан даладан кенет көзіне Түйетастың алып бейнесі түсті. Қожыр-қожыр тастардан көненің жазуын іздегені, сонан соң шыңына Жамбыл екеуінің аттарын ойып жазғаны тап бүгінгідей елестеді. Онда он сегіз жаста екен-ау. Өмір тез екен. Арпалысты. Өзім жетем деп емес, елімді құл етпеймін деп жүріп жастық жалынын түрмеде, онан қалды қуғын-сүргінде өткізді. Енді міне алпыстан асты. Жеткені не, жоғалтқаны қайсы ол арасы әрі бұлдыр. Мұнарлы тауларға, сағым ойнаған далаға қарап отырып, өмір белестерін суыртпақтай суырып, көз алдына әкелген. Талай жақсы дегенмен дәмдес болды, талайынан енді көрместей түңілді. Иә…

.. .Иә, ойда жоқта облыстың идеология дегенін басқаратын Сарқын дегенмен кездесті. Әлкәдір соңғы шыққан кітабын ала келген. Ұсынды. Өзі басқарып отырған облыста кімдер қалам ұстап жүр, не жазыпты дегеннен хабарсыз болып шықты. Сасқаны ма.

— Бізде жазушылар одағының жеке филиалын құрсақ оған қанша адам керек, соны білесіз бе? — деп қойып қалды. Өзі ғана сөйлеп, анда-санда қабағын көтеріп, көзінің аласын шығара ежіктейтінді жақсы көреді екен.

Әлкәдір ұсынған Ағыбай мазары, Таңбалы тас туралы пікір айта алмады. Шортанбай жырау туралы:

— Абайға дейінгі поэзияның шыңы, — деген Әлкәдірдің бетіне қарап.

— Онан озып кетпесе болды да, — дегеніне езу тартпасқа болмады.

— Сіз басқарып отырған газеттер, теледидар өз облысымыздағы көне мұраны дәріптеуге ат ізін сала алмай отыр. Әлде біздің жазғанымызды республика газеттерінен оқымай ма?

— Оқымаса оқымаған шығар. — Сарқын хатшы осы саланың журналистерін таңмен тұрып совхоздың машинасына отырып, күнде қаладан керек-жарағын тасып, төсегіне жете құлайтын бейшара шофер деп отыр ма екен деген ойдан Әлкәдір арыла алмады. Сөз жарыстырғысы да жоқ еді. Тек:

— Журналист деген жаңалықты іліп түспеген соң..., — деп сөз аяғын жұтты.

— Отыз екі, отыз екі деседі. Оны ешкім әдейі жасаған жоқ. Газетшілер айғайшыл болып алған. Жазушы Пикель "Фаворит" кітабында Рессй империясының тағдыры төсекте шешілетін етіп көрсетіпті. Сонда қалай, әйел төсекте еркегінің астында ойнамай, естелік жазып жатқаны ма? Сарқынның жоғарыға көтерілген түксиген қасы тікірейіп төмен жалбыраған шашына қадалуға барып қапты. Аларған көзінің ағынан гөрі уақыты өтіп кеткен жұмыртқаның уызындай көкшіл реңі де басымын байқады. Облыстың идеология саласында исі қазақтың отырғанына қуанушы еді. Исі қазақ болған соң замана ағымын түсінер, бірде болмаса бірде туған жұртына бұрар деген дәмесі бар-тын. Ол да осымен таусылды. Шіркіннің түсініп мидай далада оқалақ тиген малын қуалап, миы ашыған сиыршыдан несі артық деп түңілді. Бақ шіркін де талғамай қона береді екен-ау. Сарқын бұрынғы да, осы күнгі де империя басында отырған топтың зинақорлығын ақтады ма, әлдеқашқан түлкідей бұлталақтап отырып, оны жоққа шығарды ма, осы арасы түсініксіз қалды.

— Бұл да бір өткен шақ екен, — деп күрсінді Әлкәдір. Өткен шақтың елесі Аюлының сайынан көтерілген жеңіл будай көгілдір мұнарға сіңіп жүре берді. Әр ксзеңнің адамы өзінше арпалысып, өзінше түзеген болып, не өмірдің сол мезетінен өзіне ғана үлес алып қалмаққа жанталасып жатыпты. Адамзат ғұмыры деген алып дөңгелек жылдан соң келетін жыл деген тіршілікті сықырлата айналдырып өз дегенін істеп

келеді. Сарқын да, онан әлдеқайлы ірі кит пішендестер де алып дөңгелектің жаншуына ілігіп, аласапыран әлемнен жоғалып кеткелі де қаншама уақыт өтті.

Елінің бостандықтың туын тіккеніне де талай болыпты. Әттең, өмірін осы шаққа арнаған Зейін сол бір күнді көрмей кетті. Оны тірідей жеп қойды. Жеп қойған режим, режим туғызған тәргіп. Сол тәртіпті мызғымас көрген оң аяғы мен сол аяғын таныса да, пәленбай институт бітіріп, лауазымға ие болса да ұлтының бары мен жоғын, көксегенін тани алмаған режимнің сақшы шенеуніктері. Солардың айтағымен кісінің артын иіскейтін салпаңқұлақтар.

Режим құлар кезде осылар жаман састы, кірерге жер таппады. Құрметінен де, бәрінен де айырылатынына көздері жетіп, бұралқы иттей қыңсылады.

— Ай, КГБ-ге қызмет етпеген ешкім жоқ шығар, — деп мұңайған бір тұтам бастық жыларман еді. Өзі соны аяп жұбатқаны бар. Солардың қызметін де, бәрін де сақтап қалғанына таң. Сірә, билікке енді келгендерге де біреудің артын иіскейтіндер керек болған ғой.

Құбыладан тұрған жел Ақсайдың етегінен қуған құйынды Үкілішаттың қуысына әкеліп бірақ тықты. Жел қуған құйынды жасырақ кезінде қызықтап сан отырушы еді-ау. Онда Аюлының осы иығына сыныптас достары болып бас қосып шығатын. Соның көбі бүгінде өмірде жоқ. Жер жұтып жатыр. Жер жұтып жатқан жоқ, адамзат қолымен жасалған қияметаспаннан жауған у, нанға да, етке де сіңіп кеткен упәрәшөк болып, тірілерді жерге тығып жатыр. Кәрі достардың тірілері тірі кемпірлерінің керуінде, жо-жоқ, қарауында. Әлі бой бермей жүргеннің бірі) Қасымбек.

Ауданның басшылығынан Сағынбай ауысып, Қасымбек келген. Лебінен ел сескенетін партия тарап, елдің ендігі басшысын әкім деп атайтын шақ жетті. Көрші ауданда талай жыл бірінші басшы болмаса да райисполком төрағасы қызметінатқарып, кей-кейде біріншіңіздің өзін ықтырып жүрген азамат. Қызметтес болғандар аңыздай қылып айтады.

— Төл алып жатқан науқан. Осы науқанға арналған бюроның да біткені сол Үшінші хатшы қылып креслоға ие еткенорыстың келіншегі:

— Сакман, сакман. Что такое сакман? - деп тыржимасы бар ма. Қасымбек бетіне жалт қарады. Өңменіне өткен суық қарастан үшінші хатшы бірдемені бүлдіргенін сезіп, жымдай болған.

— А, құдая, осындайларды да елге ие бол деп жібереді-ау.

Ішкі наразылығы бетіне шыққан Қасымбек түнере жүріп, машинасының есігін қаттырақ жапты. Қайда барамызды емеурінімен білдірген шоферына "тарт" деп қолын сілтеп, барар бағытты саусақ ұшымен көрсетіп барып, бет түзеді. Мына мал халықтың ырысы. Отыз екінің аштығында далада қойдың құмалағын көрген жұрттың "сенің де көзге түсетін күнің болады екен" деп жылағанын үлкендерден сан естіген. Сол мал бүгінде қазақтың даласына толғандай. Сол ырысты сақтау үшін жердің құнарлылығын сақтасақ дегені жоғарыдағылардың құлағына кірер емес. Түгінен май тамған, ғасырлар бойы қазақ малының азығына жараған Ақ дала жойқан таптаудан, дем алдырмай түгін қырып алудан шаңы аспанға шығып, қара жусан басып кеткен.

— Осындайлар ғой оңдырмай бара жатқан, - деп манағы бюро мен хатшы қатыннан алған әсерінен айырыла алмай өзіне-өзі күңк етті.

— Не дейсіз? — шоферы бетіне үңілген.

— Жай. Тарта бер.

Мал көрмегенді малды ауылға басшы қылып жібереді. Тіпті шаруашылыққа байланысы жоқ идеология саласы дейтін шығар. Ау, ол халықпен араласып, соның мақсат-мұңын білуге тиісті емес пе. Кадр таңдау осы болса кері кеткендік шығар. Әлгі Мәскеудегі шалдар "Кемелденген социализм" дегенді шығарыи алып, енді өзара айтысып жатқаны да сол кемелдене алмай жатқанымыздың мысалы болмаса игі.

— Қайдам? — деп қалды.

Шофері бетіне бір қараған да, бастығының жайсыз күйін байқап, үнсіз тарта берді. Иә, қайдан? Қайдан алады шопанды. Мал басы өсіп келеді. Ал, малшы деген таптырар емес. Жас атаулы қалаға қашады. Оларды да түсінеді. Адам жалғыз аспен өмір сүрмейді, рух керек. Рухани азықтың совхоз басында біраз қажетін өтер, ал жалғыз жарым қыстақта, әсіресе жазғы жайлауда немен толтырар. Қыстақ басы тоқ тартылған. Бірақ, ол адамның бар қажетін өтей ме. Оның үстінс жас

атаулы орыстың мына бір есалаң суына әуес боп барады. Мұны тыятын кезең бар ма?

— Келдік, — деген шофердың дауысынан селк етіп оянғандай болып, торлаған ойды қуған.

Осы маңдағы ел тамсана қарап отырған шаруашылық. Қыстан қиындап шыққаны да рас. Арқаның дүлей боранына ракета ұшқан сайын жауған жаңбыр қосылып, мұз бен қар қабат-қабат жер бетін басып, мал өрістен қалса да қыстай сонау Көкшетау, Қызылжардан шөп тасытып, әупірімдеп алып шыққан. Шөп бергісі келетін ол жақтың жұртының ниеті де шамалы. Құнарлы жерді басып қалған мұжық Бетпақтың шөліндегі қазақтың мұңын қайтсін. Совхоздың шөп алуға барғандарын "калбит" деп кемсітіп, сонан төбелес шығып кеткен. Мына мұжықтардың бетін қайтармаса болмайтынын білді. "Аянбандар" деп қалған. Қазақтың әлуетті жігіттері күш көрсетпек болғандардың біразын, әсіресе атаман сымағын, жәукемдеп тастапты. Арашашысы да, ақтап алушысы датағы өзі болған.

Төлдеп жатқан малды аралады. Не кемшілік болса да көзбен көріп, қолдан түзегенге не жетсін. Арық шыққан мал төлінің шетінеуі барын біледі.

— Ондайларды жеке үйіп қойып отырмыз,- деп совхоз басшысы кінәсын мойындағандай танауының ұшын саусағымен тартып, жасқана қараған.

— Шығын барын біліп отырмыз ғой. Тек мүмкіндігінше тірі туған қозыны сақтап қалуға тырысыңдар, - деп Қасымбек басу айтқан.

Бір бұрышта "өлді" есептеп қозыларға көзі түсті. Мына біреуі. Ойпырым-ай, тірі сияқты ғой. Қолына ала беріп еді, жас туған қозы аузын ашты, талпынды.

— Әй, мынау тірі ғой. Тіріні сендер... — Айтуға сөз таба алмай тұтықты. — Мынау нәресте ғой. Неткен қатыгездік, ә? Сен. . .

Алақаны директордың бетіне қалай сарт ете қалғанын өзі де байқамады.

— Сені басшы деп жүрсем, топас екенсің ғой. Сен тірі адамды да аямассың.

Бетпаққа жақын орналасқан шаруашылықтардың қай ісі оңай шешіле қойған. Арал тартылып, Балқаштың бағы қайта бастаған шақтан бері Арқаның бұл тұсын да қуаңшылық

жайлаған. Қыста қысылып шыққан совхоз атаулының бірінен соң біріне барып, өз үйін көрмегеніне де айға жуық уақыт. Сонан облыстағы бір досы "осы Қаскең таптырмай кетті" десе, Сағадат құрдасы:

— Оның көрген күнін басқа бермесін. Өзі басшы, өзі қосшы болып бір совхоздан соң бірін қыстан сүйретіп шығарып жүр, — десе керек. — Хабарласуға шамасы да, телефон да жоқ.

— Ей, ол екі сымды біріне бірін қосып сөйлесе беруші еді ғой, — дейді облыстағысы.

Мұны естіген Қасымбек түнгі үш пен төрттің арасында телефоны бар жерге жетіп:

— Иә, амансың ба? Хал жағдай сендердің көмектеріңмен тәуір боп келеді, — дейді.

— Әй, кімсің? - дейді ұйқысын аша алмаған облыстық дос.

— Мен ғой, әдейі сенімен хабарласайын деп.

Ертеңіне түнгі төртке жуық тағы телефон шалады.

— Халің жақсы ма? Иә, әйтеуір тірлік етіп жатырмыз. Әр жерден шөп тасып, мал шығынына жол бермей.

— Иә, ИӘ...І..., дұрыс болған...

Жарым сағат сөйлесіп трубканы қойған. Соның ертеңіне тағы да төрттен аса досына звондап, телефон болмаса да өзін іздеп тауып алғанын айтып, ұзақ ұстайды.

Төртінші күнгі телефонның құлағын көтерген досына онымен бірге мейманханада жатқан қызметтесі:

— Әй, өлдік қой. Күнде түн ортасында ұйқыны бұзып болды. Онан соң ұйқы келе ме? Сен ғой әнеукүні "ол екі сымды қосып сөйлесе береді" деп шамына тидің. Бұл соның жазасы. Кешірім сұра, — дейді.

Парықсыздау жолдасты өстіп те жазалаған күндері болған еді. Кез келген барақты мекеменің кеңсесі етіп, отырған ауданның сәнін келтірді. Көшесінде көлденең көк шыбық жатпайтын етті. Ауданына беделді басшы жоғарғы жақтан да именбеді. Әлкәдір жау атанып, түрме дәмін татып келді деп жасқанбады. Ана Сәулебектің Жамбылы екеуі жұрт сескеніп, амандасуға жарамай жүргенде Әлкәдірді өздері ұйымдастырғансан серуенге бірге ала жүрді. "Осы қалай болар екен" деп іштей сескенсе де Кенесары хан талкан еткен

орыстың Ақтаудағы дуанына жолын түсірді. Сол жолы Әлкәдір де жолдастығына салып "Дуанды көрсетпесеңдер ма" ған мына серуендеріңнің түкке кажеті жоқ, осы жерден қайтам" деп тізелеп те жібергені бар.

Жоғарыдан сескенбегені шығар, бірде орыс мектебінде жүрсе де аңдудың әуресінен құтыла алмай қойған Әлкәдірге

— Мыналар не деген топас? Біздің ауданға жүрші, оқу бөліміне бастық етіп қоямын. Сендей адамды таба алмай жүрміз ғой, - деді.

Әлкәдір Қасымбек елп еткен ашық көңілмен айтқанына көне қоймады. Оның басына "жауды паналатқан" деген қара бұлтты үйіргісі келмеді. Жоқ, тағдыр салған тауқыметті өзі ғана көтеруге тиіс. Бұл тауқымет бөлісетін салмақ емес. Қайта бөлісетін жан ашыр көбейген сайын езгісі көбейе түсстін жеті басты пәлекет. Аман болсыншы достары. Саулық сұрасып тұрса да жарар. Жамбыл үш әріп деген зәрлі мекеменің Әлкәдірдің соңына шырақ алып түсіп жүргеніне қарамастан баласын оқуға түсіруге қолынан келген жәрдемін етті. Ол да басын қатерге тікті. Дүние алма-кезек деген осы шығар, сонау отызыншы жылдары әкесі Сәулебекті ұстауға келген милицияны көпе-көрнеу алдап Жұмаш та құтқарып жіберген екен. Әлде осыларда бір тектілік бар шығар. Бар, бар дейді көңілі.

Есіне облыс орталығында Қасымбек өткен бір кездесу түсті. Дүние тағы да астаң-кестең болуға айналған шақ. Ел тәуелсіздік алып жатыр. Қалам ұстағанның біразын Оралхан Бөкейұлы қауымдастық ашпақ болып, облыс орталығына жинаған. Облыстың мүйізі қарағайдай басшылары жазушы, журналист қауымға үкіметтің ендігі саясатын түсіндірмекке осы жиынды да пайдаланып қалғысы келіпті.

— Қоғам болып өмір сүру — қоғам боп өлу, — деп соқты бірі.

— Ол иесіздік.

— Совхоз деген талан-тараж.

— Тарату керек. Жеке-жеке кетсін әркім.

Оу, бұл қалай? Совхоз талан-тараж емес, соны ұрлап-қарлап отырған өздерің емес пе, басшы-қосшылар. Жеке-жеке дегеннің заманы өткен ғасырлармен өтіп кетті емес пе? Әрі қазақ даласының бүгінгі табиғи күйі әбден тозығы жеткен жыртық үйді еске түсіреді. Осылар ойлап сөйлей ме, әлде ойнап... Он сегіз мың жылқы біткен Адамбай-Тұрсынның

малын асыраған Бас ши, Аяқ шиде қылтанақ жоқ. Қазақтың тұнып тұрған табиғаты қаусап түскенде елді әр төбеге шыбықша шаншып не болады деген ой Әлкәдірді мазалаған.

— Сөз кезегі Қасымбекке де тиді. Қазақтың бүгінгі ырысын жаны шыркырай қорғады. Жосықсыз жекешелендірудің қатерін төндіре айтты. Ендігінің саясатына қарсы келіп-ақ қалды. Азамат жүрісінен жаңылса да сын. Ақымаққа әңгілігі де, басқасы да кешіріле береді. Әңгінің ісіне көңіл бөліп те жатқан ешкім жоқ. Осы жиын азаматты да, әңгіні де саралап берген еді.

Сексен алтының уакиғасынан кейін серпілген жұрттың ішіне сыймағаны да көп екен. Талай можантопайдың аузынан елім-жерім деген сөз ақтарылып, іштей күйінумен күн кешкен ашылық топ сүттің қаймағындай бетке шығып, ел солардың сөзіне ұйығандай ниет танытқан. Қазақ өзін ұлтпын деп таныған дүрбелең шақ еді. Қазақша білмегені өкініп, шалалаулары асау аттың жалына жармасқан жолаушыдай қазақы тірлік, үлгі-өнеге ұмтылған тұс. Даланың тынысы өзгерген.

Осы тұста облыстағы басшы қызметін тастап Қасымбек ауылға келген. Уәжі:

— Ендігі ұсынғандары сегіз сағат креслода шалқайып газет оқумен шектелген қызмет. Оған жаным шыдар ма? Тірімде тірінің жұмысын істейін де.

"Қалай болар екен" деп іштей Әлкәдір Қасымбекті аяған. Кеше ғана облыстағы жиында совхоз атаулыны жаппай таратудың қатері мен күмәнды болашағын айтқан оның енді аудан әкімі ретінде қадамы қалай болмақ. Жоғарғы жақтың нығырлауы мен мұның ұғымы екі басқа. Жұрт барынан айырылып, жұртта қалмасын дегенді ұстанған. Совхоз дегеннің іргесін біразға дейін шайқалтпай ұстады.

Жақпағанын жылыстатып, кейбір Саламатин сияқты облыска әкім боп келгені бір состав жезді ұрлап, қашып кетіп те жатты. Оны іздеген ешкім болмағанына таңданбасқа шара қалмаған "Ал, байыңдар" дегеннің соңы жаппай ұрлыққа ауысты. Көрші аудан жекешеленіп берген. Облысқа әкім боп жаңадан келген Әжібай бұл ісін тегеурінді-ақ жүргізді. Кешегі бір совхоз қырық-отызға бөлініп, қырық-отыз пәпке ұстаған саңлақтар жер баса алмай шіренген. Оңай дейсің бе, қалтада мөр, қолтықта пәпке, астында бір жүргенде бір сиырдың құнын жұтатын ЗИЛ машина. Көр. Көр де, ішің күйсе — өле қал

Әжібай әкім қияндағы Акшағылды жұртқа үлгі етіп бақты. Жүз қырық үйлі ауылда жөні түзу монша жоқ екен. Совхозды таратуы мұң екен, кенеттен сегіз монша орнай қалыпты. Бір күндік жақсы атақ үшін не делінбей, не істелмей жатыр. Отыздың белсендісі шетінен надан еді, ендігінің мықтысы оқығанның сұмы болмаса игі. Сол Ақшағылда бес жыл өткен соң он екі үй ғана қаларын, қалғаны босып кетеріне көз жүгірткен басшы болды ма екен. Уай, дүние-ай, босыған тағы өз елі, жылаған тағы қазағының баласы. Әлкәдір жолы түсіп, сол ауылдың бір үйіне бас сұққан. Үпір-шүпір алты-жеті бала, еңкейген қарт ана, келін мен отағасының ортасындағы аласа үстелдің үстінде шикілеу піскен нан мен құр шай ғана. Көк аяздау нанның шетінен үзіп ауыз тиді.

— Әлгі саудагерлер осындай бір ұн әкеледі. Піспейді, піссе де іші көгеріп кетеді, — деп келіншек ақталған боп жатыр. "Төрге шық, қонып кет" деуші еді бұрында, отағасында үн жоқ, екі көзімен жер тескен.

Жаңа әкім ауданға келді. Қарсы алғандардың ішінде Әлкәдір де бар-тын. Әкімге арналып мейманханада арнаулы тамақ берілді. Әкім ішпеске жан қоймайды екен. "Кто не пьет тот больной или подлюга" дегенді қағида етіпгі. Әлі де болса сақталып отырған тұтынушылар одағы атты мекеменің басшысы Рахымжан "подлюга" деген сұмдықтан сескеніп, стақандағысын қағып жіберді. Әкімге ере келген облыстық дәрежедегі бас дәрігер орысша көсіліп тост айтты. Сол бас дәрігердің министр болатынын, өзінше қияли реформа жүргіземін деп бүкіл денсаулық саласын қаусатып тынатынын кім біліпті. Бұл да отызыншы жылдардағы белсенділердің түр-түсі өзгерген екінші нұсқасы екенін айтып ешкім сөзін өткізе алмаған заман да.

Пә, осы жерде Әлкәдір сөзге келіп қалған. Бір бөтені жоқ ыңғай қазақтың ортасында отырып дәрігердің орысшаға басқанын "Қай білгіштігің , не қай сасқаның" дегені бар. Облыс басшысы дәрігерін қорғады.

Қыза-қыза ауылды жекелеуге ауыз салысты.

— Қате, — деді Әлкәдір. — Ел босып кетеді.

— Ескілікті қолдайсыз. Біздің жолымыз дұрыс, - дейді әкім.

Дау ұзаққа созылды. Облыс әкімінің каһары мен жөнсіз бұйрықтарынан сескенген Қасымбек пен Боранбай Әлкәдірге

"Қой, жетеді" білдіріп тізесін басып бақты. Түн ортасы ауа тарасқан. Соңғы сөз де:

— Сіз қателесесіз, қайтыңыз райдан, — деген әкім.

— Жоқ. Мен бұл мәселе туралы әбден ойланғанмын. Әлкәдір осы айтысқа дейін жоғарғының шын пікірін білгісі келген. Соның алдында Саятқа:

— Ел басшысы дұрыс жасап отыр. Жезқазған, Семей, Торғайды таратып, соның қазағымен орыстанған Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Қостанайды толтыру керек. Басқа жол жоқ. Қалада сіресіп мұжық отыра берсе тәуелсіздікке қатер. Қала атаулыны алуымыз қажет, — деген еді.

— Аға, оныңыз дұрыс. Қалада да, ауылда да өз халқымыз көпшілік болмай іс оңға баспасы белгілі. Бірақ, сол қалаға барған қазағыңызға жұмыс қане? Онда да сенделіп бос жүр ғой. Әрі-беріден соң олар шетінен ұры-қары болып бара жатқанын көрмейсіз бе?

"Бұл уақытша жағдай" деп уәж айтқан. Созылып кетті-ау сол "уақытшасы". Тұрмыс қысқан, бала-шағасына нан тауып бере алмаған азамат қай жұмыстан да қашпасын көріп жүр. Әйел ерге қарар деуші еді. Қысылған ер жерге қараған соң не айтарсың. Ері от жағып, әйелі қап арқалаған жағдайға уәж не. Оу, ең сұмдығы, сол әйелінің тапқан-таянғанына арақ ішіп, өлеңдетіп жүрген де жеткілікті. Шегі бар ма осының? Қайран елі, қазағы, осы бетіңмен қай жарға соғыларсың.

Әлкәдір кеуде тұсын сипалап, ауық-ауық соққан самалға көкірегін тоса берді. Етектегі шәһәріне көзі түсті. Сонан соң қазандық атаулының мұржаларын санады. Он жеті ме, он сегіз бе? Әрқайсында төрт көсеуші, завхоз, слесарь істегенде жүзге жуықгап қалады екен. Ертең иесіз қалар осы қазандықтарда нәпақа тауып жүргендер жұмыссыз қалмақ. Ана совхоздың пәленбай жүз жұмыскеріне пәпке үлестірілмек. Қожанасырдың аспаннан жауған құймағына тап болғандай тер төкпей, тегін байлыққа күрп ете қалғанына жұрттың сенбегенін көз көрді. Бір кой, бір сабын боп кете берді. Бейшара қойшының ширақтау қатыны ырғалды, болған-толғанын көрсетіп бейапарланды. Соңы...Соңы бәрінен айырылып, сыңсып жылады.

Ертедегі Римның құлау шағында халқы "Нан және тамаша" деп өрепкиді екен. Мына жұрт қазақ даласының ырысы, малынан ада боп бара жатса да той көбейді. Аты аталмай

кеткен талай бабасына ас беріп, болмағанын би, атқа мінгенін батыр етуге әуестенбеу үлестен құр қалған кейпінде. Жалған атақ қуып жүріп бұл жалғанның тірлігінің қалай ауысып бара жатқанынан адасып та қалып жатыр.

Теке тіреcтен де құр алақан емес. Ұлт болып қаны қызатын жағдай да аз емес.

Ағыбай батырдың тойының алды екен ғой. Әлгі бір кезде ауданды билеген Кондраков деген орыстың:

— Ағыбай..., Ағыбай. Осыны қайдан таптындар? Өмірде атын естіп көрген жоқпын, — дейтіні. Сәл қышқылдағаны бар Есенқұл қызып кетті.

— Біле жүр. Сенің "Муромеціңмен" Ағыбай жекпе-жекке шығыпты. Бірінші кезекті Муромец алса керек. Күрзімен соққанда Ағыбай белшесінен жерге кіріп, зорға шығып, өз кезегінде шоқпарымен ұрғанда сенің Илияң жеті қат жерге қағылып кетіпті. Міне осындай батыр біздің Ағыбай.

Қат-қабат, қыртысы мен тартысы көп заманда біреуді біреу тану да, дәл басып сара жол табу да оңай емес шығар. Әлгі Есенқұл Әлкәдірге:

— Мен сізді сыртыңыздан сан жамандадым. Құдай куә. Кім екеніңізді түсінбедік қой. "Жау" деп миымызға құйып тастаған. Сөйтсек адасқан біз, ұлт намысын қорғаштаған сіздер екенсіздер ғой. Тоба! Тоба! Кешірім! Кешірім!

Енді бірде Әлкәдір зерттеген күйлерді жазып алып, қатты сүйсінетінін жеткізген.

— Оның дұрыс екен. Зерттелмей жатқан сан мұра бар. Бетпақтың төрінде Итаяқ күйші жатыр. Мазарын білетін бір ақсақалды зорға таптым. Көлігің бар ғой, соған барып қайтсақ, — деген Әлкәдір.

Үндемей кетті. Бір ферманың техникасын алып кетті деп күңкілдейді осы жұрт. Онысын кім білсін. Білері жағармай сататын станциясы бар. Бар болса да күйшінің мазарын іздеуге бармай қалды. Дүнияның өлшемі дүниемен дегеннен асатын азамат аз да.

Іле Шортанбай жыраудың жүз жетпіс бес жылдығы өтті. Алматының бар жақсысы басын көрсетіп, Мұхтар, Тұрсынбектер салиқалы пікір айтқан тойдың бастаушысы Әлкәдір болса да, бар салмағын Қасымбек көтерген. Талайдан басталса да бітпей қойған аудандық ауруханаңың сақалы белуарынан түскен құрылысын салуға Қасымбектің жа-

нын салып жүргенін көзі көрді. Бүкіл ауданның халқын ауруханаға салып қоятындай ерсілеу жасалған, қала болмаса ауданға қажетсіздеу жобаны кімнің әкеліп тықпалағанына таң.

— Оу, мынаны ұстауға ертең бюджеттің шамасы келе ме?

— Енді қайт дейсіндер? Қырқыншы жылдардың соңында салынған ауруханаңың құлап тұрғаны анау. Осы ауданға басшы боп жүргендер ертерек ойланса, онда да мынадай жосықсыз ғимаратты емес, халықты жағдайдан шығаратындай ауруханаңы жобаласа, оларға кім қой депті, — деп Қасымбек ренішін жасырмаған.

Ел Қасымбектің реншін де, "қайтсем бітіртем" деген талпынысын да қолдаған. Қолдағаны сол, жұмыстың соңынан лек-легімен құрылыс маңынан табылып, кірпіш тасып, лай жасап, машиналардан келген жүкті де түсірісіп, не тиеп, дамылсыз қимылдаған.

Құрылыс бітті. Жаңа құрылысқа деген сый-сияпат та шаш етектен. Жаңа ауруханаңың іші жиһазға толды. Палата сайын кілем, мұздатқыш, теледидар. Ашылу салтанатына қатынасқан елриза.

Оу, сол риза көңіл қайда бүгін.

— Аурухана жұтап тұр.

— Жамылатын көрпе жоқ.

— Тамағы жоқ, өзіміз апарған асты қоятын жер жоқ. Тоңазытқыш деген әр палатада болушы еді, соның бірі көрінбейді.

— Пәле, сен де айтасың-ау, теледидар көрмек екенсің ғой, оны ана ауруханаңың бұрынғы басшылары мен бастықтардың үйіне барып тамашала, — деген ащы мысқыл

Ауруханаға әуестігі болмаса да, Әлкәдір жамаағайынның біреуінің көңілін сұрай барған. Танымай қалды. Кешегі сән берген жиһаздың бірі жоқ.

Оу…

— Несіне таңғаласыз? Білте басы бар, басқасы бар, әйтеуір тәуір асты жер тік қасық табылады екен. Жұрдаймыз ғой, жұрдаймыз. Қабырғасын да алып кететін еді, ретін таппағандықтан қалды, — дейді қартаң дәрігер.

Жекешелендіру деген қарқындап берген. Кеше колхоз жасаймыз деп бар малын сыпырып, өздерін айдап әкеліп киізүйді қалаға тықпалап еді, енді жау тигендей қуып таратып жатыр. Қолына тигенін қарпып қалып жатқан қорқаулық ас-

қынған. Бесшоқы совхозының мың жылқысынан қара халыққа бір қылқұрық тимей, басшы-қосшының иелігінде кетті. Онысы дұрыс-бұрысына көзі жетпей, жұрты жерге қарап мөлиді.

— Талап алыңдар, — депті облыстағы ең мықты.

— Халық не болады? — деген жаны шошыған Сағадат.

— Халықта нелерің бар? Не болса, о болсын. Өз күндерін өздері көрсін.

Жекешелену дегенді мысқылдаған халықтың қолынан келгені сан-саққа жүгіртіп, ағаш атқа мінгізу ғана сияқты.

— Приватиз...

— Прихватизация.

— Шеке-шеке...лендіру. Қысқасы жеке-жеке, қызыл шеке ету. Төбелес басталды десейші.

Әуелде бұл аудан осы нәубаттың алдын алғандай болып, жаппай жеке-жеке етпей, бір ферманы бір басшының қарамағында қалдырып, тұтастығы мен ел бірлігін сақтағандай еді. Болмады. Жоғарғы жақ жеке кетсең бай боласың" деп ұрандапжатқанда аттың жалы, түйенің қомында байып кеткісі келгендер табылды. Біреуі шетінеген соң "анау сөйтіп" кетті-ау деген қызғаныш талайдың көңіліне кірген.

— Ай, арты оңбады-ау. Бір фермаға ие боп, елді сақтасын дегендердің көбі сол шаруашылықты өзінше қарпыды. Ашкөздік билеген тұста адалдыққа есік жабық екен. Ферманың әуелі малының есебін тауып жұмсап бітірді де, техникасын талай-талай сылтаумен берісі Өзбек, әрісі Ресей асырып жіберді. Тіпті, бәрін бір өзі басып қалып:

— Ал, енді маған не істейсің? — деп алшаңдап жүрген де бар.

Ел сотқа жүгінді, прокурорға арызданды, әкімдерге барды. Елге обал болған екен, қайтарыңдар деген болсайшы. Сонау Бетпақтың шөліндегі Ұланбелден Тілеген келген еді.

— Осы шақта жоғарғы жақ біздің шаруашылыққа төраға етіп біреуді жіберді. Жоғарғы жіберген соң біз сендік.

Жетпіс мың қойдан екі-үш жылда дым қалмады. Соңғы мыңы қалғанда ғана айтыстық. Соттастық. Сонда жоғарғы сот бізге "Бұларыңнан дым шықпайды. Оның тірегі Парламент төрағасының өзі. Қайтыңдар" деген соң дымымыз құрыды, — дейді.

Бәрінен де адалы Есенбектің Тілеуқабылының шаруасы сияқты. Үндеместің мекемесінде ұзақ жыл істесе де көңілі ұлтына адал қалыпты. Зейнетке шықты да ата-қонысы Тасбазды алып, қора-қопсы, үй-жайын жөндеді. Орташа дәулет құрды. Ең тәуірі осы өңірде ұмытылып бара жатқан бүркітшілікті қолға алып, соңына біраз жасты ерте білгеніне Әлкәдірдің көңілі қуанған.

— Иә, сәт! Өнерлі ел едік қой. Ездіктен құтқарып, естиярлыққа жетелей көр.

Иесіз елді ит те, құс та басынады деген де. Жаңгір ауылындағы бүкіл республикаға белгілі шаруашылықтың басындағы Сатанин дегеннің жасағанын есту құлаққа ауыр. Бір қора құнажынды Жаңгірден тысқары, тысқары болғанда да арасы жүз шақырымнан асатын Түлкіліге бақтырды. Аты ортанікі, заты өзінікі екенін ел білсе де, заң орындарының көзін шел басқан.

— Тоғыз бұқаны айдап келе жатыр екен қолға түсірдік, -—деп Бейсентай милиционер шыр-пыр хабар берген.

Анық-қанығын білуге прокурор баратын болды. Заң деген соң ғана үстінде соның пагонды киімі бары есіне түсіп, ол да осы іске зорға араласқан. Ұсталған мал жолшыбай Қызылқойға қамалыпты. Үш күн оны іздеген де, обал ғой деп су берген де жан жоқ. Ұрлап кетсе тіпті де жөн сияқты. Ат үсті шауып өткен комиссия есігінің тесігінен төртінші күні ғана сығалап, бір үйден тамақ ішіп, қызара-бөртіп жөнеп берген.

— Адасып шығып кеткен мал екен, — деген қорытынды бар.

— Оу, біреу-екеу емес, әукесі салақтаған тоғыз бұқа қалай шығып кете қояды. Осы ақылға сыймайды ғой.

— Менің нем бар? Шеттің азаматтары өз ұрлығын өздері тиып алсын, - деген Уәлихан прокурордың сөзінен Әлкәдірдің көңілі қайтқан. Енді не болды? Тонауға түскен мынау ел кімге сенеді? Момынды кім қорғайды? Сол момын сол Сатанинге қол жұмсаса — қылмыскер, Сатанин момынның керегесін түріп қойып, тал түсте шауып алып жатса, — оның ісі оң болған не заман. "Аузы қисық" аузы қисықтан атанбаған, елге теріс азуын көрсеткен соң, оң сөз айтып оң пиғыл көрсетпеген соң атанған. Сол аузы қисықты ендігінің заңы да, оны бақылар прокурор, соты да қорғайтын болған соң не шара.

— Тонап алыңдар! — деді басшы.

— Тонап жатырмыз! — деп, баяғының салют берген пионеріндей бір кісідей дайындық көрсеткен қорқаулар ендігі елдің жақсысы атанбақ екен. Сол Сатаниннің Жәңгір шаруашылығының бар іске алар техникасын Ресей өткізіп жібергенін де көрді бұл ел. Істер шара қалмаған. Жоғарыға жазды. Ел бұлдыр-бұлдыр жауап алды. Ел түңілді де қойды.

Қара халықтың "Қайтсек аман қаламыз" деп, суға кеткен тал қармайдының ісіндей жан ұшырғанын Әлкәдір Нұраталды совхозының ел болып бас қосқан соңғы жиынында көрді. Әкімнің ойының тереңінде не жатқанын кім білсін, әуелде осы шаруашылықты серіктестік тәрізді етіп құрып, басына Аужекеңді отырғызбақ еді. Ел көнер түрі жоқ.

— Жақсы азамат болса бұрынғы өзі басқарған совхозын неге тастап кеткен?

— Қой қарағым тап сендей азамат өзіміздің де табылады.

Қаскең әкімнің уәжі өтпеді. Дауыс берушілер өз дегенін жасаған.

— Бізге ештеңелеріңнің керегі жоқ. Жәрдем деп дотация да сұрамаймыз. Өз тағдырымызды өзіміз шешуге мүмкіндік етіңдер, — деген Әбуғали.

— Совхоз аты жақпаса колхоз-ақ болайық. Іргемізді сөкпеңдер.

— Талапайға түсірмеңдер.

— Енді тағдыр не салса да бірлесіп көтереміз. Ұжымымызды таратпаңдар.

Әкім енді не істейміз дегендей дағдарған. Облыс "Тарат, әйтпесе оның тағдырын өзіміз шешеміз" деп жатыр. Өзінің де ендігі жерде қызметте қалу-қалмауы екіталай. Ішінен тістене отырып, шаруашылықты әлденеше қожалықтарға бөлген. Сонан кейінгісі нашар түстей. Қожалық дегендері үсті-үстіне бөлініп, қараусыз клуб, иесіз су құбыры боп шыға келді де, құлаған талай үйдің бірі ретінде ауылдық кеңес пен совхоздың конторының орнында үйінді топырақ жатты.

Дала толған малды азайтып, Ресейдің мұжығын астықпен асыраған елдің егіншілігіне тұсау салған үкімет аққұла ақымақ та еместей. Есептері де ерен. Қазақ даласында баққан малдың еті аса қымбатқа түссе, астығы да арзан емес. Мұндай бағаға ет пен астық өндіргенше шетелден сатып алғанның арзанға түсетінін мемлекеттің басшысы да, қосшы министрлері де айтып жатыр.

— Мына дала тракторлар тырнай-тырнай жауыр болған еді. Енді біраз тыныстап, өңі кіретін болды, — деп куанды Әлкәдір.

— Ол куанышыңыз дұрыс қой. Бірақ осы казақ даласы сонда бос қала ма? Қазақты тегіс қалаға көшірудің жобасын көрмедім. Мал өсірмей, егін екпей күн коретін болсақ, совхоздарды неменесіне бөлшектеп қожалық құрып жатқанымызға таңмын. Малын да, басқасын да үкіметке өткізе салғанның жөні жоқ қой, — деп Саят күдігін жеткізді.

— Осы күмәның менің де жүрегімді тырнаған. Қазақ өз даласын тастап тегіс көшіп кетпес. Үркіншілік келгендей ауып кетпеген соң, дала тұрғындарына да кәсіп керек. Бәрі бірдей мына үкіметте отырған бозбастар айтқандай етікші, не алыпсатар болмас. Сонда оларға қалғаны тағы мал бағу, егін салу. Сол малының еті мен бидайын өткізе алмаса қалай күн көрмек. ІІІет елдің еті, наны деп емініп отырса, осы елдің экономикасы қалай көтерілетінін ойламағандарына таңмын.

Әлкәдір күрсінді. Иә, біраз жыл өткен соң Президент жекешеленуде талай қателік өтті деп мойындады. Істің түзеліп кетіп жатқаны тағы көрінбейді. Үлкен бір жиналыста Қасымбектің:

— Облыс әкімі маған қарап "Социализмнің соңғы тірегі құлады" деді, — дегені есіне түсті.

Бүгін саралап отырса талай істің шешілуі күні бұрын ойластырылғандай. Совхоз атаулының директоры дегендер мен ферманы баскарғандар ауылда бар байлықты басып қалса, қалада фабрика-зауыт дегеннің басшысының қолына бар билік берілген. Содан шығар Қарағандының Петка бастығы қаланың бар іске асарын өзі иемденіп, қалғанын Ресейге өткізіп талтаңдаса, оған қарсы шыққан Асылбайұлдары жұмыстан қуылып, қаңғып қалды.

— Директорлар мен бастықтарға бар байлықты үлестіріп аузын жапты. Ел дегенмен кешегі басшы ретінде солардың пікірін тыңдауға үйренген ғой. Ақыл кіргенше сол басшыларына жал тақтайды, — деген Саят.

— Неге өйтті деп ойлайсың?

— Бастықтардың көмейін байлықпен бітеп үндетпегені, солардың наразы пікірін естіп халық толқып кетпесін дегендік. Олар азын-аулық байлыққа бөгіп, апыл-ғұпыл, қан-

жын жеген қасқырдай тұншығып қалған соң ел де көтеріле алмай қалды.

— Солай де.

— Өзіңіз отыз бірінші жылы қазақтың малын алып, атын ауру деп жаппай атқан соң жаяу қалған ел не көшіп кете алмай, не көтеріліске шыға алмай қалды дейтінсіз.

Бұл да соның сыңары тәрізді.

— Ойластырылған дейсің ғой.

— Ойластырылған..., — Саят сәл бөгелді. — Тіпті сондай ақылды шетелдің бізге көптеп келген кеңесшілері берді ме деп те ойлайсың.

— Мұның артықтау болар.

— Тап солай деп тапжылмай айтуыма қолымда дәлел жоқ.

Іштегі түйткіл ғой.

Саят ағынан жарылып, ішіндегісін ақтарған. Қаскең әкім бір жолы:

— Енді баяғы жиырма сегіздей бай болғанды тәркілеу мүмкін емес. Олар мал асыраған бейшаралар ғана еді. Ендігінің тамыры тереңге кетті, арқа сүйерлері де жоғарыда, -деген.

— Сонда мына елдің тағдыры...

— Қиын. — Басын әлденеден түңілгендей шайқай берген.

Әлкәдір арқасын тасқа тірей түсіп, бұйра-бұйра белдерден аса қарап, сонау Алайғыр жаққа мойнын созды. Өмір-ай десейші, ол кезде жалын жас екен-ау. Сол жақта да өмірінің бір пұшпағы қалыпты. Өзі сияқты арманшыл жолдастары болыпты, қыдырыпты, қызық көріпті. "Уһ" деп аяғын созған. Бәтеңкесінің ұшы әлдебір қалбырға тиіп, жартылай желініп, желінбегеніне шыбын үймелеген майысқан ыдыс тастың етегіне түсті. Сол-ақ екен иіс сезгіш қара тышқан ернеуіне жармасқан. Пәтшағардың шиқ-шиқ үнінен қуаныш табы жеткендей. Олжасын өзі ғана иемдене алмады. Тап өзіндей біреуі шыға келіп қалбырдың ернеуіне мінген еді, түс шайысып қалды. Құдды орамалдарын жүре де, жұлқа да тартып ойбайласып қалатын бейапар әйелдер секілді.

Кенет суылдаған көлеңке айналып өткен еді, пәтшағардың екеуі де ізім-ғайым жоғалды. Суылдаған көлеңкенің иесі Аюлының биігін шыр айналып жүр екен. Сорғалап құйылып, жарқ етіп қайта көтерілген қыранның қимылында еркіндік

те, өмірге құштарлық пен сүйсінуі де бар. Адамның бәрі қырандай болар ма еді, шіркін. Онда ана қалбырға таласқан көртышқан пиғылдан ада болып, жер үстіне жұмақ орнар ма еді.

Әлкәдір таяқтың басына қызыл шүберек байлап, тасқа шаншып қойды. Қыран шүйіліп келді де, кенет сорғалауын тежеп байлаулы шүберекгі шеңгелдеп, дар-дар жыртты да, қайқаң етіп қайта көтерілді. Тілеуқабылдың қыраны ма екен, әлде... Әлде соның шәкірті Мұраттың қыраны ма деген бір сауал қалған.

Өмір арман мен үміттен тұрады да. Құштарлық туғызатын, жетелейтін де солар. Аюлыға мына телемұнараны саларда Сағынбай тау басына қанатты жол салып, ел демалатын орын да жасамақ еді. Болмай қалды. Болдырмаған тағдыр болып келген мына өзгерістер, нарық деген қыспақ, шашылып қалған шаруашылық. Дегенмен сол Сағынбайдың тұсында Әлкәдір біраз тындырымды іс жасапты. Отыз екінің қырғыны мен онан соңғы сұмдықты әшкере етіп, теледидардан әлемге көрсетіпті. Сағынбайдың да елі мен жерін тануға бетін бұрып, Жидебай батырдың жер үйін, Қызылеспедегі көне кеніш орнын, Балқаш жайлауындағы ауданның алғашқы митингісі өткен тасты көрсетіп, біраз тарихқа баулыпты. Иә, екеуінің бетпақтың шетіндегі Кенесары қамалын киноға түсірмек болып, мамандарды шақырған уақыт та өмірдің ең жақсы сәтгері екен ғой. Қайда жүр екен өзі деп ойлады. Сонан соң мына аласапыран басталып, бір партия құлап, басқалары жылт-жылт бас көрсетіп жатқанда оның "Мен тек жаңарған компартияға ғана кіремін" дегені еске түсті. Ана бір Тришин деген орыс па, хохол ма, бас болған партияға қызмет істегеннің бәрін тықпалап жатқанда не істеді екен. Біреулер "Отан" десе, қайсыбірі "Атан" деп жатқан партияны жұрттың жақтырып жатқаны шамалы. Жақтырмаса да жұмыс істегің келсе, жұрт айтқандай, піштірілген түйенің ана жерінің мүшесі боласың деп, бар жұмысшыны да мәжбүрлеп жатыр деседі.

Өмір жалғасын таба береді де. "Қызмет қолдың кірі" дегеннің де осы тұста ғана шындыққа жанасатыны бар. Қасымбек әкімдіктен босап қалаға кетті, орнына Кәкімжан келді. Ғылым кандидаты екен. Сөзінің оғаштығы жоқ, мәдениетті жігіт екен. Кеше Шеттен бөлінген Ағадыр қайта қосылып,айғайласып жатқан шақ. Ағадыр жағының біраз

шал-шауқаны Алматыда "Жоқ, біз жеке аудан, не кішігірім астана боламыз" деп шу көтеріп жатыр, оларға жөн сілтеген Рысбек деседі.

— Шет аудан болмайтын еді, әлгі Медиев дегеннің жасағаны. Дөкейлермен әбден ауыз жаласып алған. Әйтпесе әуелде Ағадыр аудан орталығы болып бекіген жоба шыққан, — деген олардың сөзінде шындық жатқаны да рас. Қаскеңнің қаладағы Петьканы айналдырып, біраз шаруаға көзін жеткізіп, жобаны өзгерттіргенін Әлкәдір де білетін...

— Бәріміз кешегі Бесатаның баласымыз. Аз күн отау құрдым екен деп үлкен үйдің есігін қатты серіпкендерің не? Бөтендік пиғыл танытқан жеріміз жоқ, сендер неге бөтенси қалдыңдар? — дейді бұл жақты бастаған Сайлау, Түсіпханның Аманы, Борекеңдер.

— Біз қала болып қалдық. Шет әлі деревня.

— Қала болғаныңмен ар жағың дала, бір Ортау, Қызылтаудан басқа елді мекен жоқ. Біздің жақ кеше облысты асыраған егісті аймақ. Жердің де, елдің де салмағы осы жақта. Осыны түсіну керек қой.

Ағадыр жағының бастап жүргендері болмаса, халқының дені Шеттің орталық болғанын дұрыс санайтындай.

— Қырық рудан жиналғанбыз ғой, әркім өзінше тартады. Содан жеңілгенбіз ғой, — дейді Рысбск. Басқа қосылған аудандарда тап осындай ушыққан тартыс жоқ екен. Ел ыңшыңсыз бірігіп кетіпті. Мұнда тіпті Ағадырдың белсенді сымақтары қол жұмсап жатқан да жайы бар сияқты.

— Шеттің аудан болғаны дұрыс. Ол сонау жиырма сегізінші жылдан бері келе жатқан дәстүрі бар аудан. Өзінің қалыптасқан беті, реттелген мамандары бар, деп едім, -дейді Өмір.

— Иә, сонан.

— Сонан біреулер түйгіштеп те жіберді.

— Мұнысы қате болған екен.

— Қателестім деп жүргснді көрмедім. Қайта дүңк-дүңк әңгімені қоздырып қойыи отырғандар да солар.

— Енді оларыңнан ештеңе шыға ма?

Алакөздіктен басқа не болсын. Осы заманда, мына қиыншылық түста бірін-бірі бөтенсігеннен жаман не бар дейсің, — деп өкінген Өмір.

Елге ел қосылып дауласып та, табысып та жатқан да өз бетінен қайтпай, өз тындырымымен іс атқарып жатқан Саят. Елі азаттық алып жатса да сол азаттықтың бастаушысы болған соңғы ұлы ханның қамалын жұртының танып жатқаны шамалы. Саятта сол қамалдың бүгінгі іргетасын көрсетсем деп теледндардың жігіттерімен келіскен. Мұндайда көмек берер деп әкімшілікке де сенгені бар. Телеоператорлар келгенімен әкімшіліктің көліктен көмегі болмай шықты. Замы ма, помы ма біреуісі:

— Қайдағылар қаңғып? Басқа жұмыс жетпей ме, - десе керек.

— Енді не істейміз? — деп қалды тележурналист Төлеутай.

— Реті болар.

Сол күні ескі "Москвичіне" тиеліп Ақжал тартқан. Түнделете жетті. Қол ұшын берер деп сенгені Баданның Мейрамы. Нарық деп әркім өзіне жұла тартып жатқан тұста Акшатаудың комбинаты тоқтап, Ақжал кенішін Швед Инго Магнуссон алды да, бір жыл ішінде Мейрамды кеніштің бас-шысы етіп тағайындаған. Кеш болса да телефон соқты. Елі үшіп қайғылы қазаға ұшыраған Кенесары ханның біздің жерде қалған мұрасы қамалын теледидарға шығармақ ойын да, сеніп келгені өзі екенін де жеткізген.

— Болады. Бүгін кеш, таңертең шешемін, — деп Мейрам қысқа қайырды.

Ертемен келген Мейрамның шешімі де қысқа.

— Мынадай қасиетті істен тысқары қала алмаймыз.

— Жалғыз бұл ғана емес, - деп Саят көкейінде тұрғаны барын сездірген.

— Тағы не бар еді, Сәке? — деп күлді Мейрам толық денесімен тегіс бұрылып.

— Жолда отыз бірінші жылы атылғандар жатыр. Сол істің куәсі мына Аманжан ақсақал Осы кісінің тірлігін де пайдаланып теледидардан хабар бергізсек деп едім.

— Қап! Екі күн болып кетті-ау, — деп өкінді Мейрам. — Уақыгым шектеулі еді.

Жолға екі машинамен шыққан. Саят, Телеутай мен оператор мінген жаңа УАЗ-дың бігімі де өзгеше. Мейрам бұларға қажет деген ас-суға дейін тиеп берсе де ұзынша УАЗ-дың біраз жері бос жатыр. Ақсоранның биігіне жақын Қос доңғалға жеткенде түс те болып қалған.

— Міне, осы жер. — Аманжан ақсақал күрсініп, жүзін төмен салып тұр.

— Осы жер ме? — деп өз машинасынан түскен Мейрам да сұрай қалған.

— Осы.

Бір кезде Тоқтабек қыстағы аталған ауылдың орынында іргесі ғана қалған бірнеше үйдің жұрты жатыр. Ауыл ортасына таман жартылай тас, жарымы шикі кірпіштеп қаланған қораның сұлбасын ши басып кетіпті. Адам аяғы тимегенін қалың өскен қияқ аттатпай белге оралып тұсағандай етті.

— Осы қораға қамалған. — Ол кездегі бозбала Аужекеңнің күміс сақалына жасы тамған.

— Мына жаман қораға кісі тұра ма? Итеріп тастап қашпас па, — дсп кіжінді Мейрам.

— Момын қазақ қой. Атады деп кім ойлаған.

— Мына жерде Сақайды...мұнда..., - деп Аужекең кімнің қай жерде жатқанын көрсетіп жүр. Мейрам мен Ұлаш, Төлеутайлар жер болып кеткен қабірлердің басына тас үйіп, оператор телекамераға сығалаған.

— Тек осы жерде ғана ма, -— дейді Төлеутай.

— Жоқ, Бүркіттіде тоғыз кісіні атқан.

— Кім? Сонда осыларды атқан кімдер? — Мынандай сұмдықты алғаш естіп те, куәгерімен жүздескен Мейрамның жүзінде өкініш те, ашу да жатқан.

— Кімдер екенін білеміз. Қайтеміз атын атап. Солардан да тараған ұрпақ бар. Көздеріне шұқып "Сенің әкең сөйткен" деп жазғыратын олардың жазығы жоқ. Несіне енді соларды теріп, жұртты жік-жік етіп жауықтырамыз. Ол білгеннің ісі емес,— деп Саят тоқтау айтқан.

— Дегенмен де..., — деді Ұлаш.

— Осы тұрғандардың да не бір ағасы, не жақыны сол сорақы іске қатысқан. Қайтеміз енді соны қайта көпіртіп.

— Алла жазасын берген шығар, — деп Аманжан ақсақал көзін сүрткен.

Жолшыбай Қызылеспеге соққан. Мейрам рұқсат сұрап, кері қайтты. Сол бетінде түнделетіп Ақшағылға жетіп, домбырашы Исатайдың Оралын ерткен Саят Кенесары қамалына ертеңгі он бір шамасында жеткен.

— Түнімен адастық-ау, — дейді Орал

— Адаспасқа да болмады. Айсыз қараңғы түн. Әрі бұл жақтың көз жетер жері өртеніп, үйткен құйқадай болып жатыр. Көзге ілігер нысана жоқ қой, қайта келдік десейші.

— Келгенімізді білдіріп белгі салайық, — деп Саят тас жинап, оба тұрғызуға кіріскен. Іргесі ғана жатқан қамалдың жотаға өрлеген биік тұсына қалаған обада осы топтың әрқайсының салған тасы бар еді. "Шіркін, жауға айбар болған қазақтың соңғы ұлы ханның қамалы қайта тұрғызылып, ұрпақтың тәуеп етер орыны болса ғой" дсген үміт те әркімнің көңілінде жатқан.

Орал домбырасын ұзақ-ұзақ шерткен. Сонан соң оқ тиген құланның үш аяқтап ышқына шапқан дүрсіліндей үн шығып барып, қос шек күрсінді. Күрсінді де қайта шарықтап, бебеулеп, ұлы даланың арманын іздеп, шым-шымдап қанға сіңіп көңілді жасытты. Алысқа қадалған Оралдың көзінде шексіз мұң тұрған.

Иә, қиындау жол болса да, Саят міндетін атқарып қайтты. Аласапыран кезеңде ол да болса көңілге тоқшылық. Пенде ретінде аруақ пен ұрпақ алдында бір парызын өтеген екен. Қиуы қашқан заман аяққа тұсау, қолға байлау болғандай. Талайдың басы қайтссм тірлік етемнің қамымен кетті. Ақшатау сияқты комбинаттар бір күнде тоқтап, байлығы жер бетінде жатқан Қызыл сүйірдегі Жамбыл кенішіне Боран деген біреу ие бопты. Сатып алыпты, жүргізеді екен деген гу-гу сөз болмаса оның бастаған ісі көрінбей жұрт түңіле бастаған.

— Баяғыда Корен қалмақ шапты деуші еді, енді Борен деген шығыпты. Осының да жақсылығы көрінбейді, — деп талай кеніштің құпиясын зерттеген Сайран қынжылыс білдірген.

Әкім Кәкімжанға оңай тимеді. Бореннің қимылсыздығын айтып, жоғарыға хабарлап, шара жасауын өтініп бақты. Сөйтсе Бореннің де, оны сүйегеннің де көңіліндегісі дайын жатқан кенді алып кету болса керек. Кеніш деген аты болмаса Бетпақтың шетіндегі, елсіз-күнсіздегі қоныстың халқы ұзақтай шулаған. Кенішке төккен терінің өтемі талай айғы жалақылары желге ұшқан. Оған жауап берер пенде де, үкімет те жоқ. Әлгі үкімет бастаған Тришині ма, басқасы ма шет елден келген несиені бөлісуден басқаға басы ауырғаны және көрінбейді. Алды шулап, соңы ашыға бастаған халықты әкім

жол бойындағы стансалар мен бұрынғы совхоз орталықтарына көшіріп, көмек еткеннен басқа жол қалмаған.

Халқы өре түрегелген Ақшатауға Әлкәдір Кәкімжанмен бірге барған-тын. Көлік жүргізбейміз деп жолға шыққан әйелдердің де ашынған сөзін естіп, қынжылған Қайыржан да осында. Ақшатауды Ақжалмен қосып бір инвесторға өткізуге тырысқан Барлық Садықұлының қасиетін де кеніш халқы енді ғана түсінгендей. Токтаған кеніште ауыз су да жоқ.

— Бұл маңда жер асты суы жоқ, — деп шорт кесті геологтар.

— Табу керек. Халықты сусыз қыра алмаймыз, — деп Кәкімжан бой бермеген.

— Болуға тиіе. — Әлкәдір Нүреке ақсақалдың сонау бір жылдары малын бағып отырған бұлағын еске алған.

Геологтар қырсығып мойнын қанша теріс салса да Кәкімжанның табандылығы жеңді. Табылған суды кенішке жеткізуде көрген қорлықпен тең қиындықты кім түсінер. Ең болмаса осы жұмысқа қол ұшын беріп, аздап қаржы бөлмеген облыс бастығына не айтарсың. Он мыңға жуық халқы бар кеніште бүгінде қалғаны мыңнан аса адам. Шал, кемпір, туған жерін қимаған бірен-саран дегендей. Алып өндірістің мұрасындай өңкиген фабриканың дауы шаш етектен. Қазағы да, шешені де ие болғансып, бірінен-біріне өтіп, байға сыймаған пәтшағар әйелдей қонысынан не жылжымай, не іске қосылмай тозған. Кеніште қалған халықтың әлі де үміті сонда. Жүріп кетсе, сөйтсек...

— Коммунизм таудың ар жағында емес, Армения Кавказдың ар жағында, — деген анекдот болушы еді. Сол есіне түсіп Әлкәдір мырс етті. Мырс етті де сонау Тағылының өркеш-өркеш жоталарына көз салды. Сонан соң Қызылбиіктің етегіне жармаса бой көтерген кеніш есіне түсті. Темір жол да, тас жол да тартылған.

— Қайтейін, — деп ауыр күрсінген Сайран бейнесі көз алдында.

Қай істі тындыру қолдан келіпті. Жау жағадан алғанда бөрі етектен тартыптының кері. Үкіметі "Сенің керегің жоқ" дсгі кеудеден итеріп тастағанда Сайран осы кеніштің кенін өікізетін орынды Ресейдің Ноғай сібірінен тауыпты. Мұны естіп желпінген облыстың басшысы арқадан сипап, біраз күн

Кеніште жүргіздіріп алыпты да, Сайранды "Енді керегің жоқ" деп айдап тастаған.

Арты не? Бастық қылып әкеліп қойған мәнжубасы әуелі Өзі тонады, бастығының көмейін бітеді, ақыры тоқтатып тынды. Облыстағы мықтының көмейінен темір жол да қақалдырмай өтіп кетіпті. Суға кеткен кемеден қашқан тышқандай тілін тістеген кеніштен әуелі ұзын ақша іздеп келген орысы, соңынан басқасы зытып, үш қабат, төрт қабат үйлер есік терезесіз, көзсіз, кеңсіріксіз қу бастай үңірейіп, желмен бірге азынап, ұлып қала берді.

"Қайта жандандырсам" деген Сайран құр алақан.

— Ең болмаса үш миллион доллар несие болса қозғап жіберер едім, — дейді ол

— Неге сұрамайсың?

— Олар өзімнен үш миллион пара сұрап отыр. Қайтерсің? Сайран санын салып қалып, тұрып кеткен.

— Мына халық не болады? Кенішің жатыр қирап...

— Оның несін айтасың? Әнебір облыстың әкімі "Қиындықтан бірлесіп шығайық, алтынымызды қорға өткізейік" деп еді, соны естідің ғой.

— Ал...

— Естісең, ақырын ойладың ба? Денсаулық Министрі халықтан "Сені аурудан сақтаймын" деп пәленше миллион долларды жинап алып, шетелге қашып кеткенін де естідің ғой. Естідің. Сол қашқынды таба алмағансып жатыр. Неге? Тапса үкіметтің төбесінде отырғандардың талайына тиіп кетуі мүмкін.

— Дұрыс делік.

— Делік емес, дұрысы солай. Алтын жинап... — Сайран ойланып қалды. — Иә, алтын жинағандарға да осы ашық ауыз халық сене ме? Ең өкініштісі осы ғой. Халық әлі дұрыстың не екенін, алдаудың не екенін білер дәрежеге жетпей сорлап отыр.

— Қапа болма Сайран. Тап осы алтын жинау науқаны біздің ауданда жүрген жоқ. Оған да шүкіршілік етейік.

— Сірә, мұндағы азаматтар қателік екенін білген болар.

Соғыстан кейін май жинау науқанын "Үкіметке жәрдем" деп түсіндірген өкілге үстіне шоқпыт артқан, көзі іріңдеген кемпірдің:

— Менен жәрдем сұраған үкіметіңнің жағдайы нешік, — дегенін Әлкәдір сан естіген. Ол науқанды түсінугс болар. Соғыс бітті, қала қирады, зауыт-фабрика тоқтады. Шетелден көмек жоқ дегендей. Мынаны ше? Мына алтын жинау миға кірер емес. Шет елге мұнайдың шүмегін ағытып қойып отырғанын халық естіп отыр. Оу, анау коррупционер дегендердің шексіз пайда тауып, тонап алған ақшасын шет ел асырып жіберіп отырғанын халықтан қалай жасырмақ. Тасты бояп, кәмпит деп баланы бір-ақ рет алдауға болар. Халық қанша ін боп кетсе де жемқорлардың алдауына түскенін түсінер. Сонда бұл не ойын.

Ойыннан ойран шығып болғанын көз көріп отыр. Кеше жайнаған ауылдар бүгін быт-шыт. Әсіресе қираганы Андостың ақбұлағындағы совхоз. Түп түзу көше, сәнді үй, жағалай отырғызылған тал кейін ашылған совхозды бір көрсем деп тамсандыратын. Жүз елу үйден он бесі қалыпты. Ертедегі құбыжықтың аузындай есік-терезе түгілі төбесі жоқ үңірейген-үңірейген үйлердің арасымен күндіз өтудің өзі жүректі сескендірген. Бұл жерде тірі пенде бар дейтін емес, түтіні сұйық әр жерде шошайған үйлердің арасында із де жоқ, арсылдап қарсы алар иті де үңірейген үйлерден қорыққандай құйрығын бұтына қысып, үйшігін сағалаған.

— О, тоба, — деген Әлкәдір.

— Нені айтасыз? — деп шұқшия сұрады соңына ерген Қазгелді.

— Мынау өткен ғасырдың талай күйін бізге жеткізген Оралдың үйі еді. Үйіндісі ғана жатыр. Төрінде отырып қайран Оралдың шерткен күйіне тамсанған едім. Өмір өткінші ме, әлде біз қиратып барамыз ба.

— Ондай-ондайға бой алдыратын заман емес қой. — Қазгелді таусыла өкінген Әлкәдірді өзінше жұбатқан.

— Ана Қарабұлақ қандай еді? Ел боламыз деген тұста сол елдің жігіттері мешіт те салған. Ауылдан жұрты кетіп, мешіті қаңсып тұр.

— Иә, иә, — деп күрсінген Әлкәдір.

— Ортау ше? Ортау жұрт кететін жер ме? Анау көгілдір таулары, көк-жасыл орманы "Панала мені, өсір ұрпағыңды" деп тұрған жок па. Қаншама тоған, бөгеттер бар. Сол Ортау...

— Иә, кісі аярлық. Ортасына түскен Мәдениет сарайын көргенде, "Бұл не қалған берекесіздік, әлде қаскөйлік пе?" деп жүрегің ауырады.

— Сіз сол Ортауға барып, атақты Мамай батырдың туған бұлағын тауып, біраз жұртқа көрсетіп, тас орнатыпты деп естіп едім.

— Ол да бір өткен шақ та. Жүргізушім Тілеутай, ерткенім Адамқұл мен Темірболат болған. Он үшінші хутордың Мамай бұлағы екенін білсін деп едім.

— Оныңыз дұрыс. Диа қажының ауылын кейінде Ақшатау совхозы деп жүр ғой. Сонда...

— Диа қажының мектеп үйін сол ауылдың әкімі білмейді екен. Соны көрме, білме деген Кеңес үкіметінің қаулысы болған жоқ қой. Өзіміздің белсенділігіміз асып, қайтсек бергісі қазақ болғанымен ар жағы орыс үкіметіне жағынамыз деп жасап жүрген ісіміз ғой.

Иә, сол ауылға Кәкімжанмен бірге тағы барған-тын. Кеңес үкіметі тап құларда іргесі сөгілген, жапырайған мектептің орнына жаңа типті ғимарат салмақ болыпты. Құлашты да кеңге сермеген сияқты. Жартылай қабырғасы көтерілген құрылыс көне дүниеден қалған Египет-Рум ескерткішіндей айбарланып-ақ түр. Ескісі құлап, жаңасы бітпеген мұғалімдері совхоздың кеңсесін паналапты, өздеріншеоқуға ыңғайлап өзгерткен болыпты.

— Еңбек сабағы қайда өтеді? — деп сұраған Кәкімжан әкім.

— Ол, енді...

— Спорт қалай? Денешынықтыру бар ма өзі?

— І.. .1..., — деп күмілжіген директорының маңдайынан тер шыққан.

Клуб үйі бар деген соң, оны да барып көрген. Иесіз болса да ауыл азаматтары ешкімге соқтырмай аман сақтап отыр екен.

— Мынау тамаша ғой, — деп әкім қуанды.

— Әр мақсатқа пайдаланып кетуге болады екен, — деп Әлкәдір әр нені меңзеді.

— Дұрыс айтасыз осындағы бөлмелерді реттеп еңбек сабағын өткізетін ету керек. Ал, денешынықтыру сабағын да осында өткізіп, әр халыққа мәдени шаралар ұйымдастыруды да осы ғимаратта қалыптастырсақ, мәдениет сарайын да сақтап, біраз қиындықтан шығаруға болады,- деп түйді Кәкімжан.

Қиын да болса аудан бюджетінен қаржы бөлініп, жұртшылық та өзінше тырбанып ғимаратты іске қосқанын көз көрді. Әкім қызметіне қарай борышы, әрі "Осы елге етер қолғабыс көмегім" деген тілекте болса, ауыл азаматының қолында билігі болмаса да елі тартқан азап пен қиындыққа тебіренген жүрек бар еді. Іс тынған сияқты. Қиқымбақай тірлікте өзара тістескенімен артық келер жаулығы жоқ ауыл жігіттері тіріліп, көңілдерінде үміт оты жылт етті.

— Ауыл енді тозбас десті.

— Бірлесіп еңбек етсеңдер, — деп үстеген әкімге ерген Алпыс.

— Өмір көші жетелейді де, — деп сонау отызыншы жылдар оқиғасына қатынасқан Марғозы мұғалімнің баласы Аңғар үстеген.

— Әлі де қиыншылық жетеді. Бірақ мәңгілік жамандық жоқ қой. Өмір бірде қиын, бірде қуаныш.

Қиындық та өтер. Бірақ осындай шақта жаңбырдан кейінгі жауынқұртындай өрбіп шыға келген безбүйректікке таң. Қайырым мен мейірім деген де суала қалатынына қайран. Әкбар ағасыньщ үйінен кештете шығып, ауданға бет алған. Екі-үш қыр асқаннан кейін аяғын сүйрете басып бара жатқан екі әйелді алыстан көзі шалды. Жайлап кеп жандарына тоқтаған машинаға көз қырын да салмай, төмен қараған қалпы митың-митың басқан екі әйелге:

— Қайда барасыздар? — деуге мәжбүр болды.

Жаулығын маңдайына түсіре тартқан кекселеуі "уһлеп" алып, енді ғана жүзін бұрды. Тарығудың да, дәрменсіздіктің де табы жанарын жасқаған екен. "Мына жаққа" дегенді қолын сілтеп көрсетті.

— Міниңіздер.

— Екі әйел біріне-бірі қарады. Шарасыздықтарын көрсетіп алақан жайды.

— Ақшамыз жоқ.

— Мен сіздерден ақша сұрап тұрғам жоқ. Міниңіздер.

Сенер-сенбесін білмей жапақтаған екеу сүйретіліп келіп, машинаға отырған. Өңсіз киім,өңсіз жүз, сынық көңіл.

— Ауданға...Ең болмаса балалардың жәрдемақысын берсе деп барамыз.

— Үйде ішерге ас жоқ, — деп үстеді жастауы.

— Көліксіз қалай жетпексіздер?

— Көлікке тиын-тебен жоқ.

— Қашан шықтыңыздар?

— Ертеңгі тоғызда шығып едік. Қайрақтыдан.

— Жаңа ғана іші бос екі машина өтті ғой. Қол көтермедіңіздер ме?

— Саны өтті ғой. Тоқтамақ түгілі "Кімдер" деп қарамайды да. Бізді қайтсын, байымызда жұмыс жоқ, барар жер таппай ол жатыр. Түріміз болса мынау...

Көз байлана бастағаны мынау. Ауданға дейін әлі отыз шақырымдай бар. Сәуірдің суығы бойын алған бұл екеуі не болады. Отамалының бораны соғып берсе ше?. Жаңағы өткен машина бос сияқты еді, неге ала кетпеді екен. Олар да анадан туған шығар. Шіреніп, шіреніп отырыстары ұнамап еді. Сондай-сондайлар өздерін анасынан машина мініп, ақша уыстап туғандай сезінетіндері несі екен. Бір күнгі байлыққа масаттана қалып, соның буынан шыға алмай малтыққан сорлылардың ақырын әлі жұрт көрер. Осындайдан екен ғой қазақтың "ақыры байдың түбі аштан өлген" дейтіні. Құрысын, аштығы болмай-ақ қойсын. Аулақ. Ондай жаманшылықтың беті аулақ. "Кесапаттың кесірі еліме тимесінші" деп Әлкәдір іштей дұға қайырған.

Иә, дүниеде ойсыз бен пасық көп. Бірақ өмір тек олардан тұрмайды ғой. Елім еңіреп қалмасыншы деп қолында билігі болмаса да талпыныс жасап, өртке қанатымен су сепкендей болып жүрген азаматтар шығар өмірдің тұтқасы. Көңілге демеу де, күтер үміт те соларда.

Шәкен саумалдық егеді екен дегенді естіген. Әуелде түсінбеді. Айтушы да жеткізе алмағандай. Қасымның Шәкенін іздеп үйіне барған.

— Саумалдық па? - деп күлді Шәкен. - Ол міне.

Тарының дәнінен де ұсақ көкжасыл ұрықты әкеліп, алдына төкті. Шын осы ма деген күдік Әлкәдірдің бойын алған. Оны Шәкен де сезгендей.

— Осы, осы. Мұны мен сонау Алматы жақтан ат-түйедей қалап, құнын асыра төлеп жүріп зорға алдым.

— Ал, сонда... — Әлкәдір сұраулы жүзін бұрған.

— Біздің жақта өсіріп көрген ешкім жоқ. Талпыныс керек. Байып кетпесе де бүгін мына тақырға отырып қалғандай болған халықтың жан сақтауына септігі тиер деп әкелдім.

— Берері не?

— Берері көп. Бұл өзі көп жылдық өсімдік. Тамырын тереңге сіңіріп алса күтім де тілемейді. Малға да азық, адамға да корекке жарайтынына көзімді жеткізді.

— Япыр-ай, ә? — деп Әлкәдір таң қалды.

— Тұрған бойы белок.

— Осыны егіп, өсіруге халықтың шамасы келе ме?

— Мәселе сонда. Техникадан жұрдай жұрт, онысы болса да солярка дегенді таба алмайтын ел, осыны игере алады.

— Онысы жақсы екен.

— Бір гектар жерді күрекпен ойып, саумалдықтын тұқымын сіңірсе, сол жерді еш техникасыз қол орақпен де орып алады. Жақсы шықса сол жерден сексен-тоқсан тонна өнім алуға болады екен. Мына халық қиналмаса екен деп осының тұқымын әкеліп жүрмін де.

"Қиналмаса екен" деген Шәкеннің сөзі көкейінен кетпей қойды. Шәкен бас инженер де, дүрілдеген мекеменің бастығы да, совхоздың директоры болып та істеді. Бір өзінің күн көрер жолын табатындығына күмән жоқ. Жалғыз қарынның тоқтығы емес дейтін, елдің бейнетін арқалай жүретін осындай азаматтың барлығымен де өмір көрікті шығар.

— Жамандық жақсылықпен бірдей болмас.

— Неге олай дедің? — Шәкеннің бар ыінтасы сөздің соңына ауған

— Жамандықтан жиреніп болғам. Жақсылық іздегенді де көріп тоғайып отырмын. Тоғайсам да жұртына жамандық тілеп, басына жаулық сағынғандардың жалғанда барлығы көңілді тағы ортайтады да.

Мынау елдің ырысы неге шашылды, жаяу-жалпы жүргендер әлдекімге неге ашынды дейтін пенде бар ма Совхоздың кезінде бір қатын бір трактордан кем емес өңкиген ЗИЛ машинасын мініп, күпініп зорға сыйып отырушы еді. Асқан екен. Алдарынан тосқан осы жаяулык шығар. Сыйыс пай жатқандар да жеткілікті. Бәрі бірдей директор болғысы келіп, ағасы мен інісі, әке мен бала жаға жыртысқаны аз ба. Осы қалып созыла берсе қазақы мінез-құлықтан, сыйластық тан не қалады. Қанша жамандағанмен совхоз дегеннің қазақ тың бауырмалдығына ұйытқы тәрізді еді.

Әлкәдірдің есіне Саяттың елдің бас газетіне шыққан мақаласы түсті. Нұра жағындағы бір совхоз тірлігін де, бірлігін де сақтап қалыпты. Бастығы — Прокоп деген неміс екен.

Бейшараны бүгінгінің шолақ белсенділері "Сен қызылсың, қызыл генералсың" деп сан саққа жүгіртіп, совхозды тарат-пасаң "құртамыз" деп қоқанлоққыға салыпты. Мына жұртты бостырмайын деп Прокоп не істесе де көнбеген екен. Үкіметтен бір тиын жәрдем алмаса да совхоздың бір кірпішінің мұрты кетілмеген. Егісі сол егіс. Есесіне пайдасы шаш етектен. Соңғы үш жылда бар техникасын жаңалап алып-ты. Тұрғындарының ең төменгі жалақысы айына он екі мың теңге.

— Біздің жақта бұрынғы совхоздың бүгінгі жұмыссыз-дары екі мыңға да зар боп жүр-ау, — деп күйінішін Әлкәдір жасырмаған.

Табыстың соңы бұл емес екен. Жыл соңында баяғы колхоздағыдай есеп айырысқанда сексен, тоқсан тонна ас-тық алатындар да бар боп шықты. Орта мектептің бар оқушысына түстік ас та тегін.

— Біздің жақта совхоз дегеннің етін жеп, қаусаған сүйегін ғана қалдырған бұрынғы мықтылар елін бостырып, өздері ата қаздай алшаң-алшаң басып жүр. Ана ферманың бар техника-мүлкін пайдаланып кетіп, өзіне ғана жағдай жасап алып жүр дегендер қазіргінің тәуірлері болып тұр. Оу, олардың қарақ-шыдан несі кем?

— Бізді тонап кетті, — деп қақсаған жұрттың жазбаған жері жоқ. Тонап кеткен тонаушыдан өз мүлкін тал түсте тар-тып алуға тағы хақысы жоқ. Заң көтермейді. Заң деген сөзден жұрт қорқады. Құба төбел тірлікке осы ел өзін де, өзгені де үйретіп алған. Жоққа тарықпайды, қамшыдан қорықпай жон арқасын бишіктің сілтеуіне үйретіп алған өгіздей митың-ми-тың күн кешіп жатқаны.

— Жетпіс жылда жасағанды он жыл бойы ұрлап-жырла-са да таратып біте алмай жатыр-ау, — деп әкімнің өкініш аралас айтқаны бар еді.

— Осыны ретсіздеу қолға алдық па? — деп Әлкәдір де сауал тастаған.

— Реттісі де бар. Ретсізі онан да көп. Пайдасыз жағын, иесіздікке еріксіз апаратын саланы жекешелеп, қалғанын ұстағандада болатын еді, — деп Кәкімжан ойлана сөз қозғаған.

— Пайдалысынан пайдасыз жұмыс етек алып кетті ғой. Қарап жатқан мал базын айтпағанда, кітапхана, дәрігерлік

пункт, зәулім-зәулім мәдениет сарайларына жаның ашиды. Ойланбас іс болды ғой. — Әлкәдір мемлекеттік кызмет иесінің айтарын тосып, бетіне қараған.

— Жұмыссыздарға қанша қаражат жұмсап жатырмыз. Шет шегі жоқ. Соның біразын ғана орнымен жұмсасақ сіз айтқан мәдени ошақтарды бұзбай-ақ, ұстап қалуға болатын еді. Ұжымдық шаруашылықтың да озық тұсын пайдалана білмей күресінге лақтырып тастадық емес пе.

— Директор болам деп пәпке ұстағанның бірен-сараны ғана, біреуі ебін тауып, біреулері кісі ақысын жеп, бай болмаса да байшікештікке жеткені бар. Солардың сорлатып жүргені тағы момындар. Жаны ашығансып, көмектескен боп азғана тиын-тебенге жұмыс істетіп, артынан бір теуіп қуып шығып жатқаны, — деп Әлкәдір іштегі күйзелісін жасырмаған.

— Көріп жүрмін. Түзете салар заң жоқ. Сол бейшаралар ертең зейнетке шықпай ма? Оған аударар қаржысы жоқ. Сіз айтқан байшікештің берген тиынына риза. Ал, байшыкеш ассуын ғана беретін құл ретінде ұстағысы келеді. Мен мұны әр жерде айтып жүрмін. Бірқ оны түбірінен өзгертетін шара керек.

— Баймын, бармын деп жүргендердің зорлығынан қорлығы өтіп бара жатқандай.

— Нені айтасыз? — деп Кәкімжан жалт қараған.

— Шет жағасын өзіңізде көріп жүрсіз ғой. Қайсысын айтып тауысарсың.

— Көкейіңіздегіні аша түссеңіз?

— Кешегі коммунизмге бара жатырмыз деген совхоздың бөлімшесіндегі жалғыз құдыққа ие әнебір мақау "Сиырым су ішпесе, сендерге де су бермеймін" деп халықты қаңсытып қойыпты. Сәуір-мамыр бойы бір елді мекеннің халқы шалшықты сүзіп ішіп отырғанына не дауа? Құдық та жекешеленген соң оған айтар да жоқ.

— Естігем ол жағдайды. Ауыз-су көздерін "Мынау сенікі" деп беріп жіберу қате. Ең жаманы сол қатені түзеп, қайтып алуға жол жоқ. Халықты қаңсытып қойған жоқпыз. Онда неменесіне жер басып жүрміз. Мәмлеге келтіріп, мотор қойғызып дегендей ауыз суын шештік.

— "Қайырсыздың малы аузы түкті кәпірге бұйырады" деген екен Шортанбай жырау. Қазақтың ескі сөзінен, тұтқан

үлгісінен де қалғандықтың көрінісі шығар бұл да. Адасып жүрміз ғой, адасқанның алды жоқ болса игі. Әйтпесе, — Әлкәдір түйіліп, сөз соңын жұтты. Өткеннің елесін ойша сүзіп отырған Әлкәдірдің көңілін тасадан шыға келген салт атты болді. Үйме тастардың арасынан аяғын зорға суырып, сүріне қабына аяңдаған атын өкпеге тепкілеп, әлдебіреуден қашқандай иесі алақ-жұлақ. Қақпақ тасқа арқасын тірей отырған Әлкәдірді байқамады ма, ат басын шірене тартып, сонадай жерге тұра қалған. Әлкәдір таныды. Таныды да сәлемдескісі келмей аяғын созып, бір жағына қисайды. О, тоба, бұл қайдан жүр? Суқаны сүймейтін адамның бірі осы Доқтырбай. Бірен-саран кездесіп қалып, тіл қатысқанның өзінде түрпідей көрінген. Ана Шұғай мен құрдасының арасындағы реніштер мұның қасында жаймашуақ уақиға. Иә, Шұғай құрдасымен өмірдің тірлігі үшін араздасып, сотқа жүгінісіп қалса керек. Сөйтіп жүргенде құрдасының қорасы өртеніпті. Үй арасы таяу. Шұғай сөндірісуге баласын жіберіп, біраздан соң шыдай алмай өзі де кірісіп кетіпті. Өрт сөнген. Ел тараған.

— Е, қора өртеніп тұрса Шұғай да келеді екен ғой, — дейді құрдасы. Мұны жеткізген тағы сол ауылдың сөз аңдыған бір қуы.

— Әй, айта бар. Мен оның қорасын сөндіруге барған жоқпын. Соттағы іс менің пайдама шешілетінін. ол да біледі. Дүниеқоңыз неме еді, сонан өзі өртеніп кете ме деп, өзін құтқаруға барғам, — дейді Шұғай.

Ал, мына Доқтырбайдан ел түңілгелі қашан. Социализм заманында әркім-ақ баласын әскерге жібермеуге тырысатын. Кезекті шақыру Доқтырбайдың да баласына келіп қапты. Военком деген бастықтың асты-үстіне түсті. Қалтасына тыққыштады, сиырдың бас жібін көрсетті, мейрамханалатып дуылдатып, ақыры шулатты.

— Менен пара алды, - деп көрсетіп кеп беріпті. Дәлелі де жеткілікті, жетектеген сиырдың үстінен де түсірген. Бейшара военком қаңғып кетті.

Сонан бері жұрт өзінен шошушы еді. Қалтасында екі бірдей дипломы болса да бір жерге тұрақтамай, әр жұмыстың басын бір шалып жүрген, берекесіз тірлік үй-ішінің ырыс-несібесін қашырған. Сонан әкесі бір болса да шешесі бөлек інісі ағасының отбасына жаны ашып, ауылына кешіріп алған-тын. Доқтырбай қос пәтерлі үйдің біріне кірсе, екіншісінің

иесі інісі. Ауыз жаласқан тірлік көпке бармай, екі үйдің арасына дуал тұрғызылды. Онан арғыға інісі шыдам бере алмай, жазда төбешіктің арғы бетіне үй салып, күзде бітер-бітпесіне қарамай кіріп алып, "уһ" деп дем алды.

— Үстіңнен арыз бар, — дегенге інісі ауыл әкіміне барған.

— Не қылған? Ешкімнің ала жібін аттаған емеспін.

— Сенің дәретханаң жоқ деп жазыпты.

— Оу, қыс боп калды, үлгермедім. Онда кімнің не шаруасы бар.

— Төбенің арғы бетіндегі балаларыңның кіш еткені бергі беттегі ағаңның үйіне келетін көрінеді. Иісі де бар деп жазыпты.

— Астағиафыралла! Арада төбе тұр ғой. Төбе. Қалай бері ағады? — деп інісі саусағын шошайтып, жағасын ұстаған.

Дәретхана туралы арызы өтпей қалып, Доқтырбай Бұғаз әкіммен іштей араздасты.

— Қап сені ме? Көрсетемін, — дегенді дос-жаранына сан естірткен. Қапысы болмай талай уақыты кетті. Жатса-тұрса ойлайтыны Бұғазды "жамбасқа бір алсам". Аңдыған алмай қоймайдының реті келіп қалғандай.

— Әйелімді медбике қылып орналастыр.

— Оның билігі менде емес, оны ауданның бас дәрігері шешеді, — деп әкім ат-тонын ала қашқан.

— Сонда да ретін келтір. Ине өткен жерден жіп өтеді емеспе, оны-мұны тиын-тебенін береміз, — деп Доқтырбай көңірсітіп қойды.

Қоңырсытты да қауіпсіздік комитетінің құлағына "Менен пара алмақшы, пәлен күні, пәлен сағатта" дегенді де іле салған. Доқтырбайдың үйіне кештетіп келген үшеуді ел де көрген.

— Бұларың кім?

— Үйімді жөндетейік деп едім, соған жұмыс іздеп келгендер ғой.

Ертеңіне Доқтырбай Бұғаздың кеңсесіне әкіммен бірге кірген. Біраз әңгіменің басын қайырып, әкімнің көңілін аулады. Сонан келген жұмысына көшкен.

— Анадағы уәдені әкелдім.

— Қандай уәде? — деп таңғалды Бұғаз.

— Ақша. Көп ақша.

— Ненің ақшасы?

— Медбикеге орналастырсаң беретін пара. Уәделесіп едікқой.

— Не пара? Ненің уәдесі? Ондайыңды көрсетпе маған.

— Міне.. .міне ақша.

— Шық! Жоғалт көзіңді.

— Ақшаң осы. Сен сұрағансың, - деп бір бума ақшаны үстел үстіне тастай салып, Доқтырбай шыға жөнелген.

— Әй, әкет мынауыңды, — деп Бұғаз ақшаны қолына ұстағанқалпы есікке беттеген еді, қарсы жолыққан екі жігіт сарт еткізіп қолына кісен салып үлгерді.

— Бұларың не? Не жазығым бар? — деп сасқалақтады әкім.

— Жазығыңызды барған жерде көресіз.

Әкімді ұстап әкетіпті деп ел гу-гу.

— Бейшара-ай, ондайы жоқ сияқты еді.

— Заман ғой, заман. Нарық деген пәле. Талайды бұзды ғой мына тірлік.

Мәз болып жүрген Доқтырбай ғана еді. Үш күннен кейін әкім үйіне келді. Әлгі жігіттердің қалтасындағы үн таспаға Бұғаздың ақшадан безе қашқан бар сөзі жазылып қапты.

— Құдай қаққан екен, — десті ел.

Әкімінің түрменің табалдырығынан бері қайтқанына Доқтырбайдың ұнжырғасы түсіп біраз жүрді. Әркімге ыржалақтап, көр-жерін қазып тиісе беруінен сап тыйылғандай еді, онысы ұзаққа бармады. Ендігі аңдитыны әкімнің күнделікті жұмысы. Кит еткен істің бәріне әкім кінәлы. Ауылдағылар жалғыз неміс кеткелі картөшке салуды қойған еді, оған да Бұғаз кінәлы болып шықты. Мал жайылымы дейсің бе, шөп шабуы ма мына нарық заманында қайсы оңып жатыр, кінәлы бар.

Соңғы кезде тапқан ермегі әкім туралы анекдот айту. Баяғыда, дейді Доқтырбай, бұл Бұғаз палуан атанып Ресейді көп кезді ғой. Сондағы бір орыстың келіншегі есінен кетпей ұйқысырапжатып өз әйелінің бетінен сипап:

— Надежда, — депті.

— Әй, не дейсің? — деп Мәржапия ұшып тұрыпты. — Қай? Қай Надежда?

— Ту, бұзып жібергенің-ай түсімді. Түсімде Крупская кіріп, бір мол ақшаға ие болайын деп жатыр едім, — деп бұл өтірікші Бұғаз бұра қойыпты.

— Е, ақша ма? Надежда! Надежда! дей бер,—деп көкейін ақша тескен Мәржапия да сылқ етіп, ұйқыға кетіпті.

Біреу Доқтырбайдың сөзіне сенеді, біреуге арзан күлкі керек. Доқаңа әкімнің абыройын түсірген қажет. Осының арты бір жиналыста Доқтырбайдың:

"Қолынан іс келмейтін біздің әкімнен жаман адам жоқ. Осы ауылдың бар ешкісі қысыр қалды. Әй, сен ол түгілі осы ауылдың бір қатынына бала тапқызған жоқсың ғойымен" біткен.

— Не дейді? — деп әйелдер бетін шымшыған болды.

— Әй, сандалған неме. Неңді көкіп тұрсың? Сенің шегіңе таласатын әйел жоқ бұл ауылда, — деп турасына көшетін. Бәкеш Доқтырбайдың басынан кешкен бір оқиғаны бетіне былш еткізген.

Мына нарықтың тұсында біреу атақты бәйгелік жүйрік баптар атбегі, біреу иттің жеті жұртын білетін боп, өнерге көшкен жоқ па. Доқаң құмай өсіргіш атанып сонау Көкше жағынан бірақ шыққан. Жарты жыл жүріп, артынан үйін де көшіріп алған. Жарты жылда Доқаң қарап қалмапты. Сыпсың жүрісті бір әйелмен көңіл косып, оны ресми тоқалы деп те қалса керек. Өз әйелі Бөкеннің жыласа да көнбеске лажы жоқ. Доқаң оны тоқалына қасиет қонған адам деп мойындатып қойғандай. Қыста суық корада өсіп, аяғы майлақ болған күшік иттің күн қыза түзелген аяғын көрсетіп:

— Көрдің бе? Осы тоқалым қисық аяғын сипап көріп еді, көз алдымда түзеліп кетті. Қасиеті ерекше. Мұның біздің отбасына тигізер пайдасы әлі-ақ шаш етектен болады, — деп көпірген.

Әйелі Бөкен көнгенімен, осы әңгімені естіп барған жақын-жуығының қатындары ортаға алған. Әр әйел жан-жақтан тартқылап, әңкі-тәңкісін шығарды. Әбден сасқан Доқтырбай әйеліне қарап:

— Таласып жүргендерің бір шек пе? Ол бәріңе жетеді. Айтшы, Бөкен, саған жете ме? — деп жан далбасалаған. Жетпейді деуге тілі бармаған Бөкен.

— Жетеді, — деп құтылған.

Осыдан соң далаға атып шыққан Доқтырбай көп қатынның есік алдындағы бір-бір байына қарап:

— Уай, қайда жүрсіңдер? Мына қатындар талап жеп қоя жаздады, — деп мұңын шаққан боптьі. Ар жағы үш айға

жетпей Құмай баптағыш Докаң ауылын тапқан. Қасиетті тоқалы ермей қалса керек.

Ат үстінде қопаңдап, Доқтырбайдың берекесі кеткені соңынан ерген иті екен. Құлағының салақтағаны болмаса жүндестеу қара ит қанденнен сәл ғана үлкен. Келе атының алдына жата кетті.

— Айт! Айт! — деп Доқаң итін көрінбеген аңға шаптап қойып, атын қамшылады. Доқтырбайдың итінің өнерін айтқан бір әңгімесіне Әлкәдір де құлақ қойған жағдай болған. Талай атты тауды сүзе шығып, бір топ қасқырдың соңына түскен екен. Ішінен біреуі жарыла қашып, бәрі жабыла соны қуыпты. Барлық ит омбы қарда малтығып әр жерде қалған. Көкжалдың соңындағы жалғыз қара ит. Қара иттің соңында көш жерде Доқаңның өзі. Қалған салт аттылар көз көрім жерде қиқулайды. Бір шамада Доқтырбай да итіне жеткен. Қалжыраған иті үй орынындай ғана шіліктің бер жағында етбетінен түсіп жатыр. Қасқырдың тап осы жерге дейін келген ізі бар. Доқтырбай үй орнындай шілікті үш айналып қасқырдың не кірген, не шыққан ізін таппай дал.

— Құс боп ұшып кетті ме?

Иті шақырса да орнынан тұрмайды. Сөйтсе ит басып қалған көкжал Алыпсоғының астынан көрінбей қапты. Тыңдаушысының біреуі мырс етті.

— Ту, ит-ақ екен, — деп Жәкен көзін қысып, "айта түссінді" ыммен білдірді.

— Сондағы менің атымның сауырын көрсең, мынадай, — деп Доқаң құлашын жазып, екі жаққа теңселген.

— Пойыз боп кеткен бе, жануар, — деп Қоңыр жымыңжымың.

— Сендер көрген жоқсыңдар ғой, итімді айтсайшы. Көрген жұрт көзін ала алмаушы еді. Құлағының ұзындығы мынадай, - деп Доқаң алақанын жазып, білегін шынтағынан ұстап, сілтеп көрсеткен.

— Апырай-ә. Ит-ақ екен. Әттең шіркін, түлкі қуып келе жатқанда құлағы сирағына оратылып қалмай ма екен, - деп Асқар шалқасынан түсіп, ішегі түйіле күлген.

— Ту, сендерге әңгіме айтып отырған..., - деп Доқтырбай шыға жөнелген еді. Сондағы қара иті осы. Аласа итке тәп-тәуір құлақ. Құлағының ұзындығына қынжыла

отырып сенгісі келсе де, бұл иттің көкжалды басып жатқанын Әлкәдір бойына сыйғыза алмады.

Ұзап бара жаткан Доқтырбайдың соңынан қарап отырып.

— Қорқыныш-ау, — деп қалды.

Қорқатыны өзінен басқа ешкімді менсінбейтін өзіне ғана көңілі толып, өзін-өзі қызықтап, өтірікті бетіңе айтудан именбейтін қазіргінің осы тәрізді пысықайы. Әр заманның өзсұрқылтайы бар да. Отызыншы жылдардың Бабжанов сияқты белсенділері басқа, өзі көрген Жұмаділ, Сухабектер тіпті өзгеше. Ал, мыналарда не қасиет барын кім білген. Жұмаділдер тілін жұмсайтын жерін біліп, ел намысын қорғаушы еді. Есіне Жұмаділдің Шалтастағы шопандар тойындағы ісі түсіп, езу тартты.

Бәйге өтіп жатқан. Нелер жүйрік осында. Талайдан бәйгенің алдын бермеген Босағаның тай қасқасы әуелден-ақ ілгері шыққан. Екінші айналымда-ақ Тағылының Серікбек баптаған көк аласы үзеңгі қағысты. Үшінші айналымда көк ала сәл ілгерірек озды. Жұрт у-шу. Лепірген жұртты басамын деп милиция әлек.

— Тай қасқа! Тай қасқа!

— Бас! Жібер! Жібер!

— Жарылғап! Жарылғап! —деп қазақтың ескі жолымен аруақ шақырған Жұмаділ сәл ілгері шыққан.

— Әй, шал, қайт кейін! —деп үш тілімі бар милиционер кеудесінен итерді.

— Жарылғап! Жарылғап! — Жұмекең өзеуреп көнер емес.

— Шегін, — деп ақырды милиционер. — Жарылғабың кім сонша? Бақырма!

— О, иттің баласы, — деді милицияның Жарылғап батырды білмегеніне күйіп кеткен Жұмаділ

— Не дедің?

— Иттің...

Милиционер сүйреп, Жұмекең тартынған жағдай болды да қалды. Шақшасын суырып, өкшесін қаққыштаған Тілеке:

— Әй, шырағым, деді милиционерге.

Білдірмей етегінен тартып Жұмаділге көмектескен көптің арасынан шалды сүйреп шығара алмасына көзі жеткен милиционер жігіт аңырап тұра қалған.

— Әй, шырағым. Жұмекең сені иттің баласы деген жоқ, сенің әкеңнің атын ұмытып қалған ғой, — деп үстеген Тілеке жымың етті.

— Ну, — деп білген орысшасын айтып милиционер жүре берген.

Өмір — берекеде, береке — бірлікте деуші еді бүгінде көзі жоқ үлкендер. Өмір талас, тартыс болып барады-ау. Кім көрінген қолына түскеніне жабысқан. Иесіздікке де шек жоқ. Кәрі Аюлының баурынан олай да, бұлай да өткен тоқ желілерінің бағандары ғана шошайып тұр. Тоқ деген де елге жұт боп тиді. Жұт жеті ағайынды деуші еді, сегізіншісі де бары қазақтың есіне кірмепті. Совхоз атаулының малы тоқ қарызы деген сылтаумен әркімнің құлқынына түсіп, құрып кетті. Сол тоққа да енді әркім ие. Осы жұртқа тоқ әкеледі деп талай мекеме құрылып, талайынан із жоқ. Соңғысына ие Құрманғазы еді, тоқты Топардан алам деп, бірде Екібастұз береді деп шапқылап, бәрінен береке таппай, сонау Ақсудан тартыпты. Үкіметтің түсінігінде шетелде тоқ жеке меншік. Бүгінде сымсыз бағаналар, тоқсыз ауылдар соның өкініштi жемісі емес пе.

— Шетелде бұл жүйе бұдан екі ғасыр бұрын қалыптасқан. Өмір ілгері озбай ма? Ендеше тоқ көздері неге мемлекеттікі болып қалмайды, — дейді Саят.

— Солай-ау, — деп күрсінді Әлкәдір. Сонан соң биылғы жазда суы әлі азая қоймаған Нұраның бойын көзбен шолды. Нұраға биыл тағы да аспалы көпір салды.

— Бәкеннің көпірі, — деп ел риза. Былтырғысын су алып кеткен-тін. Биыл Бәкен соңынан қалмай жүріп, жобасын өзгертіп, қайта салғызған. Соған енді ие табылса жақсы ғой. Комхоз деген болушы еді, техникасы оңды-солды жымқырылған оның қаңқасы ғана бар. Сол қаңқаны ауылдың суына қарақшы қылып тігіп қойыпты. Күнде шұрық тесік болған құбырдан ауыл әкімі Кенженің де басы әңкі-тәңкі.

— Колонкаң істемейді, — дейді жұрт жиналыс сайын.

— Істетеміз. Шүмегіне ие болыңдар.

— Монша жоқ. Қырық күннен бері қышынып біттім, - деп көк езулеу шал арқасын қиқаңдатып, қасынғансыды.

— Жекеге бар.

— Жекеңде әйел, еркекті бірдей тоғытып жатыр.

— Сендей шалға ол да дәтке қуат,—деп сөзін қалжыңға сүйесе де көк езудің көзі ежірейе берген соң, — Жасатамыз. Мен емес қой осының бәрін құлатып тастаған. Қысқа жіп күрмеуге келмей жатыр, — деп аяқтаған.

Осы күнгінің қырық күнде бір бітпейтін дауы. Әңгіменің шеті аудан әкіміне де жеткен. Әр тараптың сөзін Кәкімжан ұзақ сараптап тыңдаған. Тыңдады да ауылдың су жүргізілген жерін аралап көрді. Түзуінен қисығы көп.

— Көрдіңіз бе, мына көшенің екі жағынан бірдей құбыр тартылған. Әрі асфальт жолды иектеп жатыр. Ал, келесі көшеден су өтпеген. Осыны дұрыстаған жөн сияқты, - деп Бәкен өз жобасын ұсынған.

— Қателік екен.

— Мұндайыңызды түзей қоюға мол қаржы керек. Ол ауданда жоқ.

— Әуелде жанашыр болмағанға ұқсайды.

Кәкімжанның шешімі басқа болды. Түбі бұл құбырды тегіс айырбастамаса жағдайдан шығу қиын. Қаражат жоғы тағы бар. Жоққа жүйрік жетпейді деп отыра беруге және болмасы белгілі. Анау талқан болып жатқан жастардың спорт мектебін қайыра жөндеу бір міндет. Стадион-парк салу да ойында бар екенін Әлкәдір әкімнің аузынан сан естіген,

Ойлай берсе жасалған істен гөрі "Менің іргемді бекіт" деп қаңсып тұрғаны көп екен. Опырылып қалғаны, қисайып тұрғаны Әлкәдірге кесапаттай елестеген. Кесапатпен мемлекет қана күрессе жеңеді. Оның басындағылардың мұңы басқа сияқты. Сайлау деген иек кәрсетіп еді, бәрі жабылып соның соңында кетті. Әркім өзіне ғана тән біреуді құлағын қалқайтып Мәжіліске, тым болмаса Мәслихатқа отырғызып қойғысы келіп, жанталасқан.

— Мәжілістегі босаған бір орынға қаладағы Усов дегенді ұсыныпты,— деген қалаға барғыштап жүрген Саят.

— Онысы кім?

— Алпауыттың біреуі деседі. Жылда пәленбай шаруаға деп үкімет босататын несие сонан аспайды екен. Облыстағы мықтының өзі соған қарай бұрғанды жөн деген ниетте дейді білгірлер.

— Бәсекелесі кім екен?

— Болат деп естідім. Әлгі Отаннан кетіп, Мөжіліспен қоштасқан.

— Ім, қиын екен, — деп Әлкәдір ұзақ ойланған. Алпауыттарды, бизнесмендерді Парламентке тықпалаудың қажеті не? Онсыз да олардың ұпайы түгел емес пе? Өзі жетпей жатқан бюджеттің көрпесін олардың әрқайсы өзіне тартқылап,

тері сүйреген иттеи жұлқылап жатса мемлекеттің қамын кім ойлайды. Қара қазанын қара көжеге толтыра алмай жүрген халықтың мұңын кім тыңдар?

— Усовтың үстінен өткенде қылмыстық іс қозғалғанын Болат бір жиында айтып қалыпты, — деп үстеді Саят.

— Иә, ондай бір жағдайды естігенмін.

— Сонан Усов тас-талқан ашуланып, үстімнен өсек айтты деп арызданып жатса керек. Оны сүйеушілер де мықты сияқты. Әйтпесе...

— Әйтпесе мұндай қадам жасай алмас еді дейсің ғой. Оның рас. Депутаттың мандаты Усовқа талай істен бойын қорғау үшін қажет екенін осыдан-ақ түсін. Ал, оның депутаттығы қол шоқпар ретінде тағы біреулерге қажет көрініп тұр.

Ақыры Усовты да, Болатты да сайлау комиссиясы кандидаттықтан алып тастады деген сөз жеткен. Болат сотқа жүгінген екен, әуелгі сот оны қолдапты. Соңына шам алып түскендер сот шешімін бұздырып, өз шешімдерін ақырғы күннің түн жарымына дейін шығармапты. Таң ата шыққан шешімге наразылық білдіругс Болаттың уақыты да жетпеген. Құлқын сәріде қыл дұзақ салып шыңғыртты деген осы да. Әділдіктен бүйтіп ел түңіле берсе соңы не болады. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ деп түсінген ел біраз алданар. Алдана да бермес, түбі қайыр деп жата да бермесіне кім кепіл

Мәжілісі осы болса сенаттың сайлауы қазақ-қалмақ соғысындай жыр болып өтті. Депутаттықтан әркімнің-ақ дәмесі бар екен. Мен өтем деп ат ойнатып шыққандар біраз бар еді. Талайының бәйге аты "Тіркеу" деген мекеменің қағып қойған қадасынан секіртіп өте алмай іштей кіжініп қала берді.

— Сайлау системасының қитұрқысының ғажабын енді түсіндім, — деген тағы Саят. — Пиғылы басқалау сайлауға түспек түгілі тіркеле де алмай қалады екен.

— Оның несін айтып отырсың?

— Бұл жолғы сайлау Сенатқа ғой. Оның депутатын облыс пен аудан мәслихаттарының депутаттары сайлайды. Ал, үміткерлер әр ауданнан кем дегенде екі-үш дауыс жинау керек. - Саят іште бүккені бардай кілт тоқтады.

— Мәселе осында. — Саят саусағын шошайтты. - Жоғарыдағыларға ұнамаған үміткерге аудан, не кәсіпорын басшылары дауыс бергізбей қояды.

— Сол себептен де адам құқығы деп зарлап жатқан жоқпыз ба.

— Сол құқыңызға кәк етіп қойып жүрмесе.

— Кім?

— Әй, сенде..., — деп ренжіген Әлкәдір.

— Сіз хабарсыз екенсіз ғой. Біраз қызық болып жатыр.

— Айтсайшы енді, еміндірмей.

— Біз ұсынған Қаскең барлық ауданнан жүз пайыз дауыс жинаса да Жезқазғаннан бір де дауыс ала алмапты.

— Не дейді? — деп таңданды Әлкәдір.

— Шыны сол. Оң жақтағы депутаттарға "Сендер тіркелуге рұқсат беретін қолдау көрсетпеңдер" деп тапсырып қойыпты.

— Кім?

— Кім деріңіз бар ма? Табылады да дөкейлер. Сонда бұл осы сайлаудың дұрыстығы ма, бұрыстығы ма? Қаскең сөйтіп тіркеле алмай отыр. Сайлау енді бәсекелессіз өтпек. Оның несі сайлау?

— Басқа үміткерлер бар емес пе?

— Басқаның жайы бұдан да сорақы.

— Не айтып отырсың? - деп Әлкәдір сенімсіздік көрсетті.

— Әлгі Қайсар деген үміткер барлық мәслихаттан қолдау алған-тын. Соны да тіркемей тастады.

— Мүмкін емес қой.

— Жезқазған жағының оған қолдау көрсеткен үш депутаты дауыстарын қайтып алыпты. Оларға комбинаттың басшылары егер Қайсарға қолдау көрсетсеңдер жұмыстан шығарамыз деп қысым көрсетіпті деседі. Тіпті өздерің түгілі туған-туысқандарың да жұмыссыз қалады деп ашық айтыпты. Мына заманда күнкөрістің далбасынсыз қалуға кімнің дәті шыдайды.

Осы дүниені өсек кернеп кеткен бе, әлде бәрі рас, не біразы шын, біразы қалпы сөз бе осы арасын өмірдің біраз шыжығын көрген Әлкәдір де айыра алмай тамсанған. Мана Доқтырбай ұзап кеткеннен кейін арқасын тасқа жайлырақ тіреп, жайласыңқырап отырған. Сенсең осы сайлауда өтетіндер тек қалталылар, сайлаудың қитұрқы құлағын ұстағандардың жемсауын толтырып тастағандар. Тыңдай берсең

қазір пара алмайтын адам жоқ, билік сатысының бәрі сатулы деседі. Әлгі бір анда-санда қолға түсетін газеттің бетінде ел билегеннің бәрінің шетелге салып тастаған қаржысының есеп-шоты жүр. Машина мінген, совхоздан ебін тауып соғымын жегендерге қарап Зейін айтушы еді "Комунистер ішіп-жеп, іркілдеп бітті, енді оларға не қалды" деп. Қалғаны көп екен. Кешегі басшылықта жүрген коммунистердің көбі тонның өңін айналдырып киді де, тағы да билік басынан көрінді. Қолына жаңадан тиген билік жалмап жеуге жол ашыпты. Бие, түйеимтүгілі, зауыт, фабрика дегендер жемсауына жұқ болмады. Әлгі теміржол тым ұзын ғой, жұтып қойып қақалып жатқандар да бар.

— Иә, әлгі Сенатқа сайлау да қым қиғаш оқиғаларға толы. Детутаттықа үміткердің есімін Әлкәдір Обашы деп естіп еді. Обашы қалмақтың соңғы ханы еді, солардан қалған бір ұрпақ болар деген. Қате бопты. Құбашы екен. Әйтеуір қазақемес. Әйтеуір ұсынушы да қаланың жүріп тұрған комбинаты. Бәсекелес қылып ешкімді тіркеттірмей қойған да солар.

— Комбинаттың құлағы шетелдің билігінде. Неге біз оның адамын өткізуге тиіспіз,-деп біраз ел қызынған. Қызынғанның бірі Сайлау мен Саят осы ауданның депутаттарын аралап, қарсы дауыс бсруге үгіттеген.

— Қарсы дауыс беріп Құбашыны шөкесінен түсірсек пс екен, — деп Мәслихат хатшысы Рысбек те өз пікірін айтып қалған.

Сайлаушы депутаттарды, бір-бірімен тілге келтірмей, тура сайлау комиссиясының алдына қара суға тоғытатын қойдайайдап барыпты. Бір-екі ауыз сөз айтуға Бойко мен Карсновтың ғана тілі келген. Саяттың айтысына қарағанда депутаттардың көбісі кезекте тұрып қана ым қағысып, иек кетерісуге шамалары жетіпті.

— Құбашы өтті, -деп хабарлаған сайлауком төрағасы. Қанша қыспақтаса да қарсылар да жетерлік екен, "Бар екенбіз" — деп олар да желпінді. Жаңа біразда жұлған тауықтай болып жүрген Құбашы жұртына көрініс беріпті:

— Өз мұңы мен қамын қорғай алатын біреуді де таңдап ала алмаған ел сорлы ғой, — деп өкінгсн Саятқа.

— Әй, Саят, ана Әлкәдір сенің досың ғой, айта бар, оны түрмеге отырғызған да халқының көрсоқырлығы еді. Сонан ілгері басқанымыз шамалы, — деп Қаскең ызамен сөзді түйіпті.

Иә, Парламентке кім көрінгеннің өткенінен болар, бірінен-бірі сорақы талай заң бой көрсеткен. Жаңа туған балаға бір жолғы көмск су түбіне кетіп, енді соған туды деген куәлік ала алмайтын да заң шықты ғой.

— Ол да нешауа, — дейді Саят. — Мына атаулы көмек дегенді айтсаңызшы.

Онысы шынында да ғажап деп ойлады Әлкәдір. Бұрын табысы томендерге баласының мұқтажына деп жәрдемақы беруші еді. Бар қажетіне жетпесе де балаларды қажақ-құжақ етер нан-панмен алдайтын. Мына заңның кейпі өзгеше. Көмек енді табысы жоқ отбасына берілетін боптьі. Бір сиыр, екі-үш тауығы болса ол шаруасы түгел адамға жатқызылыпты. Есептеулерінше бір тауық пәленбай пайда әкеліп, отбасын кенелтіп тастағандай.

Тауықтың аяғы сынды, сиыр пышаққа ілінді. Жұрт осындай тірлікке ауысты.

— Мүйізіңді ұрайынның пайдасынан зияны асып кетті ғой. Көзін жойдым, — деп шыққандар көбейді.

— Әй, қоя тұрыңдар. Малдан айырылмаңдар. Бұл заң осы қалпында қалмайды, — деп талайға Әлкәдір уәж айтқан.

— Қайдам. Бір литр сүтті жетпіс теңгеге сатасын дейді. Оны Жарықтағы сүт зауыты он теңгеден зорға алады. Ана, Парламенттегілер өздері келіп жетпіске алмаса, басқа ешкімді көрмедік. Сиыр асырағанша атаулы көмек алып отырайын.

— Пәлі, — дейді Саят. — Осындағы бір маскүнем атаулы көмекке отыз мың теңге алып, той жасапты. Менің жалақым сегіз мың теңге. Әйда, несін айтасыз бұл маскүнемдерге "Көмек" болып тұр.

Жәрдемақыға бұрын айына алты миллион кететін. Енді жаппай көмекке кететін каржы аудан бойынша отыз миллионнан асып құлады.

— Дұрыс болды, — дегендерде жетерлік.

— Бұрыс болды. Елді еңбектенуден қашырдық. Масылдықтың көкесін енді көрерсіңдер, — деп артын ойлағандар томен қарасады.

Осы қаржыны төлеуді мойнына алған облыстағылар састы. "Мына баланы сен таптың ба, мен таптым ба" басталды.

— Аудандар мәліметті асырып беріп отыр. Кіне солардан.

-— Неге біз кінәлымыз? Заң солай, оқыңыздар.

Ақыры күштінің арты диірмен тартып, бар кінәны төменге аударып, атаулы көмектің төлемін ауданның тесік-шұрық бюджетінің мойнына ілген де жіберген.

— Өздерік жолын табыңдар.

Естуінше әр аудан өзінше сипалап, жол тапқанның кейпінде екен. Ал, Шетте жұмыссыздық деңгейі үш жарым пайыздан төмен емес. Оның өзі әбден сығымдап, төмендеткенде жеткен шама. Жұмыссыздыққа тіркеле алмай жүргендер жетіп-артылады. Кешегі социализм тұсында ері трактор айдап, мал бағып, әйелі де бір жұмыстың пұшпағында жүретін отбасының енді біреуі жұмысқа іліксе сол үйге жұмақ орнағанның есебінде. Біреуі де екі қолға бір күрек таба алмай жүргені қаншама.

Көрші кей ауданда жұмыссыздық деңгейі тіпті төмен дегенге солар не істей қойды екен дсп әкімнің екі орынбасары Қайыржан мен Рақымжан барып қайтқан. Әкім өткізген жиналыстың түйіні де осы мәселеге арналған еді. Көп сөйлемейтін Рақымжан бірер сұраққа ғана жауап беріп, мұртын сипап қойып, сабыр сақтап отыр. Осы саланы басқаратын Қайыржан сауалдың астында қалса да, жауабы ширақ. Қарағандыдан әрірек жатқан аудандарға приватизация дегснніц дауылы сұрапыл боп жетпегендей совхоз-колхоз дегендер атын өзгерткені болмаса біріккен еңбек түрін сақтап қалған. Ұжым сақталған екен, бәрін сатып, қолын тәбесіне қойып, босып кеткендер де жоқ. Тіпті, кей жерде жұмыс қолы да жетпейтінін Қайыржан тілге тиек еткен

Ақшатау, Қайрақты, Қызыл сүйір сияқты кеніштері тоқтап, мыңдаған жұмысшысы қаңғып қалған, совхозы талауға түсіп, алғанын аяқ асты етіп жоқ қылып, малшысы да басқасы да сымпиып шыға келгсн бұл жақпен салысгыруға ксле ме. Аудан әкімі осы сауалдың қыспағында қалған. Арнаулы көмекті мына қалпында бюджеттен бере беру мүмкін емес. Ана Кеншоқыда отыз екі пайыз, Талдыда жиырма бір пайызға төлеп отыр. Соның ішінде масылдары да жеткілікті.

— Қысқарту керек, — дейді Кәкімжан. — Қысқартқанда төлемей қою емес, ойласаңдаршы, әр заңның жол берер жігі болады. Соны ойластырып, негізі баланы жәрдемақысыз қалдырмау қажет.

Әлкәдірмен жеке пікірлескенде, Кәкең "Масылы қайсы, жетпей отырғаны қайсы, осының жігін айыру қиындап кетті. Елдің еңбекке талпынысын жойып алдық. Дұрысы бұрынғы балаларға жәрдемақы беруді қалпына келтіру ғой" деген-тін. Сол ойын осы жерде де сыналап жеткізіп отыр.

Әкімнің "Қысқарту керек" дегеніне жақ ашқан тағы ешкім жоқ. Бірін-бірі қабақ астымен аңдысқан тым-тырыс. Осы аңдысқан тым-тырыстың артында шартпа-шұрт айқас бардай ішін тартқан үнсіздік. Сонау отыз екінің жазында елдің малын сыпырып болып, тағы да үстеме салық түскенде елге жанашырдың бірі "Салық енді орындалмайды, елде мал қалған жоқ" дегенде абыржыған бірінші хатшы Байбоқышев:

— Бір бықытын табыңдар, — депті. — Сонда Түңғышбск малақайын жерге атып үрып:

— Ойбай "бықыт" деген мал бола ма? Қырдық, халықты енді, қырдық, — деген екен.

Япырым-ай, сондай аштық келмесе де халық қиналып отыр ғой. Бір азамат ештеңе демес пе екен деп Әлкәдір маза-сызданажалтақтаған.

— Кәке, жағдайды түсінесіз. Қысқартамыз. Бірақ обал-ақ қой. Кей үйлердегі күніне бірер ғана дәм тататын балаларды көргенде жүрегің қан жылайды.

Әлкәдір бұрыла қараған. Сөз иесі ауыл әкімі Қайдан екен.

— Обал-ақ, — деп тағы үстеді.

— Сол жақта шаруасы тәуір азаматтар бар емес пе еді, көмектеспей ме? — деп Аман жанындағы жігітке қарады.

— Баюды ғана ойлап жүргендер бар ғой. Бай құдайға жетем дейтіннің кері ғой, — деп Ертай қағазына үңілген.

— Түзелер, мәңгілік қиындық болмас. Бұл қиындықтан да қазағым шығар, — деп Әлкәдірдің артында отырған Жеңіс өз-өзінен күбір етті.

— Иә, түзелер, — деп қалып Әлкәдір тастың биіктеу түсына шығып, қызуын сезейінші дегендей аяқ киімін шешіп, жалаң аяқ тас басып біраз түрды да, қайта отырды. Түс шамасында сары дала сағымға тола бастаған.

Сағым ойнаған далада көш кетіп бара жатқандай. Сол көш Қатпардың жотасына іліге берді де бір шөкім бұлт болып, қырқаны сипап өтіп, қыр асып кетті. Бұл далада сағым ойнап нсшеме жылдар жатыр. Сағымды далада не оқиғалар өтпеді десейші. Махаббатта, ғадауатта, майдан да, бірлікте, өкініш

те, үміт те өткен дала бәрінің үнсіз куәгері. Даланың үсті — жұмақ, асты қазына. Көз алартатындар көп болған, бола да береді. Тәуелсіздік алдық. Онымыз баянды болғай. Жүректі күпті етер жау ниеті де жетерлік. Дінімізге де, тілімізге де жармасып жатқандар баршылық. Жаныңа бататыны — қазақы ғұрып, қазақы дүние таным, қазақы мінез, әлде бір тысқары күштің әсерімен көмескі тартып бара жатқандай. Сонда ол күштің ойлағаны не, мақсаты қандай? Сол күшті іштен демеп жатқандар кімдер? Кімдер? Кімдер? Сол Кімдер неге ауыздықталмайды деген талайдың көкейінде жүр. Сол "Кімдерің" билік басында отырмағай деп жүрек қобалжиды. Ақшадан басқаны ойламайтындарға елің кім, жерің не? Сонау алыста саяси лагерьде жүрген шақтағы тәтті арман қайда:

Арқаның самалы,
Менсағанғашықпын,
Бір иіскеп, бір жұтуға
асықпын, —

деуші еді ғой.

Сол дала, самалды Арқа сағым ойнап сонау еңістe жатыр. Аюлының осы биігінен кербез даланың көркіне сүйсінген күндер тым алыс-алыста қалыпты. Осы даланың самалына көкірегін төсеп бірге қуанып, бірге күрсініп қазағының намысын, елінің еркіндігін аңсаған достары қайда? Көксеген еркіндігінің келеріне акырғы демі біткенше сенген, оны көре алмай көз жұмған Зейіннің мәңгілік тұрағына бір шөкім топырақ салғанына да талай-талай жылдар өтіпті. Жылдар-жылдар. Көп күнді айдап келе жатқан жылдар тек жақсылық әкелгей-ді. Өмір деген біреуге тәтті ләззат, біреуге ойын сияқты. Өз өмірі арпалыс екен. Әлі де жеткенінен жетпегені көп. Әлі де...әлі де...

Құба белдердің үстінен көтерілген құйын шырқ айналып билеп, тозаңды қолымен аспанды қармап қалғысы келгендей биіктеп барады. Құйын Аюлының етегіндегі шаһардің шетіне кірді де қоқысты сыпыра көтеріп, билеп тұрып алды. Шаһардың кірін ғана емес адамдардың көңілін де өстіп тазартып кетсе екен деп тілеген.

Күн батыстағы Тағылының биігі ақша бұлттан сәлде орапты. Сонан бергі далада бозбала шағында таң ата сайра-

ған бозторғайдың шырылын сан тыңдаған. Қанатын қақпай биікке көтеріліп, бір орнында шырылдаған бозторғай үнінен тамылжыған ән туғанының сан куәсы. Далаға да, даланың ұлдарына да ән салдырып тұрған сол бозторғайдың шырқауы шығар. Оның үнін елітіп тыңдамаған қартты да, жасты да көрген емес. Дархан дала дарындарды туғызған. Әттең... Әттең сол далада қазір бозторғайды емге іздеп таппайсың. Күні ұзын жүрсең дала үнсіз. Дала керең боп қалғандай. Бозторғайдың әсем әнін естімеген ұрпақ кім болып өседі. Оның көкірегіне қазақы әсемдік, қазақы сүйсіне білу қонар ма?

Әлкәдір күрсінді. Күрсінді де кәрі Аюлының сай-саласына көз жүгіртті. Бұл шықпаған жартас, суын қанып ішпеген бұлақ, көненің ізін іздемеген үңгірше қалмапты. Бәрі кешегідей, бәрі бүгінгідей. Есіне:

Баурынды кезсем, армандап
Сылқылдап күлген бұлағың,
Кеудемде сыр боп тулаған, —

деген ән түсті.

Үзілген үміт.....3

Көк мұнар.....55

Қысталаң кезең.....166

Жылдар-жылдар.....228

Өліара шақ.....290

Бір өкініш, бір үміт.....323

Әдеби-көркем басылым

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

ҚҰБА БЕЛДЕР

ЗАМАНА ЖЕЛІ

Үшінші кітап

Роман

(қазақ тілінде)

Редакторы *Қ. Назырбаев*
Суретшісі *Ж. Кәкенұлы*
Техникалық редакторы С. *Бейсенова*
Корректоры *Г. Әмірешева*

ИБ № 138

Теруге 10.11.2004 ж. жіберілді. Басуға 02.12.2004 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84х108 1/32. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "KZ Times".
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,74. Есептік баспа
табағы 21,44. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2967

"Аударма" баспасы, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.
"Астана полиграфия" акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

«Аударма» баспасынан
«Нобель сыйлығының лауреаттары»
сериясы
бойынша шыққан кітаптар

Иван Бунин (Ресей). «Әңгімелер».

Альбер Камю (Франция). «Оба».

Эрнест Хемингуэй (АҚШ). «Шал мен теңіз».

Рабиндранат Тагор (Индия). «Күйреу».

Сигрид Унсет (Норвегия). «Кристин Лавранскызы».

Нагиб Махфуз (Египет). «Біздің көшенің аңыз-әпсаналары».

Джон Голсуорси (Англия). «Новеллалар».

Иво Андрич (Сербия). «Дринадағы көпір».

Габриэль Маркес (Колумбия). «Жүз жылдық жалғыздық».

Кнут Гамсун (Норвегия). «Аштық».

Джон Стейнбек (АҚШ). «Алаң көңіл ақпаны»

«Аударма» баспасынан «Тарих. Таным. Тағдыр» сериясы бойынша шыққан кітаптар

Константин Остравца. «Жаңашер жазбалары».

П.И.Рычков, Н.П.Рычков. «Капитан жазбалары».

Джон Кэстль. «1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілхайырға барып қайтқан сапар туралы».

Адольф Янушкевич. «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар».

Авторлар ұжымы. «Дала бекзатының үйінде» (Орыс жазушылары қазақтар туралы).

К'д. Оссон. «Шыңғысханнан Әмір Темірге дейін».

Б.Залесский. «Қазақ даласының өмірі».

Павел Петрович Ершов. «Сүзге сұлу», Густав Зелинский. «Қазақ. Дала».

Тілеухан Жұмаханов. «Қасым хан».

Кәмел Жүністегі

1939 жылы туған. Білімі жоғары. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қарағанды облысы, Шет аудандық "Заман" газетінің бас редакторы.

"Дос көңілі", "Көне хикая", "Көксеу", "Көксеңгірдің тасында" және "Құба белдер" трилогиясының "Аңыз мезгіл", "Апат" атты екі кітабы жарық көрген.

Кәмел "Тар заман" атты спетакль мен "Арқа самалы", "Домбыра", "Туған жер", "Жаз келді", "Аюлы", "Жас Алаш" әндерінің авторы. Жазушының зерттеп құрастыруымен Маясар ақынның "Бір ауыз сөз", Шортанбай жыраудың "Қайран халқым" атты кітаптары баспадан шыққан.

ISBN 9965-18-131-4

ГНК 1
Шәәм
137

Әдеби-көркем басылым

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

ҚҰБА БЕЛДЕР

ЗАМАНА ЖЕЛІ

Үшінші кітап
Роман
(қазақ тілінде)